ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY

12 - сәуір – Ғылым күніне орай өтетін «Байтанаев оқулары-Х» және білім алушылардың дәстүрлі республикалық XI ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
научно-практической конференции «Байтанаевские чтения-Х» и XI традиционной республиканской научно-практической конференции обучающихся, приуроченных к 12 апреля – Дню науки

COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
of the scientific practical conference "Baitanaev readings-X" and the XI traditional republican scientific practical conference of students, dedicated to April 12 – Science Day

I том

Шымкент-2022

УДК 001
ББК 72
О-59

Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна	**-Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректор, т.ғ.к., доцент**

Ұйымдастыру алқасы

Исабек Баршагүл Қашқынқызы	**-Басқарма төрағасының орынбасары, Академиялық мәселержөніндегі проректор, т.ғ.к., доцент**
Уалиханова Баян Сапарбекқызы	**–Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор м.а.,PhD**
Байғұт Ақлима Мархабатқызы	**-Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректор, ф.ғ.к.**
Тажекова Ақмарал Джаксыбековна	**-Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы, г.ғ.к., доцент м.а.**

12 - сәуір – Ғылым күніне орай өтетін «Байтанаев оқулары-X» және
білім алушылардың дәстүрлі республикалық XI ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ғылыми мақалалар жинағы. Шымкент,2022. -618 бет

Сборник научных статей научно-практической конференции «Байтанаевские чтения-X» и
XI традиционной республиканской научно-практической конференции обучающихся, приуроченных
к 12 апреля – Дню науки. Шымкент, 2022. -618 стр.

Collection of scientific articles of the scientific practical conference "Baitanaev readings-X" and
the XI traditional republican scientific practical conference of students,
dedicated to April 12 – Science Day. Shymkent, 2022. -618 p.

ISBN 978-601-7968-09-0

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2022

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ

ТАБИҒАТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР

Спатаева А.К. - 1-курс магистранты.
Ғылыми жетекшісі: Мынбаева А.П. – PhD доктор.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент.

Резюме

Поэзия қашан да адаммен бірге, адами мінезбен бірге астасып жатқан сезім күйі. Поэзияның өзіндік сыры көп, кейде ақынның өзі біле бермейтін дүниелермен толысып жатады. Соның ішінде лирика автор ойымен бірлесіп жатқан сезімге толы дүние болғандықтан сыртқы ортамен де тікелей байланысты.

Лирика - бір кезең мен ортаның жемісі, сол уақыт пен кеңістіктің жан сезімі, сырлы шері. Яғни біздегі лирика - ақынның рухани өмірінің, сырлы әлемінің, ой дүниесінің көркем суреті екені анық. Мақалада табиғат лирикасындағы табиғат пен автор бейнесінің көрініс табуы суреттеледі. Табиғат пен адам егіз ұғым екендігі сөз етіледі.

Лирикадағы басты бейне - лирикалық қаһарман. Ал лирикалық қаһарман автордың жасап алған бейнесі, шындық ойы, көркем сомдаушысы, қоршаған ортаның жинақталған бейнесі. Осы жинақталған бейненің атынан сезімін білдіру, лирика арқылы ойын жеткізу, оны көркемдеп кестелеу ақынның туған дүниесі.

Асылында табиғат пен адам бір-бірімен тығыз байланысты. Әрбір ісі де, әрекеті де, сөзі де, ойы да табиғатпен астасып жатыр. Одан қол үзбейді де. Осы орайда қай ақынның табиғат тақырыбындағы өлеңдерін оқысақ, лирикалық бейненің мінездерін, сырлы да шерлі ішкі дауыстарын, ойлы орамдарын, жан-дүниесімен ортаны қабылдауын байқаймыз. Соған қарай оқырман да өлең ішіне ене түседі, табиғатпен сырласа бастайды.

Лирикалық өлеңге автордың ішкі әлемінің сыртқы себептермен, жалпы шындық өмірдің кейбір сәттерінен қатты толқынуын, кейбір сәттерінің әсерімен сүйініш-күйінішін, басынан өткен оқиғаның салдарынан өзімен сырласуы табиғатпен байланысты екенін көреміз. Ақынның көңіл күйі әрқашан да өзі өмір сүрген қоғамның хал-жағдайына байланысты. Ол шаттанса да, жабырқаса да, қуанса да - бәрі лирикада көрініс табады. Оның сырын оқушы түсінеді және сезіп отырады.

«Лирикадағы адамның жан диалектикасы ақынның бір сәтте жарқ еткен нұрлы ойының сол мезетте, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесінің бір саздан басқа бір сазға ауысып, ұласуы, жалпы қимыл-қозғалысы» [1]. Лирика ақынның ішкі сезімін терең бейнелесе, сол өмірдің де, ойдың да суреті болып шығады. Лирикалық өлеңдердегі басты кейіпкер ақынның өзі десек, ақиын ақын М.Мұқағалидың қуанышты сезімін білдіретін «Біздің көктем» өлеңінен айтуға болады. Көктем мезгілі күн мен түннің теңелген, жуанныңс жіңішкеріп, бүкіл жасылдың бүршік ататын, Жылдың басы саналатын Жаңа жыл –

Наурызға келетіндіктен ерекше сезіммен, көңіл күймен жырлайды. Өлеңнен ақынның ерекше сезімде тұрғанын аңғаруға болады. Ақын бұл өлеңінде өмірдің қайта келмес сәттерімен байланыстырып, қуанышқа толы кездерін, көктем мезгілімен астасып жатқан әдемі кезеңін бейнелейді. Өмірдің келешегін көктемге теңеп, қыз бен жігіттің әрекетін көктемнің ауа райымен байланыстыра суреттейді. Көктем мезгілі жер-дүниенің жасарып, тіршілік атаулының басталар тұсы және табиғат ананың бусанып, айнала әртүрлі гүлдерге көміліп, жасыл желекке бөленер сәті болғандықтан ақын көктемді өмірдің, басы ретінде қайталанбас сәттерін бейнелеп береді.

«Көктем келді ауылға, мамырлап бұлт,
Таң-тамаша дүние, дабырлап жұрт.
Көктем келді. Өмірдің келешегі –
Көкпен бірге дүркіреп төл өседі.
Сағым қыздың ап қашып орамалын,
Асыр сап тентек жігіт - жел еседі» [2]

Бұл өлеңде көктем мезгілінің көркіне сәйкес лирикалық қаһарманның көңіл-күйі де шаттыққа толы. Көктем лирикалық кейіпкер көңіл-күйімен астаса, тығыз байланыста болып көрінеді. Мысалға ақынның «Айқай көктем» атты туындысында:

«Күркіретіп, дүркіретіп,
Мына көктем келген бе?
Сіркіретіп, бүркіп өтіп,
Әтір шашып кеткен бе?» [3], -

деп, табиғатқа сүйсіне, көтеріңкі, қуанышқа толы әсерде бейнелесе, «Көктем де келер» өлеңінде лирикалық кейіпкердің көңілі толқымалы, екі ұдайлы. Ақын табиғат пен адамды қатар алып кестелейді, бірінен-бірін бөліп жармайды. Аталған өлеңде табиғаттың заңдылығын көрсетіп, құлпырған әсемдігін бірге суреттесе, ауру досының халі не боларын да арасында бірге өлеңге тиек етеді:

«...Көгереді, барлығы көгереді,
Ой да, қыр да даланың төбелері.
Әлі құрып баратқан ауру доскa,
Осы көктем білмеймін не береді..» [4], -

деп үлкен ойға шомиды.

Мұзбалақ ақын өмірінің соңғы уақыттарында ауру меңдеп, жаны қиналғанда күн мен түннің құпиясын трагедиялық ахуалда бейнелеген. "Көрдің бе таң мен түннің соғысқанын?" деп сұрақ қоя отырып, "мен көрдім, бірақ болыспадым" деп риторкалық сұраққа автордың өзі жауап береді:

«...Түн деген шашын жайған албасты екен,
Апыра-ай, таң кешігіп қалмас па екен?...» [4], -

деп тыпыршиды. Себебі лирикалық қаһарман қараңғылықты өлімнің, қорқыныштың белгісі деп түсініп, солардан үрейленеді. Ал лирикалық кейіпкер табиғаттан тағы да жақсылықты күтеді, үмітін үзбейді. Қорыта айтқанда қай ақынның болмасын табиғат тақырыбындағы лирикалық өлеңдері адам мен табиғат, табиғат пен болмыстың арасындағы байланыстың астасып

жатқанын байқаймыз. Табиғатта көрініс тапқан әрбір көріністер адам мінезімен байланысып жатады. Табиғатпен егіз екендігін байқатады. Сонымен қатар лирикалық кейіпкер автордың өзі екендігін де көре аламыз.

Әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. -Алматы: Қазақ Университеті, 1992ж
2. https://bilim-all.kz/olen/622-Bizdin-koktem
3. Мақатаев М. Шығармалары 1-том. -Алматы: Жалын, 2006ж.
4. Өлең өлкесі. Қазақ табиғат лирикасының антологиясы. -Алматы:Жазушы, 2009ж.

ӘӨЖ

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ Х.СҮЙІНШӘЛИЕВ ЗЕРТТЕУІНДЕ

Құттыбекова А.Қ. – 2302-10 тобының студенті

Ғылыми жетекші:Бейсенбаева Р.Х. – аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассказывается о том, как Х.Суиншалиев изучал и комментировал поэта «Зар заман» Дулата Бабатаевича

XVIII ғасырдың соңы және XIX ғасырда өмір сүрген жыраулар мен ақындар арасынан Дулат Бабатайұлы (1802-1871) өзгеден ерек ерекшеленді. Өмірі туралы деректер толық зерттелмеген болса да, 1802 жылы Семей өңіріндегі Сандықтас қонысының маңында дүниеге келген. Тарихи аңыздар мен эпикалық жырлардан сусындап өскен ақын өз дәуіріндегі ең білімді адам болған [Мұхатова, 1:13].

1880 жылы алғаш рет «Өсиетнама» журналында кейбір өлеңдері жарық көреді. «Еспембет» поэмасы алғаш рет 1957 жылы «Жұлдыз» журналының 5-нөмірінде жарияланды. Дулат шығармаларын барынша зерттеп, жинап, баспаға әзірлеген Қ.Өмірәлиев болды. Ақынның жеке жыр жинағы «Замана сазы» деген атпен 1991 жылы жарық көрді [Мұхатова, 1:14]. Дулатты өз көзімен көріп, оның өлеңдерін жазып, сақтап келген Шыңғыстау ақындары Ғаббас Байділдәұлы мен Шәкір Әбденұлының еңбегі ерекше. Бұл азаматтар Дулат Бабатайұлының өзін көрмесе де оны көрген Байділдә ақсақалдың қолжазбасын сақтап, жұртшылыққа табыс еткен [Сүйіншәлиев, 2:182]. Ақынның өлеңдерін жазып алып, қолжазба түрінде сақтап келген. Қазақстан Ғылым академиясының әдебиет пен өнер институтының қолжазба қорындағы 1500 жолдай ақын шығармасы Байділдәнің көмегімен сақтаулы.

«Өнегелі дана жоқ жерде, өнерлі бала жоқ» деп қазақ халқы тауып айтқан. «Зар-заман» ақындарының ой-толғаныстарын жаңа ұрпақ білуі тиіс. Тиісті зерттеу жұмыстары атқарылып, шығармашылық мұралары жастарға ұсынылу ісі осы тәуелсіздік жылдары белең алып келеді. «Зар-заман» бағытының ақындарын зертеуде өте маңызды орын алатын шығармалардын бірі М. Әуезовтың «Әдебиет тарихы» зерттеу жұмысы. Оның айтуынша, бұл

ағымның алғашқы легі Абылай хан тұсында басталса, соңы Абайдың тұсындағы ақындар.

Профессор, әдебиетші М.Мырзахметов өлең-жырлары халық арасында кең таралған ақын жайлы: «Дулат ақындығы XIX ғасырдың алғашқы жартысында дамып, қалыптасып сол кезеңнің тарихи-әлеуметтік шындығы ақын өлеңдеріне арқау болып өріліп жатты. Дулат творчествасының басты ой сарыны мен өзекті тақырыптары сол кезеңнің саяси-әлеуметтік өмір шындығына тікелей байланысты туындап жатқан құбылыстар болатын-ды» [Бабатайұлы, 3: 56].

Дулат–өз шығармаларында аға сұлтандық дәуірдің қайшылықтарын терең ашып көрсетіп, қазақ елінің патшалық Ресейге бодан болуына батыл наразылық білдірген реалист ақын болды. Бұл жөнінде ғалым Х.Сүйіншәлиев былай дейді: «Дулат – өзі жасаған заманға, отаршыл зорлығына, ол қауымға қызмет еткен әкімдерге, аға сұлтандық билікке түбегейлі қарсы шыққан, халықтың тәуелсіздігін көксеген әрі күрескер, әрі реалист ақын» [Сүйіншәлиев, 2:327].

Әдебиет тарихын зерттеуші белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиев қазақтың авторлы әдебиетінің жырау-шешендер мен төкпе ақындар шығармашылығының өркендеуіне байланысты екендігін айта келіп: «Жыраулар сөз өнерінің ілкі авторлары, ақындыққа жол ашқан асыл сөз шеберлері, халықтың шешендікпен ұштасқан ойлы-сырлы толғау, арнау, термелер мен эпостық жырлардың бастау бұлақтары [Сүйіншәлиев, 2:77].

Филология ғылымдарының докторы, қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасының профессоры, белгілі өдебиет зерттеушісі, сыншы Х.Ж.Сүйіншәлиев әдебиет тарихына қалам тартқан зерттеуші Дулат Бабатайұлы шығармашылығын зерттеуде әр қырынан үлес қоса білді. Қазақ әдебиеті тарихын көп жылдар боы зерттеп, елуден астам кітап жазып, төрт жүзге жуық ғылыми мақала жариялаған. Ғылымға жаңа жол салып, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін пән ретінде енгізген бірден бір ғалым.

Ханғали олардың халықтық-реалистік бетін айқындап шықты. Оқушы қауымға әдебиетіміздің осы өкілдері жайлы мол мағлұмат беріп, жаңа ғылыми тұжырым жасады. Кейбір ғалымдардың тарихи шындықты бұрмалап, ақынға баға беруді тағы бір қарастырайық дейтін болған. Оған себеп, «Өсиетнамада жарияланған кейбір шығармалардағы кейбір сөздің бұрмаланып, бөтен сөздің араласуы еді. Ханғали Сүйіншәлиевтің тұжжырымдауынша, бұл жинақ Дулат Бабатайұлының өз стиліндегі туынды екені расталған.

Қазақстан Компартиясы комитетінің 1957 жылғы 8 шілдедегі «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеуді сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» Қаулысы негізінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтында 1959 жылы 15-19 маусым күндері ғылыми-теориялық маслихат өткізілгені тарихтан белгілі. Мәслихаттың күн тәртібінде XYIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Бұқар, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, Шеңгерей, т.б. шығармашылығы негізінде әдебиет тарихын жүйелеу міндеті тұрды. Осы мәслихатта филология ғылымдарының кандидаты, жас ғалым

Х.Сүйіншәлиев «Дулат ақын мұрасынан» тақырыбы бойынша баяндама жасады. Баяндамада Дулат мұраларын бағалау жөнінде байыпты байламдарын батыл айта білді. Ең негізгісі, дулаттанудың басым бағыттары, зерттеу арналары туралы тұшымды ой мәслихат мінберінен айтылып, әдебиеттанушылар арасындағы үлкен дауға тиек болды. Х.Сүйіншәлиев кейінде осы ойларын тереңдетіп, жүйелі зерттеуге ұластырды. Оның қаламынан туған Дулат шығармашылығы туралы дүниелердің ұзын саны он бестен асады. Кейін докторлық диссертациясының бір тарауын «Дулаттың әдебиет тарихындағы орны» деп арнап жазуының өзі де ғалымның табандылығын танытса керек.

Жалпы жыраулар поэзиясын зерттеушілердің бірі М.Жармұхамедұлы Дулат шығармаларына қатысты ой-пікірлерін білдірген. «Дулат сол дәуірдегі әлеуметтік өмірді жырлауға ерекше мән береді, сөйтіп, өз дәуірінің талап талғамдарына сәйкес жыраулық пен ақындық дәстүрді қатар ұстап, екеуін жалғастырушы болды. Соның нәтижесінде, ол жыраулық пен ақындықтың жол айырығында тұрып, кейінірек ұлы Абай негізін қалайтын жаңа сипатты жазба әдебиеттің туып, қалыптасуына айтарлықтай үлес қосты. Бұған оның ескіше сауатты болып, өз жырларын жазбаша үлгіде шығаруы да үлкен септігін тигізді».

Дулаттың поэзиядағы тың теңеу, соны өрнектері өзімен замандас, кейінгі толқын ізбасар ақындарға да елеулі әсер еткенін ғалым Б.Омаруұлы тиянақты дәйектеп береді. Дулат ықпалының күштілігі соншалық, ол өзі өмір сүрген зар заман кезеңіндегі дәстүрлік жолы айқындалған айтулы тұлғаға айналды. Оның дәлелі Дулат бастап, өзге ақындар қостап жырлаған тақырып ұқсастығынан да, ой-пікір үндестігінен де, сөз саптау, ой қорыту, түйін жасау мәнерлерінен де аңғарылып тұр.Зерттеуші заман мен замана адамын жырлаудағы ортақ жайларды дәл көрсетеді. Заман кейпіндегі Дулат айтатын бағдарсыздық Шортанбай тұсында құбылмалылық сипатқа ие болады, ал Мұрат тұсында біржола азған, қырсық шалған, қиюы қашқан заман бедерленеді [Раев, 5:107].

Әдебиеттер:

1.Мұқатова Оразкүл, «Қазақ жырауларының шығармаларындағы тарихи ой», Вестник КазНУ. Серия историческая, [S.l.], v. 85, n. 2, p. 12-17, oct. 2017.

2.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. –Алматы: Санат, 1997. – 443 б.

3.Дулат Бабатайұлы. Толғаулар. Қазақ тарихы. – Алматы, 1993. – 56 б

4.Раев Қ. Зар заманның жампозы: Дулат Бабатайұлы – 200 жыл // Ана тілі.- 2003. – 25 қыркүйек. – Б.9

ӘОЖ 811. 512. 122

ТІЛ ҮНДЕСТІГІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАЙ-КҮЙІ

Үкібасова Қ.А. ф.ғ.к., аға оқытушы**, Қапбар А.Ә.** – 117-18 тобының студенті,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ.

Резюме

Состояние языковой гармонии в современном казахском языке

Мемлекеттік тілдің негізгі қызметі – Қазақстанда тұратын халықтардың ол тілді білумен қатар осы қатынас құралын ірі зерттеу, жаңа бағыттармен толықтыру, қазақ тілінің оқыту әдістемесінің қарастыратын негізгі мәселесі.

Ойдың ұғымдық мәнін ашуда тіл үндестігінің атқарар орны ерекше.

Қазақ тілін оқыту барысында, Орыс тілді мектеп сыныптарында үндестік заңына ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Адам баласы өз ойын тиянақты айтылған сөйлемдер арқылы жеткізгенде, дыбыс үндестігі мен сол сөйлем ішіндегі сөздердің буын үндестігі бойынша өзгеріске түскен буын мен дыбысты дұрыс жазудың маңыздылығы ерекше орын алады.

Бұдан шығатын қорытынды: қазіргі қазақ тілінде бірінші буында тілдік дауыстылар (о, ө, ұ, ү,) келіп, екінші буында езулік е, ы, і әріптері жазылса, онда оларға міндетті түрде (е, ы, і) тілдік (ө, ұ, ү,) дауысты дыбыстарының өзіндік тигізетін әсері болмақ. Тіпті «Қазақ тілінде өзге түркі халықтарының тіліндегі сияқты тілдік дауысты дыбыстар үндестігі жоқ» - дейтін автор да: «құлұн, жұлұн, төсө сияқтанып естіліп тұрса да» - дейді [1, 248 б.].

Сөздің айтылу нормаларын арнайы қарастырған еңбегінде Р. Сыздықова да тіл үндестігі туралы өз зерттеуінде былай дейді: «Сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы ұ, ү, у, о, ө дыбыстары және екі дауыстының ортасында келген у дыбысы (тауық, бауыр сияқты сөздерде) келесі буындағы ы, і дыбыстарын өзгертіп, ұ, ү-лерге жуықтатып естіртеді. *Мысалы: кү-ліп, құ-лын, бү-гін, о-рын* болып айтылады. Тілдік дыбыстардың ықпалы үшінші, төртінші буындарда біртіндеп әлсірей береді. Мысалы: *күмістің* деген сөздің екінші буыны *ү*-ге ұқсап, соған жуық айтылса, үшінші буынында *і*-ге жуықтау айтылады: *күмүсті*» [5, 248 б.].

Сол сияқты сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы **ө** дыбысы келесі буындағы **е** дыбысын өзіне ұқсатыңқырап өзгертеді, бұл әсердің күші үшінші, төртінші буындарға әсерін тигізеді. ***Мысалы:*** *ө-нер, кө-ре-ді, ө-сер* деген сөздер *өнөр, көрөді, өсөр* болып айтылады. Қазіргі кезде осы секілді тіл үндестігі байқалатын сөздерді жазылуынша оқу үрдіске айналып барады, әсіресе, екінші буындағы **е** дыбысын **э** етіп, өнэр, өрэн, үлэс түрінде айтылушылықты та кездестіреміз. Әрине, бұл, қате дүние. Ал «*қолтық, қойдыр, құлдық, көзде* сияқты сөздердің екінші буындарындағы *ы, і, е* дыбыстарының езулік болып айтылуы сәл солғындау (*күмүс, өнөр* дегенге қарағанда)» беріледі.

Тіліміздегі тілдіктердің екінші буынның өзінде «жуықтаңқырап», солғындау естілуі ғалымның айтуынша, қазіргі айтуға негізделген деуге болады- дейді [1, 145 б.].

Сөздің жазылуынан гөрі айтылуы мен естілуі фонетика саласы үшін өте маңызды айдан анық. Орфографиялық норма мен бірізділік жазуды қалыптастыруда, тіл дыбыстарының орнына езулік дыбыстарды пайдалану қажет. Өйткені, тіл үндестігінің қанша буынды құрайтындығын анықтамай тұрып, тілдік дыбыстармен жазған кезде ала-құлалық пайда болады. Жалпы, жазу мен орфографиялық норманың басты мақсаты – бірізділікті орнату.

Пікірлердің алалығы жазудың ережесіне еріп, солардың айтылуын ескермеуден, қадағаламаудан орын алып жатқан дүние. Қазіргі кезде, әсіресе

жастардың тілінде тіпті екінші буында да *(өлең, өнер, күлкі, түлкі*) сияқты сөздерде тілдіктерді айтпау заңдылыққа айналып барады деуге болады. Бұл үшін, әрине жастарға кінә артуға болмас. Оқулықтың өзі «Тілдік дауысты дыбыстар үндестігі жоқ» десе, қарапайым тұтынушы оны қайдан біле қойсын [1, 260 б.].

Тілдіктерді «бас буыннан басқасында келмейді, бас буыннан басқасын сүймейді» - деп жазуды дәйектеген А. Байтұрсынұлы екенін білеміз [6, 448 б.].

«Түркі сөзде тілің дыбыстық жүйесін дұрыс беруді мақсат еткен В.В. Радлов қазақ сөздерінде тіл: *бөлтүрүк, дүрүлдө, тоқшұлұқ* түрінде жазылған. «Түркологияның атасы» аталған академик В.В. Радловты сөздерімізді бұзып жазған деуге ешқандай хақымыз жоқ. Қазақ тілінің грамматикасын жазған профессор П.М. Мелиоранский қазақ сөздерінде тіл *төрөлөр, төрөлөрдүң, төрөлөргө, төрөлөрдө, төрөлөрдөн, төрөлөрдө, төрөлөрдөй* деп септеп, *жүдөгөй, жүдөгүймүн, жүдөгүйсүң, жүдөгөйсүз* деп жіктейді. Оның айтуынша, тіл үндестігі қазақ, қырғыз тілдеріне ұқсас, тек қазақ тілінде о дыбысы бірінші буында ғана айтылады» [2, 72 б.].

Сингармонизм – өзге тілден ерекше етіп тұратын жүйе, тіліміздің тарихи дамуының нәтижесінде қалыптасқан өзіндік жарасымы бар заңдылық. Тіліміздің табиғи жарасылымдылығына тіл үндестігі де жатады. «Тіл үндестігі өткен ғасырлар ішінде яғни өз дәуірінде күшті болғанмен, қазіргі таңда әлсіреп құрып барады» (академик Н. Сауранбаев) дейміз, оған себеп, біріншіден, жазудың ықпалы, өзіміздің құнтсыздығымыз болса, екіншіден, артикуляциялық базамыздың дамуы, тіл үндестігі жоқ көрші тілдердің әсері деп қарағанымыз жөн. «Тіл үндестігін дұрыс түсіну үшін тіл тілдік дауыстылар мен езулік дауыстылардың көрші буындарда қатар тұру мүмкіндігін ескеруіміз міндетті. Сонда екі буынды сөздерде тек ашық *а* езулігінің ғана *о, ұ* тілдікті тілден кейін тұру мүмкіндігінің барын көруге болады: *ора, орақ, отан, қола, бұта* т.б. Қалған кезде тілдіктер мен езуліктер бір сөз ішінде қатар келмейді. Әсіресе тілдіктерден кейін езуліктің айтылу мүмкіндігі жоқ деуге болады. Тек *мазмұн, мақұл, мақұлық, марқұм, мәжнүн, куә, күнә, мәжбүр, дәстүр* деген сияқты санаулы ғана кірме сөздерде бұл заңдылық сақталмауы мүмкін. Ашық *а* және *ә* езулікті дыбыстарының ашықтығының арқасында тілдік дауыстылармен еркін қатынасқа түсу мүмкіндіктері бар. Алайда тілдің табиғи жарасымы оларды да шектеп қойған»[2, 72 б.].

Қазақ мәтінінің айтылуын зерттеген еңбекте тілді Ж. Әбуов, Ә. Жүнісбеков іс жүзінде жақсы көрсетеді, Тілдік дауыстылардың табиғи болмысын нақтылап береді.

«Қазақ тілінің алғашқы орфоэпиялық сөздігінде С. Кеңесбаев пікірі басшылыққа алынған, яғни екінші буында тілдіктер жазылып, үшінші буынға емеурін (арнайы белгі қойып) жасалған. Одан кейін дүниеге келген сөздік екінші буын мен бір жола шектелген. Тек араға 15 жыл салып жарық көрген үшінші сөздікте ғана тіл үндестігі бір шама шешім тапқан. Сөздіктің авторы белгілі ғалым М. Серғалиев тіл үндестігі «үшінші буында да айқын байқалады, - деп алады да – ол әсердің әлсіздігі, мүмкін төртінші, бесінші буындарда

байқалар. Мәселен: өгүз (жазылуы өгіз) деп айтқанға ешбір қазақтың таңданбайтыны белгілі. Сол сияқты өгүздүң (жазылуы өгіздің) дегеннің қандай қателігі болмақ? Тіпті өгүздөрүң (жазылуы өгіздерің) дегеннің де айыбы жоқ сияқты. Ал өгүздөрүңе (жазылуы өгіздеріңе) дегенде соңғы дыбыстың жазылуынша е (о дыбысы емес) дыбысының айтылуы орынды, - деген қорытындыға келеді» [1. 82 б.].

Қорыта келгенде, қазақ тілі фонологиясының ең өзекті мәселелерінің біріне дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заңы жатады.

«Сонымен тіліміздегі сөздердің бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке, сондай - ақ бірыңғай еріндік не бірыңғай езулік буынды болып, араларында қатар келген дыбыстардың біріне-бірі акустика-артикуляциялық жақтан бейімделіп, үйлесіп тұруын дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заңы деп атаймыз.

Бұл заң – дыбыстау мүшелерінің үнемді қимыл-қозғалысының нәтижесі.

Осы заңды алғаш қазақ тілінде жан-жақты зерттеп, жеткізе айтқан – Х. Досмұхаметұлы: «Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді [7, 384 б.]. Сингорманизм деген сөз қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада.

Әдебиеттер:

1. І. Кеңесбаев. Қазіргі қазақ тілі. Лексика.Фонетика. Алматы, 1962. –260 б.
2. П.М.Мелиоранский. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Часть І. Фонетика и этимология. Санктпетербург, 1894. –72 бет.
3. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского слова: дисс... докт.фил.наук. Алма-Ата, 1988.–328 с.
4. Қазақ грамматикасы. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Алматы, 2005.
5. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 248 б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. —Алматы: Ана тілі, 1992. —448б.
7. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). —Алматы: Ана тілі, 1998. —384 б.

ӘОЖ 811. 512. 122

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУЫН ТҮЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Хасанова Г. А. –117-48 тобының студенті,

Ғылыми жетекші: Үкібасова Қ.А.- ф.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ.

Summary

Types of the Kazakh language and its study

Біздің сөзіміз айтылуы жағынан ең кішкене (бөлшектер) буындарға ажырайды. Сөздерді, буындарды жеке фонемалаларға жіктеу лингвистикалық талдаудың нәтижесі деп қарау керек. Жанып тұрған май (балауыз) шамға таяу отырып сөйлегенде, ол жалп –жалп етіп тұрады. Мұның өзі сөздің буын жігін аңғартады, өйткені ауа сөздің құрамындағы дауыстыларды айтқанда еркін

шығады да, дауыссыздарды айтқанда кедергіге ұшырайды. Сонда буын өкпеден келе жатқан ауамен (лекпен) тікелей байланысты болады [1, 7 б.].

Буын осы ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауыссыз) тобы. Қазақ тілінде буынның маңызы ерекше. Дыбыстың негізгі заңдары осы буынның төңірегінде өрбиді.

Қазақ тіліндегі буынның түрін Қ. Жұбанов алтыға Н. Сауранбаев төртке, С. Кеңесбаев үшке бөледі.Соңғы бөліс (ашық, құйық, бітеу) барлық оқулықта жүр [4, 60 б.].

Академик А. Қайдаров қазақ тілінде 1352 бір буынды түбір барын анықтады. Құрылымына қарай солардың 1051 –і ВАВ , 158 –і АВ, 117 –сі ВАВВ, қалған үш түрі жиналып 40 –тан әрең асады.

Бұған қозғау салған, бастап айтқан М.Райымбекова қазақ тілінде қос дауссыздан басталатын 20 шақты тұйық буынды (ВВАВ) сөзді экспериментті –фонетикалық зерттеу арқылы анықтағанын хабарлағанда, орыс тілінің "игі ықпалы" болар деп, мән бере қоймағанбыз [2, 248 б.].

Сөздердің қос дауыссыздан басталатынына күмәнданған А. Айғабылов сөз емес, қос дауыссыздан басталмайды дейтін ғасыр бойы айтылып келген пікірлер сыңаржақ айтылған болып шығады; Қ. Жұбановтың сөздің жігін ажырату жөніндегі қағидасы далада қалады, қатаңдардан соң да (**кл, кр, қр**) ұяңдардан соңда үнділер (**бл, бр, др**) тұратын болады.

Буынды (сөздің) қос дауыссыздан бастау үшін пікір иелерідауыссыздар аралығындағы қысаң (**ы, і**) дауыстыларды айтпауға, елемеуге тырысады (мұнда орыс тілінің "игі ықпалы" жоқ дей алмаймыз).

Өзің алғашқы "Оқу құралында" (1912ж) осы қысаңдарды түсіріп: жрқ (жырық), сзқ (сызық), алтн (алтын), салқн (салқын), арқ (арық), азқ (азық), қанқ (қанық) түрде жазылған. А.Байтұрсынов бұл сөздерді **ы** дыбысы жоқ деген емес, қайта: "ы сөздің басында, ортасында бек қысқа һәм көмескі айтылады" –дейді.

Айтылса, естілсе тіпті сезілсе дыбыс бар болғаны (жоқ та белгі жоқ). Ал оны жазу, жазбау - емленің ісі. Жазылғанды жоқ ету үшін дыбыстық (үндестік) заңға сыйғызу керек болады.

"Адам аты – жөніне келгенде, оларды екі дыбыссыз дыбыстан бастап жазу атақты жазушы Ғабдол Сылановтың фамилиясын Сланов деп жазудан басталып, бұл күнде Смаханов, Смайылов, Спатаев деп жазу етек алып кетті, дағдыға айналып жатыр, бірақ ол дағды нормаға ауыспауға тиіс, өйткені емле ережесі мұны мүлде көтермейді " – дейді атақты ғалым Р.Сыздықова. Дұрысы, емле ережесі емес, дыбыстық заң көтермейді.

Буынның қалай пайда болатынын, жалпы сипатын аңғарғаннан кейін, алдымен анықтап, меңгеріп алуды қажет ететін қарапайым да аса маңызды ұғым –сөздің буын жігін табу немесе **сөзді буынға бөлу.** Сөзде қанша даусыты дыбыс болса, сонша буын болатыны анық. Буын жігі дауыстылардың қабатында тұрған дауыссыздардың қай жағынына кететініне байланысты.

Сөзді буынға бөлу жән тасымал мәселесін алған айтқан А.Байтұрсынов. *Шақырғанға* деген сөзді буынға бөліп, қалай тасымалдауға болатынын, болмайтынын тәптіштеп түсіндіреді. Бірақ буынға бөлудің ішкі механизмін (сырын), ережесін ұғынбайды[5, 145 б.].

Қазақ тілінде дауыстыдан басталатын буындар үнемі сөзді бастап тұрады: а, ә, са, ант, ұлт, ас –қа, ат –қа, ант –ты, ұлт –тық. Сондықтан да бірінші буыннан басқа буындар дауыстыдан басталмайды. Оның үстіне қазақ тілінде байырғы буындар қос дауыссыздан басталмайды дедік. Міне, осы қағиданы еске берік ұстаған жағдайда сөздерді буынға бөлу қиын болмайды. "Осы қорытындыға сүйене отырып, -деп жады Қ. Жұбанов отызыншы жылдары, - буын жігін оңай, механик түрде табуға болады. Ол үшін жазылған әрбір сөздің дыбыстарын аяқ жағынан бастап шоламыз. Дауысты дыбыстан соң кез-келген дауыссызды елемей өте шығып (өйткені дауыстының соңында дауыссыз болмай да қалады, біреу де екеу де бола береді), әрбір дауыстының алдыңғы жағына бір дауыссыз тастап бөле береміз (өйткені сөз ортасында дауыстыдан буын басталмаушы еді ғой), сонда неше бөлік шықса, сонша буын болады."

"Қазақ тілінің орфографиясының негізгі ережелерінде: **и, у** әріптері бар сөздер буындалғанда,келесі буын дауысты әріптен басталады және солай тасымалданады. Мысалы: бу –ын, су –ық, қу –а –қы, қи –ын, ти –ын, жи" –ын, -дейтын ереже бар.

Жасанды и, у әріптерінің алдындағы дәрменсіздіктен туған бұл ереже және сөз (буын) қос дауыссыздан да басталады дейтін пікір буын жүйесіне, дыбыстық заңға мүлде қайшы, керағар екенін түсінуге тиіспіз.

Орыс тілінде буынға бөлудің принципі біршама бөлек. Дыбыстар үнділігіне қарай дауыстылар (3), сонорлар (2) және үнсіздер (1) деп ажыратылады да, буын көбіне үлкен цифр мен кішкене цифрдың аралығына ажырайды. Мысалы: вексель –131132, каска -13113, маска -23113, вельвет -132331, паспорт -13113223, костюм -131131, семестр -1323113 деген сөздер вексель (13-1132), ка-ска (13-1132), ко-стюм (13-1132), се –местр (13-23112) түрінде ажырайды.

Қазақ тілі оқулықтарында да, тіпті "Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінде" де мұндай сөздерді тасымалдаудың жайы айтылмайды. Күнделікті практикада сөз ортасында екі –үш дауыссыздан басталатын кірме буындардың да жеке дауыссыздан басталатын кірме буындардан да басталып жүргені аңғарылады. Яғни, тіліміздің тарихи даму нәтижесінде қалыптасқан заңдылықтар өз күшін сақтайды. Мысалы: век –сель, кас –ка, мас –ка, пас –порт, кос –тюм т.б.

Қазіргі қазақ тіліндегі буындар дыбыстық құрамы жағынан мынандай болып келеді:

1) бір дыбысты: а –та, ә –же, а –па, і –ні, а –ла, а –ас , о –қы, а, ә, е, о, о –тыр. Бір дыбысты буындар тек дауысты болады да, жеке сөз түрінде, не сөз басында ғана кездеседі;

2) екі дыбысты.: ба –ла, қа –ла –да, та –за –ла, жа –ға, ой –на, та –ра, қа –ла –да –ғы –сы, ба –ла –сы, ал, ат, ақ, же,де, не;
3) үш дыбысты: бас, бет, сөз, көз, өрт, бөл –шек –тер, тас –тақ, бал –шық, ұлт;
4) төрт дыбысты: қант, төрт, былқ, жалт, жылт, салт, қарқ –қарқ, күрк –күрк;

Тіліміздегі байырғы сөздердің дыбыстық құрамы осы төрт дыбыстан аспайды. Ал орыс тілі арқылы енген сөздерде буын бес, тіпті алты дыбысты да бола алады:
5) бес дыбысты: пункт, спорт, текст, скетч, старт, фланг, трест, спирт,стенді;
6) алты дыбысты: спектр, спринт;

Қазақтың байырғы сөздері негізінен бір буынды, қала берді екі буынды болып келеді. Мұның өзі оның поэзия тілі болуымен де байланысты. Өйткені 11 буынды болып келетін қара өлеңде бунақтар 3-4 буыннан аспайды. Әлгі бір, екі буынды сөздерге орамды болу үшін жұрнақ, жалғаулар жалғану керек болады. Ал төрт буыннан жоғары сөздер қара өлеңге оралымсыз болып шығады [2, 249 б.].

Түркі тілдері –жалғамалы тілдер. Сөздер, әсіресе етістік түбірлер қатынас қызметін атқару үшін түрлі жұрнақ, жалғауларды қабылдау керек болады. Бір ғана әже сөзі жалғаулармен түрленгенде 200–ге жуық, бір ғана етістік сөз түрленгенде 1,5 мыңға жуық формаға ие болады. Яғни қосымшалар сөздің өмір сүру формалары деуге болады.

Әдебиеттер:

1. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 7 б.
2. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 248 б.
3. М. Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы «Ана тілі» 1992ж. – 135 б.
4. М.Балақаев, Т.Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы 1971ж. – 60 б.
5. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. «Мектеп» баспасы 1975ж. – 145 б.
6.Ғ.Қалиев,Н.Оралбаев,Б.Қасымова,Б.Шалабаев,О.Төлегенов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы «Ана тілі». -221 б.

ӘОЖ 811.512.122´34

ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Өнербаева А.М. – 117-38 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Үкібасова Қ.А.- ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ.

Резюме

Способы создания военных терминов

Кез келген білім саласының терминологиясы жеке сөздердің, сөз тіркестерінің, символдардың және т.б. ерікті жиынтығын емес, белгілі жүйесін білдіру керек.

Термин, қағида бойынша, екі қызметті орындайды – атауыштық (яғни ұғымның атауы болады) және ұғымның мазмұнын сипаттау. Сонымен бірге, терминге қандай да бір нақты заттың немесе ғылыми-техникалық ұғымның атауы сияқты ғана көзқараспен қарау кеңінен таралған. Мұндай көзқарас терминологияның шатасуына әкеліп соғады [3. 136].

Термин сөз ретінде екі нәрсеге – тіл жүйесі мен ғылыми ұғымдар жүйесіне қарасты деп А. Реформатский айтқандай, термин сөздің қоғам алдындағы функциясын толық қамтиды. Қамтуы және атқаруы тиіс. Тек оның қатардағы жай сөздерден бір ғана айырмасы – көпке белгісіз, біршама ықшам түсінікті білдіретіндігі және қолдану аясының да шамалы шектеулілігі. Алайда оның есесіне терминнің жаңа, соңғы кезде пайда болған түсінік «жаршысы» болуы – бұл айырманың заңды және уақытша құбылыс екендігін көрсетеді. А. Моисеев те «арнайылылық пен тар шеңберлік барлық терминге емес, оның белгілі бір бөлігіне ғана тәндігін» айтады.

Қандай да бір терминді жасау үшін әр түрлі тілдік құралдар пайдаланылуы мүмкін. Терминдерді құрудың аса көп тараған тәсілдері келесідей:

Бірінші тәсіл туынды сөздерді (магнетизм); ықшамдалған және күрделі қысқарған сөздерді (авто); сөз тіркестерін (сызықтық дәнекерлеу, іштен жанатын қозғалтқыш) және күрделі сөздерді (клапан көтергіш); сөз тіркесінің бастапқы әріптерінен құралған, қысқарған сөздерді құрудан тұрады.

Сөздердің мәндерін өзгерту екінші тәсіл болып табылады, мысалы, «қажу», «төзімділік» (материалдарды сынау және олардың механикалық қасиеттері терминологиясында).

Үшінші тәсілі – терминдердің өзге тілден енуі.

Бірінші тәсіл кезінде терминдерді екі жолмен: туынды сөздердің, сондай-ақ ықшамдалған және күрделі қысқарған сөздердің жасалуымен құрайды.

Туынды сөздерді жасау кезінде қолданылып жүрген сөз сөзжасамдық элементтермен толықтырылады, *мысалы, күкірт – күкірт-ті* және т.б. Бұл кезде не болмаса одан ол тікелей жасалған, бұрын қолданылып жүрген сөзбен білдірілетін мағынасы бар жаңа сөз жасалады (*кескіш - кесу*), не болмаса ол өзге ұғымды білдіреді (*қалайыдан* жасалған, құрамында *қалайысы* бар).

Ықшамдалған және күрделі қысқарған сөздерді жасау жолымен терминдерді құру: «метро» («метрополитен»), «радиостанцияның орнына» «рация», «жылу электр станциясы» мысалдарымен сипатталуы мүмкін. Осы терминдердің барлығында жеке сөздердің элементтері болады.

Екінші жол – сөз тіркесінің немесе күрделі сөздің жасалуы. Бірнеше сөздерден тұратын терминдер, мысалы, «іштен жанатын қозғалтқыш», «электр машинасы» - сөз тіркестері. Сөз тіркестері – терминдердің құрамына: а) берілген пән терминологиясы жүйесіне бұрыннан тиесілі сөздер; б) жалпы техникалық терминология жүйесіне тиесілі сөздер; в) туыстас пәннің терминдері болып табылатын сөздер; г) алыстатылған пән терминдерінің жүйесіне кіретін сөздер; д) ортақ тілден алынған сөздер енгізілуі мүмкін [1. 126].

Алғашқы үш түрдің сөздері сөз тіркесі – терминнің құру сәтіндегі мағынасында пайдаланылу керек. Олар әрі қарай қолданылу кезінде де өзінің мағынасын сақтау керек. Екі соңғы түрдің сөздері қандай да бір пәннің терминдері бола тұрып, өзінің мәнін өзгертеді.

Екінші тәсілі – сөздердің мағынасын өзгерту (мағынасын ауыстыру).

Терминді сөздердің мәндерін өзгерту жолымен жасаған кезде бір ұғымдарды екіншілермен салыстырады, яғни қандай да бір ұқсастық жүргізіледі, қандай да бір бейне ұсынылады. Сөз терминдерінің мұндай құрылуы кезінде жаңа мағыналар алады. Мысалы, «морттылық» сөзін ортақ тілден материалдарды сынау және олардың механикалық қасиеттері терминологиясына ауыстырған кезде, ол термин ретінде әбден анықталған мағынаны иеленді. Металдың қасиеттерінің бірі маталдың терминделетін қасиеті және онымен ортақ тілде «шаршау» сөзі белгіленген қасиеті арасындағы таза шартты және формалды, қандай ді бір ұқсастық салдарынан, тура сол терминологияда «қажу» деп аталған.

Үшінші тәсіл - өзге тілден енуі.

Терминологияның сындық түрде қайта қарау кезінде, сондай-ақ жаңа терминдерді құру кезінде, бір жағынан, ғылыми дәлдік талабын және екінші жағынан, практикалық ықшамдық талабын қалай келістіру керек деген сұрақ үнемі алдымызда тұрады. Бұл жағдайларда кейде терминдерді басқа тілдерден ендіреді. Көрсетілген жағдай өзге тілдік терминдердің көп санын енгізу себептерінің бірі болып табылады.

Егер шындығында өзге тілден ендіру қажеттілігі пайда болса, онда оның басқа, негізі де, формалды да элементтермен жалғану қабілетін, сондай-ақ едәуір бұрмаланусыз «орыстану» қаупі бар екендігі есепке ала отырып, ең қысқа негізгі терминді таңдау керек. Сондай-ақ қажеттіліксіз ендірудің керегі жоқ екендігін түсінген маңызды болады.

Қазақ тіліндегі терминдер жүйесі туған тілдің төл лексикасына негізделетіндіктен, тіліміздегі терминдік қолданыстағы сөздерді тарихи-лексикалық қабаттар тұрғысынан қарастырып, әр қабаттағы терминдік сипаты бар атаулардың фонетикалық, морфологиялық, семантикалық ерекшеліктеріне назар аудару қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі [4. 272].

Бүгінде тілші-мамандарды ғана емес, жалпы тіл жанашырларын, оның ішінде салалық мамандарды толғандырып жүрген өзекті мәселенің бірі – терминдердің варианттылығы немесе жарыспалылығы.

Жарыспалылық – бір ғылыми ұғымның бірнеше сөзбен аталуы. Бұл құбылыс бүгінгі қазақ тілінде белең алғаны соншалық, БАҚ пен түрлі салалық сөздіктерде кездесетін жарыспалылықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдай бастадық, жеке авторлық ізденіс деп түсіндірушілер де бар. Президент Жарлығы мен Үкімет қаулыларындағы терминдер жарыспалылығы туралы (функция – уәзипа, нормативтік – низамдық т.б.) республикалық деңгейде өткен семинарда арнайы сөз болғаны да мәлім.

Жалпы тіл білімінде, терминологияда жарыспалылық болмауы керек, терминге қойылатын талап - бірізділік пен бірмағыналық деген пікір бар. Дегенмен бұл талап ғылыми тілі ғылым салаларында әбден қалыптасқан, терминологиялық жүйесі, терминжасам, термин қабылдау қағидаттары берік дамыған тілдерге көбірек келеді. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей дамыған тілдердің өзінде де термин мәселесі оқтын-оқтын кездесіп отырады (орыс, неміс, француз тілдері т.б.).

Бұл тармақта ұлттық терминологияның дамуының және оны дамытудың негізгі міндеттері болып терминдер мен атауларды қазақ тілінің негізгі ережелеріне сәйкес реттеу, сөз құрау моделінің барлық түрімен термин құрау мүмкіндіктерін ашу жолдары көрсетілген. Бұл анықталған бағыттың әскери термин жасау ісіне де қатысты екендігі анық. Осыларды ескере отырып және осы мәселе бойынша айтылған ғалымдардың (Ә. Қайдаров, Б. Қалиев, Ө. Айтбаев, Ш. Құрманбайры, Б. Момынова, т.б.) пікірлеріндегі әскери терминдердің жасалу тәсілдері басқа салаға қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің жасалу жолдары сряқты деген қағида басшылыққа алынды. Әскери терминдердің жасалу тәсілдері 1) морфологиялық (синтетикалық); 2) синтаксистік (аналитикалық); 3) лексика-семантикалық тәсіл болып үшке бөлінеді. Аударма (калькалау) тәсілі деп аталатын төртінші тәсілді де қосуға болады.

Әдебиеттер

1.Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. -Алматы: Санат, 1980.-126 б.
2. Кайдаров А.Т. Доспехи и вооружения воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение. // Изв. АН КССР.1973, № 6. С. 24-35.
3. Байжанов Т. Қазақ тіліндегі әскери лексика. –Алматы: Рауан,1991.-102.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3-том. –Алматы, 1978
5.Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіш-терінің тілі. -Алматы: Мектеп, 1971. -272 б.
6. Сартқожаұлы Қ. Елдік құрып, төр орнаттым (Күлтегін). // Егемен Қазақстан. 16.10. 2001. -4 б.

ӘОЖ 811. 512. 122

ДЫБЫС ТІРКЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Үкібасова Қ.А. ф.ғ.к., Нұрлыбай А.С. 117-38 тобының студенті, Құралбай Д.Б.,
А. Сейдімбек атындағы №80 ІТ мектеп-лицейі 9 «ХБ2» сыныбының оқушысы.

Резюме

Основной целью является артикуляционно-акустическое описание звукосочетаний в казахском языке.

Адам баласының тілі – дыбыстық тіл екені мәлім. Жеке тұрғанда, тілдегі санаулы ғана дыбыс мән-мағынасыз көрінетін мыңдаған сөздердің құрамында белгілі бір тәртіппен қиюласып, тіркесіп қайталану арқылы тілді және сол тілдің дыбыс жүйесін құрайды.

Байтұрсынұлы Ақымет «Тіл құрал» атты қазақ тілінің тұңғыш оқулығын: «Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - деп бастайды да, «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, тіпті жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде әр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздердің бірін-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жол, жүйесі, қисыны болады», деп жалғастырады. Осындағы «сөздері» дегенді «дыбыстары» дегенмен әбден алмастыруға болады. Өйткені әрбір сөз белгілі бір дыбыстық кешеннен, басқаша айтқанда, дыбыстық тіркестен тұратыны анық. Тілдегі әрбір дыбыстың халық қалыптастырған өз орны бар. Қазақ тілі өзімен туыс тілдерден, алдымен, сонысымен ерекшеленеді. Осы бір ғажайып

ерекшелік, заңдылықты алғаш аңғарып, жақсы зерделеген де – А. Байтұрсынұлы. Ол мұны тіл туралы жазған алғашқы мақаласында-ақ айтқан. Оның айтуынша, дыбыстарды «тілдің өзі – табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған. Тілдің өзі қойған орнынан басқа орынға қойса, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң, оның түбі ол тілді бұзу, өзгерту болады» [5.398].

Содан бері де 90 жыл өтті. Бұл екі арада зор қоғамдық өзгерістер болды.

А. Байтұрсынұлы: «... сөз жазылу керек айтылуы бойынша, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың харпі (әрпі) жазылсын» [5. 326]– деуін десе де, еріндік дауыстыларды бас буыннан әрі жазбағаны белгілі. Мәселен, яғни, рахмет сөздерінің дыбыс, буын құрамын екінің бірі аңғара қоюы екі талай. Мұның әрқайсысы төрт буынды болып келеді. Бұлардың құрамында дыбыс заңына қайшы жазу арқылы пайда болған хм, ғн «дыбыс тіркестері» бар. Сонда бұлардың айтылуы: ыйағыный, ырақымет (ырақым+ет түрінде қабылданса керек). Жазылуына көзі үйренгендер, бұған үрке қарамайтыны анық. Неге бұлай болуға тиіс? Қазақ тілінде й, р үнді дауыссыздарынан сөз басталмайтыны анық. Ал хм, ғн – қатаңнан соң қатаң, ұяңнан соң ұяң дыбыстар келеді дейтін заңға қайшы келеді. Осылай кез-келген сөздің дыбыс, буын құрамына сын көзбен қарау керек болады. Сөздің буын құрамын анықтаудың төте жолы - өлеңде тексеру. Сонда рақмет, Ақымет сөзі 11 буынды қара өлеңде өзін былай танытады:

Қожақымет, дегенде, Қожақымет,
Бір қой сойса, болады бір қазан ет.
Көргендінің қызы деп сөз айтып ем,
Көңлімді қалдырмадың ырақымет.

Мұндағы Қожақымет – Қожа Ахмет түрінде жазылып жүрген сөздің халық тілінде айтылуы, дұрысы да осы., яғни Ахмет Ақымет түрінде айтылып, жазылуға тиіс. А. Байтұрсынұлы өз атын осылай жазғаны анық. [5. 49-91]. Көзіміз үйренген рақмет (рахмет) те дұрысы төрт буынды сөз екеніне күмәніміз болмауға тиіс.

А.Байтұрсынұлы 1912 жылы жазған «Жазу тәртібі» дейтін мақаласында былай дейді: «Негізгі жол: айтуы басқа сөздерді басқа жазу. Бұлай болғанда: «айт» деген сөзбенен «айт» деген сөзді бірдей жазсақ, жолсыздық болмай ма? Бұл екі сөздің мағынасы қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа» [7.384].

Әңгіме жазу арқылы омонимге айналып кеткен зат есім, етістік «айт» туралы екенін аңғарсақ керек. Діни мейрам – *айт*, дұрысы, *айыт* болуға тиіс. Бұған өлең арқылы да көз жеткізуге болады:

Жалғыз-ақ дорба асынған кедей кәріп,
Аштықтан өңі кеткен беті де арып.
Әркімдер тиын-тебен беріп жатыр,
Дегенге: «Құтты болсын», айыт шәріп. С.Торайғыров.

Бұлұт сөзі *бұлт* түрінде жазылып, бұлт еліктеу сөзімен омоним болып жүр. Бұлт түркі тілдерінің бәрінде дерлік екі буынды. Қазақ тілінде де солай. Оған мысал:

Сұр бұлыт түсі суық қаптайды аспан (Абай).
Бұлыттай қасы жауып екі көзін (Абай).
Баянауыл басынан бұлыт кетпес (Ақан сері).

Осылай жазу арқылы бір буынды болып жүрген бірер сөз бар.

Қаратаудың басында бұлыт болмас,
Ақ қалайы сандықта кіліт болмас (Халық өлеңі).
Түстің бе ақ сандыққа кіліттеген (Халық өлеңі).
Базардан алып келген қызыл кіліт,

Айыт (айт), бұлыт (бұлт), кіліт (кілт), қаныт (қант) сөздері тәуелденгенде екінші буындағы қысаң дауыстылардың түсіп қалуы заңды: айты, айтым, айтың; кілтім, кілтің, кілті т.б. Өлең - сөздің құрамындағы қысаң (ұ,ү,ы,і) дауыстылардың әлсіздігін буынды кемітуге үнемі пайдаланылатынын бір сәт естен шығаруға болмайды. Бұған мысалды Абайдан көптеп кетіруге болады. Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім (Абай) дейтін жолда екі буын артық. Айтуда ол білінбейді: Түбүндө/тыншшүргөндү/терскөрмөдім [3.124].

Қазақ тілінде й, у, ң, л, р үнділерінен сөз басталмайды. Жазу арқылы: *Йассауи, йа (я), йағни (яғни), уақыт, уәде, лақ, лай, рас, рай* сияқты заңға қайшы түсінік қалыптасты, бір буын ұмытылды.

Қазіргі тілімізде сан ғасырлар бойы дамудың нәтижесінде қалыптасқан табиғи дыбыс тіркестерімен қатар, кірме сөздерде ғана кездесетін, жалпы заңдылыққа қайшы келмейтін тіркестер бар. Мәселен, **ғд** (бағдар, бағдат, дағды, жағдай, тағдыр) тіркесі байырғы сөздердің түбірінде де, түбір мен қосымша аралығында да ұшырамайды. Тек сөздердің аралығында ғана айтылады: *ағдала (ақ дала), бағдәулет (бақ-дәулет тамағдәмі (тамақ дәмі), ағдәрі (ақ дәрі), оғдәрі (оқ дәрі).* Сөйте тұра, кірме сөздердің түбірінде қолданылуы, "ұяңнан соң ұяң дауыссыз келеді" дейтін заңға сиып тұр. Дәл осындай ұяңдар тіркесі **ғб** екі-ақ сөзде ұшырайды: ***бағбан*** *(бақ-бан),* ***қағба****.* Байырғы сөздерде мұндай тіркес мүлдем ұшырамайды, болуы да мүмкін емес. Себебі сөз соңы ***ғ***-ға аяқталмайтыны анық. Ал ***қ*** дыбысы ***б***-ның ықпалына ұшырап әсте ***ғ*** бола алмайды, керісінше ***б п*** болады.

Мұны сезімтал қара тіл қалтқысыз біледі. XVI ғ. жырауы Шалкиіз:

Жүк тиедің *кемеге,*
Ниет еттің тәңірінің үйі *кебеге.*
Тәңірінің үйі *кебені*

Ибраһим Халил алла жасапты, – деп жырлайды (Бес ғасыр жырлайды. 1- том, 40-41). Осы кебені XX ғасырдың ақыны Мағжаннан кездестіреміз:

"Кебенің" не екенін ендігі жұрт біле бермейді. Бұл – қағбаның қазақы айтылуы. **ғб** тіркесі де дыбыстық заңға (ұяң-ұяң) қайшы емес. Ал бағлан сөзіндегі **ғл** олай емес[6.160].

Қазақ тілінің дыбыс тіркесінің ұлттық сипатына толығымен көзіміз жету үшін бізге зор еңбек қажет болады. Дыбыстық заңдар бар, бірақ біз оларға сын көзбен қарауымыз керек. Яғни "кітап сөзі құран сөзі емес" екеніне көзіміз жету үстінде, көптеген заңға қайшы заттарды аңғарамыз. Көкірек көзімізді ашып

отырған қолымыздағы кітаптардың деңгейіне санамыздың саңылауымен сезіп отырғандаймыз, бірақ дәлелдеуге тырысып бағу міндетіміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. —Алматы: Ғалым, 1993, —232б.
2. Аралбаев Ж.А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. —Алматы: Ғылым, 1988. —144б.
3. Мырзабеков С. Сөйлеу тіліміз қазақы ма? // Ана тілі, 1998. 22 қаңтар.
4. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. 1894. ч.I. СПб.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. —Алматы: Ана тілі, 1992. —448б.
6. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. —Алматы: Ғылым, 1982. —160б.
7. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. —Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. —200б.

ӘОЖ

USING AN INTERACTIVE APPROACH TO TEACHING ENGLISH IN INTERMEDIATE ENGLISH CLASSES

Көпбай А.Қ.-М1703-30 тобының магистранты
Ғылыми жетекшісі: Қиясова Қ.Қ.- п.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педогогикалық институты,Шымкент

Түйін:

Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептердегі шет тілі мұғалімдері пайдалана алатын интерактивті сөйлеу әдістерін қамтитын сабақтардың талдамалары талқылыанады.

The interactive approach to learning is quite new means of improving education. The purpose of the interactive approach is to create conditions for comfortable learning, conducive to active student interaction. To date, the application interactive approach in the learning process speaks of innovative teacher activities. Interactive learning means learning, immersed in communication, but not replaced by it. One of the main goals
interactive learning - the overall development of students, the formation
individual capable of independent thinking and cognitive
activities.

The task of a teacher who uses interactive approach is to ensure the development of educational activities students. In organized activities, students themselves strive to knowledge. The result of student activity is a quality
assimilation of knowledge.

From the point of view of V.K. Dyachenko, "interactive learning" is way of cognition based on dialogue forms of interaction participants in the educational process, during which they form collaborative skills. This approach is based on the principle “ all teach everyone and everyone teaches all”.

Interactive interaction plays an important role in the process
learning. First, there is an increase in intellectual activity subjects of the educational process. Secondly, conditions are created for competition and collaboration. It is important to note that there is also psychological factor: the statements of partners

cause everyone student their ideas and contradictions within the framework of the presented question, whichgoes into discussion.

Based on these definitions, we can make the following conclusions:

• An interactive approach involves interaction students in the educational process;
• Students are constantly involved in active activities, which ensures the achievement of high results.

The interactive approach is aimed at the development of educational process. The priority tasks of interactive learning are:

• Development of students' speech skills
• Increasing interest in the subject being studied
• High-quality assimilation of educational material
• Organization of independent work of students in the decision tasks
• Formation of one's own opinion
• Ability to defend one's point of view
• Ability to work in a team, treat everyone with respect participants in the educational process.

The study and analysis of literary sources allows us to describe the essence of interactive learning. Interactive approach to learning ensures the interaction of subjects, and also creates all conditions for communication within the educational process. main source learning cognition is the life experience of learners. During training students share experiences, exchange knowledge, thoughts, solutions tasks.

The role of the teacher in this approach is reduced to a minimum and consists in organization of joint activities of students, thanks to which students bring individuality to the learning process.

An interactive approach creates favorable conditions for solving creative tasks, and also contributes to the development of a versatile thinking. Students express their point of view and learn to defend your opinion. During interactive learning, there may be contradictions, while students learn to interact with each other.

The whole learning process, based on an interactive approach, characterized by the activity of students throughout the lesson. Students quickly perceive and assimilate the information received. IN during interactive learning, all students are equal to each other.

The use of interactive forms provides a large margin time for speech practice for each student. So the material absorbed faster and more efficiently. It can be assumed that such knowledge are much more memorable.

An interactive approach develops student motivation. It is important that mutual motivation develops of students. Interactive forms of learning are designed to ensure the development communication skills, as well as the development of creative abilities students. Ability to work in a team develops mutual respect of all participants in the educational process.

The use of interactive teaching methods requires the teacher to manifestations of creativity in the process of organizing educational activities. The teacher, choosing one or another form of interactive learning, must take into account the characteristics of students, as well as the appropriateness of their conduct.

The role of the teacher in interactive learning is to fulfill organizational functions. The teacher creates conditions for the implementation of educational interactions between students.

Interactive methods are aimed at learning in interaction. Role teacher in an interactive approach is replaced by the activity of students.

Interactive methods increase interest in learning. Interest achieved through interaction during the educational process.

The tasks of interactive teaching methods are aimed at developing information search skills. Students have the opportunity analyze the information received and share the results received solutions. Interactive methods have the greatest range opportunities. These methods allow students within the educational processes interact with each other. Interactive methods teach work not only independently, but also in a team. Students learn to respect each other's opinions. Classification of forms of interactive learning presents some difficulties and, therefore, will be discussed further.

REFERENCES

1. Алхазишвили А.А. Основы овладения устной иностранной речью. М., Просвещение, 2004.
2. Архипова Ж.Ю. Интерактивные методы обучения на уроках английского языка как средство развития коммуникативной компетентности учащихся. [Электронный ресурс]. / Режим доступа: http://rudocs.exdat.com/docs/index-152177.html (дата обращения:13.04.2016)
3. Бабанский К.С. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. – М.: Просвещение, 2005.
4. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения/В.П.Беспалько. - М.: Издательство ИРПО МО РФ, 1995. – 336 с.
5. Бим И.Л. «Некоторые актуальные проблемы современного обучения иностранным языкам» // Иностранные языки в школе. – 2001. - № 4. – С. 24 – 29.
6. Борисова Н.В.. Технология обучения здоровью: Учебнометодическое пособие. – Чебоксары, 2005
7. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. М., 1991. С.100.
8. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. – М.: АРКТИ – ГЛОССА.- 2000.
9. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. — 4-е изд. — М.: Издательский центр «Академия», 2007. — с. 190; 198-206
10. Гез Н.И. Развитие коммуникативной компетенции в ситуациях ролевого обучения. М.: МГПИИЯ им. М.Тореза, 2004.
11. Голубкова О.А. Использование активных методов обучения в учебном процессе: учебно-методическое пособие. СПб., 1998. С.16.
12. Григальчик Е.К., Губаревич Д. И. Обучаем иначе. Стратегия активного обучения. – Минск: Современное слово, 2003. 50
13. Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении: о коллективном способе учебной работы / В.К. Дьяченко. — М.: Просвещение, 1991. — 192 с.
14. Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке. - М.: Просвещение, 2008.
15. Кашлев С.С. Интерактивные методы обучения педагогике [Текст] : учеб. пособие / С. С. Кашлев. – Минск : Изд-во: Выш. школа, 2004. - 176 с.
16. Кашлев С.С. Технология интерактивного обучения. - Мн.: Белорусский верасень, 2005.
176 с. 17. Кларин М.В. Интерактивное обучение — инструмент освоения нового опыта / М.В. Кларин

// Педа- гогика. — 2000. — № 7. — С. 21—28.
18. Коджаспирова Г.М. Практикум и методические материалы. – М.: Изда- тельство «Владос», 2003. – 416 с .
19. Колкер Я.М., Е. С Устинова Е.С., Еналиева Т.М. Практическая методика обучения иностранному языку. – М. : Академия, 2000.
20. Коротаева Е.В. Хочу, могу, умею! Обучение, погруженное в общение / Е. В. Коротаева. - М.: Ин-ут психологии РАН, 1997. - 224с.
21. Леонтьев А.А. Общение как объект психологического исследования. // Методологические проблемы социальной психологии. - М.: Наука, 1975. - с.106 -123.
22. Леонтьев А.А. Язык и речевая деятельность в общей и педагогической психологии. М: РАО/МПСИ, 2001, с. 127.
23. Лушникова Е.Е. Дидактические условия формирования мотивации достижения и мотивации аффилитации у старших школьников: автореф. дис. … канд. пед. наук / Лушникова Елена Евгеньевна. - Калининград, 1995. - 163с.
24. Мясоед Т.А. Интерактивные технологии обучения: спец. семинар для учителей / Т. А. Мясоед. - М.: ВЛАДОС, 2004. - 82 с.
25. Никишина И.В. Использование интерактивных форм и методов обучения как приоритетное направление технологизации образования. Методическое пособие. – Волгоград, 2001.

ӘОЖ 372.8:811,512.122

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АРАБ-ПАРСЫ КІРМЕ СӨЗДЕРІНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Сұлтанова Насиба. – С1701-19 к. тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Құрбанов А.Г. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается лексико-грамматическая природа арабо-персидских слов в произведениях Абая.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Тіл – адамзат баласына ғана біткен ырыс. Ол қоғамның дамуындағы толып жатқан түрлі өзгерістердің куәсі ғана емес, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін дәнекер.

Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам немесе лексика деп аталады. Тілдің сөздік құрамының толығып кемелденуі бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы болып қоймайды. Сонымен қатар өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден ауысып алу арқылы да тіл өзінің сөздік құрамын байытып, жетілдіріп отырады. Тіл - адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын, пікір алысатын, өзара түсіністің құралы. Халықтар бір-бірімен тілдесу үшін ортақ сөздерді пайдалануға тырысады, яғни кірме сөздер сөздік құрамға енеді. Бұл әрине қалыпты құбылыс. Әр халықтың тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени қарым-қатынасы ең алдымен оның тілінен көрініс табады. Ал бір-біріне көршілес жатқан халықтардың тілдік ауыс-түйісі - тіл байлығының сөздік қорын арттыра түсуге септігін тигізетін заңды құбылыс.

Қандай құбылыстың болсын, өткен тарихи даму жолдарын жете меңгермей тұрып, оның қазіргі жай-күйін зерттеп білу мүмкін емес. Тілдік жүйенің орнығып, қалыптасқан категориялары да оның тарихын зерттеу арқылы айқындалады. Тілдің сөздік қорын және өзге тілдермен қарым-қатынасын, онда

болатын түрлі өзгерістерді зерттеу қазіргі таңда теориялық жағынан да, практикалық жағынан да маңызды екені сөзсіз.

Кірме сөздер (заимствование) дегеніміз тілдің өзіндік сөзжасам тәсілмен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Яғни сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер делінеді. Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлдеп өскен ең озат деген халықтардың сөздік құрамы да таза тума сөздерден құралмайтындығы дәлелденген [1, 139].

Тіл туралы Н.Д. Оңдасынов «Таза тіл деген жоқ, ол болмақ та емес. Ондай тілді іздеп, арам тер болудың тіпті қажеті де жоқ»-десе [2, 3], ал Л.З.Рүстемов «Тілдің лексикалық құрамында шеттен алынған кірме элементтері жоқ, мүлдем «таза» тіл өмірде болған емес» [3, 12], - дейді. Дегенмен, түркологтардың зерттеуінше салыстырмалы түрде қазақ тілі түркі тілдес елдердің ішіндегі өзгеріске көп ұшырамаған таза тіл деп көрсеткен.

Қазіргі қазақ тілінің қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын байқау үшін тіл мәселелерін нақты фактілер арқылы зерттеудің маңызы зор.

Абай шығармаларында қолданылған араб-парсы сөздерінің көпшілігі қос сөздер мен жұрнақтар жалғану арқылы жасалған туынды түбір сөздер екендігі байқалады.

Қазақ тіліне шеттен ауысқан элементтердің құрамын, сөздердің тұлғаларын әңгіме еткенде қос сөздерге айрықша назар аударылады. «Қос сөздер, әдетте, бір сөзді екі мәрте қайталау немесе екі лексикалық элементті қосақтау, я болмаса оның бір буынын қабаттастыру арқылы жасалатыны мәлім». Әсіресе, түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де қос сөздер мейлінше кең дамыған, әрі оның лексикалық комплекстер жасауында алатын орны аса зор.

Сөзден сөз тудырудың мұндай құнарлы тәсілі қазақ тілінде өте ерте заманда-ақ қолданылып келгендігі мәлім. Қос сөздер жасауда араб-парсы кірме сөздеріде едәуір роль атқаратыны әдеби тіліміздің бүкіл даму тарихы дәлелдеп отыр. Араб және парсы элементтерінің қатысуымен жасалған қос сөздердің құрамдас компоненттері араб-парсы, араб-араб, араб-қазақ, парсы-араб, қазақ-араб, қазақ- парсы сөздер болып жеке сыңарлары осылайша жұптасып келуі мүмкін. Әдетте, синонимдік есімдерден тұратын қос сөздер де, антонимдік есімдерден жасалған қос сөздер де өзара салаласа байланыста болады. Енді Абай шығармаларындағы қос сөздердің мағыналық және тұлғалық құрамдарына назар аударалық:

Компоненттері арабша-арабша: Абай шығармаларында компоненттері арабша-арабша болып келетін мынадай қос сөздердің бар екендігі байқалды: әл-қуат, мал- мүлік, алқа-қотан, қауіп-қатер т.б Осы қос сөздер Абай шығармаларында былайша көрініс береді.

Әзім есін жиыпты ертең түсте,

Өз басын көрді қауіп-қатер істе.

Қол-аяғы байлаулы жатыр жалғыз,

Темір шеттік қапас боп тұрды түсте.

Кейбір қос сөздің алғашқы компоненті жекеше түрінде, екіншісі сол сөздің көпше түрінде болып келуі мүмкін және қосарланып айтылады. Мысалға хал-ахуал.

Әйтсе де қос сөздер көбінесе дерлік мағыналары бір-біріне жақын сөздерден жасалады. Мысалға парыз-міндет, мұрат- мақсат т.б.

Сыңарлары арабша-қазақша: Қос сөздер Абай шығармаларында былайша көрініс табады: күш-қуат, білім-ғылым, жер-дүние, ақыл-ес, зәбір-жапа, қайғы-қасірет т.б. Мысалға Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды [4].

Екі сыңары да парсы сөздері*:* Абай шығармаларындағы қос сөздердің екі сыңары да парсы сөздерінен болып келетін сөздер де кездеседі. Мысалға дос-жар, ар-намыс, кемпір-шал, жан-жар, дос-дұшпан т.б.

Абай шығармаларында қос сөздердің бір сыңары қазақша, бір сыңары арабша болып келетін сөздер қатары да кездеседі. Мысалға; *ақыл-ой, жер-дүние, таң – тамаша т.б.*

Ендігіге не сұрау бұл заманда,

Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.

Өлген молда, туған жер жібермейді

Әйтпесе, тұрмас едім осы маңда. (Ескендір)

Парсыша-қазақша болып келетін сөздер, Абай шығармаларындағы қос сөздердің тағы бір тобы бір сыңары парсыша екінші сыңары қазақша болып келетін сөздер. Мысалға ой-жер, от-үміт, сарнап-зарлап т.б

Сонымен, біз Абай шығармаларындағы қос сөздердің жасалуында араб-парсы тілдік элементтердің кеңінен қолданылғанын аңғарамыз. Мұндай қос сөздердің жасалуына белгілі бір заңдылық сақталады. Мағынасы күңгірттенген есімдер көбінесе қос сөздердің екінші сыңары болып табылады. Соның өзінде оның екінші компонентінің де буын сыңары бірдей болып келеді немесе көбіне дереу екі буынды компонентке көп буынды компонент қосылып айтылады. Араб-парсы элементтері бар қарама-қарсы (антоним) мәндес қос сөздер қазақ тілінде сирек кездеседі. Қазақ тіліне енген араб-парсы сөздерінің морфологиялық құрамын сөз еткенде тұрақты сөз тіркестері туралы айтпай кету мүмкін емес.

Бір қалыпты тұрақталып, қалыптасқан сөз тіркестерінің негізгі бөлігі қазақ және мұсылман дінімен бірге деген еді. Сондықтан, мұндай сөз тіркестері негізінен ислам дінінің қағидаларын бейнелейді. Егер қолданылуына қарай бұл секілді тұрақты сөз тіркестерінің бір бөлігін одағай сөздер десек, екінші бір бөлігін сөз таптарының біріне де жатқызу мүмкін емес. Өйткені мұндай сөз тіркестері сөйлем мүшесі бола алмайды. Мысалға астапралла (астапралда), уағалейкүмассалам, иждихат ләзім, т.б сөздерді айтуға болады. Мысалға; Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің хауам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке иждихат ләзім,

сіздер әрбір ғамал қылсаңыз, ниет етесіз [4].

Әдебиеттер:

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы. Санат, 1997 ж.
2. Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы. Қазақстан, 1969 ж
3. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. А., Ғылым, 1982 ж.
4. Сүйіншәлиев Х. «*Абайдың қара сөздері*». Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1956 ж.

ӘОЖ 372.8:811,512.122

ЕТІСТІКТІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Рүстемова Арайлым. – 117-28 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Құрбанов А.Г. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается изучение глагольного словообразования

Қазақ тіл білімінде етістіктің сөзжасамдық тәсілдер арқылы жаңа туынды мағына беретін жағдайы морфология саласында қарастырылғанымен, оның жаңа атау туғызу мүмкіндіктері сөзжасамдық ұя деңгейінде аз зерттелген. Оның үстіне етістік негізді туынды сөздер жасауға сөзжасамның синтетикалық тәсілі аса белсенді екенін тілдік деректер дәлелдеп жүр. Сондықтан етістік негізді туынды сөздердің жасалу жолдарын көрсету үшін жасалатын талдаулар қазақ тіліндегі бір буынды етістікті сөзжасамдық ұяның ерекшелігін анықтауға арналады.

Сөзжасамдық ұя мәселесін тереңірек зерттеген ғалым К.Құрманалиев орыс тіл біліміндегі және қазақ тіл біліміндегі ойларды тұжырымдай келе, мынадай анықтама береді: "Сөзжасамдық ұя - бір түп негіз сөзден сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған, жүйеге түскен, номинация қызметін атқаратын белгілі құрылымдағы түбірлес сөздердің жиынтығы" [1, 37]. Бұл анықтамада сөзжасамдық ұяның бір түп негіз сөзі және одан туындаған туынды сөздерден тұратыны, ұядағы әр туынды сөздердің өзіндік жүйесі бары, олардың бей-берекет орналаса алмайтыны, туынды сөздердің тілде номинация қызметін атқаратыны, туынды сөздердің ұяда өзіндік құрылымы болатыны ескерілген.

Туынды сөздердің морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы туралы алғашқы деректер XI ғасырдағы түркі тілінің маманы, атақты ғалым Махмут Қашқари зерттеулерінде кездеседі. Ғалым түбір сөздерде өзгерістер аз болады, бұл өзгерістер түбірдегі кейбір дыбыстардың алмасып айтылуы мен түсіп қалуы сияқты болып келеді деп пайымдайды. "Диуани лүғат ат - түркте" туынды сөз жасаушы тұлғалар мен олардың сөзжасамдық мағыналары терең талданады Айталық, *"інді"* - жұрнағы етістікке жалғанып, есім туғызушы тұлға

ретінде (көмінді, сүзінді), *"лық"* - иелік мағынасында және істелген іс мағына туғызушы (саманлық, туруғлағ, тарығлағ), *"чы"* - істің иесін білдіруші (тарығчы, етукчі, бардачы), *"лан"* - есімнен туынды етістік жасаушы (бегленді, қызланды, атланды), *"әзті"* - жұрнағы арқылы туынды етістік көп жасалады деп көрсетіледі (көркәзті (көркейді)); т.б. [2. 48].

Түркологтар А. Я. Самойлович, В. А. Гордлевский, Н. К. Дмитриев, А. Н. Кононов, Н. П. Дыренкова, Н. А. Баскаков, А. К. Боровков, М. В. Насилов, В. В. Решетов, И. А. Батманов т.б. ғалымдар зерттеулерінде және әр кезеңде шыққан түркі тілдеріндегі грамматикаларда сөзжасамның тәсілдеріне қатысты ғылыми ойлар беріледі. Бұл зерттеулерде сөзжасам саласы жеке сала ретінде танылмағанымен, суффикстік сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер мен олардың тұлғалық құрамы жақсы көрсетілген.

Қазақ тіл білімінде етістік туралы теориялық алғашқы ғылыми тұғырын жасаған ғалымдар - А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н. Т. Сауранбаев, А. Ысқақов, А. Қалыбаева, И. Оралбаева, С. Исаев т.б. болатын.

Ғалымдар зерттеулерінде оның сөзжасамдық ерекшелігі туралы толық әңгімеленген жоқ. Негізінен, етістіктің синтетикалық тәсіл негізінде туынды сөз жасау процесі айтылған болатын. Біздің зерттеу нысанымыз етістіктің сөзжасамдық ұясын анықтауға қатысты болғандықтан, енді оның сөзжасамдық мәнін зерделеуге арналған еңбектерді саралап көрдік.

Сөзжасамдық ұя туралы алғашқы ғылыми пікірлер "Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі" деген монографияда айтылды. Бұл зерттеуде сөзжасамдық ұяға алғаш рет ғылыми анықтама берілді: "Қазақ тіліндегі негізгі түбірлердің сөзжасамға қатысу қабілетінің күштілігі сөзжасамдық ұядан анық көрінеді. Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады". Бұдан әрі бір ғана "бас" сөзінен туындаған 89 сөзжасамдық ұя талданып, сөзжасамдық ұяға енетін 143 туынды сөз көрсетіледі. Мұнда авторлар етістіктің күрделі сөзжасам жүйесі бар сөз табы екенін айта отырып, оның туынды сөздерге өте бай, етістік өз құрамын тілдің тарихи дамуы бойында толықтырып отырғанын атап көрсетеді. Етістіктің сөзжасам жүйесінде түрлі тәсілдер арқылы жасалатынын анықтап береді. Олар:

- синтетикалық;
- аналитикалық;
- семантикалық тәсілдер.

Етістіктің сөзжасамы туралы ғалым Н.Оралбаева еңбегінде былай деп жазады: "Етістік сөзжасамында барлық сөз табы негіз болып, сөзжасамдық бірлік қызметін атқарады. Олардан зат есім сөздерді, сын есімдерді, сан есімдерді, үстеуді, етістікті, одағайды атауға болады. Тіліміздегі барлық негізгі сөз таптары етістік жасауға негіз болады" [3, 168].

Сөзжасамдық ұя туралы ғалым А.Б. Салқынбай: "Себепші негіздерден сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалып, атау қызметін атқаратын белгілі құрылымдағы түбірлес туынды сөздердің жиынтығы сөзжасамдық ұя деп аталады. Яғни сөзжасамдық ұя болу үшін:

1) бір негізден тарайтын түбірлес сөздердің жиынтығы болуы қажет;

2) түбірлес сөздердің әрқайсысының жеке номинативтік мағынасы болуы шарт;

3) түбірлес туынды сөздер әртүрлі тәсіл арқылы жасалуы ықтимал;

4) түбірлес туынды сөздердің мағыналық жақындығы себепші негіз арқылы сақталып, бір семантикалық өрісте жатуы қажет;

5) омонимдес тұлғалар сөзжасамдық ұяға ене алмайды," - дейді [4, 112].

Сөзжасамдық ұяға енетін сөздер бір түбірден тараған тұлғалар болғандықтан, формалық және мағыналық жағынан бір-біріне жақын келеді. Мысалы:

оқы - оқығыш, оқығыштық;
оқы-оқыр, оқырман;
оқыған, оқығанды;
оқымысты, оқымыстылық;
оқыту, оқытушы, оқытушылық;
оқу, оқулық, оқулықтай, т.б.
ой – ой - арман;
ой - ойдағы, ойдағыдай;
ой – ойлан - ойлағыш, ойлағыштық;
ой - ойлан, ойлампаз;
ой – ойлап - піш, ойлап-пішу,
ой- ойлас, ойластыру,
ой - ойла, ойлау, ойлаушы, ойлаушылық;
ой - ойлы, ойлылық;
ой - ойсыз, ойсыздық , т.б.

Көрсетілген мысалдардағы сөзжасамдық ұяға енетін сөздердің тұлғалық жақындығы олардың түбірінде **оқы, ой** сөздерінің болуы арқылы анықталса, мағыналық жақындығы барлық сөздердегі арнайы семаның оқу мен ой ұғымына қатыстылығы арқылы көрініс табады. Яғни сөзжасамдық ұядағы сөздер себепші негіз мағынасы арқылы уәжделіп тұрғанын аңғарамыз.

Бір түбір не негіз арқылы уәжделген туынды сөздер тобы бір семантикалық өрісте жатып, түбірлес сөздер жүйесін құрайды. Түбірлес сөздерді жасаушы түбір сөздің семасы барлық туынды сөздер мағынасында сақталады. Әрбір жаңа туынды сөздің мағынасында себепші негіз өзек семасының бір қыры сақталады. Бұл түбірлес сөздердің бір ғана семантикалық өрісте жатуының негізгі шарты саналады. Сондықтан да түбірлес сөздер тек тұлғалық жағынан ғана ұқсас емес, сондай-ақ ішкі семантикалық құрылымы жағынан да жақын болып келеді.

Бір етістік негізді тұлғалар арқылы жасалған атаулардың барлығы да түбірлес сөздер қатарына ене алады. Мұнда біз түбірлес сөздерге тек қана суффикс арқылы жасалған туынды сөздерді ғана емес, өзге сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған атауларды да жатқызамыз. Сөйтіп әрбір туынды сөздің мағынасында оны жасауға негіз болып, мағынасын

қалыптастырып тұрған түбірдің негізгі және өзек семалары белгілі бір дәрежеде сақталатынына көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Құрманәлиев К. Сөзжасамдық ұяның парадигматиялық қатыстағы бірлігі мен сатылары. Алматы, 2014 ж.
2. Есімсейітов Б. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектердің құрылысын синхронды тұрғыдан сипаттау. –Шымкент, 2013 ж.
3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2012 ж.
4. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Алматы, 2010 ж.

ӘОЖ 372.8:811,512.122

ЕТІСТІКТІҢ, ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫНЫҢ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Амирова Луиза. – С1701-20 ж. тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Құрбанов А.Г. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается изучение глаголов, глагольных времен в языкознании.

Етістік – қай тілде болмасын ең күрделі сөз табы. Басқа тілдердегі сияқты қазақ тілі сөз таптарының жүйесінен де ерекше орын алатын сөздер – етістік.

Етістіктердің лексика – граматикалық мағыналары да, граматикалық тұлғалары да әр алуан, синтаксистік қызметі тек баяндауыш болу ғана емес, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем мүшелері мен сөз тіркесінің жасалынуына тікелей ықпал етіп отыратыны белгілі. Түркі тіл білімінде етістік туралы зерттеулер мен теориялық негіздердің қалыптасуы тіпті ертеден басталады [1].

Ескі ескерткіштердің бірі 1069 жылы Юсуф–хас–Хадисиб Баласағұнның «Құдтағу білімінде» шартты райлы, қалау райлы, бұйрық райлы, көсімшелі, есімшелі сөздер кездеседі.

Түркі тіл білімінде етістіктер туралы нақтылы ережелер жазылған зерттеулердің ең алғашқысы, ең көлемді де құндысы түркі әулетінен шыққан ғалым Махмуд Қашқари «Диуани – лұғат ит – түркі сөздігі».

Тұңғыш тюрколог әрі энциклопедист М.Қашқари қалдырған мұралар әр жағынан алынып, тілдің белгілі салаларымен байланыстыра зерттеліп, ғылыми нәтижелері жарияланып келеді. Түркі тілдерінің қай – қайсысының болса да тарихымен байланыстырып, одан әрі қарай зерттей беру тіл мамандары үшін абыройлы да аса – жауапты міндеттерден саналады.

Бұдан 900 жыл бұрын жасап, артына түркі тілдермен өшпес мұра қалдырып кеткен ұлы ғұлама М.Қашқари «Сөздігі» әрқашан да тюркологтардың тіліне тиек, объект болып келгені мәлім.

Күні бүгінге дейін өз мәнін жоймаған және алдағы уақытта да зерттеушілер қолынан түспейтін мол мұра, тарихи дерек, тілдік фактілер қалдырған М.Қашқари озық ойлы ғұлама болған.

М.Қашқари (толық аты – Махмуд ибн әл Хусейн ибн Мұхамед әл - Қашқари) Қарахан әулетінен шыққан. Орта Азияның Мәуренаһрда – «екі өзен арасын», яғни Сырдария мен Амудариянның екі ортасын жаулап алған Боғрахан шөбересі.

Махмудтың әкесі Ыстық көл бойындағы Барсыхан Баласағұн деп аталатын қаланың әміршісі болған. Махмуд кейінде Қашқар қаласына көшіп барыпты. Махмудтың дәл қай қалада туылғаны мәлім емес, бірақ өскен жері Қашқар аулы ықтимал. М.Қашқари өзінің кітабында: «...нам предок тот самый эмир, который отвоевал земли тюркские у самалидов» дап жазады (1, 136 - 138), (Муталипов, 136 – 138, Кононов, 4 – 5);

Махмудтың XI ғасырда жасаған сөздігі XX ғасырдың басына дейін белгісіз болып келген. Ол қолжазба күйінде Стамбұл кітапханасында сақталып жатқан. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, қолжазба Махмудың өз жазуы емес, Абу Бакир әл – Дамаски дегенннің 1266 –жылы жасаған көшірмесі көрінеді. Қолжазбаны 1915 – 1917 жылдар ішінде ғана үш томдық кітап етіп, Стамбұлда басып шығарған. Осы басылым 1939 – 1943 жылдар ішінде түркі тіліне аударылып Анкарада басылып шығарылған. 1960 – 1963 жылдар ішінде оны өзбек тіліне аударылып, үш том етіп шығарды.

Төрт томдық салыстырма сөздіктің дені етістік деуге болады. Олай дейтін себебіміз, екінші том – түгелімен етістік және осы сөз табына қатысты ерезелер. Үшінші том мен индекстіе де етістіктер басым. Бұл айтылғанның бәрі етістік сөздердің реестр болып берілуіне байланысты.

Автодың реестр сөз етіп берген етістіктері тап, теп, қаш, сын т.б. негізгі түбірлерден басталады. Оларды дауыстылардың ғана санына қарай екі әріптілер деп тоқтайды.

Одан әрі қарай екі буынды етістік түбірлері құрамына қарай біркелкі емес.сонымен бірге, түбір салдары – ік, ік, ұқ, үк болып негіз және жұрнақ деп бөлуге келмейтін туынды түбірлер және етістік тұлғалар берілген.

Томның соңғы жарымы төрт әріптілермен бес әріптілерге арналады. Көлемі жағынан шұбалаңқы, құрамы жағынан күрделі болып келетін бұл етістіктер түгелімен дерлік туынды түбірлер.

М.Қашқаридың етістікке қатысты мұнымен шектелмейді. Онда, әсіресе өткен шақтың жедел түрі – *ди, - ды, - ді* афлексі негізге алынады. Олар жүйе «Сөздіктің» етістікке тиісті өн бойында қатаң сақталады.

Автор өз ережелерінде үнемі өткен шақта беріліп отырған етістіктердің тұйық райы *–мақ, -мек*, келер шағы *–ар, -ер, -ыр, -ір* екініне жан – жақты тоқтайды. Қимыл екендігінің аффиксі негізінен *–мақ* формасы дей тұра, қазіргі қазақ т.б. тілдердегі *–у* тұлғасының архетипті *–г, -ғ, -қ, -к* форматтары екенін де ескереді. *Анық зармак тәрігі көр таз кәлігі барчігә* (II том, 47 - бет) деген сөйлемдерді кикестілерді иелектен қимыл есімдері деп көрсеткенінің ғылыми талдауын береді.

М.Қашқари өз еңбегінің классикалық әдеби араб тілінде жазып, араб лингвистикасына түркі тілдеріне салыстыра зерттеу әдісін енгізді.

Етістік туралы зерттеушілер қыпшақ тіліне тікелей қатысы бар еңбектің бірі - 1343 жылы египетте жазылған «Китаб мажму таржуман турки ва ғажали ва мағули» (түрікше, монғолша, арабша, таржуман) деп аталатын еңбекте кездеседі. Біраз ғалымдар сөздіктің туындыгері белгісіз десе, П.Мелиоранский «Араб – филолог о турецком языке» атты еңбегінде сөздіктің туындыгері Мұхаммед ибн Қайса дегенді айтады. Еңбектің екінші бөлімі етістікке арналған. Етістіктер бұйрық рай формасында берілген. Үшінші бөлім етістіктің жіктелуіне, төртінші бөлім қосымшаларға арналған.

Етістіктің жіктелуін сөз еткенде оны үш жаққа, үш шаққа бөліп, болымды, болымсыз түрлерін сөз етіп, жекеше, көпше айтылатыны сөз болған.

Голландия ғалымы Гилодор Хаутсманның айтуынша сөздікке енген түркі сөздері қыпшақ тіліне жатады. Н.А.Баскаков оларды «Кодекс кумаликусте» кездесетін сөздерге өте жақын дегенді айтады.

Түркі тілі туралы біраз зерттеулер жүргізген араб тілінің шаманы Асыр – ад – Дин Хайнан 1312 жылы Қаирде «Китаб – ал – идрак ли – лисан ал - атрак» (түркі тілдерінің түсіндірме кітабы) атты еңбек жазды. Қолжазба түрінде сақталған бұл еңбектің бір нұсқасын түрік ғалымы Мұстафа Стамбұлда бастырып шығарды. Кейірінек профессор Ахмед Джаферологлы қолжазбаның басқа нұсқасын тауып, оны түркі тіліне аударып, бастырып шығарды. Абу Хайман еңбегіндегі түркі сөздері іріктеліп, 1936 жылы жеке сөздік ретінде Түркияда баспадан шығарылды.

Абу Хайман кітабында берілген граматикалық материалдарды қыпшақ тілінің тұңғыш граматикасы деуге болады деушілер де бар.

XIV ғасырда сақталған тағы бір еңбек ғалымы Жамал – Аддин Мухаммед ат Турки жазған «Түрік, қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренуге жазылған кітап» деп аталатын сөздік. Қолжазба Париж кітапханасында сақтаулы көрінеді. Қолжазбаны зерттеген, оның екі бөлімін екі мерзімде 1938 – 1954 бастырып шығартқан поляк түрколоғы – Ананиаш Зайончковский.

Сөздік екі бөлімге бөлінген: бірінші бөлім – есім; екінші бөлімінде – етістік сөздер.

Жалпы түркі тілдерінің граматикалық жүйесін зерттеу XVIII ғасырдың екінші жартысында басталған.

Түркі тілдері ішінде граматикалық жүйесі бірінші болып баспа бетін көрген тіл – мували тілі. Бұл еңбек 1769 жылы Қазақ духовной семинариясында жазылып, Петербургта «Сояинения, принедлежающие к граматике чуволинского языка» деген атпен жарияланды. 1778 жылы Москва университетінің баспасынан Хольфиннің орын оқушыларына арналған «Азбука татарского языка» дейтін оқу құралы, 1776 жылы Петербургта «Турецкая граматика» атты еңбек шығарылды. 1701 жылы жазылған Гигоновтың «Граматика татарского языка», 1839 жылы жарияланған Қазамбектің «Общая граматика турецкого – татарского языка», 1894 жіне 1897 жылы екі кітап болып басылған П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак – киргизского языка» деп аталатын еңбектер т.б. жарық көрді [2].

Әдебиеттер:
1. Қазақ тілі грамматикасы., А., 1967 ж.
2. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер., А., 1975 ж.

ӘОЖ 372.8:811,512.122

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ МЕЗГІЛДЕС САЛАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бектан Нұржамал. – 205 - 18 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Құрбанов А.Г. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается структура составных предложений в казахских сказках.

Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлемді таптастыру А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ол “Сөйлем жүйесі мен түрлері” атты еңбегінде құрмаластарды алдымен сыйыса құрмаласу (қазіргі бірыңғай мүшелі сөйлемдер) және қиыса құрмаласу (қазіргі салаластар мен сабақтастар) деп жіктесе, Қ. Жұбанов салалас және сабақтас деп, С. Аманжолов төртке бөледі: салалас, сабақтас, аралас және тиянақты басыңқысыз құрмаластар.

Құрмалас сөйлем синтаксисін арнайы зерттеген Н. Сауранбаев соңғы топтастыруында құрмаластарды төртке бөледі: салалас, сабақтас, аралас, және үйірлі мүшелі сабақтастар [1]. С. Жиенбаев құрмаластың тек салалас, сабақтас деген екі түрінің бар екенін, ал аралас құрмаластың өз алдына бір бөлек заңдары жоқ екенін көрсетеді.

Лингвистикалық ғылымда құрмалас сөйлемдерді топтастыру принциптерінің бірнеше түрі қолданылып келеді. Олардың негізгілері: дәстүрлі және құрылымдық-семантикалық. Дәстүрлі немесе логика-грамматикалық топтастыру бойынша құрмалас сөйлемдер: салалас, сабақтас, аралас болып үшке бөлінеді. Құрылымдық-семантикалық топтастырудың негізінде құрмалас сөйлемдер жалғаулықты және жалғаулықсыз болып жіктеледі.

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасы әр түрлі болады.

Алғашқы салаластағы жай сөйлемдер оқиғанын, істің бір бағытта, бір ыңғайда болғандырын білдіреді: бірінші жай сөйлемдегі ойдың жүзеге асуға сәйкес екінші жай сөйлемдегі ой да жүзеге аскан. Екінші салалас құрмаластағы жай сөйлемдер бір-біріне карама-қарсы мәнде айтылған: өзі көп білетін болса да, баланың жауабынан қысылады.

Құрамындағы жай сөйлемдерін бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасына карай, салалас құрмалас сөйлем алты түрге бөлінеді: ыңғайлас салалас, себеп-салдар салалас, қарсылықты салалас, түсіндірмелі салалас, талғаулы салалас және кезектес салалас.

Қазақ ертегілерінде мезгілдес салалас сөйлемдер молынан кездеседі.

Салалас сөйлемнің бұл түрі қазақ тілінде жазылған тұңғыш оқу құралынан бастап сөз болып келеді. Терминдік жағынан болсын, жасалу тәсілі жағынан болсын ол әр кезеңде әр түрлі баяндалып отырған. Жиырмасыншы жылдар ішінде жарық көрген еңбектерде "Тіл құралында" салаластың осы түріне жататын сөйлемдер " қиысуы біріңғай, біртектес" "жайылыңқы салалас" деп аталған. Бірақ бұл сөйлемді жасауға жалғаулықтардың қатынасатыны немесе қатынаспайтыны туралы ештеме айтылмаған.

1936 жылы жасалған оқу бағдарламасында салаластың бұл түрі "ыңғайлас салалас" деп аталған да, оған: "ыңғайлас сөйлемдердің біреуінің хабары басқаларының бәрін де өз ішіне алатын жалпы хабар болады, бір сөйлемі жалпы сөйлем болады", [2, 359] деген анықтама береді. Бұл анықтаға қарағанда, бағдарлама авторларының "ыңғайлас салалас" деп отырғандары қазіргі оқулықта "түсіндірмелі салалас" деп аталып жүрген сөйлемге келеді. Бағдарламада салалас сөйлем компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдері жалпы түрде берілген де, салаластың әр түрінің қалай жасалатындығы айтылмаған.

С.Аманжолов, Н.Сауранбаевтар авторлығымен 1939 жылы шығарылған "Қазақ тілінің грамматикасы" атты оқулықта "Тіркес салалас" деп аталып, "Мұндағы ой бір-біріне тіркес айтылады" делінген және салаластың бұл түрінің -да, -де, -та, -те, және жалғаулықтары арқылы жалғасатындығы айтылған. Мағыналық жағынан осы топтағы жалғаулықтар қатарына жататын әрі шылауы арқылы жасалатын салалас сөйлем бұл оқулықта "Үлеспелі салалас" деген атпен жеке берілген.

1961 жылдан бастап "Мезгілдес салалас" деген атау тұрақталды.

Қазақ ертегілерінде мезгілдес салалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулықсыз, іргелесе құрмаласады.

1. Аспаннан күмісті табақ балмен түсті, ішінде күміс қасық бар екен (Р, ІІІ, Желк., 102). Бағанағы Айнаханның қызы отыр екен, оның қасында бір қыз отыр екен (Р., ІІІ, ХШ., 121). Сыншының Сары қызының көңілі балада екен, баланың көңілі қызда екен (Р., ІІІ, ХШ., 124). Жанында бір тал бар екен, түбінде жарбиған бір жаман кемпір отыр (ЕТ., 37). Бір күндөрдө онұң бақытсыз өмүрүн әңгіме етіп тұрұпты (В.Түлкө, 73). Бұл кемпірдің перзент дегенде жалғыз баласы болыпты, мал дегенде он шақты ешкісі болыпты (Күн астындағы Күнікей қыз, 5). Хан сейілге шығыпты, қасында бір уәзірі болыпты (Р., ІІІ, Ханның қызы).
2. Бір уақытта борандатып, дауылдатып келе жатқан айдаһардың даусы естілді, артынша айдаһар да келіп қалды (Ұшар ханның баласы, 64). Семсер айдаһарды екі айырып тастайды. Жігіт айдаһардың құйрығынан сыпырылып қалады (Кедейдің үш баласы, 46). Қыз үйінен шықты, екеуі екі арғымаққа мінді, кетті (Р., ІІІ, Тст.).
3. Қолын тығып еді, қолы шолақ болып қалды (Р., ІІІ, ХШ.). Қырағы көз жіберіп еді, алты таудың ар жағында, жеті көлдің желкесіндегі жалпақ жартастың астына барып тығылған екен (ЕТ., 44). Жағалап қыдырып жүр еді, күннің астында көз көрім жерде жалтыраған бір нәрсе көрінеді

(Кедейдің үш баласы, 50). Бала қырық құлаш семсерін көлденең ұстап тұрып қалып еді, семсер айдаһарды екі бөліп түсті (Ұхб., 64). Соның бір үш қарындасы бар еді, соны үш ұлға алып бермек болды (Р., ІІІ, ХШ., 116). Кешке таман жолда бір керуен қонып жатыр екен, мерген сол керуенмен бірге далаға қонады (Сұр мергеннің ажалы, 303). Сарыбай деген бай екен, бала жоқ екен бір күнде (Р., ІІІ, Желк.). Боран батыр қарсы ұмтылған екен, аю тағы ақырып келіп қалды (Боран батыр, 140).

Қазақ ертегілеріндегі салалас құрмалас сөйлем құрамына енетін компонеттер **-да, -де, -та, -те** және жалғаулықтары арқылы байланысады.

Дәу басынан кешкен өмірбаянын тегіс айтып шықты және өзінің суға түсіп кеткен нәрсені тауып аларлық өнері бар екенін айтты (Ұшар х.б., 58). Байдың ұрасынан жыл сайын қазынасы ұрланып тұрады екен және бай оны кім ұрлағанын таба алмай жүреді екен (Молда мен сиқыршы әйел, 299). Осы шаштың иесін кім біледі және кім маған соны әкеліп береді (Ұшар ханның баласы, 62). Асан қызды ауылына апарып тастайды да, өзі үйін іздеуге шығады (Асан батыр, 80).

Бір мезгілде төсектегі екі сары жыланның бірі үлкен кісі болады да, бірі соның бәйбішесі болады (ЕТ., 41). Бұлтпен араласқан үлкен құс құлынды алып кетті де, құйрық менің қолымда қалды (Керқұла атты Кендебай, 58).

- Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады. (ЕТ, 41).
- Мен аяғыма шаң жұқпас жүйрікпін, ұшқан құс, жүгірген аңның менен құтылатыны жоқ (ЕТ., 42).

Кендебай шап беріп құйрықтан ала түседі, Кендебайдың қолында алтын құйрық жұлынып қала береді (Кер. атты Кендебай, 58). Күндерде бір күн алған әйелінен бір ұл туады, ұлдың атын Жанды батыр деп қояды (Ұшар ханның баласы, 61).

Әдебиеттер:

1. Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі А., «Ғылым», 1948 ж.
2. Жұбанов Қ. Қазақтілі жөніндегі зерттеулер – Алматы: Ғылым, 1966 ж.

ӘОЖ 372.8:811,512.122

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тәңіркұл Жадыра. – 117-28 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Құрбанов А.Г. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности пословиц тюркских народов

Халық өмірімен біте қайнасып, бірге дамуына байланысты мақал-мәтелдер де қоғамдық формацияның, әлеуметтік тұрмыстың, материалды және рухани мәдениетіміздің барлық өзгерістерін өз бойына сіңіріп, неше алуан көркем сөз

тәсілі, образдар арқылы бейнелеп отырады. Сондықтан да мақал-мәтелдерді «халық өмірінің айнасы», «энциклопедиясы» деп бағалау әбден орынды сияқты.

Түркі тілдеріне ортақ мақал-мәтелдерді бөліп алып, мәселенің мән-жайын дәл осылай этнолингвистикалық тұрғыдан, яғни тіл фактілерін халықтың тарихымен, дүниетаным, логикалық ой жүйесімен бірлікте қарастыру, біздің пікірімізше, көп жағдайдың бетін ашатын сияқты. Мәселен, бір ұғым, бір түсініктің туыстас тілдерде бір образ, біріңғай тілдік тәсілдер (сөз, сөйлем, құрылым т.б.) арқылы да, әр түрлі образ және әр алуан тілдік тәсілдер арқылы да бейнелене беретіндігін көреміз. Бұл жоғарыда айтылғандай, түркі халықтарының тарихи даму жолындағы этностық және тілдік жақындығы мен дербестігіне байланысты, оның қат-қабат сыры бар күрделі құбылыс екендігін көрсететін сияқты.

Бір мақалдың өзінен, міне, осыншама тіларалық өзгерістер байқалып отыр. Бірақ соның өзінде де, оның жалпы мағынасына ешбір нұсқан келіп тұрған жоқ, олар вариантты лығына қарамай бір нысанаға бағытталған [1].

Осындай ерекшеліктерін ескере отырып, бүгінгі түркі (соның ішінде қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр, өзбек, түркмен) тілдеріне ортақ және ұқсас мақал-мәтелдерді (әрі қарай ММ) бірнеше топқа бөліп талдап көрейік.

1. Әрбір тілдің өзіне тән фоно-, морфо-, синтаксистік ерекшеліктерін ескергенде гомогендік тегі айқын көркем образ бен мағынасы, синтаксистік құрылымы бірдей абсолют вариантты мақал-мәтелдер:

қазақша: *Бас екеу болмай, мал екеу болмайды*;
түркменше: *Баш ики болман, мал ики болмас*
қазақша: *Көсеу ұзын болса, қол күймес*;
татарша: *Кисәу озын болса, қол көймәс*
ұйғырша: *Көсей узун болса, қол көймәс*
түркменше: *Аглашмага өз ягшы,*
Сылашмага ят ягшы
қазақша: *Базар көркі-бақал.*
Жігіт көркі- сақал;
түркменше: *Базар гөрки-бакгал,*
Йигит гөрки-сакгал
қырғызша: *Базар гөрки- бакал,*
Жигит гөрки- сакал.

2. Мақал-мәтелдердің бұл тәрізді екі-үш тіл арасында абсолютті вариант болып тұрғандарын бірнеше тіл материалы негізінде қарастыратын болсақ, төмендегідей синонимдік немесе мағыналас варианттардың пайда болатынын көреміз. ММ-дің бұл түрі түркі тілдері бойынша өте көп кездеседі екен. Олардың бәрін қамтып, салыстыруға біздің мүмкіншілігіміз болмады. Бұл топқа енетін ММ-дің ерекшелігі бірін-бірі мүмкін:

қазақша: *Өтірікшінің құйрығы бір-ақ тұтам*;
татарша: *Ялганчының койрыгы бер тотам* ;
қазақша: *Балық басынан шіриді*;

Алмастыратын сөздер өзара синоним немесе контекстік мағынасы жағынан сөздер болып келеді де, олардың саны ММ құрамында бірден үшке дейін жетуі

түркіменше: *Балық башындан порсар* ;

Көріп отырмыз, мұнда да тіл аралық варианттар ауыстырылған әртүрлі сөздердің контекстік жақын мағыналары арқылы жасалып отыр: қазақшасында *«күлме досқа»* десе, түркменшесінде *«гүлме гоншыңа» («көршіңе»)* деп өз вариантында қолданып отыр.

3. Түркі тілдердің бірінде толық, екіншісінде қысқарған, ықшамдалған эллипсис вариантты- ММ-дер. Мәселен, бір тілде екі жолдан тұратын мақал екінші бір тілде бір-ақ жол болуы, сондай-ақ бір тілде екі-ақ жолдан құрылуы мүмкін. Мысалы:

қазақша: *Ақыл бастан-асыл тастан,*

түркменше: *Ақыл башдан чыкар,*
Алтын даштан чыгар

қазақша: *Білекті- бірді,*
Білікті- мыңды,

ұйғырша: *Билиги чоң бирни йеңәр,*
Билими чоң миңни йеңәр

қазақша: *Жаман атқа жал бітсе,*
Жанына торсық байлатпас;
Жаман байға мал бітсе,
Жанына қоныс қондырмас

татарша: *Яман атка ял бетсә,*
Янына турсык бәйләтмәс.

Бұл мысалдардан байқап отырғанымыз: алдыңғысының қазақшасында етістік баяндауыш түсіріліп айтылса, түркменшесінде ол *«башдан чыкар, «даштан чыкар»* түрінде сақталыр тұр; екінші мысалдың қазақшасында етістік баяндауыш түсіріліп айтылса, ұйғыршасында *«бирни йеңәр», «миңни йенәр»* түрінде толық айтылып, оның үстіне *«чоң» («үлкен»)* деген анықтауыш қайталанып, мақалдың толық варианты жасалып тұр; ал үшінші мысалды бір мақалдың қазақ тілінде (төрт жолдан тұратын) толық варианты айтылса, татар тілі ММ-нің үлкен жинағында тек оның бір жолдан тұратын қысқа варианты ғана келтірілген [2].

4. Жартылай өзгеріске түскен (бірінші, не екінші компонентті өзгерген, кеңейтілген, жинақталған т.б.) түркі тілдеріне ортақ ММ-дерге мыналарды жатқызуға болады:

қазақша: *Ақылды ойлағанша, ақымақ суға кетер*

татарша: *Уйлы уйлап торганчы, тэвәккәлнең еши беткән*

түрікменше: *Ақыллы ойланянча, тентек ишни битирер* .

5. Түркі тілдерінде ММ-дің бір немес, бірнеше варианттары қатар қолдануы мүмкін. Ал оларды салыстыра қарағанда, екінші бір тілдегі ММ оның біреуімен ғана сәйкес келмеуі мүмкін. Мәселен, татар тілінде бір мақалдың мынандай варианттары бар:

Серен белмәгән атның атрынан үтмә;
Серен белмәгән атның авыздығын салдырма;
Сынамаган атның атынан барма;
Сынамаган атның сыртына менмэ;

Ал қазақ тіліндегі *Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме* деген мақал осы төрт варианттың тек біруімен ғана (біріншісімен) сәйкес.

6. Құрылымы, құрамы және бейнелеу тәсілі жағынан басқа-басқа, бірақ логикалық ой жүйесі, мағына-мазмұны, бағышталған нысанасы ортақ ММ-дер; мәселен, қазақ тіліндегі *Ат баспаймын деген жерін үш басар* деген мақалдың мағынасымен ұйғыр тіліндегі *Бармайән дегән түгмәнгә йәттә қетим берипту* деген мақалдың мағынасы дәлме-дәл келіп тұр [3].

Мұндай мысалдарды әрбір тілден кездестіруге болады екен. Сайып келгенде, бұл да туыстас халықтардың дүниетанымындағы, болмыстағы әр түрлі заттар мен құбылыстарды бағалай білуіндегі, бейнелеу тәсіліндегі сәйкестіктің нәтижесі.

Әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998 ж.
2. Шукуров Ш.Ш. История развития глагольных форм узбекского языка. Ташкент, 1966 г.
3. Махмуд Қошғарий. Девону луғотит турк. Тошкент, 1961. II т. 41-б г.

ӘОЖ 372.8:811,512.122

ҮСТЕМЕ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫЛЫҒЫ

Тұрап Ақниет. – 117-28 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Құрбанов А.Г. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье рассматривается отношение дополнительной структуры к членам предложения.

Қазақ тілі синтаксисінде терең зерттелмей келе жатқан саланың бірі – үстеме құрылым. Үстеме құрылым синтаксистік құрылыстың өзіндік бір ерекшелігі болып есептеледі.

Үстеме құрылым деп негізгі айтылыммен бірігіп синтаксистік тұтастық жасайтын, соңғы бөлік алдыңғы, негізгі бөлікке грамматикалық жағынан да, лексикалық жағынан да байланысты, тәуелді боп тұратын және үстеме бөлік негізгі сөйлемнің мазмұнын кеңейтіп, мағыналық жағынан толықтырып тұратын бірлікті айтамыз.

Сөйлем мүшесі дегенімізде, ең алдымен, ол қандай мәселелерді қамтиды, оның нысанына нелер қатысты деген мәселені де негізге алу керек. Сөйлем мүшесі болу үшін осы негізгі шарттар негізінде мынадай анықтама беруге болады: сөйлем мүшесі деп сөйлемде бір немесе бірнеше сөздер тобының басқа

сөздермен синтаксистік қатынастары арқылы арнайы бір сұраққа жауап беріп, грамматикалық мағынаға ие болатын сөздерді айтамыз.

Негізінен сөйлем мүшелері туралы 1922-1940 жылдар шамасында жазылған еңбектер ерекше назар аударарлық. Ол кезде сөйлем мүшелері туралы А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, І.Бәйтенов, Х.Басымов, С.Аманжолов, Ә.Ермеков, М.Балақаев еңбектерін атай аламыз. Бұл еңбектерде сөйлем мүшелерінің тек жасалу жағы ғана сөз болып қойған жоқ, жалпы сөйлем мүшелерінің қалыптасу, тұрақтану мәселесіне көбірек назар аударылды.

Сөйлем мүшелері туралы өзіндік ой айтқан ғалым - Қ.Жұбанов. Ол сөйлем мүшелерін екі жақты қарастырып, сөйлем мүшелерінің жасалуы мен топтастыру мәселесіне ерекше қоңіл бөлген. Оның сөйлем мүшелері туралы ғылыми көзқарасын «Жаңа грамматикалық жаңалықтар жайында» атты көлемді мақаласынан айқын көруге болады. Автор сөйлем мүшелерінің саны, оның атауларына өзгеріс енгізіп тұрлаулы және айқындауыш деп бөле келіп, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері туралы өзіндік жаңа ұсыныстар жасауды мақсат еткен [1].

Қазақ тілінің сөйлем мүшелерін топтастыру туралы С.Аманжолов та арнайы тоқталғандығы белгілі. Ғалым сөйлем мүшелерін бастауыш, баяндауыш және анықтауыш деп үшке бөліп берумен ғана шектеледі.

Сөйлем мүшелері туралы көптеген мағлұматты М.Балақаев еңбектерінен аламыз. Ғалым сөйлем мүшелерін А.Байтұрсынов ізімен тұрлаулы, тұрлаусыз деп топ-топқа бөле келе, олардың жасалу жолдарына кеңірек тоқталады. Автордың сөйлем мүшелері туралы ойлары - қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар ғылыми тұжырымдар [2].

Жалпы қазақ тіл білімінде сөйлем мүшелерін айқындауда мына принциптер басшылыққа алынады: біріншіден, сөйлем мүшесін жалпы мағыналық жағынан қарастырады. Екіншіден, сөйлем мүшелерін грамматикалық жағынан, яғни, әрбір сөйлем мүшесі белгілі бір сөз таптарынан жасалуын негізге алады. Үшіншіден, синтаксистік жағынан, яғни, қай сөйлем мүшесі қай сөйлем мүшесімен анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста екендігі негізге алынады.

Орыс тіл білімінде сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері үстеме құрылымда қолданылуы толық жеткілікті қаралған. Біздің қарауымызша, мұндай құбылыс қазақ тіл білімінде де жеткілікті кездеседі. Олар сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері негізгі сөйлемде болмай, үстеме сөйлемде болуы; бастауыш не баяндауыштың үстеме мағынамен қайталануы; негізгі сөйлемдегі белгілі бір мүшенің /тұрлаулы, тұрлаусыз/ мағынасын кеңейту, нақтылау [3].

Бұл мәселе жөнінде орыс тіл білімінде былай дейді: «Основным средством связи при бессоюзном присоединении является присоединительная пауза. Структурна бессоюзная присоединительная конструкция представляет собой вынесенный за пределы основного предложения какой-либо член, главный или второстепенный. Это может быть подлежащее, сказуемое, определение, дополнение, обстоятельство» [4, 120].

Б.Маскапов аталмыш мәселе туралы былай дейді: «В данном работе мы утверждаем, что присоединительные конструкции могут выполнять функции как главных, так и второстепенных членов предложения.
Из главных членов предложения в роли присоединительных конструкций чаще выступает сказуемое, а присоединительные подлежащие встречаются значительно реже. Обьяснение, очевидно, следует искать в актуальном членении предложения. Актуальное членение предложения при отсутствии эфматического ударения обычно составляют тему или входят в состав темы. Присоединительные конструкции же всегда являются ремой или входят в состав ремы. Они всегда содержат актуальное более значимую информацию, чем тема. Эти особенности сказуемого чаще выступать в роли коммуникативного центра высказывания /ремы/ - ставят его ближе к присоединительным конструкцим, чем подлежащее» [5, 12].

Бұл жерде бастауыштың үстеме құрылымда көп кездеспеуін автор тема-рема мәселесімен байланыстырып отыр. Біз де бұған қосыламыз. Себебі, тема бұрыннан белгілі хабар, ал рема темаға байланысты пайда болған жаңа хабар. Сөйтіп алдында рема болған мәселе келесі кезекте ол темаға айналды. Мысалы: Аспан мырс етіп күлді. Күлді де терезеден ақшағырмақ далаға қарап, үнсіз жатты /О.Бөкеев Таңдамалы, І-том, 241-бет/.
1-сөйлемдегі тема – «Аспан», рема – «мырс етіп күлді».
2-сөйлемдегі тема – «күлді», басқасының бәрі /қос сызықпен сызылғандар/ ремаға жатады.

Бастауыш-баяндауышпен синтаксистік байланысқа түсіп, предикативтік қатынасқа негіз болатын мүшенің бірі. Сондықтан ол негізінен тема болады да, сол сөйлемде хабарланатын ой рема болып табылады. Ал үстеме құрылымдағы үстеме бөлік әр уақытта рема боп табылады. Яғни, ол – негізгі сөйлемге қосылып отырған тың, жаңа хабар. Сондықтан бастауыш өте сирек үстемеленеді. Ал басқа сөйлем мүшелері бастауышқа қарағанда көбірек үстемеленеді [6].

Әдебиеттер:

1. Жұбанов. Қ «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. «Ғылым» баспасы». А., 1966 ж.
2. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –Алматы: Мектеп, 1971 ж.
3. Марич С.Н. Парцелированные консжтрукции в современном украинском литературном языке. Автореф. канд. дисс... филолог. наук. –Киев, 1988 г.
4. Хатиашвили Л.Г. Присоединительные конструкции в узбекском языке. Автореф. канд. дисс... филолог. наук. –Тбилиси, 1963 г.
5. Маскапов Б. Присоединителные конструкции в узбекском языке. Авт. канд. дисс. Ташкент. 1985 г.
6. Сковородников А.П. О отношении понятия парцелляции и «присоединение» // Вопросы языкознания. М.: 1978 г.

ӘОЖ 811.512. 122

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Құттыбекова А. – 2302-10 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Кажиакбарова Р.Б. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

РЕЗЮМЕ

В статье расскрываются особенности, а также воспитательный, познавательный характер народной идеи творчества видного представителя казахской литературы А.Байтурсынова.

Ұлт тарихындағы биік парасаттың белгісіндей болған Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы сан қырлы сипатымен ерекшеленеді. Ахмет Байтұрсынов шығармашылығындағы халықтық идеяның тағылымдық сипаты терең екендігі белгілі. Кемеңгерді өз дәуірінде терең таныған М.Әуезов 1923 жылы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойына арнап жазған мақаласында жоғары бағалаған болатын: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түлеткен ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдары қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты, біз үмытсақ та тарих үмытпайтын істер болмақ». Тарихшы ғалым Манаш Қозыбаев: «Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы» атты мақаласында «...Ахмет болса, ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді. Еуропалық күрес рухын ұлттық сарын, әуенмен қабыстырды» деп ағартушы тұлғаның ұлттық мүддені көздеген қазақ тарихындағы елеулі құбылыс боолғандығы жөнінде атап көрсетеді.

Саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, мектеп, ағартушылықтың кемелденуіне бағыштаған педагог-ғалым Ахмет Байтұрсынов халықтық идеяны насихаттады.

XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынов қазақ баспасөзінің шамшырағы болған – «Қазақ» газетінде оқу-ағарту мәселелеріне арналған «Оқу жайы», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек?», «Орысша оқушылар», «Қазақша оқу жайында», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», т.б. мақалаларында өзінің ұлттық ұстанымы, халықтық идеясы туралы көзқарастарын кеңінен насихаттады. «Оқу жайы» атты мақаласында білім берудегі көтерген мәселелері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. «Оқусыз халық қанша бай болса да, бірер жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолында кетпекші... Әуелі елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек, екінші білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек». А.Байтұрсынов туған халқының жүрек көзін ашып, ғылым-білімге ұмтылдыру арқылы іргелі ұлт болуын көкседі, өзі редакторы болған газет арқылы әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуының қажеттілігін көрсетіп: «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйретететін білім де сондай керек», - деп жазды [1,35].

А.Байтұрсыновтың халықтық идеясы өзі редакторы болған «Қазақ» газеті

беттерінде жариялаған мақалаларында айқын көрініс берді. Ағартушы ғалым 1913 жылы «Қазақ» газетінің тұңғыш саны шыққанда тілге мен әдебиетке, ұлттық мәдениетке байланысты былай деп жазған еді: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халіміз онды емес».

Қазақтың ресми түрде қабылданған жазу графикасы болмағандықтан 1902 жылдан бастап «Ауыл мектебі» деп аталатын үш жылдық бастауыш мектептерде мұғалімдер өз ыңғайына қарай орыс жазуларын қолданып, қазақ балалары сауатын орыс тілінде ашқан болатын. Сондықтан да А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары 1905 жылы патша үкіметіне петиция жолдап, онда «қазақ даласында оқу-ағарту дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінің балалары қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін» деген ұлттық мүддеден туған талап қойған болатын. Осы талапты жүзеге асыру үшін педагог ғалым 1912 жылы қазақтың тұңғыш оқу құралы – «Әліпбиді» жазды. А.Байтұрсынов 1892 жылы жазылған «Букварь для киргизов» деген оқу құралы кітап жеті рет қайта басылып, 1925 жылға дейін қазақ мектептерінде оқу құралы ретінде қолданылған. Ағартушы ұлт ұстазы 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа нұсқасын жазып шығарды. «Қазақ тілі» пәнінің негізін теориялық тұрғыдан қалаған А.Байтұрсыновтың 1915 жылы жарық көрген «Тіл құрал» атты оқулығы маңыздылығымен құнды. Кітапта берілген сөз басында тілдің ұлт болып қалыптасудағы, қоғам өміріндегі маңызына, графикаға ерекше тоқталады: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі... Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...». Қазақ тіл білімі саласында өнімді еңбек еткен Ахмет Байтұрсыновтың 1920 жылы «Баяншы» деген атпен әдістемелік құралы, 1928 жылы «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді қолданбалы грамматикасы да жарық көрді. Белгілі ғалым Рабиға Сыздықова А.Байтұрсыновтың қазақ мектептері үшін жазған еңбектерінде халықтық идеяны жүзеге асыруын жүйелеп көрсетеді: «А.Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін әліппе – «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл жұмсарды» жазған; төртінші – сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған; бесіншіден — балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген, үлкен хрестоматия (ол да «Оқу құралы» деп аталған) құрастырған. Ахмет Байтұрсынов осы еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады» [2,24]. Шын мәнісінде Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық жазу жүйесін қалыптастырған, ұлттық негіздегі бағдарламаға негізделген оқулық, оқу-әдістемелік құралдарын дайындаған тарихи еңбегі – ұлттық мәдениет тарихындағы өлшеусіз дүние. «Ел ертеңі үшін» рухани күшін арнаған ағартушының мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беру негізіндегі қазақтың

тілі мен әдебиетін, мәдениеті мен тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін қолдану туралы халықтық идеяларының өзі арнайы ұлттық бағдарлама болғаны байқалады. Ағартушының сегіз қырының бір сипаты – халық әдебиеті мен фольклорлық мұраны жинап, зерттеуі. Ағартушы ғалымның 400 жылдық қазақ тарихын қамтитын трагедиялық жырлар – 23 жоқтау берілген жинақталған фольклорлық мұрасында Қаз дауысты Қазыбек би (қызы Мөңкенің жоқтауы), Кенесары, Наурызбай би («Кенесары-Наурызбай» жоқтауы: «Наурызбай төре кеткен соң, бастан тайды бағымыз») туралы нақтылы деректер келтірілген. Ағартушы ғалымның жоқтауға ерекше мән бергені аңғарылады. Ғалымның пайымдауынша, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз қазақта текке айтылмаған. Бұл рухани дүниенің тәлімдік те, білімдік те мәні зор. Ахмет Байтұрсынов қазақтың сөз өнерінің тәрбиелік, ұлттық сипатына ерекше назар аударды. Ағартушы ғалым сөз өнерінің ұлттық тіл мәдениетін қалыптастырудағы ықпалына тоқталады: «Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады, сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да тіл деп аталады... Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөзі». Педагог ғалым А.Байтұрсынов қазақтың тұрмыс-салт жырларына да ерекше тоқталып, толымды талдау жасады. Олардың ішінде «Бесік жыры», «Беташар», «Неке қияр», «Жарапазан», т.б. салт-дәстүрлер мен жырларға ерекше мән беріп, мазмұнын сипаттайды: «Бесік жыры, яғни бала тербету – баланы ұйықтату үшін айтылатын өлең; бала тербету түрліше айтылады. Бірақ бүгінге бірдей жалпы келетін жерлері бар...».

А.Байтұрсынов «Асыл сөз» атты еңбегінде қазақ халқының сөз өнеріне қатысты дәстүр, әдет-ғұрыптарына жан-жақты тоқтала отырып, оның тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді. Ағартушы «Өнер алды – қызыл тіл», - дей отырып, сөз өнерінің адам санасында үш түрде негізделетініне, яғни 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге байланысты болатынына тоқталады. Ақыл мен тілдің мән-маңызы және міндеті туралы былайша пайымдайды: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жәйін ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі - меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұр-патына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау»; «Тілдің міндеті – ақыддың андауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау».

Қорыта келе айтарымыз, А.Байтұрсынов – өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арналған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға».

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: –384 б.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Қазақ ССР «Білім қоғамы», 1990. – Б. 52.

ӘОЖ

ОРЫС ТОПТАРЫНДА «АБАЙ МҰРАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТІЛ ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә. – ф.ғ.к., доцент
Молданова Ж.І. – аға оқытушы
Сейіткұлова Н.А. – 121-18 оқу тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме

В данной статье рассматриваются виды работ по развитию речи студентов русскоязычных групп по теме «Наследия Абая».

Қазақ тілі – Қазақстан халықтарын топтастырып, біріктіріп отырған мемлекеттік тіл. Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлт өкілі тұрады. Бұл ұлт өкілдерінің балалары қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде, яғни орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік т.б. мектептерде оқиды. Бұл мектептерде сабақ оқушылардың ана тілінде жүргізіледі және орыс тілі ұлтаралық тіл болып саналады.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің әр сыныптарында Абайдың һлеңдері, нақыл сөздері, өмірінен деректер берілген. Ал оқу қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде Абайдың өлеңдері, не оның аудармалары кездеспейді. Мұның себебі Абай шығармалары қазақ халқының тұнып тұрған, бүгінгі күні өшіп бара жатқан тіл байлығынан тұрады. Олардың барлығы да орыс тіліне аударылған деп айту қиын. Дегенмен біздің қолымызға түскен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің бағдарламасы бойынша 2006 жылы жарық көрген «Абай Құнанбаев. Қалың елім қазағым» [1] деген еңбегінде Абайдың 1887-1888 жылдары жазылған 22 өлеңі орыс тіліне аудармасымен берілгені қуантады. Бұл жинақ Абайдың туғанына 160 жыл және Абайдың мемлекеттік қорық мұражайына 65 жыл толуына орай арнайы әзірленген.

Абайды білмей, қазақ тілін толық игердім, не өзге ұлт өкілдеріне Абайды түсіндірмей, қазақ тілін толық игерттім, оның байлығын жастардың бойына сіңірдім деп айту қиын.

Бұл жұмыстың мақсаты Абайдың көпке танымал өлеңдерін орыс топтарында орыс тіліндегі аудармасымен оқыту, түрлі ауызша, жазбаша жұмыстар жүргізу арқылы мән-мағынасын, тәрбиелік маңызын меңгертетін жұмыс түрлерін көрсету, сол арқылы өзге ұлт өкілдеріне Абайды кеңінен таныту, насихаттау.

Орыс топтарында сабақ мәтінсіз жүргізілмейді. Мәтін негізінде тіл дамыту жұмыстарының барлық түрлері (айтылым, оқылым, жазылым, сөйлесім, тілдесім) жүргізіледі.

«Абай мұрасы» деген тақырып бойынша келесі жұмыс түрлері ұсынылады.

І. Мәтінді оқып, мазмұнын түсіну.

Ақын Абай

Абай біздің дәуірімізге әрі бұрынғы, әрі бүгінгі Абай болып, келешек шексіз заман үшін де тарих аспанындағы бір тұрақты нұры болып шырқай бермек.

Абай сол замандағы қоғамдық тіршілігіндегі сорақылық мінездерді, надандық, қанаушылықты сынайтын өлеңдер жазды.

Абай адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы ғылым дейді. Абай жастарды адал, шыншыл, адамгершілікке сүйенген достыққа шақырады.

М.Әуезов [2]

*1-тапсырма. С*өздіктерді пайдаланып, мәтінді орыс тіліне өз бетінше аудару.

2-тапсырма. Келесі сұрақтарға жауап беру.

1. Келесі заман үшін Абай кім?
2. Абай не туралы өлең жазды?
3. Абай қазынаның үлкені деп нені айтады?
4. Абай жастарды неге шақырады?

3-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын әңгімелеу.

II. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін аудармасымен жаттау және мәнерлеп айтып беру.

Бес нәрседен қашық бол,	Чтоб человеком ты был,
Бес нәрсеге асық бол,	Ты пятерых побори
Адам болам десеңіз.	И пятерых избери
Өсек, өтірік, мақтаншақ,	Злословье, ложь, хвастовство,
Еріншек, бекер мал шашпақ –	Бездумье и мотовство –
Бес дұшпаның, білсеңіз.	Вот пять врагов твоих, знай,
Талап, еңбек, терең ой,	А разум и доброта,
Қанағат, рақым, ойлап қой –	Упорство, скромность и труд
Бес асыл іс, көнсеңіз	Вот пять друзей, согласись.

Перевод М.Петровых

1-тапсырма: Мәтіннен келесі сөздердің аудармасын сөздіктерден теріп жазу. Мәтін мазмұнын айтып беру.

Сөздік

өсек - злословые
талап - упорство
мақтаншак - хвастовство
еңбек - труд
еріншек - безделье

терең ой - разум
бекер мал шашпақ - мотовство
қанағат - скромность
рахым - добрата
өтірік - ложь

III. Абайдың адамның сорақы мінездерін бейнелейтін жолдарын орыс аудармасынан тауып, сөздік жұмысын жүргізу. Мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беру.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсе қызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан алауыз.

Ленив, несдержан и бесстыж
Прожорлив, всё грабастать рад
Вот казах,что в свой народ
Несет несчастья и разлад.

Перевод В.Антонова

Сөздік

сабырсыз - несдержан
арсыз - бесстыж
еріншек - ленив
көрсе қызар жалмауыз - прожорлив, всё грабастать рад

IV. Абайдың жылқының сұлулығын бейнелеген жолдарын орыс аудармасынан тауып, сөздік жұмысын жүргізу. Мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беру.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

С густой челкой, с ухом как тростник
С высокой шеей, взгляд раскос и дик
С загривком мощным, с гривой, словно шелк
С зашейной ямой, чей размер велик

Сөздік

шоқпардай кекілі - с густой челкой
қамыс құлақ - ухом как простник
қой мойынды - с высокой шеей
бөкен қабақ - взглд раскос и дик
ой желке - с зашейнлй ямой
майда жалды - с гривой, словно шелк

V. Абайдың өлең туралы жолдарын орыс аудармасынан тауып, сөздік жұмысын жүргізу. Мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беру.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қыйыстырған ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Поэзия – властитель языка,
Из камня чудо высекает гений.
Теплеет сердце, если речь легка
И слух ласкает красота сравнений

Сөздік

өлең - поэзия
сөздің патшасы - властитель языка
тілге жеңіл - речь легке
жүрекке жылы - теплеет сердце

Бұл жұмыс түрін ары карай жалғастыра беруге болады. Айталық, Абайдың жылдың төрт мезгілі жайындағы өлеңдеріне тоқталып, ақынның табиғатты суреттеудегі шеберлігін көрсетуге болады.

*VI. «*Абай мұрасы» тақырыбын қорытындылауда нәтиже сабақ өткізуге болады.

Нәтиже сабақтың жоспары

1. Абайдың өмірі, еңбектері туралы мәліметтер беру.
2. Абай өлеңдерін екі тілде мәнерлеп оқу конкурсын ұйымдастыру.
3. Данышан ақын туралы ұлағатты адамдардың даналық сөздерін еске түсіру.

Ахмет Байтұрсынов: «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ».

Міржакып Дулатов: «Әдебиетіміздің негізін қалаған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты балаларға керек …Ең жоғары, ардақты орын – Абайдікі».

Шынғыс Айтматов: «Абай әлемге ашылған терезе еді, оның жаны жаңарып жатқан дүниенің алыстағы сарынын сезе біледі… Гете мен Толстой сынды көптеген занғар гуманист тұлғалардың даналық бауырласа екенін танытты».

Мұхтар Әуезов: «Ол халық тарихының биік шыңына жалғыз дара шыққан тау ағашы сияқты».

Өзге ұлт өкілдері студенттері сабақтан тыс уақытта түрлі радио-теле бағдарламаларды көру арқылы біліміне білім қосады. Мамандар бұл ретте оларға «Абай», «Құнанбай» жаңа фильмдері «Абай ТВ» арнасын үзбей көріп,

білімін шыңдауға кеңес береді. Сонымен бірге қазақ тілін білеміз десек, Абайдың, Шәмшінің өлеңдерін көпшілікпен бірге айтып үйрену керек дейді.

Қазіргі заманғы мәдениетаралық қатынастың, яғни коммуникацияның теориясы бойынша этностың мәдениетін білмей, оның тілін білу мүмкін емес. Өзге ұлт өкілдері екінші тілді меңгеру үшін ең алдымен сол тілді алып барушы этностың мәдениеттін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін, тарихын білуі керек [3].

Қазақ – сөз қадірін өз қадірім деп білген халық. Кеңдігін де, елдігін де, көсемдігін де сөзге сыйғыздырған. Оның тарихы да, тағдыры да, тәрбиесі мен даналығы сол сөзде жатыр. Сондықтан сіздер алдымен қазақша сөйлеуді үйренуіңіз керек. Қазақстанда тұратын көптеген ұлт өкілдері осы тілде сөйлейді, өйткені қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Қазақ тілі бай тіл. Бұл тілде данышпан ақын Абай сөйлеген. Абай мұрасы бізге қасиетті. Абай мұрасын бойымызға сіңіру арқылы тіліміздің байлығын, көркемдігін меңгереміз, – деп сабақты мамандар қорытындылайды.

Әдебиеттер

1. Құнанбаев Абай. Қалың елім қазағым. - Астана, 2006.
2. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-том. –Алматы: «Жазушы». 1983 110-136б.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. –Алматы, 2000

УДК

ВИДЫ И ФОРМЫ ВНЕКЛАССНОЙ РАБОТЫ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Абдураимова Г. – студентка гр. 118-87
Научный руководитель: Молдалиева Д.А. – к.ф.н., доцент ЮКГПУ
Южно-Казахстанский государственный педагогический универстет, г.Шымкент

Түйін

Бұл мақалада сыныптан тыс жұмыстардың түрлері мен формалары сөз болады.

Внеклассная работа по русскому языку является неотъемлемой частью всей учебно-воспитательной работы в школе и подчинена общим целям образования и воспитания учащихся.

В педагогической теории интерес является эффективным средствам активизации познавательной деятельности учащихся. Интерес способствует преодолению формализма в знаниях, успешности применения и на практике.

Учитель при организации внеклассных занятий основывается на общедидактические принципы. Это: принципы научности, сознательности и активности, систематичности и последовательности, наглядности, доступности, прочности, связи теории с практикой, индивидуального подхода к учащимся и т.д. [1].

Чтобы установить основные направления внеклассный работы по русскому языку, следует изучить запросы учащихся. Содержание внеклассной работы должно соответствовать требованиям учебной программы. При выборе темы

нельзя исходить только из лингвистических интересов учащихся. Задачи обучения русскому языку требуют внимание к вопросам правописания, фонетики, грамматики, которыми учащихся меньше всего интересуются. Изучая склонение имен существительных, можно организовать экскурсии в исторические места [2].

Для обработки на навыков культуры речи проводятся работы кружка, выпуска бюллетеней, проведение бесед, организации телепередач, диспутов, конференций.

Формы внеклассной работы по русскому языку:

1) *индивидуальная работа с учащимися;*
2) *групповые занятия;*
3) *массовые мероприятия.*

Виды индивидуальной работы: руководство самостоятельным чтением консультации при выполнении творческих работ: статьив стенгазету; при подготовке к конкурсу чтецов, при изготовлении дидактического материала.

В групповой форме работы участвуют 20-25 человек. Здесь учитываются общие интересы учащихся, их возраст и активность члена. Групповые работы могут быть постоянными или разовыми. Они организуют разовые мероприятия. Например: подготовка утренника к Новому году, к вечеру 8-марта, а также участие в экскурсиях, подходах, читательских конференциях.

Группы учащихся с постоянным составом участвуют в различных кружках, обществах, клубах, которые работают по определенному графику.

В национальной школе самым распространенным является «Кружок русского языка». Этот кружок должен объединять в единую систему все внеклассные мероприятия. Работа кружков должна отражаться выпуском стенгазет, бюллетеней. В национальной школе можно проводить драматический кружок, кружок русской песни, а также «Клуб интернациональной дружбы», «Клуб любителей русского языка» и др. [3].

Массовые форма внеклассных мероприятий организуются членами нескольких кружков с привлечением учащихся, не участвующих в кружках.

Организация различных культпоходов, экскурсий, тематических вечеров создают благоприятные возможности для проведения дискуссий, диспутов, вечеров. В массовых мероприятиях участвует большие количество учащихся. Среди внеклассных мероприятий особо выделяются различные конкурсы, олимпиады, недели русского языка. Проведение этих мероприятий способствуют воспитанию у школьников самостоятельности и инициативности.

Активное добровольные участие школьников во внеклассной работе, создание условий для удовлетворения их интересов являются основным критерием эффективности внеклассных работ по русскому языку в национальной школе.

Актуальность работы состоит в необходимости оказания серьезной методической помощи учителям в более эффективной организации

внеклассной работы учащихся по русскому языку в школах с нерусским языком обучения.

Литература

1. Ушаков Н.Н., Суворова Г.И. Внеурочная работа по русскому языку. – М., 2005
2. Григорян Л.Т. Язык мой – друг мой. – М., 2008
3. Внеклассная и внешкольная работа по русскому языку и литературе в национальной школе/Под ред. Н.В.Мальцевой, М.Н.Борисовой. – Л. 2002.

УДК

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ИМЕН ПРИЛАГАТЕЛЬНЫХ В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

Сабыр Нурбай – студентка 118-87 гр.
Научный руководитель: Молдалиева Д.А. – к.ф.н., доцент ЮКГПУ
Южно-Казахстанский государственный педагогический универстет, г.Шымкент

Түйін

Бұл мақалада орыс тілі мен қазақ тіліндегі сын есімдер салыстырыла қарастырылады.

Как в русском, так и в казахском языках имена прилагательные обозначают признак предметов. В русском языке прилагательные соглашаются с существительными в роде, числе и падеже. А в казахском языке имена прилагательные не имеют родовых окончений, не согласуются с существительными в числе и падеже, а примыкают к ним. В казахском языке прилагательные могут субстантивироваться [1].

В русском языке прилагательные в предложении могут стоять перед существительным и после существительных. А в казахском языке должны стоять только перед определяемыми словами.

В русском и казахском языках имена прилагательные по своим грамматическим особенностям делятся на качественные и относительные прилагательные. В русском языке, в отличие от казахского, в состав относительнных прилагательных входят притяжательные прилагательные.

Как в русском, так и казахском языках имена прилагательные по своему значению указывают на: качество, объём, размер, величину, отношения к месту, отношение ко времени, отношения на внутренние качества человека.

В русском языке от качественных прилагательных образуется сравнительная степень, они имеют краткую и полную форма. Краткие не изменяются по падежам. В обоих языках от качественных прилагательных образуется имена существительные с отвлеченным значением.

В казахском языке деление прилагательных на качественные и относительные носит условный характер. Многие прилагательные без каких-либо либо морфологических показателей выражают качество предмета, что является отличительной особенностью прилагательных казахского языке [2].

Как в русском, так и в казахском языках относительные имена прилагательные обозначают признак предметов взависимости от их отношения к другим предметам.

В русском и казахском языках прилагательные не образуют степеней сравнения. В русском языке состав относительных прилагательных входят притяжательное прилагательные, которые на казахский язык передаются существительным в родительном падеже.

Образование степеней сравнения в двух языках не одинаковы. «Степени сравнения в казахском языке, а также в других тюркских языках, как по семантике, так и по количеству самых степеней не вполне соответствует степеням сравнения в русском языке», - писал тюрколог Н.А.Баскаков [3].

Как в русском, так и в казахском языках сравнительная степень прилагательного обозначают сравнение предмета с другими предметами того же качества.

Три степени сравнения имеют качественные прилагательные:

1) положительная степень – жай шырай;
2) сравнительная степень – салыстырмалы шырай;
3) превосходная степень – күшейтпелі шырай.

Превосходная степень показывает высшую степень качества.

Прилагательные казахского языка в сочетании с существительными не изменяются по числам и по падежам, не согласуются с существительными (кроме субстантивации). Субстантивированные прилагательные в русском языке склоняются как прилагательные. Падежные окончания прилагательных мужского и среднего рода совпадают при склонении (кроме именительного и винительного)

В русском и казахском языках имена прилагательные выступают в роли определения, подлежащего, сказуемого, обстоятельств, дополнения.

Способы образования прилагательных в русском языке – это: суффиксальный способ; префиксальный и префиксально-суффиксальный способы; синтаксический способ.

Способы образования прилагательных в казахском языке – это: аффиксальный способ и синтаксический способ. В казахском языке приставах нет.

Как в русском, так и в казахском языках имена прилагательные в основном образуются от основ существительных и глаголов с помощью аффиксов и приставок

Одним из продуктивных способов образования прилагательных в русском языке является словосложение. В казахском языке сложные прилагательные образуются путем сочетания прилагательных с другими и именами при помощи аффиксов.

Литература

1. Турсунов Д.Т., Хасанов Б. и др. Сопоставительная грамматика русского и казахского языка. - Алматы, 2007
2. Сопоставительная грамматика русского и казахского языка. – Алматы, 2006.
3. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. I-II том. – М., 1952

УДК

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА МЕСТОИМЕНИЙ В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

Эргашбекова Кулхар – студентка 118-87 гр.
Научный руководитель: Молдалиева Д.А. – к.ф.н., доцент ЮКГПУ
Южно-Казахстанский государственный педагогический универстет, г.Шымкент

Түйін

Бұл мақалада орыс және қазақ тіліндегі есімдіктер салыстырыла қарастырылады.

Как в русском, так и в казахском языках местоимения – это слова, которые указывают не предметы и их признаки, но не называют их, не определяют их содержания. Конкретное значение местоимения получают только в условиях связной речи.

Как в русском, так и в казахском языках местоимения – это часть речи, употребляющиеся вместе существительного, прилагательного и числительного [1].

В русском языке множественное число имеют личные, указательные, вопросительные, определительные, притяжательные, неопределённые местоимения. В казахском языке все местоимения, употребляющиеся вместо существительного имеют множественное число.

В русском языке имеют родовые формы притяжательные, определительные, указательные, личные, отрицательные местоимения. В казахском языке местоимения не изменяются по родам [1].

Все местоимения в русском и казахском языках делятся на разряды. В двух языках они в основном совпадают, за исключением притяжательных местоимений, которых нет в казахском языке (мой, твой, наш, ваш, свой), а определительные местоимения выступают в роли обобщающих (жалпылау: әрбір-каждый) местоимений.

Разряды местоимений в двух языках

1. Личные – жіктеу есімдігі
2. Указательные – сілтеу есімдігі
3. Вопросительные – сұрау есімдігі
4. Определительные – жалпылау есімдігі
5. Неопределенные – белгісіздік есімдігі
6. Отрицательные – болымсыздық есімдігі
7. Возвратные – өздік есімдігі
8. Притяжательные – мой, твой, наш, ваш, свой (только в русском языке)

В казахском языке мы находим те же разряды, что и в русском языке, с той лишь разницей, что в казахском грамматике так называемые «притяжательные местоимения не выступают в качестве самостоятельного разряда, а определительные местоимения выступают под названием обобщающие местоимения» [2].

Личные местоимения в обоих языках имеют единственное и множественное число и склоняются. В обоих языках личные местоимения в

предложении главным образом бывают в роли подлежащего или дополнения. Указательные местоимения в обоих языках указывают на предметы и их качества. Русском языке указательные местоимения изменяются по родам, числам и падежам как прилагательные. В казахском языке все указательные местоимения изменяются по падежам, числам, склоняются как существительные.

Возвратным являются местоимение в русском языке – *себя,* в казахском – *өз.* В русском языке *себя* имеют формой лица, числа и падежа. В казахском языке *өз* не соответствует русскому *себя* и изменяются по лицам принадлежности и склоняется только в соединении с притяжательными аффиксами.

Вопросительно-относительные местоимения как в русском так и в казахском языке может быть употреблено со значением вопроса или без вопросительного значение. Если в русском языке *кто* относится к одушевленным предметам, а *что* - к неодушевлённым, то в казахском языке *кто* относится только к человеку, а не ко всем, кроме человека.

В русском языке притяжательные местоимения *мой, твой, наш, ваш, свой* изменяются по родам, числам и падежам и согласуются с существительными.

В казахском языке притяжательные местоимения передаются при помощи родительного падежа личных местоимений. В казахском языке существует еще форма принадлежности *–нікі, -дікі, -тікі.*

Отрицательные местоимения в обоих языках употребляются только в отрицательных предложениях. В таких случаях казахские отрицательные местоимения требуют наличия в предложении отрицательных аффиксов или слов *«жоқ» , «емес»,* частиц *-ма/ме, -ба/бе, -па/пе.*

Неопределённые местоимения в обоих языках образуется от вопросительно-относительных местоимений, русском языке при помощи частиц *-то, -либо, -нибудь,* в казахском языке - при помощи слов *-әлде, бір - деме/деңе и др.*

Учащиеся казахской школы на уроках русского языка с первого класса учатся употреблять в своей речи различные местоимения, но их системные изучение начинается только в VI классе [3].

Изучение местоимения в казахской школе способствует овладению практическими навыками русской речи, что объясняется специфическими особенностями местоимений, выполняющий в речи исключительно важную функцию и по частоте своего употребления занимающей первые место среди других частей реки.

Литература

1. Сопоставительная грамматика русского и казахского языка. – Алматы, 2006.
2. Турсунов Д.Т. , Хасанов Б и др. Сопоставительная грамматика русского и казахского языка. –Алматы, 2007.
3. Бекмухамедова Х.А. , Канцев А.Н. , Мейрамов Г.А. Русский язык для VI класса казахской школы. – Алматы, 1995.

ӘОЖ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ АҒАРТУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛІ

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә. – ф.ғ.к., доцент
Пулатова М.Х. – п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме

В данной статье раскрывается деятельность просветителей Великой степи, которые для своего народа являются первыми носителями и пропагандистами русской культуры и в знании русского языка они видели источник просвещения своего народа.

Бұл мақалада орыс тілін алғаш біліп, оны жоғары дәрежеде игеріп, орыс мәдениетін өз халқына насихаттаған, орыс тілін білу арқылы білім алуға шақырған Ұлы Даланың ұлы ағартушыларының еңбегі жайында сөз болмақ.

Шоқан Уәлиханов – бүкіл ресей демократиялық қозғалысына ат салысып, орыс халқы мен қазақ халқының достығын алғаш жариялаған қазақ ғалымы. Ол өз халқының орыс тілі мен мәдениетін білу арқылы көп жетістіктерге жету мүмкіндіктерін айта келіп, бүкіл Шығыс халқын орыс мәдениетін үйренуге шақырған.

Шоқан Уәлиханов өзінің «Дала мұсылмандығы» деген еңбегінде: «…татар мектебінің орнына орыс мектебін ендіруді талап еткен және бұл мәселеде үкімет жәрдем беруі керек деген» [1]. Жас Шоқан орыс тілін жетік білу арқылы ғылымда көп жетістіктерге жеткен. Кең байтақ Азия аймағын зерттеу арқылы 30-ақ жыл өмір сүрсе де белгілі орыс ғалымдарының арасынан құрметті орынға ие болған еді. Оның орыс тілінде және орыс оқырмандарына жазған еңбектері тек қана ғылымилығымен емес, сонымен бірге әдеби құндылығымен де бағалы болған.

Қазақ халқы мен орыс халқының достығы үшін күрескен, орыс тілін, мәдениетін үйренуге шақырған қазақ халқының бір ұлы – Ыбырай Алтынсарин болды. Ол бірінші орыс-қазақ мектебінің, қазақ қыздар мектебінің негізін қалаушы, орыс графикасы негізінде жасалған алфавитінің авторы, тарихшы-этнограф, қазақ жазба әдебиетінің алғашқы өкілдерінің бірі, қазақ педагогика ғылымының негізін қалаушы. Оның аты қазақ ағартушыларының арасында құрметті орынға, ұлттық мақтанышқа ие. Оның өмірге көзқарасы Белинскийдің, Чернышевскийдің, Герценнің, Добролюбовтың демократиялық идеялары негізінде қалыптасқан.

Алдыңғы қатарлы ойшылдар мен педагогтардың білім беру жүйесін зерттей келе, Ы.Алтынсарин қазақ балаларына орыс тілін меңгертудің өз жүйесін құрды. М.О.Әуезовтің айтуы бойынша, «Өз ісінің батыл реформаторы еді. Ол қазақ даласында мектепте білім берудің керемет жобасын жасап, оны өмірге ендіруге көп күш жұмсады» [2]. Ол ауылдық, болыстық, екікласстық орыс-қазақ мектептерін, сонымен бірге Торғайда алғаш кәсіптік мектеп, Ырғызда қыздар үшін мектеп-интернатын ашты. Сонымен бірге ол халық ауыз әдебиеті үлгілерін, Крылов мысалдарының аудармаларын, өзінің балаларға арналған әңгімелерін ендіріп хрестоматия шығарды.

Алтынсарин үшін мектеп халықтың әлеуметтік және рухани өсуінің негізгі болып саналады. Алғашқыда мектеп-интернатты өзі басқарып, орыс тілінен

сабақ берді, кейіннен Торғай облысы бойынша мектеп инспекторы болып тағайындалды. Алтынсарин балаларды оқуға, жазуға, санауға үйрету олардың ойын дамытатынын жақсы түсініп, сондықтан ол оқушыларға олардың еркінен тыс «Законы Божьего» сабақтарын ендіруге қарсы еді.

Алтынсарин көзінің тірісінде төрт екікласстық орталық орыс-қазақ училищесін, бір кәсіби, бір қыздар училищесін және бес болыстық мектебін ашып, оларға әдістемелік оқу құралдарын шығарып, инспекторлық тексерулер жүргізіп отырды. «Орыс алфавитін қолдану арқылы қазақ тілі араб, татар сөздерінен құтылады», – деп жазды Алтынсарин [3].

Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаев орыс халқына, оның тілі мен мәдениетіне ерекше құрметпен қарады. Өзінің «Жиырма бесінші сөзінде»: «Өзге халықтың тілі мен мәдениетін білу сені сол халықпен тең етеді. Орыстар бүкіл әлемді көріп отыр, егер сен олардың тілін білсең, сенің де көзің ашылады. Орыстың мәдениеті мен өнерін біл. Ол өмірдің кілті», – дейді [4].

Абай бар ықыласымен орыс тілін үйренді. Жер аударылып келген оның достары Н.Н.Долгополов, Е.П.Михаэлиспен достығы күшейді. Ол жайында Абай: «Ол менің көзімді ашты, әкемнен де артық қамқор болды», – дейді.

Абайдың достары оны демократиялық бағыттағы кітаптармен қаруландырып отырды. Ол В.Г.Белинскийдің, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, Н.Г.Чернышевскийдің, Н.А.Некрасовтың, Н.А.Добролюбовтың еңбектерін оқып, өмірге деген өзіндік көзқарасын қалыптастырды. Поэзияда ол көңіл-күйді дәл суреттеуді Пушкиннен, Лермонтовтан үйренген еді. Ақын Абай өз идеяларын қырық бес қара сөзінде толық жеткізген.

Алайда ол заманда орыс тілін табысты оқыту барлық пәндерге қойылатын екі әдістемелік талапқа байланысты еді: бірі – оқушыларды неге оқыту керек, екіншісі – қалай оқыту керек, яғни қандай жолдармен, қандай құралдармен оқыту керек деген екі талапты айқындау керек еді.

Орыс тілін ұлт мектептерінде оқыту әдістемесінің тарихына үңілсек, білім берудің мазмұнына тек XIX ғасырдың ортасынан бастап көңіл бөліне бастаған екен. Бұған дейін педагогика ғылымының демократ өкілдері К.Д.Ушинскийдің, П.Ф.Кантеревтің, Ы.Алтынсариннның, М.Ахундовтың ғылым мен оқу пәнін байланыстыра оқыту қажет деген мақалалары жарық көрген.

Революциядан бұрынғы Қазақстанда білім беруде бірыңғай жоспар мен бағдарламалар болмағандықтан ұлт мектептерінде білім беруде кемшіліктер орын алған. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Н.Н.Ильминскийдің, Ы.Алтынсариннның, В.В.Катаринскийдің, И.С.Михеевтің оқулықтары шыға бастайды. Ыбырай Алтынсарин ана тілінің ерекшеліктері ескерілмей жазылған оқулықтың пайдасы болмайтынын түсініп, «Қырғыздарды (қазақтарды) орыс тіліне оқытудың бастапқы әдістері (руководство)», «Қырғыз хрестоматиясын», К.Д.Ушинскийдің «Детский мир», «Родное слова» үлгілерімен қазақ балаларына арнап жазған еңбектерін шығарды [5]. Алтынсарин «Хрестоматияны» жазуда: «Татар-араб-парсы мұсылмандық діни кітаптар оқушының ойын шатастырады, ал оқушыға өз тілінде түсінікті, ойын дәл беретін оқулық керек», – дейді [6]. Ол өзінің білім

беру жүйесіне сөйлесу барысында белгілі бір жаңа сөздерді, олардың формаларын игертетін және орыс тілінде дұрыс сөйлеуге үйретететін әдіс-тәсілдерін ендірді. Сөйтіп ол оқушылардың сөйлеу тіліне көп көніл бөлді. Алтынсарин сонымен бірге сөздік жұмысына көп мән берген. Оқушылардың күнделікті пайдаланатын сөзін тақырыптық принциппен енгізіп отыру керек деп санаған.

Алтынсарин аудармаға байланысты жаттығуларға көп көңіл бөлген. Оқушылар оңай түсінуі үшін сөздің жалғауларын үлкен әріппен, ол сөздің өзін (түбірін) кіші әріппен көрсетіп отырған.

Орыс тілін оқытуда Ы.Алтынсарин 3 кезеңге бөлген:

І дайындық кезеңі. Бұл кезеңде сөздікпен жұмыс жүргізіледі. Оқушылар сөйлеуге қажетті сөз қорын жинайды.

ІІ кезең – әліппемен жұмыс және оқу мен жазуға үйрету.

ІІІ кезең – оқулық бойынша оқу, жазу, сөйлеу жұмыстарын жүргізу, яғни бұл әліппеден кейінгі жұмыс.

Алтынсарин жүйесінде оңайдан қиынға принципі сақталған. Оқыту барысында орыс тілі мен қазақ тілінің ерекшеліктері ескерілген. Білім беруде сонымен бірге оқушылардың жас ерекшеліктері мен өзіндік ерекшеліктері ескерілген. Алтынсариннның әдістемелік ұсыныстары бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ.

Қазақ халқының белгілі жазушысы, қоғам қайраткері М.О.Әуезов жастарды орыс тілін оқып білуге шақырып отырған. 1928 жылы М.Әуезов Д.Искаковпен бірлесе отырып орысша әліппе және «Жаңа ауыл» («Новый аул») деген оқу құралын шығарды [7].

«Жаңа ауыл» 2 бөлімнен тұрады: 1 – орыс әліппесі. Бұл жерде орыс сөздері қазақ балаларына оңай дыбыстардан басталып, бірте-бірте қиын дыбыстар (в, ф, ц) ендірілген. Әліппенің әр бөлімі жаңа дыбыстан (әріптен) басталып, жеке сөздер не сөз тізбегімен алынған мысалдар берілген. Оқулықта кездесетін көп мәтіндер жазба жұмыстарында да (диктант, мазмұндама) пайдалануға болатындай етіп құрастырылған. Өтілген жаңа сөздер кейінгі сабақтарда да қайталанып отырған.

«Жаңа ауылдың» 2-бөлімі – «Хрестоматия». Бұл жерде сол заманның айнала қызу өмірін бейнелейтін мәтіндер ендірілген. Олар: «Бейсембай ата», «Хат», «Ауыл көктемі», «Кооператив», «Диірмен», т.б. Оқушыларға мәтін мазмұны бойынша сурет салу ұсынылады, түрлі жаттығулар орындалады.

М.Әуезов ауыл өмірін жақсы білген. Сондықтан ол оқушыларды үйретететін, ойландыратын тәрбиелік маңызы зор ауыл өмірінен қырыққа жуық мәтіндер ендірген. Олар: «Жұт неден болады?», «Текемет басу», «Қойды қырқу», «Ірімшік қалай жасалады?», «Мал сою», «Жүн түту», т.б. Оңайдан қиынға принципі негізінде жазылған бұл алғашқы оқулықтың оқушының орыс тілін өз ортасынан алынған материалдар негізінде дамытуға септігі мол болды.

Ұлы дала ағартушылары өз заманында жастарды орыс тілін оқып білуге шақырып қана қоймай, осындай еңбектерімен орыс тілін қазақ балаларына оқыту әдістемесінің бастапқы ережелерін жазып көрсеткен еді.

Қазақ мектебінде орыс тілін оқыту әдістемесін Ыбырай Алтынсариннан кейін бүгінгі күні ғылыми-әдістемелік, педагогикалық зерттеулер жүргізгендер Е.Н.Ривлина, А.Н.Канцев, Е.А.Ерохина, Д.Т.Тұрсынов, Х.А.Бекмұхамедова, Г.Ф.Гуревич, Р.С.Сверчкова, Ы.Маманов, Ф.Оразбаева, т.б. болды.

Негізгі талап – оқу мен тәрбие жұмысын бірлікте қарау, оқу бағдарламалары мен оқулықтарын, оқытудың формалары мен әдістемесін жетілдіру, жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқу үрдісін оптимизациялау.

Бүгін жалпы мұғалімдер қауымының алдында тұрған мақсат – бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін неге оқыту керек және қалай оқыту керек деген мәселені шешуде дамыта оқыту технологиясын, жаңа технологиялар мен оқу-тәрбие үдерісін кешенді қарастыру арқылы табысқа жету. Бұл мақсатқа жетуде педагог жоғары кәсіби деңгейде болып, оқушыға құндылық ретінде қарап, мәдени-ақпараттық және пәндік-дамытушылық білім ортасын байыту. Сол арқылы өз интеллектуалды әлеуетін жоғары мақсатты әрекеттерге еркін жұмсай алатын бәсекеге қабілетті тұлға дайындау.

Әдебиеттер

1. Валиханов Ч. Избр.произведения. -Алма-Ата, 1958
2. Есенжолова Р.Д. Проблемы развития и совершенствования содержания и методов обучения русскому языку в казахской школе. -Алматы, 1987
3. История Казахской ССР, -Алма -Ата, 1975
4. Құнанбаев А . Избр.произведения. –Алма-Ата, 1945
5. Алтынсарин И. Начальное руководство, – Оренбург, 1879
6. Алтынсарин И. Избр,произведения. – Алма-Ата, 1957
7. Ауезов М., Искаков О. «Новый аул», – Кызыл-Орда, 1928.

ӘОЖ

ҒАЛЫМ БОЛМАЙ НЕСІ БАР…

Молдалы Жанел – С.Ерубаев атындағы №24 ІТ мектеп-лицейінің 6-сынып оқушысы
Ғылыми жетекшісі: Байтанаева-Молдалиева Д.Ә. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается влияние наследия Абай на развитие творческих способностей и научных стремлений учащихся школ.

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба»,– дейды Абай атамыз.

Білімнің шыңы ғылымда екенін түсініп, алға ұмтыла беруді өзіме мақсат еттім. Ол үшін жақсы оқу керек. Ұқыпты, әдепті, еңбекқор болуым керек деп ойладым. Абай атамыз айтқандай «Ақырын жүріп анық басу» керек. Өмірдегі әр қадамымды нықтап басып, білімді күннен күнге өсіріп, көп білетін үздік оқушы болуым керек деп барынша тырыстым.

Төртінші сыныпта Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңін жаттағанымда, менің арманым болашақтың символына айналды. Әр сыныпта мен барлық пәннен тек үздік деген бағаға оқыдым. Бірақ ол мен үшін

үйреншікті, күнделікті істейтін міндетті жұмыс еді. Сөйтіп жүргенде бір күні Тәтенбекова Акгүл апайым ғылыми жұмыспен байқауға қатысасың ба дегені. Мен бұл хабарды қуанышпен қарсы алдым. Жаратылыстанудан «Итмұрын» деген тақырыпты таңдадым.

Көп ойландым. Абай атаның нақыл сөздері маған жол көрсеткендей болды. Ол: «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой!» Алдыма үлкен талаптарды қойдым, тапжылмай еңбек еттім, ғылыми терең ойларды зерттеп топшыладым, ойымды жазуға, оны еркін сөйлеп, тыңдаушыларға жеткізуді үйрендім.

Бұл жұмыс барысында орыстың ұлы педагогі В.А.Сухомлинскийдің: «…бүгін істелінетін жұмыстың бір бөлігін де ертеңге қалдырма. Ісің оңға бассын десең, ертең істелінетін істі бүгін бастап қоюға әдеттен. Бұл – ертеңгі күніңе ерекше дем беруші, құштарлығыңды арттырушы күш», – деген сөздерін [1] өзіме негіз етіп алып, бүгінгі жұмысты бітіріп, ертеңгі жұмысты жоспарлап, оны бастап қоюға үйрендім. Өйткені ғылыми жұмыс мұны талап етеді екен.

Мен итмұрынның шығу тарихын, оның өсу, таралу жолдарын, адам ағзасына пайдалы қасиеттерін зерттеп, қай ауруға қанша мөлшерде, қалай пайдалануға болатынын жұртшылыққа ұсындым. Тыңдаушылардың сұрақтарына мүдірместен жауап беруге үйрендім. Нәтижесінде Түркістанда өткен «Ұлы Дала ұрпағы» атты III Республикалық байқауда «Ғылыми жоба» номинациясы бойынша Бас жүлдені жеңіп алдым. Қуанышта шек жок! Мен жеңдім. Абай атамыздың асыл сөздері мені үйретті, жетеледі, күш берді, жеңіске жеткізді.

Осы жеңістен кейін мен түрлі конкурстардан қалмайтын болдым. 2016-2019 жылдары 4 рет Республикалық математика олимпиадасына қатысып, 2рет 1-орын 2-рет 3-орынға ие болдым.

Карантин кезінде онлайн арқылы Халықаралық «Русский медвежонок-языкознание для всех» конкурсында III орынға ие болдым.

2020 жылы тарих пәнінен Мәскеуде өткен Халықаралық олимпиадада 1-орынға ие болдым.

Мектебіміз жан-жақты білім алуға, достыкка, ынтымақтыққа тәрбиелейді. Абай атамыздың «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген сөздері біздің негізгі ұстанымымыз. Өйткені достық болған жерде бәрі іске асады.

Маған білім беріп, осындай жетістіктерге жетуіме мүмкіндік жасаған менің Саттар Ерубаев атындағы №24 мектебіме, ұстаздарыма алғысым шексіз.

Армансыз адам болмайды. Менің де арманым бар. Осы университеттің негізін қалаушылардың бірі – менің үлкен атам – Байтанаев Әбіш – осы жерде 41жыл еңбек еткен, үлкен әжем – Алтынбекова Мырзай – 39 жыл еңбек еткен, менің әжем – Молдалиева Дина – биыл жұмыс істегеніне 48 жыл болады. Менің көкелерім – Байтанаев Болат, Байтанаев Бауыржан осы университетте білім алып, ғылымының биік шыңдарын бағындырған. Мен де солардың ізін жалғастырып, осы университетте оқып, өмірімді ғылымға арнасам деймін.

Мамандық таңдауда да Абай атамыздың нақыл сөздерін негізге алдым. Ол: «Мәдениет пен білім орыста. Орыс тілін білсең, сенің де көзің әлемге ашылады», – деген.

Бүгінгі күні елімізде орыс тілі мамандары жетіспейді. Менің аталарым, әжелерім, көкелерім – бәрі екі тілде сабақ беріп, екі тілде еңбек жазған. Олар маған болашаққа жол көрсетіп тұрғандай.

Өзім сияқты мектеп оқушыларына: Абайды оқыңдар, Абайдан үйреніңдер дегім келеді.

Ғалым болмай немене
Балалықты қисаңыз.
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз.
Дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл бөлсеңіз [2].

Елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Орыс тілі ұлтаралық тіл болып саналады. Мен оларға Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңін орыс тілінде былай үйретер едім:

Чтоб человеком ты был,
Ты пятерых побори
И пятерых избери
Злословье, ложь, хвастовство,
Бездумье и мотовство –
Вот пять врагов твоих, знай,
А разум и доброта,
Упорство, скромность и труд
Вот пять друзей, согласись.
Лишь знаньем жив человек,
Лишь знаньем движется век.
Лишь знанье светог сердец
Учись не день и не час
И будешь знаньем богат
А знаете – истинный клад [3].

Перевод М.Петровых

Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай:

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адалдықты көздесең,
Жаттап тоқы көңілге!

Әдебиеттер:

1. Сухомлинский В.А. Мектептің жас директорымен кездесу. –Алматы, 1987

2. Құнанбаев Абай. 2 томдық жинағы. –Алматы,1957
3. Құнанбаев Абай. Қалың елім, қазағым. –Астана,2006

ӘОЖ

ГЛАВНЫЕ ЧЛЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ: КОМПОНЕНТНО–СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Темирбекова Г.А. – к.п.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический универстет, г.Шымкент

Түйін

Бұл мақалада орыс тілі мен қазақ тіліндегі сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің қызметі: компонентті–салыстырмалы талдау арқылы баяндалады.

В синтаксисе русского и казахского языков имеются как общие для обоих языков признаки, так и отличительные особенности. В казахском языке те же члены предложения, что и в русском. В обеих языках предложения бывают повествовательные, вопросительные, простые и сложные и т.д.

Хотя основные признаки предложения в русском языке и казахском языках сходны, но в типах связи слов в предложении и в самой его конструкции наблюдаются различия.

Задача данной работы: провести компонентно-сравнительный анализ главных членов предложения в двух языках и дать сравнительно-сопоставительную характеристику их синтаксическим особенностям.

Главные члены предложения (сөйлемнің тұрлаулы мүшелері) – это подлежащее (бастауыш) и сказуемое (баяндауыш). Они обозначают предмет речи и его признаки, находящиеся между собой в предикативных отношениях.

Как в русском так и в казахском языках подлежащее и сказуемое составляют основу предложения, его ядро, вокруг которого группируются другие члены данного предложения.

Функции подлежащего в двух языках одинаковы – это грамматически независимый главный член двусоставного предложения. Подлежащее выражается существительным в именительном падеже или личным местоимением [1]:

Теперь Абай остался один со своими мыслями. Сейчас он приобщает свою тайну к вечерной красоте природы. // Енді Абай өз ойымен оңаша қалды. Қазір ол кешкі дүние көркіне сыр қосады (М. Әуезов).

Подлежащее может выражаться любой другой частью речи, употребленной в значении существительного (прилагательным, числительным, причастями и другие):

1. Счастливые часов не наблюдают. // Бақытты адам уақытты сезбес.

2. Неторопящийся догонит зайца на телеге. //Асықпаған арбамен қоянға жетеді.

3. Семеро одного не ждут. // Жетеу біреуді күтпейді.

В русском и казахском языке встречаются случаи выражения подлежащего междометями, подражательными словами: *Вздохи Казбека участились. Қазбектің үһлеуі көбейді (Ғ.Мұстафин).*

В русском языке подлежащее может быть выражено сочетанием существи-тельного или местоимения в именительном падеже с существительными в творительном падеже. В казахском языке подлежащее может быть выражено сочетанием существительного или местоимения с именем существительным, но второе существительное при этом употребляется не в творительном, а в именительном падеже. Поэтому такие подлежащие на русский язык переводятся как однородные подлежащие, соединенные сочинительным союзом *и;* союз *мен, бен, пен* выступает в качестве союза *и.*

Дед с матерью шли впереди всех (М.Горький). //Атам мен шешем бәрінің алдында келе жатты.

Шутки и смех подняли настроение. // Ойын мен күлкі бойды көтеріп тастады (Ғ. Мүсірепов).

Подлежащее в русском языке может выражаться сочетанием числительного в именительном падеже и слов *мало, много, несколько* и др. с именами существительными в родительном падеже.

В казахском языке в таком словосочетании подлежащим является имя существительное, а слова *аз, көп* и количественные числительные выступают в функции определения к подлежащему. *Уж много солдат погибло в этой войне. Бұл соғыста көп жауынгер оққа ұшты.*

В таком сочетании имя существительное в казахском языке не стоит в родительном падеже, как в русском, а в именительном падеже [3].

Подлежащее в казахском языке, как и в русском, а в именительном падеже.

Подлежащее в казахском языке, как и в русском может быть и распространенным. *Сендерге қарыз болған маған да міндет артады (М.Әуезов). То, что является долгом для вас, налагает на меня обязательства.*

Сказуемое в русском и казахском языках является главным членом двусоставного предложения, зависящим от подлежащего. В казахском языке сказуемое, в отличие от русского имеет особое значение. Как и в других тюрских языках, сказуемое в казахском языке «концентрирует элементы всех остальных членов предложения. Оно обозначает действие, состояние или признак подлежащего» [4].

В сопоставляемых языках сказуемые бывают глагольными и именными. Глагольное сказуемое может быть простым, составным и сложным.

Способы выражения простого глагольного сказуемого одинаковы в русском и казахском языках. Они выражаются формами изъявительного, сослагательного и повелительного наклонения глагола а также инфинитивом [5].

*Катя **выбежала** на улицу. Катя далаға **жүгіріп шықты**.*

*Я **дал** бы вам надлежащий совет. Мен сізге тиісті кеңес **берер едім.***

*- Принеси мне книгу! – **сказала** дочь.*

*- Маған кітап әкеліп бер,- **деді** қызы.*

Некоторые простые глагольные сказуемые казахского языка в переводе на русский язык оказываются составными глагольными сказуемыми. *Бүгін бұл қонақтар **сонда болмақ**. Сегодня эти гости **намерены быть там.***

В русском языке простое глагольное сказуемое может быть выражено в форме инфинитива, в таких случаях часто употребляются частицы. *Ну, давай* [6].

Прыгнула в сени, да ***ну бежать****(А.С.Пушкин). Ол қораға секіріп шықты да, қашты-ай келіп.*

Сказуемое, образованное от многого глагола и примыкающего к нему инфинитива, называется составным глагольным сказуемым.

«Составные глагольные сказуемые образуется из двух констуктивных элементов, каждый из которых сам по себе выразить полностью значения сказуемого не может: начинаю беспокоиться, продолжаю заниматься и т.п. Основное вещественное значение в данном типе сказуемого заключено в примыкающем инфинитиве, который является структурной частью сказуемого [7]. Составное глагольное сказуемое русского языка перелается в казахском сложным глагольным сказуемым, где первый компонент русского составного глагольного сказуемого передается вспомогательным глаголом, второй компонент – основной глагол передается в форме деепричастия: *Начал учиться – оқи бастады. Начало светать – Таң бозара бастады.*

Сложное глагольное сказуемое в русском языке образуется из связки и неопределенной формы глагола. В качестве связки употребляются вспомогательные глаголы *начать, стать, продолжать, перестать* и другие. *Девочка* ***перестала плакать****. Қыз* ***жылауын қойды****.*

В роли связки могут выступать также модальные глаголы: *мочь, уметь, хотеть* и другие и краткие прилагательные: *должен, способен, рад, готов, и другие. Он* ***хотел проститься*** *с хозяином. Оның үй иесімен қоштасқысы келді. Мы* ***рады*** *вам помочь. Біз сізге* ***жәрдем бергенімізге қуаныштымыз.***

В казахском языке в роли связок употребляется глаголы *отыр, тұр, жүр, жатыр, ал, бер, кел, бар.*

Основное значение сказуемого выражается первым из этих глаголов, остальные глаголы придают основному глаголу дополнительные оттенки [8]. *Әйгерім отауында Абай кітаптан соң кітапты* ***сіміре, жұта берді*** *(М.Әуезов). Абай, находясь в доме Айгерим, продолжал* ***проглатывать*** *книгу за книгой.*

Именное сказуемое в русском и казахском языках выражаются именами существительными, прилагательными, числительными и местоимениями либо самостоятельно, либо со связкой , обзуя составное именное сказуемое.

В казахском языке в роли связок уподребляются глаголы *еді, екен, бол, көр, шығар*, а также служебных слов *секілді, тәрізді, керек, тиіс* и другие. Связка в казахском языке ставится после именной части [9].

В обоих языках значение именного сказуемого выражается именной частью, а связка указывает на время действия, выраженного сказуемым. 1. *Болконский* ***был*** *вам друг... Он и* ***есть*** *вам друг. // Болконский* ***сіздің досыңыз*** *еді.... қазір де сіздің досыңыз. 2. Козлов в то время* ***был рабочим****. Козлов ол кезде* ***жұмысшы болатын*** *(Ғ.Мұстафин).*

В казахском языке именное сказуемое может быть выражено именем прилагательным в сравнительной, превосходной степени. 1. *Его мысли сейчас*

шире *этой степи. Оның ойы қазір осы даладан да* ***кеңірек.*** *2. Этот дом* ***очень красивый.*** *Бұл үй* ***өте әдемі*** *(Ғ.Мұстафин).*

В настоящей работе изложены основные синтаксические особенности главных членов предложения (сөйлемнің тұрлаулы мүшелері) в русском и казахском языках в результате компонентно-сравниительного анализа. Эти данные могут быть использован на уроках русского языка в казахской школе при изучении синтаксиса, также в вузе на спецкурсах и спецсеминарах.

Литература

1. Лексическая и морфологическая интерференция в русской речи казахов.// АН Каз ССР. – Алма-Ата, 1987
2. Коныров Т.К. Структурно – семантическая природа сравнения в казахском языке. –Алма-Ата, 1985
3. Современный казахский язык. –Алма-Ата , 1962
4. Тургунов Д., Хасанов Б. и др. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. –Алма-Ата, 1967
5. Современный русский язык. //Под ред. Н.С.Валгиной., –М. Наука. 2001
6. Современный русский литературный язык. /Под ред. Н.М.Шанского. –Л. 1984
7. Галкина–Федорук Е.М. Грамматика русского языка. Синтаксис. –М., стр.476
8. Демесинова Н.Х. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. –Алма-Ата, 1965
9. Кенесбаев С.К. К вопросу о влиянии русского языка на казахский. /Вестник АН КАз ССР. –Алма-Ата, 1953, №6

ӘОЖ

ПРИНЦИПЫ СОЗНАТЕЛЬНОЙ КОММУНИКАЦИИ ПРИ УГЛУБЛЕННОМ ИЗУЧЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА

Темирбекова Г.А. – к.п.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический универстет, г.Шымкент

Түйін

Бұл мақалада орыс тілін тереңдетіп оқыту жұмысы саналы коммуникациялық принциптері негізінде іске асырылатыны жайында сөз болады.

Углубленные изучение русского языка изучает важную роль в качественном повышении уровня владения русским языком учащимися национальных, в том числе казахских школ. В настоящей статье излагаются возможности реализации сознательного коммуникативного принципа и характеризуются формы и приемы работы в школах с углубленным изучением русского языка.

В книге «Углубленное изучение русского языка» в национальной школе (под ред. З.П.Даунене)» [1] раскрываются основные принципы сознательной коммуникации. Это:

1. Создание положительной мотивации учения. Положительная мотивация учения создается при осознании учащимися потребности в русском языке как средстве межнационального общения, средстве приобщения к культуре других народов, при развитии у них языкового чутья и вкуса. Для этого учитель должен изучать интересы учащихся.

2. Ситуативно-тематическая организация учебного материала. Тематика курса русского языка, как известно, отражает наиболее актуальные стороны жизни учащихся, которые позволяет учащимся овладевать навыками общественной жизни. В процессе общения необходимо использовать различные ситуации с помощью картин, рисунков с использованием аудиозаписей, игровых ситуаций.

3. Функциональность в подаче языкового материала функциональность выражается в формулировках правы, что определяет задачи в обучении на уроке.

4. Стилистическая дифференциация учебного материала. Это последовательное представление в текстах, заданиях и упражнениях стилистических ресурсов и жанровых разновидностей всех функциональных стилей русского литературного языка.

5. Последовательная систематизация знаний учащихся. Это осуществляется с помощью связей между усваиваемыми знаниями и различными схемами, таблицами, использованных для их усвоения.

Особая роль отводится принципу учета родного языка во взаимосвязи с принципом сознательной коммуникации.

Как говорит А.А.Леонтьев: «... необходимо сознательное сопоставление учащимися языковых систем родного и русского языка. Такое сопоставление бывает необходимо для филологов-будущих преподавателей русского языка, с целью обеспечить учет родного языка в их будущей педагогическрй деятельности, в частности – научить предупреждать у учащихся интерференцию родного языка» [2].

Наряду с принципом сознательной коммуникации и учета родного языка в систему основополагающих принципов входит принцип наглядности. Наглядность может быть аудитивной (речь учителя, радио, телевидение); ситуативные (общение на основе определенных обстоятельств); изобразительные (картины, фотографии, скульптура); натуральные (тесты, мимика).

К содержанию обучения предъявляются следующие требования:

1. Процесс обучения русскому языку должен быть занимательным.

Необходимо у учащихся вызывать интерес к русскому языку, стимулировать развитие их творческих способностей, на уроках использовать нестандартные задания, словесные игры, кроссворды, ребусы и др. Создавать проблемные ситуации, привлекать к выполнению исследовательских работ; ознакомить учащихся со структурой научных работ, умением работать с литературой и т.д. [3].

2. Презентация учебного материала на уроке.

Здесь мастерство учителя является основным направлением в развитии творческих способностей учащихся [3].

3. Стимулирование коллективного творчества учащихся, у каждого школьника пробудить интерес к творческой деятельности.

Здесь духовное богатство учителя составляет основу сотворчества учителя и учащихся. Овладеть языком вне коллектива невозможно, поэтому необходимо: всемерно использовать возможности организации общения; на уроке поддерживать благоприятный микроклимат; стимулировать личностный смысл учебной деятельности учащихся; каждому учащемуся дать возможность показать на уроке свои знания и получить интеллектуальное удовлетворение; активно использовать все виды самостоятельной работы учащихся: работа с газетами, журналами, со справочной литературой, подготовка наглядностей, выполнение поисковых работ и т.д

В условиях углубленного изучения русского языка практикуются виды уроков: лекции, семинарские занятия, консультации.

Школьные лекции проводятся не более 20 минут, вначале следует провести подготовительную работу ознакомить с планом лекции, с новыми терминами и словарной работой; пробовать необходимые навыки и умения сокращать слова и словосочетания; умение соблюдать научность, доступность изложения. Результативность лекции зависит от того в какой мере учитель владеет специальными методическими приемами [5].

Семинарские занятия – это специфические формы углубления знаний учащихся, которые пробуждают у учащихся интерес к языку, развивает их творческие способности. Чтобы успешно проводить семинар нужно заранее объявить тему и вывесить вопросы для подготовки.

Важными формами активизации речевой деятельности учащихся являются беседы и дискуссии, где учащиеся овладевают этикетом устного общения на русском языке. Это «Викторина о русском языке», «В мире слов», «Почему мы так говорим?» и т.д [6]. Результативность работы зависит от того, насколько содержательным и интересным для учащихся будут беседы или дискусии.

Речевую и высокую мыслительную активность вызывают жанровые уроки: конференции, заочные экскурсии, конкурсы, концерты, встречи и т.д. В процессе подготовки к таким урокам учащиеся выполняют письменные работы, делают альбомы, оформляют стенды схемами, картами, фотографиями. В процессе речевого общения учащиеся выступают в различных социальных ролях. Задача всех видов жанрового урока – создание на уроке естественных условий для речевого общения, формирование речевых умений и навыки учащихся на основе сознательного усвоения системы языка, стимулирование их познавательной активности. Жанровые уроки являются ведущими и проводятся как итоговые по определенной теме.

При углубленном изучении русского языка проводится также речевая практика, которая предусматривает углубление знаний учащихся практически значимыми для будущей деятельности навыками владения жанрами: официально-делового, научного публицистического стилей: выступление на конференции, проведение интервью, оформление деловых бумаг и др.

Использование межпредметных связей является одним из наиболее эффективных средств развития приемов углубленного изучения русского языка. В национальной школе особую роль играет опора на знания по родному

языку. Использование на уроке перевода поможет активизировать речевые умения т.к перевод является творческой работой. Учащимся для перевода могут быть предложены тексты из художественной литературы, из газет, журналов на родном языке. Межпредметные связи могут быть с родной и русской литературами, историей, географией, живописью [7].

При углубленном изучении русского языка особое место занимают внеклассные работы: встречи с ветеранами войны и труда; мероприятия, связанные с изучением историй своего края, тематические плановые мероприятия, конкурсы, Недели и Декады языков, викторины и д.р

Общедидактический принцип индивидуального подход к учащимся имеет большую значимость при проведении внеклассных занятий, чем классных, так как условия для развития индивидуальных задатков, интересов, склонностей учащихся да и самавнеурочная работа, призванная учитывать личные запросы школьника и тремиться к их удовлетворению, требуют внимания и дифференциации и индивидуализации обучения» [8].

В школах с углубленным изучением русского языка предусматривается углубление программного материала в теоретическом и практическом планах. Овладение же интеллектуальными умениями, мыслительными операциями предполагает их знания, самостоятельный опыт применения. Высокое качество обучения может быть достигнуто только через активное оперирование материалом, подлежащим усвоению, через его переработку в соответствии с требованиями.

Литература

1. Углубленное изучение русского языка в национальной школе/Под ред. З.П.Даунене. - А,1989
2. Леонтьев А.А. Универсально-сопоставительное изучение языков и описание языка в учебных целях/В сб. Лингвистические и методические проблемы преподавания русского языка как народного.- М.: Наука. 1987
3. Подгаецкая Н.М. Воспитание у учащихся интереса к изучению русского языка. -М.,1985
4. Кевиш М.Н. Творческие работы учащихся по русскому языку как средство формирован-ная познавательных интересов учащихся и совершенствование знаний, умений и навыков по русскому языку. -Рига,1985
5. Углубленное изучение русского языка в 7 классе казахской школы. -Алма-Ата, 1985
6. Люстрове З.Н., Скворцов Л.И. и др. Друзьям русского языка. -М.: Знание, 1982
7. Шанский Н.М., Рахманика Н.П. Некоторые вопросы воспитывающего обучение русскому языку в национальный школе. -М., 1980
8. Ушаков Н.Н. Внеклассная работа по русскому языку в восьмилетней школе. -М. 1975

ӘОЖ

ӘКЕМ ЖӘНЕ БАТЫР БАБА ҚАЖЫМҰҚАН ЖАЙЫНДА ЕСТЕЛІКТЕРДЕН

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассказывается о встречах ученого Абиша Байтанаева с казахским борцом Ходжимуканом по воспоминаниям.

Соғыс кезінде әкем азық-түлік қоймасына жауапты болған екен. Түнгі күзетте отырған кезінде жанып тұрған май шам өртене бастайды. Оны жылдам алып шығу керек болды. Жанып тұрған май шаммен бірге өртеніп жатқан оң қолымен асқан ықтияттылықпен, шыдамдылықпен және ержүректігімен май шамды алып шығады, азық-түлікті сақтап қалады. Май шамға жабысып күйген қолын ұзақ уақыт госпитальда емдеп, 1943 жылы соғыстан ерте ауылға қайтады. Соғыс біткенге дейін Шәуілдірдің аудандық собезінде, партия комитетінде, газеттерде жұмыс атқарады.

Соғыс басталғанда мен үш жасар қыз едім, сондықтан соғыстың басталуы және алғашқы ауыр жылдары жайында ешнәрсе айта алмаймын. Ал менің әпкем, Клара Байтанаева соғыс басталғанда бес жастан асқан болатын. Оның сол кезең жайында жазған естеліктері «Южный Казахстан» газетінде жарық көрген [1].

Әпкеміздің айтуы бойынша, бір күні үйге өте ірі, өзі қара, шашы жоқ, бетінде терең тыртықтары бар адам кіріп келді. Кейін білдік, ол – Қажымұқан Мұңайтпасов деген жер жүзі палуандарымен шайқасқа түсіп жеңген, аты аңызға айналған қазақ палуаны екен. Палуан бабамыз әкемізге бір үлкен өтінішпен келіпті. Оның мақсаты – елге өз өнерін көрсетіп, ақша жию, жиған ақшаға өзінің атынан Совет Армиясына ұшақ (самолет) жасату, сол арқылы мына соғысты түбімен жеңуге өз үлесін қосу. Бұл қойылған мақсатты іске асыру үшін, әкемнен халыққа өнерін көрсетуге байланысты ұйымдастыру жұмыстарына жәрдем беруін сұрап келген. Әкем, әрине, бар күшін салып, елге жарнамалап, халықты ауыл аландарына жиып, Қажымұқанға өнерін қызықты және табысты етіп өтуіне барлық жағдай жасайды.

Әкем мені Қажымұқан өнерінің алғашқы қойылымына алып барды, - дейді әпкем Клара. Қойылым Шәуілдірдің клубында өтті. Адам өте көп жиналған. Кішкентай клубтың ішіне сыймағандар сырттан көреміз деген үмітте топтасып жүр.

Менің есімде қалғаны, бір уақытта Қажымұқан ортаға шығып, тісімен ұзын темір трубаны тістеп тұрды. Оның екі иығына залдан шығып келген адамдар екі трубаға асылып біраз тұрды, жұрт ұзақ уақыт қол шапалақтады. Енді бір уақытта Қажымұқан ата сахнаға шалқасынан жатты да, оның үстіне қалың тақтайды койды. Осыдан кейін тақтай үстіне үлкен тас койылды. Екі жағынан екі жігіт келіп, үлкен балғамен әлгі тасты кезек-кезек ұрып, сындыра бастады. Әбден сындырып болған сон, палуан орнынан тұрды. Ол көп өнер көрсетті. Не көрсетсе де жұрт шулап, қол шапалақтап тоқтар емес. Өнер көрсету бітсе де, жиналған жұрт таркамай, оның жүріс-тұрысына қарайды. Балалар болса соңынан жүгіріп, қызыққа батып жатты. Батыр бабамыздың алып тұлғасы, күш-қайраты соғыс кезінде қиыншылықта өскен балалардың есінде ұмытылмас, мәңгі сөнбейтін жұлдызына айналған еді, – деп жазады әпкем.

Ауыл-ауылды аралап, өнер көрсетіп, тапжылмай еңбек етудің арқасында ұшаққа ақша жиналды, Сталинге ол туралы хат жіберілді. Қажымұқан

бабамыздың атынан ұшақ жасалып, оны Шалабаев деген ұшқыш басқарып, майданға аттанған еді.

1945 жылы соғыс бітіп, біз отбасымызбен үлкен арбаға жүгімізді тиеп, Шәуілдірден екі күн жүріп Шымкентке көшіп келдік. Мен жеті жасқа толып, Қ.Спатаев атындағы №7 мектепке оқуға түстім. Анам осы мектептің оқу жұмысын баскару (завуч) қызметіне кірді. Мектеп С.М.Киров көшесіндегі 13-үйде орналасқан екі қабатты ғимарат екен. Бірінші қабатында оқушылар сабақ оқыса, екінші қабаты оқушылардың жатақханасы. Мектеп-интернаттың бұл жатақханасында әкелері соғыстан қайтпаған ер балалар тұратыны белгілі болды.

Үйіміз болмағандықтан бізге мектептің ең шеткі, дәлізі бар бөлмесі берілді. Әкем, анам, әжем және төрт бала осы бір бөлмеде тұрдық. Үйде жалғыз бір кереует пен қазақтың көрпеше төсеп отыратын дөңгелек үстелі болды. Сол үстелде бәріміз сабақ оқып, тамақ ішетінбіз.

Күз айларының соңғы күндері еді. Біздің үйдің алдына дәу дөнгелекті биік қоқан арбасы тоқтап, үстінде ақ шапаны бар Қажымұқан ата түсті. Бөлмеміздің есігі аулаға қараған және екіжақты есігінің бір жағы шегеленулі болатын. Палуан атамыз есікке сыймаған соң, мектептің ағаш ұстасын шақырып, екі жағын да аштыртып, қонағымызды үйге кіргіздік. Тамақ жеп болған соң, шай келді. Қажымұқан ата төрде, кереуеттің бойына төселген көрпешеде жастыққа сүйеніп отырған. Кереуеттің астында әкем «балалар кейін жер» деп Шәуілдірден алдырған қарбыздар жатқан. Палуан бабаның көзі соған түсіп кетсе керек. Бір уақытта ол:

– Айһай , карбыз болар ма еді! – дегені .

– Қажеке, қарбыз бар, – деп әкем үлкенін таңдап, палуанның алдына кесіп қойып жатты. Біз атаның алдында оған қарап, қимылдамай отырдық.

Палуан ата облыс басшыларына жолығатын бір шаруасымен келген екен. Сол мәселе бойынша әкеммен ақылдаспақшы болып, біздің үйді арнайы іздеп келіпті. Әңгімелері біткен соң, әкем оны шығарып салды. Олар үйден шыққанда палуан атаны көреміз деген мектеп оқушылары жиналып тұр екен. Олар шулап, көпке дейін палуанның соңынан шұбырып бара жатты. Ал палуан ата болса өзінің биік арбасында таудай көрініп, жай-барақат кетіп бара жатты. Бұл көрініс менің есімде мәңгі сақталып қалды. Шіркін, жүрегіңді жылытып ойландыратын, биікке самғататын осындай көріністер неғұрлым ертерек, жас кезден, көз алдыңнан өтіп бойыңа сіңсе, сөз жоқ, рухани байлығың өсіп, сені биік белестерді бағындыруға итермелейді.

Әкем өмірінің соңына дейін 41 жыл Шымкент педагогикалық институтында істеп, өмірін білім мен ғылымға арнады. 1970-шы жылдары Қажымұқан ұшағымен жауды кырған ұшқыш Шалабаевты іздеп тауып, студенттермен кездесу кешін ұйымдастырып, суретке де түскен.

Әдебиеттер

1. Байтанаева Клара Три фрагмента из детстве. «Южный Казахстан» 2002 г , 4 октября

ӘОЖ

ҒАЛЫМ-ПЕДАГОГ ӘБІШ БАЙТАНАЕВ ЖАЙЫНДА ЕСТЕЛІКТЕРДЕН

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье раскрывается деятельность ученого-педагога Абиша-Байтанаева по воспоминаниям его современников.

Осыдан 12 жыл бұрын университетіміздің акт залында Байтанаевтың 100 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылып, оған көптеген қонақтар келіп сөз сөйледі. Ол материалдар Байтанаев жайында естеліктер жинағында жарық көрді [1]. Газет беттерінде Байтанаевқа арналған мақалалар жарияланды. Байтанаев кабинеті ашылып, оның жеке кітапханасынан 1000 кітап университетке берілді. Қала әкімшілігінің шешімімен университет ғимаратына мемориал тақтасы орнатылды. Ал Байтанаевтың туып өскен Отырар ауданы Ынталы ауылының орта мектебіне аның аты берілді.

Он екі жылда университетімізде мыңдаған талапкерлер келіп, түлектер шығып жатты. Ұстаздар қауымы да кеңеюде. Сондықтан жаңа буын жастары Байтанаевтың кім екенін және оның болмысының тұлғалық қасиеттерін біле бермейді. Бұл баяндамада мен Байтанаев жөнінде, оның замандастары мен шәкірттерінің ойын ортаға салсам деймін.

Әбіш Байтанаев Шымкент педагогика институтының негізін қалағандардың бірі, Қазақстан жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, Соғыс және Еңбек ардагері, Еңбек қызыл ту ордені иегері, филология ғылымдарының осы университетте алғашқы ғылым кандитаты, алғашқы ғылым докторы, профессоры.

Әбіш Байтанаев 1910 жылы Отырар ауданында туылып, Түркістанда Саттар Ерубаевпен мектепті бітірген. Петропавл қаласынын Жерге орналастыру техникумын бітіріп, жақсы оқығаны үшін сол техникумда орыс тілі маманы ретінде қалдырылған. 1936жылы Саттар Ерубаевтың шақыруымен «Лениншіл жас» газетінде тілші болып қызмет атқарады. Соғыс басталғанға дейін мектептерде орыс тілінен сабақ береді. Соғыс кезінде азық-түлік қоймасына жауапты болып, түнгі күзетте тұрғанда қоймада жанып тұрған май шам өртене бастайды. Май шаммен қоса өртенген қолымен асқан шыдамдылықпен май шамды алып шығады. Госпитальда ұзақ емделіп, ауылға соғыстан 1943 жылы қайтады. Соғыс біткенге дейін аудандық советте, партия комитетінде, газеттерде қызмет атқарады.

1947 жылы екіжылдық мұғалімдер институтының жұмысын бастап, өмірінің аяғына дейін ОҚМПУ-да 41 жыл еңбек етіп, он бес жылдай әдебиет кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

1971 жылы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазудағы шеберлігі» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. «Шын шеберлік», «Абай жолы айшықтары» деген монографиялары жарық көрген.

Әбекеңнің шәкірті филология ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы Мызахметұлы Мекемтас ағамыздың айтуы бойынша: «Пединститут бойынша әдебиеттен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы туралы күрделі де және сол кезең үшін қиын тақырыптан докторлық диссертацияны аса еңбекқор, ізденгіш әрі даярлығы мол Ә.Байтанаевтың қорғап шығуы – сол кезең үшін аса жоғары сатыдағы ғылыми ізденістің биік эталонына айналды. Бұл жұмысты Әбекең ұлы жазушы М.Әуезовпен тікелей қарым-қатынаста болып, кеңес ала отырып жазды, қызықты кештер ұйымдастырып, институт студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына зор ықпал етті»,–дейді [2].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергобек өзінің мақаласында: «М.Әуезовке іні дерлік Әбекең ұлы жазушыны шын жақсы көрді. Мұқаңа деген зерттеушілік махаббаты шексіз еді. Күн-түн эпопеяға үңіліп зерттеді, одан поэтиканың жеті атасын іздейтін. Әбіш Байтанаев бұл салаға ғұмырын арнады десем жарасады» [3], – дейді.

Филология ғылымдарының кондидаттары М.Қожақов, Қ.Сыздықов естеліктерінде [4]: «Әбекең ұлы жазушының стилін, «Абай жолы» эпопеясының басты ерекшеліктерін сөз етуде оны батыс Европа елдерінің, әсіресе орыс және қазақ әдебиетінің бұрыңғы-соңғы кең тынысты кесек төл туындыларымен іштей байланыстыра, салыстыра қарастырады, көркем шығармаларды зерттеудің бір әдісі қашан да болсын ұтымды. Әбекең 1958 жылы өзінің мектептес, қызметтес досы Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романын драмаға айналдырды. Бұл пьеса сол жылы Ж.Шанин атындағы облыстық драма театрында қойылды», – дейді.

Әбекеңнің кітапқа деген құмарлығын, ізденімпаздығы мен еңбекқорлығын белгілі жазушы Мапхабат Байғұт өзінің Әбекең өмірден өткен соң жазған «Бейнетқор Байтанаев» деген мақаласында былай деп көрсетеді: «Шымкенттің көшесінде бір қалтасында «Литературная газета» мен «Неделя», екінші қолында «Социалистік Қазақстан» мен «Оңтүстік Қазақстан» көрінетін, қолында «Қазақ әдебиетін» алған күйі жүріп келе жатып-ақ оқып келе жатқан профессор енді жоқ, әулиедей Әбекең көрінбейді. Қуанарлығы сол «Қасиет» баспасынан оның «Абай жолы айшықтары» дейтін жаңа кітабы жарық көріп, бұл туынды ұлы Абайдың 150 жылдық тойының қарсаңында шығып, Семейде тойға келген қонақтарға тартылғанына қуандық. Себебі «Абай жолы» секілді теңдессіз туындыны талдап, өлшеусіз, өнегелі бейнет сіңіре білген Байтанаевтай ғұлама ғалымдар онша көп емес», – дейді [5].

Қазақстан жазушылар және журналистер одақтарының мүшесі, ақын, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері Әбекеңнің шәкірті Көпбосын Панзабеков «Менің бақытым» деген естелігінде: «Әбіш ағамның үйіне барған сайын Алматыдан сапармен келген ақын-жазушыларды кездестірдім. Келгендер Әбекеңнің үйіне соқпай кетпейтін. Бұл үй бейне бір әдеби орталық іспетті болатын. Мен алғашқы рет Мұхтар Әуезовті, Сәбит Мұқановты, Бауыржан Момышұлын, Асқар Тоқмағамбетовті тағы басқаларын осы үйден көрдім.

Астанада жүріп ол ұлыларды көрмей қалған менің жасымдағы адамдардың өкінішін естісем, өзімді бақытты санаймын», – дейді [6].

1950-60 жылдары жастардың көбісі әкелері соғыстан қайтпаған, жылылықты, қамқорлықты іздеген балалар еді. Әбекең «Оңтүстік Қазақстан» газетіне хабарландыру беру арқылы әдебиетке, өнерге жақын, өлең жазатын балаларды әдебиет үйірмесіне шақырып, қызығушылығын арттырып отырды. Сонық бірі – Қорғасын зауыты училищесінің оқушысы бүгінде белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбаев. Ақындық қабілетін көрген Әбекең, оны училище бітірген соң, ректорымыз Мырзахан Сарсембаевқа айтып жүріп институтқа кіргізді. Әкеміз қайтыс болғанда Мамытбек маған келе алмадым, мен ол кісі жайында журналға мақала жазу арқылы көңіл айтамын деп біреулерден айтып жіберді. Айтқан мақаласы «Мәдениет» журналында жарық көрді, содан үзінді келтірейін.

«Бір күні Әбіш ағай ертең сағат бірде Қ.Спатаев атындағы мектепте Бауыржан Момышұлымен кездесу болады, соған арнап өлең тауып кел деді. Мен жазып келген өлеңімді өте сұсты, тіке қарайтын ағамыздың алдында қорқа-қорқа оқыдым. Өлең оқып болғанда Бауыржан аға: «Ертең тоғыз ноль-нольде қонақ үйге кел», – деді. Мен Әбіш ағаға бармаймын, қорқамын дедім. Әбекең: « Мені шақырса қуана-қуана барар едім, бірақ сені шақырды ғой», – деді. Бауыржан ағамен осы кездесуім оның өмірінің соңына дейін жалғасты. Мен сол үшін Әбіш ағаға ризалығым шексіз», – дейді.

Бір күні Әбіш аға «Абай жолы» эпопеясы бойынша ғылыми конференция болады және оған Мұхтар Әуезовтің өзі қатысады деді. Маған баяндамаға «Абай бейнесінің жасалу ерекшеліктері» деген тақырып беріліп, Абай тұлғасы Пушкиннің, Грибоедовтің, Тоқайдың, Науандық тұлғаларымен салыстырыла зерттеу және олар жайында романдарды мұқият оқып шығуды тапсырды.

Қорғасын зауытының үлкен Мәдениет сарайында облыс басшыларының, Мұхтар Әуезовтің алдында басқа студенттермен бірге баяндама жасадым. Мұхтар ағамен суретке түстік. Мұхтар аға қоштасарда:

– Институтты бітірген соң, мына жігітті өзің маған алып кел, – деп сізге тапсырғанда, балаша қуанғаныңыз көз алдымда.

Ардақты, асыл ұстазым, Әбіш аға! Сіздің өмірден озғаныңызға да талай жыл өтті. Бірақ сіз мен үшін тірісіз, менімен бірге өмір сүріп келесіз. Өзіңізбен сыр бөлісіп отырғанымның себебі де содан, сіз менің жүрегімдесіз», – деп жазады шәкірті, жазушы Қалдыбаев Мамытбек [7].

Бір жылдары Әбекең қалалық олимпиадаға төрағалық етсе керек. Ол қойшылардың балалары оқитын №12 мектеп-интернатының басшыларына: «Осы олимпиадада қазақ әдебиетінен бірінші орын алған оқушыны тәрбиелеп, жақсы маман болып шығуына қамқорлық жасаймын. Профессор Байтанаев» деп қол қойып, хат жібереді. Сөйтіп біздің отбасымызға 11-сынып оқушысы Қазыбек Тәжиев қосылды. Бүгінгі күні ол филология ғылымдарының кондидаты, қазақ-түрік университетінің беделді оқытушысы. Өзінің естелігінде Қазыбек: «Бұл отбасында мен төрт жыл болдым. Көп өнегелі істерден тәлім алдым. Соның бастысы – отбасындағы татулық, бір-біріне деген сыйластық.

Бұл отбасы мені еңбекке, шыдамдылық пен төзімділікке, уақытты үнемдеуге, жауапкершілікке үйретті.

Әбіш ағай көшеде жүріп бара жатып кітап оқитын. Жұмысқа жаяу барып, барғанша бір өлең жаттайтын. Жол-жөнекей әр нәрсеге үйретететін. Мысалы, кітап оқи білу керек дейді. Кітап оқудың екі жолы бар. Оның біріншісі – абзацпен оқу, екіншісі – талдап оқу. Азбацпен оқығанда жалпы шығармадан мәлімет алып, оқиғасымен таныссаң, талдап оқығанда жазушы шебрлігін байқайсың. Бұл әдебиет теориясында жазылмаған қағида, зерттеуді қажет ететін тақырып» –дейді [8].

Мұсақұлов Әмір ағамыз Әбекеңнен кейін ұзақ уақыт әдебиет кафедрасында басшылық етті. Әкеміздің 100 жылдық мерейтойын өткізуге, кабинет ашып, оны безендіруге көп күш салды, қонақтардың келуін ұйымдастырды. Өзінің «Жапырағы жайқалған бәйтерек» деген мақаласында Байтанаевтардың ғалымдар отбасы, оның ішінде филологтар отбасы дегенді айтады [9]. Оның себебі бар. Байтанаевтың өз отбасында, яғни біздің отбасымызда он бір адам едік. Әкем, анам, алты бала, келін және екі немере. Осы он бір адамның бесеуі – филология ғылымдарының кандидаты, біреуі – тарих ғылымдарының кандидаты. Екі немеренің біреуі, Байтанаева Жұлдыз – экономика ғылымдарының кандидаты. Біреуі, Байтанаев Елжан – заң ғылымдарының кандидаты. Бес филология ғылымдарының кандидаттарының екеуі, әкем мен інім Болат Байтанаев, ғылым докторы және профессоры дәрежесіне ие болды. Ал тарих ғылымының кандидаты, Бауыржан Байтанаев – ғылым докторы, профессор және академик дәрежесіне ие болды. Өмірден ерте өткен әпкем мен сіңлім де филологтар еді. Сондықтан біздің отбасымыз нағыз филологтар отбасы еді. Әулетіміз бойынша айтсақ, әкемнің іні-қарындастарының балалары филологиядан емес, экономика, химия, биология, медицина, халықаралық қатынастардан кандидаттық диссертациялар қорғаған. Жалпы әулетімізде оларды қосқанда 14 ғылым кандидаты бар. Әбекеңнің ең кіші қызы Шолпан орыс тілінде өлең, әңгімелер жазатын еді, оның естелігінен әкеміздің тұлғалық қасиеттерін көрсететін жолдарынан үзінді келтірейін.

…Годы прошедшие в окружении бумаг. Кто-то корректировал напечатанные, кто-то печатал, кто-то диктовал, а вся семья занималась сортировкой первых, вторых, третьих экземпляров. Кто-то собирал в дорогу отца, чтобы он не опоздал на поезд и не забыл взять с собой машинку. Наш дом напоминал типографию. Ты торопился попасть на последний совет или на обсуждение очередного произведения, или на встречу с великими личностями Мухтаром Ауезовым, Бауыржаном Момышулы, Мухамеджаном Каратаевым и др. Да, это были наши будни.

Ты всегда хотел, чтобы все вокруг творили, страдали и мечтали, трудились в поте лица, не теряя драгоценные минуты своей жизни. Сейчас не найдете человека, работающего на своей миниатюрной машинке в поездах, в гостиницах, в залах ожидания.

Ты ненавидел бездушие, безразличие, праздность. Ты умел радоваться и смеяться, у тебя было глубокое чувство юмора. Ты любил классику и

современность . Ты постоянно расширял свой кругозор. Не пропускал ни одного нового фильма. Ты для нас делал все, чтобы мы всесторонне развивались. Благодаря тебе мы у себя дома имели богатую библиотеку. Это: всемирная библиотека, детская энциклопедия, Московские и Казахстанкие литературные и детские издания, журналы, труды российских и казахстанских ученых, подписная литература на русском и казахском языках.

Твои любимые писатели и их новеллы Жорж Сименон, Проспер Мериме, персонажи комиссар Мегре, Дон Хуан и др. Ты старался в нас развить чувство красоты и хоть какой-нибудь заметный талант, оживить нас, боролся с бездушием, ленью и безразличием. Неожиданно прихожу к истине: ты сам новелла, сам персонаж. За все тебе спасибо, папа!

Мы помним твои главные правила. Это: первое – Твори, работай. Вперед! и Вверх! Второе – Никогда не поздно учиться, работать [10].

Әкемізді ерекше тұлға етіп көрсететін осы қасиеттерң келешек ұрпаққа өнеге болары сөзсіз деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Әбіш Байтанаев. Естеліктер жинағы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011. -192б.
2. Мырзахметұлы Мекемтас. Әбіш Байтанаев – педагог, филолог ғалым. Естеліктер жинағы. – Шымкент, 2011.
3. Құлбек Ергөбек. Бақытын әдебиеттен тапқан. Естеліктер жинағы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011.
4. Қожықов М., Сыздықов К. Ұлағатты ұстаз, ізденімпаз ғалым. Естеліктер жинағы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011.
5. Мархабат Байғұт. Бейнетқор Байтанаев. «Оңтүстік Қазақстан» газеті. 14 қазан, 1995ж.
6. Панзабеков Көпбосын. Менің бақытым. Естеліктер жинағы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011.
7. Қалдыбаев Мамытбек. Сіз менің жүрегімдесіз. «Мәдениет» журналы, №12(28), желтоқсан, 2008
8. Тәжиев Қазыбек. Танымы мен табиғаты басқа кісі. Естеліктер жинағы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011.
9. Мұсақұлов Әмір. Жапырағын жайған бәйтерек. Естеліктер жинағы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011.
10. Байтанаева Шолпан. Время, вперед! Естеліктер жинағы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011.

ӘОЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә. – ф.ғ.к., доцент
Молданова Ж.І. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Паметова Роза
Д.Нұрпейісова атындағы №116 орта білім беретін мектебінің
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Резюме

В данной статье раскрываются актуальные проблемы обучения государственному языку в школах с неказахским языком обучения.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде түрлі ұлт өкілдері (орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік т.б) оқиды. Бұл оқушылар негізгі білімді өзінің ана тілінде алады. Қазақстанның көпұлтты жағдайында өзге ұлт өкілдері үшін мемлекеттік тіл екінші тіл болып саналады. Екінші тілді оқыту әдістемесін арнайы зерттеген Қ.Қадашева. Ол:«Қазақ тілін екінші ретінде оқыту дегеніміз тіл үйренушіге білім берумен қатар сөйлеу іс-әрекет түрлерінің негізінде дағды мен біліктілікті қалыптастыру міндеті қарастырылатын және өз елінде мемлекеттік тіл ретінде оқытылатын практикалық пән», – деп анықтама береді [1].

Белгілі әдіскер-ғалым Қ.Қадашева өзінің «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» деген еңбегінде бүгінгі күні қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытылуының жай-күйін баяндайды. Ол: «...мемлекеттік тілге қатысты талапқа сай қазақ тілін оқыту процесінде қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту, қазақ тілін мамандық тілі ретінде оқыту, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемелері сараланған жоқ. Сондай-ақ жалпы білім беретін орта арнаулы оқу орындарында, жоғары оқу орындарында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен мекемелерде қазақ тілін оқытудың арнаулы, белгілі бір бағыттағы бағдарламалары мен оқулықтары жеткілікті түрде даярланбаған», – дейді [1].

Қазақ тілін ана тіл ретінде оқыту мен екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінің үлкен айырмашылықтары бар. Екінші тілді оқытуда білім берумен бірге оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу, тілдесім дағдылары қалыптастырылады. Екінші тілді оқытуда ең қажетті нәрсе ол коммуникативтік оқулық және оқытудың мақсаты мен міндетін айқындайтын бағдарлама. Бұл бағдарлама сөйлеу іс-әрекетінің инновациялық модельдер мен бақылау түрлерін лингвоелтану матриалдарын қамтуы тиіс.

Қ.Қадашеваның айтуы бойынша: «Қазақстанның қазіргі жағдайында жеделдете оқыту әдістемесі және практикасы бар болғанымен, бұл жүйелі сипатта емес. Бұның себебі – қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінің қалыптаспағанында, шетел тілі ретінде оқыту, екінші тіл ретінде оқыту дегендердің арасының ажыратылмағандығында»[1]. Ол екінші тілді оқытуда жаңаша жаңғыртып оқыту жүйесін ұсынады. Бұл жүйені іске асыру үшін: білім алудың түрлі дереккөздерін; оқудағы іс-әрекет түрлерін пайдалану; ойлау әрекетін туғызу; таным процесінің психологиясын, түрлі сезім әрекетінің

байланысын ескерту қажет дейді. Бұл әдіс жаңадан жасалған әдіс емес. Дәстүрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды, әсерлі, жаңғыртып, білім алушылардың белсенділігін арттыра отырып пайдалану. Жаңаша жаңғыртып оқытуда қолайлы эмоциялық фон білім алушының белсенділігін арттырып, тілді үйренемін деген құлшыныс пайда болады және өз еркімен саналы түрде тілді игереді [1].

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың негізгі мақсаты – оқушыларды қазақша сөйлеуге, олардың біреудің сөзіне жауап беріп, өз ойын еркін айта алуға, жалпы қазақ тілін қатынас құралы ретінде пайдалануға үйрету.

Жаһандану кезеңінде тілдік қатынас жасау халықаралық байланыс үшін қажетті мәселелердің бірі екені белгілі. Сондықтан бүгінгі күні тілдік қатынас (языковая коммуникация) лингвистиканың өзекті жаңа саласына айналып отыр. Бұл мәселе қазақ тіл білімінде теориялық жағынан да әдістемелік жағынан да арнайы зерттелмеген. «Тілдік қатынас» термині Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» деген еңбегінде алғаш қолданыла бастады [2].

Тілдік қатынас деп адам баласының сөйлеу, пікірлесу, сөйлесу, айту, ойлау сияқты әрекеттерімен іске асатын құбылысты айтамыз. Бүгінгі күні халықаралық қатынас жан-жақты дамып отырған жағдайда тілді оқытып үйретуге ерекше назар аударылуда. Тілді оқытудың ұтымды әдісі – қатысым әдісі болып отыр.

Қазақ тілінде қатысым әдісі, оның ерекшеліктері мен негізгі қағидалары, әдістің ұтымдылығы алғаш Ф.Оразбаеваның еңбегінде берілген [2].

Қазақ тілінің ең басты қатысымдық қызметі – бір ұлт пен екінші ұлт өкілдерінің өзара түсінісуіне, ұғынысуына жол ашу, қарым-қатынас құралы ретінде қоғамға қызмет ету. Яғни қатысым әдісі арқылы тіл ғылымының қоғамдық мәні мен тәрбиелік маңызы қатар іске асырылады. Тілдік қатысым арқылы адамдар бір-бірімен сөйлесуімен, пікір алмасуымен шектелмейді, олар бір-бірінің көңіл-күйін, жан сезімін түсініседі, сол арқылы жалпы адамзаттың тәрбие жүйесі іске асырылады. Бір тілді басқа ұлт өкілдеріне үйрету арқылы біз адам мен адамның арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, ұлт пен ұлттың арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырамыз және сол елдің мәдениетінен, әдебиетінен, тарихынан, салт-дәстүрінен білім береміз. Тіл арқылы оқушылардың сөйлеу әуезділігін, әдептерін де үйретеміз. Ол үшін оқыту барысында оқушылардың сана-сезіміне әсер етіп, пәнге деген дұрыс көзқарас қалыптастырамыз.

Осы уақытқа дейін әдістемелік әдебиеттерде сөйлесім әрекеті төрт түрге бөлініп келді. Олар: сөйлесу (говорение), оқу (чтение), жазу (письмо), түсіну, есту (аудирование). Ф.Оразбаева аталған еңбегінде сөйлесім әрекетін беске бөледі. Олар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім [2].

1. Оқылым – графикалық таңбалар арқылы тіл үйренуші тілдік қатысымға қажетті материалдар алып, өз тілінде пайдаланады, білімін арттырады, қатысым процесі дамиды.

2. Жазылым – әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады, белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады. Жазылымда сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады. Жазу арқылы адам өз ойын қағазға түсіреді.

3. Тыңдалым – есту арқылы түсіну. Есту - дыбысты қабылдау, тыңдалым – маңызды хабарды түсіну, қажетіне жарату.

4. Айтылым – оқушыны сөйлеуге, айтар ойын жеткізуге үйрету. Айтылым – адам мен адамның тілдік қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі. Тілдік коммуникация ауызша сөйлесудің нәтижесінде іске асады. Ол үшін тіл үйренуші сөздің дұрыс айтылу заңдылықтары мен нормасын білуі керек. Ана тіліміздің жазба түрімен қатар, ауызша түріне қойылатын талаптар күшеюі керек.

Сөйлеуге үйретуде мынадай талаптар қойылады:

- тіл үйренуші мен тіл үйретуші арасындағы қарым-қатынас тең дәрежеде болуы керек;
- тіл үйренуші сабақта өзін еркін сезінуі керек;
- сабақта сөйлесудің барлық түрлері қолданылады.

5. Тілдесім – бұған сөйлесім әрекетінің барлық түрлері, яғни оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым кіреді. Тілдесім арқылы адамдар арасында қарым-қатынас орнайды. Тіл үйренушілер ой бөлісіп, жөн сұрасады.

Қазақ тілінде тілдік қатынас туралы теориялық не әдістемелік әдебиеттер болмағанымен, республикамызда негізінен орыс топтарына арналып шыққан Ы.Мамановтың, Ж.Адамбаеваның, Б.Құлмағамбетованың, Ш.Бектуровтың еңбектерін айтуға болады. Алайда бұл еңбектер сөйлеу тілін меңгерту үшін емес, белгілі бір лексикалық тақырып төңірегіндегі сөздер мен грамматикалық ережелерді меңгеруге арналған.

Қатысымдық әдіспен жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Олар: қатысымдық әдіс кем дегенде екі адамның, не екі топтың арасында жүзеге асады; оқушы мен мұғалімнің міндеттері бөлек болғанымен мақсаттары бір болады; қатысымдық әдіс мұғалім мен оқушының, бір ұлт пен екінші ұлттың тіл арқылы сөйлесуін қамтамасыз етеді; тілді үйрету күнделікті өмірде практикалық жолмен, ауызба-ауыз сөйлесу арқылы іске асады. Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы арқылы белгі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдіс. Қатысым әдісі оқушыны аз уақыт ішінде сапалы біліммен қамтамасыз ететін жедел, интенсивті оқыту, яғни бір тілді басқа ұлт өкілдеріне оқытатын тиімді әдіс. Тілді жедел оқыту әдісі шет тілдерін жедел оқытудан басталған, ал орыс тілін жедел оқыту мәселесін Г.А.Китайгородская, А.Зайцев, П.Лозанов, В.Шаталовтар бастаған. Қазақ тілін жеделдете оқытудың ең ұтымды түрі – өзге ұлт өкілдерінің қоғамдық ортада пікір алмасуын, қазақ тілін түсініп, сөйлесе білуін қамтамасыз ететін қатысым әдісі дейміз.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің «Қазақ тілі» бағдарламасы бойынша қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне меңгертуде коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрады, сондықтан оқулықтағы материалдар, тіл

дамыту жұмыстары оқушыларды қазақша сөйлетуге бағытталуы керек, оқыту бары-сында жеке сөзбен емес, сөйлем құрау арқылы үйрету басты мақсат болуы керек.

Өзге ұлт өкілдеріне жеке сөздер мен грамматикалық формаларды қанша үйреткенімен сөйлем түрінде айналымға түспей, оны меңгеру мүмкін емес. Өйткені сөздер өзара байланысқа түсіп, сөйлем құрамына енгенде ғана жаңа бір ойды білдіреді. Ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмыстары оқушының жас ерекшелігіне қарай алынады, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді таныту, тілдік қорын байыту және оқушылардың рухани санасын қалыптастыруда ұлттық мәдениетті, әдебиетті, тарихты, дәстүрлерді дәріптейтін материалдар тіл дамыту жұмысында молынан пайдаланады [3].

Бүгінгі күні шетелдік озық тәжірибелер негізіне сүйене отырып әзірленген әдістемеліктер мен электронды оқыту құралдары, кешендер, деңгейлік оқытулар тіл мамандарының пайдалануына ұсынылуда. Мектептер интерактивті тақталармен қамтамасыз етілуде.

Ғылым мен технологияның дамуы инновациялық білім берудің қажеттілігін, түрлі технологиялардың оқу үдерісіне енгізілуін талап етеді. Компьютерлік әдіс-тәсілдер педагогикалық басқаруды қамтамасыз етіп, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Сабақта компьютерлік технологияны қолдану оқушы мен оқытушының ақпараттық-коммуникативтік мәдениеттің кең түрде дамуына жағдай жасайды.

Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы модельдерді жасау және көрсету; қажетті бағдарламаларды үйлестіріп қолдану; оқушыларды сабаққа белсенді түрде қатыстыру; сабақтың қарқыны мен барысын жақсарту; оқушының ой-өрісін дамыту сияқты маңызды жұмыстар іске асады. Алайда, жаңа технологиялық құралдарды тиімді пайдаланып, сабақтың сапасын арттыру үшін тіл маманының кәсіби біліктілігін; әдістемелік шеберлігі мен комьпютерлік сауаттылығын жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Компьютерлік технологияны қолдану әдісін білмей, тек сурет, мәтін және де басқа ойлау процесін тудырмайтын материалдарды көрсетумен шектеушілік жиі кездеседі. Қазақ тілі сабақтарында интерактивті тақтаны қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың ойлау процесін дамыту, солар қылы дамыта оқыту технологиясын іске асыру. Компьютерлік технологияны қолдану әдісін білмей, оны пайдалану да зиян екенін білуі керек.

Қазақ тілін оқытуда қойылатын тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарының күрделілігі әрбір сабақта әр түрлі тәсілдер мен оқу құралдарын үйлесімді қолдануды талап етеді. Білім беру міндеттерінің мақсатқа сай болуы және мұқият іскерлікпен жасалған әдістемелермен ұштастырылуы – қазақ тілі сабағының нәтижелі болуының басты шарты.

Оқушының сөйлеу тілін дамыту тек ауызекі сөйлеу, жаңа сөздерді немесе сөз тіркестерін жатқа айту, мәтінмен жұмыс, оқу, сұраққа жауап беру, суретпен әңгіме құрастыру, тапсырмаларды ауызша орындаумен ғана шектеліп қоймайды. Оқушылар сөздерді бір-бірімен байланыстырумен қатар, сауатты жаза білуі керек. Сауатты дұрыс жазу емле ережесін сақтау деген сөз. Мысалы,

шылаулар тақырыбын өткенде сабақта шылаулардың жасалу жолдарын түсіндіріп, оны меңгеріп, сонымен қатар, шылауларды жалғаулардан, жұрнақтардан ажырата білуге дағдыландыру үшін мұғалім қажетті слайдтарды жасап, оларды сабақта пайдаланғаны тиімді болады.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде түрлі ұлт өкілдері (орыс, ұйғыр, өзбек,тәжік т.б) оқитынын және сабақ оқушылардың ана тілінде жүргізілетінін ескеруіміз қажет. Қазақ тілі мамандары оқушылардың тілін біліп қана қоймай, сабақта қазақ тілі мен олардың ана тілі арасындағы ерекшеліктерін салыстыра түсіндіру арқылы нәтижеге жетеді. К.Д.Ушинский:«Басқа тілдің грамматикасын үйреткенде, ана тілінің грамматикасынан алған білімі басшылық ететін болсын» - деген [4]. Демек, мысалы, өзбек тілді мектептерде қазақ тілі мамандары міндетті түрде екі тілді, яғни, қазақ, өзбек тілдерін біліп, оқушыларға екі тілдің ерекшеліктерін компонентті салыстыру әдісі арқылы үйретуі керек. Қазақ, өзбек тілдері түркі тілдер тобына жатқанымен, екеуінің грамматикалық құрамы бірдей емес. Өзбек тілі өзінің тарихи даму жолында иран, парсы тілдерімен ұзақ уақыт байланыста болып, бұл тілде сингармонизм жойылған. Ал қазақ тілінде сингармонизм заңы сақталған. Міне осы себепті өзбек тілді оқушыларға қазақ тілінің жалғау, жұрнақтарын меңгерту қиыншылық туғызады. Ал қазақ тіліне тән 9 дыбысқа өзбек тілінде дәл келетін дыбыстар жоқ [5]. Демек, өзбек тілінің фонетикасы мен морфологиясын білмей оқушыларға қазақ тілі фонетикасы мен морфологиясын түсіндіру мүмкін емес.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде істейтін келешек мамандардың мақсаты – қазақ тілін оқушының басқалармен достық қарым-қатынас құралына айналдыруға жеткізетін ең тиімді әдіс-тәсілдерді меңгеру; қазақ тілінің дыбыстық құрамын, оның ерекшелігін, грамматикалық құрылысын, сөздік қорын, тіл дамытудың әдіс-тәсілдерін меңгеру.

Қазақ тілі бай, құнарлы тілдер қатарына жатады. Белгілі түркітанушы В.В.Радлов қазақ тілі жайында былай деген: «Қазақ халқы басқа халықтардан өзінің тіл өнерімен, таңқаларлық шешендігімен және тапқырлығымен ерекшеленеді. Жай сөйлегеннің өзінде сөйлемдердің құрылымы мен оралымы өлеңге ұқсайды» [6]. Түркітанушы П.М.Мелиоранский: «Барлық зерттеушілер қазақ тілін түркі тілдерінің ішіндегі ең таза және ең бай тіл деп есептейді. Бұл тіл суырып салуға қолайлы, өте бай және жан-жақты тіл» деген. Сондықтан тіл мамандарының алдында тұрған мақсаттарының бірі – қазақ тілінің байлығын, көркемдігін көрсету. Мысалы, жеке сөздерге не контекст сөзіне синонимдер табу арқылы бір сөзді екінші сөзбен ауыстыруға болатынын көрсетуге болады, сол арқылы мұғалім оқушыларға қазақ тілінің тамаша қасиеттерін көрсетеді. Тілдің тамаша қасиеттерін сезіндіруде халық мақал-мәтелдері мен фразеологиялық тіркестерді кеңінен пайдалану керек.

Оқушылардың тілге деген қызығушылығын тек білім беру сапасы мен тиімділігін көтеру арқылы арттыруға болады. Оқытуды тиімді ұйымдастыру ол тек оқытушының шеберлігіне байланысты. Тіл маманы оқытудың интерактивті әдістерін толық меңгерген, жаңа педагогикалық технологиялар мен тілді үйрету шеберлігін қалыптастырған маман болу керек дейміз.

Болашақ қазақ тілі мұғалімі қазақ тілінде оқытпайтын мектеп оқушыларының ана тілін, оның грамматикалық құрылысын, қазақ тілінен айырмашылығын және мектеп бағдарламасының, қазақ тілі оқулығының теориялық негіздерін жақсы меңгеруі керек. Сонда ғана мұғалім қазақ тілі пәнін сөйлесу, пікірлесу құралына айналдыруға жағдай жасайды.

Әдебиеттер

1. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005ж.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000
3. Сатыбаева А., Сатыбаева Г. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Астана, 2008
4. Ушинский К.Д. Шығармалар жтнағы. –М-Л. 1949
5. Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1971
6. Хусаинов К.Ш., Радлов И. Казахский язык. –Алма-Ата: «Наука», 1981

ӘОЖ 821.512.122

ҚЫЗ БЕН ЖІГІТ АЙТЫСЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хабдуллаева К.Н. – 10 А сынып оқушысы

Ғылыми жетекші: **Халикова Н.С.** – ф.ғ.к., аға оқытушы, ОҚМПУ,

Асанова Ж.А. – Ж.Баласағұн атындағы № 6 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

Summary

The article discusses the main features of the art of aitys, including the aitys between a girl and a guy. In the art of Kazakh aitys, aitys of Birzhan and Sara occupy a significant place. The article analyzes the new model of aitys of a girl and a guy presented on stage in the first years of independence.

Айтыс – қазақ халқының ертеден келе жатқан халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс – қазақ сөз өнерінің үздік үлгісі. Айтыс – сөз барымтасы болып табылатын ұлттық өнер. Алғашында тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан бұл өнер түрі бүгінгі таңға дейін өзіндік сипатын жойған емес.

Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар. Қазақ халқы тарихында Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Сүйінбай, Мұрат, Біржан, Сара т.б. өнерпаздар айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған.

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ең мол да ерекше саласы. Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде сапасы жағынан да, саны жағынан да ерекше орын алады. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде айтыстың бәдік айтысы, жар-жар, жануар мен адамның айтысы, өлі мен тірінің айтысы, жұмбақ айтысы, салт айтысы: (қыз бен жігіт айтысы мен ақындар айтысы), осы күнгі айтыстар сияқты түрлері бар. Тарих қойнауында айтыс өзіндік даму сатысынан өтті. Бүгінде айтыс жаңа сипат алған өнер түріне айналды.

Айтыс жанрының ең көлемді де көркем түрі – салт айтысы. Салт айтысы XIX ғасырдакең түрде дамыған. Осы кезеңде өмір сүрген Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Біржан, Сара сияқты айтыс өкілдері сөз таластырып, айтысқа түскен. Салт айтысы екіге бөлінеді: 1) қыз бен жігіт айтысы; 2)ақындар айтысы.

Салт айтысының бірі қыз бен жігіт айтысы. Бұл айтыстың басқа айтыстардан негізгі айырмашылығы айтысқа түскен қыз бен жігіт арасында әзіл-қалжың, сондай-ақ әлеуметтік жағдай көбірек сөз болады. Қыз бен жігіттің өнер жарысы кейде қайымдасу не жұмбақтасу түрінде де болады. Мысалы, Әсет пен Ырысжанның, Ұлбике мен Күдерінің айтыстары жұмбақ айтыстың озық үлгілеріне жатады. Сара Біржанмен айтысқанда «Тамағым жас баланың білегіндей, Иығым тік сандалдың тірегіндей, Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей, Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей», - деп айтыс өнерінің көркемдік деңгейі жоғары болатынын дәлелдей түседі. Қазақ айтыс тарихында Сүйінбай – Күнбала, Ұлбике – Күдері, Біржан – Сара, Әсет – Ырысжан, Жамбыл – Салиқа, Омарқұл – Тәбия, Ләтипа – Кенен, Әжек – Шәріпжамал, Мұсабек пен Манат, т.б. айтыстар қыз бен жігіт айтысының шынайы үлгілері болып табылады.

Қыз бен жігіт айтысы той-думанда, үлкен жиында айтылған. Айтыс қыз бен жігіттің арасындағы әзіл-қалжыңға құрылған. Қыз бен жігіт айтысына «Омарқұл мен Тәбияның», «Біржан мен Сараның», «Жамбыл мен Салиханың», «Кенен мен Ләтипаның», «Сүйінбай мен Күнбаланың» айтыстары жатады.

Біржан мен Сара айтысы – айтыс өнерінің озық үлгілерінің бірі. Айтыс 1871 жылы 13 қазанда қазіргі Алматы облысының Қапал-Ақсу өңірінде Біржан Қожағұлұлы мен Сара Тастанбекқызы арасында өтеді. Бұл айтысты ең алғаш 1898 ж. Қазанда «Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы жариялады. Біржан Сараны арнайы іздеп келіп айтысады. Біржан Сараның сөзге жұйрік екендігін «Қыз да болса адамның жүйрігі екен.Өленді жүндей сабап дүрілдетті» деп білдіртеді. Біржан сал мен Сара қыздың арасында айтыс қазақ әдебиетінің өлмес классикалық дүниесіне айналған. Біржан мен Сара көптеген тақырыптарды қозғайды. Әсіресе сол заманның шығдығы әйел теңсіздігі мәселесі анық та айқын көрініс табады. Жиенқұлдың Сараға тең еместігі ашық айтылады. Бірақ ата салттан аса алмайтындарын да білдіреді. Біжан өленderінде үнемі әділетсіздік пен зорлыққа деген оның наразылығы мен күресі көрініс тауып отырған. Қыз бен жігіт айтысының өзіндік ерекшілігі бар.

Қыз бен жігіт айтыстарына көбіне қыз бен жігіттің көңіл-күй лирикасы арқау болады. Қыз бен жігіт айтысында әрқашан жеңіл, әдемі әзіл-қалжың болады. Ол айтыстардың көпшілігіне тән екінші сипат, жігіттердің қыздарға өзінің көңілін білдіріп отыруы, оларды құрмет тұтуы, ардақтауы, жігіттің қызға ілтипат білдіруі, қыздың сұлулығын жыр қылуы. Қыз бен жігіт айтыстарында көбіне лирикалық сипат басым болады. Айтыста Сара Біржанның тамаша

даусын, суырып салма талантын ерекше атап өткен. Бұл айтыс ақынның атағын бұрынғыдан да арттыра түсті.

Айтыс бүгінде өзіндік ерекшелігімен халық назарына ұсынылып жатыр. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары айтыс өнері қайта жаңғырды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары айтыс өнері өзінің бабы мен бағы келіскен таланттарын өнер сахнасына шығара бастады. Жетпіс жылдан астам уақыт халықты жаншып келген қызыл империя құлаған соң оның орнында жаңа жас мемлекеттер пайда болды. Сан ғасырлар бойы бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікті алу рухани әлемімізді дүр сілкінтгі. Сапасы жоғарылап, көркемцігі арта түскен ақындық дәстүр биігіне көтеріліп, жаңа заман жырын, егеменді елдің көкейіндегісін дөп тауып, толғай бастады.

Егемендік алған жылдардың басында айтыс сахнасында жарқыраған жаңа есімдер молынан көріне бастады. Білімі мен мәдениеті, ойы мен бойы, сахналық сымбаты келіскен ақындар айтыс аренасында жырдан шашу шашып, сөздің балын ағызды. Айтыс өнері мектебінің жаңаша тұрғыда, өзгеше болмыста қалыптасуына өз үлестерін қосып жүрген өнерпаздар лек-легімен айтыс ауылынан бой көрсетті.

Алдыңғы толқын ағалардың соңынан кейінгі толқын інілердің ілесетіндігі секілді кешегі ел білетін Көпбай ақын, Көкен қарт, майталман Манап, тарлан Тәушендер жағалауда иіндеп қалған айтыстың бір толқыны болса, Қатимолла, Әселхан, Әсия, Қонысбай, Баянғали,Есенқұл, Шорабек, Абаш, Айтақын, Серік, марқұм Әзімбек пен Еріктер өз алдына бір жемісті шоғыр болды.

Айтыскер ақын – өз дәуірінің адал перзенті. Ол өзі өмір сүрген қоғамының көкейкесті мәселелерін көкірек көзімен таразылап, көрермен талқысына ұсына отырып, философиялық байламдарға барады. Оның жарқын мысалын, жалпақ елге үші шашып «көшпелі академия» атанған Сүйінбай, Түбек, Бақтыбай, Майкөт, Жамбыл т.б. XIX ғасырдағы ірі айтыс ақындары мен Әселхан, Әсия, Қонысбай, Шорабек, Мәлс, Мұхамеджан, Бекарыс секілді қазіргі айтыс ақтаңгерлерінің шығармашылығынан көреміз.

Айтыстың негізгі салмағы да, түйіні де өмір шындығы. Бетпе-бет келген екі ақын да сол орайда жеңудің сан алуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастырады. Ә дегеннен амандасу, ел жағдайын сұраудың өзінде айтыс боларлық түйін, сын тағарлық мәселелер іздестіріледі. Қарсыластардың қай-қайсысы да негізгі уәж, аталы ойларын бірден жайып салмай, аңысын аңдап, құрылған тор, айлалы қақпанға түсіруді көздейді. Оның алдын орап, матап, шырмап, қисынды да уәжді сөзбен тоспақ болады. Машығы мол, айла-тәсілі көп, аталы сөзді орнымен қолдана білген ақын ғана мәрелі жеңіске жетеді. Суырып салма өлеңге ысылған, ағыл-тегіл жыр иесі айтыста сөз таппағаннан жеңілмейді, аталы сөзден, жүйелі ойдан, бұлтартпас шындықтан тосылады. Мұны қанша өкініштi болса да жұрт алдында ашық мойындауға, кейінгі жырлау кезінде жасырмай айтуға мәжбүр болған. Бұл шыншылдық ойды «Аталы сөзге арсыз жауап қайырады» деген мәтелімен айтыстың әділ қазысы болған халық өзі түйіндеп отырған.

Әдебиеттер:

1.Қазіргі айтыс. Құрастырған И.Нұрақметұлы, С.Дүйсенғазин, - Астана: «Күлтегін баспасы» 2004. – 1-кітап. 312 б.

2 Қазақ өнерінің антологиясы, 25 томдық. Құрастырған М.Жолдасбеков, Ш.Қойлыбаев. - Астана: «Күлтегін баспасы». Айтыс Т. Y. (Тәуелсіздік кезеңіндегі айтыс). 2014. – 400 б.

3 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы.16-том. – Алматы:Жазушы,1985.– 400 б.

4 Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. Т. 2: Айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 288 б.

ӘОЖ 821.512.122

ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ «ТЕЛҚОҢЫР» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ КҮЙШІ СҮГІР БЕЙНЕСІ

Амангелді Ә.А. – 9 «ҚА» сынып оқушысы

Ғылыми жетекші: Халикова Н.С. – ф.ғ.к., аға оқытушы, ОҚМПУ,

Атеева Ж.Т. – М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын 8 мамандандырылған гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье проведен анализ образа куйши Сугира из рассказа «Телқоңыр» писателя Т.Алимкулова. В творчестве Т. Алимкулова много произведений, посвященных теме искусства. В статье раскрывается образ Сугира кюйши и повествуется о силе, могуществе кюя.

Тәкен Әлімқұлов шын мәнінде қаламгер ретінде суреткерлік даралыққа, көркемдік шеберлік биігіне өзіндік, айрықша қасиеттері арқылы қол жеткізді. Ең алдымен жазушы шығармаларының тілі, сөздік қоры, сөйлем құрылысы ерекше назар аударуды қажет етеді. Т.Әлімқұлов шығармашылығына зерттеу жасаған ғалымдар Т. Тоқбергеновтың «Тәкен Әлімқұлов» [1], Қ.Әбдезұлының «Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80-жылдардағы қазақ прозасы (дәстүр және жалғастық)» [2] еңбектерін атауымызға болады.

«Телқоңыр» әңгімесінде сөз зергері Тәкен Әлімқұлов атақты күйші Сүгір өміріне соғып, Сүгір жайын сөз етеді. Өте тартымды, шымыр әңгіме бір күйдің тарихынан сыр шертеді. Көзі қарақты оқырманға бірден байқалатын бір шындық – Сүгірдің тума талант, құдіретті күйші екендігі. Осыны мына әңгіме дәлелдеген үстіне дәлелдей түседі.

Сүгірдің сұрапыл күйшілігі, әкенің алғырлығы, көрегендігі, ой-түйсігінің ұшқырлығы, ұтымдылығы алдыңғы қатарға шығады. Түптеп келгенде барлық оқиға Сүгір домбырасынан атақты "Телқоңыр" күйінің дүниеге келуі төңірегінде топтастырылған.

«Телқоңыр» күйінің тарихы тосыннан өрбіп, өте тартымды, қызғылықты баяндалады. Әуелде Сүгірдің шығармашылық күйінің тоқыраған, домбырасын қолына алғанмен, жанынан ой таба алмай қиналған сәті суреттеледі. "Баптағанда, машық күйлер жаттығу тілемейді. "Ілмені", "Ыңғай төкпені", "Боз інгенді", "Тоғыз тарауды" ұйқыдан ояна сап тартуына болады. Ықыластың күйлері өз алдына. Бұл өңірде Сүгірге тең келетін домбырашы жоғы және аян". Осылай домбыра шертісі елден ерекше, атағы алты алашқа

асқан дәулескер домбырашының тұйыққа тірелген, көңілі жарым, жүрегі қобалжулы кезеңіне қаламгер соғып өтеді.

«Неге екені белгісіз, Сүгір көнетоз күйді жаңғыртпақ болады. Бірақ күй төгіліп кетпей, күрмеле береді. Көкейдің күйттілігі жетіспей жатыр. Бәлденейін десе бәл жоқ. Назданайын десе наз жоқ. Өкінейін десе, өкініш жоқ. Шолақ келген қызыл-қоңыр домбыраны әрі сабалап, бері сабалап, әрі шертіп, бері шертіп, мандырта алмай қойды» Өнер адамының өмірінде мұндай сәттер аз емес. Шығармашылықтың азабы деген – осы. Өнер туындысы да өнерпаздың жанын осылай езіп, азапқа салып барып туады. Жазушы шығармашылық процестің осы бір ауыр, азапты сатысын да әсерлі жеткізеді.

Кішкене оқиға ширығып келіп, терең толғаныстарға, тамырлы ойларға бастайды. Қызыл құлынның күтпеген жерден Сүгір шаңырағына сау ете қалған ауыл атқамінерлерінің қонақ асына сойылып кетуі, бір қарағанда қарапайым оқиға. Сүгір өмірінен алынған осы қарапайым көрініс, әңгіме соңында терең психологиялық, философиялық түйіндеулерге келіп сабақтасады. Жанары жаудыраған жас құлынның тағдыры адам тағдырымен астасады. Ақырында күй болып төгіледі.

Сүгірдің жан дүниесін астан-кестең еткен бұл жағдай із-түзсіз кетпейді. Құлынның енесін іздеп шырқыраған даусын, қас қағым сәтте құлынынан айрылған ене биенің сағынышы мен шерін жүрек сыздататын күйге сыйғызған Сүгір таланты тайға таңба басқандай танылады. Осының барлығын қаламгер тамылжыған тілмен, терең сезім толқындарымен тербеп отырып суреттейді. Қызыш құлын бауыздалар сәттегі суретті жан-жүрегің елжіремей, бауыр етің егілмей оқу қиын. Ой терендігінің, сөздегі суреткерліктің шым-шымдап көрінер тұсы осы. «Бала сары сәскеде қызыл құлынды шырылдата айдап келе жатты. Енесінен ажырасқан құлын көткеншектеп, үйіріне қарай қаша берді. Оған бала ырық бермей, сойылдап, аяусыз сабалап, ауылға қарай қуғыштады. Құлын от басына жақындаған сайын сұмдықты сезгендей шырқырап, қоңыраулы үнімен кісінеп, жанұшыра ; бастады. Үш қырқаның аржағындағы енесі бірге кісінеді. Ол да туған төліне ұқсап, жылқышыдан қатты қағажу көріп, аяусыз таяқ жеді. Бұны сезінген сайын қызыл құлын шыжкөбелек боп, бәйектеніп, бауырынан іріді. Қызғылтым түгі терге шомылып, қылшығы жапырылып, күнөсіз көзі жасқа толды. От басына жақындағанда, арттағы сағыныштан, алдағы үрейден қаны бұзылып, басы айналды. Қуғыннан өкпесі күйіп, тәлтірек қақты» Осылай, құлын трагедиясы қанды жасы сорғалаған күйінде суретке, бейнеге айналады.

Адам трагедиясын, болмаса аң, құс, жылқы трагедиясын суреттеген тұстарда Тәкен өзгеше өнерпаздық танытады. Оқырманын сендіреді, сендіріп қана қоймайды, өзімен бірге тебірентеді, терең толғанысқа түсіреді. Қызыл құлынның осылайша бір сәттік намыс, яғни қазақтың сүйекке біткен қасиеті-қонағына жалғыз тұяғын жығып беруге дайын тұратын қонақжайлығы кесірінен пышаққа ілінуі Сүгірдің білместігінен болады. Қызыл құлынның бауыздалғалы тұрғанынан хабар алған Сүгірдің әкесі жанұшыра ұлының үйіне жетеді. Бірақ, кеш қалып:

- Қап! - деп, санын бірақ соғады. Аққудай аппақ шал қара құстай қалбаңдап тұрып іштегі күйігін жеткізеді: «Оның бәрі мақұл ғой, мен құлынның етінің бұзылғанына күйінемін», - дейді [3]. Айтса айтқандай, алдыға ас келгенде қонақтың бірі құлынның етінің іріп кеткендігін ескертеді. Оның сырын Сүгірге әкесі түсіндіреді. Жылқы баққан ел құлынды енесімен бірге айдап келіп, сойысқа шалатындығын әке аузынан естиміз. Енесін қимаған, жарық дүниемен қоштасатынын алдын-ала сезіп, шырқырап, жантәсілім жасайтын жануар жарықтықтың жар дегенде жалғыз төлі – жас құлынның жайрап түскенін, соңынан құлынынан айырылған көк биенің байыз таппай, сарнап, кісінеп, күндіз-түні төлін іздеген зары кісінің сай-сүйегін сырқыратындай көркемдік қуатпен, шынайы суреткерлікпен беріледі.

Күйдің домбыраға түсу, өмірге келу сыры да қызық. Құлынын жоқтап, күннен-күнге жіңішкеріп, шөгіп бара жатқан көк биеге басқа төлді бауырына тартып, қанша телісе де, ене бие Қатқан тоңдай ию бермей, қасарысып тұрып алады. Енді оны аман қалған қоңыр құлынға идірудің жалғыз жолы - күй Құдыретінде жатқандығын Қаратау өңіріне атағы шыққан, алты Қырқаның астындағы текті жылқыны даусынан танитын ат сыншысы айтады. Жаңа күй осылайша өмірге келеді. Күйдің басталуын, бастапқы тарауларын, шарықтау шегін қаламгер ұзақ толғап, қағысты қайырып келеді де, соңын былайша түйіндейді: «Домбыра аңырамай. еркелеп шыға келді. Бейне, кушанақтан қызыл құлын кісінегендей болды, Жіңішке, әсем әуез төгілді. Тәйри-тәйри, тәйри-тай деген нәзік те ерке дыбыстар сағалықтан бұғалыққа қарай өрлеп, бара-бара құлшына кісінеп кетті. Жансыз ағашқа жан бітті, ыңқылдады. Пернелер иіп, екі ішек еңірегенде, көк бие қоса еңіреді. Артынша, оқыранып, өміренді. Қоңыр құлынды иіскегенде жаудыр көзі жасқа толып кетті.

Бие иіді...

Күйші бусана балқыды...» [3]

Бірнеше күндер бойы өзіне телінген қоңыр құлынды тепсініп, жанына жолатпаған көк бие құлағының түбінен Сүгірдің жаңа шығарған сазды күйі төгілгенде өзгеріп сала береді. Биенің қайғыдан қатып-семген емшегінің қалайша жібіп, бөтен құлынға бауырын тосқаны тебірентеді. «Телқоңыр» атанған күй құдыреті осылайша ақыл иесі адам түгілі, есті жануар жылқының да жан-жүрегін тербеп, енелік мейірімін оятқандығы терең әсер қалдырады.

Қаламгердің суреткерлік шеберлігі де осы тұста танылады. Осының барлығын мелдіреген сырға, жануардың шері мен мұңына бөлеп бейнелеу, көркемдік тұрғыда кінаратсыз келісімге қол жеткізу – жазушының суреткерлік үлкен талантының белгісі

Әдебиеттер

1.Тоқбергенов Т. Тәкен Әлімқұлов. – Алматы: Рауан, 1992. – 118 б.

2.Әбдезұлы Қ. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80-жылдардағы қазақ прозасы (дәстүр және жалғастық): Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 576 б.

3 Әлімқұлов Т. Сырлы наз: Таңдамалы әңгімелер, повестер. – Алматы: Жазушы, 1977. – 360 б.

ӘОЖ 821.512.122

Т.ӘЛІМҚҰЛОВТЫҢ «ТЕКТІ ҚАСҚЫР» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ АДАМ МЕН ТАБИҒАТ МӘСЕЛЕСІ

Құлмырза З.Е. – 9 А сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: Халикова Н.С. –ф.ғ.к., аға оқытушы, ОҚМПУ
Базарбаева Ж.Р. – Ж.Баласағұн атындағы № 6 жалпы
орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье анализируется проблема взаимоотношений между человеком и природой в рассказе писателя Т. Алимкулова «Текті қасқыр». Проблема взаимосвязи человека и природы поднимается в процессе анализа рассказа, построенном на глубоком психологизме.

Қазақ әдебиетінің түп тамыры түркілік дүниетаныммен ұштасып жатады. Әлемдегі өзге халықтар сияқты, түркі халықтарының да – өзіне тән қалыптасу, даму жолы, ғасырларды артқа тастаған тарихы бар. Әрбір тайпа, әрбір халық ұлт болып қалыптасу үшін талай тарихи кезеңдерді басынан өткізетіні белгілі. Хақымыздың бастау алар кезеңдеріне үңілсек, бабаларымыз түркілер деп аталатын алып бәйтеректің бір тамырынан тарап, қазақ тілі түркі тілінің негізінде пайда болғанын білеміз. Олай болса, түркі әлемінің бір тармағы ретінде қалыптасқан қазақ халқы әдебиетінің тарихы да тереңде жатыр.

Байырғы түркі халқы дүниетанымында адамзатты жаратушы табиғат, яғни «Тәңірі» болып саналады. Осыған байланысты түркі халықтарындағы салт-дәстүрлердегі наным, таным-түсініктеріндегі тыйымдар табиғатпен байланысып жатады. Байырғы түріктердің түсінігі бойынша Тәңір көктегі жалғыз жаратушы, ол көзге көрінбейді. Ежелгі түркі халқының байырғы кезеңдердегі наным-сенімдері, өмірге деген көзқарастарының негізі тәңіршілдікте жатыр. Тәңірлік адамның табиғатқа табынуынан, табиғатты құдай деп түсінуінен туындаған түсінік. «Тәңір – ең жоғарғы Құдай» [1,10] деп түсінген ежелгі түркілер Көкке (Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйыну арқылы Тәңірді жаратушы ретінде, ал жерді тіршіліктің тірегі ретінде қабылдаған. Сол себепті түркі халқы Тәңірі жаратқан табиғаттың әрбір жаратылысына ерекше көңіл бөліп, оған зор сүйіспеншілікпен, үлкен құрметпен қарауды үйренген. Исламға дейінгі қазақ халқының рухани дүниетанымында тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады. Халық «Тәңірі» жаратқан табиғаттың тылсым құпияларының сырларын ашуда әртүрлі мифтерді тудырған. Тәңірі жаратқан табиғаттың әрбір құбылысының иелері бар деп түсінген түркі халқы аңның, малдың пірі болады деп ұғынған.

Байырғы түркі мәдениеті мен көшпелілер философиясы, қазақ халқының түп тамыры болып табылатын көне түркі елінің мифологиясы халымыздың асыл мұрасы, қымбат қазынасы болып табылады. Ежелгі түркі халқының мифтері бойынша баяғы заманда Ұлы Даланы мекендеуші көшпелілер Көк Құдайы – Тәңірге сенген. Осыған орай, олардың ұстанған діні тәңіршілік деп аталған. Тәңіршілік ұғымының бүгінгі қазақ әдебиетіндегі көркем көрінісін қазақ қаламгерлері шығармаларынан байқаймыз. Қазақтың бас ақыны Абай шығармаларында Тәңір, Құдай, Алла сөздерінің жиі кездеседі. Ақының

А.С.Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романынан «Татьяна сөзі» деп аударған үзіндісінде «Тәңірі қосқан жары едің сен...» [2, 112] деп «Тәңірі» сөзімен өлең жолдарын бастайды. Қазіргі қазақ прозасында қаламгер М.Сқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесінде де Тәңірі бейнесі көрініс табады. Жазушы «Ұят туралы аңыз» мифтік шығармасында шамандық ұғым бойынша қалыптасқан үш қабат әлемнің ең жоғарысында мекендейтін Тәңірі мен оның қасындағы періштелер туралы көркем әңгімелейді. Шаманизм дәуіріндегі ұғым бойынша әлем үш қабаттан тұрады: жоғарғысында – Тәңірі және перілер (періштелер), ортаңғысында – адамдар және хайуанаттар, төменгісінде – әруақтар мен зұлым күштер мекендейді екен. [3, 297].

Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты суреттеген қазақ қаламгерлері аз емес. Соның бірі табиғаттың адамға бағынбайтын қатал мінезін суреттеген Тәкен Әлімқұловтың әңгімесі «Текті қасқыр» деп аталады. «Т.Әлімқұловтың «Текті қасқыры» – психологиялық талдауға құрылған әңгіме. Жазушы «Текті қасқырда» Бұғыбай бойындағы санасыздық әрекеттерге де психологиялық талдау жасаған» [4,10]. Әңгіменің құндылығы Бұғыбай мен қасқыр бойындағы күйзеліске терең үңіле білуде. Жалпы әдебиет әлемінде дала суретін, ұшқан құс, жүгірген аңның жұмбағын білуге талпынған жазушылар аз болған жоқ. М. Әуезовтің «Көксерек» повесі, Ш. Айтматовтың бұғылары мен бөрілері, текті тұлпары жайлы жазған классикалық туындылары осыған дәлел. Аң мен құс, жан-жануар тағдырын толғаған қай қаламгердің шығармасын алып қарасақ та, олардың адам тағдырынан айналып өтпейтініне көз жеткіземіз.

Көксеректің табиғат қалыптастырған жыртқыштық мінезін адамның өзгерте алмайтынын көрсеткісі келген Әуезов өз туындысы арқылы сол заманның өмірлік шындығын алға тартады. Сонымен қатар, Әуезов Көксерек мінез-құлқы арқылы табиғаттың өзіне ғана тән қатал мінезін көрсетуді мақсат етсе, Тәкен де өз әңгімесіндегі аңшы баласын іліп әкеткен қасқырдың кегі арқылы тылсым табиғаттың өз тәртібі, өз заңы бар екендігін дәлелдейді.

Бөлек сілемдерін суреттеумен басталатын әңгімеде жалғыз қалған қасқырдың адамнан өш алу әрекеті баяндалады. Тіршіліктің бар қызығын аңшылық деп ұғатын Бұғыбай әңгімеде көкжал қасқырды таспен төмпештеп өлтіргенде, сол қақпанның күндердің күнінде өзіне қырсық боп жабысатынын білген жоқ. Көкпарға тартылған көкжал қасқыр үшін, көзі ойылған күшіктері мен аңшының еншісінде кетіп, адамның асырауына, жылы алақанына үйреніп келе жатқан бөлтірігі үшін алынған кек әңгімеде әсерлі суреттеледі. Қасқыр – жыртқыш аң. Адам баласы оған хайуан деп қана қарайды, оның ішкі жан сезіміне үңіле бермейді. Қасқырдың өз айла-амалы бар, өзіндік ойлау қабілеті қалыптасқан. Қасқырдың табиғат тудырған жыртқыштық мінезін, оның тектілік қасиетін әңгіме еткен Тәкен жалғыз қалған ақ қасқырдың сағынышқа толы ішкі қиналысын дәл бейнелеп бере алған. Әсіресе қолға үйреніп бара жатқан бөлтірігін көргендегі қасқырдың бойын жайлаған ыза, кекті Тәкен терең тебіреніспен суреттейді.

Адам мен табиғат егіз десек те, табиғаттың адамға бағынбайтын өз заңдылықтары бар. Табиғаттың құдіретті тепе-теңдігі бұзылмауы тиіс. Тәкен

шығармасында осы тепе-теңдік бұзылады, соның нәтижесінде туындаған адам мен табиғат арасындағы қайшылық күрес шығармада шебер көркемдік шешімін тапқан. Ызаға булыққан қасқыр адамның өзіне жасаған зұлымдығы үшін өш алып, кек қайтармақ болады. Кекті қасқыр бейбіт жатқан елге әлек салып, малына тыныштық бермейді. Ашынған қасқыр ешнәрседен тайынбайды. Бір ғана ауылды айналшықтап, қойларына тиіп, малшылардың мазасын алған қасқыр сыры ауыл адамдарына жұмбақ боп қала берді. Оның сыры адам қолына үйреніп келе жатқан бөлтірігі мен жалғыздықтың күйігі еді. Қасқыр өз бөлтірігінің адамнан ет жеп, сүт ішкенін көргенде қаны қайнап, басы айналып, көзі қарауытып кетеді. Түзде отырған Бұғыбайдың баласын қас қағым сәтте іліп әкеткен қасқыр сыры жан түршігерлік жағдайдан кейін ғана көпшілікке мәлім болады.

Шығарманың көркемдігін арттыру мақсатында әңгіме сюжетіне аңыздық желіні пайдалану Тәкен қолтаңбасының ерекше бір тұсы. Яғни аңыз-әңгімелерді өз шығармасына қолдану жазушының стильдік ерекшелігін танытады. Қасқырдың күшіктері жатқан үңгір туралы аңыздық желіні әңгімеге енгізу арқылы жазушы шығарманың әсерлілігін күшейтеді. «Осы апан туралы ел аузындағы аңызды бала кезінде естігенді. Апанның түбінде байлаулы айдаһар бар-мыс.Үңгірдің уілі айдаһардың демінен пайда болады-мыс. Бағы заманда қазақтардан қашқан басқыншы қытайлар қазына тығып кеткен деген лақапқа иланушылардың үңгірге шырақ алып түсе алмағанын да Бұғыбай еміс-еміс біледі» [5, 138 б.].

Тәкен қасқырдың жан иірімін, ішкі қиналысын шебер бере алған. Бұл ретте де Тәкеннің Әуезов дәстүріне сүйенгенін, одан үлгі алғанын байқаймыз. Тәкен де Әуезов сияқты адам қолына үйреніп, күшік болып келе жатқан қасқыр бөлтірігі туралы жазады. Қос қаламгер де қасқырдың қиналысын, ішкі психологиясын терең суреттейді. Адам мен табиғаттың қарым-қатынасы туралы мәселе заман шындығына сәйкес келеді.

Әдебиеттер:

1 О.Жанайдаров. Ежелгі Қазақстан мифтері. – Аматы: «Аруна» баспасы, 2007, - 256 б.

2 А. Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.

3 М. Ысқақбаев. Көңіл жұбанышы: Повестер және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 480 б.

4 https://studopedia.info/4-22075.html

5 Т.Әлімқұлов. Шежірелі сахара: Повестер және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1976. – 192 б.

ӘОЖ 821.512.122

Д.ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ІЗДЕНІСТЕР

Абдукаимова И.Б. – 10 «Б» сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: **Асан Н.Б. –** магистр-оқытушы, ОҚМПУ
Базарбекова Н.С.–Ж.Баласағұн атындағы № 6 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается художественно-эстетические поиски писателя Д.Исабекова. В данной статье рассматривается создания специфики образа и уникальность природы персонажа, отдельные аспекты проблем художественного воссоздания типа, характера, образа, проанализировать художественно-изобразительную и образно-стилистическую систему, систему средств и приемов, определяющих художественный уровень литературного национального произведения и способы реализации в нем авторской идеи.

Қазақ прозасындағы психологизм – әдеби процестің ерекшелігі. Ол әдеби процесте қуатты көркем құбылысқа айналды. Дәл осы кезең әдебиетінде образ характерінің әлеуметтік, адамгершілік тұрғыдан айшықталуымен қатар, оның нағыз типтік толыққанды көркем бейнелік биігіне көтерілуі үшін психологизмнің қызметі үлкен болды. Психологизм Т.Ахтанов, Т.Әлімқұлов, Ә.Кекілбаев, О.Бөкеев, М.Мағауин, С.Мұратбеков, Д. Исабеков т.б. қаламгерлердің шығармаларында әралуан деңгейде, стиль даралығына сай жүзеге асырылды. Психологизмнің өркен жаюы прозадағы адам концепциясын да әлдеқайда тереңдете түсті. Әдебиетте адам жанының ішкі сезім-толғаныстары психологиялық құбылыстар арқылы ашылып, адам бейнесі жан-жақты сомдалып, характер табиғаты тереңдей түсті. Д.Исабеков әдебиеттегі өзгеше құбылыс [1].

60-80-жылдардағы қазақ қаламгерлері шығармаларынан ұлттық характер, ұлттық психология айқын көрінеді. Осы жылдардағы қаламгерлер өмірлік шындықтарды көркем бейнелеуде кейіпкерінің іс-әрекетінің, мінезінің терең психологиясына мән береді. Осы мақсатта түрлі көркемдік тәсілдерді қолданған қаламгерлер көптеген шығармашылық табыстарға қол жеткізіп, қазақ прозасын биік бір белеске көтерді.

Көркем шығарманың қасиеті жазушы кейіпкердің ішкі даралығын ашып көрсетуімен бағаланады. «Көркем шығарманың сапасы, құны, негізгі қасиеті бейнеленген объектісімен, кейіпкерлер нобайымен оп-оңай айқындалмайды. Өнер құбылыстарын философиялық тұрғыдан терең бейнелеу үшін адам характеріне, мінезге зер салады. Әдеби ұғымдағы характер – адамның белгілі бір жәйтке өзінің қатысын білдіруі, басқаға қарағанда даралық ерекшелігі, жанды, өміршең қалыптағы бөлек сипаты» [2, 31 б.]. Олай болса, көркем шығармадағы кейіпкер бейнесі адамның мінез даралығы айқындалған жағдайда ғана терең мәнге ие болады.

Әдеби шығармада кейіпкер мінезінің көрінуі бірден пайда болған жоқ. Алғаш көркем шығармаға қажетті ең шешуші, бірінші шарт сюжет деген ұғым болған. Расында да, әдебиет тарихына көз жіберсек, көркем шығарма тудыруда жазушылардың оқиға жүйесіне көп көңіл бөлгендіктері байқалады. Бүгінде

жазушылар көркем шығармадағы өмір құбылыстарын терең тануда кейіпкер мінез-құлқына терең мән беріп, оны жан-жақты ашып көрсетуде әртүрлі әдіс-тәсілдерді шеберлікпен қолдануда. «Характер – жазушының өмір тануы. Өмір шындығын суреткер кейіпкер мінезі арқылы ашып көрсетеді» [3, 121 б.].

Трагизм – қаламгер Д. Исабеков шығармаларына тән қасиет. Жазушының «Сүйекші», «Тіршілік» атты повестерін оқи отырып, кейіпкерлердің бақытсыз, баянсыз өміріне куә боламыз. Дулат кейіпкерлері өмірдің әділетсіз жақтарымен жиі бетпе-бет келіп, жеңіліс табады, үнемі азапты күндерді бастарынан өткізіп, тағдырдың тәлкегіне мойынсынады, қатал өмір алдында дәрменсіздік танытады. Жазушының «Тіршілік» повесіндегі Дәулетбай байдың қызы Қыжымкүл – әділетсіз қатал өмірдің құрбаны. Ол бұл өмірден жапа шегіп, жалғыздық көреді. Тағдырдың көрсеткен азабы жас қыздың өзегін өртеп, жанын жаралайды. Қыжымкүлдің тағдыр тауқыметіне қарсы келер амалы болмайды. Қыжымкүл жалғыз, оның ішкі әлемі жалғыздықтан, әділетсіздіктен жараланған. Қыжымкүл тағдырының осыншалық құлдырауының, тұйыққа тірелуінің, тағдырының қара түнекке айналуының себебі неде? Оның еркіндігін еншілеген, бақытын барымталаған бейтаныс жан, қатал әке, мейірімсіз аға – Қыжымкүл трагедиясының іргетасын қалаушылар. Бақытсыз, баянсыз өмірге жол тартқан Қыжымкүл рухани күйзеліске түсті, уайымға беріліп, өмірге деген сенімін жоғалтты. Сонда да ол тағдыр тәлкегіне көндікпей, мүмкіндігінше тағдыр тауқыметіне қарсы тұруға тырысады. Ол бұл өмірдің азапты күндерін көп көргенімен, рухани жеңіліс таппайды. Оған қаршадай қызын қаңғытып жіберген Дәулетбайдың уақыт өте келе, Қыжымкүлді іздеп, алдына баруы дәлел. Қыжымкүл әкесінің осы бір іс-әрекеті арқылы жазушы уақыт өте келе Дәулетбай әділетсіздігінің жеңілгенін байқатады. Осылайша жазушы өз шығармалары арқылы кейіпкерлер өмірінің баянсыз болуына себеп болған жағдайларды анықтап, олардың туындауына кім кінәлі деген сұраққа жауап іздейді.

Аталмыш кезең қазақ қаламгерлері жалғыздықтан жапа шеккен адамдар тағдырын шебер суреттей отырып, адам өмірінің маңыздылығын алға тартты. Адамның өмірдегі панасыздығын, қорғансыздығын меңзейтін, табиғатты жатсынуын бейнелейтін, адам болмысының рухани дағдарысының себептерін іздеген шығармалар қатары аталған кезең қаламгерлері шығармаларында бас көтере бастады. Ә.Кекілбаев, О.Бөкеев, Д.Исабеков сынды қаламгерлер шығармаларында қатыгез тағдырдың құрбандығына айналған трагедиялы бейнелер бой көрсете келе, өмір заңдылықтарының адам тағдырымен тамырластығы сөз болады.

Әдебиетте әдеби характер, ұлттық характер деген ұғымдар бар. Әдеби характер кейіпкердің мінез бітімі, адамның ішкі ерекшелігі, адам бойындағы сан түрлі қасиеттердің біріккен тұтастығы, адамды өзгеден даралап тұратын мінез-құлық өзгешелігі. Өмірдегі адам характерінен әдеби характердің айырмашылығы бар. Жазушы кейіпкер характерін ашу жолында өмірде бар адамдардың мінездерін пайдаланатыны анық, әйтсе де әдеби характер жазушының қиялынан туындайды. Шығармада кейіпкер мінезін қалай сомдау жазушының

шеберлігіне, оның өмір шындығына терең бойлай білуіне байланысты. Кейіпкердің рухани ішкі әлемі, жан сыры, өмірді тануы оны мінездеу арқылы, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы көрінеді. Қай дәуірдің болсын әдебиеті өздігінен туа салмайды, ол өзінен бұрынғы әдебиеттің дәстүрлеріне сүйеніп, оның озық үлгілерін, идеяларын байыта отырып дамиды. Әдеби дәстүрдің қалыптасуы – бірнеше ғасырдың жемісі. «Көркемдік ойлаудың ұлттық ерекшеліктері негізінде қалыптасқан әр халықтың әдеби дәстүрі – бір кезең, бір дәуір емес, ұзақ ғасырлар тудырған, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, үнемі өзгеріп, түлеп, байып, дамып отыратын рухани игілік. Қашанда әдеби дәстүр мен әдеби даму – әдеби қозғалыстың өзара ажырамас, тығыз диалектикалық байланыстағы құрамдас қайнарлары» [4, 5 б.].

Әдебиеттану ғылымында ұлттық характер мәселесі ертеден көтеріліп келе жатқаны мәлім. Уақыттың алға жылжып, қоғамның жаңа сипат алуына байланысты адамның ой-санасы өзгеріп, өсіп, дамып отырады. Яғни заман өзгерісі адамның көзқарасына, дүниетанымына, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына ерекше әсер етеді. Осыған байланысты, адамның мінезі, ішкі болмыс-бітімі де уақыт өткен сайын күрделене түседі де, әдебиеттегі кейіпкердің жаңаша бейнеде, рухани түлеу үстінде көрінуі сияқты мәселелер туындап отырады. 60-80-жылдар қазақ қаламгерлері шығармаларында сан алуан кейіпкерлер өздерінің түрлі мінез ерекшеліктерімен көзге түседі. Кейіпкерлердің әрқайсысының басқаға ұқсамайтын мінез бітімі, характер қырлары арқылы жазушылардың өздеріне ғана тән қолтаңбалары айқындала түсті.

Әдебиеттер:

1 Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Повестер. –Алматы: Жазушы, 1993.
2 Нұрғалиев Р. Өнер алды – қызыл тіл. – Алматы: Мектеп, 1974, – 172 б.
3 Ақшолақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп, 1983. – 191 б.
4 Нұрғалиев Р. Телағыс / Әдеби дәстүр мен әдеби даму: Монография. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.

ӘОЖ 821.512.122

М.ТАЗАБЕКОВ АЙТЫСТАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚУАТЫ МЕН КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Вахабова Н.З. – 117-38 тобының студенті
Турмуратова К.Н. – 9 а сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: Ешмахова А.Е. – Ж.Баласағұн атындағы № 6 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье дается оценка поэтического мастерства поэта-айтыскера Мухамеджана Тазабекова с позиций реалий сегодняшнего дня. Развитие искусства айтыса за годы независимости оценивается посредством анализа творчества поэта Мухамеджана Тазабекова. Проведен всесторонний анализ творческой биографии М. Тазабекова. Раскрыта стилевая особенность, выявлен индивидуальный почерк поэта. На конкретных примерах

определено использование художественных приемов выразительности, раскрыты в целом особенности языковых средств в айтысах М. Тазабекова.

Айтыс – қазақ халқының рухани ұлттық құндылығы. Ғасырлар бойы қалыптасып, бүгінгі күнге дейін аманат болып сақталып келген бұл өнер қазіргі таңда да өз биігін жоғалтпай келеді. Әрине, ұлттық құндылықты сақтап қалу үшін өткенді саралап бүгінгіні бағалап отыру басты біздің басты парызымыз. Тәуелсіздік жылдардың алғашқы кезеңі мен қазіргі кезеңдегі айтыс өнерінің дамуына ықпал етіп келе жатқан айтыскер ақындарымыз айтыс өнерінің жаңаруына өз үлестерін қосып жүр. Соның ішінде М.Тазабековтің шығармашылығын ерекше атауымызға болады.

Егемендік алған жылдардың басында айтыс сахнасында жарқыраған жаңа есімдер молынан көріне бастады. Білімі мен мәдениеті, ойы мен бойы, сахналық сымбаты келіскен ақындар айтыс аренасында жырдан шашу шашып, сөздің балын ағызды. Айтыс өнері мектебінің жаңаша тұрғыда, өзгеше болмыста қалыптасуына өз үлестерін қосып жүрген өнерпаздар лек-легімен айтыс ауылынан бой көрсетті.

Алдыңғы толқын ағалардың соңынан кейінгі толқын інілердің ілесетіндігі секілді кешегі ел білетін Көпбай ақын, Көкен қарт, майталман Манап, тарлан Тәушендер жағалауда иіндеп қалған айтыстың бір толқыны болса, Қатимолла, Әселхан, Әсия, Қонысбай, Баянғали,Есенқұл, Шорабек, Абаш, Айтақын, Серік, марқұм Әзімбек пен Еріктер өз алдына бір жемісті шоғыр болды.

Айтыстың негізгі салмағы да, түйіні де өмір шындығы. Бетпе-бет келген екі ақын да сол орайда жеңудің сан алуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастырады. Ә дегеннен амандасу, ел жағдайын сұраудың өзінде айтыс боларлық түйін, сын тағарлық мәселелер іздестіріледі. Қарсыластардың қай-қайсысы да негізгі уәж, аталы ойларын бірден жайып салмай, аңысын аңдап, құрылған тор, айлалы қақпанға түсіруді көздейді. Оның алдын орап, матап, шырмап, қисынды да уәжді сөзбен тоспақ болады. Машығы мол, айла-тәсілі көп, аталы сөзді орнымен қолдана білген ақын ғана мәрелі жеңіске жетеді. Суырып салма өлеңге ысылған, ағыл-тегіл жыр иесі айтыста сөз таппағаннан жеңілмейді, аталы сөзден, жүйелі ойдан, бұлтартпас шындықтан тосылады. Мұны қанша өкінішті болса да жұрт алдында ашық мойындауға, кейінгі жырлау кезінде жасырмай айтуға мәжбүр болған. Бұл шыншылдық ойды «Аталы сөзге арсыз жауап қайырады» деген мәтелімен айтыстың әділ қазысы болған халық өзі түйіндеп отырған.

Қазақ халқы ислам дінін ұстанып отырғаны белгілі. Ислам дінінің қазақ даласына келгеніне де он екі ғасырдан асты. Мұхамеджан өз айтыстарында ислам дінінің халық өміріндегі орны туралы өз ойларын айтады. Діннің шын мәніндегі бағытын білген жамағат ешуақытта адаспайды дейді ақын.

Алладан адамзатқа жетті Құран,
Ұстанар табылмай тұр өткір ұлан.
Тағылық Бекжан, солай өрістейді,
Тап-таза тектіліктің жоқтығынан. [1, 146 б].

Ақын «түркішілдік» идеясын да алға тартады. Түркі халықтарының рухани және мәдени ордасы, бүткіл түркі жұртының ыстық та, қастерлі мекені Түркістанды ұлықтайды.

Түркістан он бес ғасыр ел көшінде,
Келеді ер Түріктің бейнесінде. [1, 210 б].

Айтыс – халықтың көзі, айтыс – халықтың тілі екеніне күмән жоқ. Мұхамеджан Тазабеков пен Балғынбек Имашевтің айтысына айтыскерлер аузынан поэзиямызға ерекше түр, өң беретін жанды сөз образдары, теңеу мен суреттеулер көптеп кездеседі. Мұхамеджан:

...**Ащы тер** шыққан кезде жон арқадан,
Шабыттың тізгініне қол арта алам.
Ойлы халқым, орныңда отырмысың,
Нәр алып айтыс деген омартадан... [2, 171]–деп бастап, табиғи төкпе өлең жырларын төгілдіре келе:

Бөрідей жігіт болсаң, бөгелмей айт,
Ел тыңдасын аузының суы құрып.
Азу басып көр енді арыстанға,
Тиген жерде тіс қалсын суырылып... [2, 172]– деп, қарсыласын жігерлендіре,

желпіндіре түседі. Жігіттік намысты қайрайтын, ерекше екпінмен айтылған жанды сөз образы бар. Балғынбек:

...Ауыздықпен алысқан **тұлпардаймын**,
Көп шайқаймын басымды. **Бұлтармаймын.**
Басып жейтін қарақұс мен емеспін,
Шашып жейтін алғанын **сұңқардаймын**! –десе, [2, 173]. Енді бірде Мұхамеджан:

...Апамсың **шашы бұлттай, басы күндей,**
Әуенің әуедегі **қаз үніндей**.
Қасыңа батыл басып қайның келді,
Шайырдың шынжыр балақ нәсіліндей – [2, 178]дейді.

Метафора тілге тек көркемдік беретін элемент қана емес, ол тілдің бір құрамдас бөлігі іспеттес құбылыс. Бұны оның тілде қолданылу жиілігі дәлелдейді. Метафораның қызметі арқылы тілдің лексикалық және фразеологиялық қабаты, жалпы сөздік құрамы, бір ұғым аясы кеңейе түседі. Сөздің метафоралануы арқылы сөз саны өспегенімен, мағына аясы көбейеді, сөз мағынасы дамиды. «Әсия мен Бекарыстың» айтысында Әсия қарсыласына:

Болсам да ***аруана-жыр*** білінбеген.. – деп [1,234], өзін аруана-жырға ауыстырып жырлайды. Мұхамеджан мен Әселханның айтыстарындағы эпитеттерден мысалдар келтірейік:

Алға ұста Абайлардың ***асыл ойын*** [1, 124].

Ақындар айтысының тілінде эпитеттер өте мол ұшырасып, мәтінге айрықша стильдік қызмет етеді. Ақындар эпитеттерді жасағанда, заттың қасиетін жай ғана анықтап қоймай, бейнелеп, әркімнің ойына келе бермейтін

сөз тіркестерін жасайды. Ақындар қолданысындағы **«күміс тау»**, ***«асыл ойын»***, «**асыл жыр»** - эпитеттері жайдан жай қолданыла салмаған, бұл тіркестер адамның не заттың, не құбылыстың сөз арқылы ерекшеленуін, белгілерін анық, көз алдыңа елес арқылы түрлі қозғалысқа енгізеді. Ақынның қолданған эпитеттері суреттеген оқиғасына сай қолданылған.

Айтыс – ақынның шығармашылық талантын шыңдайтын үлкен өнер жарысы. Өткен ғасырда Сүйінбайғ Жанақ, Сабырбай, Шөже сияқты ғажайып айтыс ақындары болған. Бұл үлкен дәстүрді қазір Әсия, Әселхан, Қонысбай, Баянғали, Әлфия, Абаш, Мұхамеджан сынды айтыс ақындары жалғастырып келе жатыр. Бүгінде Мұхамеджан көркем де шұрайлы сөз бәсекесінің әдемі үлгісін жасады.

Қорытындылай келгенде, Мұхамеджан қолданған әрбір көркемдеуіш тәсіл өз мағынасын толық ашып, ақынның сөз қадірін жетік білетіндігін көрсетеді. Әр сөз, сөз тіркесі мәтін ішінде айқын көрініп, тілге жеңіл әрі оқырманға түсінікті, ұғуға оңай берілген.

Әдебиеттер:

1 Қазіргі айтыс / Құраст. И.Нұрахметұлы, С. Дүйсенгазин. – Астана: Күлтегін, 2004. – I том. – 312 б.

2 Тазабеков М. Айтыстар. – Алматы, 2006. - 388 б.

3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. «Санат» 2002. – 360 б.

4 Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық. Құраст. М.Жодасбеков, Ш.Қойлыбаев. Астана, «Күлтегін» баспасы. Айтыс. Т.Y. (Тәуелсіздік кезеңіндегі айтыс). – 2014. – 400 б.

5 https://kk.wikipedia.org/wik

ӘОЖ 821.512.122

Т .ӘЛІМҚҰЛОВ ПРОЗАСЫНЫҢ ТІЛДІК-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ондасынова А.А. – 10 а сынып оқушысы

Ғылыми жетекші: Халикова Н.С. – ф.ғ.к., аға оқытушы ОҚМПУ

Кожаниязова К.Т. – Ж.Баласағұн атындағы № 6 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается художественно-эстетические поиски и особенности языкового стиля Т.Алимкулова. Проблема художественного образа, принципы изображения действительности и особенности создания характера – основная проблема литературоведческой науки. Историческое изменение бытия изменяет и самого человека, его мировоззрение, идеи. Художественное осмысление жизни приводит к осмыслению внутреннего мира личности. Таким образом, возникают уникальные характеры, оригинальные образы, литературные типы.

Шығарманың бүкіл көркемдік әлемін қамтитын аса күрделі ұғым ол – шығарма поэтикасы. Поэтика кең көлемде шығарманың көркемдік болмыс-бітімі. Біз соның ішінен шығарманың көркемдік ерекшелегін танытатын бірнеше мәселені іріктеп алуға тырысып, көркемдік шешімдер арқылы өмірлік

шындықтың қалай берілетініне үңілдік, олардың көркемдік көрінісіне тоқталдық. Көркем шығармадағы өмір шындығын суреттеуде әр жазушы өзінше өзгешелігімен көрінеді, өзіндік жазушылық қолтаңбасымен дараланады. Қаламгердің өмір тәжірбиесіне, алға қойған мақсатына орай, бейнелеу амалдары қалыптасады. Т.Әлімқұлов шығармашылығына зерттеу жасаған ғалымдар Тоқбергенов Т.[1], Әбдезұлы Қ. [2] жазушы қолтаңбасына өз бағаларын берген.

Т.Әлімқұлов туындыларының бір ерекше тұсы да – халықтың тіл мәйегі – мақал-мәтелдерді шығарма мәтініне, кейіпкер сөзіне, авторлық баяндауларға орын тауып, ұтымды пайдаланып отыратындығы. Бұған мысалды Тәкен Әлімқұлов туындыларынан көптеп кездестіруімізге болады.Тәкен шығармаларында мақал-мәтелдерді өз мақсатына орай орынды қолданып отырған. «Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады», «Жақсының дидары алыс, даңқы жақын», «Ағайын жоқ болсаң бере алмайды, бар болсаң көре алмайды», «Бір күн тұзын тартқанға қырық күн сәлем», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Жолдасың соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр», «Сыпайыны түзден көр», «Күш атасын танымас» т.б. Осылайша жазушы шығармашылық табысына қазақ ауыз әдебиетінің ықпалы, өнегелі үлгісі өз әсерін тигізіп отырды. Сондай-ақ Тәкен шығармаларында халық тіліндегі тұрақты тіркестер мен ауыс мағынадағы сөздер тонның ішкі бауындай кірігіп, жымдасып жатады. «әңгіменің тамызығына тұтана бастады», «бес саусағындай белгілі», «тілі мүкіс шежіре», «аузының салуы бар», «қадамы құтты екен», «қысқа жіп күрмеуге келмей», «көңілдің көзін ашып», «жүрек қылын шертетін», «от ауызды, орақ тілді», «оқ бойы озып келу», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалағандай», «түймедейден түйедей әңгіме туғызған», «мұрттай ұшыру», «сегіз қырлы, бір сырлы», «сүт пісірімдей уақыт», «аузымен орақ ору», «инемен құдық қазу», «ағынан жарылу», «тоғыз жолдың торабы», «тепкенде темір үзер», «сағы сынған, тауы шағылған» т.б. Тәкенге тән тағы да бір ерекшелік жазушының тың теңеулерді шебер пайдалануынан көреміз. «Бейне кәрі шалға ұзатылған намысты қыздай сыңсып», «сайысқа түсетін балуандай», «құмар ойнаған құдай сазарып», «Шал қақпаннан қарғып өтетін әккі қасқырдай», «сыбызғышы құсын шақырған бүркітшідей», «сүттей ұйып, сілтідей тұнып», «жібектей есілген леп, құйындай ұйытқыған ысқырық», «Түкті шалдың жыбырлаған беті тілі күрмелген шежіреге ұқсаса», «Кербездей сылқылдаған сылқым домбыра», «Дауыл соққанда сеңдей соқтығысып, ұлардай шулайтын шерлі қамыстан шыққан текті сыбызғы», «тақымы бос шабандоздай», «үркердей шоқталған үрейлі жандар», «көп қасқырдың үстінен қараған кәрі бүркіттей», «әуеде шырылдаған бозторғайды арбаған айдаһардың лебіндей ыстық та үйірімді ысқырық», «Қыз-қырқын, жігіт-желеңді, көңілі тірі кәрі-құртаңды күймен қырған домбырашы», «сұңғақ, сұлу домбыра тұсаулы жібектей әсер етті», «Әбікеннің етшең, доғал саусақтарының кербез домбыраның мойнына кенедей жабысқанын, көнтерлі ернінің етікшінің ерніндей жымқырылғанын қызықтап бір өтті», «Домбыра да алғашқы аптығы басылған тарпаң тұлпардай әсем ырғаққа ауыса берді», «Дүбірлеген дыбыстар

қара дауылдың екпініне ұқсап, үрей ұшырады», «Бірте-бірте жібектен түйген түйіндей көркем шалыс басталып, домбыра ыңқылдауды бастады» т.б. Тәкен шығармашылығының ұлттық ерекшелігін қазақ халқының бай ауыз әдебиеті үлгілеріне зор мән берушілік белгілерінен анық байқаймыз.

Тәкен шығармаға әдемі әуез беретін тіркестерді жиі пайдаланып отырған. «Орманның сусылы, бұлақтың сылдыры, көлдің күрсінуі», «тозған дауыс, шытынаған сыбызғы», «өкінішті уіл, сыңсыған саз», «сыбдырлаған қалың тал, күрсінген құрдым көл, көкте жүзген зуыл» т.б.«Қоңыр күйлер, жұмбақ сарындар, ақжелең әуендер, қисынды құбылыстар, кербез келісімдер, лала лебіздер» деп сөздерді қосарлап қолдануда да жазушы шеберлік танытады. «Біреулер тамсанады, біреулер күрсінеді, енді біреулер демін ішіне тартып сұрланады», «Күні бойы сейіл, сүйсініс, күйініш, торығыс, үміт, наз, нала домбыра тілінің түйсікшіл шежіресіне айналады» дей келе, сезімнің сан алуан бояуын қайталай келе оларды тірілтеді. Тәкеннің «Аққудай аппақ шалды қарақұстай қалбаңдатып қойғанда» деген сөйлеміндегі сыртқы сәйкессіздік ішкі үйлесімге бағынып жатыр. «Мәңгілікпен сырласқан, ұғысқан, баян табысқан жардай», «Үнілеген, аһылаған, қамыққан, торыққан әуен» деген тіркестердегі есімшелі сөздерді топтап қолдану да Тәкен қолтаңбасына тән құбылыс.

Тәкеннің «Кертолғау» [3] атты әңгімесінің көркемдік әлемі өзінше бір дүние. Әңгімеде Тәкен домбыра үнінен шыққан дыбыстарды, әуендерді, ызыңдарды бейнелі түрде көркем суреттеп өтеді. «Бипыңдаған биязы жібек дыбыстар қоңыр күздің сары желіндей ызыңдап белестің сағымындай нәзік толқып, титық құртады», «Булыққан, үйірілген, боздаған дыбыстар бас қосып, бейне бір хормен ән шырқағандай, аңқылдап, аңырап кетті» деп жалғыз-жалғыз сөздерді тіркестіре келе дыбыстың қасиетті үнін оқырманына сезіндіре жеткізеді. Тәкеннің домбыра жайлы жазған өзге де туындыларын оқи отырып, құлағымызға домбыра даусының күмбірлеген үні естілгендей әсер аламыз. «Жиендік» әңгімесінде: «Кенжештің еті қатпаған балауса саусағы бұралаң дыбыс, сыңсыған ызыңдарға ерекше дәмді әуен бітіріп, күйдің бояуын қоюлатып, жаңа қалыпқа түсіре бастады», «Көкейкесті» әңгімесінде: «Дүбірлеген дыбыстар қара дауылдың екпініне ұқсап, үрей ұшырады. Бірте-бірте жібектен түйілген түйіндей көркем шалыс басталып, домбыра ыңқылдауды шығарды. Бағанағы ақжелең дыбыстар сарғайып, қоңырланып, балаусалық ширыққандай, саумал ашынғандай, ащы үйірімдер дүбірлеп кетті», ал «Сарыжайлау» әңгімесінде «дәмді саз, құйқылжыған дыбыстар», «жүйріктей жүйткіп, жорғадай тайпаланатын ырғақтар», «дөңгеленген дыбыстар», «шәлкем-шалыс дыбыстар» деп домбыраның қос ішегінен шығып жатқан неше түрлі дыбыстарды қара сөз құдіретімен суреттеп береді.

Жазушы халықтың тіл мәйегі – қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер және көркемдік форманың жекелеген элементтері – теңеулер мен эпитеттерді, басқа да бейнелеуіш сөз өрнектерін шығарма мәтініне, кейіпкер сөзіне, авторлық баяндауларда орын тауып, ұтымды пайдаланылып отыруы қажет. Кейіпкер образын сомдауда, тарихи шындықтың шежіресін шертуде сөз маржандарының әсері зор. Сондай-ақ, шығарманың ішкі құрылысы

да жазушының айтар ойына негіз боларлық көркемдік шешім ретінде үлкен жүк көтеріп тұрады.

Әдебиеттер:

1 Тоқбергенов Т. Тәкен Әлімқұлов. – Алматы: Рауан, 1992. – 118 б.
2 Әбдезұлы Қ. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80-жылдардағы қазақ прозасы (дәстүр және жалғастық): Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 576 б.
3 Әлімқұлов Т. Сырлы наз: Таңдамалы әңгімелер, повестер. – Алматы: Жазушы, 1977. – 360 б.

ӘОЖ 821.512.122

М.ЖҰМАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТҮРКІШІЛДІК ТАҚЫРЫБЫ

Мүслім Н.Ұ. – 10 А сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: Куанбаева Ж.С. – магистр-оқытушы, ОҚМПУ
Орынбаева Р.У.– Ж.Баласағұн атындағы № 6 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются тема тюркизма и проблема национального мировосприятия в творчестве Магжана Жумабаева. Магжан – поэт, выдвигающий на первый план в своих стихах идею тюркизма. В основу статьи положена идея тюркизма в стихах Магжана и художественное отражение национального мировосприятия казахского народа.

Мағжан – ата-бабамыздан ғасырлар бойы мұра болып келе жатқан ақындық өнердің қыр-сырын терең бойына сіңірген, поэзияның құдірет күшін білген ақын. Мағжан өмірде айналасынан әділетсіздіктерді көп көріп, қаншама қиыншылықтарды басынан кешіргенімен ақын биік мақсаттармен, үлкен парасатпен өмір сүрді. Ақынның өмірге деген құштар көңілі өз оқырманына үлкен сенім берді. Қай кездің оқырманы болмасын ақын өлеңдерінен жүректеріне маза бермеген сауалдарға жауап табады. Бүгінгі таңдағы оқырман Мағжанды өз сырласындай қабылдайды. Мұның өзіндік сыры да бар. Мағжан бір ғасырдың ғана ақыны емес, мәңгі жасайтын ақын.

Ақынның «Түркістан» өлеңідегі түркішілдік идеясы мен тамыры тереңге жайылған тарих беттері көркемдікпен ашылған. Ақынның өршіл ұлттық рухы кемерінен асып төгіледі. «Түркістан» өлеңі – Мағжанның түркішілдік тақырыпта жазған өлеңдерінің шыңы. Мағжан ақынды түркішілдікпен айыптауға негіз болған өлеңдерінің бірі де осы туынды. Өз ұлтын ерекше қадірлеген, туған жерін шексіз сүйген ақын көк Түркілерді өзге халықтардан өзгеше көрді. Ақын түркілерді текті рухтан жаратылған батыр халық ретінде асқақтата суреттеді. Ақын үшін бұл дүниеде түркілерден асқан ұлы халық жоқ.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткенбе?
Кең ақыл, отты қайрат,жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткенбе?! [6]

Түріктердің қасиетті мекені Түркістанның тарихы тереңде жатыр. Мағжан өз өлеңінде ерте кезде Түркістан Тұран деп аталғанын, онда ер жүректі түрік

халқы туып-өскенін жыр жолдарына қосады. Тұран – ер түріктің ежелгі мекені. Түркістан – күллі түркі халықтарының рухани астанасы.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен [6]

Осылайша ақын қасиетті Түркістанның тамаша табиғатын, Жейхун, Сейхундай киелі дария суларын, Тянь-Шаньдай тауын, көкпен астасқан Хантәңірі шыңын, «Балқашты бауырына алған Тарбағатай, Жоталы, жер кіндігі - Памир, Алтай» дей келе, туған жерінің қасиетін асқақтата мақтанышпен жырлайды. Нұх кемесі тоқтаған Қазығұрт тауының қасиеті туралы сыр шертеді. Тұранның тарихына көз жүгірте отырып, Тұранды билеген хандар,билерді еске ала отырып, найзағайдай жарқ етіп өте шыққан Ақсақ Темірдің жер жүзіне от шашқан рухын, аспан-көкпен үйде отырып сырласқан Ұлықбектің білімдарлығын, Ибн-Сина Әбуғалидың білім мен ғылымның дамуына сіңірген еңбегін, Фарабидің жаңалыққа толы іргелі еңбектерінің құндылығын жекізеді. Тұранда өмір сүрген түрікті «ойнаған отқа ұқсатып», сол көп түрік енші алып тарасқанда, қазақ халқы да қара шаңыраққа ие болып қалғанын ақын үлкен мақтанышен жырлайды. Қасым ханның қасқа жолын, Есімханның ескі жолын, Назардай ханның әділдігін Тәуке ханның данышпандығын, «Алаштың арыстаны», қазақ халқының қорғаушысы, көсемі болған дарынды Абылай ханның ұлылығы, өшпес өршілдігімен, қайтпас қайсарлығымен ел есінде қалған хан Кененің елі үшін жасаған ерлік істерін тарих қойнауын ақтара отырып жыр жолдарына қосады.

Ұлы қазақтың кең байтақ сахарасын отты жырларымен тербеткен ақын «Жер жүзіне...» атты өлеңінде:

Жер жүзіне ер атағым жайылған,
Жан емеспін оттан, судан тайынған.
Қайраты мол қандыбалақ қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған...[4,79 б.] – деп, қазақ халқы бойындағы айбынды рух пен батылдық қасиетерді жыр жолдарына қосады.

Ақын поэзиясында ақынның өмірге деген құштарлығы, өнерге деген шынайы ілтипаты айқын аңғарылады. Ақын «Қазағым» атты өлеңінде қазақ халқының санасын оятуға күш салады:

...Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,
Ойламау келешекті түпке жетер.
Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,
Жан қорқып, дене тітіреп, есің кетер [4, 46 б.].

Еліміз егемендік алғаннан кейін ұмыт болған дүниемізбен қайта табысып жатқан, шынайы тарихи беттер ашылып өткенді қайта саралауға зерттеуге мүмкіндік туып отыр. Ақын өзінің «Түркістан» атты өлеңінде Түркістанды түркі халықтарына «Тәңірі берген несібесі» деп жыр жодарын өргізеді:

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.

Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей [6] – дей келе,
терең тарих қойнауына көз жүгіртеді.

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан [6] - дей келе,

Тұранның аспанмен астасқан тауларын, ойнақ салып еркелеп аққан бұлағын, «шексіз шөлін», «дария аталған өзені мен теңіз дерлік көлін» жырлай келе, тарихтың тереңіне ой жүгіртеді.

Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің
Бауырында дүние көрген түрік көкжал [6] - дей келе,

түркі тайпасының шығу тарихына байланысты аңызға көз жүгіртеді. Көне түркілердің өздерінің шығу тегі жөніндегі аңыздың бір нұсқасы бойынша, байырғы түркілер қасқырды ата тегіміз деп білген. Жаугершілік заманда күншығыстағы көрші елден қатты жеңіліс тауып, тегіс қырылған халықтан бір жас бала тірі қалады. Жау жас баланы өлтірмей, аяқ-қолын кесіп, тоғайға жалғыз өзін тастап кетеді. Жалғыз қалған баланы бөрі асырап алады. Баладан он ұл туылып, кейіннен ол он ұлдан тараған адамдар тұтас бір тайпаға айналады. Оларды «Ашина» әулеті, «көк бөріден тараған түркілер» деп атаған. Осылайша бөріден туылған адамдар үлкен мемлекеттің іргетасын қалап, содан тараған жұрт ғұндар мен түркілер деп аталып кетеді. «Ашина» әулетінен тараған халық ержүрек батыл болып қалыптасады. Осы аңыздың әдебиетте қасқыр тотемі пайда болып, қасқыр туралы әңгімелер ежелгі халықтардың көне мифтерінде сақталып, батырлық символ ретінде көрініс тауып жатады. Осы көне аңызға байланысты тәңірлік әдебиетте «Көк бөрі» дастаны пайда болған. «Көк бөрі» дастаны ұлы Түрік қағанаты құрған көк түріктердің ежелгі ата-тегінің шығу тарихын, олардың халық ретінде қалыптасқанын түрлі аңыздар негізінде жыр еткен эпос» [5, 67 б.].

Мағжан – рухы биік өршіл ақын. Мағжан өз өлеңдерінде түркішілдік идеясын алға тартқан. Мағжан қазақ ақынарының ішінен бүкіл түркі әлеміне әйгіленген ақындардың бірі. Мағжан есімі қазақ ішінде қандай қастерлі болса, күллі түркі халықтары үшін де зор махаббатқа бөленген ақын.

Әдебиеттер:

1.bilim.all.kz
2. М. Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық, 1-т. – Алматы: Білім, 1995, 256 б.
3 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. (Қазақ әдебиеті бастаулары). Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.

ӘОЖ 821.512.122

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Тажен Айдана – 9 сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: Бейсенбаева Р. Х. – ф.ғ.к., аға оқытушы, ОҚМПУ
Рыскиева А.А. – М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын
8 мамандандырылған гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье говорится о роли творчества Абая в развитии казахской литературы, казахской поэзии. Произведения Абая отличаются глубоким смыслом, новыми поисками, художественным своеобразием, новыми методами изображения и новаторством в казахской поэзии. Язык поэзии Абая – новая веха в развитии казахского литературного языка. В статье анализируется художественные особенности поэзии Абая.

Абай өз өлеңдері қазақ әдебиетіне үлкен заңдылығымен енді. Өлең жүйесіне әртүрлі көркемдік тәсілдерді алып келгені белгілі. Сондай көркемдік тәсілдердің бірі кейіптеу. Кейіптеу – әр түрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Дем алысы - үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды [1] - дей келе, Абайдың *»Қыс»* атты өлеңінде қыс мезгілі кейіптеу тәсілі арқылы мейірімсіз, түсі суық, қатал шал кейпінде бейнеленген.

Жүрегім, нені сезесің,
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көңілім, кезесің.
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта! [1] -деген өлеңінде де ақын жүрек деген сөзді кейіптеу бейне ретінде алып, ой-сезімін соларға қаратып айтқандай болады. Бұл тәсіл ақынның жан-сезімін, ішкі көңіл-күйін асқан нәзіктікпен, әсерлі етіп жеткізуіне мүмкіндік береді. Ақынның өзіне сауал қойып, өзіне тоқтау айтуы – мұның бәрі ой-сезім тереңдігін, әсерлі жан тебіренісін көрсетеді. Осылайша ақын бір сәт өзінің көңілімен, жүрегімен сырт адамша тілдеседі. Бұл тәсіл өлеңнің сыршылдық сипатын күшейте түседі.

Нәзік сыршылдық Абайдың махаббат лирикасынан да мол табылады. Абай өзінің саналы ғұмырында махаббат тақырыбында кең қалам тіреген.

Махабатсыз дүние бос
Қайуанға оны қосыңдар. [2]

Сонымен бірге ақынның махаббат жайлы өлеңдерінде сұлу әйелдің сымбатын, портретін бейнелелеу арқылы өзіндік ерекше қолтаңбасын көрсетеді.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды. [1]

Абай қыздың көркін осындай тамаша суреттеп, оқырманынын көз алдына алып келеді.

Сөйлесе сөзі әдепті әм мағыналы
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды [2] – дей келе, қазақ қызының бойындағы сыртқы сұлулық пен ішкі нәзіктіктің үйлесімін әдемі сөз өрнектерімен жазады. Сонымен қатар, ғашықтық пен құмарлықтың екі түрлі нәрсе екендігін ажыратып айтып береді.

Ғашықтық пен құмарлықпен - ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол. [1]

Абайдың махаббат лирикасында адамның жан дүниесінің, нәзік сезім иірімдерінің шебер бейнеленуі жағынан «Қызарып, сұрланып...» деп басталатын өлеңін айрықша атаған жөн.

«Қызарып, сұрланып...» - Абайдың 1891 ж. жазған өлеңі. Махаббат лирикасының озық үлгісі. Әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Абай ғашықтық сөзімді, махаббат мұңын аса бір шабытпен, беріле құлаған ынтықтықпен кестелеген. жан-тәнімен беріліп жырлай алады десек, осы шындықты Абай өлеңінен айқын керуге болады.

Қызарып,сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі
Өзгеден ұрланып.
Өзді-өзі керегі...[2]

«Қызарып, сұрланып...» өлеңінде Абай махаббат сезімі бойын билеген жастардың күйін тамаша суреттеген. Ақын қолданысындағы «қызарып, сұрланып ... жүрекпен алысып, лүпілдеп жүрегі... саусағы суынып...» сынды сипаттаулар қыз бен жігіт арасындағы бір-біріне деген шынайы сезімді суреттеуге жұмылдырылған. Ақын көсемше түлғалы етістіктерді өзге де өлеңдерінде жиі қолдану арқылы өлеңнің көркемдігін арттыра түседі. Абай өзі сипаттаған образын дәл, әсерлі етіп беру үшін етістіктерді жиі қолданған, оларды көбінесе өткен шақ көсемше тұлғасында пайдаланады. Мысалы, жалпылдап, бартылдап, шаңқылдап, шартылдап, тарпылдап, лепілдеп, дікілдеп, күпілдеп, шыбындап, жымыңдап деген етістіктерді образ ашу мақсатында қлданып отырған.

Абай өлеңнің іші поэтикалық ойға яғни идеяға толы болуына көп күш салды. Осы ой тереңдігін беру мақсатында оны әсерлі етіп беретін амал-тәсілдерді іздеттірді. Абай үнемі ізеніс үстінде болды. Сол себепті де, Абай ақынның тілі өзіне дейінгі, өзімен тұстас қазақ ақындары тілінен ерекшеленіп тұрады.

Абай қаламынан туындаған өлеңдерден эпитеттердің жиі қолданысын байқаймыз. Мысалы, *ет жүрек*, *жау жүрек, ит жүрек, ыстық жүрек, ауру жүрек* дегендерінде ақын тұрақты эпитеттерді жұмсаса, *асау жүрек, асыл жүрек*, *сұм жүрек, мұз жүрек, жылы жүрек, үрпейген жүрек, қырық жамау жүрек* дегендерінде өзгеше эпитеттерді келтіреді. Абай тіліндегі ауыспалы мағынада келтірілген образды сөздерден *құралған* тың эпитеттер де өте көптеп кездеседі. Мысалы, *қырмызы қызыл жібек бозбала, нұрлы сөз, аума-төкпе заман, нұрлы ақыл, сүтпен енген надандық т.б. Мұндағы надандық, сөз, ақыл деген сөздер* ауыспалы мәнде бейнеленген сөздер болып табылады. Абай қолданысында заттың, нәрсенің, құбылыстың тікелей сыр-сипатын көрсететін айқындаулар *да өлең өрнегін ерекшеліеп тұрады.* Мысалы ақын *өлеңдеріндегі дымқыл* тұман, *жарық* ай, *желсіз* түн , *күркіреп жатқан* өзен, *шұрқырап жатқан* жылқы, *түсі суық сұр* бұлт, т.б. эпитеттер Абай өлеңінің көркемдік әлемін әдемілейды.

Абай өлең сөзінің «іші – алтын, сырты – күміс» болуын талап етеді.

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы,
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп тегіс, жұмыр келсін айналасы. [2]

Абай поэзия үлгісінде жаңашылдық пен тапқырлық танытқанымен, қазақ фольклорлық поэзиясын толық мойындайды, әрі өзінің кей өлеңдерінде халық әндері үлгісінде жазған. Абай поэзиясының тілі, метрлік жүйесі және көркемдік әдістері жағынан қазақ фольклорлық поэзиясының тамаша дәстүрін жалғастырып дамыта білді, сол себептен, оның өлеңдерінің ұлттық бояуы тіпті де көрнекі әрі айшықты болды.

Әдебиеттер:

1. Абай (Ибраһим) ҚұнанбайұлыШығармаларының екі томдық толық щығармалар жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.

2. Абай (Ибраһим) ҚұнанбайұлыШығармаларының екі томдық толық щығармалар жинағы. Т.2. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасыөзер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 326 б.

ӘОЖ 821.512.122

Е.ТҰРЫСОВ «КЕМЕНГЕРДІҢ КЕРУЕНІ» АТТЫ ПОВЕСТЬ-ЭССЕСІНДЕ М.ӘУЕЗОВ БЕЙНЕСІ

Бұғұбай Б.Б.– 10 а сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: Сманалиева А.Е. – Ж.Баласағұн атындағы № 6 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье анализируется творчество Е. Турысова. Анализируется создание образа М.Ауезова в повести-эссе писателя «Кеменгердің керуені». В статье рассматривается своеобразие художественного мастерства писателя, которые отличались особым почерком в создании национального образа и глубоким изображением национального казахского характера.

Эссе – нақты бір тақырып бойынша жазылатын айшықты сөз оралымдары. Онда философиялық ой, тарихи таным көркем түрде көрініс табады. Сондай-ақ эссе публицистикалық, әдеби-сыни сипатқа ие. Эссе жанрының анықтамасын Д. Ысқақұлының «Сын жанрлары» [1], Қ.Ергөбековтың «Баянғұмыр» [2] еңбектерінде кездестіреміз.

Бүгінде әдебиет айдынында туындап жатқан эсселер әртүрлі сипатта жазылып жүр. Қазіргі көркем әдеби сипатта жазылған эсселерде әдеби суреттеулер мен талдаулар, ішкі толғаныстар басым болып келеді. Е.Тұрысов «Кеменгердің керуені» атты эссесінде талдаудан гөрі ішкі толғаныстар, әдеби суреттеулер басым болып келеді.

Е.Тұрысов эсселерінде замандас бейнесі жиі көрініс тапқан. Жазушы эсселері өз заманының белді тұлғаларын, еңбек адамдарын көркем бейнелеумен ерекшеленеді. Автор адам, өмір, тағдыр, заман мен көз көрген замандастары жайында көп сыр шертеді. Жазушының эсселері естеліктерден жинақталған сырлы сандық сияқты. Сандықтың аузы ашылған сайын әртүрлі тағдырлар жайлы өмірлік шындық ақтарылып жатады.

«Кеменгердің керуені» атты повесть-эссесінде аты аңызға айналған заман тұлғасы Ә.Жангелдиннің бейнесін жазушының онымен кездескен бір сәті арқылы көреміз. Автордың «...сексенге келген жасында тұрымтайдай қалжасы, басында кестелі тақия, ақ күмістей жарқыраған сұлу мұрт, кішкене торғай құйрық шоқша сақалы...» [6, 7 б.]. деп суреттеуінен тарихи тұлға Ә.Жангелдиннің көркем бейнесі көз алдымызға келеді. Жалпы Е.Тұрысов кейіпкерінің келбет-кескінін жасауға шебер. «Кеменгердің керуені» атты повесть-эссесінде қазақ әдебиетінің классик жазушысы М.Әуезовтің бейнесін оқырманына оның кескін-келбетін суреттеу арқылы ашады. М.Әуезовті алғаш көрген Е.Тұрысов жазушының сырт-келбетін: «сәл шалқақтау біткен кең кеуде, мол тұлғасына үйлескен баяу, байсалды, мінсіз де маңғаз қозғалыс» деп суреттейді. М.Әуезовтің бірнеше жылдан кейінгі кескін-келбеті повесть-эсседе былай суреттеледі: «Бұдан бұрын да көп айтылып, көп жазылған, көп бейнеленген жылы жүз. Өр жағы дөңестеу келген айқара қасқа маңдай. Сөз мәнері, әңгіме ағысына қарай тынымсыз түйісіп-жазылып тұратын қас-қабағының астында, ұясы кең, сырт қияғы қысыңқы, мейір мен мархабат жылуына толы ойлы да мұңды сияқтаған, жанары жарық қоңырқай көздер» [6, 22 б.].

Е.Тұрысов «Кеменгердің керуені» атты повесть-эссесінде М.Әуезовтің кескін-келбеті, іс-әрекеті, сөйлеген сөзі арқылы оның табиғи болмыс-бітімін бейнелеуге көбірек көңіл бөлген.

Жазушылық шеберлік әрбір қаламгердің қолтаңбасын анықтайды. Ол ең алдымен шығарманың көркемдік болмыс-бітімінен басталады. Көркемдікке апарар шеберліктің негізгі аясы тіл өрнегінде жатқаны белгілі. Өмірлік жағдайларды суреттеуде қаламгер Е.Тұрысов тіл өрнектерін дәл тауып қолдана білген. Жазушы тіл өрнегіне терең ой, мәнді мазмұн сыйдыра алды. Жазушы қолаңбасынан шыққан «үделі үміттің бір нәзік сәулесіне нұрланған әжімді-аядай жүз», «жаңа туған ай сәулесіне шомылған тау жотасы», «қашқан қоянға мылтық көздегелі аптыққан аңшы», «алаулаған жүрек, астан-кестең ой», «қаншама ұрпақ жанын жібек желдей тербетіп, тәтті нұрға бөлеген құдіреті Абай әні», «түлкі бұлаңға салған шаң» сияқты бейнелі сөз тіркестері мен сөйлемдер шығарманың ішкі мазмұнын көркемдікпен жеткізуде жазушының суреткерлік шеберлігін байқатады.

Жазушы Еркінбек Тұрысовтың Әуезовтен тыңдаған тоқсан минуттық лекциясы автор үшін өмірлік мәні бар оқиға болады. Тоқсан минуттық Әуезов университетін тамамдағандай сезімде болған Еркінбек Тұрысов «ұлы кемеңгерден бір өмірге жетерлік жолдамады алып келе жатқандаймын. Рухани дипломым, тозбайтын, сарқылмайтын өмір дипломым қойнымда емес, жүрегімде» деп ой толғайды. «...ай маңдайы жарқырап, сәл езу тарта жымиып, ғибрат-ізетпен сәлем бере» кіріп келген Әуезовпен жазушының Оңтүстікке жасаған сапарында қайта қауышуы «көңіл құсы биікке, тым алысқа шырқыраған» Тұрсынбек аға үшін өмір мектебі болады.

Е.Тұрысовтың «Кеменгердің керуені» атты естелік эссесі арқылы М.Әуезовтің ел мен жер тарихына терең мән беріп, Қаратау өңірінің шежіреге толы елді мекендеріне үлкен құрметпен, зор сүйіспеншілікпен қарағанын байқаймыз. М.Әуезов әрбір кездескен ел қоныстарының аттарын сұрап, онда өткен елеулі оқиғаларға қызығушылық танытып отырған. Келіншектау туралы аңыз, Бабаатадағы Үміт қыз оқиғасы, көне Құмкент пен оған іргелес орналасқан ежелгі Бабаата мешіт-медресесі сияқты ел тарихы ұлы жазушының назарынан тыс қалмаған.

Шығармадағы диалогтың идеялық-көркемдік функциясы үлкен. Адамды мінездеуде, оның психологиясын қалыптастыруда, адамның ой-пікірін, көңіл-күйін бейнелеуде диалогтың атқарар қызметі ерекше. Қандай адам болмасын өзінің өмірге деген көзқарасын сөзі арқылы білдіреді. Сондықтан да шығармадаға диалог бос сөзге толы болмауы тиіс. Диалог үлкен шеберлікті қажет ететеді. Шығармадағы диалогтың көркемдік қызметі қаламгердің талантына байланысты. «Кеменгердің керуені» атты повесть-эссесінде М.Әуезовтің өз сөзі арқылы оның әдеби характерін ашып көрсеткен. Жазушы кейіпкерінің диалогы арқылы оның болмыс-бітімін ашып, мінезін-құлқын көркем бейнелеген.

Жазушы эсседе өткен күндерге көз жүгірте отырып, әдемі естеліктен сыр шертеді. Жазушы эсселерінде автордың көңіл-күйі, ішкі сезім иірімдері мен ой

толғаныстары өзара үйлесім тауып жатады. Сондықтан да «жүрекке жылы тиетін лиризм» жазушы Е.Тұрысовтың эсселеріне тән қасиет.

«Кеменгендің керуені» атты повесть-эсседе жазушының туған жерге деген құштар көңілі көрініс тапқан. Аңызға айналған Келіншектау, Қаратудың ең биік шоқысы Мыңжылқы, Майбұлақ тау өлкесі, Мұзбелдің биігі, көгілдір Боралай, Бөген сулары, салқын самалды Сарыарқаға ұласқан елді мекен, қастерлі Қаратаудың биігі мен сай-саласына сағымдай ұласып жатқан ұлан ғайыр дала жазушы үшін ең қымбат, ең аяулы өлкелер. Арыстанды-Қарабастың қара дауылын «Қаратаудың майда жібек самалы» деп қабылдайтын жазушы үшін туған жердің әрбір тасы қастерлі. Ел мен жердің қадірін білетін жазушы үшін тарихы терең көне Құмкент, қасиетті Қаратау қойнауы, шежірелі Созақ – ата-бабадан мұра болып қалған баға жетпес ең асыл қазына.

Повесть-эсседе жазушы әртүрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кейіпкер бейнесін ашуда шеберлік танытқан. Қаламгер кейіпкерінің кескін-келбетін жасауда ерекше қолтаңбасымен ерекшеленеді. М.Әуезов сынды ұлы тұлғаның бейнесін оның портретін жасау арқылы да ашып көрсетеді. «Өр жағы дөңестек келген айқара қасқа маңдай. Сөз мәнері, әңгіме ағысына қарай тынымсыз түйісіп-жазылып тұратын қас-қабағының астында, ұясы кең, сырт қияғы қысыңқы, мейір мен мархабат жылуына толы қолы да мұңды сияқтанған, жанары жарық қоңырқай көздер», «Бұрынғы өз келбетіне жарасқан маңдайды айнала көмкеріп, қос самайды өрлеп асау толқындай өрге тулап жатқан көкбұйда шашы селдіреп, қиялай құлап жатыр» [3, 22-23 бб].

Шығарманың эстетикалық мәні, оқырманға әсері оның көркемдік деңгейіне, көркемдік құнарлығына байланысты. Кейіпкер бейнесін жинақтауға ықпал ететін көркемдік әдістер, бейнелеуші-көркемдеуші құралдар жүйесі, кейіпкер мінезін жасаудағы бейнелеу құралдарының қолданылу аясы, шығарманың жалпы көркемдік болмыс-бітімі жазушы Е.Тұрысов шығармашылығында үлкен жетістігімен көзге түседі. Қазақ әдебиетінде Е.Тұрысов өзіндік үрдісімен, өзіндік қолтаңбасымен танылған қаламгер.

Әдебиеттер:

1 Ысқақұлы Д. Сын жанрлары (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1999. – 321 б.
2 Ергөбеков Қ. Баянғұмыр. – Алматы: Жазушы ,1991. – 232 бет.
3 Е.Тұрысов. Мәңгілік сарын. Шығармалары. – Алматы: «Айғаным» баспа үйі. 2016, - 342 б.

ӘОЖ 821.512.122

О.БӨКЕЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ДАРАЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ

Қалдыбекқызы Д. – 117-48 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Халикова Н.С. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық мемлекеттік университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье раскрыты черты, признаки романтизма в произведениях О. Бокеева. Определяется, что герои его произведений соотносятся с символическими понятиями. Произведения писателя «Сайтан көпір» («Сатанинский мост»), «Қар қызы» («Снежная девушка») и др. имеют символическую подоплеку. Еще одной особенностью стиля писателя является то, что в литературе предметом анализа стала проблема отчужденности, самоизоляции личности.

Қазақ қаламгерлерінің алуан түрлі көркемдік ізденістерінің нәтижесінде қазақ прозасының жаңа сапалық деңгейде көрінді. Жазушылардың дүниені қабылдауы күрделеніп, модернизмнің белгілері, адамның екіұдай табиғаты Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, Т.Әбдіков, О.Бөкей сынды қаламгерлердің шығармаларында жан-жақты пайымдалды. Осылайша қазақ прозасындағы тартыстағы кейіпкердің іс-әрекетімен шектеліп қалмай, жеке тұлғаның жан әлемінде өтті. Қоғам мен адам мәселесі қашан да әрбір қаламгердің дарын мен парасат-білігін танытатын әдебиеттің рухани өзегі. XX ғасырда суреткерлердің шығармашылық ізденістерінде түрлі бағыттарда стильдік үдерістер жүріп жатты. Кейіпкер тұлғасын, рухани құндылықтарды танытуда балама сарындар да бой көрсетті.

Оралханды өз биігіне шығарған, «Бөкеев – нағыз талант» дегізген шығармасы – «Мұзтау» повесі. Міне, дәл осы шығармасынан бастап Оралхан Бөкеев қоғаммен, оның кереғарлығымен, адамзатқа қасірет әкелетін сойқанды іс-әрекеттермен тайталасқа түседі. Бөкеевтің мәңгіге бітпес айтысы басталады.

Ақтанның бар ермегі – ой. Санасына мәңгі тыныштық бермейді. Оралхан өзін шаршатқан, санасын сансыратқан, жауабын табу қияметқайым сандаған сұрақтарын Ақан арқылы жарыққа шығарады. Ақтан мен Аңды пікірталасқа түсіру арқылы жауап іздейді. Жақсылық пен Жамандықтың қансонарда жерді жапқан аппақ қылаудың бетіндегі қатар жатқан, бәсекелес қос із екендігін, жиі - жиі бастары тоқайласқан сәтте шарпысып, шаптығысып тіпті, қантөгіске де баратынын - қолқасына өгіз тобығы тұрып қалғандай өксікпен өреді.

О.Бөкей повестерінде автордың суреткер ретінде толыса түсіп түйген ойы, концепциясы бар. Табиғаты бір-біріне жақын, үшінші жақтан баяндалатын, көлденең екінші бір кісінің тағдырына тікелей авторлық талдау арқылы айтылатын ойлар – аумалы-төкпелі дүние, өмір мен өлім арақатынасы, тіршілік сыры, жеке адам және тағдыр салмағы ұрпақ жалғастығы жайлы.

«Оралхан Бөкей дүниедегі, айналасындағы құбылыстарға, өмір шындығына өз дүниетанымы тұрғысынан баға береді. Оның шығармаларында авторлық дүниетанымның айқын көрінуі романтикалық бейнелеу тәсілі арқылы жүзеге асып жатады. Қаламгер О.Бөкейдің «Қамшыгер», «Үркер», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Мұзтау» кітаптарынан зерттеушілер шығарма бойындағы терең

философиялық түйінді, лирикалық желінің шебер үйлесімін аңғарды» [1,87]. Қаламгер туындыларында психологиялық талдау мен публицистикалық сарын берік жымдасып, авторлық «Мен» ерекше көрінді. Бүкіл шығармалары Өмір-Адам-Табиғат желісіне құрылып, ерекше концептуалдық мағынаны құрады.

Жазушының «Қар қызы» повесі жайлы әдебиет сыншылары әртүрлі пікір білдірген. Повесті философиялық-романтикалық шығарма ретінде де, жазушы өз сөзіне жүгініп реалистік шығарма ретінде де қарастырады. Яғни, жазушының шығарма кейіпкері тәрізді тракторшы болып қызмет еткенін тілге тиек етеді. Жазушының негізгі идеясы, идеялық-философиялық ойы – тылсым күшке деген сенімі. Жұмбақ бейнені талмай іздеуі маңызды болып көрінеді. Басты кейіпкер Нұржанның сол сапарға шыққандығы негізгі мақсаты да Қар қызын көру болады. Ал Нұржанның Қар қызымен кездесетін тұсында романтикалық сипат көрініс береді. Бір кезде жазушының өзі де тракторшы болған, оқиғаны өз басынан өткендей етіп жазған. Өмірден түйгендерін автор жинақтап қорытқан. Авторда идеалға құштарлық ерекше болғанын байқаймыз. Ал идеал ұғымы суреткердің адам жайлы концепциясынан байқалады. Сол үшін де қаламгердің кейіпкерлері – жан дүниелері бай, еркіндік сүйгіш, рухани деңгейі биік, қажырлы, тағдыры қилы арманшыл адамдар. Повесте бір-бірімен сырлас болып көрінген үш кейіпкер шет-шегі көрінбестей суық дүниемен бетпе-бет жалғыз қалғанда беймағлұм болып келген сырларын ашады. Ең бастысы, олардың кеңістікке деген қатынастарындағы өміртанымдық тайталастары басталады. Шын ақиқат өмір мен өлімнің тым жақындап келген жағдайында ашылуы идеясы шығарманың өзегіне айналған. Жазушы осы бір тартысты жағдайға кейіпкерлерін салады да, өлім категориясының мағынасын төрешілік ұғымында ашып көрсетеді. «Ер-азамат не майданда, не жорықта сыналады деген осы. Ол – Бақытжан осынау қар шағылдардың арасынан достарын ғана емес, өзін де іздеп тауып алғандай еді. Ол ұлы жаңалық ашты – өзін ашты». Ал Нұржан «өте сенімді де, мықты жігіт» деп осы қиын сапарға ертіп шыққан Аманжанға енді басқаша қарауға мәжбүр. «Тәңірім-ау, Нұржанның осы екі жігіттен басқа кімі бар еді? «Аманжан, сен осындай ма едің?.. Пышақ жұмсағаны несі? Жо-жоқ, ауылға енді қайтып бармау керек екен» [2].

Табиғаттың өз заңы бар. О. Бөкеев «Кербұғы» атты әңгімесінде табиғатта болып жататын құбылыстардың көркем суретін жасаған. Әңгіме кейіпкері бұғының жан дүниесінде болып жатқан сан қырлы құпияларды ашып көрсетуде, Кербұғының күйзеліске толы ішкі әлеміндегі қиналысты байқатуда қаламгер шеберлік танытқан. Бойынан күш-қайраты кеткен Кербұғы мен қуатты Жасбұғы арасындағы жекпе-жекті суреттеу арқылы қаламгер өмір туралы ой қозғайды. Өмір ағыны бір орында тоқтап қалмайды. Өмір өтеді, онымен бірге жастық шақ та, бойдағы күш-қуат та кетеді. Бұл дүниеде оған мойынсұнбаған пенде жоқ. Кербұғы осыған дейін жыл сайын жекпе-жекте жеңіске жетіп, бұғы үйірін өзі бастап жүретін. Биыл Кербұғы күйектің алғашқы кезегі өзіне еңбексіз тимейтінін сезеді. Өз күшіне сенген Жасбұғы да жекпе-жектен бас тартпайды. Осыған дейін бүкіл қауіп-қатерден сақтап, үйірін аман-есен сақтап келген Кербұғы жалғыз қалады. Бұғы қасиетті

жануар. Сондықтан да ол жеңілістен кейін жер басып жүре алмады. Оның жанын жаралаған «еңсегей бойды кеміре бастаған» кәріліктен туған шарасыздық еді. Ендігі жерде ол бұл дүниемен қоштасып, мәңгілік еркіндікке аттануға дайындық жасайды. «Ол төрткүл дүниені де, тамырлай соққан тіршілікті де өлердей жек көрді. Жас шағында ессіз жақсы көргенін ұмытты – мәңгіге ұмытты білем, оқыс тәуекелге бел буды. Бұл дүниемен қоштасар ақырғы сәтінде мұң-зармен уланған денесін қоршаудың арғы жағында қалдыруға, еркіндік деген ұстатпас сағымды алғаш та ақырғы рет көріп, бұдан соң бақытты сапарға – шексіз еркіндік – өлімге адал ниет, абзал жүрекпен аттануға ұлы дайындық жасады... Дел-сал тұла бойын шиыршық атқыза қатайтып, буын-буынын бекітті. Осы жасына дейін батыл бармаған асқаралы ерлік жолына жаралы жанын, қаралы жанын садақа қылмақ. Ер боп туған жазған ер боп өлмек» [3, 353 б.]. Мәңгілік еркіндікті аңсаған Кербұғы бар күшін жинап, Ақшоқыға қарай бет алады. Ақшоқыға аман-есен жеткен ол көзіне жас алып тұрып, зор даусымен ең соңғы рет күйек шақырады. Бірақ бұғы өз өлімімен өлмейді. Өмірінде ешкімнен жеңіліп көрмеген Кербұғы өліміне оның қос мүйізінің түбіне тиген қос оқ жетеді. « ... Оқ екі жақтан келді. Бірақ екі жақтан да ешкім жоламаған. Оқ иелерінің кім екені де белгісіз. Кербұғы сол көк ала діңгектің түбінде, дүбәра алаңда қалды...» [3, 354 б.]. Жазушы осылайша бұғының өлімін жұмбақ күйде қалдырып, өз оқырманын терең ойға батырады.

Түйіндей келгенде, өмірден ерте кеткенімен артына мол әдеби мұра қалдырған Оралхан Бөкей – кейіпкерлері даралығымен танылған, әдеби әлемі әлі оқырманын толғантып келе жатқан, ұлттық әдебиетізде өзіндік орны бар ірі суреткер. Жазушы Оралхан Бөкейдің шығармашылығы қазақ әдебиетінде ерекше бағаланып, төл әдебиетіміздің дамуына мол үлес қосты деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1Жанұзақова О. Оралхан Бөкей прозасындағы романтизм: Филол.ғыл.канд.дис. – Алматы, 1999. – 137 б.

2 Оралхан Бөкей. Таңдамалы I том. Құр.: О.Кенжебеков, Т.Мәмесейітов, – Алматы: «Жазушы», 1994. – 255 б.

3 Бөкеев О. Ұйқым келмейді: Повесть, әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1990. – 560 б.

ӘОЖ 821.512.122

Н.АЙТҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Мұхтар Д.А. – 9 а сынып оқушысы

Ғылыми жетекші: Сиргебаева Г.А. – Ж.Баласағұн атындағы № 6 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается творческие поиски поэта Н.Айтулы. Анализируя особенности создания приемов национальной поэзии, дана оценка художественно-эстетическому изысканию поэзии Н.Айтулы. Определена роль и место поэта в литературном процессе, особенности художественного мастерства и художественных приемов поэта. В статье рассматривается поэтическая мысль и проблема художественного познания в произведениях Н.Айтулы.

Поэзия – жанды жылытар жай соққан самал. Ол – нәзік күш. Жүректің жасырын пернелерін нәзік саусақтарымен басып, еріксіз әуен үнін шығаратын балауса сәби тәрізді. А.Байтұрсынов [1], З.Қабдолов [2], З.Ахметов [3] поэзияның құдірет күшін зерттеп, анықтама берген.

Поэзия – еріктен тыс ұшырып, айналдырып әкететін құйын сияқты. Кейде поэзияны түсіну қиын, бірақ жүрекке жеткен сиқырлы өлеңді санадан сызып тастау мүмкін емес, тіпті кейде ұмытуға тырысудың өзі де қиын нәрсе.

Несіпбек – туған елінің табиғатын, оның әсем көріністерін небір тамаша тапқыр сөздермен, сұлу образды тілдермен жанды табиғатты көз алдыңа суреттеп берген сыршыл ақын. Оның табиғат лирикалары жан дүние, тіршілік әуенімен қуанышқа, махаббат лебімен тербелген, адам сұлулығы, сезімі оны әлпештеп, әлдилеген табиғатпен бір жаратылған өмір ырғағындай.

Ақынның ақын болып қалыптасуы бір күннің, тіпті бір жылдың ісі емес екендігін мойындар болсақ, ақынның өлеңдерінен тақырыбы тың, ойы өткір, идеялық жағынан ұтымды жырлар жазуға ұмтылысын байқатады.

Ақын поэзиясында кең орын алған: атамекеннің қадір-қасиетін бағалау, оның құтты қоныс, тіршілік нәрі болғандығын терең сүйіспеншілікпен жырлау тақырыбындағы өлеңдер өз оқырманының бойына туған жер қадірін ұғыну, оның табиғатын сүю, атамекенді көздің қарашығындай қорғау сияқты патриоттық сезімдердің тууына ықпал етеді. Басқа ақындар сияқты Н.Айтовта алғашқы өлеңдерін қысқа лирикалық үлгіде жазды.

Ақынның балалық шағына арнап жазған өлеңдерінің ішінде «Бақанас – біздің балалық», «Досым-ау», «Ана – тілім», «Отан» деген лирикалық жырлары қай жағынан болсын ақынның толысып өлең мазмұнына тереңдік дарытуға құлаш ұра бастағанын байқатады. Өлеңдерінде айшықты да әсерлі суреттер көптеп кездеседі. Әр сөзі жас өркен жүрегінде ұялап қалардай ұтымды, бала сезіміне әсер етерліктей ойнақы шыққан.

Табиғат лирикасы – XV ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы тұрақты жырланған жанрлық түр. Табиғатты жырлауда ұлы Абай қалыптастырған өрнек мазмұндық және көркемдік-стильдік дәстүрді жалғастырған ақындардың өлеңдерінің эстетикалық-танымдық әсері мол болды. Атап айтсақ, 20-жылдары қара жерді аяулы анасындай жексіз сүйген, оның әрбір бөлшегі – құсы мен аңының жан азабын бірінші сезініп, шырқырап арашаға түскен, оларды қорғау мұратын тұңғыш көтерген Мағжан Жұмабаев пен Сәкен Сейфуллин, туған жердің бір бөлшегіне арналған Ілияс Жансүгіровтың сыршыл лирикасы басқа ақындар шығармалары оқушыларды табиғатқа деген жауапкершілік қатынасын арттырып, табиғатты өмір мен тығыз байланыстырады және адам мен табиғат арасындағы шынайы үйлесімділік адамға тіршіліктің жан дүниесін, еркіндігін, сырын ұғынуды қамтамасыз етеді.

Ақынның табиғат лирикасына жазған бірнеше өлеңдерін атауға болады; «Бұлттар көшіп барады», «Көкек қары», «Бір қараңғы, бір жарық», «Ақ қырау – Аппақ көбелек», «Соңғы жапырақ» т.б. Ақын «Көкен қары» атты өлеңінде терең сезімге толы көңіл-күйін бәлдәреді.

Қар ма бұл көктемдегі қылаулаған?

Барады қозғау салып мынау маған
Бұл өмір ұқсап кетті қарлы шыңға,
Басында будақ бұлттар мың аунаған. [3, 32 б.]

Табиғатты жырлау арқылы ақындар өмірге деген құштарлық сезімдерін ұштайды, көмескі тарта бастаған үміті, сезімі оянады. Табиғат — ақындық шабыттың қозғаушы қайнар көзі, қуатты тетігі. Яғни, 20-жылдарда аталған табиғат туралы өлеңдерде дала келбеті, оның әрбір сәтіндегі дамылсыз, үздіксіз жүріп жатқан қозалыстардың, өзгерістердің түрлі-түсті бояулары — бәрі де психологиялық тұрғыда суреттеледі. Даланың өзендері мен көлдерінің, таулары мен ормандарының, аспанының, топырағының, өсімдіктерінің, ауасының - бәрінің өзара үндескен табиғи келісімді сұлулық тұнған әлемін бейнелеуде ұлттық дүниетанымға сай нақыштарға кезігеміз.

Несіпбек Айтұлы поэзиясында кең орын алған атамекеннің қадір-қасиетін бағалау, оның құтты қоныс, тіршілік нәрі болғандығын терең сүйіспеншілікпен жырлау тақырыбындағы өлендер өз оқушыларының бойына туған жер қадірін ұғыну, оның табиғатын сүю, атамекенді көздің қарашығындай қорғау сияқты патриоттық сезімдердің тууына ықпал етеді. Табиғат аясында өмір кешіп, бар тіршілігі оның құбылыстарына тәуелді халықтың тыныс-тіршілігін ақын өзінің ой-парасаты мен дүниені тану дәрежесіне қарай тұжырым жасайды. Ақынның туған жерге деген сағынышы шексіз. Туған жерге деген сүйіспеншілік ақын көңілін толқытып өлең болып туып жатты. Ақынның «Қоштасу» атты өлеңінде:

Қош-есен бол, кіндік қаным туған жер,
Кім болғаны сені ұмытса жалғанда ер?
Жүрегімді жібек жіптей кеміріп,
Өле-өлгенше қара күйе-арман жер. [3, 101 б.]

Ақынның «Тескен таудың ар жағы» атты өлеңінде де ата бабасының кіндік қаны тамған жеріне деген сағынышы шебер берілген. Шет ел асып кеткен ағайын-туыс тағдырын меңзеген бұл өлеңде терең ой жатыр. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді. Олай болса, Несіпбек ақын өлеңдері өмір шындығы мен терең философиялық ой-тұжырымдардың үндесуінен туындаған.

Ақын өлеңін оқығанда кісінің де болса көңілінде құлазыған бір мұң ұялайды. Ата мекенінен, балалықтың базары өткен туған топырағынан ажырап, алысқа аттанудың халық үшін қаншалықты ауыр болғандығын сезінеміз. Сондықтан да туған жер тақырыбын Несіпбек поэзиясымен біте қайнасқан тақырып деп айта аламыз.

Ақын «Қияметтің көпірі» атты өлеңінде ата бабасының туған өлкесі Тарбағатай туралы ой қозғайды.

Тарбағатай – туған жерім, алыс қалды аржақта,
Шыдар ма екен буғанбелім зілден ауыр салмаққа.
Құлақ салмас керең дүние мендей мұңлық зар жаққа,
Кімге барып шағынамын, жыламасам аруаққа. [3, 110 б.]. Ақын ұлтжанды. «Отан» деген өлеңінде ақын Отанына деген махаббатын белдіреді.

Біздер үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз,

Қорғамасақ несін ұл боп туғанбыз?! [3, 98 б.] - деген ақын тілегі жай ғана құрғақ сөз емес, болашақ жас буынның алдына мүдделі мақсат қойып, оның тағдыры, білімділігі елдің ертеңгі болашағымен тығыз байланысты екендігін түсіндіруге тырысқан азамат арманын тарынтады. Бірақ ақын қаламына ылғи да әдемі сурет іліге бермейді. Кейде ой арнасынан адасып, кібіртектеп қалатын тұстары да кездеседі.

Несіпбек – туған елінің табиғатын, оның әсем көріністерін небір тамаша тапқыр сөздермен, сұлу образды тілдермен жанды табиғатты көз алдыңа суреттеп берген сыршыл ақын. Оның табиғат лирикалары жан дүние, тіршілік әуенімен қуанышқа, махаббат лебімен тербелген, адам сұлулығы, сезімі оны әлпештеп, әлдилеген табиғатпен бір жаратылған өмір ырғағындай.

Табиғаттың сұлулығынан тыныс алып өскен Несіпбек бозбалалық шағынан-ақ туған жер, оның жұмыртқа алған ну көлі мен далаға әсем көрік беріп тұрған өсімдік атаулысын бейнелі суреттер арқылы сымбатты айшық-оралымдармен жырлай білді. Жер-Анаға деген махаббат Несіпбектің елін, жерін сүйген ақын болып қалыптасуына үлкен ықпал жасағаны рас. Өзін қоршаған сұлу табиғатқа арнап жазған өлеңдері сырлы табиғатымен, келісті ұйқасымен, керемет әуезділігімен оқырманды баурап аларлықтай, қолыңа алып оқысаң көз алдыңа сол бір сырлы табиғатты сән-салтанатынан жанды көрініс келеді. Несіпбек өлеңдерінің негізгі тақырыбы туған жермен байланысты болуының себебі де осында.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы., Атамұра, 2003.-208 б.

2.Қабдолов З. Сөз өнері – Алматы., Қазақ Университеті, 1992. -350 б.

3.Ахметов З. «Поэзия шыңы - даналық» – Астана., 2002 .- 404б.

4. Несіпбек А. Жаңбыр әні. – Алматы. Жалын, 1982.-155 б.

УДК 796.011

THE PROCESS OF ASSIMILATION OF FRENCH BORROWINGS IN ENGLISH

Глянько Л.М. – студентка группы М 1703-81

Научный руководитель: Абрамова Г.И. - к.ф.н., доцент

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Кез келген тілдің іргелі негізі лексика екені жалпы қабылданған. Сөздік – тілдің тұрақсыз, үнемі өзгеріп отыратын, икемді бөлігі. Демек, тарих бойында сөздік құрамы көптеген факторлардың әсерінен бірқатар өзгерістерге ұшырайды. Қарыз алу – кез келген тілдің лексикалық құрамын түрлендіру мен байытудың тиімді тәсілдерінің бірі. Орта ағылшын кезеңіндегі әлеуметтік-тарихи оқиғаларға байланысты ағылшын тіліне француз сөздерінің көп мөлшері алынды.

Assimilation is a widespread linguistic term. In most cases assimilation appears in the process of borrowing of foreign words. Assimilation of borrowed words is a degree of semantic, phonetic, morphological, graphical conformity of words to the

criterions of the receiving language. The extent of assimilation hinges on amount of time during which words were used in a receiving language, on degree of significance and frequency of usage of words in a receiving language.

Assimilation of French borrowings in English is the consequence of the Norman invasion into England and following French influence on English. During Middle English Period English took over 10 000 French words (about 95 per cent), 40 per cent of the words were assimilated. That was because of the lack of terms and notions in numerous life spheres. Assimilated words enriched semantic groups of English words and became a part of synonymous rows. Assimilation of French words had a valuable role in the English word-stock formation as the largest number of words and terms was adopted from French.

Borrowed words according to the degree of assimilation can be divided into three big groups: completely assimilated borrowings, partially assimilated borrowings and non-assimilated borrowings.

Completely assimilated French borrowings are the most numerous and commonly used in English. Most of the words were adopted during the Norman governance in England. The Norman French was influential and strong enough to displace much of English words. Completely assimilated borrowings are characterized by the fact that they are not seemed foreign, because they correspond to all orthographic, morphological, phonetic standards of a receiving language. Thus, such widely used every day words like “robe”, “garden”, “lake”, “question”, “place”, “table” do not seem to be French, because they were borrowed without any changes. Completely assimilated words are stylistically neutral. They can be predominant in synonymous rows. Such borrowings play an active role in word-building. Completely assimilated verbs are referred to the regular group in English. The verbs are added affixes to modify their meaning. For example, cry-cried, demand-demanded, appear-appeared, consider-considered, cover-covered, count-counted, suffer-suffered, touch-touched, travel-traveled. To form a plural form of completely assimilated nouns is quite enough to add “-s” suffix. For example, face-faces, pearl-pearls, mirror-mirrors, mountain-mountains, bottle-bottles. The stress in completely assimilated words was transferred from the original final French stress to the second syllable that was regarded as a stem syllable. For example, question, conversion. Morphological structure of French borrowings filled the English word stock with free word forms and linked. Thus, free borrowed words can be modified with different types of affixes. For example, painful, beautiful, changeless, fashionable, married, arrived, enjoyable, increased, dangerous, faithless, experienced. Linked forms of borrowed words remain their native affixes. For example, -ance; -age; -tion; -ment; -ant; -able/-ible; -et; -our; -esse. Completely assimilated borrowings do not transfer all semantic meanings to a receiving language, if the word is polysemantic. Sometimes borrowings can acquire a new semantic meaning.

The second group consists of the borrowings that were partially assimilated grammatically. The borrowed words in this case acquire the grammatical form of a receiving language. The loan words that contain only root are added grammatical morphemes of a borrowing language. For example, the suffix “-s” is added to the

stems of countable nouns to form plural form (e.g. table-tables, question-questions, client-clients, coin-coins, chance-chances). To form Past Simple tense the suffix "-ed" is used. The suffix is added to French root verbs as well as English ones. For example, damage-damaged, achieve-achieved, divorce-divorced, discover-discovered). Root words can be added derivational affixes to modify their meaning. For example, power-powerful, fair-unfair, nation-national, safe-unsafe. Most borrowings of French origin saved their native affixes. It is easy enough to identify by the affixes French origin of a word. For example, suffixes like "-our" (e.g. honour, labour, glorious, hour), "-ible/-able" (e.g. miserable, favourable, invisible, table, considerable), "-ance/-ence" (e.g. finance, innocence, fragrance, romance, ordinance, evidence), "-age" (e.g. courage, page, village, baggage, marriage), "-tion" (e.g. action, illustration, devotion, absolution, exception, civilization), "-et" (e.g. cabriolet, basket, cabinet, blanket), "-ant/-ent" (e.g. pheasant, merchant, consent, ancient, arrogant), prefixes like "-des" (e.g. destruction, deserve, desire, destination, despair, destroy), "-dis" (e.g. disease, distress, discover, distemper), "-en/-em" (e.g. emperor, entrance, embrace, enjoy, encourage).

The third group includes borrowings that were partially assimilated phonetically. The process of phonetic assimilation was quite hard, because there were many sounds in French which never existed in English before. French sounds were adapted to the pronunciation patterns and rules of English. Nasalized vowels no longer had their nasal feature in such words like chance, change, chamber, demand, question, possession. Palatalized "l" sound was replaced with the normal English "l" sound in the words like village, admiral, blanket, lamp, cathedral, original, table, cable. The sound [ʃ] that exists in the beginning in such French borrowings like chance, chamber was adapted to the sound [tʃ]. Soft sound [g] at the end of the words like marriage, garage, large, cabbage, stage was replaced by [dg] sound. Some words remained their special French sounds. For example, sound [wa:] in the words like memoir, reservoir. The stress of French words that constantly falls on the final syllable was changed according to the English stress norms.

Some French borrowed words were not completely assimilated graphically and saved their original spelling in English words. Thus, a big number of French words in English are subordinated to the spelling rules of French. As is well known, consonants like p, t, s, etc. are considered to be silent at the end of words like ballet, coup, bouquet. The combination of letters "ou" in the word like rouge saved its spelling, but it came to sound as [u:]. The letter combination "qu" that has French origin changed its pronunciation only to [kw] while the spelling was identical, for example, word like question, quality. The French letter "i" can be read as long [i:] in the word like machine. The triple letter combining "eau" maintained its original spelling in English. The pronunciation of the mixture became closer to English diphthong [ou] in the word beau. The French letter é preserved its spelling at the English endings while its sound became closely to English vowel sound [e], for example, in words like café, cliché. As it is known during the Norman domination the Old English writing was approximately replaced by the Norman French as the language was binding in all the prominent spheres of England. Not exactly

comfortable Old English consonant blending hw was altered to “wh” to achieve similarity with combinations like “th” and “ch”. Thus, the ancient words hwaer, hwaenne, hal, hwo and hwil took a new shape in the form of words like where, who, whole, while, when that we used nowadays.

The latest group of assimilated borrowed words is known under the name of non-assimilated borrowings. The group of borrowings has another name for it, sometimes the group is entitled barbarisms. Barbarisms are words that come from another language, such words have foreign origin, but they go unnoticed in a native language for speakers. Non-assimilated French words were not modified by any English language aspects at all over many centuries. Barbarisms exist in the English word-stock on an equal basis with the original English words. These words maintained their special spelling, and the meaning of the barbarisms is known for all English speakers. The number of not assimilated words in English is not less than other groups. Among them there is a large group of examples. The famous expression “tete-a-tete” means to keep the conversation eye-to-eye, in private way. The word “cuisine” that has an original French roots is used as a term for denoting traditional food of a country. The famous French wishing “Bon appétit!” kept its usage through many decades and it is still actual on an equal way with the phrase “Enjoy your meal!”. Another well-known saying “Bon voyage!” is preserved in the same principle. It is still spread as well as the sentences like “Have a good trip!”, “Safe journey!”. The expression “comme il faut” is used to show that something is done perfectly, as it should be. The mix of two French words chef d’ovre is a synonym of the English words “masterpiece” and “piece of work”. The phrase déjà vu is often used in the moments when people experienced the same occasions again. The expression is literary interpreted as “have already seen it”. The utterance “haute couture” serves for identification designer-label clothes, to mention a high quality of clothes.

Assimilated borrowings comprise the major portion of words in the English vocabulary.

Литература:

1 Durkin, Philip P. Borrowed Words: A History of Loanwords in English / Durkin Philip P. – Oxford University Press; 2014. – 352 p.

2 Феськов, А. В. Французские заимствования в лексической системе английского языка / А. В. Феськов, Е. Б. Шевченко // Актуальные вопросы лингвистики в современном профессионально-коммуникативном пространстве. - 2015. – С. 176 – 178.

3 Ferm, N. Borrowings in the English language / Ferm N. – Mid Sweden University; 2016. – 27 p.

4 Апалько, И. Ю. Французские и арабские заимствования в словаре Е.Н. Шагаловой / И. Ю. Апалько // Новая наука: Современное состояние и пути развития. – 2015. – С. 51– 54.

5 Арнольд, И. В. Лексикология современного английского языка: учебное пособие / И. В. Арнольд. – Москва: Наука, 2012. – 377 с.

ӘОЖ 94(574)

ИМАМ ҒАЗАЛИДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІ МЕН РУХАНИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Исаев Қ.Б - 130-18 топ студенті
Ғылыми жетекшісі: Орынбасарова Г.Ж – т.ғ.к, аға оқытушы.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педогогикалық Университеті, Шымкент

Резюме

Данная статья представляет собой краткую биографию, труды и заслуги великого учителя Аль Газали, прославившегося на весь мир. За свою недолгую жизнь он также написал научные труды, дошедшие до наших дней.

Әлем жұртшылығына белгілі Әбу Хамид Әл Ғазали бүкіл ислам әлеміне танымалдығымен қатар, батыс философиясына да өзінің еңбектері арқылы танылғаны белгілі. Дін ғылымына деген сұраныстың күшейгендігі соншалық, қазіргі таңда Әл Ғазалидің араб, түркі тілінде жазылған шығармаларының басым көпшілігі аударылып, кітап болып басылып жатыр. Сонымен қатар Әл Ғазалидің басқа да философиялық мектептерге де өзіндік жақсы да, жаман да көзқарастары бар.

Бай тарихы бар ислам мәдениетінің өркендеген уақыты сонау VIII –XIII ғасырларды қамтып жатыр. Осы уақыт аралығы көп ғибратты оқиғалар желісімен тарихта белгілі. Ислам мәдениеті үшін адамзаттың да әкелген жаңалықтары жетерлік. Алла Тағаланың қалауымен оның елшілері арқылы бүкіл адамзатты қараңғылық әлемінен алып шықты. Адамзатты адалдыққа, шыншылдыққа, адамгершілікке, бір Аллаға мойынсұнуды, адамдарға ең асыл мұраттарды үйретті. Сонау ертеде өткен Әл Фараби, Ибн Сина сынды ғұламалардың еңбектеріндеде ислам дініне тигізген пайдасы ұшан теңіз. Ол кісілердің еңбектері ежелгі Грецияда ұмыт қалып жатқан шығармалары қазіргі күнде ел қолданысына беріліп жатыр.

Сондай-ақ Әл Фараби мен Ибн Синаның жасап кеткен шындықты іздеу жолын ары қарай зерттеп, зерделеп, халыққа жалпақ түрде танытқан жазушылар да аз емес. Осы ойшылдардың шығармаларын сын елегінен өткізген, шынайы көзқараспен қарап, өз пікірін білдірген, исламның «төл құжаты» атағына ие болған, атағы жаһанға жайылған ислам ойшылы - Әбу Мұхаммед әл Ғазали Әбу Хамид Мұхаммед бин Мұхаммед ат Туси әл Ғазали. Ол - аса ірі діндар, философ және мұсылмандық құқық білімпазы.

Әл Ғазалидің ислам философиясының дамуына қаншалықты үлес қосса, соның ішіндегі сопылық бағытына да айтарлықтай өз еңбегін сіңірген, белгілі бір жүйеге түсіріп кеткен ғалым. Әһли Сүннет ғалымдарының көпшілігі сопылық бағытқа көп еңбек сіңіре алмады, бірақ Әл Ғазали өзіндік орасан зор еңбектерімен ислам дінінде ойып тұрып орын ала білді. Әл Ғазалидің сопылық бағытын қолдауы, бұл ағымның исламға жат емес екенін көрсету. Сопылық ілімі оның арқасында жаңа серпіліс алды. Солай сопылық ағымы ислам дінінде өзіндік орынға ие болды.

Әл Ғазали кәләм ғылымына жетік болатын. Әл Ғазали бұл салада атақты еңбегі «Ихия-и улумиддин» деген шығармасын жазып кетті. Бұл кітапта кәләм

ғылымына қатысты ой-пікірлер көп жазылған. Әл Ғазалидің кәләм ғылымындағы ең үлкен ерекшеліктерінің бірі методикалық жаңалықтар енгізу болып табылды. Ол кәләм ілімін барша мұсылманға үйрену керек, бірақ оның да қатерлі тұстары бар екенін айтып кетті. Оның түсіндіруінде фиһқ, тәпсір секілді ілімдер азық болса, ал кәләм ілімі дәрі іспетті деді. Азықтың зиянынан қорқуға болмайды. Оны мөлшерінен көп жесек, түрлі жолдармен оны қорытуға болады. Ал дәріні мөлшерінен көп пайдалансақ, өліп кетуіміз де мүмкін. Сол үшін өзінің орнымен, мөлшерімен пайдалануға шақырды [1, 4 б,].

Әбу Мұхаммед әл Ғазали Әбу Хамид Мұхаммед бин Мұхаммед ат Туси әл Ғазали – аса ірі діндар, философ және мұсылмандық құқық білімпазы. Шамамен осыдан Х ғасыр бұрын өмір сүрген ғұлама – мықты білімімен, біліктілігімен, әрі қалай өмір сүру керектігімен бүкіл мұсылмандарға жол көрсете білген, көптеген шәкірттер тәрбиелеген, дін мәселесінде көп еңбек сіңірген ғалым, ұстаз.Әбу Мұхаммед әл Ғазали Әбу Хамид Мұхаммед бин Мұхаммед ат Туси әл Ғазали 1058 жылы Иранның Қоросанға қарасты, Тус қаласында дүние есігін ашған. Ұлы ғалым 1085 жылы Тус қаласының білім ізденушілерімен Нишапур қаласында орналасқан Низамия медресесіне оқуға қабылданады. Ол жерде елге танымал, атақты кәләмшы Иам Харамайын Әл Жувайнидің өзінен дәріс алады. Арада біршама жылдар өткеннен кейін ұстазы белгілі себептермен дүниеден өтеді. Ұстазы дүниеден өткеннен кейін белгілі ғалым кісілердің жанында жүреді. 1085 жылдан бастап Селжұқ сұлтаны Мәлікшахтың данышпан уәзірі Низамул Мулктің жанында жүріп үлкен-үлкен пікірталастар мен ғалым кісілердің жиындарына да қатысады. Көптеген ғалым ұстаздарды көрген ол ілім-білімге құштарлығы арта түседі.

Низамул Мулк өзінің бұрын оқыған Низамия медресесіне оны фикхтан дәріс беретін ұстаз етіп сайлайды. 1095 жылы Низамия медресесіне ұстаз етіп тағайындаған ағасы Низамул Мулкті Исмайлиттер белгілі бір себептермен өлтіріп кетеді. Бұл оқиғадан кейін Әл Ғазали қажылықты сылтауратып, Бағдат қаласынан шығып кетеді. Ол 11 жылғы ұзақ сапарын оқу білімге арнайды. Бұл жылдар ішінде бірнеше елдерді аралайды. Ұзақ жылдар бойы әр түрлі қалаларды аралап, ол жерлерден көрген-білгендерін қағаз беттеріне түсіріп, білім-ғылымға өзінің көптеген үлесін қосады. Ғалым көптеген ғылым салаларында өзінің терең меңгерген білімінің арқасында жоғары ғылыми дәрежеге лайық, халықтың мақтан сүйер ұлы тұлғасына айналды. Қысқа ғана ғұмырында артынан өшпес мұра қалдыра білді. Әл Ғазали тек дін саласында ғана емес философия, астраномия, педагогика және тағы басқа салаларда да өз еңбектерін жазып кетті. Оған .алымдығынан бөлек Ислам дініне сіңірген ерен еңбегі үшін «Ислам айғағы» деген атақ берілді [2, 7 б.].

Әл Ғазалидің негізгі еңбектерінің біршамасын айтып кетсек. Жоғарыда айтылған «Манасид әл-фаласафия» (Философтар ниеті) және «Тахафут әл-фаласафия» (Философтардың өздерін терістеуі) атты еңбектерінен бөлек «мишкат әл-анвар» (Нұрдың орын алу тәртібі), «Мизам әл-амал» (Жұмыс өлшемі), «Әл-каул әл-джамил фиррадин аля тайар инжил» (Інжілді

бұрмалаушыларға нақты жауап), Ихьә улуму әд-Дин(Дін ғылымдарының қайта жандануы) және тағы да басқа еңбектері бар.

Халық арасында кең тараған шығармаларының бірталайы мыналар: «Жауһар», «Қысқа», «Қорытынды», «Мұстафа», «Жас шыбық», «Философияларды бекерге шығарушы», «Адасудан арылу», «Көзқарасты ашықтау», «Ілім өлшемі», «Әдемі есімдер Алла есімдері», «Шығыс», «Құстар жайлы кітапша», «Хақ жолының бастамасы», «Ей перзент», «Алла есімдерінің мағынасы», «Түсінулер» және тағы басқада шығармалары танымал.

Әл Ғазали Ихьә улуму әд-Дин кітабының бірінші томында «Ақылдың қасиеті, ақиқаты және түрлері» деген тақырыбында ақылды мына төрт түрлі классификациялайды:

1.«Ақыл» - адам баласының өзге жануарлар мен хайуанаттарынан айырмашылығын білдіретін және ілім-білім жинауға арналған қабілет иесі.

2.«Ақыл» - адамның ес жинағаннан бастап пайда болатын, сонымен қатар нені істеу керек, нені істемеу керектігіне сигнал беріп отыратын, алғашқы мағлұмат жинауға арналған қор.

3.«Ақыл» - өмір бойғы тәжірибелер нәтижесінде жинаған білімдердің барлығы жатады.

4.«Ақыл» - таным қабілетінің, әр түрлі алда келетін жағдайларды саралауға көмектесетін және кез келген жағдайды алдын ала шешім қабылдауға жағдай жасайтын құрал [3, 19 б.].

Қазақта айтады ғой, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деп. Әл Ғазали барша мұсылман қауымының ұстазы бола білді. Білмегенін үйренді, білгенін үйрете білді. Барлық салаға өз атын қалдыра білді, оның ішінде ислам дінінде ойып тұрып орын ала білді. Қазіргі таңда Әл Ғазалидің «Ихьә улуму әд-Дин» кітабы қазақ тіліне аударылып, қалың көпшілікке жол тартты. Ол кітаппен танысқан барлық адамдар ақиқат жолын таптандай болды. Ол кітапта шариғатқа, Алла Тағаланың бұйрықтарына, Пайғамбарымыздың хадистеріне қарсы келетін жерлері табылмағаннан кейін, халық арасында кең тарала бастады. Өз заманында да, одан кейінгі ұрпаққа да пайдаланар ілім тастап кеткен Әл Ғазалиге айтар алғысымыз шексіз. Мен зерттеген Әл Ғазали данышпанның мен білетін ақараттар осы. Мен білмейтін ақпараттар да бар.

Әдебиеттер:

1. Молдабеков Ж. Қасабек А. Шығыс философиясы .Алматы: Қазақ университеті. 2001.- 302 б.

2. Есім Ғ. Әл-Ғазали // Абай, 2002.- №4, 11-17 б.

3. Дайыр Д. Әл-Ғазалидің Шығыс пен Батыс философиясына қосқан үлесі // Ақиқат, 2005.- №6 , 54-58 б.

УДК 821. 161.1

«…ЗЕМЛЮ ПОЧИТАЙТЕ – НА ТОМ И СТОЙТЕ. ЗА ЕЁ ДЕРЖИТЕСЬ, ЕЁ И ПАМЯТУЙТЕ…» (по повести В. Астафьева «Последний поклон»)

Абубакиров А. – студент группы 11868
Научный руководитель – к.ф.н., доцент Абдыханов Ү.К.
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Мақалада ХХ ғасырдың 60–80 жылдарындағы орыс әдебиетіндегі өткен ғасырдың екінші жартысындағы ауыл шаруашылығының мәселелері ашылуы қарастырылады.

Виктор Астафьев, подобно Василию Быкову и Валентину Распутину, в своём творчестве подчёркнуто полемически традиционен. Сила их прежде всего в современнейшей необходимости и неотложности того, о чём они пишут, «волнуясь и спеша».

Составившие повесть «Последний поклон» новеллы отмечены печатью яркой индивидуальности, написаны языком своеобразным: речи и повествователя, и его героев пересыпаны специфическими сибирскими словечками, пословицами, поговорками, фразеологизмами.

Центральной проблемой, волнующей писателя в «Последнем поклоне» и решаемой им на автобиографическом материале, можно отметить так: весь окружающий мир, прежде всего родные люди, соседи, знакомые, их дела, их быт, нравы, обычаи; дом, огород; поля, реки, леса; цветы, травы, животные; сказки, песни, предания; книги, газеты, радио; родной язык. Всё это у В. Астафьева выступает в редкостном единстве и сложнейших взаимодействиях» [1, с. 123].

Сила изображаемого В. Астафьевым героя в том, что с младых ногтей судьба его слилась с судьбами таких людей, как прозванная «генералом» бабушка Катерина Петровна, которой всегда было дело не только до самой себя, но и до всех людей своего рода, своего села, всей округи. С такими, как неутомимый труженик – дедушка по матери, молчаливый, гордый, но бесконечно нежный человек. Как дядя Левонтий, готовый спустить всё, но не теряющий ни чести, ни достоинства, благоговеющий перед Катериной Петровной и в годину испытания не уступающий ей ни в отзывчивости, ни в деловитости. Как скромный деревенский учитель, всегда с чуть виноватой улыбкой, но в любую минуту готовый броситься вперёд и оборонить своих учеников.

Чтобы вырос кристалл – нужна песчинка. Таким кристаллообразующим началом во всём, что изображает В. Астафьев в «Последнем поклоне», выступает бабашка Катерина Петровна. Для повествователя, центрального героя произведения, мальчика Витьки, она, по его собственным словам, была «и отцом, и матерью – всем, что есть на этом свете дорогого для меня».

Умение перепрыгивать через горечи и невзгоды жизни, обходиться без унижения жалости, не терять веру в жизнь только потому, что в ней извилисто радость перемежается с ненастьем, счастье с несчастьем, рано замечается внуком у бабушки. Видит он и другое: не об одних детях заботится Катерина Петровна. Сердце её одинаково болит о нём, сиротинушке, и о непутёвых

соседях, обо всём селе, захватывает и запредельности его. По словам деда, она «без народу обходиться не может. Без неё в селе – как без командира на войне, – разброд и отсутствие дисциплины» [2, с. 31].

«Бабушка учила внука своею чистою перед людьми совестью, своим житейским и нравственным опытом, учила честно и открыто идти по жизни, приносить пользу людям», – правильно писал А. Михайлов в предисловии к изданию произведения в «Роман-газете» » [2, с. 2]. Но она выступала и учительницей в более узком понимании этого слова. Так же, как дед, она приучила внука с детства любить всё живое, видеть красоту деревьев, цветов, восходов и закатов, ощущать неповторимый запах трав, сена.

Образ деда не менее выразителен и достоверен. Дед тоже учит внука, учит молчаливо, но с наслаждением трудиться, «неторопливо, но очень уёмисто и податливо». Под пером писателя вырастает образ человека, способного своими руками сотворить любое чудо.

Если бабушка и дедушка были для внука примером беззаветной преданности всёсвязующей работе, примером хозяйственности, отзывчивости, доброты, заботы о ближнем и дальнем, то сосед Левонтий, кажущейся безалаберностью своей, почти презрительным отношением к заработанным деньгам и накопленному добру, охранил себя на всю жизнь от жадности, скопидомства, от опасности закрыться в собственном мире, прожить за своим забором. [2, с. 106].

Тётка Августа на личном примере продемонстрировала ему меру возможностей простого человека, силу духа, беспримерной выносливости.

Как пчела берёт взятку с каждого цветка, так и Витька учится у всех знакомых Катерины Петровны, учится у своих сверстников. Многому, в частности, его научил забияка, но настоящий друг Санька, сын Левонтия, никогда не теряющий бодрости духа, любимец Витькиного дедушки, неутомимый в озорстве.

Главными же воспитателями его остаются бабушка и дедушка. Он их порождение в самом широком смысле слова. Санька не раз говорил своему другу, что тот характером весь «в бабушку свою Катерину», а бабушка тогда же сказала: «Вот дедушко-то родимый!» Но, конечно же, бабушкиного труда и стараний тут значительно больше.

Таким образом, стремясь придать образу бабушки Катерины Петровны обобщающее значение, писатель исходит из убеждения: созидательное начало на земле своей прочностью в громадной степени, обязано тому, что оно, как непрерывное горение в печке, поддерживается не знающими усталости руками человека.

Литература:

1. Овчаренко А. Большая литература. Основные тенденции развития советской художественной прозы 1945 – 1985 годов. Семидесятые годы. – М., Современник, 1988. 621 с.

2. Астафьев В. Последний поклон. Роман-газета. 1971, № 2.

ӘОЖ 811.512.1:18

Д.ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

Абатова М.И.– 117-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Танабаев Ғ.Ө. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются лингвокултурные единицы в произведениях Дулата Исабекова., связанные с национальными традициями казахов.

Көркем мәтін шеңберінде жазушы өзі өмір сүріп отырған дәуірінің бет-бейнесін мен ұлттық таным-түсінігін, оның рухани мәдениетін түрлі тілдік амал-тәсілдер арқылы бере отырып, ғаламның тілдік көркем бейнесін жасайды. «Дүниенің көркем бейнесі дегеніміздің өзі – жазушының жеке қаламына ғана тән таным концептілерінің жиынтығы» [1,8 б.]. Жазушы Д.Исабековтің көркемдік санасында қалыптасқан қазақ ұлтының болмысы оның шығармалары тіліндегі ғаламның бейнесі ретінде көрініс тапқанын байқауға болады.

Д.Исабеков шығармаларынан ұлтымыздың рухани дүниесі мен бітім-болмысында, менталитетінде кездесетін барлық құнды дүниелерді таба аламыз. Адресаттың, яғни қабылдаушы оқырманның автор қолданған сөздердің мән-мағынасына түсініп, оны ойша сараптап, қабылдай алуы – тілдік тұлғаның аялық білімінің қандай дәрежеде екендігінің көрсеткіші.

Лингвомәдени бірліктер немесе ұлттық-танымды білдіретін тілдік бірліктер - әртүрлі салалы сөздердің топтарынан байқалатын, ұлттық салт-дәстүр, жөн-жоралғы, танымдық көзқарастар, ұлттық болмыс, бір сөзбен айтқанда ұлттық мәдениетті, ұлттық мінезді білдіретін сөз және сөз тіркестері. Бұған кәсіп атаулары, кірме элементтер, тыйым сөздер, туыстық атауларға қатысты сөздер т.т. категориялары бойында бар сөздер кіреді. Мысалы; лингвомәдени бірліктер: ұлттық өнер: *ою, өрнек;* ұлттық үй: *абылайша үй, қараша үй, отау үй;киіз үй* ұлттық өлшем: *құрық бойы, қозыкөш жер, сүт пісірім, бие сауым, бармақтай-бармақтай, шаш етектен* т.т.

Жазушы Д.Исабековтің көркем шығармаларындағы ұлттық дүниетанымды білдіретін сөздер, этнографизмдер мынадай лингвомәдени бірліктер тобын құрайды:

Ұлттық салт-дәстүрді танытатын лингвомәдени бірліктері:

Жазушы қолданысында аталған тақырыптағы бірліктерді шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады:

1) Баланың дүниеге келуіне байланысты туындаған лингвомәдени бірліктер:

Қай кезде келгенін білмеймін, немересін ***ит көйлекке*** *орап, қасыма жатқызып қойыпты (Мазасыз күндер, 82-б.).*

Халықтық дәстүрді сақтау, қорғау – ата-бабадан келе жатқан мұрағат болып саналады. Оның қасиеті мен құндылығын сол дәстүрді пайдалана отырып, сол ғұрыппен сусындап, тыныстап, тіршілігіне арқау ете білген жұрт

жақсы біледі. Кез келген ұлттың өзіне ғана тән ата-бабадан келе жатқан тарихи құндылықтары мен салт-дәстүрлері болады. Соның ішінде, қазақ халқындағы жаңа дүниеге келген балаға «итжейде» немесе «иткөйлек» кидіру дәстүрі, өзге елдің әдет-ғұрпына қарағанда өзгешелігімен көзге түседі.

Той тойланды, ***азан шақырылды, ат қойылып,*** *ресми бекіп кетті (Бонапарттың үйленуі, 479-б.).*

Жаңа туылған балаға ат беру – өмірлік мән-маңызға ие, аса игілікті, ізгілікті іс саналатындықтан, қазақ халқы балаға ат қоюға ерекше көңіл бөліп, өмір есігін ашқан әрбір перзенттің есімін жалпақ жұрт сыйлап-қадірлейтін білікті, қадірлі, жолы ашық, білімді кісілерге қойдыруға тырысады. Өйткені, адам есімі баланың тағдырына әсер етеді деп сенеді.

Көп жағдайда баланың атын ел-жұрт көп жиналған шілдехана үстінде қояды. Онда атын қоятын баланы: *«мына балаға ат қойып беріңіз»* деп, көп ортасында отырған білікті кісілердің біріне ұстатқанда, әжейлер оған *«бай-бақытты болсын»* деп шашу шашады.

Баланы қолына алған кісі оның құлағына: Сенің атың – … ! – деп үш рет дауыстап атайды да, баланың бетін ашып, көпшілікке көрсетеді. Сыртта азан шақырылады. Міне, бұл жоралғы *«ат қою»* деп аталады. Тіліміздегі *«азан шақырып қойған аты»* деген сөз тіркесі осындай дәстүр арқасында сақталған. Баланың азан шақырып атын қойған соң, үлкен кісілер ақ батасын беріп, бет сипайды.

– *Үйде. Ұйықтап жатыр.*

– ***Бесікте ме,*** *жерде ме (Қара шаңырақ, 315-б.).*

Қазақтың «киелі ақ бесігінің» халық дүниетанымында маңызы өте зор. Ол ұлттық тәрбиемен, ұлттық тіршілікпен біте қайнасып, қазақ қоғамына әбден сіңісіп кеткен этникалық мұра. Этнограф ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, «Бесік – қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы» болып есептеледі. Әсіресе, жаңа туған баланы бесікке салу – халқымыз үшін елеулі дәстүрлердің бірі болып саналады. Осындай қуаныш үстінде бесік жыры міндетті түрде айтылады. **Бесік** дегеніміз – жас нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек. Зерттеуші Э.Севортян **бесік** сөзінің мағыналарын былайша түсіндіреді: 1. колыбель, люлька; 2. младенец; 3. потомство, поколение, род, родство; свойственник. 4. друг, возлюбленные; 5. гроб, могила. Ол сары ұйғыр тіліндегі **пел`е-**, якут тіліндегі **biliä-**, чуваш тіліндегі **пиеле-**, басқа түркі тілдеріндегі **бе:ше-~бе:ши** тұлғалары М.Қашқари сөздігіндегі «құндақтау», «бесікке таңу» мағынасындағы **belemek (<be-le-mek)** етістіктеріне сай келетінін айтады.

Ә.Нұрмағамбетов **бесік** сөзінің шығу төркінін былай ашады: «Якуттарда **бигээ** – тербету (бесікті) [ЯРС: 68] немесе **билиә** – бесікті тербету, ал сары ұйғырларда **пеле** – әлдилеу (баланы) [ЭСТЯ 1978: 123]. Жоғарыдағы тілдік деректер бізге сөздің алғашқы түбірі етістік **би** (мағынасы «тербету»), оған түркі тілдеріне тән, бізде қазақ тіліне тән меншікті жұрнақтар қосылуы нәтижесінде зат есім туып, оның мағынасы – жас нәрестеге арналған төсек, тұлғасы бесік болып қалыптасқан. Мұның өзгеріс жолы мына схемадан

көрінеді: **би>бе+с+ік>бесік”** [2, 50 б.]. Профессор Е.Жанпейісов былай дейді: **Бесік** сөзі якут тілінде **бісік** түрінде қолданылады. Якут тілінде сондай-ақ «род», «потомство» мағынасында айтылатын **біс** дейтін де сөз бар көрінеді [ПСл: 476, 477]. Біз **бесік** сөзі **bele ~ bele-mek** деген «құндақ, құндақтау» мағыналы көне түркі сөзінен шыққан деп жорамалдаймыз.

2) Үйленуге, үй болуға қатысты лингвомәдени бірліктер:

Екіншісінде – біздің үйге көкпар әкеп тастағанда, үшіншісінде – ***айттыра келгенде*** *(Гауһар тас, 207-б.).*

Оған жақсы жерге ***құда боп, келіншек әперемін, жұмыртқадай ақ отау тігіп беремін*** *(Сүйекші, 234-б.)*

«Қайыркен көке, мен осында қалам, сізді тез жетсін деп жатыр, келіншектің ***бетін ашасыз****», − деді(Гауһар тас, 172-б.).*

Той өткен *соң оларға төрт қанатты бөлек үй тігіп, жеке шығарғанбыз(Гауһар тас, 178-б.).*

– Келін айналайын азанмен тұрып, маған ***сәлем береді****, «ата, құманда жылы су бар» деп иіліп тұрады(Сүйекші, 228-б.)*

*− **Той-томалақ бар, құда-жекжаттардың киім-киіті** бар дегендей, бәрі де ақша ғой (Дермене, 305-б.).*

Қарекеңдердің алып келген ***үш тоғызы*** *қыз ауылының адамдарын риза етіп тастады (Қара шаңырақ, 327-б.).*

Зеркүлдің Түркістаннан ***есік ашып келген*** *қызының қоржынының аузын сөгуге қатысты (Кемпірлер, 341-б.).*

Қазақ халқы өмірінің сан ғасырлық тарихы әдетте ана тілімен тығыз байланысты болып келеді. Мысалы, *құда түсу рәсімдері, үйлену тойы, ас беру* тағы басқа толып жатқан ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілерінің атаулары тілде сақталмаса, рухани мәдениет үлгілерінің мазмұны да кемшін түсе бермек. Ұлттық әдет-ғұрып, салт-сананы айтқанда, олар туралы халықтың көрнекті де, көрікті ойлары тілге оралады. Сөздің мәні, сөздің сыры, ішкі-сыртқы мағыналары сол салтпен, дәстүрмен астарласып, біте қайнасып жатқандығын көреміз.

Әдебиеттер:

1 Попова З.Д. Язык и национальная картина мира / З.Д. Попова, И.А. Стернин. – Воронеж, 2003

2 Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2004.

ӘОЖ 811.512.1

Ә.НҰРПЕЙІСОВТІҢ «ҚАН МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ВЕРБАЛДАНУЫ

Жумабай Ж.Ғ. – 117-48 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Байғұтова А. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются вербализация этнокультурных единиц в трилогии А.Нурпеисова «Кровь и пот».

Қазақ мәдениетінде қыз тәрбиесіне ерекше мән беріп, оның пәк, қарапайым болып өсуіне барынша көңіл бөлген. «Қызға қырық үйден тыйм» мақалы халқымыздың қыз баланың бейтаныс адамдармен кездесуін қоштамай, қыздың ар-ұятын жоғары қойып, оны бала кезінен көздің қарашығындай қорғаған. Себебі, кез келген қоғамның тірегі, ұлттың негізі – болашақ ана немесе бүгінгі ана екені дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Ал қыз абыройын қорып, сақтаушы, қорғаушы, ең алдымен қыздың жеңгесі болған. Қазақтың ақылды, парасатты жеңгелері қайынсіңлілерінің от басып, өкініп қалмауына мән беріп, сүрініп қалмауларына ерекше тілектестік білдіріп, теріс қадамнан дер кезінде сақтандырып отырғаны тілдік дерек арқылы былай дәйектеледі:

Осы ***кезде аққұба келіншек*** *сырттан екінші аққұманды демдеп әкелді.* ***Сыйлас қайынсіңлісі жұрт көзіне түсіп қала ма деп қысылып, есік жақтан елеусіздеу боп келді де, басқалардың көзін ала бере қайынсіңлісін шымшып алды.*** *Жалт қараған Бөбекке:*

– ***Еркем,*** *шайың кесіліп қалыпты ғой, енді демдеп әкелген аққұманнан құярсың, - деп сыбырлады да, сыртқа шығып кетті* (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер).

Ә.Нұрпейісов бұл мақалды негізгі кейіпкерлерінің бірі Қарақатынның аузына салады. Төлеумен әңгіме барысында оның қарындасы Айғаншаны айыптап сөйлейді.

1-кесте: Паремеологиялық бірліктердің берілуі

Сөздіктегі түсіндірме	Уикипедия ашық энциклопедиясындағы анықтама	**Ә.Нұрпейісов трилогиясындағы мысал**
Қызға қырық үйден тыю – Қызды жөнсіз ешқайда шығармау туралы айтылады. *Ұлға отыз үйден, қызға қырық үйден тыю* (Мақал). [1, 369-б.].	*«Қызға қырық үйден тыйым»* деп қазақ салт-дәстүріндегі тәрбиелік ұғым, ұстанымды атайды. Жарыса сөйлеуге; жалғыз қыдыруға; жыртақтап күліп, сыпсыңдап сөйлеуге; орынсыз ұрынуға; басқаларға қол	- Ойбай-ау, *қызға қырық үйден тыйым болар еді.* Сендер беттен қақпай, *бұйдасын мойнына салып жібердіңдер* [2, 454-б.].

	тигізуге; өтірік; өсекке; суық жүріс; сумаң қылыққа; кісіге қарай керіліп есінеуге; түске дейін ұйықтауға; кісі алдында киім ауыстыруға; салт-дәстүрден аттауға; елді ғайбаттауға; үлкендердің жолын кесіп; атын атауға; әдепсіз сөзге т.б.	

«Бұйдасын мойнына салып жібердіңдер» деген тұрақты тіркес қазақтардың көшпенді өмір салтын бейнелейді.

«Бұйда» лексемасы – түйе немесе бұқаға арналған мойын жіп (бір ұшымен жануардың мұрын шеміршегіне байланған); жез бұйда фольк. мыспен әшекейленген мойын бау;

Негізі «бұйдалау» сөзінің мағынасы – мойынға жіп байлау деген мағынаны білдірсе, ауыспалы мағынасы – «біреуді ауыздықтау, ұстап отыру» дегенді білдіреді.

- бұйдасын іліп қоя беру (немесе салып жіберу) біреуді еркелету мағынасында жұмсалады.

Қазақ мәдениетінде тұрмыс құрған әйел мәртебесіне, оның тәрбиесіне, жүріс-тұрысына үлкен мән беріледі. Ә.Нұрпейісовте бұл ерекшелік *«Баланы – жастан, қатынды - бастан»* атты қазақтың мақалы арқылы беріледі. Федоровты өлтіргені үшін Сібірге айдалған Еламан әйелі Ақбаланы тым еркіне жіберіп, еркелетіп жібергенін еске алады. Дос атты балықшының кезінде әйелге тым жұмсақ қарайсың деп ескерткені бар болатын.

- Келінді тым өбектеп кеттің. Басыңа шығарып алма. ерекшелік *«Баланы – жастан, қатынды – бастан...»* [2, 191-б.].

Романда сондай-ақ қазақ этномәдени ерекшелігін танытатын қызықты кейіпкер, образдар бар. Дана, әділ Сүйеу қарт халықтың салт-дәстүрлеріне берік болуымен бірге мұсылманның бес парызының бірі – бес уақыт намазын қаза қылмайтын, ораза ұстайтын ерекше кейіпкер. Бір ай бойы ас пен біраз әдеттерден тыйылатын оразаның талаптарын қатты ұстанады. Кеш бата ауыз ашу рәсімі өтеді.

Кеше де қатынаған біреуден «балықшыға сәлем айт», *ауыз ашқасын* барам», - деп хабар жіберіпті [2, 191-б.].

Шайға дейін *бесін намаз* оқып алайық. - Не дейді?.. Болып та қалғаны ма? [2, 114-б.].

Сүйеу қарт өзі қазақ дәстүрі мен адами құндылықтардың қатаң ұстаушысы бола отырып, олардың мүлтіксіз орындалуын талап етіп, ар-намысты жоғары қоятын кейіпкер. Ол бұл қағидаттың сақталуын өзінен ғана емес, қызы Ақбаладан да талап етті.

Сүйеу қарттың қызы халық дәстүрінен аттап, отбасын тастап, Еламанның ата жауы Тәңірбергенге кеткен кезде, әкесі одан бас тартып, барлық байланыстарын үзеді.

2-кесте: Этномәдени бірліктің метафора арқылы берілуі

Поэзиялық шығармадан мысал	**І.Кеңесбаевтың түсіндірмесі**	**Ә.Нұрпейісов трилогиясындағы мысал**
Шіріген жұмыртқа елге неге дәрі, Шіріп қайта таусылсын одан әрі (С.Мұқанов).	Шіріген жұмыртқа – қылығына қарай ата-ана, елден кеткен кісіге, теріс бата алған балаға айтылады. Найманның ішінде шіріген жұмыртқа бар, білемін *(М.Әуезов).* [1, 573-б.].	Қызының анада Тәңірбергенге қатын үстіне шыққанын есіткенде, бұл қатты ширығып: *«Шіріген жұмыртқа...»* - деген еді де, тыйылған еді. Сонан бері бір жанға тіс жарып та тіл қатпай, өз күйігіне өзі өртеніп қалған-ды [2, 204-б.].

Трилогияда Сүйеудің жар дегенде жалғыз қызы Ақбала Тәңірбергеннің екінші әйелі болғанын «қатын үстіне шықты» деген тіркеспен берген. Қазақ мәдениетінде *«шіріген жұмыртқа»* деген тіркес жағымсыз, теріс коннотациялық мәнге ие. Ол «кесілген, іріп-шіріген бөлікті» білдіреді.

Қорыта айтқанда, белгілі бір халыққа тән этномәдени бірліктерді таныту, талдау – өте ауқымды, күрделі процесс. Біз зерттеу жұмысында оның бірқатарын ғана әлемдік деңгейдегі жазушы Ә.Нұрпейісовтің шоқтығы биік шығармасы – «Қан мен тер» трилогиясындағы мысалдар арқылы көрсетуге тырыстық. Ал халық танымындағы этномәдени бірліктерді кешенді талдау, олардың кілтін ашу – болашақтағы зерттеу жұмыстарының міндеті деп білеміз.

Әдебиеттер:

1 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 712 б.
2 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. – Алматы: Жазушы, 1973. – 840 б.

ӘОЖ 811.512

ТӨЛЕН ӘБДІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МИФТІК ТАНЫМНЫҢ ТІЛДІК-КӨРКЕМДІК ӘЛЕУЕТІ

Қазбекқызы Аружан -- 117-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Танабаев Ғ.Ө. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье раскрывается языково-художественный потенциал мифических знаний в произведении Т.Абдик «Коктерек» («Тополь».)

Төлен Әбдіктің «Көктерек» әңгімесінде терек бейнесі көркем әдебиет пен заманауи өнерге тән ерекше қасиеттермен көрінеді. Бұл шығармадағы көк теректің бейнесі – балалық шақтың ажырамас бөлігі және жазушының жастық

шағының көрінісі. Терек жазушының дамуы туралы басқа кеңістіктік белгілермен ерекшеленеді, оның бірнеше семантикалық қырлары бар. «Көктерек» әңгімесінің бүкіл сюжеті бойында осы ұғымның антропо-морфологиясы көрініс табады, өйткені көк теректің бейнесі тіршілік иесінің қасиеттеріне ие. Әңгімедегі «терек» ұғымы табиғи табандылықты, батылдықты білдіреді және күш, жалғыздық, өткенді еске алу, құпияның куәгері немесе қамқоршысы және үмітпен әңгімелесуші, сондай-ақ жақын дос.

«Көк» сөзінің мағыналық мағынасын қарастыра отырып, «көктерек» концептісінің қазақ тілінде ең алдымен өмір және жаңғыру ұғымдарымен байланысты екенін байқаймыз (көк, көктем, көк шөп / аспан, көктем, жасыл). Бірнеше ауыспалы вариациялар бар: көк жекпе-жегі, аспан немесе көк, олар бір түсті бейнелейді, бұл біздің халқымыздың тарихы мен дәстүрлерімен байланысты. Түстер символикасы қазақтардың ұлттық ерекшеліктері мен дүниетанымын көрсетеді. Көк түсі түріктер үшін ерекше, қасиетті, өйткені ол Тәңірге табынушылықпен байланысты Тәңір (аспан құдайы) және табиғи компонент қазақтардың ежелгі мәдениетінің мұрасы «көк» түсін қолданумен ғана аталады.

«Терек» сөзінің этимологиялық компоненті мен семантикалық мазмұнын біз түркі бұтағына кіретін тілдердегі лингвистикалық мәліметтерге сүйене отырып ашамыз. Кавказ халықтарының «терек» флоронимінің идеосемантикасы гидроним (атауы бойынша А.В.Суперанская бұл сөздің көнетүркі не хун-булғар тіліндегі «терек» – «өзен» сөзінен шыққан деп есептейді), «терек» аударғанда – жылдам, тез, буырқанған деген мағынаны білдіреді) ретінде қарастырылады.

Біз бұл туралы келесі деректерді ескере отырып басқа түсіндіруге сүйенеміз: көне түркі тілінде, қазақ, қырғыз, қарақалпақ және тува тілдерінде (terek), түрікмен (дерек), өзбек (терак), татар (тир|к), хакас және чуваш (tirek), башқұрт (tira " k), якут (tirex) лексема терек түркілерге (tirek) ұқсас теректі білдіреді, қазақ (tirek), балқар және құмық (terek) тіректі білдіреді [1, б.25].Сайып келгенде, жоғарыда аталған барлық сөздердің идеосемантикасы бұл ежелгі түркілік терекке «терек» мағынасында оралады деп айта аламыз, бірақ ол «тірек, қолдау» ұғымымен тығыз байланысты.

Терек сөзінің пайда болуының барлық мүмкін анықтамаларын қарастыру барысында онымен туыстас *бәйтерек* сөзін атап өткен жөн. Бұл атау қорғайтын, біріктіретін және қолдайтын өмір ағашы мағынасында қолданылады.

Ежелгі халық аңыздарында бұл туралы айтылады. әлемдік бәйтерек ағашы бүкіл аспан әлемін қамтиды, оның тамырлары Жердің барлық қабаттарына еніп, ғаламның орталығына жетеді. Пирамидалық теректің жоғарғы жағында сиқырлы құс өз ұясын тігеді. Самұрық, оның алтын жұмыртқасы – өмір мен үміт сыйлайтын күн. «Бәйтерек» бұл мемлекетті бейнелейтін, өзінің тарихи тамырларын сақтаған, берік тірегі бар жас, күшті, болашақ өркендеуге ұмтылып өсіп келе жатқан ағашты білдіреді.

Бәйтерек көшпенділердің Ғалам туралы ежелгі түсініктерін айшықтайды, Астана қаласының архитектурасының мифологиясымен тікелей байланысты. Бұл ескерткіш ұлттық идеяның негізі болып табылады. Еліміздің көптеген облыстарында Бәйтеректің шағын көшірмелері шыққаны кездейсоқ емес. Зерттеушілер Байтерек ежелгі қазақтардың дүниетанымының мүсіндік көрінісі екенін атап өтеді. Осыған ұқсас дүниетанымдар, айтпақшы, Иггдрасиль шаған ағашына (ясень) табынған викингтерде де болды.

Төлен Әбдіковтің «Көктерек» әңгімесіндегі терек бейнесі де сондай шамада иррационалды және иланһи ұғымдарды қамтиды, антропоморфты да саналады. Бұл әңгімедегі ағаштың сипаттамасы дәстүрлі түрде автор атынан берілген. Біздің жағдайымызда тіршілік ету ортасы керемет өзіндік ерекшелікке ие ұлы көшпенділер даласы екендігі белгілі. Теректің жоғарыға ұмтылған асқақ бейнесі ұлттық дүниетанымның дамуындағы белгілі бір көріністі танытады.

Шығармада тәу ететін, зиярат ететін киелі орын ретінде сипатталады:

«Төбесі көк тіреген көк терек. Көк терек біздің балалық шағымыздың сәні еді. Сонша қиырдан көрінетін, төңірегінде тал-шыбық жоқ, жалғыз ағаштың қасына келгенде, түбіндегі саядан әлдебір жан рахатын сезгендей боласың. Көктеректің әсері басым: одан зәулім, одан жалпақ, одан киелі ағаш жоқ. Көктерек жерге өсіп тұрған ағаш емес, адамдар мінәжат қылатын әулиелі мазар ия мешіт секілді» [2, 364 б.].

Осы үзіндіде «терек» концептісінің қасиетті құраушысы туралы автор идеясын нақты тұжырымдалады. Көк терек кеңістік бейнесі ретінде зиярат ететін киелі орын, өйткені ол далада жалғыз тұрды. Даланың көлденеңдігі мен теректің вертикалдығы арасындағы ажырамас байланыс байқалады. Оның қасиеттілігі мен рақымы терең сипатталады.

Поэтикалық бейненің құралдары терең мифтік танымды танытатыны белгілі, олар фольклордан тамыр алады, дегенмен олар ұлттық менталитетпен анықталады және қандай да бір халықтың тұрғылықты жерімен байланысты. Мысалы, салыстыру үшін қалмақтардың мәдениетінде жалғыз терек (Пурдаш-бағши) буддистер үшін қасиетті орын идеясын жүзеге асыратындығын, қонақтар үшін басты назар аударарлық орын болып табылатындығын және аңыздармен көмкерілгенін келтіруге болады.

Бұл терек жүз жылдан астам уақыт бойы өмір сүріп келеді және ол кемерлермен, намаз жалаушаларымен айнала қоршалған. Ағашты осылай қадір тұтуды заманауи әдебиеттен де байқауға болады. Атап айтқанда, Джордждың Р.Р.Мартиннің «Мұз бен от әні» романдар циклінде, онда бұл бейне киелі сакральды мәнге ие және кейіпкерді уақыттың әртүрлі үзіктеріне сапар шектіріп, ол тақтың да бір түрін білдіреді және ойлануға арналған орын саналады. Әртүрлі мәдениеттерде «ағаш» концептісі қасиетті немесе сиқырлы болып саналды.

Ағаштардың сиқырлы күшіне құрметпен қарау оларда құдайлар мен рухтар өмір сүреді деген қарабайыр сенімдерге негізделген. Жанды ағаштардың символизмі еуропалық фольклорда, адам бейнесінде – ағаш немесе жасыл адамда сақталған. Қиял-ғажайып ертегілерінде ағаштар қорғап,

тілектерді орындай алады және жөндей алады, сондай-ақ кедергі келтіретін қорқынышты, тіпті жын-перілер бейнесінде де көрінеді.

Төлен Әбдіктің әңгімесінде теректің астында адамның жаны тынышталып, рахат тауып, рухани өрлеу, жақсы көңіл күйге ие болды. Ол екіұдай сезім тудырды: қорқыныш пен қуаныш. Ағаш басына шығу арқылы бала өз қорқынышын жеңіп, жеңісті сезінеді. Ағаш балалардың ойындары үшін жалғыз орын жай болып қана қойған жоқ, ол құрметті және әр адамның жүрегінде киелі, құрметті және маңызды бейне ретінде сақталатыны сөзсіз.

Тіпті қураған соң да ол өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ, өйткені ол бүкіл дәуірді бейнелейді: *Жіңішке бұтақтарына жоламайтынбыз – сындырып аламыз ба деп. Себебі үлкендердің айтуынша, әлде балалардың өздерінің нанымы, әйтеуір, Көктеректің бұтағын сындырсаң, қан ағады екен деген лақап бар. Үйткені киелі ағаш. Киелі ағашты сындыруға, шабуға болмайды. Ал шабамын деп ауру болған бір адам бар. Ол адамды бәріміз де білеміз; ауру екені де рас. Ауылға қосылмай, жаз бойы жалғыз үй боп отырушы еді бейшара* [2, 366 б.].

Бұл мифтік идеяның негізінде тамырлары мен бұтақтарымен көлбеу (вертикаль) құрылымын құрайтын Әлемдік ағаш бейнесі жатыр.

Дала халықтарының өзіндік ерекшелігі архетиптен шығып, әдебиет тарихынан көрініс беретін «терек» концептісін таңдаудан айқындалады. Терек осы әңгімеде флоробейне ретінде кейіпкердің рухани ахуалын жеткізіп, табиғаттың құрамдас бөлігі арқылы әлемнің сұлулығын көрсетеді. Бұл ағаш ұлттық, әлемдік аңыздар мен мифологиямен, Төлен Әбдіктің ғаламдық көзқарасымен, авторлық идеямен байланысты.

Әдебиеттер:

1 Суперанская А.В. Заимствование слов и практическая транскрипция. – М., 1962. – 46 с.
2 Әбдіков Т. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1992. – 512 б.

ӘОЖ 811.512.1.18

М.ӘУЕЗОВТІҢ «ӨСКЕН ӨРКЕН» РОМАНЫНДАҒЫ ЭТНОДИАЛЕКТИЗМДЕР

Қыдырбай А.С. – 117-28 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Байғұтова А. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются этнодиалектизмы в романе М.Ауезова «Младое племя», героями которого являются труженики Южного региона.

М.Әуезов шығармаларында этнодиалектизмдер негізінен кейіпкер тілінде қолданылатыны байқалады. Көркем шығармадағы диалектизмдердің қолданылу ерекшеліктерін сөз еткенде, екі фактіге: біріншіден, белгілі бір сөздерді

қолдануда автордың өзіндік позициясын, мақсатын түсінуін, екіншіден, автор бейнесінің ерекшеліктеріне мән беру керек.

Шығармаларда жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы сол өңірдің колоритін беріп, шығарманың шынайылығы үшін қызмет етеді. Ол, ең алдымен, шығарманың тақырыбына, мазмұнына, суреттелетін оқиғаларға, автордың мақсатына, эстетикалық идеалы мен шеберлігіне байланысты. Орынды, мақсатты түрде қолданылған жергілікті ерекшеліктер тілдік экспрессияның тиімді құралы болып табылады.

М.Әуезовтің «Өскен өркен» романындағы кейіпкер тілінде дәл осы ерекшеліктің мысалын көреміз: «*Бұл сөзіне Айсұлу ең алдымен: «Тіпті жақсы, аға, **жүдә** сол жақсы» деп қалды* [1, 47-б.].

Әулі. Есік алдындағы қоршалған алаң, ашық қора. Әулінің ішінде мал да тұрады (Шымк., Арыс). Жетісуда – аула.

«Әулі 1. (Шымкент, Қызылқұм, Түлкібас, Жамбыл, Сарыағаш, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Ташкент) қора, аула. ***Әулі** ішінде мал да тұрады* (Шымкент, Қызылқұм)» [2, 130-б.].

Осы диалект М.Әуезовтің қолданысында да кездеседі. Шығармаға Оңтүстік Қазақстан облысындағы аудандағы тұрмыс-тіршілік, шарауашылық сөз болғандықтан, автор бұл тұста сол өңірдің тілдік ерекшелігін де орынды қолданған.

Мысалы: – *Көп кісі жиылған екен. Өзінің **әулісіне** сыймаған үлкендердің біразын жақын-жақын **қошныларына**, өзге **әулілерге** шақырмады ма? Мен бір топ кемпір-шалмен сол бағана өзің айтқан Нұрбүбі деген жесір қатынның **әулісінде** болдым. Сонда соның үйіне де кірдім дедім ғой, – деп әңгімеге қайта кірісіп, айды сора түсіп, кірпіксіз, қысықтау жылан көзін алдына ғана қадаған кең танау сұр кемпір әңгімеге жаңа төселді»* (1, 49-бет).

Аталған мысалда сонымен бірге ***«қошны»*** деген диалект сөз ұшырасады.

«Қошна. (Қызылорда, Арал, Алматы, Шелек, Жамбыл). Көрші. *Бұрын бір мектепте істеп, менімен **қошна** еді* (Алматы, Шелек)» [2, 294-б.].

Түркістан өңірінде ауызекі сөйлеу тілінде осы сөз «қошны» формасында қолданылады. Бұның тілдік дәйегін жоғарыдағы мысалдан анық көреміз.

«Жар. (Орал, Ақтөбе, Маңғыстау, Арал, Қызылорда, Атырау, Қарақалпақстан, т.б.). қабырға, үйдің қабырғасы. Қазір сағат не, жардағы сағатқа қарап жіберші (Ә.Нұрпейісов). Сурет жарда ілулі тұр (Ақтөбе)». [2, 266-б.].

Негізінен, диалектологиялық сөздік материалдарынан аңғарғанымыздай, «жар» сөзі батыс өңірлері мен оңтүстіктегі Қызылорда облысының кейбір аудандарында қолданылады. Ал Түркістан, бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының тілінде «қабырға» мағынасындағы «жар» сөзі қолданыста жоқ. «Өскен өркен» жазушының аяқталмаған, толық өңделмеген туындысы болғандықтан, мұндай сәйкессіздіктің кездесуі заңды да.

Мысалы, «*Үстіне екі **жардың** бойын қатарластырып жақсы, ұзын сырлы сандықтар жасапты. Ал солардың үстінде кей жерін шәукермен ораған кілем, көрпе-жастық, әртүрлі терме алаша, шашақтары салбыраған бес-алты*

жерде бояулы әдемі ***боғжама,*** *тамақшалары сондай жарқыраған баяғы шолпыдай»* [1, 50-бет].

Оңтүстік өңірінде жиі, ерекше құрметпен қолданылатын сөздің бірі – «мейман». Қонағын құдайындай сыйлайтын халқымыздың қанына сіңген қонақжайлылығына ешкім де күмән келтірмесі анық. Осы тұрғыда біздің аймақта «қонақ» сөзімен қатар «мейман» сөзі қолданылады.

Диалектологиялық сөздікте «мейман» сөзіне төмендегіше түсінік берілген.

«Мейман» 1. (Жамбыл, Жуалы). Шешек ауруы.

Мейман 2. (Талдықорған). Суарылмайтын егістік, бидай» [2, 510-б.].

Байқағанымыздай, сөздікте *«қонақ»* мағынасындағы *«мейман»* сөзінің қолданысы келтірілмеген. Бұл ол сөздің әдеби тілде қолданысқа етене еніп кеткенігін танытады.

Жамбыл облысында шешек ауруын мейман сөзімен атауы тілдегі табу құбылысымен байланысты болса керек. Бұрындары емі табылмайтын қатерлі аурулардан қорыққан халқымыз оның атын тіке атаудан бас тартып, «қонақ, мейман» деп атауды дұрыс санаған.

М.Әуезов «Өскен өркенде» осы «мейман» сөзін орынды қолданған.

*«Сүйтіп, меймандарым, - деп күлді де, - осы толайым менің қасымнан көрі апайдың қасы жақсы болар, өалай дейсіңдер! – деген еді» [*1, 47-б.].

Бірсыпыра сөздер туысқан түркі тілдерінде және парсы тілінде кездеседі: жертөле – жер үй, түрікмен тілінде – ердөле; сыпа – сәкі, өзбек тілінде – супа; ашық-машық, өзбек тілінде ошик-мошик; сапал – үлкен кесе, өзбекте – сопол; ауқат – тамақ, өзбекте – авхат; пал – мақта, қызылша түптерінің қатары, өзбекте – пал; пай – сіңір, өзбек, ұйғыр тілдерінде де солай, дес орамал – қол орамал, өзбекте – досмал, ұйғырда – дәстромал; байтаба – шұлғау, парсы тілінде пайтабе; пада – бір топ сиыр, парсыда – паде; кепе – күрке, қырғызда – кепе т.б. осындай мысалдардан қазіргі қазақ тіліндегі сөздер мен тұлғалардың даму жолы көне тіл құрылысымен сабақтасып, қабысып жатқаны байқалады.

Мысалы, **Сыпа 1.** (Қызылорда, Шиелі жамбыл, Шу, Шымкент, Түркістан, Түлкібас, Қостанай т.б.) сыпайы. *Өзің бір* ***сыпа*** *бала екенсің, шырағым, әңгімеңді айта бер* (Қызылорда, Шиелі).

Сыпа 2. (Шымкент, Мақтарал) үйдің сыртқы төбесі. *Сыпадан тамшы ағып кетіпті* (Шымкент, Мақтарал).

Сыпа 3. (Шымкент, Сайрам, Түлкібас, Жамбыл, Алматы, Қарақалпақстан). Балшықтан биіктеу етіп жасалған орын, сәкі. ***Сыпа*** *тамның төр жағында болады* (Жамбыл. 2. Жерден көтеріп, үстін тегістеп сылаған орын (Өзбекстан, Ташкент).

Сыпа 4. (Түркіменстан, Ташкент). Егіннің қауызы, шөп-шары.

Сыпа 5 (Гурьев, Маңғыстау). Ырыс. *Сарқытта* ***сыпа*** *да бар, сарқытта шипа да бар* (Мақал).

Сыпа 6. (Қызылорда, Қармақшы). Мола, бейіт, қабір. *Сол жерде сыпа қып салған молалар көп қой* [2, 606-б.].

Қазір ұзын бойлы, сымбатты, сұңғақ, тік денелі болып ержетіп қалған, тоғызыншы класта оқитын Арман ***сыпаның үстінде*** *кішкене бала күніндей*

*шалқалай жатыпты да, анасымен анда-санда әзіл сөз айтысып, хұсайни аталатын ұзынша қара үзімді бір-бірлемей үш-төрттен асап жатыр» [*1, 122-б.].

«Осындай, кейде әзіл-күлкі аралас, кейде татулық, үйлесімділік жасарстық жайларын аңғартқан әңгіме арасында бұл үшеуі бүгін де осы ***сыпада*** *жатып ұйықтауға байласқан. Жаз бойы, тегі, олар түн салқынын сүйгендіктен және* ***сыпада*** *ыстық үйдей емес, ұйқы тез қанатын болғандықтан, ұдайы далада ұйықтайтын»* [1, 122-б.].

Жоғарыдағы мысалдардың барлығында *«сыпа»* сөзі сөздікте көрсетілген *«балшықтан биіктеу етіп жасалған орын, сәкі»* деген үшінші мағынада қолданылып тұрғанын аңғарамыз.

Әдебиеттер:

1 Әуезов М.О. Өскен өркен. – Алматы: Жалын, 1977. – 264 б.

2 Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б. – 130-б.].

ӘОЖ

СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ДАМЫТУҒА ЛОГОРИТМИКАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Әшірбай Арайлым Байғалиқызы-М1901-20 тобының студенті

Ғылыми жетекші:Масалиева Жанар Амалбайқызы-п.ғ.к.,доцент

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Шымкент

Резюме.

В данной статье был затронут вопрос о первых этапах формирования логоритмического воздействия на детей с нарушениями речи.

Отечественными и советскими учеными была предложена различная структура организации логоритмического воздействия. Однако, анализируя каждую структуру в отдельности, мы обнаруживаем, что каждая из них имеет определенные недостатки. Поэтому актуальным является разработка новой системы логоритмического воздействия, ее практическая апробация.

20 ғасырдың басында Еуропаның көптеген елдерінде ырғақ арқылы білім беру жүйесі кең таралды. Ол «көркем гимнастика әдісі» деген атпен танымал болды. Оның негізін қалаушы швейцариялық мұғалім және музыкант Эмиль Жак – Далкроз (1865-1950) болды. Э. Жак – Далкроз Женева консерваториясында сабақ берді. Оның шеберлігі талай мамандар мен оқушыларды таң қалдырған болатын. Далкроз музыканттың жақсы есту қабілеті ғана емес, сонымен қатар жақсы ырғағы болуы керек деп есептеді. Ол музыкалық ырғақты музыкалық педагогиканың жеке саласына бөліп, «ырғақты сезімді өздігінен дамыту» туралы шешім қабылдады. Қозғалыс реттеушісі Далкроз педагогикалық шара ретінде қабылданатын музыка жасады. Осылайша, логоритмикалық әсер ету жүйесінің дамуына жол ашылды [1].

В. А. Гринер логоритмикалық сабақтарды баланың сөйлеуін түзету құралы ретінде қолдану қажеттілігін атап өтті. Автор логоритмиканы қолдану

аясында сабақтың осындай құрылымын ұсынады: кіріспе жаттығу, ән айту, әр түрлі іс-әрекеттерді дамытуға арналған жаттығулар (зейін, ырғақты жаттығулар, ойын). Сабақтарда буындар мен сөздерді дұрыс айтуды дәйекті дамыту бойынша мақсаты қойылса, мына құрылым қолданылады: алдымен сөздік ән айтылады, содан кейін қарапайым әуендер негізінде ән айтылады, бұл белгілі бір дыбыстарды, дыбыстың екпіні мен күшін шығаруға мүмкіндік береді. Әдістеме авторы логоритмикалық іс-әрекеттегі балалардың дамуындағы ең маңызды процесс психикалық функцияларды дамыту деп санайды. Бұл техниканың кемшілігі – әр түрлі дыбыстарға арналған сөйлеу жаттығуларының дамымауы [2].

Кейіннен, Г. Р. Шашкина өзінің логоритмикалық сабақтарын өткізу құрылымын ұсынды. Ол сабақты үш бөлікке бөлуді ұсынады [3].

Дайындық бөлімінде кеңістіктегі бағдарлауды дамытатын жаттығулар қолданылады, атап айтқанда жүру, жүгіру, қозғалыстардың өзгеруімен қайта құру және басқалар. Дайындық кезеңі баланың қозғалысы мен ми жарты шарларына тікелей әсер етіп, оның белсенділігін арттырады, негізгі бөлімге сәтті даярлайды.

Негізгі бөлігінде тыныс алуды дамытуға арналған жаттығулар, дауысты дыбыстарды анық айтуға арналған жаттығулар (музыкалық сүйемелдеусіз дауысты дыбыстардың фонетикалық ырғағы), дыбыстық сүйемелдеуге негізделген жаттығулар; сөйлеу ойындары, назар аударуға арналған сөйлеу ойындары, синхрондылық, жалпы дамыту жаттығулары, қол саусақтарының сөйлеу, мимикалық және жіңішке қимылдарын дамытуға арналған жаттығулар, отыру және жату жағдайларынан жалпы дамыту жаттығулары пайдаланылады.[4].

Соңғы бөлімде тыныс алуды қалпына келтіру және релаксация жаттығуларын, тыныш жүрудің әртүрлі түрлерін қолдану ұсынылады.

Г. Р. Шашкина, Г. А. Волкова сияқты ғалымдар сабақтарды кезеңдерге бөлуді ұсынады. Бірінші кезеңнің мақсаты – байланыс орнату үшін жағдай жасау, негізгі қозғалыстарды қалыптастыру (қозғалмалы ойындардағы жалпы дамыту және қозғалыс кешендері), визуалды – таным қабілетін қолдана отырып, балалардың ырғағы сезімінің сенсорлық және сенсомоторлық компоненттерін тәрбиелеу. Сабақтың бірінші кезеңіне белсенді ойындар, сенсориканы, ырғақ сезімін, көркем шығармашылықты дамытуға арналған ойындар кіреді [5].

Екінші кезең баланың негізгі моторикасын қалыптастыруға бағытталған. Бұл кезеңнің мақсаты – негізгі қимылдарды жаттықтыру (жүгіру, жүру, өрмелеу, секіру, доп лақтыру және т.б.). Жаттығулар мен ойындарға мөлшері, формасы мен түсі бойынша әртүрлі заттар енгізіледі. Қозғалыс кезінде оларды атай отырып, балалар сөздікті белсендіреді. Экспрессивтілікке, ырғақ пен қозғалыс қарқынына тәрбиелеу үшін жаттығулар мен ойындар өткізіледі.

Үшінші кезең жоғары психикалық функцияларды, есте сақтауды, тактильді-кинестетикалық сезімдерді дамытуға және сөйлеуді түзетуге бағытталған.

Төртінші кезең сөйлеу әрекетін жетілдіруге арналған және сөйлемдегі сөздерді талдауды, сөздікті байытуды, балалардың музыкалық белсенділігін ынталандыруды қамтиды.

Сөйлеудің жалпы дамымауы бар балалармен түзету жұмыстарының бір ерекшелігі – ұсақ моториканың дамуы, фонетикалық ырғақ бойынша жүзеге асырыла алады, алайда, бұл әдістемеде мұндай бағыттар байқалмайды және ол сөйлеудің жалпы дамымауын түзетуге жарамсыз деп айтуға болады, өйткені ол жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балалардың психомоторикасының ерекшеліктерін ескермейді. Сондай – ақ, тағы бір кемшілік – тыныс алу, дауыс бойынша жұмыстың болмауы. Ал, бұл бағыттағы жұмыстар жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар үшін өте маңызды болып табылады [6].

Авторлар Г.А. Волкова, В. А. Гринер, Г. Р. Шашкина логоритмикалық сабақтар процесіне қатысатын іс – шаралар мен нақты жаттығуларды тізімдейді: ән айту, бұлшықет тонусын реттейтін жаттығулар, музыкалық сүйемелдеусіз сөйлеу жаттығулары, ырғақты сезінуге, сөйлеу және дөңгелек билеуге арналған музыкалық жаттығулар. ойындар. Көптеген әдіскерлер кіріспе, негізгі және қорытынды бөліктерді қоса отырып, логоритмика сабағының күрделі құрылымын ұсынады [7].

Осылайша, бүгінгі күні осы санаттағы балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеретін жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балаларға логоритмикалық әсер етудің дайын, толыққанды әдісі жоқ деп айтуға болады.

Бірақ, осы әдістерді талдай отырып, біз өзіміз үшін қажетті бағыттарды бөліп көрсете аламыз, болашақта жаттығулардың логоритмикалық кешенін жасау кезінде оларды ескереміз. Біз атап өткен бағыттар: тыныс алу мен мимиканы дамыту, айқын айтылымды дамыту (фонетикалық ырғақ), дауысты, прозодияны дамыту, қозғалыс дағдыларын және саусақтардың нәзік қимылдарын дамыту, сөйлеуді дамыту, түзету, жоғары психикалық функцияларды дамыту, ырғақ пен қарқын сезімін дамыту, шығармашылық пен бастаманы дамыту логоритмикалық әсер етудің кешенді жүйесін құрайтын жекелей бірліктер болып табылады.

Жалпы, логоритмика әлі де салыстырмалы түрде жақсы зерттелмеген және дамыған аймақ деп тұжырым жасау керек, бірақ логоритмикалық сабақтар балалардың жалпы және сөйлеу дамуы үшін өте маңызды екендігі даусыз.

Әдебиеттер

1. Э.Жак – Далькроз. Ритм, М., 2006
2. Гринер В.А. Ритм. – М., 2006
3. Шашкина Г.Р. Логопедическая ритмика для дошкольников с нарушениями речи: Учебник для студентов высших пед. учеб. заведений Г.Р. Шашкина. - М.: Академия, 2005
4. Бабушкин Р.Л Коррекция речи и движения с музыкальным сопровождением.- СПб., 2019
5. Волкова Г.А. Логопедическая ритмика. - М., 2002.
6. Измайлова Ж.Т., Жакупова Д.С. // Логоритмика: оқу – әдістемелік құралы. Павлодар, ПМПУ, 2018.
7. Федоренко Л.П., Фомичева Г.А., Лотарев В.К. Методика развития речи детей

дошкольного возраста. –М.: Просвещение,2008.

ӘОЖ 303.01

DIFFERENT WAYS OF DEVELOPING LISTENING SKILLS

Almatova D.Sh and Omirzak A.E - 1508-21
Academic adviser: Dauletova A.A – lecturer (M.A)
South Kazakhstan State Pedagogical University , Shymkent , Kazakhstan

Түйін

Тыңдау қабілеті-бұл күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылатын тілдік дағды. О.Мэлли бізге" біз сөйлегеннен екі есе көп тыңдаймыз, оқығаннан төрт есе және жазғаннан бес есе көп тыңдаймыз." Сонымен қатар, есту арқылы түсіну басқа тілдік дағдылардың негізі болып табылады.Қарым - қатынас тек басқа адамдармен қарым-қатынас жасау және әңгімелер, идеялар, мақсаттар мен тілектермен алмасу туралы емес. Тиімді қарым-қатынас көбінесе басқалардың айтқандарын шынымен қабылдау және ашық түрде тыңдау қабілетіңізді дамытатын тыңдау дағдыларын қамтиды.

Unfortunately, this essential language skill has often been neglected in the language classroom. Teachers sometimes assume that students are developing their listening skills just because they are listening to the teachers use the target language. Yet listening is a complex process that requires phonological, semantic, syntactical, discourse, and pragmatic knowledge of the language as well as understanding of the context and of nonverbal communication. Learners then have to apply this knowledge in a range of contexts, both unidirectional (e.g., lectures, radio broadcasts) and bidirectional (e.g., classroom discussions, conversations) listening situations, and while using a variety of technologies (e.g., telephones, computers, digital audio players) . By developing better listening skills, you will be able to get more information out of the conversations you have, increase others' trust in you, and people will be drawn to your inviting personality. Taking into consideration the complexity of the listening comprehension process and the contexts in which it occurs, it cannot be supposed that a learner’s listening skill will develop on its own. Teachers must make conscious and systematic efforts to develop this skill in learners. Listening skills are usually divided into two groups: bottom-up listening skills and top down listening skills.

Bottom-up listening skills refer to the decoding process, the direct decoding of language into meaningful units, from sound waves through the air, in through our ears and into our brain where meaning is decoded. To do it students need to know the code. How the sounds work and how they string together and how the codes can change in different ways when they are strung together.

Top-down skills or processing refers to how we use our world knowledge to attribute meaning to language input; how our knowledge of social convention helps us understand meaning.

These are the skills that listening teachers should be teaching in their classes. Top down processing refers to the attribution of meaning, drawn from one's own world knowledge, to language input. It involves "the listener's ability to bring prior information to bear on the task of understanding the "heard" language" There are a

great number of sub-skills, which construct the overall skill of listening. Sometimes the 'bottom-up' skills are called 'micro' skills O'Malley proposed his own checklist of sub-skills involved in listening, which shows the wide range of possible skills . He distinguishes the following skills: perception skills (recognizing individual sounds, discriminating between sounds, identifying reduced forms in fast speech, identifying stressed syllables, words, recognizing intonation patterns), language skills (identifying individual words and groups and building up possible meanings for them, identifying discourse markers which organize the content of information – then, as a matter of fact, first, second, third, to start with), using knowledge of the world , dealing with information . Good listeners need to be able to use a combination of sub-skills simultaneously when processing spoken language; the skills they will need at any particular moment will depend on the kind of text they are listening to, and their reasons for listening to it. Of course, in the beginning, language learners will not be very good at these skills and teachers will need to teach them strategies for coping with what they have missed or misunderstood.

Why Listening Skills are necessary?

Effective listening requires a conscious effort and a willing mind. Generally, there are four reasons.To Gain New Information & Ideas . Most of the learning comes through listening. Effective listeners welcome new inform. Companies that listen effectively stay informed and up to date.

To Test Evidence

When a speaker talks, he actually presents the message based on facts and opinions. Good listeners test those facts and opinions and then question the speaker to know the truth. They try to uncover the speaker's point of view and credibility.

To Be Inspired:

Sometimes people listen to get inspiration. By listening attentively, they get inspired and ready to take action.

Active listening is the process of understanding fully what the speaker has said both in content and in feeling. In the active listening, you are both mentally and physically prepared.

Passive Listening – listening without talking and without directing the speaker in any non-verbal way is known as passive listening. In passive listening, you are physically present but mentally absent.

To sum up, teachers and learners focus too much on the product of listening and too little on the process. The solution is to perform different listening exercises and activities using bottom-up and top-down strategies to acquire listening skills in learners. Listening exercises should fulfill different purposes: familiarizing learners with the features of natural conversational speech, and training learners in two types of listening skills. These skills and strategies practiced in isolation must later be combined and applied to a longer text. Effective use of listening skills and strategies will help us achieve desirable results in a classroom and real-life listening.

References:

1. Josh Gibson , Fynn Walker
2. The Art of Active Listening: How to Double Your Communication Skills in 30 Days,2011

3. Michael Sorensen "Listen and Understand"

УДК 821.161.1

БЛАГОРОДИЕ И ЗЛОДЕЯНИЕ В РОМАНЕ «ПРЕСТУПЛЕНИЕ И НАКАЗАНИЕ» ФЁДОРА ДОСТОЕВСКОГО

Абдихаликова Э. – студентка гр. 118-68
Научный руководитель: Абдыханов У.К. – к.ф.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Мақалада Ф.М.Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романындағы гуманизм мен жауыздық мәселелері қарастырылған. Автор жазушының адам жанына қалай терең енетінін ашты.

Тема гуманизма является вечной в литературе. Художники слова всех времён и народов обращались к ней. Они не просто показывали этюды жизни, а пытались разобраться в обстоятельствах, побудивших человека на тот или иной поступок. Вопросы, поднимаемые Достоевским, разнообразны и сложны. На них нельзя ответить просто, односложно. Они требуют постоянного размышления и поиска ответа.

Ф. Достоевский в романе «Преступление и наказание» анализирует поступки и чувства человека, совершившего преступление. Эта книга – поиск в лабиринте нравственности. Автора волнует то, что гуманный человек, чтобы спасти себя и других людей от нищеты, может убить «никчёмное» существо. Получается парадокс. Добрый, умный, образованный молодой человек любит свою мать, сестру, готов пожертвовать собой ради других. Онсталкивается с довольно мерзким существом, старухой-процентщицей, Алёной Ивановной, коллежской регистраторшей. Она предстаёт перед ним жалким и ненужным существом.

Узнав о ней, Раскольников решает убить её, чтобы впоследствии, завладев её капиталом, помочь матери, сестре, самому окончить университет и сделать много добрых дел для людей. Но ещё задолго до этого родилась теория, в которой он доказывает право сильной личности на убийство. Рассуждая над собственной теорией, молодой человек пришёл к выбору: «Кто же я сам? Тварь дрожащая или право имеющий?» Естественно, эта теория противоречит принципам гуманизма, а сама постановка вопроса является античеловечной.

В образе Раскольникова Достоевский рисует здравомыслящего человека, который, желая следовать законам нравственности, вступает в противоречие с ними и переступает через них. Убийство старухи отрезало героя от мира. Но теория о превосходстве одного человека над другим не погибла в нём. Родион сделал вывод, что он «тварь дрожащая» [1,163].

Достоевский сумел доказать античеловечность теории Раскольникова, её несоответствие истинным проявлениям гуманизма. Но наряду с Раскольниковым автор представляет и других героев. В романе их около ста. Они составляют совершенно необходимый петербургский фон: городовые и шарманщики, мещане и чиновники, кучера и студенты, священники и просто прохожие.

И если не все, то большинство этих лиц долго или на мгновение привлекают внимание Раскольникова. Каждому из них свойственны свои взгляды и ответы на вопросы, которые ставит писатель. Большинство людей, встречающихся на страницах романа, потеряли цель и смысл жизни и живут, не осознавая того, что творится с ними и вокруг них. Они не задумываются над своей собственной судьбой. Им нет дела до кого-то другого.

Достоевский не мог пройти мимо или не заметить окружавшей его жестокости, грязи. Его чуткая душа протестовала против угнетения слабых сильными. Он глубоко переживал за людей и старался помочь им. В самые тяжёлые для писателя и всего русского народа годы он продолжал искать пути избавления человечества от страданий и бед, которые несёт с собой аморализм.В своём романе Достоевский продолжает искать ответы на вечные вопросы. Автор делает вывод, что самый гуманный суд – это суд совести.

Писатель разоблачил и осудил путь индивидуализма, показал несостоятельность анархического бунта. От революционной борьбы за коренное изменение общественного устройства общества Достоевский уходит в область моральных исканий, а острые социальные конфликты переносит в сферу отвлечённых этических представлений [2,37].

В «Преступлении и наказании» поставлены те основные социальные и этические проблемы, которыми мучился Достоевский на протяжении всей своей жизни. Это прежде всего вопрос о праве человека на бунт, на восстание против существующего положения вещей, вопрос о возможности революционного изменения действительности и гармонического устройства мира и наконец социально-этическая проблема нравственного перевоспитания человека путем религиозного смирения и страдания.

Достоевский–глубочайший психолог, знаток души человеческой,великий гуманист. В своих произведениях он раскрывает до самых последних глубин внутренний мир героев. Анализ переживаний Раскольникова до убийства и после совершения преступления принадлежит к самым сильным страницам мировой литературы. С клинической достоверностью психиатра анализирует Достоевский различные оттенки переживаний своего героя.

С огромной силой изобразил писатель трагизм человеческих судеб придуховной ущербности общества, создал потрясающие картины человеческих бедствий и страданий. В то же время он пытался внушить, что разрешение этих мучений и страданий – в сфере религии.

Творческое углубление через индивида в личность совершалось в единстве с углублением через нации в народ. Это всемирно значимое открытие Достоевского привело к глубочайшему преобразованию той направленности искусства, которая связана с понятием гуманизма.

Литература:

1. Кирпотин В. Я. Разочарование и крушение Родиона Раскольникова. – М.: Художественная литература, 1986.

2. Фридлендер Г. М. Реализм Достоевского. – М.: Наука, 1964.

ӘОЖ

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ РАЗНЫХ РОДОВ И ЖАНРОВ В ТВОРЧЕСТВЕ ВАСИЛИЯ ШУКШИНА

Анарханова Х.
@mail.ru
Научный руководитель: к.ф.н., доцент Абдыханов У.К.
uali.kibray@mail.ru
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

Василий Шукшин прав, когда утверждает, что всякая экранизация, действительно, связана с переходом одного вида искусства в другой, равно как и с неизбежными, по-видимому, потерями-приобретениями. «Перевод» с языка одного вида искусства на язык другого достигает своей цели лишь в том случае, если он сделан правильно, то есть если при переводе сохранены в неприкосновенности все идейно значимые моменты литературного источника.

В фильме же «Позови меня в даль светлую» ни одни из рассказов не остался в неприкосновенности, причём литературное их содержание оказалось куда более значимым, нежели их киноконтаминация.

В статье «Средства литературы и средства кино» Шукшин ставит важный вопрос – о необходимости создания так называемой кинолитературы. Справедливо считая, что литература с большим трудом поддаётся переводу на киноязык, он мечтает о создании такой литературы, в которой были бы заранее предусмотрены все специфические потребности кино. Однако из системы самой литературы («словесности») эта «вспомогательная» кинолитература всё же явно выпадает, поскольку она не считается (сознательно не считается, в интересах кино) с законами литературной прозы, притом, что реализуется она в средствах этой самой прозы. Никто не станет сравнивать фильмы Шукшина с его прозой (кроме тех случаев, когда они тематически пересекаются), ибо это разные формы искусства; но так называемые киноповести его будут сравнивать с его прозой обязательно, поскольку то и другое реализуются в материале слова. И тут уж сравнение будет явно в пользу прозы. Литературную прозу Шукшина надо всё же отделять от его кинопрозы, от всего того, что Шукшин-писатель делал в «специальных» интересах кино. И если говорить о действительном своеобразии Шукшина-художника, то оно состоит не в том, что в своей прозе он использовал изобразительные возможности кинематографа, а в том, что в каждой из этих областей он был выдающимся мастером.

В размышлениях Шукшина о судьбах литературы в кино есть и ещё один важный момент. Сопоставляя средства литературы и средства кино, Шукшин стремился не только определить их взаимную специфику и разграничить сферы применения тех и других, но и всё чаще задумывался о потенциальных возможностях литературы и кинематографа как двух форм искусства. И всё решительнее склонялся к признанию преимуществ литературы. Эта мысль достаточно отчётливо прозвучала уже в статье «Средства литературы и средства кино». Ещё определённее Шукшин высказался в одном из своих последних

интервью: «Писатель ставит фильм! Да это же компромисс с писательским трудом! И потому я встал перед выбором: кино или литература?» И ещё: «Аудитория кинофильма – миллионы зрителей, а для писателя это – редко достижимая мечта. Но кино – искусство быстрое, точное, а литература – вечное. Нужно выбирать. Режиссёр или писатель? За свою прежнюю неопределённость теперь придётся дорого расплачиваться… И я ещё не могу до конца осознать, чем расплачиваться…» [1, с. 261]. Прирождённый литератор, прозаик, он всё прочнее и органичнее утверждался в художественных принципах, характерных именно для литературы, и всё дальше отходил от приёмов и средств, которые являются у неё общими с другими видами.

Киноповести В. Шукшина органично входят в русло русской литературы, ярко и самобытно отражая общие тенденции её развития: новизну трактовки обыкновенного характера, в котором писатель открывает сущностные качества, аналитичность в изображении среды и обстоятельств, формирующих героев и т. д.

Взаимодействие разных родов и жанров в творчестве В. Шукшина открывало возможности для реализации новых, новаторски смелых замыслов писателя. В гармонии таланта со временем и жизнью народа – истоки стремительного восхождения В. Шукшина к вершине признания. В народности искусства писателя заключены объяснение и разгадка тайны его художественного обаяния и необычайного воздействия на современников.

Творчество В. Шукшина можно представить в свободном, естественном движении: в цельности и единстве проблематики, жанров, стилевой специфики. Зримость, пластичность, полифонизм свойственны всему творчеству писателя – от рассказа «Сельские жители» до исторических повествований, киноповестей и сатирических произведений [2, с. 72]. Цельность творчества В. Шукшина обусловлена нравственно-эстетической позицией художника.

Цельность творчества В. Шукшина определяется преимущественно особенностями мировосприятия художника, его неповторимым видением характеров, бесчисленных явлений, фактов, существующих не в разобщённой множественности, а в единстве движущегося бытия. Многожанровость, многостильность искусства Шукшина – чётко осознанная самим художником необходимость формы.

Отдавая должное художнику-рассказчику, мы распознаём через искусство В. Шукшина общественное назначение литературы, перспективы её развития.

Литература:

1. Аннинский Л, Федосеева-Шукшина Л. Комментарии. – М., Молодая гвардия, 1992.
2. Шукшин В. «Я родом из деревни…» Публ. Л. И. Федоссевой-Шукшиной // Наш современник. – 1979. – № 7.

ӘОЖ

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ МЕҢГЕРТУДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Байғұтова Динара Нышанқызы – ф.ғ.к., доцент,
Сазанбекова Жансая Нұрлыбекқызы – 117-28 оқу тобының студенті,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Summary
This article discusses educational goals and directions in mastering phraseological units.

Тәрбие – мәңгілік, қасиетті, жалпы ұғым. Адам қоғамының пайда болуына байланысты туындап, қоғамда өмір сүріп жатқан шақта ол жойылмайды. Ол адамның дамуына өндіргіш күштерді дайындауға қажет деп саналады. Тәрбие – жеке тұлғаның санасына мінез-құлқына, дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесімен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы. Әл-Фараби: «Тәрбиелеу – халықтар бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту», – деген болатын [1, 18].

Тәрбиенің мәні, біріншіден, қоғам үшін саналы, белсенді, іскер азаматты қалыптастыру болса, екіншіден, жеке адам үшін оны өмір сүре білуге, өзін қоршаған ортамен қарым – қатынас жасай білуге үйрету. Қоғамдық тарихи дамудың әр кезеңінде тәрбие өзінің қажеттілігіне, мазмұнына, формасына қарай нақты тарихи сипатта болады.

«Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында (1999)» «тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, иманды, ақылды, парасатты, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, талғамы жоғары және бойында тағы да басқа ізгі қасиеттері бар азаматты тәрбиелеу» деп белгіленген [2, 14].

Тәрбиенің міндеттері:

– тәрбиелік жаңа жетістіктердің ұлттық тәрбиеге негізделген әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың ұлттық сана-сезімін, имандылық қадір-қасиетін қалыптастыру;

– оқушылардың білімге, ғылымға деген ықыласын арттыру, ақыл-ой қабілетін, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырып, білімнің барлық саласын игеруге, тәрбие жүйесінің талабына сай, қоғамдық-мәдени іс-шараларына араластыру;

– оқушылардың интеллектуалдық білімін нығайту мақсатымен, балалардың қабілетін дамытуға тәрбие жұмысы арқылы ықпал ету;

– мәдени іс-шараларда жас ұрпақтың мәдени мұра мен білімді жүйелі меңгеруге, рухани құнды игіліктерін бағалай білуге тәрбиелеу;

– ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, әдемілікке, сұлулыққа, білікті маман даярлауға тәрбиелеп үйрету [86, 15].

Ақын-педагог М.Жұмабаев тәрбиені төртке бөліп, осы төрт тәрбие көздері түгел берілсе ғана адам баласын тәрбиелі деп атауға болады дейді: «Тәрбие төрт түрлі: **дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі**

һәм құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс пішетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын болса, міне, осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы» [3, 14] деп қорытады. Мұның барлығының білім мекемелерінде қалыптасатын құбылыстар екені даусыз.

Ақыл-ой тәрбиесі – тәрбие жүйесінің маңызды бір құрамдас бөлігі. Себебі жеке тұлғаның қалыптасып дамуы, оның білім алуымен және оқу әрекеттерімен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Яғни адамның рухани дамуының негізі ақыл-ой тәрбиесінен басталады. Ақыл-ой тәрбиесінде, шәкірттерге білім беру барысында олардың танымдылық қабілеттері артады (байқағыштық, зейінділік, шығармашылық, қиялы, сөйлеу, ойлау, есте сақтау). Ақыл-ой дамуы және ойлау білігі негізгі ойлау операцияларын меңгеруді қажет етеді.

Ж.Б.Қоянбаев пен Р.М.Қоянбаев оқушыны барлық жағынан қоғам ісіне араласатын жеке тұлға етіп тәрбиелеп шығару мектеп арқылы ғана жүзеге асады дейді: «Тұлғаны барлық жағынан дамытып тәрбиелеу, жас ұрпақты қоғам құрылысына белсене қатысуға әзірлеу міндеттері мектеп арқылы жүзеге асырылады. Мектепте білім және тәрбие алу барысында жас түлектердің ақыл-ойы дамиды, адамгершілік қасиеттері қалыптасады, ой еңбегіне төселеді, рухани өмір байлығын меңгереді, эстетикалық талғамы, сезімі артады», – деп атап көрсетеді [4, 70].

Ж.Ә.Әбиев, А.М.Құдиярова, С.Б.Бабаевтар тәрбие туралы: «Шәкірттерге сөздік арқылы жаңа ғылыми ұғымдарды түсіндіру, жүйелі түрде қайталау, пайдалану, қолдану, іске асыру; оқушыға проблемалық ізденіс, зерттеу тапсырмаларын орындатып, теория мен тәжірибе бірлігін дәлелдеу, өзіндік жұмысты орындауға және өз бетімен білім алуға үйрету; әр сабақта оқушыларға политехникалық білім беру, туған жердің шаруашылығына лайықты мамандық-тарға дайындау; әрбір сөздің, сөйлемнің, ұғымның мәнін түсіндіру үшін оқушылардың білімі мен тәжірибесін негізге алу», – деп ой қорытады [5, 152].

Оқыту үдерісінде тәрбиелеу бес бағытта жүргізілгені дұрыс:

Бірінші бағытта, білім алушының мінез-құлқын тәрбиелеуде оған қоршаған ортасымен қалай қарым-қатынас жасау қажеттілігі, құрбыластарды сыйлаудың негіздері үйретілуі керек. Мұның негізінде оқушылардың немесе студенттердің қоғамға деген ара қатынасы қалыптасып, олар өзін де осы қоғамның бір мүшесі ретінде сезінетін болады.

Екінші бағытта, ақыл-ой тәрбиесін беру түрлі оқу материалдары арқылы шәкірттерді терең ойлай білуге, өзіндік шешім қабылдауға, өзінің ісін болжай алуға үйрету қажет.

Үшінші бағытта, оқушыға не студентке ұлттық тәрбие беру халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл мұраларының, салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарының озық үлгілерін шәкірттің бойына сіңіру болып табылады.

Осы бағытты жүзеге асыру үшін оларға қазақтың асыл қазынасы – фразеологизмдер үйретіледі.

Төртінші бағытта, ізгілендіре тәрбие беру-түрлі іс-әрекеттердің адамзатқа жат жақтарынан жиренуге, жекебас-тұлғалық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, сол арқылы адами іс-әрекеттерді жасауға үйрету керек.

Бесінші бағытта, эстетикалық талғамын тәрбиелеу – білім алушыларға түрлі шығармаларды оқыту барысында, сөздік қорын байыту арқылы-дұрыс сөйлеуін, сөйлеу нақыштары әуезді, ойы анық болуын қалыптастыру қажет. Сөйлесімде фразеологизмдерді дұрыс, орынды пайдалану үшін фразеологиялық сөздікпен жұмыс жасауға тапсырмалар беріледі.

Сонымен оқу үдерісінде тәрбиелеу дегеніміз – білім алушыларға қоғамда қолданылатын ережелерге сай, қоғамдық қалыптасқан ортаға тән дағдыларды үйрету. Әрбір халықтың өзіне тән қоғамдық рухани ерекшеліктері бар, сондықтан оларды ұлттық тәрбие негіздерінде тәрбиелеген дұрыс.

Оқу үдерісінде баланың дамуы мен тәрбиеленуіне ықпал ететін тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін жасау керек. Қазақ тілін оқыту барысында тіл байлығын дамыту, фразеологиялық сөздік арқылы сөздік қорын дамыту барысында мынадай тәрбиелік мақсаттарды қамтуды қажет етеді:

А. Оқыту мен тәрбиелеудің бірізділігі. Қандай да оқыту болмасын, оның тәрбиелік мәні болады. Себебі түрлі тапсырмалар, жаттығулар, тіл дамыту, тіл заңдылықтарын үйрету сабақтарына тек білімділік мазмұн жатпайды, сонымен қатар тәрбиелік мән де жатады. Берілген тапсырмалардың, жаттығулардың т.б. тәрбиелік мәніне айрықша мән беру керек. Бұл әрекет оқушыларды оқыту арқылы тәрбиелеуге болады деген қағидаға бағындырылады.

Демек, оқытудың басты мақсаттарының бірі – шәкірттерге білімдік мағлұматтар берумен қатар, осы білімдік мағлұматтар арқылы оларды тәрбиелеу. Бірақ жүйесіз жасалған қандай да оқыту түрлері баланы тәрбиелей алмайды. Оларды тәрбиелеуде тәрбиелік мәні бар материалдарды іріктеп алған дұрыс. Сондықтан оқытушы білімдік, тәрбиелік, дамыту жағынан құнды, шәкірт ұғымына сай келетін, анық та дәл, көркем тілмен жазылған материалдарды іріктеп алып, қазақ тілі сабақтарында пайдаланып отыруға міндетті.

Осындай пікірлерді ескере отырып, оқушылар немесе студенттердің сөздік қорын байытуға ықпалы бар фразеологиялық тұлғаларды іріктеу барысында әдеби тілге жататын фразеологизмдер сұрыпталды. Мысалы: **Егіз қозыдай-** өте тату, айырылмас дос. **Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты-** табан астынан бәле шығу, ойламаған жерден кісімсіп, ақылдымсып шыға келу.

Бұл білім алушылардың сөздік қорын байытып қана қоймай, сонымен қатар олардың әдеби тілмен сөйлеуін, көркем әдебиеттерді оқуға деген қызығушылығын арттырып, өздерінің тіл мәдениетін жетілдіруіне ықпал етеді. Мұның барлығы оқыту мен тәрбиелеудің қатар орындалуын қамтамасыз етеді.

Ә. Даму мен тәрбиенің бірлігі. Студенттердің немесе оқушылардың түрлі психикалық қабілеттерінің дамуы барысында, олардың өзіне-өзі баға беру және істеген іс-әрекеттерінің дұрыс-бұрыстығын бағалай алатындай тәрбиелік мәндегі сараптау ой-талғамдары да дамиды. Оларды дамыту және тәрбиелеу істерін бірлікте қарастыру керек. Бұл жөнінде В.С.Гончаров былай жазған: «Обучение и воспитание достигают развивающего эффекта при умелом руководстве собственной деятельности ребенка» [6, 12].

Б. Оқу үдерісінде дұрыс ұйымдастырылған тіл материалдарында отансүйгіштік, адамгершілік, экологиялық т.б. тәрбиелік міндеттерді шешу жүктемесі болуы керек. Мұндай жүктемелер тапсырмалардың өн бойынан табылып тұруын қамтамасыз ету керек. Мысалы, қазақ тілі сабақтарында фразеологизмдерді үйрету барысында фразеологиялық сөздіктен отансүйгіштік, адамгершілік тақырыптарына қатысты фразеологизмдерді теріп жазу тапсырылады. Олар мынадай фразеологизмдерді теріп жазады*: **Адам санатына қосылу** - ер жету, жұрт қатарына қосылу, өз бетімен тіршілік етуге жарау; **ат салысу**-көмектесу, жәрдемдесу, белсене қатысу;* ***қол ұшын беру***- *қолғабыс ету, көмек көрсету, жәрдем беру.*

В. Білім алушыларды дұрыс сөйлетуде, олардың тіл мәдениетін қалыптастыруда, тілдің стильдік қырларын еркін танып-білгізуде де тәрбиелік мән жатыр. Себебі шешендік өнерге үйрету арқылы олардың жеке бас қасиеттері қалыптасады. Білім алушылардың сөйлеп тұрған кезінде артық сөздерді қосып жіберуі көп кездеседі. Сондай-ақ сөздерінің арасында былапыт, диалект, жаргон т.б. сөздерді қосып сөйлейді. Бұл-олардың сөздік қорының жеткіліксіздігінен болатын құбылыстар. Бұл жөнінде тілші М.Балақаев: «Біраз оқушылар ел арасында, кейбір тілдік мәдениеті төмен кісілер арасында үйренген жаттанды, төмен қол сөздерден көпке дейін арыла алмайды, «әдет – әдет емес, жөн – әдет» екені ойына кіріп шықпайды. Үйреншікті, дағдылы нәрселердің бәрінің жаттығы білінбей, жақсылықтың нышаны сияқты болатыны да рас, дегенмен, диалектизм, жаргон, былапыт сөздерді жаман әдет екенін түсініп, ондайдан арылу үшін аңдап, ойланып сөйлеу, ана тілінің асыл сөздерін оқып біліп, естіп, көңілге тоқу қажет» - дейді [7,7]. Білім алушыларды ауызекі және жазбаша сөйлеу тілінде осындай жаман әдеттен арылту мақсатында сөздік қорларын байытуға ықпалы бар фразеологиялық тұлғаларды әдеби тіл негізінде алып, оны олардың актив сөздігіне қосу үшін арнайы жаттығулар арқылы жұмыс жүргізу қажет. Сонда ғана олардың сөздік қоры дамып, актив сөздік қорында әдеби тіл нормасына сай келетін фразеологизмдер көбейеді. Бұл білім алушылардың ойланып, әдеби тіл нормасына сай сөйлеуіне ықпал етеді.

Г. Фразеологизмдермен жұмыс жасау барысында халықтың асыл сөз маржандарын үйрету ұлттық рухта тәрбиелеудің негізі болып табылады. Білім алушылардың сөздік қорын байытуға ықпал ететін фразеологиялық тұлғаларды іріктеп, оларды халықтың асыл сөз маржандарымен байланыстыру қажет. Мысалы, фразелогиялық тұлғаларды шәкірттерге түсіндіру барысында құрамында осы сөздер бар мақал-мәтелдер таңдалынып алынды. «Малым –

жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Қанағат – қарын тойғызар» т.б. Бұл мақал-мәтелдердің мағыналарын ұғыну барысында мақалда айтылып тұрған қасиеттерді өз бойында қалыптастыруына мүдделілік туады.

Ғ. Фразеологизмдермен жұмыс жасау барысында білім алушылардың білімдік, дүниетанымдық ой-пікірлерін қалыптастыру да тәрбиелік міндеттерге жатады. Себебі сөздік қорды байытуға ықпалы бар фразеологиялық тұлғалар тек қатысымдық емес, сонымен қатар танымдық, ақпараттық қызметтерді де атқарады. Осының негізінде жиналған ақпараттар арқылы білім алушылардың қоршаған ортаға деген өзіндік ой-пікірлері қалыптасады, Мысалы, **Ердің құны, нардың пұлы** деген фразеологизм «қымбат, салмағы ауыр талап» деген мағынаны беретіндігін фразеологиялық сөздік арқылы анықтайды.

Д. Сөздік қорды фразеологизмдер арқылы молайту барысында шәкірттердің іс-әрекеттерін тежеуге немесе дамытуға арналған ережелер арқылы оларда өзін-өзі басқаратын дағдыларды қалыптастыру қажет. Білім алушылардың сөздік қорын молайту үшін іріктеліп алынған фразеологиялық тұлғаларды ұғындыру барысында түрлі мақал-мәтелдер т.б. арқылы ненің бұрыс, ненің дұрыс екендігін көрсететін тапсырмалар беру керек. *Жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын*-сапарға я соғысқа аттанған кісіге тілек. *Жерге кіріп кете жаздау* - бетінің оты шығу, қатты ұялу. Мұндай жағдайда білім алушылар тапсырмалардағы сөйлемдердің мағыналарын түсіне отырып, өз ісіне баға беру мүмкіндігін жетілдіреді. Сондай-ақ бұл шәкірттердің өзін-өзі тәрбиелеуіне де ықпал етеді. Бұл - тәрбиелеудің дамытушылық қызметі.

Е. Фразеологизмдермен жұмыс жасау барысында түрлі көркем шығармаларды түсініп оқуы арқылы эстетикалық талғамдары қалыптастырылады. Сөздік қорын молайтуға ықпалы бар фразеологиялық тұлғалар оқулықтардағы мәтіндер ішінен іріктеліп алынғандықтан, осы разеологизмдердің мағыналарын ұғынуы, білуі арқасында білім алушылардың бойында кітап оқуға деген қызығушылығы артады. Бұл олардың бойында эстетикалық тәрбиенің қалыптасуына ықпал етеді.

Мұның барлығы – белгілі бір жүйемен берілуі, қалыптасуы қажет тәрбиелік мақсаттар. Сөздік қорды молайту барысында жүргізілетін тапсырмалар т.б. аталған тәрбиелік мақсаттарды негіз ете отырып, жүйелілік ұстанымына бағынуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1967.- 418 б.
2. Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасы//Егеменді Қазақстан, 7 тамыз, 1996.
3. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1993.– 160 б.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М.Педагогика. Университеттер студентеріне арналған оқу құралы.-Астана, 1998.- Б.204-215.
5. Әбиев Ж.Ә, Бабаев С.Б, Құдиярова А.М. Педагогика. Дарын-Алматы-2004, 188-190б.
6. Гончаров В.С. Типы мышления и учебная деятельность.-Свердловск: СПИ, 1972.–С.12.
7. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. –Алматы: Мектеп, 1989. – Б.8.

УДК 821.161.1

СВОЕОБРАЗИЕ МЕТОДА А. Н. ОСТРОВСКОГО

Нематжанова Д. *– студентка гр. 11898*
Научный руководитель: Абдыханов У. К. *– к.ф.н., доцент*
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент,

Түйін

Мақалада А.Островскийдің пьесаларындағы көркемдік ерекшелігі ашылады. Студент драматургтың пьесаларының реализм, кейіпкерлеріндегі комикс ерекшеліктерін көрсетті.

Комическое порождает социально значимый, одухотворённый эстетическими идеалами, светлый, высокий смех, отрицающий одни человеческие качества и общественные явления и утверждающий другие. Комизм непременно требует разделения оттенков смеха, проявлений гаммы смеха в различных тональностях.

В русской литературе XIX века основной принцип комизма – это карикатура. Определённый характер в карикатуре необычайно преувеличен и представляет собой как бы характерное, доведённое до излишества.

Несомненным достижением драматурга стал язык пьесы. Каждый персонаж совершенно особая речевая стихия. Язык в комедии стал свидетельством ярчайшего дарования Островского, чуткого к народной речи и воссоздавшего культурно-бытовой уровень определённой социально-психологической среды середины XIX века.

Островский не психолог, и его персонажи – не толстовские, в чей внутренний мир нас вводит могучая сила авторской интуиции, – они просто люди, какими их видят другие люди. Но этот поверхностный реализм – не наружный, живописный реализм Гоголя и Гончарова, это подлинно драматический реализм, потому что он представляет людей в их отношениях с другими людьми, что является простейшим и стариннейшим способом характеристики, принятым как в повествовании, так и в драме – через речь и действия.

Реализм Островского, несмотря на явное влияние Гоголя, по сути своей ему противоположен. Он чужд выразительности ради выразительности; он не впадает ни в карикатуру, ни в фарс; он основан на основательном, глубоком, из первых рук, знании описываемой жизни. Диалог стремится к жизненной правде, а не к словесному богатству. Умение использовать реалистическую речь ненавязчиво, не впадая в гротеск, – существенная черта искусства русских реалистов, но у Островского оно достигло совершенства.

Комическое в персонажах пьесы «Не в свои сани не садись» перемешивается с трагическим оттенком [1, с. 152]. Наиболее комичны в пьесе второстепенные персонажи: тётушка Арина Федотовна, Селиверст Потапыч Маломальский и его жена Анна Антоновна.

Островский чётко делит персонажей на людей мира «просвещённости» и людей мира патриархальности, проводя линию не только в их характерах и привычках, но и в их отношениях друг у другу. Русаков, Бородкин, Маломальский принадлежат к миру патриархальности, рисуемым Островским с любовью и с добрым комизмом, словно мягким смехом, юмором. Каждый из

этих персонажей имеет своё сатирическое противопоставление в мире «просвещённости» – Арина Федотовна, Вихорев, Анна Антоновна. Их Островский не щадит, обливая обличительной сатирой и злой насмешкой.

Комизм персонажей подчас проявляется не только в их личных характеристиках, но и в их контрастировании между собой при сталкивании. И, как правило, для наибольшего контраста Островский сталкивает персонаж из мира «просвещённости» и персонаж из мира патриархальности.

Лирической основой для пьесы стали песни и романсы, которые на время замедляют быстрый темп действия, создают эмоциональную атмосферу, говорят об эстетических пристрастиях героев[2, с. 47].. Песенно-музыкальная тема отражает и собственные взгляды драматурга. Дуня и Ваня поют народные песни, а Арина Федотовна, приблизившаяся к городской полукультуре, набравшаяся чужих взглядов и тем самым вызывающая у автора явную иронию, не желает слушать «мужицких песен» и «поёт с чувством романс».

Островский будто намеренно зачастую снижает драматизм сцен расставания, душевного напряжения вводом речи особо комических персонажей, таких как Арина Федотовна, Степан.

Комизм персонажей подчас проявляется не только в их личных характеристиках, но и в их контрастировании между собой при сталкивании. И, как правило, для наибольшего контраста Островский сталкивает персонаж из мира «просвещенности» и персонаж из мира патриархальности. Наиболее сильная комичность проявляется в образе Арины Федотовне, когда она разговаривает с Иваном Петровичем, и особенно слышна разница в речи и поведении этих двух персонажей. Ярче и сильней видна комичность в фальшивой светскости Арины Федотовны, вернее, тот тон, который она считает светским.

Островскому народный взгляд на жизнь казался всегда нравственным и здоровым во всех отношениях. Дворянское же бытие, лишённое национальных корней, представлялось ему испорченным и исторически бесперспективным. А поэтому господский мир, ничего общего не имеющий с жизненными принципами трудовых социальных слоев, неминуемо ждёт разрушение и разложение. Такими разлагающимися предстанут дворяне и в более поздних пьесах драматурга. Островский не покажет ни одной крепкой, по-настоящему счастливой дворянской семьи, созданной на началах любви и взаимного доверия, которых не может быть там, где все пронизано ложью и лицемерием.

Таким образом, в пьесах Островского вообще комическое очень часто переплетается с трагическим, как для контраста, так и для снижения нарочитого драматизма с целью избежать ложного пафоса и соблюсти реальность персонажей.

Литература:

1. Ю. Борев. О комическом. – М.: 1988.
2. В.В.Виноградов. О теории художественной речи. – М., Высшая школа, 1971.

ӘӨЖ-94(574)

М.ӘУЕЗОВТЫҢ “АБАЙ ЖОЛЫ” РОМАН – ЭПОПЕЯСЫ – БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗІ РЕТІНДЕ.

Өтегенов Бақыт Дәуітбекұлы Тарих ғылымдарының магистрі,
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы АО,
”Қазақстан тарихы және әлеуметтік пәндер”
кафедрасының аға оқытушысы.
ОҚМА“Жалпы медицина” студенті ЖМҚ-А 206-20 Қоңырбай Санжар.

Резюме

В статье рассматриваются основные проблемы и значения социологических проблем А.Кунанбаев в произведений М.Ауезова «Путь Абая»

Мұқтар Әуезов (1897-1961) – ұлы жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің классигі, абайтанушы, әдибиетші ғалым. Оның ”Абай жолы” эпопеясы – бүкіл әлем оқырмандарына танымал. Бұл шығармалары 1967-1969-жылдары 12 том, 1979-1986-жылдары 20 том болып басылып шыққан.

М.Әуезов осы танымал ‘’Абай жолы‘’ эпопеясы арқылы оның есімін бүкіл әлемге танытып, ұлы ақын – Абайдың ақындық-азаматтық көркем бейнесін жасаумен қаттар, Абай мұрасын жинау, оны зерттеу, саралау, таза күйінде бүгінгі оқырмандарға жеткізу ісінде де айтарлықтай үлкен еңбек етті. Ол Абай шығармаларын зерттеу де 1920-жылдары Ленинград университетінде оқып жүрген кезінде-ақ қолға алып, 1922-1925-жылдары Ташкенттегі, Семейдегі оқу орындарында Абай мұрасынан дәріс оқып, ақын шығармаларын “Таң” журналында жарялап, Абайдың өмір баяны туралы деректерімен шығармаларын толықтыру жолында толассыз еңбектенді. Абайдың замандастарына естеліктер жаздырып, оның өмір баяны мен сол заманның шындық көріністері туралы деректерді қағазға түсіруге кіріседі. Абайдың мұрасын зерттеу саласындағы алғашқы белсенді жұмысы – Абайдың ғылыми өмір баянын жазу үшін жаңа деректер жинап, ұлы ақынның шығармаларының тұңғыш толық қанды жинағын құрастыру жолында қиын да күрделі жұмыстарға бағыт ұстанды. Осы мақсатпен 1836-жылы Абайдың туған жеріне барып, 1943-жылы осы үшін арнайы ұйымдастырған экспедицияны өзі басқарады, 1945- жылы ұлы ақынның 100 жылдық мерекесінің алдында Семей өңірі, Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан аймақтарына да экспедициялар шығару мәселесін қояды.

1924-жыл М.Әуезовтың Абайдың өмірі мен шығармаларын зерттеп, жинастырудаерекше орны бар тарихи кезең болып табылады. 1922-жылдан бастап М. Әуезов Абай шығармаларының толық жинағын құрастыру, Абайдың өмірбаянынанжаңа деректерді жинау, ұлы ақынның мұрасы туралы ғылыми мақалалар жазып А.Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын баспасөзде және дәріс оқу орны арқылы көпшілікке таныстырып, насихаттау жұмыстарын бірге алып жүреді.

1933-жылы жарияланған А.Құнанбаевтың өмірбаянынынтұңғыш берілген нұсқасында М.Әуезов ақынның шығармашылық, өнерпаздық жолының

басталуы мен оның бастан кешкен әртүрлі әлеуметтік оқиғаларға араласқан өмір жолынан байланысты 13 өлеңіне сүйенеді. Осы өлең-үзінділер жайдан жай алынып қоймастан, олардың солай аталуы себептері де Абайдың өзі араласқан әр түрлі оқиғалардың желісінен ұштастырылып, кейбіреулерінің жазылуының себептері де ашыла түседі.

1940-жылы Абай өмірбаяны мен оған қосымша ретінде берілген деректерінде жалпы түрде 24 өлеңі қамтылады.

Бұл жылы алғашқы өмірбаянымен салыстырғанда 8 өлең атауы жаңадан қосылып, “Құлақтан кіріп бойды алар...” өлеңі Абай Құнанбаевтің композиторлық – сазгерлік өнерін таныстыруға байланысты беріледі.

Абайдың әндері негізінен өз тарапынан қазақ өлең құрылысына ендірген жаңа түрлердің өленді тыңдаушыға тосырқаусыз жетуін ойластырудан туындаған әркет екенін көрсетеді.

1949-жылы“Абай жолы” эпопеясының “Абай” аталған алғашқы екі кітабына КСРО мемлекеттік сыйлығы беріледі.

1959-жылы “Абай жолының” тұтас төр томына Лениндік сыйлық беріледі.

“М.О.ӘуезовXIX-ғасырдың 40-50 жылдарын қазақ әдебиетінің дамуы тарихында бұрын болып көрмеген ренесансқа айналдырды. Мұның заңды болуы себебі-“Абай жолы” сияқты шығарма осы кезге дейін қазақ әдебиетінде болған емес еді”. (1)Ғ. Мүсірепов " Суреткер парызы" А,1970. 163 б.

М.Әуезов төрт томдық “Абай жолы” эпопеясы арқылы бүкіл дүние жүзіне, өз отандастарына, қазақ халқының өзіне қазақ дегеннің кім екенін таныта білді. Нақтырақ айтсақ, қазақ халқының ұлылығын, оның өшпес өмір тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін, қазақтың мінезі қалыптасқан трагедиялық және шығармашылық дәуірлерді ғажайып көркемдік күшпен жарқыратып, ашып, жан-жақты айқындап, терең түсіндіріп берді. Сондықтан да, “Абай жолын” оқыған Бенжамин Матин “қазақ неткен ғажайып халық”, - деп таңырқаса, Константин Федин “өзінің қалай қазақ болып кеткенін білми қалған”.

Абайдың өз басы, ой- санасы, ұғым- нанымы, жалпы ішкі дүниесінде, әрине, бір орнында тұрып қалған жоқ. Үздіксіз өзгеру, өрбу, жаңғыру, жаңару үстінде болатын. Расында бұл үдерістің ішкі дәйектері, бөлшектері, психологиялық талдау дегендер аттаған сайын кездесіп отырады, ру аралық жанжалдар, талас тартыстар, олардың өршіп, асқынуы, қарулы қақтығыстар – Абайдың өзі өмір сүріп, өсіп келе жатқан ортаға деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастырады. Бара-бара жас азаматөз жөнін іздеп, бағытын бандарлайды. Абай ақиқатты ақын көзімен таниды. Түрліше өлу-тірілулер, өшу-жану, осы қалыптастырған салт-сана, әдет-ғұрыптар... Осылардың бәрін абай сырттай бақылайды, бар ақындық болмысы мен іштей толқына сезінеді, тебірене түйсінеді, жіне осылардың бәріне бейтарап қарай алмайды, қалыс қалмайды, әр құбылысқа өзінің қарым-қатынасын белгілейді, не құптайды, не қарсы болады, сол ретпен белсенді қимылға көшеді.

Адамдардың ара қатынасын ғана емес, тіпті табиғат құбылыстарының өзін Абай статикалық халде емес, динамикалық күйде анық ақындық түйсікпен тура тірілтіптүсінеді.

Абайдың ақындық білімі, ішкі дүниесіосылайша нәзік және терең түрде ашылады. Бұл шындыққа енді Абайдың көзқарасы да басқаша. Абай, сөйтіп, өз өмірінің биік қиясына қарай адымдап, өрлеп келе жатады: “Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы таұыр құм мен шалшықты жарып, әлсіз, нәзік шешек атып жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бір күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті жау дауылы да қатар болудан қалған еді”.(3)М. Әуезов Абай жолы, А, 1961. 1т, 383 б.

1-ші кітапта Абай осылайша азамат ретінде қалыптасса, екінші кітаптан былай қарай енді өнер адамы – ақын Абай, шын мәніндегі азамат – ақын көрінеді. Ендігі жерде Абай ақындығының қайнар бұлағына айналды. Ендігі жерде Абай өнерінің психологиясы көптеген өлеңдерінің туындау құпиясын ашуға қызмет етеді. Абай ақындығының арға тамыры өзінің туған топырағындағы төл әдебиетте – халық өнерінде – өзін сәби кезінен қиял ғажацып ертегілер мен әлдилеген Зере әжеде, мұңшыл жырау – Барласта, сыншыл жыршы – Шөжеде... жатса, бергі бұтағы мен жасыл жапырағы орыс әдебиетінде Е.П.Михаэлис секілді орыс достары арқылы қолы жеткен А.С.Пушкинде, М.Ю.Лермонтовта... жатыр. Романда осы сыр терең және жан-жақты толғамын табады.

Таланты мен танымы, ұғымы мен білімі, жалпы ой-санасы, ақыл-парасаты осындай қос арнадан қоретенген азамат ақынның рухани дамуы, қайраткер ретінде өсуі одан әрі жалғасады.

“Абайдың” 2-ші кітабы мына сөздермен аяқталады: “Алда - өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз… бір қуаты, бір үлесімі бар… қуаты-ақындық, үміті-халық”.(4)М. Әуезов Абай жолы, А 1961, 1т. 803 б.

Бұл - біріншіден, М. Әуезов құрғақ, сылдыр сөйлем құрмайды, ең әуелі өзі тебірене толқын алады да, сол тілсіз сезім тілімен сөйлейді; екіншіден, Абай емес ау, алдымен Әуезовтың өзі анық ақын; үшіншіден, Әуезов - суретші, нағыз көркем суретші, қағазды, кітаптың парақтарын аспанға, жерге, құбылысқа, дүние - тіршілігіне айналдырып жіберетін шебер; төртіншіден, Әуезов - терең психолог, оқырманның жан дүниесін сілкіп - сілкіп жіберетін күш! Демек, “Абай жолы” сияқты ғасырлық туындыны тек осындай қабілет пен қасиеттің адамы ғана туғыза алады.

Классикалық эпопеяда жан тебірентер көркемдік күшпен жинақталған өмірдің жиынтық шындығы ғылымның әр саласындағы маман адамдар үшін осындай таным-тағылым қайнары болса, қалың оқырман үшін ақыл мен сананың, арман мен ойдың сарқылмас кені секілді. Демек, шығармаға ауадай керек нәрсе – парасат (интеллект) десек, "Абай жолын" оқыған адам өмірдің өнерге айналған академиосынан өткендей болады. Шындығында, таланттар тарихы мен тағдырын барлай қарасақ, басты жазушылардың бәрі ғұмыр бойы өзінің бас кітабын жазу мақсатында әрекет еткен және солардың талайы жазып үлгерге алмай өткен. Туған халқына мәңгілік мұра болғандай ғасырлық туынды сыйлау- тек қана қадау қадау ұлылардың-ғана үлесіне тиген.

"Абай жолы" - ұлы жазушының ұлы туындысы бас кітабы, ол өзінің өлшеуні ғана ғұмырында өлшеусіз шығармашылық ерлік жасап, өзінің осы нау мәңгілік кітабын жазып үлгеріп кетті. Дананың өз ортасынан әрқашан озық, оқшау тұратын даралығы да осы арада жатыр.

"Абай жолы" эпопеясы арқылы Абайдың дара тұлғасын көркем әдебиетте әлемге танытқан М. Әуезовтың абайтану ғұмырының негізін қалап қалыптастыру, ақын мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу ісіндегі қызметі де аса зор.

Әдебиетттер:

1. Ғ. Мүсірепов " Суреткер парызы" А,1970. 163 б.
2. Ғ Мүсірепов " Суреткер парызы" А 1970, 163 б.
3. М. Әуезов Абай жолы, А, 1961. 1т, 383 б.
4. М. Әуезов Абай жолы, А 1961, 1т. 803 б.

ӘОЖ 94(575)

ШЕШЕНДІК ӨНЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Ханазар И.А – 1601-19 тобының студенті

Әбілда Ырысдаулет - Ө.Жәнібеков атындағы № 19 жалпы білім беретін мектептің 8 сынып оқушысы

Ғылыми жетекшісі: Алдабергенова М.К. доцент м.а. PhD

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін

Мақалада шешендік өнердің тарихы және қазақ мәдениетінде қандай орын алатындығы жайлы мәліметтер беріледі. Майқы би, Аяз би, Асан қайғы секілді шешендердің жыр – толғаулары туралы зерттеуші – ғалымдардың пайымдары мен тұжырымдары баяндалады.

Шешендік өнердің тууы, қалыптасуы жалпы тіл өнерінің шығуымен, адам қоғамының пайда болуымен байланысты. Өйткені әрбір қоғамның өзіне лайықты қарым – қатынасы болатыны сияқты оның өзіне лайық ойлау, сөйлеу мәдениеті, жүйелі ойлау, шебер сөйлеу сөз өнері ғылым ретінде біздің жыл санауымыздан көп жыл бұрын шығып қалыптасқан. Шешендік өнер туралы ғылымды – халық арасында риторика деп атайды. Риторика ғылымының негізін салған грек, софист абдерлік Протагор (б.з.д.444 жылы туған) болып есептеледі. Протагор көптеген қоғамдық ғылымның негізін салушы Сократпен (469-399), Платонмен (427-347) замандас, бірінші софистер арасында сөз жарыстыру, сөзбен айтысуды бастаған, өзі де замандастарымен сөз сайысына түскен белгілі шешен. Софистердің анықтамасы бойынша, шешендік өнер, яғни риторика дегеніміз – сендіре білу, яғни тыңдаушының санасына, сезіміне және еркіне әсер ету, ықпал жасау деген сөз. Риторика ғылымы психология, философия, логика ғылымдарымен тікелей байланысты болып келеді. Осы ғылымдардың қай – қайсысын алсақ та, риториканың бар екенін байқаймыз. Шешендік сөздер негізінде үш түрлі болып келеді: кеңес сөз, билік сөз, салтанатты сөз.

Қазақ шешендік өнерінің қалыптасып, дамуында, өркен жаюына зор ықпал еткен бірнеше факторлар болды. Олардың бастылары мыналар:

- Халықтың әдет-ғұрыптар жүйесі
- Халықтық сот билігі
- Халықтың тұрмыс – салты
- Халықтың ақындық, жыраулық өнері
- Халықтың айтыс өнері
- Халықтың тарихи тағдыры мен дүниетанымы

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты калыптасып, өркендей түсті. Шалгез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Майқы би (XII – XIIIғғ.) – халықтың ауызша тарихының айтуында, Шыңғысты хан көтеруге қатысқан атақты 12 бидің бірі. Әділ билігімен, тапқыр шешендігімен бүкіл қазақ қауымының арасында атағы шыққан адам. Майқы би қазақ ұлысын құра отырып, кейінгі ұрпақтарына: «Хан ақылды, әділ болса, қарашасы ынтымақты, батыл болса, қара жерден су ағызып, кеме жүргізеді... Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, ел болуды ойлаңдар» деп өсиет қалдырған. Ел аңыздарының деректеріне қарағанда, Майқы бидің өз заманында ел қамын ойлаған үлкен ойшыл адам болғаны аңғарылады, халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын заңға айналдыруда Майқы бидің орнының ерекше болғаны көрінеді. Майқы биді өзбек, татар, башқұрт халықтары да өз биіміз деп есептейді.

Аяз Би Жаманұлы (XII-XIII ғасырлар) ежелгі заманнан бері аты аңызға айналған қазақ халқының данагөйі, шешен, судья. Аяз бидің өмірбаяны туралы әртүрлі мәліметтер бар. Манның ұлы Майқы бидің шежіресін сипаттаған Шапырашты Қазыбек Тауасарұлы өзінің "менен кейінгі бүкіл Шежіре" атты кітабында Аяз би мен оның серігі құмыр батыр туралы былай деп жазады: "олар Майқы дәуірінде өмір сүріп, оның сенімді төрешілері болған кезінде Майқы Мануланың оң жағында отырған".

Аяз бидің қай судья болғаны, оның адами қасиеттері туралы Қазақ энциклопедиясында былай деп жазылған: "бұрында бақташы, кедей Аяз өзінің ақыл-парасаты мен даналығының арқасында Вазир болған. Ол Хан Маданның бірнеше сынақтарына төтеп берді. Аяз ханға шөптердің ішіндегі ең жаманы — рогоз, құстардың ең жаманы-қырық екенін дәлелдеді.

Асан қайғы (Хасан) Сәбитұлы (14 ғасырдың ақыры – 15 ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Әз Жәнібек ханның ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі – Асан Қайғы мазары делінеді. Оның өмір сүрген тұсы Алтын орда және қазақ халқының қалыптасу кезеңіне сай келеді. Асанқайғы шығармашылығында негізгі орын алатын қазақ тұрмысының өзекті мәселелерін арқау еткен философиялық-нақылдық жанрлар: толғау, терме, шешендік сөздер болып

табылады. Асан қайғының шығармаларын жинап, зерттеумен Ш.Уәлиханов, Г.П.Потанин, М.Ж.Көпеев, С.Сейфуллин, М.Әуезов, тағы басқа айналысты. Жыраудың ақындық мұрасын бастыру XIX ғасырдың соңында басталды. Асан Қайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым – қиғаш талас – тартысты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді.

Қазақ ауыз әдебиетін алғаш зерттеушілердің бірі - М.Әуезов «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде шешендік сөздерге «Билер айтысы» терминдік атау беріп, оның билер сөзі екенін айтқан еді. Әйтсе де әдебиет зерттеушілері күні бүгінге дейін шешендік сөздерді фольклор қатарына қосып келеді. Бұл орайда, ұлы М.Әуезов пікіріне сүйенсек, билер сөзінің авторы қазақтың даңқты би-шешендері болмай ма? Расында шешендік сөз белгілі бір би-шешеннің атынан айтылатыны мәлім. Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар… мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Шешендік тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық та құбылыс болғандықтан, қай кезде де ол қоғамға қызмет етеді. Г.З.Апресян қазіргі шешендікті былайша топтайды:

1) Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік,
2) Академиялық шешендік,
3) Соттағы шешендік,
4) Әлеуметтік тұрмыстағы шешендік,
5) Діни қызметтегі шешендік.

Риторика ғылымына еңбек сіңірген әдебиетші ғалым С.Негимов былайша бағалайды: “Олар риториканы – шешендік, эвристиканы – тартыс өнері, диалектиканы – дәлелдеу өнері дәрежесіне жеткізді” – дейді.

Қорыта айтқанда, қазақ шешендік өнері ежелден сөзге дәл осындай сипат беріп, оны саяси, әлеуметтік күш ретінде таныды. Біздің бұл еңбегімізде қазақ шешендік өнерінің негіздері етіп ежелгі сақ, ғұндардың шешендігі, көне түркі шешендігі, орта ғасыр түркі шешендігі алынып, қазақ шешендік өнерінің қалыптасу тарихы ақын-жыраулар шешендігі, билер шешендігі, қазіргі шешендік ретінде кезең-кезеңге бөлініп қарастырылады. Осы арқылы ежелгі грек-рим, қытай, үнді шешендігі тәрізді түркі шешендігі болғандығын, қазақ шешендік өнері сол түркі шешендігінің үзілмеген жалғасы екендігі дәлелденеді.

Әдебиеттер

1. Сыздықова Р.Шешендік өнер.Алматы.1987ж
2. Негимов С.Шешендік өнер.Алматы 1997ж
3. Б. Адамбаев. « Шешендік сөздер» А., 1967 ж
4. https://allrefrs.ru/2-1112.html, https://kznews.kz/bilim,

5. https://stud.baribar.kz/, https://www.kaznu.kz/

ӘОЖ 896.340:94

5-7 СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдираманова А.Т.
№42 Хамза атындағы ЖОМ, Шымкент, Қазақстан

Summary

This article discusses ways to effectively use new teaching methods in a literature lesson.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі - тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білуі, шешен де ойлы сөйлей алуы. Рухани тәрбие көзі – әдебиетте. Соның бір жанры – айтыс. 7-сыныптың бағдарламасында берілген Сүйінбайдың Қатағанмен айтысын оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер тақырыпты жанрлық тұрғыдан түсіндіріп қана қоймай, оқушыларды шығармашылық сипатта дамытуға бағытталған.

Айтыс – ауыз әдебиетіндегі ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр. Көшпелі елдің өмірімен бірге жасасып келе жатқан бұл жанрдың халық мәдениеті мен өнеріндегі мәні зор. Айтыс қазақтың жиын-тойының сәнін келтірсе, екінші жағынан әлеуметтік мәселелердің талқыға салынып, ел мүддесі таразыланып жатады. Мұхтар Әуезов айтыс жанрының әлемдік сөз өнері тарихында қазақ әдебиетіне ғана тән екендігін атап көрсетеді де, оны әлемдік сөз өнері дамуымен сабақтастыра бағалайды: «Тегінде қазақтағы айтыс өлеңдері – өзге жұрттың әдебиетінде кез келмейтін, біздің әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түр». Айтыс өнері мен айтыс атауының шығу тарихы жөнінде М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Р. Бердібаев, М. Жармұхамедов, Ә. Қоңыратбаев сынды әдебиетші ғалымдарымыз пікір айтып, оның түрлерін жан-жақты зерттегендігі баршамызға мәлім.

Сабақ жоспарын құрғанда Марал Жанпейісованың технологиясы бойынша топтық және жұптық жұмыс түрлерін әр сабаққа енгізуді жөн көрдім, өйткені бұл тәсілдер сабақтың ұтымды өтілуіне көп септігін тигізеді. Осы ретте топтық жұмыс түрін жүргізу өте қолайлы, бір ескеретін жайт сұрақтарды құрастыруда мұғалім оқушы нені анық білу қажеттігін іріктеп алуы қажет. Оқушылардың санына орай топтарға бөліп, тапсырмалар үлестіріледі.

Ойын элементтері арқылы оқыту оқушылардың әдеби тіл нормасын меңгеруге деген қызығушылығын, белсенділігін арттырады. Оларға тоқталар болсақ: «Домино», «Кім жылдам», «Алтын балық», «Ойлан, тап», «Жұмбақ айтысы», «Мақал сайысы», «Сөзжұмбақтар», қызықты грамматикалық тапсырмалар , «Әрі ойын, әрі оқу»,«Тізбек», «Лото», «Брейнг- ринг», «XXI ғасыр –көшбасшысы» т.б. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, алуан мәліметтерді, дағды мен білімді меңгереді.

Бұл жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары жеткіншекке ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі,

жеткіншектің танымдық күшін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерте отырып, оның танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту, әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу негізгі мақсатты құрайды.

Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың білімге деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы лексиконымызға берік еніп келеді. Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық тұрақты ынта – ықыласты, биік талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады:

— көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтазарлығын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;

— сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем – дағдылар қалыптастыру;

— ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой – пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу.

Әдебиет — өнер, әдебиет — ұлттық қазына, асыл мұра.Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі.

Мектепте әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен ашылмақ. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу баланың өз еңбегімен жүзеге асса, талдау мұғалім, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ.

Қазіргі әдістемеде талдау жасаудың 4 түрі бар:

-Образ бойынша;

-Тақырыптық;

-Тұтас;

—Автор ізімен .

Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың мақсат-мұратын, ойын білдіретін әрбір деталь, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін оқушыға дұрыс таныта білу керек.

Оқушының танымдық-шығармашылық қабілетін, ойлау белсенділігін дамытатын, өз жоба-жорамалын ұсыну, салыстыру негізінде дұрыс шешім табуға жетелейтін әдістің бірі – проблемалық талдау. Ол көркем туынды негізіндегі проблеманы дәл танып, ізденіске, әдеби айтыс-тартысқа жетелейтін сұрақтар әзірлеуді қажет етеді. Сұрақ авторлық идея, проблема, кейіпкер іс-әрекеті т.б. негізінде туындайды.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қамтитын аймағы мектептегі әдебиет пәні сабақтары мен әдебиетке байланысты сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар және базистік оқу жоспарының инвариантты бөлігінен берілетін таңдау курстарында жүргізілетін әдебиет сабақтарында мұғалім мен оқушының оқу-тәрбие ісінде өзара қарым-қатынасы болып табылады. Сөз өнерін, көркем әдебиеттің өзін әдебиет тарихы мен әдебиеттану ғылымында белгілі дәрежеде оқып үйрену негізінде оқушыларға әдеби білім, адамгершілік, ізгілік ,имандылық, тәрбие беру мен білім-білік дағдыларын қалыптастыру заңдылықтарын ашу-оның қарастыратын басты мәселесі.

Әдебиет пәні жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет-бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады.

Әрбір сабақта жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Шәкірттің тек кемшілігін көретін мұғалім оның ықыласын өшіреді. Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін аша білу. Ұстаз – адамды қалыптастырушы тұлға. Ал білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандартта берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру.

«Адам мақсатына өзін — өзі жетілдіру арқылы жетеді», — деп Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, ақпаратық технологияны игеру үшін ізденуге, білімденуге ұмтылу қажет.

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім екені белгілі. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі.

Әдебиеттер

1. Ақшолақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., Мектеп, 1993.
2. Бітібаева Қ.Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А., 1997.
3. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми - әдістемелік негіздері. А., 1995.

УДК 821.161.1

РОДОВОЕ СЕМЕЙСТВО В ТРИЛОГИИ ЛЬВА ТОЛСТОГО

Мадуова Ш. – студентка гр. 11888
Научный руководитель: Абдыханов У. К. – к.ф.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,Шымкент

Түйін

Мақалада Лев Толстойдың повестеріндегі отбасы мен жақын туыстарының бала тәрбиесіндегі рөлі ашылады. Мақала авторы жазушының шыдамдылық, жанқиярлық сияқты ізгі қасиеттерге көп көңіл бөлетінін ашады.

Огромное значение имеет то окружение из взрослых людей, которое и создаёт условия для проявления этих лучших детских черт личности. В повести это, прежде всего, члены семьи Николеньки, которые делают самое важное для него – любят его и вызывают в нём ответное чувство: маменька, Наталья Савишна, Карл Иваныч и др.

Центральным образом в этом ряду является, конечно, образ матушки Натальи Николаевны Иртеньевой. Интересно, что сам Толстой рано потерял мать: ему было полтора года, когда Мария Николаевна скончалась, и писатель её не помнил, а в повести «Детство» образ матушки является, безусловно, главным нравственно-смысловым центром, тем стержнем, на котором держится благополучный в духовном плане мир ребёнка. Тем самым Толстой подчеркивает мысль, что без матери не может быть по-настоящему полноценного счастливого детства, и, создавая картину идеального мира Николеньки в первой части трилогии, писатель отступает от автобиографической правды и описывает смерть матушки, когда главному герою уже 10 лет. Наличие любящей матери – непременное условие формирования здоровой личности ребёнка.

Примечательно, что у самого Толстого это тоже проявлялось даже в последние годы жизни. Вот запись писателя (ему 78 лет!) от 10 марта 1906 года о желании «прильнуть к любящему жалеющему существу и … быть утешаемым»: «Да, она, высшее моё представление о чистой любви… земной, тёплой, материнской… ты, маменька, ты приласкай меня. Всё это безумно, но все это правда» [1, с. 374].

А в «Воспоминаниях», написанных на склоне лет, Толстой рисует такой образ матери: «Она представлялась мне таким высоким, чистым, духовным существом, что часто (в средний период моей жизни) во время борьбы с одолевавшими меня искушениями, я молился её душе, прося её помочь мне, и эта молитва всегда помогала мне».

Не менее значимым является образ Натальи Савишны, которая выполняет функцию няни, бабушки, очень любящего, близкого Николеньке человека. Маменька и Наталья Савишна – два самых близких Николеньке образа, и именно они создают ту нравственно здоровую атмосферу, которая является прочным психологическим фундаментом на всю последующую жизнь. Не случайно, последняя глава повести «Детство» посвящена воспоминаниям о Наталье Савишне и матушке и описанию смерти старушки, которая, как пишет автор, «имела такое сильное и благое влияние на моё направление и развитие чувствительности» [1, с. 93].

Можно сказать, что Николеньке повезло в детстве видеть перед собой такие образчики добродетели, как Наталья Савишна, маменька, и именно реальный пример и пережитые светлые, тёплые моменты воспитали его душу и придали ему нравственные силы для моральных ориентиров в будущей жизни. «Вся жизнь её была чистая, бескорыстная любовь и самоотвержение», – пишет автор о Наталье Савишне [1, с. 92]. Таких людей, справедливости ради, не очень часто можно встретить в жизни, поэтому невозможно надеяться, что каждому человеку так повезёт в детстве, как Николеньке. Главный герой сам сумел по достоинству оценить душу Натальи Савишны, уже став взрослым, а в детстве, как пишет Толстой, «мне и в голову не приходило, какое редкое, чудесное создание была эта старушка» [1, с. 37].

Как справедливо пишет Н. Ю. Белянин, «формирование Николеньки как личности под влиянием Карла Иваныча, Натальи Савишны, maman откроет перспективу гармонии мироздания» [2, с. 355].Нельзя не заметить, что особое значение для воспитания здоровой личности Николеньки имеет тот факт, что и маменька, и Наталья Савишна описаны как глубоко религиозные личности. Кротость, смирение, терпение и самоотвержение – такие добродетели отличают их обеих. Не случайно, целая глава «Гриша» посвящена юродивому «великому христианину», чья вера была так сильна, а молитва, которую подслушали дети, произвела такое сильное впечатление на Николеньку, что воспоминания о нём, как пишет Толстой, «никогда не умрут в моей памяти» [1, с. 35].

Тема роли религии в воспитании – одна из основных в трилогии, и поэтому не случайно в повести «Юность», где описано возрождение души главного героя, есть главы «Исповедь», «Поездка в монастырь», в которых автор возвращается к теме веры, покаяния, христианского смирения. В детстве Николенька видел живые примеры истинно христианского поведения: маменька, Наталья Савишна, Гриша, и он на всю жизнь сохранят эти воспоминания. Для Толстого эта тема особенно важна, так как он сам к старости пришёл к истинной религиозности (уже сознательно) и признавался, что вера простого народа ему в этом очень помогла.

Литература:

1. Толстой Л.Н. Полное собрание сочинений в 90 томах (Юбилейное издание). Т. 2. – М.-Л.: 1928–1958.

2. Белянин М.Ю. Художественная концепция человека в трилогии Л. Н. Толстого «Детство. Отрочество. Юность» // Толстовский ежегодник. 2002. – Тула: 2003. С. 352-360.

ӘОЖ 894.367

ҚАЗАҚ ТІЛІН САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кансеитова А.Б.
№42 Хамза атындағы ЖОМ, Шымкент, Қазақстан

Summary
This article discusses the features of differentiated teaching of the Kazakh language.

Жаңа технологияларды қолданғанда оның әрбір кезеңдерін мұғалім өзі жақсы түсініп, оқушыларға жеткізе білуі қажет. Технологияның
деңгейлеп саралай оқыту, блокпен оқыту, бейімдей оқыту, ұжымдық оқыту, М.М.Жанпейісованың модульдеп оқыту, Ш.А.Амонашвилидің білім беруді ізгілендіру технологиясы, сондай-ақ В.Ф.Шаталов технологиясы деген тағы басқа түрлері бар. Солардың бірі – саралап оқыту технологиясы.

Саралау түрлерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді.

Саралау негізіндегі педагогикалық технология мазмұнының ерекшілігі ретінде жеке құрылымдарға бағдар беру; білім мазмұнының сипаты мен көлемі, оқу жоспарының, материалының, баяндау түрлерінің дидактикалық құрылымын атауға болады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты - әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді, деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді, деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық) , бағдарламалық, күрделенген деңгей. Оқытудағы саралау әдісінің әдістік негіздері - оқушының оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруі, алынған нәтижені өлшеуге болатындығы, оқу үдерісінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы, бағалаудың жетелеушілік қасиеті, дамыта оқытудың әдісі.

Деңгейлеп-саралау негізіндегі педагогикалық технология әдістемесіне келсек, жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – білім алушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау, оқытудың тиімділігін арттыра отырып, сапалы білімге қол жеткізу. Саралай оқыту әрекеті – білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Б.Ананьев, Л.Выготский, А.Леонтьев, т.б. ғалымдар жасаған. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Оқушы дамуының негізі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсінуі керек. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес нәтижеге жетеді.

Саралап оқытудың тереңдету принципін жүзеге асыру кезде бастапқы теориялық мәліметтер қажеттілігі байқалады. Даму психологі және Гарвард

университеті жанындағы білім берудің Жоғары мектебінің білім беру профессоры Говард Гарднер ойлауды лингвистикалық, логика-математикалық, музыкалық, дене-кинестетикалық, кеңістік, тұлғаралық, тұлғаішілік және табиғат зерттеуші деп сегізге жіктеген [2]. Бұл оқушыларды қабілеттері бойынша бөлу үшін өте маңызды, яғни сәйкесінше оқушылардың оқуы, ақпаратты есте сақтауы, тапсырмаларды орындауы мен түсінуі әртүрлі деңгейде. Оның айтуынша, егер мұғалім оқыту мен бағалаудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, оқушылардың білім сапасы жақсарады. Бұл көп оқушыны қамтып, олардың мазмұнды игеруін жақсартады.

Мұғалімдер білім беру бағдарламасын тиімді саралау үшін келесі өзгерістерді енгізе алады:

Жоғары деңгейлі ойлау дағдылары: Пайдаланылатын әдістер ақпаратты алуға емес, оны пайдалануға айрықша баса назар аудару керек; оқушылар мәліметтерді жаңа жағдайларда қолданып, оларды жаңа идеялар құру үшін пайдалануы, орындылығын бағамдауы және оны жаңа өнім жасау үшін пайдалануы керек.

Ашықтық: Жаттығулардың басым бөлігі ашық жаттығудан, яғни жалғыз дұрыс жауабы болмайтын, одан әрі ойланып, зерттеуге жетелейтін тапсырмалардан тұруы керек.

Жаңалық ашу: Жаттығулардың басым бөлігі оқушылардың заңдылықтарды, идеяларды және негізгі қағидаттарды аңғару үшін ойлау үдерісін пайдалана алатын түрлі жағдаяттардан тұруы керек.

Ой-пайымдарының дәлелі: Оқушыларға өз қорытындыларын ғана емес, осы қорытындыны жасауға негіз болған пайымдарын да айтуды ұсыну керек.

Таңдау еркіндігі: Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі берілуі керек.

Қарқын және әралуандылық: Жаңа материалды таныстыруда мүмкін болса қарқынды жылдамдату және оқушының қызығушылығын қолдайтын және әр түрлі оқу стильдерін қамтитын әдіс-тәсілдерді пайдаланған дұрыс.

Саралау үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын түрлендірудің көптеген тәсілдері бар.

Кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасаудың бірден-бір жолы төменде берілген саралау түрлерін тиімді таңдай алу. Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған жеті тәсілі бар:

Тапсырма: мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді, оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау, күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланыңыз.

Дереккөздер: кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады, дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады, баспадан

шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы мүмкін. Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.

Қарқын: кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады,негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

Қорытынды: барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады, мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді, барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Диалог және қолдау көрсету: кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады, мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

Бағалау: оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек, сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

Жіктеу: Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар:мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, гендерлік топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ.

Сабақ тартымды болу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдана білген жөн, сонда ғана жұмыс нәтижелі шығады. Ол үшін жұмыс түрлерін дұрыс таңдап алу керек. Бұл оқушыларды жалықтырып, шаршатып алмау мақсатында қолданылады.

Әдебиеттер:

1. Ж.У.Кобдикова «Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту)». 2002 жыл

2. М.М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы 2002 жыл

ӘОЖ

ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б - ф.ғ.к., аға оқытушы
Даулеталиева С.Ә -1701-11 тобының I курс магистранты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье освещаются эффективные способы изучения языковых навыков с помощью обучения словарному запасу. Говорят, что на каждом уроке казахского языка можно расширить словарный запас учащихся, развивая лексические навыки.

Қазақ тілін оқытудың орта сатысында қазақ тілін меңгерудің іргетасын лексика тұрғысынан дәл қалау қажет. Бұл оқушыларға тілдік дағдылар арқылы лексиканы жан-жақты меңгертуге жо ашады. Күнделікті сыныпқа кіретін заманауи мұғалім нәтижелі білім беруді алдына мақсат етіп қояды. Бірақ өзінің білгенін шәкіртіне үйретуге деген ұмтылыс мұғалімнің біліміне емес, сол білімді шәкірттердің игілігіне айналдыра білуіне байланысты. Оқыту процесінде оқушының оқуға деген белсенді қатынасының маңызы зор. Бала – жеке тұлға, біздің болашағымыз. Баланың жеке басын ашу, оның жүзеге асуына, өзін-өзі танытуына көмектесу – оқу үрдісінің міндеттерінің бірі.

Лексиканы оқытудың мақсаты -сөйлеу үдерісіндегі барлық лекикалық бірліктер туралы дағды мен икемділіктерді қалыптастыру, сөздік қорды молайту

Сөздік қорды меңгеру процесі бірнеше кезеңнен тұрады:

- 1) кіріспе, оның ішінде кіріспе және түсіндіру
- 2) лексикалық бірліктерді қолдануға үйрету (бастапқы бекіту)
- 3) лексикалық бірліктерді қолдану (сөздердің сөйлеу әрекетіне енуі).[1, 712 б.]

Сөздік дегеніміз не екенін түсінейік? Сөздік – белгілі бір тілдегі сөздердің (лексиканың) жиынтығы. Адамның сөйлеу тәжірибесінде ауызша және жазбаша қолданатын сөздері оның белсенді сөздік қорын құрайды. Адамның сөздік қоры неғұрлым бай және әртүрлі болса, оған тілді қолдану оңайырақ болады.

Лексикалық құзыреттілікке оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің экспрессивті және рецептивті түрлерінің ең маңызды құрамдас бөлігі ретінде оқушыларға лексикалық дағдыларды меңгерту. Қабылдау, шығару және өзара әрекеттесу үшін қазақ тілін меңгеру шкаласы бар, ол кіші жастағы оқушылардың не істей алуы керектігі туралы түсінік береді. Бұл:

- Қабылдау дағдылары
- Өзара әрекеттесу дағдысы
- Өнімділік дағдылар

Лексиканы оқыту мазмұнында 2 компонентті бөліп көрсетуге болады: психологиялық және лингвистикалық компоненттер. Олардың әрқайсысын қарастырайық. Психологиялық компонент сөйлеу әрекетінің экспрессивті және рецептивті түрлерінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

Лексикалық дағдыларды қалыптастыру жұмысы белгілі заңдылықтарға, принциптерге негізделеді, оларды сақтау оқу үрдісінің нәтижелі болуының қажетті шарты болып табылады. Оларға дидактикалық принциптер жатады: көрнекілік, белсенділік, күштілік, жүйелілік, саналылық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми сипатқа ие болу және тиісті әдістемелік: білім берудің коммуникативтік бағыты, жағдаяттық, ұжымдық әрекеттестік, білім берудің өмірлік бағдары, міндеттердің сәйкестігі, сөздік және ақыл-ой әрекеті.

Лексиканы оқыту барысында жазылым дағдысын дамыту үшін бірнеше тапсырмалар беруге болады. Егер оқушыларға “Алма бағындағы оқиға” атты мәтін берілсе, “Түртіп алу әдісі” арқылы тірек сөздерді теріп жазады. Бұл бірінші тапсырма. Екінші тапсырмада осы тірек сөздерден «4 сөйлем» немесе «ПОПС» әдісі арқылы сөйлемдер құрастырылады.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша...»

Екінші сөйлем «Себебі мен оны осылай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем «Мен мұны келесі мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»

Ал, лексиканы оқыту барысында айтылым дағдысын дамыту үшін, оқушыларға берілген мәтіннен “Тез айтамын” әдісі арқылы сөздердің аннонимдік қатарын ауызша айту тапсырылады.

Оқылым және тыңдалым дағдысында «А, Ә, Б, В» әдісімен жұмыс жасауға болады.

Сыныптағы әрбір оқушы үшін «А, Ә, Б, В» әріптері бар төрт бос карточкалар жинағын дайындаңыз. Тапсырма ретінде лексикалық сөздер қатысқан мәтін құрастыруыңызға болады. Төрт ықтимал жауабы бар сұрақтар қойыңыз, оқушылар дұрыс жауапқа сәйкес карталарды көрсетуі керек. Басқалардан жауап карталарына қарамауын сұраңыз.

1-қадам. А оқиды Ә тыңдайды, Б оқиды В тыңдайды;

2-қадам керісінше.

3-қадам. Әр оқушы төрт адамнан тұратын топта серіктесі туралы ақпаратпен бөліседі.

Сөздің сырын, тілдік негізін түсіндіргенде, сөздердің бір-бірімен әр түрлі мағыналық себептермен тығыз байланысып, белгілі бір жүйеде бір-біріне бағынып, бірін-бірі толықтырып немесе мағынасын ашып тұратынын оқушылар ескеруі қажет.

Мектеп курсында синоним, омоним, антоним сөздерді оқу осы жағдайға бағытталған. Мысалы, синонимдер бірін-бірі толықтырып, мағынасын ашады. Мысалы, әдемі, сүйкімді, көркем, әдемі сөздерді әдемі деген мағынаны білдіреміз. Сондықтан глоссарийде сөздің мағынасын түсіндіру үшін синоним (егер ол синоним болса) беру тәсілі бар. Мысалы, сызат – дымқыл, дымқыл; сыйлық – құрмет, комплимент; сынақ– тексеру, бақылау.

Ал антонимдер (ұзын – қысқа, ақ–қара) қарама-қарсы мағынаны түсіндіру арқылы мағынаны дәлелдейді. Сондықтан біз кейде сөздің мағынасын түсіндіретін антоним тауып, сол арқылы оны түсіндіруге тырысамыз. Мысалы, қара түс ақ түске қарама-қарсы.

Ынтымақтастықта оқытуды тиімді пайдалану арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- іскерлік дағдыларын дамыту;
- өзіне деген сенімділікті қалыптастыру;
- психикалық белсенділікті арттыру;
- шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру;
- Өз пікіріңізді білдіріңіз. [2, 255 б.]

Қазіргі заман талабы – дамыған, функционалдық сауатты тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатта оқыту әдістеріне өзгерістер енгізілуде.

Оқушылардың тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектесетін әрекеттердің түрлері:

- тыңдау, мазмұнын түсіну үшін әртүрлі стильдегі мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталау, негізгі ойды бөліп көрсету;
- мәтіндік жоспар құру;
- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;

Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға көмектесетін әрекеттердің түрлері:

- оқу, көру;
- тақырыпқа және мәтіннің бастапқы бөлігіне сүйене отырып, әңгіменің дамуын болжау;
- мәтіннің негізгі ойлары мен бөліктерін бөліп оқу;
- «ақпаратты табу мақсатында оқу, қызығушылықпен оқу және өз көзқарасын білдіру, мәтінді ауызша және жазбаша қарастыру;
- белгілі бір оқиғаны өзінше өзгерту;

Лексиканы оқытуда қолданылатын әдістер:

Жаңа сөздермен танысу – сөйлемнің құрылымдық жүйесіндегі сөздерді тыңдау немесе оқу; сөздердің әртүрлі сөйлемде қолданылу мағынасын ашу; сөз формаларын зерттеу; сөздерді дұрыс мағынада қолдану;

Тәжірибе – сөз тіркесіндегі немесе сөйлемдегі сөздерді қолдану жаттығуларын орындау;

Қолдану аясы – қарым-қатынастағы сөздер, т.б. қолдану дағдылары [3, 43 б].

Әдебиеттер:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Наука, 1977. – [1, 712 б.]
2. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – [2, 255 б.]
3. Айғабылов А Лексиканы оқыту әдістемесі және оның өзекті міндеті. 1982 [3, 43 б]
4. Уикбаев И. Лексиканы оқыту. Қазақ тілі әдістемесінің мәселелері. А., 1969 ж [4, 98 б]

ӘОЖ

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Султанбаева Д.Х. – 1901-20 тобының студенті,
Ғылыми жетекші: **Акилбаева Г.И.** – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются пути развития словарного запаса детей с общими нарушениями речи.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы – есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың мағыналық жеке қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемшіліктері.. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы алалия, афазия, ринолалия, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологиялардың түрлерінде де байқалады

Алғаш рет жалпы сөйлеу тілінің дамымауын XX ғасырдың 50-60 жылдары Р.Е.Левина және Ресей дефектологиялық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлер ұжымы мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді жан-жақты зерттеудің қорытындысы нәтижесінде ғылыми тұрғыдан негіздеді.

Жалпы сөйлеу тілінің құрылымын, оның себептерін, бірінші және екінші кемшіліктердің сәйкестігін дұрыс түсіну балаларды арнайы мекемелерге бағыттауда, кемшілікті түзету тәсілдерін дұрыс, әрі тиімді таңдай білу маңыздылық танытады. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы кезінде дыбыстарды дұрыс айтпау, фонемаларды қабылдаудың бұзылуы, сөздік қордың артта қалуы, сөздің грамматикалық құрылымының бұзылуы байқалады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың ана тілін меңгеруі ұзаққа созылады, балалардың лексикалық мағынадағы сөздерді игеруі нақты емес. Көбінесе сөз мағыналарын өзара кең түрде ауыстырады, абстрактілі лексиканы меңгеру кезінде қателер кездеседі. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың тілінің дамуы біркелкі және баяу өтеді. Соның салдарынан сөйлеу жүйесінің әртүрлі қатарлары қалыптаспай қалады. Тіл дамуының баяулауы, сөздік қорды меңгеруінің қиындықтары және грамматикалық құрылыстарын қабылдауы баланың үлкендермен және құрдастарымен сөйлесуіне шектеу жасап, тілдік қарым-қатынасқа түсуге бөгет жасайды.Р.Е.Левина жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың тіл кемшілігінің біркелкі еместігін зерттей келе, жалпы сөйлеу тілі дамымауының үш деңгейін белгіледі.

ЖСТД-ның 1-ші деңгейінде толық немесе жартылай қарым-қатынас сөйлеу құралдарының болмауымен сипатталады. Сөздік қоры дыбыстық және дыбысқа ұқсас комплекстерден тұрады, бірақ олар қоршаған адамдарға түсініксіз болғандықтан түрлі қол қимылдарымен сүйемелденіп отырады. Мұндай балаларды кейде «тілсіз балалар» деп атайды. Бұл деңгейдегі балалардың кісімен тілдескенде анық байқалатын тіл кемістіктері мынадай болып келеді: былдырап сөйлейді жеке дыбыстарға еліктейді, жекелеген зат есімдік сөздер мен күнделікті тұрмыста айтылып жүрген етістік сөздерді

пайдаланады, сөйлемді былдырап мүлдем түсініксіз етіп, үзіп-үзіп айтады, сөйлемде дыбыстар анық айтылмайды, әрі тұрақсыз, құбылмалы келеді. Сөздік қоры шамадан тыс шектелген бұндай балалар заттардың және әр қимыл іс-әрекеттердің сыртқы түрлеріне немесе олардың шығатын дыбыстарының ұқсастығына қарап, өздерінің былдырлаған тілімен барлығына бір сөзбен ат қойып алып түсіндіреді.

ЖСТД-ның 2-ші деңгейінде тіл мүмкіндіктерінің біршама өскені байқалады. Тіл дамуының екінші деңгейі әдебиеттерде «жалпы қолданбалы тілдің басы» деп аталады. Оның айырмашылығы баланың тілінде екі-үш, төрт сөзді фразаның пайда болуы мүмкін. Сөздерде сөз тіркесін және фразаны жасай отырып, бала әртүрлі сөз тәсілдерін қолданады және оңай бұза да алады. Балалардың өзіндік тілінде кейде жай шылаулар мен олардың былдырлаған нұсқалары кездеседі. Екінші деңгейдегі бала шылауды дұрыс қолданбай, сөйлем мүшелерін дұрыс құрастырмайды. Алдыңғы деңгейге қарағанда сөздік қоры тек сандық жағынан ғана емес, сапалық жағынан да жақсарады: зат есім, етістік, сын есімнің саны кеңейіп, үстеу мен сан есімдер пайда болады. Бірақ сөз туындатушы операциялардың жеткіліксіздігі етістік, сын есім, зат есімдер жалғауларын дұрыс қолданбауға әкеледі. Жалпылама ұғымдар, синоним мен антонимдер жүйелерінің қалыптасуы қиынға түседі. Екінші деңгейдегі балалардың сөзі дыбыстарды айтқанда сөздердің буын бұзылуына қарай түсініксіз болып келеді.

ЖСТД-ның 3-ші деңгейінде кең түрдегі фразалық тілмен, бірақ сонымен қатар кейбір тілдің лексикалық-грамматикалық және фонетикалық-фонематикалық дамымауымен сипатталады. Бұл деңгейдегі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар кеңейтілген сөз туындаушы модельдер арқылы жаңа сөздер жасап, оны түсіне алады. Дегенмен бала сөздегі туындаушы негізді дұрыс таңдауда қиналады (үйші – үй салушы адам), адекватты емес аффиксальді элементтерді пайдаланады. Сонымен қатар қайталанатын ұғымдарды, абстрактілік және дерексіз сөздерді, ауыспалы мағынадағы сөздерді нақты түсінбейді және дұрыс қолданбайды.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған қазақ тілді балалардың дыбыс айтуын тексеру барысында көбінесе ызың, ысқырық, сонор дыбыстарының жиі бұзылатыны байқалады. Қазақ тіліне тән дыбыстардың ішінде ң, қ, ұ, ү фонемаларын алмастыру, шатастыру жиі кездеседі. Сонымен қатар балалардың фонематикалық қабылдау деңгейі өте төмен екені, ал дыбыстық талдаудағдыларының қалыптаспағаны анықталды. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды тексеру сөйлеу тілін тексерудің жалпы қағидаларын ескере отырып жүргізіледі (кешенді, жан-жақтылық, жүйелілік, динамикалық т.б.)

Сөйлеу тілін тексеру үш кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – бағдарлау. Логопед бұл кезеңде баланың құжаттарымен танысады, ата-анасымен әңгіме барысында анамнез жинақтайды.

Екінші кезеңде логопед баланың сөйлеу тілінің барлық компоненттерін тексеріп сөйлеу тілінің қорытындысын анықтайды.

Үшінші кезеңде баланы оқу процесінде бақылау арқылы ақаулықтың байқалуын, өзгерістерін анықтайды. Тексерудің мазмұны және оны ұйымдастыру баланың сөйлеу деңгейіне байланысты болады. Баланың жетілмеген сөйлеу тілін дамытуға бағытталған. Логопедиялық жұмысты ұтымды ету мақсатымен, түзете – оқыту жұмысы мазмұнында мектеп жасына дейінгілердің коммуникативтік білігін өсіруді алдын ала қарастырған жөн.

Әдебиеттер:

1. Өмірбекова Қ.Қ. Логопедия: Оқулық / Қ.Қ.Өмірбекова, Г.С.Оразаева, Г.Н.Төлебиева, Г.Б.Ибатова [Текст] / Қ. Қ. Өмірбекова. – Жаңа басылым. - Алматы: ҚР ЖОО Ассоциациясы, 2020. - 648 б.
2. Дүйсенбаев А.К., Балтымова М.Р. Логопедия негіздері [Мәтін]: оқу құралы /.- Алматы: Отан, 2017.- 192б.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. –Алматы, 2001ж. -200 бет.

ӘОЖ

ҚАЗАҚ ТЕРМИНТАНЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Жолдасбек Д.Н. – М1701-11 тобының магистранты
Ғылыми жетекшісі: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме:
В статье рассказывается о становлении и изучении казахской терминологии

Қоғам тілді әлеуметтік өмірдегі ең маңызды қатынас құралы ретінде жоғары бағалай отырып, оны жіті қадағалайды. Өзгеріс пен даму қоғамдық құбылыстардың бірі болғандықтан, әлеуметтік құбылыстарды айнадағыдай бейнелейді. Өткен құбылыстың бәрі қоғамда орын алады, тілде өз орнын табады, сондықтан сөздік арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігін елестетуге мүмкіндік туады, ал қоғамның дамуында тілдің дамуын көруге болады. Қоғамның дамуы арқылы тілдің дамуы да жүзеге асады. Алайда тілдің жеке сөздерінің даму деңгейі бірдей емес. Олардың кейбіреулері үлкен өзгерістерге ұшырамайды (мысалы, тілдің грамматикалық категориялары, дыбыс жүйесі). Тілге осы тұрғыдан қарайтын болсақ, тілдің әлеуметтік қызметінің кеңеюі мен дамуы тілдің дамуының бір көрсеткіші екенін аңғарамыз. Тілдің дамуындағы елеулі өзгерістер, оның ішінде оның терминдік қабаты халық өміріне түбегейлі өзгерістер енгізді, мысалы, сауатсыздықпен күресу, жаңа мекемелердің, бастауыш мектептердің ашылуы, басылым газет-журналдар, т.б. қазақ тіліндегі жаңа лексиканың дамуына серпін берді. Бұл кезеңде қазақ тілінің сөздік қорының өзінің нығаюы мен дамуы ғана емес, қазақ тіліндегі интернационалдық лексиканың да кеңеюі байқалды.

«Термин дегеніміз - ғылымда, техникада, искуствада қандайда болмасын бір ұғымның нақты мағынасын білдіретін сөз не сөз тізбектері. Терминдер қашанда бір мағыналы болып келеді» [1, 26]. Қазақ әдеби тілі сөздік қорының

жаңадан жасалып, немесе қабылданып жатқан терминдік атаулар есебінен күн санап баюы, толассыз толыға түсуі, әрине, тікелей ғылыми-техникалық прогресске байланысты жаңа құбылыс. Жалпы сөз байлығымыздың бүгінде үштен екісі терминологиялық лексикадан тұратындығын ескерсек, терминология деп аталатын проблеманың ғылыми-практикалық зор мәніне ешкім де шек келтірмесе керек.

Қазақ тілінде термин жасаудың, оны іс жүзінде қалыптастырудың және жүйелі қолданудың нақтылы ғылыми-практикалық шаралары 20-шы жылдардан басталады. Қажеттіліктен өріс алған бұл іске оған тіл табиғатын терең түсінетін сауатты да саналы азаматтар, ғалымдар, жазушы, журналисттер, мәдениет қайраткерлері қатысады. Терминология мәселесі ресми түрде бірінші рет 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақстандық мәдениет және ғылым қайраткерлерінің I съезінің күн тәртібінде қаралған екен. 1926 жылы Баку қаласында өткен терминологтардың Бүкілодақтық I съезі де түркі тілдерінің терминология мәселелеріне ерекше мән берді. Қазақ тілі бойынша жасалған 5 баяндаманың бесеуі де терминология, алфавит және орфография мәселелеріне арналған болатын. 1930 жылы Мәскеу қаласында халық ағарту ісін арнайы қараған Бүкілодақтық мәжілісте де КСРО халықтары тілінде термин жасаудың ғылыми принциптері қарастырылды. 1930 жылдан бастап ұлт тілдерінде термин жасау процесіне Жаңа алфавит комитеті, ал 1933 жылдан тақ бүгінге дейін КСРО Ғылым академиясы жанынан құрылған Ғылыми-техникалық терминология Комитеті бір ортадан басшылық етіп келеді. Ал Қазақстан жағдайында, қазақ тілінде термин жасау мәселесіне келсек, оған 1925-1933 жылдар аралығында Қазақ ССР Оқу-ағарту Халық комиссариаты жанындағы методикалық бюро жетекшілік жасап келеді. Ол 1930 жылы орталықта құрылған Жаңа алфавит Комитетімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Ал 1933 жылы Қазақ автономиялы республикасы Халық Комиссарлар Советінің қаулысы бойынша Мемлекеттік терминология комиссиясы (қысқаша Мемтерминком) құрылды. Оның тұңғыш председательдігіне профессор Құдайберген Жұбанов сайланды. Тарихи деректерге жүгінсек, қазақ тілі бойынша бірінші терминологиялық сөздік 1931 жылы «Атаулар сөздігі» деген атпен басылып шыққанын білеміз. Мемлекеттік терминология комиссиясының алғашқы еңбегі ретінде Қ.Жұбанов, К.Басымов сияқты ғалымдардың мақалалары мен математика, физика, ботаника т.б. ғылым салалары бойынша бекітілген терминдер тізімі жарияланған «Бюллетеньнің» 4 санын атауға болады.

Ұлт тілінде термин жасаудың тамаша үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастырудағы қосқан үлесі зор. Алғашқы сауат ашу құралы ретінде жазған «Оқу құралында», сонымен қатар, «Әліп-би» мен «Тіл – құрал» еңбегінде қазақ тіл біліміндегі басты, негізгі терминдерді жасады. Ғалым тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс екендігін атап өткен. Ғалымның аталмыш еңбектерінің өзінде қазіргі кезге дейін қолданылып келген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, шылау, жалғау, жұрнақ, т.б терминдерді жолықтыруға

болады. Ғалым тек қазақ тіл біліміне тән термин атауларын ғана емес, барлық ғылым салаларына тән терминдер жүйесін жасап шығарған. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегі жөнінде әдебиетші ғалым Р.Нұрғали мынадай пікір айтады: «…қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» [2, 12]. Ахмет Байтұрсынұлы – тек қазақ тіл білімінің ғана емес, әдебиеттанудың да терминдерін ана тілімізге аударып, жасақтаған алғашқы ғалым болып табылмақ.

А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология мәселелерін зерттеген Қ.Ибраимов ғалымның термин жасау барысындағы негізгі ұстанған принциптері ретінде мыналарды көрсетеді:

- Терминнің түсініктілігі;
- Терминнің ана тілі негізінде жасалуы;
- Көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданыстан тыс шығару;
- Қажеті мол жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Еуропа және араб, парсы тілдерінен) [3, 5].

Ғалымның бұл пікірінен аңғаратынымыз, А.Байтұрсынұлы тіл тазалығына басты назар аударған, қажетіне қарай басқа тілден терминдер алудың артықшылығына да тоқталған.

Ал ғалым Ө.Айтбаев «Қазақ сөзі» атты зерттеуінде А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегінің қажеттілігін бағалай отырып: «А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесі, бір қарағанда оп-оңай болып көрінгенмен, ол – өте күрделі де терең ізденістер нәтижесінде пайда болған ғылыми туынды», – деп ғалымның қазақ терминтанымындағы ерек орнын атап көрсеткен болатын [3, 7].

Әдебиеттер:

1. Бегимова Г. «Дипломатиялық терминдер: таным және мағына». – Алматы:«Қазақ университеті», 2012.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы, 2014.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. – Астана, 2009.

ӘОЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Беркімбай Н.М. – М1701-11 оқу тобының магистранты

Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

.

Summary

This article discusses the issues of the content of research competencies that form the research competence of modern schoolchildren with a systematic approach.

Заманауи Қазақстандық білім берудің стратегиясы әр адамға жан-жақты дамуға, табиғатынан әр адамға тән шығармашылық әлеуетті жүзеге асыруға мүмкіндік беру болып табылады. Мектеп жүйесіндегі ең маңызды бағыт – тұлғалық бағытты жүзеге асыру білім берудегі жаңа, құзыреттілікке негізделген тәсілдер, кейіннен тұлғалық және кәсіби дамудың биік шыңдарына жетуде студент өмірінде маңызды рөл атқара алады. Мұндай тұлғаны тәрбиелеу үшін баланың әуел бастан қоршаған орта туралы танымын кеңейту, таныс еместің барлығын білуге дағдыландыра отырып, оқуға деген ынтасын арттыру қажет [1, 56б].

Қазіргі білім берудің мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне тиімді қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау. Қазіргі білім берудің міндеттері – қазақстандық патриотизмге, адам құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеу, табысты және нәтижелі еңбекке дайын, өмір бойы білім алуға ұмтылатын құзыретті, белсенді, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік өз іс-әрекетінде және отбасында, қоғамда және ұжымда әлеуметтік рөлді орындауда әлеуметтік бекітілген құндылық бағдарлары бар бейімделген адам.

Қазіргі қоғам мен білім беру жүйесі жан-жақты болуы керек, көптеген мәселелерді өз бетінше шеше алатын, идеяны көтеретін, жобалар ұсынатын мектеп түлегін дайындауда жаңа көзқарастарды талап етеді. Осыған байланысты «жаңа мектептің» өзекті және келешегі зор проблемасы – құзіреттілікке негізделген әдіс аясында оқушыларды өз бетінше зерттеу тәжірибесі арқылы ақпаратты алу және өңдеу тәсілдерін үйрету. Бұл мәселені шешу мектеп оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігі мақсатты түрде дамыған жағдайда ғана мүмкін болады.

Зерттеу құзыреттілігі – зерттеу жүргізу, белгілі бір жаңа білім, жаңа зияткерлік өнім алу, жаңа жобаны құру, мәселенің жаңа шешімін табудағы білімнің, дағдының, дағды мен тәжірибенің жиынтығы; кез келген мәселе бойынша тиімді зерттеу жүргізуде адам көрсетуге тиісті қасиеттер мен дағдылар [1].

Зерттеу құзіреттілігі белгілі бір уақыт аралығында кезең-кезеңімен, жан-жақты қалыптасады. Оқушының зерттеушілік құзыреттілігі – оқушының проблеманы бөліп көрсету, әртүрлі білім көздерімен жұмыс істеу, тақырыпты зерттеу, бақылау (эксперимент) жүргізу нәтижесінде жаңа білімді өз бетінше меңгеру және алу, идеяларды, гипотезаларды ұсыну қабілеті мен дайындығы. , эксперимент және т.б.), мәселелерді шешу жолдарын ұсыну және мәселелерді, жобаларды шешудің ең ұтымды нұсқаларын іздеу.

Зерттеу құзыреттілігін қазақ тілі сабағында қалыптастыру әдістемесінде ақпарат көздері болып табылатын келесі құралдар пайдаланылды:

- оқу және ғылыми әдебиеттер (оқулықтар, анықтамалықтар, оқу-әдістемелік құралдар, рефераттар)және басқа да ғылыми журналдар)

- әртүрлі көрнекі құралдар (кестелер, графиктер, сызбалар, диаграммалар, макеттер, табиғи объектілержәне құбылыстар, т.б. б.);

- әдістемелік құралдар (слайдтар, презентациялар, бейнероликтер).

Қазақ тілі сабағында зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады:
- сұрақ-жауап әдісі;
- оқушының логикалық қабілеттерін арттыру;
- баяндама (дәріс);
- ойын элементтері;
- топ, ұжым;
- көп деңгейлі оқыту;
- мені ойландырады;
- жалпылау;
- іскерлік ойындар;
- танымдық ойындар арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру т.б [2, 465 б].

Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру жұмысында дәлелдеудің алатын орны ерекше. Оқушыларды оқытуға арналған зерттеушілік құзыреттілік – оларды зерттеу жұмыстарына үйрету үшін әртүрлі психологиялық сауалнамалар арқылы зерттеу қажет. Оқушылардың танымдық және тұлғалық даму қабілеттерін анықтай отырып, болашақ жұмыстарын ұйымдастыруға бағыттайды.

Зерттеу құзыреттілік ойлау процесі мен зерттеу әрекетінің даму деңгейін көрсетеді: мәселені табу және оны бөліктерге бөлу, оларды шешу жолдары туралы болжам жасау, мәселені шешуге міндеттер қою, гипотезаны алға тарту, олардың шешімін негіздеу. Зерттеу құзыреттілігінің когнитивтік құрамдас бөлігі оқу материалының мазмұнын білу, зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізуді білу, ғылыми зерттеу әдістерін білу сияқты қажетті білімдер тобын қамтиды. Әрекетсіз зерттеу мүмкін емес. Зерттеу құзыретінің әрекеттік құрамдас бөлігі зерттеуді жүргізу, яғни зерттеу жүргізу, мазмұнын, логикасын, зерттеу бағдарламасын жасау, ғылыми әдістерді таңдау және қолдану, эксперименттер жүргізу және олардың нәтижелерін өңдеу, ғылыми талдау жүргізу, қорытынды жасау қабілетін қамтиды.

Зерттеу тапсырмалары үй тапсырмасымен қатар сабақтың кез келген кезеңінде берілуі мүмкін. Мысалы, базалық білімді белсендіру кезеңінде ұқсастыққа ықпал ететін, ұқсастық пен ұқсастықты табатын тапсырмаларды қолдануға болады. Ал жаңа ақпаратты оқу кезінде оқушы өз бетімен шешуге тиісті проблемалық жағдаяттар ұсынылады, оларға алгоритмдік блоктар мен диаграммалар қоса беріледі. Бекіту кезеңінде логикалық тапсырмалар беріледі, оның ішінде нұсқаларды белсенді қарастыру, таңдау тапсырмалары, уақытқа, кеңістікке және функционалдық қатынастарға байланысты тапсырмалар, сиқырлы сөздерді, мәселеден шығу жолдарын шешу, қорытындылардың сенімділігі мен ашықтығын анықтау, толтыру болып танылады. Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастықты орнатуда зерттеудің де маңызы зор. Ол үшін мұғалім оқу материалдарын мұқият таңдап, мазмұнына талдау жасауы керек. Осының негізінде оқушының өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіндік бере

отырып, танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында шешуді қажет ететін мәселелерді анықтай алады [3, 77б].

Қазақ тілі сабағында оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға болады. Оқушыларды өздігінен ғылыми ізденіске тарту мақсатында «Мен зерттеушімін», «Мен жоба әзірлеушімін» деген дәптер арнату керек. Оқушылар дәптерлеріне ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдардың шығармашылығы мен өмірі туралы мәліметтер береді. Оның маңыздылығы оқушыларға практикалық және теориялық тұрғыдан көмектесе алатынында. Ол әр баланың алдында тұрады. «Мен зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен дөңгелек үстел өткізуге болады. «Ғылыми жұмыс түрлері» туралы алғашқы әңгімелер баяндауға болады. Бұл жұмыстың нәтижелі болуы оқушылардың ғылым туралы түсініктерінің кеңеюіне ықпал етіп, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады.

Қазақ тілі сабағында жаңа тақырыпқа тілдік бағдар жүргізу мен зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру мақсатында “Мақсатқа жет” әдісі тиімді болады. Бұл әдіс арқылы жаңа сабаққа әр оқушы өзіндік зерттеу жүргізе алады. Оқушы сабақ барысында мақсатқа жету қажеттілігін өз алдына мақсат етіп қояды [4, 99б].

Қорыта келе айтарым, құзіреттілік – оқушының алған білімдері мен дағдыларын практикада, күнделікті өмірде кез келген практикалық және теориялық мәселелерді шешуде қолдана білуі. Қазақ тілі сабағында оқушылардың зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастырып дамытудың маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. «Педагогика мәселелері» - ғылыми-теориялық журнал, Астана 2007 ж.[1, 56б]
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Жинақ [2, 465 б], 2022ж.
3. Жексенбаева Ү.Б. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру – астана, 2006ж
4. Жексенбаева Ү.Б., Игенбаева Б.Қ., Ниязова Г.Б. Оқушыларды зерттеушілік оқытудың технологиясы – Астана, 2006ж.

ӘОЖ

ҚАЗАҚ ЭТНОЛЕКСИКАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.
Бөрі Б.Н. – М1701-11 оқу тобының магистранты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются особенности использования этнокультурной лексики в художественной литературе. Поскольку язык является главным символом духовного и культурного богатства этноса, этнокультурная лексика любого языка передается из поколения в поколение и считается культурным наследием народа. В статье доказывается, что этнический язык является языковым средством выражения этнических вкусов и мировоззрений на определенных культурных носителях и определяется языком.

The article discusses the features of the use of ethnocultural vocabulary in fiction. Since the language is the main symbol of the spiritual and cultural wealth of an ethnic group, the ethno-cultural vocabulary of any language is passed down from generation to generation and is considered the cultural heritage of the people. The article proves that the ethnic language is a linguistic means of expressing ethnic tastes and worldviews in certain cultural media and is determined by the language.

Тіл – белгілі бір ұлттың бүкіл рухани-мәдени байлығының негізгі көрсеткіші. Кез келген тілдің этно лексикасы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халықтың мәдени мұрасы ретінде сақталады. Әрбір халықтың болмысын, тарихын, мәдениетін, дәстүрін, дүниетанымын өн бойына жинап сақтайтын – ұлттың тілі ғана. Ал этнолингвистика – тіл болмысын мәдениетпен байланыстыра зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы, бұл сала тілдің қалыптасуы, дамуы және қызмет етуіндегі лингвистикалық, этномәдени, этнопсихологиялық факторлардың байланысын зерттейді.

Ғалым Е.Жанпейісов былай деп жазады: «Этнолингвистика өзінің мәні мен табиғаты бойынша жалпы тарихи категория болып табылады. Өйткені ол этностың бүгінін ғана емес, өткенін де қарастырады. Ал этностың өткені этномәдени лексикадан өзінің толық әрі жарқын көрінісін табады» [1, 4].

Зерттеуші Ж. А. Манкеева тіл мен мәдениеттің арақатынасын, әрбір тілдің ұлттық ерекшелігін былайша анықтайды: «Қазіргі тіл білімінде тіл ұлттың рухани-мәдени байлығы ретінде зерттеледі. Өйткені кез келген тіл халықтың тарихын, мәдениетін, мінезі мен санасын, салт-дәстүрін, даналығын көрсететін семиотикалық жүйе немесе белгілер жүйесі. Тіл өз құрылымында таңбалар жүйесі ғана емес, халық мәдениетінің айнасы. Ал мұндай жүйені зерттеуге дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіндіктері жеткіліксіз. Өйткені мұнда тілдің қызметі тек коммуникативті ғана емес, сонымен бірге танымдық, т.б. ұлттың тұтастығын көрсететін этномәдени ақпараттарды жинаушы әрі сақтаушы» [3, 15].

Жеке бағыт ретінде этнолингвистика белгілі бір этникалық топқа қандай қарым-қатынас қалыптары мен құралдарының, дәлірек айтсақ, тілдік ерекшеліктің тән екендігін зерттейді. Қазіргі этнолингвистиканың теориялық және практикалық маңызы этномәдени лексиканы жеке топқа бөліп, лингвистикалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Белгілі бір ұлтқа тән сөздер мен қолданыстағы этнолексика аясында қарастырылады.

Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» (1928) әңгімесі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, болмысын айқындайтын этномәдени лексика ұлттың тарихы мен дамуы туралы дерек көзі болып табылады. Көркем шығармаларда қолданылатын этно атаулар ұлттық нақыш, этникалық ерекшелікті көрсетеді.

Тұрмыстық заттарды атайтын этнолексика қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайды, мысалы (қарамен жазылған сөздер тұрмыстық этнолексикаға қатысты):

1. *«Жалғыз әйнек жаман үй,* ***төсеніші - жалаң ши. Жаман шидің төр жағы – ала сырмақ, текемет, текеметте*** *- Күнікей, жалғыз әйнек түбінде.*

Алты көзден үшеу жоқ , лақтар ойнап сындырған. Қалғаны аман қалсын деп, әйнекті жүдә жұлдырған. Күн жылыды не керек? Бала- шаға, қозы- лақ жол қып алды әйнекті. Лақ ойнақтап көрпеге, жығып кетеді шәйнекті» [5, 235].

2. *«Әйтеуір көктің көлемі ғоиˇ бір жағынан, Құлтума мен Жұматайдың еңбегін еміп, бір жағынан, қызымен екеуі байлардың* ***жібін иіріп, алашасын, бауын тоқып, сырмағын сырып, кестесін тігіп,*** *ұрттап-жалап жаз бойы тамақтан кенде болған жоқ»* [6, 260].

3. *«Құдалардың келу қарсаңында бозбалалар да дәмелі аттарын таң асырып,* ***ер- тоқымын, айыл-тұрманын*** *түзеп, қам қылысты. Анадаиˇ жерге* ***сегіз қанат ақ отау тігіліп, іші кілем, киіз, алаша, көрпе, жастық, түс киізбен безелді»*** [5, 233-305].

Келтірілген мысалдар бойынша қазақтың тұрмыс-тіршілігін елестетуге болады. «Жалаң ши, қара ала сырмақ, текемет, алаша, кілем, түс киіз, әбдір, сандық, қазан-аяқ» сияқты күнделікті тұрмыста қолданылатын дәстүрлі бұйымдар малдың жүнінен, жабайы жануарлардан, құс қауырсынынан және де әртүрлі өсімдіктерді пайдаланды. Тіл жүйесіндегі қазақтардың қолөнеріне байланысты атаулар белгілі бір топқа біріктіріліп, олардың құрылымын, қалыптасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақтың қолөнеріне байланысты атаулар рухани мәдениетпен тығыз астасып, этнолингвистикалық зерттеуді қажет етеді.

Тіл мен мәдениеттің байланысына негізделген этнолексика мен этномәдени қолданыстардың өзіндік уәжі бар. Олар халықтың эстетикалық ой-пікірлерін, рухани білімінің нәтижелерін, шығармашылық идеяларын және табиғатты дамыту мен түсінудегі өмір тәжірибесін көрсетеді. Олар бұл атаулардың халық өмірі мен тұрмысындағы рухани, мәдени, әлеуметтік рөлін айқындайды, ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Этнолексика ұлттық колоритті білдіретін тілдік құрал болып саналады. Көркем шығармадан келесі үзінді растау ретінде қызмет етеді:

«Күнікейге ***қамзол, көйлек, өзіне кебіс, шапан,*** *Жұматайға* ***күпі*** *керек. Құлтуманы қойшы, о түгілі Күнікейге жаңа көрпе, жастыққа тыс,* ***кестелі орамал, ақ шымылдық, сары қол сандық, қызыл сал*** *керек. Тұяқ:* ***«Есік көрсет, малыңды алып, қалыңдығымды бер»****- деп қыңқылдағалы қашан. Қысқы азығы,* ***соғымы*** *тағы келеді.* ***Үш қанат*** *желкөз баспананың* ***туырлығы*** *жұлдыз- жұлдыз: бүктеумен, жазумен, артумен, тігумен, сұрғылданып, өзі үлдіреп тозығы жеткен* ***құрымға қоиˇсүйкеніп,*** *лақ секіріп, сиыр мүйіздеп, сау таптығын тастамады. Бір жағынан бозбаласы түскір іргенің сықын кетіріп бітті:* ***шиде қырамаған аяқ, үзілмеген бау*** *қалған жоқ»* [5, 267].

Этномәдени лексика халықтың дүние танымы мен санасын көрсетеді, ұлттық менталитетті, яғни тілдік және мәдени құбылыстардың байланысын сипаттайды. Этнолексиканы қолдану мәдениетті тіл арқылы түсінуге немесе мәдени контексте тілдік құбылыстарды зерттеуге көмектеседі. Белгілі бір мәдениетті жеткізушілер арасындағы дүниенің бейнесі оның тілі арқылы анықталады.

Көркем шығармаларда қолданылатын этнолексика, этномәдени атаулар тарихи-мәдени, тілдік категория болып табылады. Олар ұлттық болмыс пен ұлттық таным мен барлық ұрпақтың рухани байлығын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. No 3. 1994.
2. Манкеева Ж.М. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы, 2008. 356 б.
3. Аймауытов. Ж. Ақбілек (роман, повесть, әңгіме). Астана, 1998. 325 б.

УДК 821.161.1

ПРОБЛЕМА ТИПИЧНОСТИ В КОМЕДИИ «ГОРЕ ОТ УМА» АЛЕКСАНДРА ГРИБОЕДОВА

Сатимниязова Д. – студентка гр. 11868
Научный руководитель: Абдыханов У.К. – к.ф.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Мақалада А.Грибоедовтың «Тапқырдан қасірет» пьесасындағы типтік мәселелері қарастырылған. Автор кейіпкерлер образының жалпы белгілерін, қоғамға тән құбылыстарды ашады.

«Горе от ума» остаётся одним из шедевров социальной сатиры. А. Грибоедов в «Горе от ума» не только разоблачал мир крепостников, но и утверждал свой положительный идеал, исполненный глубокого общественно-политического смысла. Этот идеал нашёл художественное воплощение в образе единственного истинного героя пьесы – Чацкого.

Как писатель национальный и народный, Грибоедов естественно не мог ограничиться одним изображением фамусовского мира, но непременно должен был отразить в своей исторической картине и другую сторону действительности – брожение молодых, свежих, прогрессивных сил.

Фамусовщина – это реакция, косность, рутина, цинизм, устойчивый, раз навсегда определённый уклад жизни. Здесь пуще всего боятся молвы и замалчивают всё новое, тревожное, не укладывающееся в их норму и ранжир. И в этот затхлый мир, подобно разряду освежительной грозы, врывается Чацкий с его тревогой, мечтами, жаждой свободы и думой о народе. Он – настоящий возмутитель спокойствия в кругу Фамусовых, Скалозубовых и Молчалиных. Он открыто заговорил о том, что в их кругу усердно замалчивалось, – о вольности, о совести, о чести, о благородстве.

Изображая Чацкого человеком умным и благородным, человеком «возвышенных мыслей», глашатаем «свободной жизни», Грибоедов решал стоявшую перед прогрессивной русской литературой двадцатых годов проблему создания образа положительного героя. Эта литература ставила перед собой цели: служить средством общественно-политического воспитания, возбуждать любовь к «общественному благу». Эта литература должна была не только клеймить пороки, но и восхвалять гражданские доблести.

Грибоедов ответил на оба эти требования, выдвинутые самой жизнью. «Горе от ума», говоря словами Белинского, явилось «энергическим (и притом ещё первым) протестом против гнусной расейской действительности, против

чиновников-взяточников, бар-развратников, против... светского общества, против невежества, добровольного холопства и пр. и пр. и пр.» [1, с. 186].

Изучая действительность как пытливый аналитик, драматург отразил её как художник, притом – как смелый новатор. Он нарисовал свою точную и достоверную картину, пользуясь приёмами, средствами и красками художественного изображения.

Белинский писал по поводу грибоедовской комедии: «...её персонажи давно были вам известны в натуре, вы видели, знали их ещё до прочтения «Горя от ума», и однако вы удивляетесь им, как явлениям совершенно новым для вас: вот высочайшая истина поэтического вымысла» [2, с. 67].

В «Горе от ума» воплощена целая система идейных взглядов в связи с самыми острыми, самыми злободневными темами и вопросами современности, но выражены эти взгляды с величайшим художественным тактом – в образах, в композиции, в сюжете, в речевых характеристиках. С этим связан важный вопрос о том, как Грибоедов решил основную проблему художественного реализма – проблему типичности.

В «Горе от ума» типична сама общественно-историческая ситуация, поскольку она отражает конфликт, вполне характерный для данной эпохи. Именно поэтому типичны и все человеческие образы, созданные Грибоедовым.

В этой связи нужно остановиться на образе Чацкого. Он типичен потому, что в нём ярко и отчетливо выражено существо той новой, прогрессивной социальной силы, которая в грибоедовское время вышла на историческую сцену – с тем, чтобы вступить в решительную борьбу с реакционными силами старого мира и победить в этой борьбе.

Во времена Грибоедова фамусовщина ещё казалась прочной основой общественного быта в самодержавно-крепостническом государстве, но как социальная сила фамусовщина уже загнивала и была обречена на умирание. Чацких было ещё очень мало, но они воплощали в себе ту свежую, юную силу, им было суждено развиваться, и поэтому они были неодолимы.Поняв это и выразив свое понимание в художественных образах «Горя от ума», Грибоедов создал типический образ «нового человека» – общественного протестанта и борца – в типических обстоятельствах его исторического времени.

Столь же типичны и исторически характерны представители другого общественного лагеря, действующие в комедии Грибоедова. Проблема типичности как выражения существа данного социально-исторического явления решается художником-реалистом равно и в положительных, и в отрицательных образах.

Смело, новаторски решив в «Горе от ума» проблему типичности, Грибоедов тем самым с полной ясностью, не допускающей никаких кривотолков, сказал своим произведением, во имя каких идеалов он разоблачил фамусовщину. Проникнув творческой мыслью в суть основных социальных и идеологических противоречий своего времени, показав, что Чацкий представлял в своём лице растущую и развивающуюся силу русского общества, щедро наделив его характер героическими чертами, Грибоедов тем самым

решил и гуманистическую проблему. В этом в первую очередь и сказалась общественно-политическая позиция писателя, в этом и проявилась с наибольшей убедительностью идейная направленность его творчества.

Литература:

1. Белинский В. Г. Письма в двух томах. Т. 2. – Л., 1982.
2. Белинский В. Г. Собрание сочинений в 3 томах. Т. 1. – М, 1984.

ӘОЖ

М.МАҒАУИННІҢ «АЛАСАПЫРАН» РОМАН-ДИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ОНАМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАР

Хайдаркулова Х.Т.-М1701-11 оқу тобының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б.-ф.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье исследуются онамастические имена, встречающиеся в романе-дилогии М. Магауина «Аласапыран», в частности, личные имена, топонимы. В статье онамастические имена в произведении разделены на несколько групп по их значению.

М. Мағауиннің «Аласапыран» романы тарихи маңызы бойынша терең және еліміздің өткен тарихын кеңінен қамтыған қазақ әдебиетіндегі елеулі құбылыс деуге болады. Осындай шоқтығы биік тарихи шығарма — қаламгердің ортағасырлық жазбалардан бастап қазіргі заманғы тарихшылардың қолжазбаларына дейін қыруар тарихи материалды қамтыған көп жылғы зерттеуі мен шығармашылық тәжірибесінің нәтижесі.

М.Мағауиннің «Аласапыран» роман-дилогиясында онамастикалық атаулар кеңінен қолданылған, себебі бұл шығармада XVI ғасырдың соңы және XVII ғасырдың басындағы Қазақ,Жоңғар, Қырым хандықтары мен Ресей патшалығының тарихы сөз болады және солардағы ел билеушілер есімдері мен әлеуметтік топ есімдері өз тұсындағы қолданысымен берілген, жазушы пайдаланған бұл тәсіл шығарманың шынайылығы мен тарихылығын арттыра түскен.Екі кітаптан тұратын шығарманың желісіне қазақ ханзадасы Ораз-Мұхамедтің шектес жатқан қазақ пен орысты байланыстырған тағдыры негізге алынған. Романның 1-кітабында Қазақ Ордасы мен Ібір-Сібір жұртындағы саяси жағдай, ел билеген би-сұлтандардың өзара шиеленіскен тартыстары бейнеленсе, 2-кітап аласапыранды толқынысы мол болған орыс еліндегі тарихи жағдайларды көрсеткен, яғни 2-кітабындағы сюжеттік желілер тұтастай орыс жерінде өтеді. Осы оқиғалардың бәрінің бел ортасында Ораз-Мұхамед жүреді.Романның күрделілігі оның тарихи оқиғаларды көркем бейнелеп жеткізуінде ғана емес, мұнда бірде тура, бірде жанама түрде тарихта болған адамдардың есімдері яғни онамастикалық атаулар аталады. Қазақ тарихындағы Қадырғали бек Жалайри, Махметқұл, Сүйініш-Мұхамед оғлан, Құл-Мұхамед, Арыслан-Әли секілді тарихи шындықты танытуда өз орны бар тұлғалармен қатар орыс тарихындағы ірі тұлғалар бейнелері де суреттелген. Ділшат

сұлтаным, Ай-шешек бегім, Алтын ханым, Әз ханым секілді әйелдер бейнелерінің өзі тұтас бір галерея жасайды.

М. Мағауиннің «Аласапыран» романындағы онамастикалық атауларды талдау барысында оларды мағынасына қарай бірнеше топтарға жіктеуге болады:

1) романдағы тарихи тұлғаларды білдіретін онамастикалық атаулар: Ораз-Мұхамед сұлтан, Қадырғали Жалайыри, Едіге бидің ұрпағы Петр Усов, Томан би, Манақ батыр, Ділшат пен Ай Шешек, Бахадүр сұлтан, Шығай хан, Ес-Мұхамед сұлтан, Тәуекел хан, Хақ-Назар хан, Сүтемген би, Ес-Мұхамед сұлтан, Орыс хан және т.б.;

2) географиялық жер-су атауларын білдіретін онамастикалық атаулар: Жетісу, Еділ, Жайық, ІбірСібір, Қаратау, Есіл, Талас, Ертіс, Шу, Арыс, Сарыарқа, Созақ, Түркістан, Қорғалжын, Ақмола, Қарқаралы, Торғай, Бетпақ, Қызылжар, Ұлытау, Калуга, Смоленск, Мәскеу, Тобольск, Саран, Сыганақ, Шымкент, Самара, Хорасан, Орал тауы және т.б.;

3) қазақтың дүниетанымын білдіретін есімдер: Жер-Ана, Су-Ана, От-Ана, Адам Ата, Тәңір және т.б.;

«Аласапыран» романында көп кейіпкерлердің аты аталады. Солардың негізгі сюжеттік желі үстінде көрінетіні санаулы ғана. Ал басқалары түрлі оқиғалық баяндаулар тұсында қосылып отырады. Шығармада Ораз-Мұхаммед бейнесі барша оқиғаның арасында жеке дараланып көрініп отырады. Бірақ бұл шығармаға оғаштық әкелмейді, тарихи сипатын арттыра түседі.«Аласапыран» романында Ораз-Мұхаммед және оның айналасындағы ел басшыларының, ру басыларының, батырлардың, әйел-аналардың өмірі мен іс-әрекеті мол шындығымен көрінген. Әсіресе Ораз-Мұхаммед тұлғасы арқылы талай шытырманды ашып көрсете алған.Шығармадағы нақты тарихи тұлға- ел басшысы, ауыр тағдырға ұшыраған бас кейіпкер Ораз-Мұхамед. Сұлтанның өмірінен алынған. Алайда Ораз-Мұхамед куә болған, қатысқан, ұғынған дүние шындығынан XYI-XYII ғасырлардағы орыс және қазақ қоғамында орын алған түбегейлі өзгерістер мен өткір бетбұрыстардың сырын Ораз-Мұхаммедтің куәгері, қатысушысы, түсінгені ретінде шынайы дүниеден ашу қиын емес.Ораз-Мұхамед хан – қазақ еліне тарихтан белгілі есім. Жошы әулетінен шыққан қазақ сұлтаны, Қасым хандығының ханы. Кез келген тарихи шығармада тарихи тұлғалардың бейнесі жасалатыны белгілі. Яғни, романдағы басты тарихи тұлғалардың бірі – сұлтан Ораз-Мұхаммед.Роман-дилогияның орталық тұлғасына Дәшті-Қыпшақтың падишаһы Тәуеккел ханның қалғаны, Ұзын оқты Ондан сұлтанның баласы Ораз-Мұхамедтің алынуы орынды. Ораз-Мұхамед қазақ өлкесі мен Ресей жерін жалғастырушы буын, рухани, дипломатиялық жақындықтың жанды көрінісі. Бар саналы ғұмырын Россия патшалығында өткізгендіктен ол туралы ғылыми еңбектердегі нақты мәліметтер де көп. Ораз-Мұхаммед тұтқынға түсіп, өзге елде, жат жерде Мәскеу мемлекетінде жүрсе де өзін мықты екенін, Ұлы даланың ұлы тұлғалары қандай батыл болғанын дәлелдеп алған. Ол Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошының тікелей

ұрпағы. Ораз-Мұхаммед тұтқында болса да Мәскеу мемлекетінің ең жоғары билігінде ойып орын алып, елдің құрметіне бөленген дара тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Мағауин Мұхтар. Аласапыран: тарихи роман. Алматы: Жазушы.-1988.-828 б.
2.Сыздықова Р. Сөз құдіреті: көптомдық шығармалар жинағы.Алматы: Ел шежіре, 2014. - 123 б.
3.Сыдықов. Қ. Тарих һәм тұлға:М. Мағауиннің "Аласапыран" дилогиясындағы Ораз-Мұхаммед образы Қазақстан жоғары мектебі. - 1998. - №1.- Б. 69-75.

ӘОЖ

ЫЗЫҢ ДАУЫССЫЗДАРЫНЫҢ АЙТЫЛУ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

Құрбан Аружан – 1901-10 тобының студенті,
Ғылыми жетекші: Акилбаева Г.И. – ф.ғ.к. аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассматриваются способы исправления нарушений произношения фрикативных согласных звуков.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар айтылу (ауаның шығу) жолына қарай: шұғыл дауыссыздар (эксплозив): п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, н; ызың дауыссыздар (фрикатив): ф, в, с, ш, ж, з, х, h, ғ, л, й, у; діріл дауыссыз: -р болып үш топқа бөлінеді.

Шұғыл фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жабысып, ауа кілт үзіледі де, содан соң шұғыл кайта жалғасады. Ал ызыңдарды айтканда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жуысып, ауаның жолын барынша тарылтады, бірак ауа біржола үзілмейді, сыздықтап, сүзіліп шығады. Діріл дауыссыз (р) тіл ұшының дірілдеуінен пайда болады.

Мектеп жасына дейінгі балалар тілінде осы ызың дауыссыздарының бұзылысы жиі кездеседі. Бұл логопедияда фонологиялық бұзылыс немесе фонетикалық бұзылыс деп аталады. Дислалия сөздердің артикуляциясы кезінде қиындықтар туғызады. Ең жиі кездесетіні - дыбыстарды алмастыру, дыбыстардың бұрмалануы, дыбыстардың болмауы немесе қосылуы.

С,с'; з,з' мен ш, ж, ч, ш дауыссыз дыбыстарының айтылуындағы бұзылыстар сигматизм деген терминмен аталады.

Бір дыбыстың басқамен тұрақты алмастырылған жағдайы, /мысалы, Ш орнына - С немесе С орнына Ш/ парасигматизм деп аталады. С дыбысының жасалу механизмі төмендегідей: еріндер күлгендегідей сәл керіледі. Тістер қысылған немесе жақындасқан қалыпта болады. Тіл ұшы төменгі қызыл иекке тіреледі, ортасы дөңестеледі, бүйір шеттері жоғарғы азуларға, таңдайдың бүйір жақтауларына жабысады.

Тілдің бойында оның ортасымен, жырашық пайда болады, альвеолы тысында сыртқа қарай жіңішке дөңгелек тесік болып ашылады. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрынға ауа жолын жабады. Дауыс перделері ажырайды, дем

шығару ауасы көмекей мен ауыз қуысына еркін жіберіледі. Ол ауа ауызда тар саңылау түріндегі кедергіге ұшырап ысқырған шу шығарады, оның биіктігі тіл үсті бөлігінің алдыңғы жағы мен күрек тістер арасындағы қуыстың көлеміне байланысты. Жұмсақ С дыбысының артикуляциялық ерекшелігі тілдің үстіңгі жағының биігірек көтерілуі, оның біршама ілгері жылжып тіл мен тістің арасындағы қуысына жақындауы. Еріннің керілуі айқындала түседі. Бұнда да С дыбысына О, У тіркесіндегідей ерін дөңгелектенеді. Бұны - ся, се, си және се, се, сю буындарын айтып байқауға болады. З дыбысын С дыбысынан, С және З' дыбыстарының айырмасы дыбыс перделері бірігеді және тербеліске түседі, сонымен қатар дем шығару екпіні әлсірейді, тіл үсті мен альвеол арасындағы саңылау тарылады. Ц-дыбысы біріккен дыбыс ретінде де дауыссыз Т мен С дыбысының бірігуін білдіреді. Алғашқы сәтте тіл үстінің алдыңғы бөлігі альвеолмен бірігеді. Тіл ұшы төменгі қызыл иекке тіреледі. Жұмсақ таңдай көтеріледі, дыбыс перделері ажырайды. Ізінше олардан ажырап тіл үсті альвеолаға С дыбысы артикуляциясына тән қалыпқа түседі.

Басқа бір алғышарты ауыз қуысы бүйірлерінің жабылуын қиындататын тіл жіңішкереді. Бүйірлік сигматизмде Ц, З дыбыстарды С дыбысы сияқты акустикалық қасиетке ие болады. Бірінші, күшті сыбырлап айтылған тіл сөзіндегідей Т және Л дыбыстарының тіркесіне ұқсайды, ал екіншісі қате айтылған С дыбысынан тек дауыстың қосымша шуымен ерекшеленеді. Қуыстың қай бүйірде пайда болғаны қарапайым екі жолмен анықталады, біріншісі - С дыбысын созып айтқанда ұртты жеңіл шерту арқылы. Егер дыбыс тиылып қалса, қуыстың шерткен жақта болғаны, тиылмаса қуыс екінші жақта болғаны. Екіншісі-резина түтіктің екі ұшында да олива қойылады. Логопед оның бір ұшын өз құлағына ұстайды да, екіншісін С дыбысын созып айтқан баланың жоғарғы және төменгі тістердің шекарасымен жүргізеді. Сонда қуыстың орны түтіктегі шудың күшеюі арқылы жеңіл анықталады. Шудың қасиеті оның пайда болған орнына қарай, яғни шыққан демінің жолындағы ең тар жерге қарай өзгереді. Мәселен С дыбысын айтқанда тіл түбі мен жұтқыншақтың артқы қабырғасы арасында тарылу пайда болса, онда Х дыбысына ұқсас дыбыс естіледі. Егер жұмсақ таңдайдың алдыңғы үсті тіл түбіне жабысса, ал арты жұтқыншақ қабырғасына жақындаса қырылдауға ұқсас шу шығады. Ц дыбысына екі жағдайда да С дыбысынан артикуляциялық айырмасы сол органдардың сол орындарда алдын-ала жабысу мен ғана ерекшелінеді.

Шығатын дыбыстың аффрикативтік сипаттамасы осымен анықталады. З дыбысының айтылуы С дыбысынан айырмашылығы тек қана дауыс тонының бірігуі мен шудың біраз әлсіреуінде. С, Ц, З дыбыстардың айтылуы қателігін С дыбысынан бастау керек. Жұмыс тәсілдерін таңдау сигматизмнің түрлеріне байланысты. Еріндік-тістік сигматизм кезінде балаға ең алдымен С дыбысын айтқанда төменгі ерін жоғарғы күрек тіске түйіспеуі, немесе жақындамауы керек екенін көрсету қажет. Егер балаға айна арқылы көзбен бақылау жеткіліксіз болса, онда ерінді жалаңаштаған тіс тізбегіне тигізіп, айырып көрсетіп, қарапайым артикуляциялық гимнастиканы пайдаланған дұрыс. Қажет

болғанда төменгі ерінді шпательмен немесе саусақпен төмен тартатын механикалық көмек қолдануға болады. Баланың механикалық көмексіз-ақ төменгі ерінді тиісті қалыпта ұстауға жаттығуын күтіп отырмай, осы дыбысты буындар мен сөздерді айтқызуға жаттықтыру пайдалы. Тіс төңірегі сигматизмінде С дыбысын әуелі бөлек кейін буын, сөз құрамында созып айту, артикуляцияны дұрыс көрсетуі арқылы түзетеді. Ызың сигматизмде алдымен С дыбысының дұрыс, теріс айтылу ерекшеліктеріне назар аудару керек. Алайда бұл әдіс мақсатқа сирек жеткізеді. Себебі бекіп қалған ақаулық ызың-ысқырық дыбыстарын анық ажыратқан жағдайда да С дыбысының дұрыс артикуляциясын меңгеруін қамтамасыз етпейді. Сондықтан ауызды ашып отырып балаларға артикуляцияның дұрысын айнаның алдында және кемшілік артикуляцияның айырмашылығын, өз саусағымен өрнектеу арқылы сезінуге көмектесуі керек. Тілдің дұрыс қалпын тапқан соң, балаға дем шығарып, ауа ағынын сезінуге мүмкіндік беріледі. Егер артикуляцияны айнамен дұрыс көрсету мен оны теріс қалыпқа салыстыру тиісті нәтиже бермесе, бірқатар арнаулы тәсілдің ең тиімдісін таңдап алу қажет. С дыбысы қалыптастыруда Т дыбысы негіз болады, оған бүйірлік артикуляцияның әсері жоқ. Баланы С дыбысын біраз аспирациямен айтуға үйретеді. Сонда қопарылыстан кейін ағылшынның С дыбысына ұқсас дыбыс естілуге тиіс. Демді қолға тиетін ауа ағымымен бақылауға болады. Соңынан тісті қысып тұрып, құрамында Т мен С анық естілетін Ц дыбысы айтылуға тиіс. Оны тек балаға білдірмеу керек, әсіресе, ол үшін Ц дыбысының үлгісін болдырмауға тиіс. Өйткені жағдайда үйреншікті алғашқы қате артикуляция қайталануы мүмкін. Егер бала тіл үшін төменгі қызыл иекке еркін ұстай алмаса, №2 зондты немесе шпательді пайдалану керек. Жаттығу барысында біріккен дыбыстың фрикативтік бөлігі біртіндеп ұзарып, содан соң бөлініп шығады, сонда ғана шпательді пайдалану керек. Жаттығу барысында біріккен дыбыстың фрикативтік бөлігі біртіндеп ұзарып, содан соң бөлініп шығады, сонда ғана балаға дұрыс айтылатын С дыбысы осы екенін түсіндіруге болады. Одан әрі игерілген артикуляцияны буын, сөз, сөз тіркесі материалдарымен бекітеді. Одан соң жаттығу тілді тіс арасына кеңінен сұғу оны ауыздың бүйірлеріне жапсыру жағдайында айна алдында қайталанады. Тіл қуысында жырашық болуға тиіс. Ауа ағымын бақылау үшін қосымша пробирка немесе ауызы тар шыны ыдыс пайдаланылады. Тіл ортасымен үрлеуге жеткен соң келесі саты С дыбысын тіс аралық айтуға көшеді. Бұл мақсатта жоғарғы ерінді шпательмен немесе саусақпен көтеру жеткілікті, сонда тіл мен жоғарғы күрек тіс аралық қуыс пайда болады. Бүйірлік артикуляцияны түзетудің тағы бір тәсілі баланы Ф дыбысын созып айтуға үйрету, содан соң оны тілді неғұрлым ілгері ұмтылдыра, ұшын төменгі күрек тіске тірей қайталау. Сонда Ф дыбысына тән шуға ысқырынған шу қосылады. Осы екеуінің бірігуі еркіндік-тістік сигматизмге тән дыбысты еске түсіреді. Ақырында Х дыбысына сүйену де мақсатқа жеткізеді балаға-ихи тіркесіп айту ұсынылады, сонан соң тісті қысып қайталанады. Сонда көбінесе С дыбысына жақын дыбыс жиі естіледі. Оны балаға ерте ескертпеу керек себебі бүйірлік артикуляцияға ұшырауы мүмкін. Жаттығуда ысқырынған

дыбыс қалыптасқан соң - С және С' дыбыстарының айырмасына назар аудару керек

Әдебиеттер:

4. Өмірбекова Қ.Қ. Логопедия: Оқулық. - Алматы: ҚР ЖОО Ассоциациясы, 2020. - 648 б.
5. Дүйсенбаев А.К., Балтымова М.Р. Логопедия негіздері: оқу құралы /. - Алматы: Отан, 2017.- 192б.
6. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. –Алматы, 2001ж. -200 бет.

ӘОЖ 303.01

BEST METHODS FOR LEARNING ENGLISH EASILY.

Ahmedov Samandar, Berikbay Magzhan-1508-21
Academic adviser: Dauletova A.A- lecturer (M.A.)
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Түйін

Ағылшын тілін үйренудің көптеген жолдары бар. Ең қызықты және танымалын қарастырып, артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылайық. Ағылшын тілі курстары ағылшын тілін үйренудің дәстүрлі әдісі болып табылады. Бұл өте жақсы нұсқа, өйткені мұғалім қателеріңізді түзетеді және топта бір нәрсені үйрену қызықтырақ. Кемшілігі - курстың көп бөлігі қымбат және көп нәрсе мұғалімнің ақпаратты ұсыну қабілетіне байланысты, ал тағы бір нәрсе, сіз әдетте британдық ағылшын тілін үйренесіз және ол қиынырақ және әлемде азырақ таралады.

Most of us have felt a twinge of envy at a friend who is fluent in a second language. Perhaps you and your friend were travelling through England and you became overly reliant on your friend's language abilities. It could be you wanted to order food, ask about healthy food, or even ask about a job vacancy? But envy is a very destructive force and one of the mind's biggest time wasters.

It would be far more profitable to spend 'envy' time on the task of learning English. With benefits such as travelling, your career and health – there has never been a better time to start planning how you will study English to your best advantage.

A Language With A Host Of Benefits

For the career minded, England is currently on the look out for translators who can deal with a range of customers from Vietnam, China and several other countries. These positions are very well paid as finding candidates who also have a good working knowledge of English is not easy. Document translation is also another booming business in England with a good salary for able applicants.

Anyone asking 'Why learn different languages?' need only visit a book store to see numerous titles on the growth of the global economy and the job opportunities available to the studious.

How To Learn English Quickly

If you follow the given strategies, you will be benefited from them and learn English quickly. Follow the below best methods to learn English faster:

1. Develop Your Reading Skills Proficiency.

Reading skills is one of the best skills in the English language. To develop reading skills proficiency, you have to read comprehensive texts more and more. If you continuously emphasize reading, you can generate many ideas to improve your

English skills.

Now the question is how to improve my English reading skills? Well, you can improve your reading skills in various ways. Let's see the below methods in brief:

Read English newspaper
Improve your vocabulary
Memorize synonyms and antonyms
Follow comprehensive online articles
Read more and carefully
Try to generate more new ideas
Keep patience

You can follow various kinds of books. These books will help you to grow up your knowledge. You may choose famous English writers and follow their writings. Without developing reading skills, you can't learn English properly. So follow this step and learn English comfortably.

How to improve reading skills
How to speak English fluently

2. English Grammar And Vocabulary

If you want to improve your English skills, you need to follow basic English grammar and memorize vocabulary. It will be challenging to know basic English grammar and wording, including phrasal verbs, idioms and phrases.

These both are the trump cards to develop English proficiency. Let's follow basic grammar properly and memorize new vocabulary more and more. You can make a routine to learn unknown vocabulary every day, and try to follow the pattern, and increase your vocabulary more and more.

The more you memorize English vocabulary, the more you get a lot of ideas that help you make a new sentence in English.

3. Use A Dictionary

Dictionary always helps a student to learn a second or targeted language quickly. Nowadays, you can use a dictionary on your smartphone and computer through different types of applications. If you have a smartphone, you can easily download a dictionary from the Google play store or apple apps store.

So it's not a difficult task to use a dictionary. If you want to learn English, you must have a dictionary, follow a dictionary and try to memorize unknown words.

4. Try To Watch English Movies

English movies are an excellent source to develop English skills. It would help if you watched English movies. If you don't have enough time, you can watch at least once a week.

The first time it will be difficult to understand the language of the native speakers. But don't be frustrated. Try to see subtitles and understand the pronunciation passionately. Continuously follow this routine until you have a good knowledge of English.

I think you will understand the language by watching English movies and improving your English skills.

5. Follow English Newspaper And Magazine

English newspaper and magazine is excellent platform to improve English skills. If you don't read English newspapers and magazines, please concentrate on them.

If you cannot translate the sentences to your mother tongue, then follow a dictionary. You need to use this trick for more than one year to gain proper English knowledge. You can follow the be.

6. Communicative Language Teaching

Communicative language teaching is a learner-centered method that believes in learning to communicate through communication; this method encourages practice to develop communicative skills.

Communicative language teaching focuses on the needs of learners and attempts to define their needs;

It emphasizes the content of the activity, rather than on overt language learning;

It shows encouragement and tolerance of language variation in the classroom, even to the extent of mixing mother tongue and target language use;

Promote the ideals of individual work;

So communicative language teaching is an excellent platform for efficiently developing English or second language skills. You will get a massive benefit if you correctly follow this method.

References:

1. BBC Learning English;
2. https://blog.busuu.com/how-to-learn-english-easily/
3. https://youtu.be/Q3S_PNkHZuI
4. https://preply.com/en/blog/learn-english-fast-and-easy/

ӘОЖ

ХХІ ҒАСЫР АУДАРМА ӨНЕРІНІҢ АХУАЛЫ (Ж.К.РОУЛИҢ «ХӘРРИ ПОТТЕР» СЕРИЯЛАРЫ БОЙЫНША)

Тоқтасынова Д.Ғ. – 117-28 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Сапарбаева Қ.Ж.- ф.ғ.к. аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье проанализирован перевод на казахский язык семитомной книги о Харри Поттере, ставшей феноменом, с наибольшим количеством поклонников во всем мире. Цель статьи - обращение к казахскому искусству художественного перевода и привлечение внимания к этой области литературы. До сих пор пять переведенных томов были классифицированы по жанровым особенностям, языковым предпочтениям, эквивалентности слова, использованию художественных приемов.

Фэнтези ел арасындағы халық ауыз әдебиетінен алынатын болғандықтан, бұл жанрда жазатын жазушылар көбіне халықтың мифологиялық танымындағы ғажайып күш иелері мен өмірде жоқ ғажайып жануарларды қаламға тиек етеді. Әрине, мұндайда авторлардың көпшілігі аңыздардың сюжетін қайта жаңарта жазумен немесе әйгілі ертегінің соңын ары қарай өрбітумен айналысады. Жоан Роулиңге Хәрри туралы кітаптың идеясы пойызда келе жатып ойына келген.

Бас кейіпкер Хәрри бірге толар-толмас әке-шешесінен айырылып, нағашы әпкесі мен жездесінің қарауында қалады. Бұл оқиға желісін ағылшындардың атақты Артур патша мен ұлы сиқыршы Мерлиннің аңызынан көруге болады. Сонымен қатар, Хәрриге туыстарының күн бермей, жиенінің мазағына көнуі көп ертегілерде(соның ішінде «Күлбике» ертегісінде) кездесетін композицияның бастамасы.

«Хәрмиона дәретханадан шықпас бұрын айналаны барлап көруге кеткенде, Рон Хәрриге: «Ертең Малфойды сыпыртқыдан аударып түсіре салшы, әуреміз азаяды» деп сыбырлады». [1, 160 б.] Рон негізі іске шорқақ, қимылы сылбыр, оқудағы үлгерімі ортадан төмендеу, үнемі жамандыққа ұрынғыш, тұзы жеңіл бала болғанымен, сөздеріндегі әпенделігі оқушының езуіне күлкі үйірері сөзсіз.

«- Куофл бірден Анжелина Жонсонның қолына түсті, ол Грифиндордың керемет шабуылшысы, оған қоса сүйкімді қыз десем қателеспеймін.

- ЖОРДАН!

- *Кешіріңіз, профессор».* [2, 199б.] Жордан куидич ойынында коментатор болатын, кейде тақырыптан ауытқып кететін әдеті бар. Ол да, көп көріне бермесе де, куидич ойыны сипатталтын бөлімдерді өзінше әрлеп тұрады.

«- Жасырын бөлме қайта ашылғаны рас екен, - деді Дамблдор» бұл бөлімде оқырманның алдынан шығатын жаңа мифтік жануарлар: Том Реддлдің(Волдеморт) аждаһасы, Дамблдордың фениксі – Фоукс, Хәгрид кезінде тығып асыраған алып өрмекші – Арагог. «Хәрри Поттер мен Жасырын бөлме» романының ерекшелігі де, мистикалық-фантастиканың детективпен біте қайнасып, оқырманын «дуалауында».

Бірінші кітапты тәржімалаған: Беркіқажы Н., Мәзен Д., Мұхамедияр С. Екінші бөлімді аударған – Динара Мәзен. Жалпы, аударманы дүйім жұртқа қазақтың аудармасы деп мақтануға тұрады. Олай дейтін себебіміз, бүгінде қолданылмайтын бірақ әлі күнге дейін пайдалануға болатын сөздер немесе тек орыс тілде айтатын лексикалық бірліктерді ұтымды кәделеріне жарата білген. Мәселен, қазір «сынып старостасы» деп ауызекі тілде қолданатын сөзді «серке» деп аударған, қазақта жоқ, бірақ өзге аудармаларда «рыцарь»(Тақтар таласында осылай берген) деп айтылып жүрген сөзді «сері» деп аударған. *Marauder's map* - «тонаушы картасы», «алаяқтар картасы», «сотқарлар картасы» мағынасына сай келетін сөзді «содырлар картасы» деп қазақи жұп-жұмыр, әдемі аударған.

Хәрри Поттер сериялларындағы Хәрри Поттер – романтикалық образ болып табылады. Ол үнемі достарымен бірге түрлі атаулы қиындықтарға тап болады да, әрдайым аман шығады.«Романтикалық образ – әдебиеттегі адам бейнесінің байырғы түрлерінің бірі. Бұл образдың алғашқы үлгілері баяғы көне дүние әдебиетінде, оның «әрі өнген топырағы, әрі байлық қоры» боп табылатын мифте қала берсе, қай халықтың болса да ауыз әдебиетінде жатыр. Әрқашан алға, алысқа асыққан халықтың қиялы да телегей-теңіз. Ал романтикалық образдың негізінде қиял жатады. Романтикалық образ өмірдегі болған немесе бар деректен гөрі өмірде әзірше жоқ, бірақ болатын дерекке негізделеді». [3,

125б.] Сонымен қатар, Хәрридің досы Ронның отбасы, құрбысы Хәрмиона, алып қорықшы Хәгрид және де тағы басқа кейіпкерлердің сондай шынайы болуы, Хогвартс сияқты мектептің расымен де болуы мүмкін екендігін бізге жақындата түседі. Өйткені, оқырман олар жайлы бәрін біледі: не ішеді, қайда ұйықтайды(тіпті қандай түстер көріп жүр), нені ұнатады, кімде ойы бар, сіз бірнәрсе айтсаңыз ол қалай жауап береді т.с.с. Мұндайды эпикалық образдарға жатқызамыз. – *Бұл сыпыртқымен ұшуға болмайды! – деді Хәрмиона дауысын көтеріп .Хәрри мен Рон түк түсінбей қарап қалды: - Сонда не істеу керек? Жер сыпыру керек пе? Хәрмиона жауап берем дегенше, Симустың төсегінде отырған Қылғыт Ронның кеудесіне бір-ақ қарғыды*. [4, 226б.] Бұл эпикалық-фантастикалық романның 80 тілге аударылып, феноменге айналуының да басты құпиясы, осы қайталанбас образдарында. Кітап аяқталғанда достарыңмен қоштасқандай күй кешіп, Хогвартсты кәдімгідей қимай қаласың.

Тақырыптың аударылуынан бастап, бөлім атауларына дейін өте ұқыптылықпен тәржімаланған. Мәселен, «Інге» оралу», «Қара таңба», «Ең ауыр қарғыстар», «Үй тірлігін атқаратын эльфтерді азат ету майданы», «Нартуған балы», «Шындықсу» т.б.

Автордың хоррор(қорқыныш ұялататын) жанрын араластыруы, оқырманды одан сайын кітаптан бас алмай ынтыға оқуға мәжбүрлейді:

Үңгірге ұқсап қаңырап қалған асүйге кірді. Мұнда кірмегелі көп болған еді, дегенмен холға апаратын есік қай тұста екенін есіне түсірді де, қараңғыда түртініктеп солай қарай жүрді. Мұрнына шірік иісі келді, жоғарыдан дауыс естілген сияқты, біреу жүрген тәрізді. [5, 17б.]

Өзін үшінші жаққа қойып сөйлейтін эльфтерден басқа – Лорд Волдеморт. Оның репликаларынан-ақ айбаты мен сұсы көрініп тұрады. Аудармашы мұны жақсы түсініп, түнек лордына тән сарказмның ең қою бояуын жақсы берген. - *Әйелің жоқ, - деді суық дауыстың иесі. – Мұнда екеніңді ешкім білмейді. Осында барамын деп ешкімге айтқан жоқсың. Магл, Лорд Волдеморттты алдаймын деп ойлама, ол бәрін біледі...бәрін... [5, 23б.]*

- Шымшық торттар! – деп бәріне жар салды қуанған Фред. – Оны Жорж екеуміз ойлап таптық, әрқайсысы алты сиқылдан, кімге керек? [5, 295б.] Ағылшын тіліндегі жеті санын неге алты деп бергенін түсінбедік. Оған қоса тек сиқыршыларға тән ақша валютасын транскрипция әдісі арқылы көрсеткен.

- Егер дәл осындайды сексен рет айтпаса, расында да ойланар едім, - деді Хәрри бәрі профессор Трелонидің сыныбынан қайта таза ауаға шыққанда. – Өледі деген сайын шынымен өліп тұрсам, мен баяғыда-ақ мың өліп, мың тірілген медициналық ғажайыпқа айналып кетер едім. [5, 300б.] «Медициналық ғажайып» сөздерін тура аударылса да сөйлемде бөтенсіп тұр. Сафир Мориц –Готлиб бір сөзінде: «аударма деген әйел сияқты адал болса (тура аударылса дегені ғой) әдемі емес, ал әдемілері адал емес» деген екен. Тура сол жағдай мұнда орын алып тұр.

Жеткіншек шақта бүлдіршін қыз бой жетіп, ұлдар ер жетеді. Дене бітімдерінің өзгеруіне байланысты, көбісі өз тәндерінен ұялшақтауды

шығарады. Роулиң бүршік жаратын осындай адам ғұмырының көктем уағын Нартуған балымен тартымды көрсеткен.

- *Билеу керек, - деді профессор Макгонагал ыза болып. – Айттым, бітті. Дәстүр бойынша балды чемпиондар жұбымен бірге билеп ашады.*

Хәрри кенет өзін цилиндр мен фрак киіп, қасында Вернон жезденің жұмысындағы салтанатты кештерге Петуния апай киетін сәнді көйлегі бар қызбен келе жатқанын елестетті. [5, 312б.] Хәрри де өзге жасөспірімдер сияқты қызбен билеуді азап көреді.

- *Сен танауыңның астындағы көрмейтін соқырға айналдың, - деді Дамблдор даусын көтеріп, министрден мысы басым екенін бәрі айқын сезді. – Корнелиус, мансапқұмарлықтан көзіңді шел басыпты! Сен үнемі қан тазалығы деген далбаса пікірге иланып, ерекше мән беріп келдің! Адам кімнен туғаны емес, қандай болып өскені маңызды екенін мойындауың керек! [5, 570 б.]* «Танауыңның астындағы», «мысы басым», «мансапқұмарлықтан көзіңді шел басыпты», «далбаса пікір» деген түсініктер ағылшын тілінде жоқ. Аудармашы екі тілді де жетік меңгеруі мен егер Роулиң қазақ болса осылай айтар еді деген болжамының арқасында әшейінде жайбарақат, жайсаң мінезді Дамблдордың қатты ашулы екенін көрсеткен.

Хәгридтің сөйленісінен бөлек, Флер Делакурдің француз тілді адамның ағылшын тіліне беретін акцентін, аудармашы асқан данышпандықпен орыс тілді қазақтың қолапайсыз сөздері сияқты етіп жіберген:

- *Биз тағы корисемиз, - деді Флер Хәрридің қасына келіп, қолын созып. – Осында жумысқа туғсам дейм, ағылшин тилин жағсағту ушин... [5, 583 б.]* Сонымен қатар, француз тілінің де ерекшелігін қосып берген.

Сонымен қатар, Ж.К.Роулиңнің жанрының әралуан болуымен қатар жеңіл оқылуына себеп болуы ағылшындарға тән кекесін, баланың жас ерекшелігіне сай комедиялық репликалардың көп кездесуі. Юмордағы күлкі – әзіл, ал әзіл келемежге айналса – ирония, келемеж ащы мысқылға айналып, сын үдей түссе – сарказм болғаны. Осындай, кітапты тартымды етумен анйалысатын кейіпкерлер – егіз Уизлилер, және олармен үнемі бірге жүретін Ли Жордан, Уизли отбасының тағы бір ұлы, Хәрридің жан серігі Рон.

«- Жаңа ештеңе үйренбейміз бе? – деді Захарис Смит бөлменің арғы басынан. – Оны білгенде келмей-ақ қояр едім.

- *Туһ, Хәрридің саған ескертпегеніне бәріміз ренжіп тұрмыз, - деді Фред. Оқушылар күлді. Хәрри Чоудың да мырс еткенін байқағанда жүрегі дүрсілдеді ,баспалдақта келе жатып шалынып қалғандай іші солқ ете түсті».* [6, 400 б.] Ағайынды егіздерге жететін қылжақбастар жоқ шығар. Аудармашылардың Фред пен Жорждың мысқылдары мен мазақ сөздерін қазақшаға дөп түсіп тәржімалауы орнымыздан тұрып қол шапалақтауға тұрарлық еңбек.

«ХП мен Феникс алқасы» бөлімдердің ішіндегі ең көлемдісі, әрі мазмұн мен пішін жағынан да ең ауыры. Мұнда бас кейіпкерлер балалығымен қош айтысқан, психологиялық иірімдері жаңа толқынға көтерілген, жеке тұлға

болып қалыптасу алдындағы жасөспірімге айналады. Оқырманның жасы жетпеген жағдайда, көп нәрсені түсінбеуі мүмкін:

- Сүйістіңдер ме? – деді Хәрмиона бастырмалатып.

Рон түрегеліп отырам деп қорбағанда сиясын төгіп алғанына да мән бермей, Хәрридің аузына кіріп кетердей қарады.

- Айтсаңдаршы!

Хәрри оның білмей қоймайтыны жазылып тұрған көзіне бір қарады да, салмақты отырған Хәрмиона қарап бас изеді.

-ХА! [6, 403б.]

Әдебиеттер

1. Роулиң Ж.К. Хәрри Поттер мен жасырын бөлме.- Алматы: Steppe&World,2020.-324 б.
2. Роулиң Ж.К. Хәрри Поттер мен пәлсапа тас.- Алматы: Steppe&World,2020.-324 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері(екінші басылым). Алматы: Мектеп, 1976.-374 б.
4. Роулиң Ж.К. Хәрри Поттер мен Азқабан тұтқыны.- Алматы: Steppe&World,2020.-424 б.
5. Роулиң Ж.К. Хәрри Поттер мен от сауыт.- Алматы: Steppe&World,2020.-324 б.
6. Роулиң Ж.К. Хәрри Поттер мен Феникс алқасы.- Алматы: Steppe&World,2020.-324 б.

УДК 801.8

РАЗВИТИЕ МОТИВАЦИИ К ИЗУЧЕНИЮ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА НА СРЕДНЕЙ СТУПЕНИ ОБУЧЕНИЯ В ШКОЛЕ

Раимбекова Г.И.- студентка группы М1703-81

Научный руководитель: Сманова Г.И. Phd.

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Шет тілі – XXI ғасырдың тілі.Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл.Оған біз алдағы өтіп кеткен ЕҚҰБ(ОБСЕ) Саммитіне төрағалық еткен кезіміз осының бір дәлелі бола алады. Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі кездеоқушылардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті.

Знание английского языка нашими детьми-требование времени. Иностранный язык в настоящее время востребован во многих школах с 1 класса. Это непосредственно способствует формированию у школьника готовности к межнациональному, межкультурному объединению с самого раннего периода. Преимущества обучения иностранному языку с начальной школы заключаются в том, что он положительно влияет на психологическое мышление, внимание к слову иностранный язык, его понимание,а затем позволяет укрепить знания в основной школе, повысить качество знаний.Повышение качества образования стало одной из актуальных проблем сегодняшнего дня.Решение данной проблемы-с обновлением содержания образования, совершенствованием технологий и методов организации учебного процесса, усилением мотивации к обучению.Кроме того, образование неразрывно связано с целью и результатом обучения.

Интерес к мотивационному аспекту изучения иностранного языка существенно повысился в последние годы во всех дисциплинах, так или иначе связанных с языком, - не только в психологии и педагогике, но и в лингводидактике, методике обучения иностранным языкам в школе, психолингвистике. Чтобы нормально адаптироваться к современной ситуации, когда Европа становится единым многонациональным, мультикультурным и многоязычным целым, представители общества на всех его уровнях должны осознать важность изучения иностранных языков, поскольку изучение языков - это способ воспитания толерантности, способности к сотрудничеству, достижения взаимопонимания между народами, уважения к личности независимо от её расовой, национальной, религиозной, политической принадлежности.

Овладение иностранным языком в школе предполагает интенсивную активность обучаемого. Одним из факторов обеспечения работоспособности ученика является соответствующая мотивация. Среди аспектов, повышающих уровень мотивации, следует выделить, прежде всего, постоянно поддерживаемый интерес учащихся к самому процессу овладения иностранным языком, его результативность, а также использование различных приёмов обучения, удовлетворяющих потребности учащихся средней ступени обучения в новизне изучаемого материала и разнообразии выполняемых упражнений. Использование разнообразных приёмов обучения способствует закреплению языковых явлений в памяти, созданию более стойких зрительных и слуховых образов, поддержанию интереса и активности учащихся.

Эффективным методом развития мотивации к изучению иностранного языка на среднем этапе обучения является проектная технология в области иностранного языка. Метод проектов в настоящее время нашёл широкое применение во многих странах мира главным образом потому, что он позволяет органично интегрировать знания учащихся из разных областей при решении одной проблемы, даёт возможность применять полученные знания на практике, генерируя при этом новые идеи.

Проектная технология обеспечивает в самостоятельной работе учащегося ситуацию развития и создаёт оптимальные условия для продуктивной учебной деятельности за счёт:

- направленности на создание личностного образовательного продукта;
- актуализации конструктивно-творческой самостоятельной учебной деятельности учащегося;
- реализации творческого потенциала учащегося как субъекта самостоятельной учебной деятельности;
- актуализации личностно значимых мотивов учебной деятельности;
- актуализации взаимодействия различных субъектов учебной деятельности;
- интеграции межпредметного знания;
- включения процесса освоения изучаемого языка и культуры в реальную информационно-образовательную, проектно-исследовательскую и социально-культурную деятельность;

- создания условий для формирования учебной компетенции учащегося в области изучения иностранного языка и его развития как языковой личности.

Использование видеофильмов, диафильмов, мультипликационных и анимационных фильмов может также выступать в качестве средства повышения мотивации учащихся при обучении иностранному языку.

Групповая и командная работа (group and teamwork), опосредованная координация деятельности учащихся, большая самостоятельность, возможность почувствовать собственную значимость, воздействие на эмоционально-волевую сферу личности, учет ее потребностей, желаний и прочего обусловливает активность учащихся на уроке и повышает мотивацию. Успешное начало обучения иностранному языку способствует созданию высокой мотивации к изучению иностранных языков в целом. Успех обучения и отношение учащихся к предмету на средней ступени обучения во многом зависят от того, насколько интересно и эмоционально учитель проводит уроки. Поэтому необходимо заложить в учащихся интерес к изучаемому предмету, используя разнообразные приёмы стимулирования их эмоциональных реакций в ходе урока.

Литература:

1. Коряковцева Н.Ф. «Теоретические основы организации изучения иностранного языка учащимся на базе развития продуктивной учебной деятельности». Москва-2003;
2. Бим И.Л., Биболетова М.З., Щепилова А.В., Копылова В.В. Иностранный язык в системе школьного филологического образования (концепция)./Иностранные Языки в Школе.-2009.-№1.-С.4;
3. Веселова Д.П. Из опыта преподаванияиностранных языков. – Москва1983;
4.Н.Н. Душкова «К вопросу о мотивации обучения иностранному языку в средней школе».

ӘОЖ

ТАРИХИ ӨЛЕҢДЕР ТУРАЛЫ КЕЙБІР ЗЕРТТЕУЛЕР

Алдаберген Э.Е. ОҚМПУ, магистрант
(Шымкент қ.)

Резюме

Исторические стихи-одна из ветвей казахской народной поэзии. В народных стихах описываются различные события, пережитые казахским народом, пережитые горести, заветные мечты,происходящие в этом обществе. Отсюда прослеживается и особая функция исторических стихов. В статье рассматривается исследование исторических стихов.

ХХ ғасырдың орта шенінде және онан соңғы кезеңдерде тарихи өлеңдерге қатысты пікірлер зерттеушілердің басты назарында болды, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мәселен Ә.Х.Марғұланның эпосқа қатысты зерттеуі (1946), Н.С.Смирнованың XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі эпикалық және тарихилық мәселелеріне (1948; 1949; 1951) байланысты зерттеулері мен қазақ әдебиеті тарихына арналған көп томдықтың алғашқы томында (1948) сөз бола бастады. Бұл еңбектерде де тарихи өлеңдер мен тарихи жырлар арасы толық ашылмай, зерттеушілер «тарихи жырлардың ең кішігірім үлгілері» деген атау қалыптастырды. Бұл аталып отырғандар, еңбектегі талданғандар шын мәнінде

тарихи өлеңдер болатын. Кейінгі пайда болған тарихи жырларға қатысты Б.Кенжебаевтың зерттеуі 1916 жылғы көтеріліс жырларына арналды. Осы тақырыпта Х.Ищановтың «1916 жыл және халық поэзиясы» зерттеуі жарық көрді. Сөйтіп, тарихи өлеңдер туралы тарихи жырлармен қоса ғылыми тексерулер ісі басталды. Тарихи өлеңдердің бұрынғы дәуірлерде туғандары туралы бұл кезеңдерде жинақтау ісі болса да, ғылыми тұрғыдан талдаулар шолу түрінде айтылған ой-пікірлермен шектеледі. 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының алғашқы томы ауыз әдебиетіне арналып, мұнда XVIII ғасырдан бастап, тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың өткендегі тарихи оқиғаларды шын мәнінде жеткізе алатындығы айтылды. Кітапта XIX ғасырдағы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты туған өлеңдер жөнінде түсініктер беріліп, біршама ғылыми салмақты пікірлер айтылғанын білеміз.

Тарихи жрларға арналған алғашқы мақалалардың бірі белгілі ғалым Б.Уахатов жазған болатын. Зерттеуші өзінің «Қазақ халық өлеңдері» (1974) атты монографиялық зерттеуінің бір тарауын тарихи өлеңдерге арнайды. Автор тарихи өлеңдердің бастаулары тым бұрынғы дәуірлерде жатқанын айтып, еңбекте XVIII-XIX ғасырлардағы оқиғаларға қатысты туған тарихи өлеңдерге кеңірек орын берілген. Жанрлық сипатына байланысты қорытындылар жасап, тарихи өлеңдер дербес жанр бола алатындығына тоқталады. Бұдан бұрынғы тарихи жыр мен тарихи өлеңдерді бірге қарап, арасына шек қойылмай келген мәселелерге автордың былай тұжырым жасауы тарихи өлеңдерге байланысты жаңаша бір бағыт әкелді деуге болады.

Өкінішке қарай көбіне ауызша айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа суырыпсалма дәстүрі негізінде ауыздан-ауызға көшіп тарағандықтан, көне дәуірлерге қатысты өлең-жырлар ұмытылып қалған. Бұған бертіндегі жазу-сызу өнері орныққан кезеңдегі түрлі идеологиялардың қырсығын тигізіп, тарих теңізіне тереңдеуге де мүмкіндік бермегенін айтпасқа тағы болмайды. Пікіріміздің негізсіз еместігін қазақ өлеңдеріне қатысты құнды зерттеу жүргізген ғалым Б.Уахатов нақтылай түседі. Ғалым пікіріне сүйенсек: «... қазақ халқының басынан кешкен тарихи оқиғалар көп. Бірақ, соның барлығы бірдей бір ауыз әдебиетінде сақталып қалмаған. Тек соңғі бір-екі ғасырда туған тарихи аңыз-әңгімелер мен өлеңдер болмаса, арғы көне дәуірлердің нақтылы деректеріне құрылған жыр үлгілері жоқтың қасы. Соның ішінде тарихи ұсақ жырлар, яғни бір кездегі Қорқыт, Еділ-Жайық туралы, Шыңғыс ханның қаһарлы жорығы, Ақсақ құлан, Жошы хан туралы өлеңдер өте аз қалған» [1, 64-65 бб.], - дейді.

Арада бес жыл өткеннен соң, қазақтың тарихи жырларына арналған «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979) атты Қазақстан Советтік Социалистік Республикасы Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымдық монографиялық зерттеуі жарық көреді. Бұл зерттеу жұмысы ел тарапынан да жақсы бағаланды. Монографияда қазақ тарихи жырлары үшке жіктеледі: а) XVIII ғасырдағы тарихи жырлар; ә) XIX ғасырдағы тарихи жырлар; б) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты туған өлең-жырлар. Еңбекке басшылық жасаған филология ғылымдарының докторы,

профессор, ҚҰҒА академигі Р.Бердібай мақаласында да тарихи жырлар мен тарихи өлеңдерге қатысты мәселелер айтылып, ғылыми зерттеу мәселесіндегі кешеуілдеудің себеп-салдарына тоқталады. Бұдан соң қазақ фольклортану ғылымына үлес қосып келе жатқан белгілі ғалым С.А.Қасқабасовтың «Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасуына тарихи өлеңдердің циклденуі ықпал еткені аталып, екі жанрдың айырмашылықтары ғылыми тұрғыдан жан-жақты түсіндіріледі.

Бұдан соңғы фольклортанушы ғалым Е.Тұрсыновтың «Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасу эволюциясы сөз болып, автор екі жанрды бірлікте қарайды. Монографиялық еңбектегі XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдағы тарихи жырларға қатысты жазылған мақала авторлары, тарихи жырлардың шығу тегі мен дамуына шағын көлемді тарихи өлеңдердің ықпал еткендігін үнемі назарда ұстап отырған. Сондай-ақ, сол тұстағы өмір сүрген, халық басынан кешкен ауыртпалықты көзімен көрген ақын-жыраулар мұрасында тілге тиек етіп, талдау барысында орынды қолданады. Еңбекте тарихи өлеңдерге тікелей қатысы бар, жоғарыдағы аталған Б.Уахатов зерттеуіндегі «Тарихи өлеңдер» тарауы сол қалпында жарияланған [2]. Екіншіден, 1916 жылғы оқиғаларға қатысты М.Жармұхамедов зерттеуінде сол кезеңге қатысты тарихи өлеңдердің көптеген үлгілері талданып, оның тарихи оқиғаға қатыстылығы сараланған. 1982 жылы жарық көрген Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» атты зерттеуінде тарихи жырларға арнайы тарау беріліп, осы тарауда «тарихи өлеңдердің іздеушісі керектігі» түбегейлі зерттелуі туралы мәселе қозғалған еді. Бұл пікірлер дамытылып, әсіресе, «ақтабан шұбырынды» дәуіріне қатысты «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңі туралы пікір талас туындап, тәуелсіздік алғаннан соң де осы мәселе турасында көптеген мақалалар дүниеге келді. 1993 жылы «Қазақтың XVIII ғасырындағы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған тарихи жырлар» жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған Б.С.Рахымов зерттеуінде тарихи жырлардың өз бастауы тарихи өлеңдерден тамыр тартатыны, тарихи өлеңдердің тақырыптық топтасулары туралы мәселелер көтерілді. Өзінің «Тарихи жырлар тағылымы» (1997), «Тарихи эпос табиғаты» (1999) атты еңбектерінде тарихи өлең жанры турасында құнды қорытындылар жасалған.

Қорытындылдай келе, тарихи жырлардың жүйелеуі мен зерттелуі алдағы мақсаттарымызды толықтырай түспек.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы:Ана тілі, 1991. -240 б.
2. Рахымов Б.С. Тарихи эпос табиғаты. –Қарағанды: ҚарМУ басп., 1999. -235 б.

ӘОЖ

С.СМАТАЕВТЫҢ «ЕЛІМ-АЙ»РОМАН-ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Пазылова А.Т. – М1701-11 тобының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье дан этнолингвистический характер ряда топонимов в романе - трилогии С.Сматаева "Елим - ай" и рассказывается о своеобразии науки этнолингвистики.

С.Сматаевтың «Елім-ай» роман-трилогиясындағы топонимдердің этголингвистикалық сипаты болғандықтан, этнолингвистика деп аталатын атауға тоқталып өтейік. Халықтың болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатынан лингвистиканың бір саласы – этнолингвистика туындаған. Этнолингвистика – халықтаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінің тоғысуында пайда болған сала. Ол белгілі бір халыққа тән тілдің өзінде ғана бар мүмкіншіліктері мен байлығын зерттеуді мақсат етеді. Этнолингвистиканың зерттеу объектісі – халықтың тілі яғни «этнос» - халық, «лингвистика» - тіл деген екі атаудан құралып тұр.

Осы орайда Қазақстандағы лингвистика теориясының өзекті мәселелері мен оның болашағына ғылыми баға бере отырып, профессор М.М. Копыленко этнолингвистика саласына ерекше тоқталып, олар келешекте мынандай бағыттарда даму керек дейді:

- этнолингвистиканың концептуалдық аппараты;
- лексикалық зерттеулердің этнолингвистикалық аспектілері;
- фразеологиялық зерттеулердің этнолингвистикалық аспектілері;
- терминологиялық зерттеулердің этнолингвистикалық аспектілері;
- антропонимиканың этнолингвистикалық аспектілері;
- топонимиканың этнолингвистикалық аспектілері;
- лингвонимдердің (әлем тілдері атаулары) теориялық мәсе-лелері. Осында көрсетілгендей этнолингвистика қазіргі таңда жан жақты зерттелу үстінде. Соның ішінде топонимдердің этнолингвистикалық сипаттары жайында зерттеулер көп емес.

Софы Сматаевтың «Елім-ай» роман-трилогиясының бірінші жинағында «Елең-Алаң» деген бірінші бөлімінде Енесей, Манғұлия, Жоңғария, Ертіс, Ордос, Амдо, Көкнор (Кукунор), Бұқар, Түркістан, Ташкент, Жетісу, Алатау, Москва, Сібір, Есіл, Зайсан, Қорғалжын, Тара, Еділ, Жайық, Ресей, Тобыл, Бараба, Мәскеу, Томбы, Кузнецк, Астрахань-Әжтархань, Арғанаты, Жомарт, Арғанаты, Шығыс, Батыс деген жер- су аттары кездеседі.

Екінші бөлімі «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деп аталалды. Бұл бөлімде кездесетін топонимдік атауларға мыналар жатады:Күлтөбе, Теректі, Ташкент, Ахангиран, Мәскеу, Ресей, Шығыс, Қазан, Астрахань, Кама жолы, Сібір, Жайық, Атырау, Пермь, Тобыл қаласы, Ертіс, Есіл, Ұлытау, Сарысу, Түркістан, Сырдария сынды топонимдер.

Топонимдер зерттелетін географиялық нысандарына қарай макротопоним, мезотопоним, микротопоним деп бөлінеді. Және топонимдер

іштей бірнеше кластарға жіктеледі . Мәселен көркем шығармадағы, Астионим - қала атауларына келсек: Түркістан, Ташкент, Москва, Тара, Ресей, Томбы, Кузнецк, Ташкент, Атырау, Тобыл, Бұхара.
Ороним яғни тау атаулары: Алатау, Ұлытау, Арғанаты
Потамоним - өзен атауы: Енесей, Ертіс, Еділ, Жайық, Есіл,Тобыл, Өбі, Ахангиран, Сарысу
Лимноним - көл атаулары: Қорғалжын, Көкнор
Комоним яғни ауылдық елді мекен атауы: Жомарт, Теректі
Дромоним - байланысу жолы: Кама жолы, оңтүстік-шығыс
Этнотопоним - этнонимдерінің қатысымен қалыптасқан жер-су аттары: Күлтөбе
Хороним - кез- келген территория, аймақ, облыс атауы: Шығыс Манғұлия
Макротопоним - ірі физикалық- географиялық объектілер: Сарыарқа

Ендігі кезекте жоғарыда көрсетілген топонимдердің бірқатарына этнолингвистикалық тұрғыдан сипаттамасына тоқталайық. Мәселен: **Алатау** - Қазақстан мен Орта Азиядағы , Сібірдегі, бірқатар биік тау жоталарының (Іле Алатауы, Күнгей Алатаудың, Терiскей Алатаудың, Талас Алатауының, Қырғыз Алатауының және Кузнецк Алатауының) жалпы аты. Қазіргі Алатау терминінің өз алдына оронимдік мәні жоқ ол тек тау жоталарын бір-бірінен ажыратып тануда анықтауыштық тұлға ретінде ғана қолданылады. Ал бұл атаудағы **ала** сөзінің төркіні ақтылы-көктілі дейтіндей түспен ешқандай байланысы жоқ, ол - ұлы немесе тіпті, одан да көнелеу **оло** тұлғасындағы мәнге жақындайды деуге болады [4, 37 б.].

Ұлытау – Сарыарқа жерінің оңтүстік – батыс шетіндегі ұсақ шоқылы аласа таулардан құралған кең өлкенің аты. Орташа биіктігі 400-600 метр , ең биік жері 1134 метрге көтеріліп жатады. Бұл өңір – қазақ халқының көне замандардан бергі бастан кешкен саяси – әлеуметтік, мәдени өмірінің куәгері. Мұнда Шыңғысхан, Алашхан, Жошыхан, Ақсақ Темір, қазақтың қара қылды қақ жарған үш биі – Төле, Қазыбек, Әйтекелердің, Едіге, Тоқтасын сынды т.б. тарихи тұлғалардың есімдеріне байланысты ескерткіштер сақталған [4, 39 б.].

Күлтөбе – Жоңғар шапқыншылығы заманында үш жүздің игі жақсылары, батыр, билері бас қосатын қазақ жерінің Шымкент тұсындағы тарихи орны. Күл (арғы мәні – «мұнара») және төбе сөздерінен қалыптасып «мұнарлы төбе» мағынасын білдіретін атау. «Күлтөбенің басында күнде кеңес болғанда» Орта жүз қазақтарының патша отарлауына қарсы Абылай хан бастағанн наразылық әрекеттерін талқылауға арналған 1760 жылдары дүркін-дүркін өтіп тұрған ұлы жиындар тарихта осылай аталған. Ол жиынға үш жүздің атақты батырлары мен билері, сұлтандары мен төрелері түгел шақырылатын (Мерғали Ыбырайұлы – «Үш анық», тамыз, 1991ж.)

«Күлтөбенің басында күнде жиын\ кеңес» - «Есім ханның ескі жолы» деп аталған бітім-биліктің кейбір кем қалған жолдарын жөндеп, түзеткен әз Тәуке ханның «Жеті жарғысын» талқылау үшін билердің, жақсы-жайсаңдардың күнде жиналып бас қосуына байланысты айтылған сөз [4,43 б.].

Біз жоғарыда дәл осылай С.Сматаевтің «Елім-ай» роман-трилогиясындағы бірнеше топонимдік атауларға этнолингистикалық тұрғыдан сипаттама беріп өттік. Осыған байланысты осындай ірбір атаудың өзіндік шығу семантикасы, пайда болу ерекшелігі болады.

Ойымды қорытындылай келе, этнолингвистика бұл – ұлттық код. Яғни әр этностың, әр халықтың басқа халықтық дүниетанымына ұқсамайтын тек өзіне ғана тән, дара, қайталанбас ерекшелігі болады және бұл ұлттық кодқа келіп тіреледі. Және этнолингистиканы топонимдік тұрғыдан зерттеу әлі де сыры көп ғылым саласы соның бірі осы мақалаға негіз болған Софы Қалыбекұлы Сматаевтың «Елім-ай» роман-трилогиясындағы топонимдердің этголингистикалық сипатын ашу өте күрделі мәселе деп айтсақ болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елім деп еміну үшін де ерлік керек — «Қазақ үні», 28.06.2011.
2. Софы Сматаев туралы — «Ақтөбе», 22.06.2016.
3. Копыленко М.М. Общее языкознание, социолингвистика, психолин-гвистика в Республике Казахстан: Тенденции и перспективы развития // Вестник КазГУМО и МЯ. – Алматы, 2000. – №1. – с. 40-44.
4. Әбдуәли Қайдар (Қазақтар ана тілі әлемінде, этголингвистикалық сөздік, 3 том. Табиғат, Алматы:Сардар, 2013.- 608 бет).

УДК 821.512.122

THE FIRST TEACHER OF THE STEPPE

Абдуллаева Айгуль Полатовна - магистрант группы 1703-81
Научный руководитель: Досбенбетова Анара Шаймахановна
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Бұл мақала Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының әсерін көрсетеді. Қазақстандық білім беруді қалыптастыруға. Негізгі кезеңдер қарастырылған ұлы Қазақстанның Педагогикалық және шығармашылық белсенділігі. Қолжазбатамаша ұстаз, оның адамдарға деген сүйіспеншілігі және оның болашағы туралы көзқарасымемлекеттік білім беруді көптеген қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қоса алғанда, қазіргі заманғы оқулықтар.

Looking through the pages of essays, reports, letters and well-known works of Ibrai Altynsarin who stood at the origins of the Kazakh written literature and literary language we come across with the words "Education" and "Literacy". And still they are relevant in the XXI century. That time the main place in teaching was given to Natural Science and the Russian language. The evolution of man and humanity has passed a long and thorny path. XX century was a century of revolutions, wars and space. To the traveled path of educational scientists for the past centuries we add Ibrai Altynzarin who was a public figure, an ethnographer, a writer and a citizen of the Great Steppe.

The program article of the first president of Kazakhstan N.Nazarbayev "Seven faces of the Great Steppe" [1], as well as the program "Rukhani Zhangiru"

("View to the Future: Modernization of Public Consciousness") [2] only adds a source of searching for many historical issues. What will we leave descendants? What historical facts? What historical heritage should be learned to re-read works, letters of famous education figures of science, history like Ibrai Altynsarin, Abai Kunabayev, Al Farabi, whose significant dates were noted quite recently with the public of Kazakhstan and the whole world in 2020. Their works should be kept for descendants. The legacy of ancestors makes us understand that the past is a chance to survive and continue humanity.

Let's consider the educational activities of Ibrai Altynsarin that took part in1879. That time he was appointed a school inspector of the Trugay region. In 1881-1882 he opened two-year-class Russian-Kazakh schools in all four counties of the region. It is only possible to wonder and admire the courage of a person who for decades sought for improving education for the Kazakhs.

Ibray Altynsarin was born on November 2, 1841 in Arakaragay of the Nikolaev district of the Trugay region. Having lost his father at an early age, he was brought up in the family of the father's elder brother Balkozha. Since childhood, he manifested a strong craving for knowledge and self-education, often communicated with an educated part of Russian society. In 1850, he went to the boarding school under the Orenburg Border Commission. During the years of study, in Orenburg, he got acquainted with the scholar-orientalist V.V. Grigoriev. He finished the school in 1857 with a gold medal. Then, for three years he worked as a writer for his grandfather Balkozha. Altynsarin worked as a translator in the Orenburg regional board for some time where he met Ilminsky N.I. In 1860, the regional rule commissioned him to open a school for Kazakh children in the city of Turgay, in which he was appointed a Russian teacher. In 1861, he worked as a teacher at the Turgay school. In 1864 Ibrai Altynsarin established the first folk school.

Altynzarin was assigned a rank of statistical advisor. For some time, I. Altynsarin also worked in the Turgay District Hall as a clerk performed the duties of the senior assistant of the county chief.

From 1879 to the end of the life he was an inspector of Kazakh schools in the Turgay region.

In 1883, Altynsarin moved to Nikolaev (Kustanay) County. He built a house which was three kilometers far from the city of Kostany, on the bending of the Tobol River, on the island, where there was a small lake, which was subsequently called the "Inspector". There Ibray Altynsarin lived and worked until the death. He died on July 17 (July 29) 1889 and was buried not far from his house on the bank of Tobol near the grave of his father. https://ru.wikipedia.org/wiki/Ibriy_altynsarin [3]

The Grand Enlightener laid the beginning of female education. At the end of October, 1888 Altynsarin opened the first boarding school for the training of Kazakh women in the Kazakh steppe, in the city of Irgiz.

The teacher not only opened the secular folk schools, but also developed the didactic principles of learning and education for them, created educational and methodological aids. Natural Science, the Russian and Kazakh languages were given the main place in teaching. The moral education was an important part of program

which was aimed to instill a sense of humanity, honest attitudes towards labor and love to homeland.

I. Altynzarin also owned the initiative to create periodic printing in the region. He was a fighter for the progressive development of his native people, for the distribution of the democratic culture of the Russian people in Kazakhstan, for the friendship of the Russian and Kazakh peoples.

Ibray Altynsarin, forgetting about fatigue and health problems, still strived for leaving a storehouse of documents for descendants ,which could be a strategic plan for the development of the formation of Kazakhstan education in XXI century. By the way, the other day in the media of Kazakhstan there was information that the Ministry of Education and Science is prepared for the discussion of the State Program for the Development of Education of Kazakhstan. And in those years, Ibrai Altynsarin attached the exceptional importance of training of the indigenous population necessary for the economic development of the region. And yet he contributed to the opening of craft and agricultural schools.

The story of Kipchak Seitkul tells how the entrepreneurship developed in the Kazakh land and how it raised the well-being of the people. If we speak in the language of the modern economy, Seitkul opened the first joint-stock company, learned the patterns of the market and achieved good results in entrepreneurship.

The method of organizing the economy of Seitkul can be compared with modern entrepreneurship, and the joint stock company and space with the modern free economic territory [9, p.52].

Thus, the socio-economic, spiritual and moral ideas of the society contained in the works of Ibrai Altynsarin go along with the modern requirements.

Today, spiritual and moral culture of both society as a whole and a separate person, acts as a prerequisite and guarantee of success of each citizen of the republic in professional and social activities, the prerequisite for its entry into the world of educational space and in the global economy.

Under these conditions, the formation and special type of personality - a young man is characterized by such moral principles as hard work, decency, justice, human dignity and nobility. If these qualities are not manifested in young people, the civilized market relations are doomed to failure [10, p.28].

Consequently, the upbringing of high spiritual and moral qualities becomes an indispensable condition for the preparation of business people who can revive and develop the economy. It will lead to the formation of a new social type of personality, who combines ideological culture, citizenship, businesslike and creative personality.

Own life experience, historical documents stored in the archives of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, in selected writings, prove to how much the process of creative evolution of the enlightener was fruitful. And they give the right to argue that I. Altynsarin was entirely absorbed by the education of the younger generation for the prosperity of the state and statehood in the future.

Reference:

1. Назарбаев Н. «Семь граней Великой Степи». Опубликована 21 ноября 2018 года. https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press__conferences/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi.
2. Назарбаев Н. Программа «Рухани жаңғыру». Опубликована 12 апреля 2017 года. https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
3. https://ru.wikipedia.org/wiki/Ибрай_Алтынсарин
4. Алтынсарин И. Собрание сочинений. В трех томах. Том II. Алма-Ата, «Наука» КазССР, - 1976, - С.221-239 .
5. Алтынсарин И. Собрание сочинений. В трех томах. Том II. Алма-Ата, «Наука» КазССР, - 1976, - С.239-254 .
6. Алтынсарин И. Собрание сочинений. В трех томах. Том III.Алма-Ата, «Наука» КазССР, - 1976, - С.30.
7. Алтынсарин И. Собрание сочинений. В трех томах. Том III.Алма-Ата, «Наука» КазССР, - 1976, - С.31
8. Алтынсарин И. Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. Алматы: Жазушы, 1988. – 321 б.
9. Кабдиев Д. К. Развитие экономической мысли в Казахстане: конец XIX – нач. XXв. – Алма-Ата: Казахстан, 1978. –192 с.
10. Досбенбетова А.Ш. Вопросы экономического воспитания в произведениях Ибрая Алтынсарина //Құзыретті педагог.-№1, 2021.-С.25-28

ӘОЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ЕКІНШІ ТІЛДІ ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Байтанаева-Молдалиева Д.Ә.- ф.ғ.к., доцент,
Молданова Ж.І. – магистр-аға оқытушы
ОҚМПИ, Шымкент

Резюме

В данной статье освещаются принципы и методы обучени второму языку в школах с неказахским языком обучения

Қазақ тілін оқытпайтын мектептерде түрлі ұлт өкілдері оқиды. Бұл мектептерде оқу оқушылардың ана тілінде, яғни орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік т.б. тілдерде жүргізіледі. Ал мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін оқыту екінші тілді оқыту принциптері мен әдістемесі негізінде жүргізіледі.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде мемлекеттік тілді меңгерту Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова т.б. авторлығымен жасалған негізгі және орта деңгейге арналған 5-9 сыныптың «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы негізінде жүргізіледі [1].

5-9 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы – «қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгертуді қамтамасыз ететін; қазақша сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) бастапқы деңгейде іс жүзіне асыратын; оқушының түсінікті сөйлеу дағдысы мен сауатты жазу дағдысын қалыптастыратын білім мазмұнын, көлемін, мөлшерін, оқу жүктемесін

қамтитын, білім, білік, дағды деңгейлеріне байланысты тақырыптық аяларды, дидактикалық ұстанымдарды; оқушылардың білімі мен білігіне қойылатын талаптарды анықтайтын нормативтік құжат», - делінген типтік бағдарламада [1].

Бұл бағдарламаны жасауда қазақ тілді емес мектептерде тілдерді оқыту ерекшелігі ескеріліп, тілдерді оқытудың Еуропалық жүйесіне сәйкестендірілген. Бағдарламаның ерекшелігі: тілдік бірліктердің екі деңгейде берілуінде, білім беруде дара тұлғаға бағдарлау ұстанымына сәйкес іске асырылуында; білімді игере алмаған оқушы бейімдеу, дамыту ұстанымдарының негізінде келесі сатыда білімді алуына мүмкіндік жасалуында. Бағдарлама келесі ұстанымдарды басшылыққа алады: үздіксіз әрекетшілік негіздегі, пәнаралық интеграция, түсініктілік, тұлғалық жетістіктерін ескеру және шығармашылық ұстанымдары.

Сонымен бірге типтік бағдарлама келесі әдістерді басшылыққа алуды ұсынады.

1. **Оқушылардың қатысымдық әдісі.** Бұл әдіс – негізгі және күнделікті өмірде тілді үйретуді жүзеге асыру мақсатында сабақты практикалық жағынан қамтамасыз ететін әдіс.

Бұл әдіс бойынша сөйлесім әрекеттерінің барлық түрлерін меңгерту керек, яғни айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім жұмыстары әр тақырып бойынша өзара байланыста жүргізіледі. Бұл жұмыс ауызша айтылым мен тыңдалым арқылы жүргізілсе, жазбаша жазылым мен оқылым арқылы жүргізіледі. Ал тілдесу жұмысы ауызба-ауыз сөйлесу арқылы іске асады.

2. **Оқытудың ойын әдісі** арқылы оқушылардың тілін дамыту жұмысы іске асырылады. Ойындар рольдік, сюжеттік болып бөлінеді, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.

3. **Дара тұлғаға бағдарланған оқыту әдісі** бойынша оқушының жеке бас ерекшелігі ескеріліп, оқушының алғашқы қадамынан бастап біліктілік пен білімнің даму жолын қалыптастырады.

Дара тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы бойынша қазақ тілін оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдауда келесі талап қойылады:

- диалогтік, полилогтік;
- әрекеттік-шығармашылық сипатының болуы;
- оқушының жеке басы дамуына сәйкестігі;
- оқушының өздік және шығармашылық әрекеттерінің дамытылуы.

Аталған технологиялар екі түрлі жолмен іске асырылады:

1) сыныпты «мықты-орташа-әлсіз» топтарға бөлу;

2) оқушылардың жеке бас қабілеттеріне сәйкес өзіндік траекторияларын құрып, әр оқушының жеке білім траекторияларын таңдау, мазмұн мен көлемі әр түрлі оқу материалдарын іріктеу.

Филология ғылымының докторы, профессор Ф.Оразбаева: «Оқушы тілін дамыту ауызша және жазбаша жүргізіледі. Тілді оқытуда бұл екі бағыт қатар байланыста іске асырылады. Қазақ тілін оқытудың алғашқы кезеңінде ауызша тіл дамыту басымырақ болады. Сөйлеу тілі кейінірек жазба тілді дамытуға негіз

болады», - дейді [2]. Демек, қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі сабағы негізінен тіл дамыту бағытында жүргізіледі. Яғни, сөздік қорды байыту; байланыстырып сөйлеуді дамыту; грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуді үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, т.б.

Белгілі ғалым А.Байтұрсынов өзінің «Оқу құралы» деген тұңғыш әліппесінде үш принципті жүзеге асыру жолдарын дәлелдейді [3]. Ол:

1. Сөздердің алдына дыбыс қою (ата-бата, су-асу, асық-қасық).
2. Сөз соңына дыбыс қою (ата-атақ, ау-ауа, бала-балақ).
3. Бір дыбысты өзгерту арқылы тіл дамыту (ара-ала, қыз-құз, құлақ-құрақ).

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде оқушылар өзінің ана тілімен қатар бірінші сыныптан бастап қазақ тілін өте бастайды. Баланың жасы кіші болған сайын, оның тілі екінші тілді игеруге икемді келеді. Сондықтан, бірінші сыныпта, яғни қазақ тілін оқытудың алғашқы сатысында, оқушылардың бұл тілге тән дыбыстардың дұрыс айтуын қалыптастыру керек. Бұл кезеңде оқушылар дыбыстардың жеке, сөз ішінде және сөйлем ішінде айтылуын үйренеді.

Қазақ тілін оқытпайтын мектептерде өтілетін қазақ тілі сабағы негізінен үлкен екі тақырыпты қамтиды: лексикалық тақырып және грамматикалық тақырып. Лексикалық тақырыптар бойынша жұмыстар (мәтінмен, жеке сөзбен) жүргізіледі де, ал грамматикалық тақырып лексикалық материалдарды игерту барысында түсіндіріледі.

Алдымен дексикалық тақырып бойынша сөз, сөйлеу үлгілері үйретіліп, мәтінмен жұмыс жүргізіледі. Ал сөздер жеке тұрғанда тек заттың атын ғана білдіреді. Оқушы тек грамматиканы игеру арқылы, яғни сөз бен сөздің байланысын, түрлі грамматикалық заңдылықтарды түсіну арқылы мәтіннің мағынасын игереді. Сондықтан қазақ тілі сабағы мәтін сабағы не грамматика, оқу сабағы емес, бұл екеуін де қамтитын тұтас тіл дамыту сабағы болып есептеледі [4].

Қазақ тілін оқыту жұмысының дұрыс жолға қойылуы мұғалімнен шеберлікті, ізденуді талап етеді. Оқытушы қауым тілдің әдістемелік жолдарын игеру мақсатында озат мұғалімдердің іс-тәжірибесіне сүйеніп, оқытудың жұмыс түрлерін өз бетінше зерттейді.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілінен мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Олар:

1. Диалогті сөйлеуге үйрету.
2. Сөздікпен жұмыс істеу, аударма жұмысы.
3. Суретпен жұмыс істеу.
4. Мәтінмен жұмыс істеу.
5. Монологті сөйлеуге үйрету.
6. Сөйлеу, сөйлем модельдерін үйрету.
7. Сөзді не сөйлемді толықтыру арқылы грамматиканы игеру.
8. Сөйлемнің түрлерін түсіндіруде кеспе қағаздарымен, суретпен жұмыс істеу.
9. Грамматикалық жаттығуларды орындау.

10. Әдепті сөйлеу үлгілерін үйрету

11. Сын жұмыстарын жүргізу

12. Сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу

Сабақтың әдістемелік дұрыс өтуіне негізгі арқау мәтінмен жұмыс істеу болып табылады. Олар бағдарлама бойынша берілген тақырыптарға сай таңдалады. Талапқа сай болмаған жағдайда мұғалімдер өздері дайындайды. Алынған мәтін бойынша жұмыс келесі тәртіппен жүргізіледі:

1. Кіріспе әңгіме.

2. Мәтіннің оқу үлгісін көрсету.

3. Сөздік жұмысын жүргізу.

4. Мәтіннің мазмұнын игерту.

5. Мәтін бойынша тіл ұстарту.

Келесі кезектегі жұмыс мәтін материалын түсіндіруде теориялық ережелерді пайдалану, мәтіннен грамматикалық тақырыпқа сай жалғау мен жұрнақтарды, септіктің түрлерін, етістіктің шақ формаларын, не болмаса басқа грамматикалық формаларды табу, түсіндіру, олармен жеке сөйлем құрастыру, т.б. жүргізіледі [4].

Сонымен, әрбір лексикалық тақырыптарға алынған түрлі мәтіндер бойынша мұғалім оқушылармен көптеген тіл дамыту жұмыстарын жүргізеді. Олар: сөздікті игеру, мәтінді аудару, мазмұнын айту, диалог, монолог құру, мәтін бойынша грамматикалық тапсырма орындау; жазба жұмыстарын орындау; рольдік ойындар ұйымдастыру т.б. Мысалы өтілген грамматикалық тақырыпты пысықтауда мұғалім түрлі жазба жұмыстарын жүргізеді. Жазба жұмыстары арқылы оқушылар ойды байланыстырып құрастыруға, сөздерді дұрыс айтып дағдылануға үйренді. Олар:

- тірек сөздермен сөйлем құрау
- сұраққа жауап беру
- үлгі бойынша сөйлем құрастыру
- көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жазукөп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазу
- суреттер бойынша сөйлем құрастыру
- берілген сөз тіркестерімен сөйлем құру
- орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға аудару, т.б.

Мұғалім сабақта білім берумен қатар тәрбиелік жұмысты да жүргізеді. Оқушылардың эстетикалық рухани сезімдерінің қалыптасып, дүниетанымының кеңеюіне жол ашады. Алынған материалдардың құндылығына, тәрбиелік маңызына назар аударады. Мәтіндер қазақ халқының өмірінен, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрыптарынан алынады. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілінен білім беру жұмысы тек берілген сағат мөлшерінде жүргізілмей, оқушыларға сабақтан тыс уақытта қазақ тілін қатынас құралы ретінде пайдалануға жол ашу үшін тілдік орта ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Қазақ тілі сабағы сабақтан тыс уақытта пән мұғалімнің басшылығымен ұйымдастырылған үйірме жұмыстарында жалғасын табуы керек. Әрбір мұғалім өзі сабақ беретін сыныптарда міндетті түрде үйірме жұмысына жетекшілік

етеді. Онда оқушылар қазақ халқының өнері мен мәдениетінен, салт-дәстүрінен жан-жақты білім алумен қатар рухани байлыққа ие болады. Тілге деген құрмет арттырады.

Белгілі ғалымдар Н.Оралбаева, Н.Жақсылықова «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» деген еңбегінде [5] келесі әдіс түрлерін ұсынады: баяндау әдісі, түсіндіру әдісі, оқушыларды ойландыру әдісі, жалқылау, жалпылау әдістері, әңгімелеу әдісі, еліктеу әдісі, жаттықтыру әдісі, оқушының ана тілі материалын пайдалану әдісі, техникалық құралды пайдалану әдісі.

Ешбір сабақ жалғыз бір әдіспен жүргізілмейді. Аталған әдістің барлық түрлері сабақта бір-бірімен байланыста, бірін-бірі толықтырыла сабақ мақсатына сай қолданылады. Тіл мамандарының міндеті бұл әдістерді санына қарай емес, сапасына қарай қиыстырып, сабақта ұтымды пайдалану арқылы білімді меңгерту болып табылады.

К.Ы.Сариева, А.Қ.Рауандина, Ж.Д.Адамбаева т.б. «Қазақ тілі» оқу пәні орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде оқытатын мектептерге арналған бағдарламасында оқушылардың бұл пән арқылы қазақ тілінің сөз байлығын, көркемдігі мен әуездігін, сөйлеу мәдениеті мен этикетін, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормалары мен оны қолдануын меңгеруі тиіс делінген.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғамымызда халықтар арасында ізгілік қатынасты, түсіністікті, келісімділікті нығайтуға, оның ұйытқысы болуға қызмет етеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттігін, территория тұтастығын, халықтар достығын, заңын, мемлекеттік рәміздердің құрметтеуге үндей отырып, оқушылар бойында Қазақстандық ұлтжандылық сезімін қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. Оразбаева Ф.Ш., Аяпова Т.Т. т.б. Оқыту қазақ тілінде емес жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілін» оқу бағдарламасы негізгі және орта деңгей. – Астана, 2010. -40 бет
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. -Алматы: Республиканың баспа кабинеті, 2010. -208 бет
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі 1992 33-бет
4. Байтанаева-Молдалиева Д.Ә. Искакова Д. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде мемлекеттік тілді меңгерту жолдары. – Шымкент, 2016
5. Оразбаева Н., Жақсылықова Н. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы: Ана тілі, 1996. -208 бет

УДК 811.63.17

ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ СПОРТИВНОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Бегимбет А. – студент группы 1402-41
Научный руководитель: Арынбаева Р.А. – магистр пед.наук, старший преподаватель
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

ТҮЙІН

Бұл мақала спорттық терминологияның тілдік ерекшеліктеріне арналған. Мақалада көркем гимнастика саласындағы спорттық терминдердің жалпы түсініктері анықталады, терминология саласындағы табиғи өзгерістер қарастырылады, өйткені терминология тіл дамуының қазіргі кезеңіндегі лексиканың ең динамикалық саласы болып табылады. Тікелей немесе ішінара мотивациямен сипатталатын терминологиялық лексиканың кең қабаттары белсенді сөздікке көбірек еніп, тіл ішіндегі сөзжасамдық қатынастардың сипатына әсер етеді.

Для лингвистики изучение терминологической лексики имеет большое значение как с точки зрения отражения в ней современного уровня той или иной науки, логической стройности построения научной системы, так и с позиции пути формирования терминологии, её лингвистического оформления. Исследование состава, структурных особенностей, функционального предназначения терминологических систем способствует решению многих проблем лексикологии, словообразования, грамматики, стилистики.

Цель данной работы заключается в объяснении и разбора лингвистических особенностей спортивной терминологии в русском языке. Методологической основой исследования послужили труды С.И. Кондрашкиной[1], Е.А. Молдатаева[2], материалом – сборники и словарь спортивных терминов[3]. Спорт (от английского sport, сокращение от первоначального старофранцузского desport - “игра”, “ развлечение”) - организованная по определенном правилам деятельность людей (спортсменов), состоящая в сопоставлении их физических и интеллектуальных способностей. Спорт представляет собой специфический род физических и интеллектуальной активности, совершаемой с целью соревнования, а также целенаправленной подготовки к ним путем разминки, тренировки. Спорт - неотъемлемая часть традиции и самосознания народа, так как в спорте чрезвычайно важен человеческий фактор, особое, внимание к конкретной личности. Феномен спорта находится в центре внимание специалистов разных научных направлении, в том числе лингвистов, которых привлекает язык спорта и его терминология. Для спортивной лексики русского языка характерна вариативность формы иноязычного слова, неустойчивость в написании и произношении. Основной тенденцией является появление слов с нехарактерными для русского произношения фонетическими чертами. В процессе фонетико-орфографической адаптации спортивных англицизмов в русском языке их форма стабилизируются, приближаясь к нормам языка-реципиента и отдаляясь от своего иноязычного этимона. Спортивные англицизмы в русском языке осваиваются достаточно быстро. В лексико-семантическом плане полностью освоено большое количество, как ранее заимствованных англицизмов, которые со временем адаптировались к системе русского языка и стали семантически автономными, так и заимствований

последнего десятилетия. В русской спортивной терминологии типична устойчива тенденция к развитию семантической самостоятельности, что противоречит традиционной изолированности термина в лексико-грамматической системе языка, его неконтактности, стремлению к моносемии. Из-за семантической модификации слов приобретает эмоционально-экспрессивную окраску. В процессе интеграции в систему русского языка спортивные англицизмы небывало активно реализуют свои словообразовательные возможности, образуя производные по продуктивным моделям русского языка.

Язык спорта характеризует ряд специфических черт - простота, широкий круг пользователей, динамизм, слабая ограниченность от общелитературной лексики, оценочный характер наименований, наличие значительного числа синонимов и близость к технической терминологии. Самую многочисленную группу составляют узкоспециальные термины, используемые только в определенным видам спорта. Вокруг спортивной терминологии группируются профессионализмы, жаргонизмы и номенклатурные обозначения. Язык спорта можно разделить на основании того, где конкретно спортивные термины употребляются: 1. Общенаучные и межотраслевые термины, а также термины заимствованные из других сфер; 2. Общеспортивные термины (отраслевые) употребляющиеся во всех видах спорта; 3. Узкоотраслевые (межспортивные) термины, функционирующие в двух или более видах спорта; 4. Узкоспециальные термины, встречающиеся только в одном виде спорта.

Художественная гимнастика - вид спорта, заключающийся в выполнении под музыку различных гимнастических и танцевальных упражнении и элементов без предмета, а также с предметами (например: скакалка, обруч, мяч, булавы, лента). Дисциплины: индивидуальные упражнения, многоборье, обруч, мяч, булавы, лента и групповые упражнения. Индивидуальная программа длится полторы минуты, а групповое упражнения длится две с половиной минуты. Художественная гимнастика одна из самых изящных видов спорта. (Сформировалась в 1940 году).

Гимнастическая терминология – это система специальных наименовании (терминов), применяемых для краткого обозначения гимнастических упражнении, общих понятии, названии, снарядов, инвентаря, а также правила образования и применения терминов, условных сокращении и формы записи упражнении. Гимнастическую терминологию следует применять с учетом квалификации занимающихся. Одновременно с изучением нового элемента, гимнаст знакомится с терминами.

Рассмотрим термины художественной гимнастики: 1) Элемент - составная часть упражнения (комбинация). Является отдельным законченным движением или действием определенной структуры. Имеет начало, основу и окончание. происходит от латинского “Elementum – первичная материя, стихия, первоначало”; от французкого “ element – составная часть. 2) Соединение - сочетание двух или более элементов, выполняемых слитно. При этом исполнение одного элемента как правило осложняет исполнение другого.

Упражнение или комбинация – это сочетания отдельных элементов и соединений в определенном порядке для получения единой целостной композиции. Имеет начало, основу и окончание (соскок) определенной трудности. происходит от позднелатинского “Combinatio – соединение, сочетание”; от латинского “ combinaro – соединять, сочетать”. 3) Группировка - согнутое положение тела, (колени к плечам, локти прижаты, захват за голени). Разновидности: лежа, сидя, в приседе, широкая группировка. 4) Мост - дугообразное, максимально прогнутое положение тела с опорой ногами и выведенными вверх руками. Разновидности: мост на коленях, мост на одной руке, мост на одной ноге, мост на предплечьях. 5) Шпагат — сед с предельно разведенными ногами, вытянутыми по одной линии. Разновидности: кольцом, правой, левой, с наклоном, руки вверх наружу. 6) Прыжок — перемещение в полете после отталкивания ногами, происходит от глагола “прыгать”. Разновидности: горизонтальный, перекидной, подбивной. 7) Перескок — прыжок толчком одной ногой с приземлением на другую ногу, от глагола “скакать”. 8) Вальсет — с разбега подскок на одной ноге, поднимая и сгибая другую ногу, используемую как толчковую для последующего выполнения темпового переворота, рондата или сальто, происходит от французского “valse”, от немецкого “walser” - вращение. 9) Твист — жаргонное обозначение для прыжка с поворотом кругом и сальто вперед. 10) Кувырок — вращательное движение тела с последовательной опорой и переворачиванием через голову. Разновидности: вперед, назад, длинный, прогнувшись, прыжком, с одной на одну, с одной ноги, с поворотом, скрестно, согнувшись и др. 11) Переворот — вращательное движение тела с полным переворачиванием (с опорой руками, головой или тем и другим) с одной или двумя фазами полета. Разновидности: переворот в сторону, переворот с головы, переворот на одну ногу и др. Переворот назад — вращательное движение тела назад с опорой на руки. Выполняется также в стойку на руках, на голове и др. 12) Сальто — свободное переворачивание тела в воздухе. Разновидности сальто: вперед, маховое, назад, в сторону, с поворотом, затяжное, темповое. Фляк — термин, используемый в тренировочной практике для обозначения «переворота назад».

Подводя итоги проведенной работы, можно сказать, что терминология – наиболее динамичная сфера лексики на современном этапе развития языка, которая даёт возможность вскрыть продуктивные процессы, происходящие не только в метаязыке, но и в общелитературном языке, поскольку термин не является особым типом лексической единицы и есть только функция, вид её употребления.

Литература:

1. Кондрашкина С.И. Составные спортивные термины в современном русском языке. Северодвинск, 1974.
2. Молдатаев Е.А. Русская и казахская спортивные терминологии. Алматы, 1972.
3. Суслов Ф.П. Толковый словарь спортивных терминов. Москва, 2018.

IDN { 8020+809.434.2}

LINGUISTIC FEATURES OF SPORTS TERMINOLOGY

Begimbet Altynay, student of the group № 1402-41
Scientific supervisor: Baryssova N.T.-senior-teacher,SKSPU, Shymkent

Резюме

Цель данного исследования заключается в объяснении и разборе лингвистических особенностей спортивной гимнастической терминологии.

The language of sports can be divided based on where specifically sports terms are used:

1. General scientific and inter-sectoral terms, as well as terms borrowed from other fields;
2. General sports terms (industry-specific) used in all sports;
3. Narrow-industry (inter-sport) terms functioning in two or more sports;
4. Highly specialized terms found only in one sport.

From a linguistic point of view, the language of sports rarely becomes the object of modern research. In contrast, new publications and various types of encyclopedias devoted to “popular” sports are often published, and which linguists serve the general public. Some linguists believe that the terminology of sports in some industries is not fully developed. Sometimes the language of sports joins not scientific languages, but mixed, transitional languages of socially related groups. Depending on where the language of the sport is used, it can be considered a special or jargon. A typical feature of a special language of sports is a special vocabulary, which includes all the special expressions that exist in certain branches and disciplines of sports.

Rhythmic gymnastics is a sport that consists in performing various gymnastic and dance exercises and elements without an object, as well as with objects (for example: a skipping rope, hoop, ball, clubs, ribbon) to music.

Disciplines: individual exercises, all-around, hoop, ball, clubs, ribbon and group exercises. The individual program lasts one and a half minutes, and the group exercise lasts two and a half minutes. Rhythmic gymnastics is one of the most elegant sports.

Gymnastic terminology is a system of special names (terms) used for the brief designation of gymnastic exercises, general concepts, names, shells, equipment, as well as rules for the formation and application of terms, conditional (installation) abbreviations and forms of recording exercise. Gymnastic terminology should be applied taking into account the qualifications of those involved. Simultaneously with the study of a new element, the gymnast gets acquainted with the terms.

Terms:

The element is an integral part of the exercise (combination). It is a separate completed movement or action of a certain structure. It has a beginning, a base and an ending. A connection is a combination of two or more elements performed together. At the same time, the execution of one element usually complicates the execution of the other. An exercise or combination is a combination of individual elements and compounds in a certain order to obtain a single integral composition. It has a

beginning, a base and an end (a jump) of a certain difficulty. General developmental GDE exercises are accessible exercises for those involved, technically simple elementary movements of the trunk, head, arms, legs or a combination of actions by various parts of the body. GDE have a comprehensive impact on a person.

Acrobatic Exercise terms:

Grouping - bent body position, (knees to shoulders, elbows pressed, grip on the shins). Varieties: lying, sitting, squatting, wide grouping.

The bridge is an arched, maximally bent body position with legs supported and arms extended upwards. Varieties: bridge on the knees, bridge on one arm, bridge on one leg, bridge on the forearms.

Stops - a position with support only on the hands or one hand.

Twine (straight twine) — a saddle with extremely spread legs, stretched out in one line. Varieties: ring, right, left, with a tilt, hands up to the outside.

A half—step is a saddle on the heel of a bent leg located in front, the other behind on the floor (on a support), hands to the sides.

Jump — moving in flight after pushing off with your feet (specify if with one foot). Varieties: horizontal, folding, padded. Jump is a jump with a push with one foot and landing on the other leg. A jump is a jump with a push with one foot and landing on it.

A tempo jump (walset) is a run—up jump on one leg, lifting and bending the other leg, used as a push for the subsequent execution of a tempo flip, rondata or somersault.

Tempo jump — a slight bounce on the fly leg, the other bent forward, hands up. It is used as a link in jumping acrobatics.

Twist is a slang term for a jump with a circle turn and a forward flip.

Coups Somersault is a rotational movement of the body with sequential support and turning over the head. Varieties: forward, backward, long, bent, jumping, from one to one, with one leg, with a turn, crosswise, bent, etc.

A flip is a rotational movement of the body with a complete flip (with the support of the arms, head, or both) with one or two phases of flight. Varieties: flip to the side, flip from the head, flip on one leg, etc.

Back flip is a rotational movement of the body backwards with the support of the hands. It is also performed in a handstand, on the head, etc.

Rolling is a rotational movement of the body with a sequential touch of the support without turning over the head. Varieties: forward, backward, to the side, circular, backward bent, back in a stand on the shoulder blades.

Rollover is a rotational movement of the body forward or backward bending over a handstand and a bridge without a flight phase. It is performed from two legs to two, as well as from one leg and with a change of legs.

Rondat is a coup with a turn around and landing on both feet.

Flip — free flipping of the body in the air. Types of somersaults: forward, flywheel, backward, sideways, with a turn, prolonged, tempo.

Flak (Flick-F.) is a term used in training practice to denote a "back flip".

Half - turns Kurbet — jump back from hands to feet (from a handstand). Lifting with an extension is a jump to your feet, performed from a prone position bent with vigorous extension of the arms and trunk.

Extension rotation — performed by lifting movement with a circle turn at point-blank range lying down (with a 360° rotation is indicated specifically).

Jumping into a handstand is by waving your arms backwards and leaning forward (bending your legs, unless otherwise specified).

Stand in acrobatics

Stand — the vertical position of the body with its feet up. The legs are connected and straight. Varieties: on the head, chest, shoulder blades, forearms, on the hands, one hand, without support by hands.

The handstand can be narrow, wide (the hands are half the width of the shoulders), closed, on one hand.

Balance is a stable standing position on one leg with a tilt and withdrawal of the other leg.

*Equilibrium (*p.):

anterior — by bending forward and pulling the leg back, arms to the side;

lateral — sideways to the supporting leg (with a tilt in its direction), the same hand is brought up, the other hand is behind the back;

high or vertical — the trunk is slightly deflected from the vertical position forward;

posterior — by leaning backwards, with the back to the supporting leg, arms to the sides;

cruciform — by leaning forward and pulling the supporting leg to the side (parallel to the floor); the arm of the same name to the supporting leg is brought to the side, the opposite—named arm is forward parallel to the supporting leg; the same — by leaning forward, the arm of the same name with the supporting leg is brought out forward up, the other hand — back;

Based on the above, I can conclude that the purpose of this report has been achieved, namely the tasks; definitions of the general concept of sports terminology, as well as a separate linguistic analysis of the terms of rhythmic gymnastics.

References:

1. S.I. Kondrashkina's research “Compound sports terms in modern Russian”; Severodvinsk,1974
2. E.A. Moldataev's research “Russian and Kazakh sports terminology”, Almaty,1972
3. “Explanatory Dictionary of sports terms" compiled by F.P. Suslov,Moscow,2018
4. Comparative and comparative studies by R.N. Artemov on the topic: “Russian and German sports sublanguages”,Moscow,1973
5. https://ru.m.wikipedia.org/wiki/

ӘОЖ

Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕР

Жолтай А.Б. – М1701-11 оқу тобының магистранты
Ғылыми кеңесшісі: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье исследуются топонимы, встречающиеся в произведениях писателя Абиша Кекилбаева, и рассматривается их связь с местными особенностями. Были рассмотрены великие произведения автора по искусству казахской земли.

This article explores toponyms found in the works of the writer Abish Kekilbaev and examines their relationship with local features. The great works of the author on the art of the Kazakh land were considered.

Әбіш Кекілбаев шығармашылығының Қазақстан елді-мекендерін оқытуда алатын орны зор. Жазушы шеберлігі Қазақстанның батысынан шығысына дейінгі табиғатты суреттеуде дүниетаным біліктілігінің биіктігін көрсетеді. Әбіш Кекілбаев адам баласын ой мен сезім деп, жүрек пен тән деп екі жармай жаратылыстың гармониялық бірлігінің тамыры екенін дәл айтады.

Оның туған ауылына, туған жерге арналған шығармаларын шын тебіреністен шын шабыттан қуанышпен сағыныштан туған. Әр бір қазақ үшін Әбіш Кекілбаев еңбегінің үлкен тәрбиелік мәні бар.

Әбіш Кекілбев Қазақстан жерін шығарма тілінде сипаттаған жазушы. Маңғыстау! Тұла бойы тұнған құпия-сыр елі, 360 әулие мекені. Оның пұшпағы, әр тасы ертегі, әр төбесі мен сайы аңыз. Оны мекен еткен адамдар да аңыз. Оның жері қандай, жер бетіндегі атаулары қандай!

Шайыр, Мерет, Тамшалы, Өрмелі, Босаға, Сынды, Қаламқас, Шерқала... осылардың бойында, атауында қаншама сыр бар.

Әбіш Кекілбаев «Маңғыстау дариясы – халқының көкірегінде» деген мақаласында: «Маңғыстауға құдай бәрін берген – астына да, үстіне де. Маңғыстау дегенде Құдайдың сарандығы ұстаған бір жері бар. Ол – біздің жерге өзен бермеген. Жұртқа Әмудария, Сырдарияның бәрін бергенде Маңғыстауға манашының Ащыағарынан басқа ештеме қимаған. Бірақ Құдай әділ болған соң ғана Құдай болып тұр ғой деп ойлаймын. Сол жерінің бетіне бермеген дарияны осындағы халықтың көкірегіне берген»,- деген.

Маңғыстау географиялық картасында ойып орын алған, белгілі бір жерде телінген ертегі-аңыздар жеткілікті. Олар: Қарағантүпе-Мерт, Тамшалы, Молда тас, Таушық-Сарытас өңірінде ноғайлы аңыздармен қатар айдаһар мен үлкен жылан туралы аңыздар, Керелдегі Қаламқас ару аңызы, тіпті ең соңы Құлбарақ пен Балуанияз батырлар туралы аңыздар.

Әбіш Кекілбаев Маңғыстаудағы геогрфиялық нақтылыққа ие болған аңыз ертегілерді былай топтастырған:

1) Жер су атауларының мәнін түсіндіретін аңыз ертегілер: Қаламқас, Маната, Манаша, Күйген, Аппақұшқан т.б.

2) Гоеграфиялық обьектілердің, тау, төбе, т.б сипатын түсіндіретін аңыздар: Кендірлідегі Темір баба аңызы. Ерсарының қайрағы және Ерсарыға қатысты әңгімелер. Мерет сұлу аңызы.
3) Нақты мифтік топонимдер: айдаһар мен жыландар ауланды, өлтірілді деліетін Батыс Қаратаудың төңірегіндегі сай үңгірлер.
4) Зираттар мен құдықтарға байланысты аңыздар, бұл ертегі-аңыздардың ең көп бөлігін құрайды.

Маңғыстауда өмір сүрген дені Х-Х1ғ.ғ суфистік дін уағызшылары болған мұсылман әулиешілері туралы және кейінгі қазақтың киелі кісілері туралы аңыздар**.**

Әбіш Кекілбаевтың шығармасында кездесетін топонимдердің аттары мынадай: Қандыарал, Шыңғырлау, Торыат, Сүмбетемір, Қарабұлақ, Ақшағыл, Елік, Құбатау, Қарақобда, Елек, Қызыл-құм, Бөтен тау, Балқан, Хантөркіл, Шөл тау, Айғырбүгілді, Маңғыр, Жыланды, Егізлақ, Қаратүлей, Есенқазақ, Түйелі Жиренқопа, Бестөбе. т.б. топонимдердің денін Маңғыстаудың топографиялық картасынан тауып алуға болады.

Әбіш Кекілбаев 60 жасында Ақтаудағы сөзінде: «Дүниенің кеңдігін ұқтыра алатындай. Жерімнің, азаматтың абзалдығын ұқтыра алатындай, Елімнің барына мақтанып отырмын. Сіздер арқылы күллі Қазақ Елінің, қара орын Маңғыстауым арқылы күллі Қазақ Жерінен айналып отырмын.

Көрер жарығымнын көзі, шығар тауымның асыл тұғыры-қазақ даласының әр тасы – қағбам, әр бұтасы – сәждем екендігіне ешкім күмәндана қоймас»,- деген.

Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында «Қырымның 40 батыры» – дала көшпенділерінің дүниетаным әлемінде Манас, Алпамыс, Козы Көрпеш Баян сұлу, Қорқыт, Көроглы сияқты алып жырлар қатарында тұр. Бірақ оны насихаттау өте төмен деңгейде. Қырымның 40 батырын Маңғыстау жеріне «орнықтырудың» бір жолы, Маңғыстау мен Үстірттің мәдени ескерткіштер мұражай қорына ұқсас немесе қоғамдық ұйым құрып, әр түрлі тақырыптық материал жинақтап, ұлттық, мемлекеттік деңгейде «Қырымның 40 батыры» атты парк ұйымдастыру. 40 батырдың есімдерінің табиғи құбылысқа (Жаңбыршы-жаңбыр), географиялық обьектілердің атауларына (Қарапдөң, Ағыс-Телағыс, Көгіс-Көгез, Құттықия) т.б сәйкес келуі.

Әбіш Кекілбаев өрелі мақсаттарға қол созып, биік мұраттарға бет алған үлкен творчестволық сапар үстіндегі жазушы.

Әбіш Кекілбаев өзінің айтар ой, көтерер мәселесіне материал етіп аңыз әңгімелер таңдауы, біздің пайымдауымызша халықтың арман ойы үміті мен тілегі ұялаған халықтың тарихи тажірибелері жинақталған, оның өн бойында сол белгілі халықтың, ғасырлар бойы қадірлап қастерлеп келген рухы жатыр деп біледі. Сол арқылы Уақыт байланысымен Ұрпақ сабақтастығын орнықтыруды қалайды.

Әдебиеттер:

1. Темірбек Медетбек. «Кемел дарын» «Лениншіл жас» газеті. 1989 ж.
2. Әбіш Кекілбаев. 7 том. 1999ж.

3. Болат Оңғарбаев. «Парасат пен Саясат», «Бірлік» газеті. 1995ж.

ӘОЖ

ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Данаева А.А. – С170119к оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Пазылова А.С. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается семантика и места употребления слов, относящихся к одному из видов обращения.

Оқшау сөздер – тіл білімінде зерттеліп келе жатқан тілдік категория. Қыстырмалар, қаратпалар, одағайлар тілімізде оқшау сөздер мен сөз тіркестері деген категорияны құрайды.

Қаратпа сөздер үндеу амалы ретінде қарыстырылып жүр. Оқшау сөз, сөйлемдер негізгі сөйлемге қатысы, атқаратын қызметіне қарай былай бөлінеді:

1. Үндеу амалы ретінде жұмсалатын оқшау сөздер.
2. Қыстырма сөз, сөйлемдер.
3. Одағай сөздер.

Үндеу – сөйлемнің немесе күрделі синтаксистік тұтастықтың жеке интонациялық және грамматикалық тұрғыдан тәуелсіз компоненті, ол сөйлеудің адресаты болып табылатын адамды немесе затты белгілеуге қызмет етеді. Үндеу әдетте сөйлем мүшелері қызметін атқара алмайды және синтаксистік ағашқа тәуелділіктер мен компоненттерді қамтымайды.

Сөйлеуде үндеу амалдары екі функцияны орындайды, олар әдетте бірге жүзеге асырылады:

апелляциялық (шақыру) функциясы;

экспрессивті (бағалау-сипаттау) функция.

Үндеудің өзіндік апелляциялық функциясы ресми қарым-қатынас салаларына тән.

Екі біріктірілген функцияда апелляция күнделікті өмірде, көркем және көрнекі сөйлеуде қолданылады, бұл тек адресатқа ғана емес, сонымен бірге спикердің көзқарасын да білдіреді.

Қазақ тілінің сөйлеу функциясында үндеу амалдары атау тұлғадағы зат есімде, тәуелді форманың 1-ші, 3-ші жағында көбірек келе береді.

Үндеу амалдары ауызекі сөйлеу тілінде жиі ұшырасады.

А.Байтұрсынұлы қаратпа, қыстырма сөздерді бұратана сөздер деп атап, оларға мынадай баға береді: «Сөйлем мүшелерінен басқа сөйлем маңайында жүретін бұратана сөздер болады. Ол бұратана сөздер екі түрлі. Бір түрі – сөз арасына керек жерінде қыстырыла айтылатын сөздер. Бұлар қыстырма сөздер деп аталады. Қыстырма сөздер сөйлем ішінде басқа сөздермен үйлеспейді, байланыспайды. Алып тастағанда орны ойсырай қоймайды.

Екінші түрі сөз бетін біреуге қарата, қадап сөйлегенде айтылатын сөз. Бұлар қаратпа сөз деп аталады. Бұлар да сөйлем ішінде басқа сөздермен үйлеспейді, байланыспайды» [1, 286].

Қаратпа ретінде жиі жұмсалатын сөздер бар. Олар мыналар:

1. Жалқы есімдер.

2. Туыстық қатысты білдіретін сөздер *(бала, келін, құда,* т. б.).

3. Кісілерді жас, жыныс, әлеуметтік ерекшелігіне қарай атайтын *(батыр, жігіттер,* т. б.) сөздер.

4. Лақап атты білдіретін сөздер *(төрежан, тетелес т.* б.).

5. Қаратпа сөз ретінде тілек істі білдіретін зат есім, сын есім сөздер, эмоцияны білдіретін басқа да сөздер жұмсалады. «*Әй, өркенің өскір, айтар сөзіңді ашып айт. Ит-ау, солай құшақта деппін бе* (Б. М.). *Беу, дарылдақ-ау, зекпірімді жаңылтпашы»* (Б. М.).

6. Одағай сөздер. «*Ау, сен неге жайластың»* (Б. М.).

Қаратпа сөздер анықтауыш, айқындауышты қатыстырып іргесін кеңейте алады. «*Әй, атаңа нәлет байлар, салып едің ылаңды»* (Б. М.).

«*Ауру, әрине, жақсы нәрсе емес. Әзірге, шүкір, жаман емеспіз*. Бұл сөйлемдерге қыстырылып айтылып тұрған қыстырма сөздер «әрине» мен «шүкір «деген сөздер. Бұлар басқа сөздермен үйлесіп, байланысып тұрған жоқ, құр қыстырылып тұр. Оны алып тастағанда, сөйлемге келе қоятын кемшілік жоқ» [1, 286].

«Ең алғаш «одағай» термині Г.В.Архангельскийдің грамматикасында қолданылған. Ш.Ш.Сарыбаевтың пікірінше, одағай термині «о – деген-ай» деген үш сөздің негізінде пайда болған. «О» – одағай, «деген» – есімше /айту, сөйлеу/ әрі «ай» – одағай туғызатын эмоционалды-экспрессивті демеулік шылау. Осындағы «деген» есімшесі көрші жуан дауыстылардың ықпалынан өз формасын өзгерткен» [2, 454].

Одағай – көптеген зертеушілердің назарын ертеден аударған сөз табының бір түрі. Әсіресе одағай синтаксис пен семантика тұрғысында жақсы зерттелген. Тіл білімін зерттеуші ғалымдардың одағай жайлы айтқан пікірлеріне тоқталар болсақ, В.В.Виноградовтың тұжырымдауынша: «Одағай субъектінің эмоционалды реакциясын білдіруге арналған сөйлеу таңбаларының тірі әрі бай қабатын құрайды» [3,74]. Ғалым одағай сөздерді адамның эмоциясын білдіретін таңбалар деп есептейді.

Дәл осылай қазақ тілін зерттеуші ғалымдар да одағайға келіп тірелгенде, оны адамның сезімі, эмоциясымен байланыстырады. Мәселен, Ә.Н. Нұрмаханова: «Одағай категориясы негізінен кісінің көңіл-күйін, сезімін білдіру үшін қолданылады» десе [4, 126], З.Д.Туебекова: «Одағай – адамның тек эмоциясын білдіретін, лексикалық мағынасы мен номинативті қызметі жоқ сөздер» деп, одағай сөздердің эмоцияналдығымен қатар, олардың лексикалық мағына мен номинативті қызметке ие бола алмайтындығын да атап өтеді [5, 23]. Р.Р.Хасамудинова осы ойды мақұлдап: «Одағай ерекше сөздер ретінде лексикалық мағынаға ие бола алмайды, тек сезімдер мен эмоциялар туралы хабар береді» дейді [6, 108].

Одағайдың синтаксистік табиғаты М.Б.Балақаевтың грамматикасында ғана айтылған [7, 111]. Ол одағайдың жалғыз өзі сөйлем құрай алатынын, бірақ өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайтындығын айтып өтеді. Ғалым

одағайлардың көп мағыналылығын да айқын көрсеткен. Адамның көңіл күйі құбылмалы болғандықтан, одағай сөздердің көпшілігінің мағыналары да құбылмалы ауыспалы, демек, көп мағыналы болып келеді.

М.Б.Балақаевтың жетекшілігімен қазақ тіліндегі одағайлардың қызметін зерттеген Ш.Ш.Сарыбаевтың еңбектеріне тоқталмау мүмкін емес. Ғалым – қазақ тіліндегі одағайлардың зерттелу тарихын, оған тән емлелерді, классификациясын, одағайлардың бір және көп мағыналылығын, олардың дауыс ырғағы /интонация/ мен грамматикалық ерекшеліктерін қамтып, толық зертте у жұмысын жасаған зерттеуші. Мәселен, ол «Одағай – субъектінің әсері, көңіл-күйі, сезімін белгілейтін өзгермейтін сөздер» деген анықтаманы қолдай отырып, сонымен бірге, күнделікті әдет-ғұрып пен сыпайылық формасына қатысты /рақмет!, құп!, қош!, хайыр!/ сөздерді ескере отырып, айтылған анықтамаға толықтыру енгізіп: «Одағайлар, сонымен қатар, күнделікті қатынастың көпшілік мақұлдаған әдет-ғұрпын анықтайтын сөздер» деп көрсетеді [8, 455].

Сонымен, қазақ тіліндегі оқшау сөздердің зерттелуіне шолу жасау нәтижесінде олардың тек синтаксис пен семантика тұрғысынан ғана зерттелгеніне көз жеткізуге болады.

Оқшау сөздердің жалпы тілдегі алатын орны мен қызметі, олардың семантикасы және стильдік қызметімен байланысты. Сол қызметін атқаруда ол жеке формаларда құралған сөздерге негізделген сөйлеу тәсілдерін керек етеді. Сондай ойды айтудың ең басты тәсілі сөйлем. Жеке сөздер сөйлем құрамында жұмсалу үшін өзара мағыналық әрі грамматикалық байланыста айтылады да, белгілі қарым-қатынасқа енеді. Өйткені бір-бірімен грамматикалық тығыз байланыстағы сөздер тобы ғана біршама тиянақталған ойды, хабарды, ұғымды білдіре алады.

Сөйлемнің мазмұны тек пікір білдірумен шектелмейді. Сөйлем пікірді айтушының түрлі эмоциясын қосып атайтыны белгілі. Мұнымен бірге сөйлемнің мазмұнына тыңдаушыны үндеу, яғни оның назарын сөзге аудару, байланыс жасау да кіреді. Осыған орай К. Бюлер тіл үш түрлі қызмет атқарады дейді, ол қызметтер мыналар: пікірді хабарлау, эмоцияны білдіру, үндеу. Үндеу, сөз жоқ, тілдің қосымша атқаратын қызметі. Тілдің негізгі қызметі – пікірді хабарлау. Үндеу осы пікірді хабарлау, тыңдаушыға жеткізу нәтижелі, анық болу үшін жәрдемдеседі.

Қаратпа сөз сөйлемнің коммуникативтік талабына сай түрліше мағыналық өң алады, сонысына сай лексикалық, грамматикалық, интонациялық түрге ие болды. Ол бірде сөзді қатал, суық, сұсты етіп көрсетуге қызмет етсе, бірде сыпайылықты білдіру үшін қызмет етеді. Мұндайда ол өзіне түрлі демеулік сөздерді үстейді.

Кісі атын білдіретін жалқы есімдер тәуелденіп, қаратпа сөз ретінде жұмсалғанда, сөйлеушінің үстем, өктем, кекетіп сөйлеуін білдіреді.

Қаратпа сөздің осылай жұмсалуы, мына мысалдардан айқын көрінеді.

«Жарайсың, Бейімбетім» деді де, Байболат ұмтылып барып оны арқаға қақты»(С.О.).

«Сүйіндік баласы Асылбек ру жігі бойынша Күнтулермен бірге болса да, кесір іске бармайтын адал адам болған. Абайға өз басы дос. Үйде жатқан момын жан екен. Соған бір күн Жиреншe кеп амандасқанда:

– Аманбысың, Байғызым, тастың арасында тек жатып, түбін ойлап жатырсың ғой, – дейді. Асылбек соған орай:

– Аманбысын, Бәбісегім!– деп мысқылдайд» (М. Ә.).

Тәуелдік жалғаудың бұл тәрізді синтаксистік қызметі бастауыш мүше құрамынан да байқалады. «*Жіліктің майлы басын анадайдан таниды-ау кәрің! – деп Жақып мәз болып қалды»* (Ғ. М.).

Қаратпа сөздер, сөйлем құрамында негізгі қызметке қоса актуализация үшін де жұмсалатыны бар. Бұл әсіресе оның орын тәртібіне байланысты. Қаратпа сөздің орны көп жағдайда сөйлемнің ой екпінін түсіретін мүшесінің жанында болады. Мысалы: «*Тұр, құда, аяғыңды жи. Шалжиып жата бергенше, басыңды көтерсеңші»* (Б. М.).

Осы тәрізді қосымша қызмет жүктелуіне байланысты бір сөйлемде бір емес, екі қаратпа сөз қатар қолданылатын жағдайларда кездеседі.

Сонымен қаратпа сөздер көркем мәтінде дербес түрде немесе қатар келуі нәтижесінде түрлі семантикалық сипатта қолданылады. Семантикалық сипатындағы ерекшеліктер олардың стильдік мақсаттағы қолданысымен де байланысты болып келеді.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992
2. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, 2000
3. Виноградов В.В. Русский язык. – М.- Л., 1978
4. Нұрмаханова Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1971
5. Туебекова З.Д. Междометия как часть речи //Известия АН Каз ССР. Серия филологическая. -1983.
6. Хасамудинова Р.Р. Междометие как коммуникативный сигнал не расчлененного типа // Вестник КазНУ. Серия филологическая №5.
7. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1971
8. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, 2000

ӘОЖ

ҚАЙТАЛАУ АМАЛДАРЫНЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Мырзабай С. – 11748 оқу тобының студенті

Ғылыми жетекші: Пазылова А.С. – аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается характер и стилистическая функция повторов в казахском языке, их языковая и словообразовательная система.

Қайталану – тілде көне дәуірлерде пайда болған құбылыс. Алғаш оған назар аударған көне дәуір философтары болды.

Қайталау – әлемдік тілдердің барлығында дерлік кездесетін, кеңінен қолданылатын тілдік құбылыс болып саналады. Бұл құбылыс түркі тілдеріне де,

соның ішінде қазақ тіліне де тән. Түркі тілдеріндегі қайталамалар да көне дәуірлерде қалыптасқан. Қайталаманың қарапайым үлгілерін көне түркі жәдігерлері- «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» ескерткіштері мәтіндерінен кездестіреміз. Мысалы: «Мен едім, жетекшісі де мен едім, Елтеріс қағанға... түрік батыр қағанға» [1, 26]. Олар Орта түркі дәуірі ескерткіштерінде де, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде де мол ұшырасады. Эпостық жырлар мен халықтық жыр- дастандар, толғаулар мен термелер мәтін жолдары да қайталауларға толы. Осының барлығын бір жағынан қайталаулардың даму, жетілу үрдісі деп бағаласақ, екінші жағынан олардың қазақ тіліне, оның ұлттық сипатына тән құбылыс екендігі деп бағалауға болады.

Қайталаулар дами келіп, сөзжасамның тәсіліне айналып, сөз мағынасын түрлендіретін, бір сөз табын екінші бір сөз табына айналдыра алатын тәсіл ретінде де таныла бастады. Бұл- қайталаулардың дамуының жаңа кезеңі. Қайталаулардың сөзжасамдық қасиеті туралы әлімдік тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де біркелкі қамтылған [2, 43].

Тілдің қолданыс аясының кеңеюі, ұлттық әдеби тілдің дамуы қайталаулардың жаңа қызметін- көркемдегіш тәсіл ретінде қолданылу мүмкіншілігін ашып береді. Соның нәтижесінде қайталауды стилистикалық тәсіл ретінде таныла бастады. Қайталаудның бұл түрі парадигматикалық сипаттағы қайталау түрінен түбегейлі ажыратылады. Ең алдымен, стильдік қайталаулар тілдің барлық саласын-фонетика, лексика, грамматика саласын қамтып, мәнін түзу және мәтін дамыту қызметтерін атқарады. Мұның өзі- қайталаулардың өте күрделі құбылыс екендігі белгісі. Қайталаудан басқа тілдегі бір де бір көркемдегіш құрал әрі тілдік, әрі сөз қолданыстық сипатқа ие болып, тілдің ішкі саласының барлық деңгейін қамти алмайды [3, 72].

Қайталаулардың өзіндік жүйе мен құрылымнан тұратындығы, парадигматикалық және синтагмалық қасиеттерге ие болатындығы, тілдің барлық деңгейінде көрініс табатындығы, өз ішінен бірнеше түрге бөлінетіндігі, дыбыстардың, сөздің, сөз тіркесінің, сөйлемнің, микромәтіннің, абзацтың, тіпті мәтіннің қайталанып берілуі арқылы сан түрлі қызмет атқаратындығы, басқа стилистикалық әдіс-тәсілдерден әлдеқайда ауқымды келетіндігі оны лингвостилистикалық категория деп тануға мүмкіншілік береді.

Сөйлем мүшелерінің қайталануы бір сөйлем деңгейіндегі, қатарлас орналасқан жай сөйлемдер лебіндегі, бірыңғай мүшелердегі, құрмалас сөйлемдердегі түрлерге бөлінеді және олардың әрқайсысының құрылымдық ерекшелігі, стильдік қызметі айқындалады. Мысалы, сөйлем мүшелерінің бір сөйлем көлемінде қайталануынан гөрі қатарлас жай сөйлемдерде қайталанып берілуі ерекше көркемдік сипатқа ие болады. Оның үстіне, соңғы түр тиімді қолданылатын құрылымға жатады. Бірыңғай мүшелердегі қайталамалар алшақ ұғымдарды біріктіру, кейде оларды саралау қызметтерінде өнімді қолданылады [4, 61].

Құрмалас сөйлемдер жүйесіндегі сөйлем мүшелерінің қайталануы бірнеше қызмет атқарады. Оларға айтылған ойды дәлелдеу, түсіндіру, нақтылау, кеңейту, қорытындылау қызметтері жатады.

Қайталауда сөйлемдер ерекше стильдік бояуға ие болады. Қайталауда сөйлемдер айтылатын ойға эмоциональды реңк пен экспрессивті бояу беруге, үстеуге ыңғайлы келеді. Қайталама сөйлемдер мәтін құрылымында күрделі тілдік-стильдік табиғатымен ерекшеленеді.

Бір сұраққа жауап беріп, бір ғана қызмет атқарып, бір ғана мүшемен байланысатын екі я одан көп мүшелерді бірыңғай мүшелер дейді. Бірыңғай мүшелер көбінесе тұлғалас болып келеді де, өзара салалас, бірде жалғаулықтар арқылы, бірде жалғаулықсыз дауыс ырғағымен байланысып, бір ғана мүшеге қатысты болады.

Сөйлемнің барлық мүшесі де: бастауыш та, баяндауыш та, толықтауыш та, анықтауыш та, пысықтауыш та сөйлемнің бірыңғай мүшелер бола алады. Бірыңғай мүшелер жалғаулықтар арқылы байланысқанда, қай жалғаулықты сөз арасында пайдалану стильдік тұрғыдан дұрыс екендігін ескеру керек.

Әр аяқталған тиянақты ойды білдіретін сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, лингвостилистикасы ерекше болатындықтан,сөйлемдегі стильдік ерекшелікті қалыптастырады. Сөйлем мүшелерінің сөйлемде орналасу, орын ауысу тәртібі қалай болатынын дұрыс аңғару тілдік норма талаптарына сай жүргізіледі. Тілдік ярустардың стилистикалық қабілеті бұл мәселеге қатысты да ерекше.

Қорыта айтқанда, көркем шығарманы талдауда автор, кейіпкер және оқырман үштағаны бойынша автордың кейіпкерді суреттеуі мен оның аузына сөз салуы, тұрмыс-тіршілігін сипаттауы, оған тән әрекеттер мен жағдайлардағы сипаты арқылы өзінің доминант ұғым әрі тұлға екендігін танытады. «Мәтіннің түзілісінде стилистикалық ерекшеліктер мен прагматикалық мақсат қатар тұрады. Адресанттан алынған мәтіннің толық табиғаты адресаттың да ақыл-ойына қозғау салады, жан-дүниесіне әсер етіп реакциясын тудырып, оның көзқарасының, пікірінің, сана-сезімінің өзгеруіне ықпал етеді» [5, 23]. Кейіпкерлер психологиясы, оқырман психологиясы, оқырманның шығарманы қабылдауы, ұлттық танымның шығармадағы көрінісі, ұлтымыздың, еліміздің тарихы, қоғамға, өмірге, саясатқа, табиғатқа қатысты қандай да бір маңызды мәселелердің барлығы автордың көкейінде болуы – шарттылық. Сонда ғана автор үштағанды байланысты ұстап тұратын шығарманың антропоөзегіне айналады.

Қорыта айтқанда, тіл дамуының әр кезеңінде ұлттық сөздік құрам көлемі мен мөлшері әртүрлі деңгейде болады, нақтырақ айтсақ ол, бір жағынан, жаңа ресурстармен толығып жатса, екінші жағынан, кеміп, азайып жатады. Мұны бақылап, реттеп отыру мүмкін емес. Оны сол тұста жарыққа шыққан дереккөздердің материалын сұрыптау арқылы анықтауға болады. Біз үшін маңыздысы – осындай көркем туындыларда қолданылған тілдік деректер арқылы оларда қатталып қалатын сол кезеңдегі тіл ұстанушының сарасанасында нық орын тебетін ғаламның концептуалды бейнесін жаңғырту мүмкіндігі. Осыған қол жеткізген сәтте қаламгерлеріміздің білімдер жүйесіндегі маңызды ақпараттың кілтін де иемденеміз. Демек, уақыт өткен сайын ескірмей, көмескіленбей, қайта жарқырай түсетін сөз асылына жақындай

түсеміз. Бұл тұтас этнос ретінде өзімізді де тани түсуге септігін тигізеді. Осындай ұрпақ пен ұрпақтың арасын уақыт өткен сайын жақындата түсетін қасиет – адамзатқа берілген сандаған игіліктердің ішіндегі киелісі Сөзге дарытылған! Заманымыздың біртуар тұлғасы А. Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады...» деген даналығын ескере отырып, сөз зергерлерінің көркем туындыларын зерттеп, зерделеудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. М.Балақаев, Е.Жанпейісов Қазақ тілінің стилистикасы Алматы, 2005
2. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1994
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, Сөзжасам, Морфология, Синтаксис. Астана, 2002
4. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.
5. Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. -Алматы, 2007
6. Қожахметова Ф. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 28 б.

ӘОЖ

КҮРДЕЛІ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Мырзахан М. – 11748 оқу тобының студенті

Ғылыми жетекші: Пазылова А.С. – аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Несмотря на то, что изучение характерных черт сложных выражений не остается незамеченным исследователями на протяжении многих веков, все же есть много моментов, которые необходимо изучить на сегодняшний день. В статье рассматриваются некоторые проблемы в данном направлении, опубликованы ценные исследования, которые послужили основой для развития сложных словосочетаний в казахской лингвистике, изучения других их аспектов.

Грамматиканың синтаксис саласындағы басты мәселесінің бірі – сөз тіркесінің табиғатын зерттеу. Өйткені сөздер бір-бірімен байланысып барып қана сөйлем құрамына енеді, адам ойын білдіру құралына айналады. Сондықтан да сөз тіркесін, оның құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін білмей тұрып, сөздердің тіркесу қабілеттілігі мен оларды байланыстыратын тәсілдерді анықтамай тұрып сөздер мен сөйлемдер синтаксисі жайында күрделі мәселелерді түсіну мүмкін емес.

«Сөз тіркесі – табиғи құбылыс. Олардың жасалуы ғасырлар бойы қалыптасқан тілдің ішкі заңдылықтарына негізделген. Сөздің басқа бір сөзбен тіркесіп белгілі бір номинативтік мәнге ие болуы, ең алдымен, оның лексика-грамматикалық мүмкіндігінен туады. Тіл құрамында болдып отыратын әр түрлі өзгерістердің салдарынан жаңа сөз пайда болуымен байланысты жеке сөздің қолданылуының кеңеюі не тарылуына сәйкес сөздердің тіркес құрау қабілеті де белгілі бір өзгерістерге ұшырап отырады. Соған лайық бір дәуірде қолданыста болмаған тіркестер тілдің екінші бір дәуірінде жиі кездесетін болады» [1,3].

Сөз тіркесін өзге құбылыстардан ажыратуға негіз болатын бірнеше белгілер бар, соның ішінде ең негізгісі — бағыныңқы, басыңқылық қасиет. Осы тұрғыдан предикативтілік қатынас негізінде жасалған тіркестерді сөз

тіркестерінің қатарына жатқызамыз ба деген сұраққа тіл мамандары осы уақытқа дейін әр түрлі жауап беріп келеді. Бұл жайында О.С.Ахманова былай дейді: «Байланыстың негізгі үш түрі — атрибутивті, комплективті және предикативті түрлерінің ішінен біріншісі әркашан да сөз тіркесін тудырады: байланыстың екінші түрі өздерінің тығыз байланысты формаларында ғана сөз тіркесін туғызады, үшіншісі оны (сөз тіркесін) ешқашан да тудыра алмайды» [2, 454-455].

Осы сөздердің қолданылуының кеңеюі не тарылуына сәйкес сөз тіркестерінің сыңарларының тіркесу қабілеттілігі де өзгеріске ұшырайды. Соған байланысты кейбір сөздер тіркесіп келіп, мағыналары тарылу процесіне ұшырап, бір түйдек болып, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарып, олардың тіркесуінен қосымша грамматикалық мағына пайда болады. Мұндай тіркестерді М.Балақаев өзінің еңбегінде түйдекті тіркестер деп атап өтеді.

«Түйдекті тіркестер құрамындағы сөздердің бәрінің не біреуінің лексика-семантикалық мағынасы болмайды. Олардың тіркесуінен қосымша грамматикалық мағына пайда болмайды деген пікірге Сайрамбаев Т. мен Балақаев М. қосылады. Сонымен бірге бұлардың еңбектерінде түйдекті тіркестер ішінара мағыналық түрлерге бөлінетінін айта кеткен. Олар жоғарыда атап өткен сөздер тобы» [3, 32].

В.В.Бабайцева, В.В.Виноградов, А.С.Смирницкий, К.Аханов, Н.А.Баскаков сөз тіркесіне номинативті қасиет тән десе, Ю.В.Фоменко, А.Моисеев, М.Балақаев сөз тіркесінің номинативтілігін жоққа шығарады.
В.В.Виноградов: «Сөйлем құрамына ғана және сөйлем арқылы сөз тіркестері коммуникативті құралдарының жүйесіне ене алады. Сөйлемнен тыс, тек соған керекті құрылыс материалы ретінде каралатын сөз тіркестері сөздер тәрізді болады да, тілдің номинативті құралдарының саласына, заттарды, құбылыстарды, процестерді белгілеу құралдарының қатарына ене алады»-дейді [4, 19].

К.Аханов бұл пікірді қуаттайды: «Сөз тіркестері номинативті сипатқа бұрыннан жасалып койған, даяр тұрған единицалар ретінде емес, сөздердің тілдік грамматикалық зандары бойынша тіркесуі арқылы ие болады» [1, 6].

М.Балақаев номинативтілік қасиет туралы өз еңбегінде анық көрсеткен [3, 12]. «Ол сөз тіркесінің бәріне номинативтілік мән тән емес екендігін, тек олардың жұмсалу орайында аткқаратын қызметі тұрғысынан номинативті деп тануға болатындары бар деп, оған сөз тіркесі құрылысында пайда болған терминді, тұрақты атауларды (социалистік жарыс, қант қызылшасы, темір жол т.б.) жатқызады. С.Исаев мұндай тіркестерді атаулық тіркестер деп атауды ұсынады да, «… қазақ тіліндегі атаулық тіркестер жаңа сөз жасаудың да бір көрінісі болып есептелсе керек» деп тұжырымдайды [5, 29].

Белгілі түркітанушы Н.К.Дмитриевтің сөз тіркесін сөйлемнен айырып тану туралы айтқан пікірлері де тіл білімінде біраз талас тудырды. «Әсіресе бастауыш-баяндауыштық қатынаста тұрмаған сөздер табының бәрін сөз тіркесіне жатқызу, пайымдауды (суждение) сөйлемнің сөз тіркесінен ажыратушы меже деп тануы біраз дәлелдеуді кажет етеді» [6, 202-203].

Пайымдауды сөйлемді сөз тіркесінен ажыратушы меже деп тану туралы көзқарастар Н.А.Баскаков еңбектерінде де кездеседі [7, 50]. Ғалымның сонымен бірге аталған екі синтаксистік категорияны (сөз тіркесі мен сөйлем) ажыратуда басыңкы сыңардың грамматикалык формасын меже етіп алу керектігі туралы пікірі де бар.

«Сөз тіркесін жан-жакты зерттеген ғалымдардың бірі – Е.И.Убрятова якут тілінің синтаксисіне қатысты еңбегінде сөз тіркесінің негізгі түрлерін синтаксистік байланысқа негіздей қарастырады» [8, 38].

Сөз тіркесін өзге құбылыстардан ажыратуға негіз болатын бірнеше белгілер бар, соның ішінде ең негізгісі — бағыныңқы, басыңқылық қасиет. Осы тұрғыдан предикативтілік қатынас негізінде жасалған тіркестерді сөз тіркестерінің қатарына жатқызамыз ба деген сұраққа тіл мамандары осы уақытка дейін әр түрлі жауап беріп келеді. Бұл жайында О.С.Ахманова былай дейді: «Байланыстың негізгі үш түрі — атрибутивті, комплективті және предикативті түрлерінің ішінен біріншісі әрқашан да сөз тіркесін тудырады: байланыстың екінші түрі өздерінің тығыз байланысты формаларында ғана сөз тіркесін туғызады, үшіншісі оны (сөз тіркесін) ешқашан да тудыра алмайды» [2, 454-455].

М.Балақаев мұндай көзқарасты құптамайды: «Сөйлемді сөйлемдік касиеттеріне карап, сөз тіркестерін де өзіндік касиеттеріне карап танып, мысалы жазық дала дегенді сөз тіркесі деп танысақ, атқа мінді дегенді әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі деп карау керек», — дейді [5, 94].

С.Исаев өз зерттеуінде күрделі етістікке қатысты айтылған негізгі ойларға толдықтай сараптама жасаған. «Зерттеулерде күрделі етістік негізгі екі түрлі аспектіге сараланған:

1. Күрделі етістік – таза грамматикалық тұлға (Ы.Маманов, С.Исаев).
2. Күрделі етістік – сөзжасамдық тұлға (К.Аханов, А.Ысқақов, Н.Оралбаева)» [9, 268].

А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) деген еңбегінде күрделі етістікке мынадай анықтама береді: «Қазақ тілінде кемі екі я одан да көп компоненттерден құралып, сөйлеу тілінде де, жазба тілде де бірдей қолданыла беретін есімді тіркестер мен етістікті тіркестер де бір категория ретінде қаралып, күрделі етістік деген терминмен аталып жүр» [10, 126].

Күрделі етістіктің синтаксистік қызметі, байланысу тәсілдері, формасы туралы А.Аблақов «Қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестері», «Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері» деген еңбектерінде жан-жақты зерттеп, талдау жасаған [11, 35-46].

Күрделі тіркестердің өзіне тән болмыс-қасиетін зерттеу сан ғасырлардан бері зерттеушілер назарынан түспей келе жатса да, оның бүгінгі күн талабынан зерттеуді қажет етіп жатқан тұстары әлі де көп. Бұл бағытта біршама мәселелер анықталып, құнды зерттеулер жарық көрді. Бұл зерттеулер қазақ лингвистикасындағы күрделі сөз тіркестерінің дамуына, олардың басқа да қырларының зерттелуіне негіз болғаны анық.

Әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1973

2. Ахманова О.С. О разграниченности слова и словосочетания. –Москва, 1954
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазақ тілінің синтаксисі. – Алматы, 1976
4. Виноградов В.В. История русского литературного языка. – Москва, 1978
5. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008
6. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. –Москва, 2009
7. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва, 1969
8. Убрятова Е. Н. Исследование по синтаксису якутского языка. – Москва, 2006
9. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002
10. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991
11. Аблақов А. Қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестері. – Алматы, 1986

ӘОЖ

Т.САЙРАМБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІ ТЕОРИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

Сайдикаримова М. – 11738 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Пазылова А.С. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются принципы, принципы и подходы профессора Т. Сайрамбаева к синтаксису словосочетаний в языкознании, а также вопросы формулирования суждений и выводов, вытекающих из фундаментальных проблем синтаксиса.

Сөз тіркестерінің синтаксистік жүйенің бірлігі ретінде пайда болуы және сөз тіркестері жүйесінің дамуы тілдегі шындық құбылыстарын бөлшектелген күйде қабылдаудың көрінісімен: объект пен әрекет, объект пен белгі, әрекет пен объект және т.б. заттар мен нақты әлем құбылыстары арасындағы қатынасты түсінумен байланысты. «Адамзат тілінде шындық құбылысын бөліп-бөліп жеткізген коммуникативті бірлік қазіргі сөйлем деңгейіне бағытталған даму барысында пәндік-логикалық қатынастардың кешенін білдіретін бірлікке айналды. Қатынастарды саралау процесі бір уақытта тілдің семантикалық жүйесін, тілдегі пәндік-логикалық қатынастарды беру құралдарын (сөзжасамның формалары, синтаксистік байланыс түрлері) дамыту процесі болып табылады» [1, 426]. Қазіргі тілдердің грамматикалық жүйелерінде предикативті, атрибутивті, объектілік, мән-жайлық қатынастарды нақтылайтын заттық-логикалық қатынастардың жүздеген түрлері көрініс табады. «Сөз тіркесі» термині «бірыңғай, бірақ бөлшектелген ұғымды немесе түсінікті білдіру үшін қызмет ететін екі немесе одан да көп маңызды сөздердің (оларға қатысты қызметтік сөздермен бірге немесе оларсыз) тіркесуін білдіреді» [2, 26].

В. Н. Ярцеваның редакциясымен лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте сөз тіркесі « бағыныңқы, грамматикалық байланыс – өиысу, меңгеру және қабысу негізінде екі немесе одан да көп маңызды сөздерді біріктіру нәтижесінде пайда болған синтаксистік құрылыс. Сөз тіркесі негізгі компонент деп аталатын және тәуелді компонентпен нақтыланған, нақтыланған тақырыпты, құбылысты, процесті, сапаны білдіретін номинацияның құралы

ретінде қызмет етеді» [3, 469]. XIX ғасырдың аяғы және әсіресе XX ғасырдың басы сөз тіркесі синтаксисінің шынайы ғылыми теориясының пайда болуын білдіреді және ол Ф.Ф. Фортунатов, А. А. Шахматов, А. М. Пешковский сияқты көрнекті ғалымдардың есімдерімен байланысты. Кейбір ғалымдар (Ф.Ф. Фортунатов, А. М. Пешковский және басқалар) синтаксисті сөз тіркесі ілімі деп санады, ал сөйлем сөз тіркесінің бір түрі ретінде қарастырылды.

Басқалары (А.А. Потебня, А. А. Шахматов, В.В. Виноградов және т. б.) сөйлемді негізгі синтаксистік бірлік деп санады. Сөйлеудегі сөз тіркесі туралы айта отырып, С.Г. Тер-Минасова морфосинтаксистік және лексикалық-фразеологиялық үйлесімділікті ажырата білу керек деп санайды. «Сонымен қатар, біріншісі-жалпы нәрсе, абстракцияның бір түрі, формула, нақты сөздерден алшақтату, ал екіншісі – белгілі бір форманы белгілі бір лексикалық мазмұнмен толтыратындай ерекше нәрсе. Сөз тіркесі – аталған екі фактордың бірлігі» [4, 33-34].

Т.Сайрамбаев сөз тіркесіне мынадай анықтама береді: «сөз тіркесі синтаксистік бірлік болып табылады, оның құрамына белгілі бір грамматикалық қатынастарға түсетін, өз кезегінде, заттар мен шынайы болмыс құбылыстары арасындағы қатынасты көрсететін маңызды сөздер кіреді» [5, 5].

Сөз тіркесіне қатысты әртүрлі көзқарастарды талдау негізінде, сондай-ақ валенттілік теориясы негізінде сөз тіркестерін бөлудің келесі критерийлерін бөліп көрсетуге болады :

1. Синтаксистік қатынастар – атрибутивті, объектілік, адвербиалды.

2. Белсенді валенттілік (сөздің (ядролық) тәуелді элементті (адъюнктт) қосу қабілеті және пассивті валенттілік (адъюнкттің ядролық сөзге қосылу қабілеті). Жоғарыда айтылғандарға байланысты ядролық сөзге, яғни сөздің белсенді валенттілігіне байланысты бөлуге болады: субстантивті сөз тіркестері, адъективті, етістік және адвербиалды сөз тіркестері.

3. Сөз тіркесіндегі синтаксистік байланыс түрі бойынша: қиысу, күшті және әлсіз меңгеру (міндетті және міндетті емес валенттілік) және қабысу.

«Сөз тіркесінің аясын кеңейтуде мынадай факторлар шешуші орын алады: 1) әрбір сөз табының күрделі түрі; 2) көмекші етістік; 3) көмекші есім; 4) модаль сөздер; 5) шылаулар; 6) нумеративті сөздер; 7) түрлі қосымшылар; 8) фразеологиялық тізбектер», - деп көрсетеді [6, 56].

Т.Сайрамбаев сөз тіркестерінің байланысу формаларын 4 топқа бөліп қарастырады: қиысу, матасу, қабысу, меңгеру. Байланысу түрінің 5-ші түрі жанасу сөз болмайды.

Кейде сөз тіркестерінің байланысуында оларға түрлі жұрнақтар жалғану арқылы сөз тіркестерінің сыңарлары арасында өзгерістер кездесіп жатады. Мысалы, 15-20 қойлы ауыл деген де қой басыңқы сөзіне -лы қатыстық сын есімінің жұрнағының жалғануы арқылы сөз тіркесіндегі басыңқы сөз бағыныңқы қызметке ауысты. Бұның барлығы сөз тіркестерінің сөйлем мүшесіне ауысудағы өзгерістердің бірі. Бұдан сөз тіркестеріне қарағанда сөйлем мүшелерінің аясының кеңдігін, екіншіден, мағыналық жағынан да мол ауқымды екенін көреміз [7, 25].

Сонымен, профессор Т.Сайрамбаев синтаксис саласындағы өзекті мәселелердің бірі саналатын қазақ тіліндегі кез келген құбылыспен байланысты сөз тіркестерін зерттей келе, ұқсас тұлғалардың қатыстылық дәрежесін, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтап, алдыңғы ғалымдар тұжырымдаған принциптермен шектелмеген көптеген құбылыстарды ашты. Яғни, «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері», «Сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі» монографиялары тіл білімінің синтаксисі саласындағы бірқатар күрделі мәселелердің шешімін таба алды.

Т.Сайрамбаев өзінің алғашқы ғылыми жұмысын 60-шы жылдары бастап, ғылымға жарты ғасырлық ғұмырын арнаған, грамматиканың синтаксис саласы және сөз тіркесі саласын көп зерттеген. М.Балақаевтың зерттеулерімен негіз алып бастаған, бұл салада ол түркі тілдерін зерттеген қазақ (Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, А.Әбілқаев, Н. Ұйықбаев, Р.Әмір, О.Төлегенов және т. б.) және орыс ғалымдарының (Е.И.Убрятов, Н.К.Дмитриев, Н.К.Баскаков, П.М.Мелиоранский және т. б.) еңбектерін салыстыра отырып, қалыптасқан тұжырымдармен қате көзқарастарға өз көзқарасын білдірді.

Профессор Т.Сайрамбаевтың синтаксистің ауқымды саласына арналған еңбектерінің төңірегінде сөз сөйлеу барысында біз оның ұстанымдарын басқа ғалымдармен салыстыра отырып жүйелеуге тырыстық, кейбір ғалымдар тұжырымдаған қағидаттарды қабылдамады, қалыптастырған қағидаттарға байланысты көптеген ғалымдармен үндестігі де бар. Бірақ ғалымның тіл біліміне қосқан үлкен үлесі тек бір ғана жұмыспен шектелмейді деп санай отырып, оның әр ұстанымға негізделген пайымдаулары жеке еңбек жүктемесіне айналуы мүмкін деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Сайрамбаев Т.Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы, 2014. - 130 б.
2. Сайрамбаев Т. Сын есімді етістік сөз тіркестері //Қазақ тілі мен әдебиеті. №1. 1999./ М.Жолшаевамен бірге.
3. Ярцева
4. Тер-Минасова С.Г. Словосочетание в научно-лингвистическом и дидактическом аспектах. -М.: Высшая школа, 1981.
5. Сайрамбаев Т. Есімді сөз тіркестері // Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. 627 б.
6. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. Оқулық.- Өңделіп және толықт. 4-бас. - Алматы: Санат, 2003. - 239 б.
7.Сайрамбаев Т. Структурно-семантические типы сложных словосочетаний в современном казахском языке: АДД. - Алма-Ата, 1982. 12.

УДК 821. 161.1

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ РАЗНЫХ РОДОВ И ЖАНРОВ В ТВОРЧЕСТВЕ ВАСИЛИЯ ШУКШИНА

Анарханова Х. – студентка гр. 11878.
Научный руководитель: Абдыханов У.К. – к.ф.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент,

Түйін

Мақалада В.М.Шукшин шығармаларындағы әр алуан түрлер мен жанрлардың өзара әсер ету мәселелері қарастырылған. Шығарма жазушының көркемдік құралдарына да арналған.

Василий Шукшин прав, когда утверждает, что всякая экранизация, действительно, связана с переходом одного вида искусства в другой, равно как и с неизбежными, по-видимому, потерями-приобретениями. «Перевод» с языка одного вида искусства на язык другого достигает своей цели лишь в том случае, если он сделан правильно, то есть если при переводе сохранены в неприкосновенности все идейно значимые моменты литературного источника.

В фильме же «Позови меня в даль светлую» ни одни из рассказов не остался в неприкосновенности, причём литературное их содержание оказалось куда более значимым, нежели их киноконтаминация.

В статье «Средства литературы и средства кино» Шукшин ставит важный вопрос – о необходимости создания так называемой кинолитературы. Справедливо считая, что литература с большим трудом поддаётся переводу на киноязык, он мечтает о создании такой литературы, в которой были бы заранее предусмотрены все специфические потребности кино. Однако из системы самой литературы («словесности») эта «вспомогательная» кинолитература всё же явно выпадает, поскольку она не считается (сознательно не считается, в интересах кино) с законами литературной прозы, притом, что реализуется она в средствах этой самой прозы. Никто не станет сравнивать фильмы Шукшина с его прозой (кроме тех случаев, когда они тематически пересекаются), ибо это разные формы искусства; но так называемые киноповести его будут сравнивать с его прозой обязательно, поскольку то и другое реализуются в материале слова. И тут уж сравнение будет явно в пользу прозы. Литературную прозу Шукшина надо всё же отделять от его кинопрозы, от всего того, что Шукшин-писатель делал в «специальных» интересах кино. И если говорить о действительном своеобразии Шукшина-художника, то оно состоит не в том, что в своей прозе он использовал изобразительные возможности кинематографа, а в том, что в каждой из этих областей он был выдающимся мастером.

В размышлениях Шукшина о судьбах литературы в кино есть и ещё один важный момент. Сопоставляя средства литературы и средства кино, Шукшин стремился не только определить их взаимную специфику и разграничить сферы применения тех и других, но и всё чаще задумывался о потенциальных возможностях литературы и кинематографа как двух форм искусства. И всё решительнее склонялся к признанию преимуществ литературы. Эта мысль достаточно отчётливо прозвучала уже в статье «Средства литературы и средства кино». Ещё определённее Шукшин высказался в одном из своих последних

интервью: «Писатель ставит фильм! Да это же компромисс с писательским трудом! И потому я встал перед выбором: кино или литература?» И ещё: «Аудитория кинофильма – миллионы зрителей, а для писателя это – редко достижимая мечта. Но кино – искусство быстрое, точное, а литература – вечное. Нужно выбирать. Режиссёр или писатель? За свою прежнюю неопределённость теперь придётся дорого расплачиваться… И я ещё не могу до конца осознать, чем расплачиваться…» [1, с. 261]. Прирождённый литератор, прозаик, он всё прочнее и органичнее утверждался в художественных принципах, характерных именно для литературы, и всё дальше отходил от приёмов и средств, которые являются у неё общими с другими видами.

Киноповести В. Шукшина органично входят в русло русской литературы, ярко и самобытно отражая общие тенденции её развития: новизну трактовки обыкновенного характера, в котором писатель открывает сущностные качества, аналитичность в изображении среды и обстоятельств, формирующих героев и т. д.

Взаимодействие разных родов и жанров в творчестве В. Шукшина открывало возможности для реализации новых, новаторски смелых замыслов писателя. В гармонии таланта со временем и жизнью народа – истоки стремительного восхождения В. Шукшина к вершине признания. В народности искусства писателя заключены объяснение и разгадка тайны его художественного обаяния и необычайного воздействия на современников.

Творчество В. Шукшина можно представить в свободном, естественном движении: в цельности и единстве проблематики, жанров, стилевой специфики. Зримость, пластичность, полифонизм свойственны всему творчеству писателя – от рассказа «Сельские жители» до исторических повествований, киноповестей и сатирических произведений [2, с. 72]. Цельность творчества В. Шукшина обусловлена нравственно-эстетической позицией художника.

Цельность творчества В. Шукшина определяется преимущественно особенностями мировосприятия художника, его неповторимым видением характеров, бесчисленных явлений, фактов, существующих не в разобщённой множественности, а в единстве движущегося бытия. Многожанровость, Шукшина – чётко осознанная самим художником необходимость формы.

Отдавая должное художнику-рассказчику, мы распознаём через искусство В. Шукшина общественное назначение литературы.

Литература:

1. Аннинский Л, Федосеева-Шукшина Л. Комментарии. – М., Молодая гвардия, 1992.
2. Шукшин В. «Я родом из деревни…» Публ. Л. И. Федоссевой-Шукшиной // Наш современник. – 1979. – № 7.

УДК 811.63.17

РОЛЬ ИСТОРИЗМОВ В ЛЕКСИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ СОВРЕМЕННОГО РУССКОГО ЯЗЫКА

Отынбаева А. – студент группы 1602-11
Научный руководитель: Арынбаева Р.А. – магистр пед.наук, старший преподаватель
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Бұл мақала қазіргі орыс тілінің лексикалық жүйесіндегі историзмдердің орны мен рөлін анықтауға арналған. Историзмдердің жалпы ұғымдарына анықтама беріліп, олардың тілдік ерекшеліктері ашылды. Жұмыста көркем әдебиеттен алынған историзмдер қарастырылады, құндылық бойынша историзмдер топтары көрсетіледі. Олар белгілі бір тарихи дәуірге тән болғандықтан және қазіргі тілде синонимдері болмағандықтан, историзмдер тіл дамуының қазіргі кезеңінде сөздік құрамының ең пассивті саласы болып табылады.

Для лингвистики изучение историзмов имеет большое значение с точки зрения отражения в них той исторической эпохи, в которой они существовали в составе активной лексики. Историзмами называют слова, вышедшие из употребления в связи с тем, что предметы или явления, которые они обозначали, стали неактуальны для настоящего времени. Чтобы лучше понять это определение, давайте в качестве примера вспомним известный советский фильм Леонида Гайдая «Иван Васильевич меняет профессию». Когда царь Иван Грозный попал в XX век, он разговаривал на таком непонятном языке, что окружающие его не всегда понимали. Ну, например:

- Чей холоп спрашиваю?

- Ты пошто боярыню обидел, смерд?

Здесь наибольшее непонимание могут вызвать слова «холоп» и «смерд». так в xvi веке называли соответственно «крепостных, которые полностью зависят от хозяев» и «крестьян-землепашцев, которых впоследствии также закрепостили». Во времена того же Ивана Грозного эти слова ни у кого не вызывали вопросов и были привычной частью русского языка. Но с отменой крепостного права они потеряли свою актуальность и постепенно ушли из лексикона. В современном понимании это и есть историзмы. Принцип возникновения историзмов. Все историзмы соответствуют какому-нибудь историческому периоду. Например, раньше в России была такая монета как «алтын», равнявшаяся трем копейкам. Сейчас это слово уже не употребляется, так как и денег таких нет. Или возьмем для примера различные чины – граф, князь, боярин. Таких званий в современной России уже не существует, а потому и слова можно также считать историзмами.

Но не надо думать, что к историзмам относятся только термины, которым уже несколько веков. Есть и более современные примеры. Например, многие слова, которые были в ходу в Советском Союзе, сейчас уже стали частью истории. Например:

Нэпман – предприниматель во времена НЭПа;

Наркомы – народные комиссариаты, государственные органы, отвечавшие за различные сферы;

Кулак – зажиточные крестьяне;

Политбюро – руководящий орган Коммунистической партии;

Комсомол – молодежная организация (расшифровывается как коммунистический союз молодежи);

Колхозы – объединение крестьян с целью вести единое хозяйство;

А можно привести и еще более современный пример историзмов. Всего 10-20 лет назад существовали предметы, которые сейчас также стали частью истории. Если взрослые понимают, что означают слова «дискета», «пейджер», «аудиокассета», «таксофон», то у молодежи они вызовут откровенное удивление.

Примеры историзмов

Как мы уже говорили, историзмы – это названия предметов или явлений, которые существовали в прошлом.

Общественный уклад жизни: холоп, смерд, барин, бояре, царь, князь.

Названия учреждений:

приказ – орган управления в Русском царстве

повет – орган местного управления в губернии или уезде

Название должностей:

городничий – начальник уездного города

бурлак – наемный рабочий, который тянул судно против течения

курсистка – слушательница высших женских курсов

рабфаковец – учащийся рабочих факультетов в СССР. Название воинских чинов:

мушкетер – французский солдат

канонир – младший чин рядового в артиллерии

поручик/подпоручик – воинские звания младшего офицерского состава в Царской России

адъютант

Название вооружения и экипировки воинов:

забрало – подвижная часть рыцарского шлема, которая защищала глаза

катапульта – осадное орудие

палица – дубина с металлическими шипами

булава – еще одна дубина с большим набалдашником на конце

мортира – пушка с очень коротким стволом

кольчуга – доспехи из сплетенных металлических колец

Денежные единицы:

алтын – монета, равная трем копейкам

гривенник – монета в 10 копеек

полушка – полкопейки

Старинные меры измерения:

верста — 1066,8 метра

сажень — 2,16 метра

аршин – треть сажени

вершок — 4,445 сантиметра

золотник — 4,266 грамма
пуд — 16,3804964 килограмма
Предметы быта:
лучина – тонка щепка для растопки печи и освещения помещения
кокошник – головной убор
кафтан – верхняя мужская одежда
армяк – длинная верхняя одежда из грубой ткани
сермяга – верхняя одежда, похожая на длинную рубашку

Интересно, что некоторые историзмы через какое-то время могут вернуться в активную лексику. И тогда они перестают считаться устаревшими.

Понятие «историзм» используется не только в языкознании, но и в литературе, но там оно имеет совершенно другое значение. Это способность автора в мельчайших деталях и наиболее ярких образах передать облик различных исторических событий.

Яркими примерами могут быть такие произведения, как «Слово о полку Игореве» (автор неизвестен), «Война и мир» Льва Толстова или «Архипелаг ГУЛАГ» Александра Солженицына.

Слова-историзмы сохранились в пассивном составе лексики русского языка как память о прошлом. У историзмов нет и не может быть синонимов. Вышедшие из активного употребления, они не выдерживают конкуренции с другими словами и выражениями. Также историзмы сохранились в составе устойчивых выражений и относятся к пассивному словарю.

Литература:

1. Ожегов С.И. Лексикология // Лексикография // Культура речи. М.: «Высшая школа», 1974. 36 с.

2. Колесникова С.М. Современный русский язык. Том 1. Фонетика. Орфография. Лексикология. Словообразование. – Москва: Юрайт, 2017. С. 188-192.

3. Нарожная В.Д. Историческая грамматика русского языка // Курс лекций. Шымкент, 2012.

ӘОЖ 821.512.122

«ОҒЫЗ ҚАҒАН» ЖЫРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР

Знайдин А.Г. – 117-38 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Алтынбеков Қ.С. – ф.ғ.к., аға оқытушы, ОҚМПУ,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются связи эпической поэтической поэзии «Огуз каган» с фольклором и особенности использования в ней фольклорных мотивов и мифов.

«Оғыз қаған» жыры, яғни «Оғызнама» – кітаби эпосының фольклормен байланысы бір қыры фольклорлық мотивтердің, мифтердің қолданысынан айқын байқалады. «Оғыз-наме» эпосының фольклорлық арқауының негізін көне космогониялық мифтердің, тәңірлік сенім мен тотемдік, культтік ұғымдардың кеңінен көрінуімен дәлелдеуге болады. Бұл эпостың, әсіресе, «Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» атты тарауда көрініс тапқан.

Халық өзінің эпикалық шығармаларында қаһармандарының образын әсірелей сомдайтындығы белгілі. Ол үшін әр түрлі мотивтерді пайдаланған. Бұл мотивтер халықтың көне мифологиялық наным-сенімдеріне негізделген. Әсіресе, Орта Азия елдері мен қазақ халқының эпикалық дәстүрінде ғажайып туу мотиві кеңінен орын алған. Бұл мотив эпостың сюжетін көркейте түсетін құралға айналған.

Миф – қазақ фольклорында өзіндік орны бар көне жанр. Мифсіз халық жоқ. Миф көне дәуірлердегі адамдардың наным-сенімдерін білдіреді.

Мифтік бастаулардың бірі – фольклорлық эпикалық туындыларда жиі қолданалатын ғажайып туу мотиві «Оғыз қаған» жырында да орын алады. Фольклорлық эпикалық жанрлар құрамындағы ерекше жағдайда жаратылу сюжетінің жасалу жолдары қоғам өміріндегі салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыптармен біте қайнасып жатыр. Осы ерекшеліктер «Оғызнама» кітаби эпосына да тән.

Ғажайып туу мотивінің түркі халықтарының феодалдық дәуірде пайда болған эпикалық шығармаларындағы типологиялық сипатын В.М.Жирмунский «Тюркский геройческий эпос» атты еңбегінде қарастырған [1, 5-б.].

Ғажайып туу мотивінің мифтен бастап, кейінгі дәуірде туған фольклорлық жанрларға дейінгі даму жолы біркелкі емес. Ғажайып туу мотиві адамзат тарихының әр кезеңдеріне сәйкес әрбір фольклорлық жанрдың ерекшелігі, дамуына орай, шығарма идеясына орай түрленіп, бұл мотивке әр кезеңде айтушылардың дүниетанымына сәйкес өзгерістер енгізіп отырған.

Фольклортанушы белгілі ғалым өзінің В.Я.Пропп «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен, культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланыстыра қарастырды. Бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді [2, Б: 205-239].

Кейіпкердің ғажайып тууы мотиві әлем халықтары, оның ішінде қазақ фольклорында кеңінен таралған дәстүрлі мотивтердің бірі. Бұл сарын біз қарастырып отырған «Оғыз қаған» жырында да көрініс тапқан. Бұл аталған мотив көбінесе кейіпкердің ерекше тұлғасын өзгелерден айрықша даралай көрсету мақсатында пайдаланылатын көркемдік тәсіл қызметін атқарады.

Көне эпос пен батырлық жырдағы ғайыптан туу мотивінің сипаты ертегідегі қарағанда, басқашалау. Бұл жөнінде фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраев: «Эпос поэтикасы батырдың керемет тууын қажет етеді. Әрі бұл мотив батырдың айрықша жаратылысын, өзгелерге ұқсамайтын дара бітімін куәландыратын шындық ретінде алынады. Көптің бірі атқара алмайтын істі туысынан тотем бабалар, аруақтар, пірлер назарында жүрген батырлар ғана атқара алады», - деп жазады [3, Б: 538-539].

Ежелдегі түркілердің шежіресіндегі ғажайып туу мотивінен түрлі тотемдік культтер мен көк аспан, көк бөрі бейнелері кездеседі. Осындай сюжет Оғыз батырдың тууы туралы аңыздарда бар. Онда жоғарыда аталған таным-түсініктер айқын көрінген.

Бұл көне таным кейінгі дәуірлердегі қазақ фольклорында да кең көрініс тапқан. Ол жөнінде фольклортанушы ғалымдар М.Ғабдуллин, Т.Сыдықовтар «Қазақ халқының батырлық жыры» атты еңбектерінде елді сыртқы және ішкі жаулардан қорғайтын, еңбекші бұқараны молшылыққа кенелтетін батырды аңсау «Қобыланды батыр» жыры дүниеге келуіне негіз болған идея екендігіне тоқталады. Жырдың экспозициясындағы батырды ғажайып туылған етіп көрсету халық арманын іске асырушы кейіпкердің тұлғасын сомдауда үлкен рөл атқаратындығына мән береді [4, 224-б.].

Эпос сюжеттерінде ғайыптан дүниеге келу мотиві өзіне дейінгі эпизодтармен байланысып, оқиғалар тізбегінің белгілі бір тәртібін сақтап орналасады. Эпикалық жырларда ерекше жағдайда туу мотивінің бірнеше сарындары қатарынан қатысады. Әрбір мотивтің жырда баяндалу тәртібі мен мағынасына қарай аталуын ғалым Ш.Ыбыраев жоғарыда аталған еңбегінде экспозиция болашақ қаһарманның ел-жұртын, ата-анасын, дүние байлығын, бейбіт тіршілігін, қоныс еткен мекенін суреттеуден бастап, содан соң жыршы біртіндеп баласыз ата-ананың басына түскен ситуацияны баяндауға ауысатындығын көрсеткен. Ғалым жырдың кіріспе бөлігіндегі осы екі көріністі мотив-суреттеу және мотив-ситуация деп атайды. Мұндай ситуацияның тууын екі түрлі себептермен байланыстыра қарастырады.

Ғажайып туу сарындарының тағы бір ерекшелігі – олар эпикалық әр түрлі жанрлардың табиғатына байланысты елеулі өзгешеліктерге ұшырай отырып қолданылады. Қазақ эпосынан батырдың ғажайып дүниеге келуі, таңғажайып жағдайда өсуі, ерлік көрсетулері айрықша сипатталады. Батырлардың халық қамын ойлайтын айрықша тұлға екені оның керемет жаратылысының инвариантын құрайтын тұрақты мотивтер, оларды ата-аналарының зарыға Құдайдан, әулие-әбиелерден сұрап алуынан алдын ала сезіледі. Ал, жарық дүниеге келгеннен кейінгі батырға лайық өсуі де – өзгеше құбылыс.

Бұл құбылыс ежелгі дәуірлерде пайда болған мұралардан бастап қазақ фольклорында жалғастық тапқан. Мәселен, «Қорқыт ата кітабындағы» Дерсеханұлы Бұқаштың, «Оғыз қаған» жырындағы Оғыз батырдың, қазақ эпостарындағы Алпамыс, Қобыланды батырлардың дүниеге келулері, ер жетіп өсулері – соған айғақ.

«Оғыз қаған» жырында тәңірлік дін мен космогониялық мифтердің көрінісі де едәуір орын алған. Жырдың идеологиялық негізін Тәңірлік дін құрайтынын байқау қиын емес. Оғыздың дүниеге келуі ғана емес, жар таңдап сүюінде де Тәңірлік сипат басым, ғашық болған жарлары да тылсыммен тығыз байланысты. Шығармада оның жарқын үлгісі екі эпизодта айқын көрініс береді.

«Оғыз-наме» ескерткішінде Оғыз қағанның өзі ғана емес, оның үйленуі, Ай, Күн, Жұлдыз, Тау, Көк, Теңіз деген балаларының тууында космогониялық мифтердің көркемдік мәні зор. Түркі халықтарының ең көне дүниетанымында ай мен күн культі маңызды рөл атқарған, мысалы, кейіпкердің күн нұрынан туу мотиві.

Фольклорлық шығармада кейіпкердің туу тарихына мән беріле бейнеленетіндігінің бір көрінісі – Тәңіріден, күн нұрынан жарату көне

жанрларда да, кейінгі қазақ фольклорында кездесіп отыратын мотив. Күннің нұрлы сәулесінен болашақ батырдың жаралу мотивін ежелгі эпикалық мұралардың бірі болып саналатын «Оғыз қаған» жырынан да көреміз.

Ежелдегі адамдар басында сәулесі болған, текті адамды нұрдан жаратылған етіп көрсету, ол құбылыс келе-келе мақсатты түрдегі қолданылатын фольклорлық әдіске айналған.

«Оғыз-наме» кітаби эпосында тотемдік көзқарастар сілемдері сақталғанымен, мифтік ойлаудың ықпалы азая бастағаны байқалады. Оны оқиғалар желісінің реалистік, тарихи шындыққа біршама жанасымды тұрғыда баяндалатынынан-ақ пайымдауға болады. Қ

Қорытындылай айтқанда, «Оғыз-наме» кітаби эпосында ежелгі түркілердің таным-түсініктерін бейнелейтін мифтер мен ежелгі мотивтер үлкен орын алған.

Әдебиеттер:

1. Жирмунский В.М. Тюркский геройческий эпос. – Ленинград: Наука, 1974.

2. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 1976.

3. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993.

4. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы: Ғылым, 1972.

УДК 821.161.1

ПОЭТИЧЕСКОЕ СКАЗАНИЕ А. И. КУПРИНА О КРАТКОМ СЧАСТЬЕ ИСТИННОЙ ЛЮБВИ (по повестям А. И. Куприна о любви)

Ибрагимова Ш. – студентка гр. 11868

Научный руководитель: Абдыханов У.К. – к.ф.н., доцент

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,Шымкент

Түйін

Мақалада А.И.Куприннің повестер мен әңгімелерінде көрініс тапқан махаббаттың адамға деген игі әсері ашылады. Жазушының шығармалары сезім тәрбиесінің нағыз романдары екенін автор атап көрсетеді.

Тайна любви для Александра Ивановича Куприна сопряжена с другой величайшей тайной человека – тайной смерти. В повести-легенде «Суламифь» он пишет: «Были царства и цари, и от них не осталось и следа… Любовь же бедной девушки из виноградника и великого царя никогда не пройдёт и не забудется, потому что крепка, как смерть, любовь, потому что каждая женщина, которая любит, – царица, потому что любовь прекрасна» [1, с. 17].

Сильное и прекрасное чувство связывает таких разных и по возрасту, и по положению людей, как мудрый царь Соломон и бедная девушка с виноградников в повести «Суламифь». Эта библейская легенда воспринимается как гимн любви, молодости и красоте. Любовь помогает героине преодолеть страх смерти. Истекая кровью, она называет себя самой счастливой женщиной на свете и благодарит возлюбленного за его любовь, красоту и мудрость, к которой «она прильнула, как к сладкому источнику». Ревность царицы Астис смогла погубить юную соперницу, но она бессильна убить любовь, светлую память царя Соломона об «обожжённой солнцем Суламифи». Трагический

отсвет любви, озаривший жизнь мудреца, заставляет его продиктовать глубоко выстраданные строки: «Крепка, как смерть, любовь, и жестока, как ад, ревность: стрелы её – стрелы огненные» [1, с. 42].

«Олеся» – поэтическое сказание о кратком счастье истинной любви, о светлом празднике, который не всегда выпадает в жизни человека. Красавица Олеся и её бабка, древняя Мануйлиха – колдунья-отшельница, живут в глухом лесу по своим законам. Катастрофа наступила, как только их микромир соприкоснулся с большим миром – властью, церковью, крестьянами. Олеся – дитя природы, но крестьянский мир ей враждебен, бедные колдуньи предчувствуют недоброе, но не могут предотвратить неизбежное. Герой повести – Иван Тимофеевич – начинающий писатель, на полгода отправляется в Полесье, чтобы лучше узнать жизнь. Повесть заканчивается трагически, но не только потому, что крестьяне наделены жестоким религиозным фанатизмом, но и потому, что герой не противостоит обстоятельствам, он типичный тип русского интеллигента с его безволием. В «Олесе» и характеры героев, и их любовь автор показывает с разных точек зрения, как бы через систему зеркал: с точки зрения села, с точки зрения рассказчика, героини, Мануйлихи и даже «леса». Любовь героев вписана в сказочный мир леса, и она сама становится сказкой.

И в других повестях, например, в «Гранатовом браслете» автор использует тот же приём зеркального отражения. Здесь в «зеркалах» отражаются разные представления о любви вообще и о безответной любви Желткова. Сюжет и здесь организован таким образом, что герои оказываются разлучены силой обстоятельств, разным социальным положением. Внешняя канва сюжета мелодраматична. Но философскую глубину произведению сообщает музыкальная тема – вторая соната Бетховена. В финале повести героиня слушает как раз это произведение Бетховена, и её внутренний монолог о любви звучит как стихотворение в прозе, вторит музыке, это сбываются «пророчества» телеграфиста.

Повесть «Суламифь» – не просто библейская история о любви бедной девушки из виноградника и царя Соломона. Эпиграф к повести – прямая цитата из «Песни Песней царя Соломона», уже в нём обозначен конфликт, в повести две сюжетные линии, даже имена героев символичны: Соломон – мирный, Суламифь – мир. Любовь – главный акцент в произведении. В «Песне Песней» нет гибели героини – трагический сюжет создан самим Куприным. Автор, стилизуя Библию, использовал часто встречающийся приём, он перенёс любовные страсти в далёкую историю, рассказав старую историю любви, поэтизировал настоящее.

Повести и рассказы Куприна о любви настоящие «романы воспитания чувств». В них, может быть, наиболее полно воплотился талант художника, столь влюбленного в красоту, в справедливость и достоинство человека. Когда читаешь эти изумительные повести о любви, которая повторяется только один раз в тысячу лет, то испытываешь настоящее потрясение, которое порождает желание стать по-настоящему чутким, нежным, великодушным, дает

способность по-новому увидеть мир. Так описывает любовь А. И. Куприн. Читаешь и думаешь: наверное, так в жизни не бывает. Но, вопреки здравому смыслу, хочется, чтобы было.

Книги Куприна никого не оставляют равнодушным, напротив, они всегда манят к себе. Многому можно учиться молодым людям у этого писателя: гуманизму, доброте, душевной мудрости, умению любить, ценить любовь. «Не бойтесь жизни», – звал А. Куприн своих современников [2, с. 159]. Сегодня купринское «благословение» всему живущему приобрело новый смысл: берегите жизнь. В нём – завет, мудрый наказ – предостережение: не забывать, сколь труден, трагически сложен каждый шаг человеческой истории, сколь хрупка и бесценна сама жизнь. В этом – главный урок Куприна.

Литература:

1. Чехов А.П. Сочинения в двух томах. Том 2. – М., Художественная литература, 1982.
2. Чехов А.П. Полное собрание сочинений в тридцати томах. Том 18. – М., Наука, 1988.

ӘОҚ 37.016:811.512. 122

КІРМЕ СӨЗДЕРДІ МЕҢГЕРТУДЕГІ ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІ

Молданова Жазира Ілесқызы – аға оқытушы,
Ілес Шірінқұл Әлжанқызы – 117-28 оқу тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается способ усвоения вводных слов на уроках казахского языка путем проведения специальной упражнительной работы.

Тілді меңгертудің ең ұтымды жолы − жаттығу жұмыстарын жүргізу. Жаттығу жұмыстары неғұрлым мол орындалса, оқушылардың тілді меңгеруі де оңайдан қиынға қарай орындату ұстанымы арқылы жүзеге асады.

Кірме сөздерді меңгертуде де алдымен, кірме сөздерді таныту, кейіннен олардың қолданылуын айқындау, нақтылау әрекеттері арқылы жүзеге асады.

Тілді оқытуға байланысты орыс, шетел әдіскерлері арасында жаттығу жұмыстарының атқаратын қызметі туралы әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Тілді үйретуде жаттығу жұмыстары мен тапсырмаларды кеңінен қолдану керектігін ұсынады. Жаттығу жұмыстарын қатысымдық және тілдік жаттығу жұмыстары деп жіктеп, негізгі белгілерін талдайды.

Оқушыларға кірме сөздерді меңгерту жұмыстары мәтінде немесе арнайы лексикалық тақырыпқа берілген материалдан кірме сөздерді анықтау, мағынасын, шығу төркінін анықтау, кірме сөздерді пайдалана отырып сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен сөйлем құрау, белгілі бір тақырыптарда диалог, әңгіме құрастыру арқылы жүзеге асады. Жаттығу жұмыстарын орындауда мынадай әдістер пайдаланылады: *іздену әдісі, мағынасын ажырату әдісі,*

этимологиясын анықтау әдісі, сұрақ-жауап әдісі, әңгіме әдісі, қатысым әдісі, салыстыру әдісі, жорамалдау әдісі, т.б.

Қазақ тілі сабағында кірме сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту мақсатында мынадай жаттығу жұмыстарының жүйесін құрастырдық.

1. Іздену жаттығулары: а) кірме сөздерді табу; ә) кірме сөздердің мағынасын ажырату; б) этимологиясын анықтау.

Іздену жаттығулары мәтіннен немесе арнайы лексикалық тақырыпқа берілген материалдардан кірме сөздерді тауып, олардың мағынасын терең түсінуге, этимологиясын анықтауға арналады.

2. Дайындық жаттығулар: а) кірме сөздерден сөз тіркесін құрастыру; ә) кірме сөздерден сөйлем құрастыру; б) кірме сөздерді қатыстыра отырып диалог құрастыру.

Дайындық жаттығулары кірме сөздер арқылы сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем құрауға арналған. Бұл жаттығуларды орындау барысында сөйлем дұрыс құрауға немесе айтуға, ойын дұрыс жеткізе білуге дағдыланады.

3. Негізгі жаттығулар: а) мәтін дайындау; ә) пікірталас өткізу.

Негізгі жатығуларды орындау арқылы белгілі бір тақырып төңірегінде жан-жақты материалдар жинастыруға, қарым-қатынас жасауына, шығармашылық қабілетін дамыту, көрген білгендері бойынша өзіндік ой, тұжырым жасауға, пікір білдіруге үйренеді.

Кірме сөздерді кез келген тақырыпты өту барысында кездестіретініміз белгілі. Жалпы кірме сөздердің тілімізге енуі тікелей тарихпен байланысты және біздің байқағанымыз, тарих ғылымына байланысты қолданылып жүрген терминдердің көпшілігі араб, парсы кірме сөздері. Осыны ескере отырып келесідей мәтінді жұмысымызға арқау еттік.

Танымдық материал.

1. Алтын Орда дәуірі. Шыңғыс хан бейнесі. Алтын Орда – Шынғыс-хан әулетінің мемлекеті.

2. Тарих терминдері.

Тілдік материал. Термин сөздер.

Тіл дамыту материалы. «Шыңғыс хан қандай тұлға?» тақырыбы бойынша пікірталас өткізіңіз (даттау, мақтау).

1. Мәтінмен танысу, мәтін мазмұнын ашу.

1.1 Мәнерлеп оқу (Алтын Орда мәтіні ұсынылады).

Тапсырманың мақсаты: оқушылардың Алтын Орда жайлы танымдық, іздемпаздық, зерделік оқылымын қалыптастыру.

Тапсырманың тиімділігі: мәнерлеп оқу арқылы мәтіннің мазмұнын және негізгі тақырыбын түсінеді.

Алдымен мұғалім мәтінді мәнерлеп оқиды, кейіннен бірнеше оқушыға оқытады. Мағынасын түсінген оқушы ғана сөйлемдегі тыныс белгілеріне мән беріп, мәнерлеп оқиды.

1.2 Сөздікпен жұмыс жүргізу арқылы оқушы білмеген сөзді меңгеруіне мүмкіндік туады. Сонымен қатар сөздікпен жұмыс жасауға дағдыланады, сөздерді орынды пайдалана білуге баулиды.

Мақсаты: оқушылардың сөздік қорын молайту.

1-жаттығу. Төмендегі сөздердің дұрыс айтылуы мен жазылуын салыстырыңыз (көп ұлтты – көбұлттұ, өкімет – өкөмет, оң қанат – онғанат, сол қанат – солғанат).

Жаттығудың мақсаты: оқушылардың сауатты жазуын, орфоэпиялық норма бойынша дұрыс сөйлеуін қалыптастыру.

Жаттығудың тиімділігі: сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге және сөздік қорды қарым-қатынаста дұрыс қолдануға дағдыланады.

1.3 Мәтіннен негізгі ақпаратты жеткізетін сөйлемдерді табу.

Жеңілден ауырға қарай, оңайдан қиынға қарай ұстанымы негізінде алдымен, мәтіннің ішінен тарихи сөздерді тауып, кейіннен мәтіннің негізгі ақпаратын жеткізетін сөйлемдерді таптыртуды жөн көрдік.

Мақсаты: Алтын Орда мәтінінің толық мазмұнын ұғыну арқылы өз ойын дұрыс жеткізе беруге үйрету.

Тиімділігі: тарихи деректерге сүйене отырып, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыланады.

1-жаттығу. Мәтіндегі тарихи сөздерді табыңыз.

Мәтіннің ішінен мынадай тарихи сөздерді дәптерлеріне жазып алды: *көп ұлтты мемлекет, халықтар, тайпалар, бұлғарлар, мордвалар, орыстар, гректер, шеркестер, мен хорезмдіктер, хандар, құрылтай, өкімет, уәзір.*

2-жаттығу. Мәтіннің ішінен негізгі ақпаратты беретін сөйлемдерді жазыңыз.

Төмендегі сөйлемдерді дәптерлеріне көшіріп жазды:

Алтын Орда – көп ұлтты мемлекет, ол түрлі халықтар мен тайпалардан құралған еді. Алтын Орда Жошы ұрпағынан шыққан хандардың меншігі саналды. Алтын Ордада халықтарды басқарудың ұлыстық жүйесі құрылады. Алғашқыда Алтын Орда монғолдардың ұлы ханына қарайтын. XIV ғасырдың II жартысынан бастап Алтын Орда әлсірей бастайды. 1357-1380 жылдар арасында 25 хан аусады. Жошының ұрпағы Тоқтамыс Мамайдың күйрегенін пайдаланып, Алтын Орданы тартып алады. Ол 1382 жылы өз үкіметін нығайту үшін Мәскеуді өртейді. Ал Әмір Темір Алтын Ордаға бірнеше жорық жасап, оны талқандайды.

1.4 Мәтін мазмұнын айту.

Негізгі ақпаратты жеткізетін сөйлемдер арқылы оқушылар Алтын Орда жайлы мәліметті айтып береді.

Тапсырманың мақсаты: оқушылар оқыған мәтіні бойынша өзіндік ой, тұжырым жасауға, пікір білдіруге үйренеді.

Тапсырманың тиімділігі: оқушылар өзіндік ойын, көзқарасын дәлелдеуге дағдыланады.

2. Жаттығулар орындау.

1. Іздену жаттығулары мәтіннен кірме сөздерді тауып, олардың мағынасын терең түсінуге, этимологиясын анықтауға арналады. Оқушы берілген тапсырманы орындауда сөздікті пайдалу арқылы танымын арттырады.

Жаттығудың мақсаты: кірме сөздерді мәтіннің ішінен табу, мағынасын анықтау.

Жаттығудың тиімділігі: кірме сөздерді тауып, мағынасын ашу арқылы оқушылардың актив және пассив сөздік қоры молаяды.

1-жаттығу. Мәтіннен кірме сөздерді тауып жазыңыз.

Оқушылар мәтіннен төмендегі кірме сөздерді теріп жазды:

Тайпа, халық, мемлекет, өкімет, ұлыс, уәзір.

2-жаттығу. Кірме сөздердің мағынасын ажыратыңыз, этимологиясын анықтаңыз.

Кірме сөздерді сөздіктен анықтап жазу барысында олардың этимологиясын да анықтады:

ТАЙПА ар. зат. *Бір-бірімен туысқандық байланысы бар адамдар тобы*. Әрқайсысы әр тайпаның ақсақалдары.

ХАЛЫҚ ир. зат. *1. Белгілі бір елді, мемлекетті мекендеуші адамдар. 2. Жиын, топ, көпшілік.*

МЕМЛЕКЕТ ар. зат. *Өзінің территориясы, шекарасы және саяси - әкімшілік басқару органы бар өзінің суверенді правосын қорғайтын ел.*

ӨКІМЕТ ар. зат. *1. Билік, үстемдік, өктемдік. 2. Саяси әкімшілік басқару орны, Мемлекеттік құрылыс.*

УӘЗІР ар. зат. *Кейбір шығыс елдерін билеуші ханның немесе патшаның ақылшысы, жәрдемшісі, жоғары мәртебелі ұлығы.*

ҰЛЫС ир. зат. көне. *Әулет, ру, нәсіл*.

Тайпа, мемлекет, өкімет, уәзір сөздері араб тілінен шыққан, *ал халық, ұлыс* сөздері иран тілінен шыққанын сөздікпен жұмыс жүргізу барысында оқушылар анықтай алды.

2. Дайындық жаттығулары кірме сөздер арқылы сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем құрауға арналған. Бұл жаттығуларды орындау барысында сөйлемнің түрлерін де (хабарлы, сұраулы, т.б.) меңгереді.

Жаттығудың мақсаты: оқушыларға сөз тіркестерін, сөйлемді дұрыс қолдана білуге үйрету.

Жаттығудың тиімділігі: оқушылар хабарлы, сұраулы, лепті және бұйрықты сөйлемдер құрастыруға, тілдесуге үйренеді; сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері мен ерекшелігін меңгереді; сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қоюға дағдыланады.

1-жаттығу. Кірме сөздерді пайдалана отырып сөз тіркесін жазыңыз.

Оқушылар кірме сөздерден мынадай сөз тіркестерін құрастырды:

Американдық үндістер тайпалары; Қазақстан мемлекеті; кеңес өкіметі; уәзірді тағайындау.

2-жаттығу. Сөз тіркестерін пайдалана отырып сөйлем құрастырыңыз.

Мынадай сөйлемдер құрастырды:

1) Американдық үндістер тайпалары әрқайсысы дербес мемлекет ретінде өмір сүреді.

2) Қазақстан мемлекеті өз егемендігін 1991 жылы алды.

3) Кеңес өкіметі 1990 жылдан бастап күйрей бастады.

4) Хан уәзірді өзі тағайындайды.

3-жаттығу. Кірме сөздері пайдалана отырып диалог құрастырыңыз.

Мынадай диалог құрастырды:

− Шыңғыс хан кім?

− Шынғыс хан монғол ұлысының әміршісі.

− Шыңғыс хан қай жерлерді жаулап алды?

− Шыңғысхан Солтүстік Қытайды, Чжундуды (Пекинді), Шығыс Европа мен Алдыңғы Азияға жол ашатын Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алды.

− Шыңғыс хан қандай мемлекет құрды?

− Алтын Орда – көп ұлтты мемлекет, ол түрлі халықтар мен тайпалардан құралған еді.

− «Он қанат», «сол қанат» дегенді қалай түсіндіресің?

− Алтын Ордада халықтарды басқарудың ұлыстық жүйесі құрылады. Батудың тұсында Жошы ұлысы оң қанат, сол қанат болып екі бөлінген. Кейіннен бұлар екі мемлекет болған. Алтын Ордада көшпенділердің рулық-тайпалық ұйымы сақталып қалады.

− «Уәзір» сөзінің мағынасын түсіндіріп беріңіз?

− «Уәзір» сөзі араб тілінен біздің тілімізге енген. Кейбір шығыс елдерін билеуші ханның немесе патшаның ақылшысы, жәрдемшісі, жоғары мәртебелі ұлығы деген сөз. т.б.

3. Негізгі жатығулар белгілі тақырып бойынша еркін қарым қатынас жасауына, яғни қатысымдық құзыреттілігін арттыруға негізделген.

Жаттығудың мақсаты: шығармашылық қабілетін дамыту, көрген білгендері бойынша өзіндік ой, тұжырым жасауға, пікір білдіруге үйрету.

Жаттығудың тиімділігі: оқушыларды шығармашылық жұмысқа итермелейді, ойлау белсенділігін арттырады, ізденіске жетелейді, өзіндік ойын, көзқарасын дәлелдеуге дағдыланады.

1-жаттығу. «Алтын Орда – Шыңғыс хан әулиетінің мемлекеті» тақырыбына мәтін әзірлеңіз.

2-жаттығу. «Шыңғыс хан қандай тұлға?» тақырыбы бойынша пікірталас өткізіңіз (даттау, мақтау).

Тапсырма: Мәтін, пікірталас кезінде біз қандай кірме сөздерді пайдаланғанымызды анықтаңыз.

Қорыта айтқанда, оқушыларға кірме сөздерді меңгертудің тиімді жолы − жаттығу жұмыстарын жүйелеу. Зерттеу жұмысы: іздену жаттығулары, дайындық жаттығулары, негізгі жаттығулар арқылы жүргізілді. Іздену жаттығулары мәтіннен немесе арнайы лексикалық тақырыпқа берілген лексикалық минимумдардан кірме сөздерді тауып, олардың мағынасын терең түсінуге, этимологиясын анықтауға арналды. Дайындық жаттығулары кірме сөздерден сөз тіркесін құрастыру, олардан сөйлем құрастыру, кірме сөздерді

қатыстыра отырып диалог құрастыруға бағытталса, негізгі жаттығулар: шағын мәтін құрастыру, әңгіме құрастыру, пікірталас өткізу, баяндама әзірлеуге арналды.

Осы сынды кірме сөздерді меңгертуге арналған тапсырмалар мен жаттығулар оқушылардың сөздік қорын дамытып қана қоймай, өз ойын, көзқарасын еркін жеткізуге дағдыланатыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969.
2. Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы, 1974.
3. Бекмұхаметов Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері (түсіндірме сөздік). – Алматы: Қазақстан, 1977. – 200 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған І.Кеңесбаев. І, ІІ том. – Алматы: Ғылым, 1959.; 1961.
5. Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. –Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық /Құраст. Т.Жанұзақов, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы: Арыс, 2006.

УДК8. 882

«СМЕРТЬ ПОЭТА» М.Ю. ЛЕРМОНТОВА – ЭТО СТИХ ВЕЧНОГО ПЛАМЕНИ СПРАВЕДЛИВОСТИ

Студентка группы 1702-89 Тохтыбаева Л. Х.
Научный руководитель: к.ф.н., доцент Маханова Г.Б.
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Мақалада М.Ю. Лермонтов «Ақын өлімі» («Смерть поэта») орыс әдебиетінің ұлы ақыны А.С. Пушкинге арналған. Поэма Лермонтовтың әділдігінің үні ғана емес, сонымен бірге оның рухани тәжірибелерінің зары болды.

В статье анализируется стихотворение М.Ю. Лермонтова «Смерть поэта» посвященной гибели великого поэта русской литературы А.С. Пушкина. «Смерть поэта» стало стихотворением-памятником Лермонтова, создавшим ему громкую известность и проявившим его публичную позицию на социально-политическое положение России. В произведениях Лермонтова мы видим не только великого поэта, а видим родственную душу. Филолог И.С.Чистова пишет: «Стихотворение М.Ю. Лермонтова занимает в истории отечественной литературы особое место: это наиболее ранняя по времени и несравненная по поэтической силе обобщающая оценка исторического, всенародного значения Пушкина, его «дивного гения» для России, и в этом смысле выдающийся акт общественного, национального самосознания» [1:511]. Литературоведы по-разному определяют жанр стихотворения «Смерть поэта»: некоторые определяют как политическая ода, другие считают, что это совмещение элегии и сатиры (эпиграммы), третьи относят к лиро- эпическому

жанру. Первая часть стихотворения – элегия с чертами оды, вторая часть тяготит к жанру эпиграммы. Стихотворение разностороннее, выделить единый жанр достаточно сложно. Совмещение сатиры и элегии передаёт душевное состояние поэта, узнавшего страшную новость.

Ведущей темой стихотворения является безвременная утрата великого гения, масштабы которой невозможно постичь. Поэт воспевает не только талант, но и доброе сердце, благородство, доверчивость и веру в людей, черты которыми отличался Пушкин. Строфа, посвящённая Дантесу, несёт однозначный упрёк в его низости и пренебрежении культурой неродной для него России: «Смеясь, он дерзко презирал чужой земли язык и нравы». Заброшенный в Россию «на ловлю счастья и чинов», человек с «пустым сердцем», даже не представлял, с кем он собирался драться… «не мог понять, в сей миг кровавый, на что̀ он руку поднимал!»[2:85-102].

А проблема была в том, что в то время не было запрета на дуэли, из-за этого смерть поэта не воспринималась обществом как преступление или убийство. На такую несправедливость представители высшего общества закрывали глаза, только поэт с великой душой Лермонтов не мог не откликнуться на такую жестокость. Лермонтов всегда восхищался талантом Александра Сергеевича Пушкина, и считал его идеальным великим поэтом.

«Смерть поэта» стало не только голосом справедливости Лермонтова, но и криком его душевных переживаний можно разделить на три основные части. В первой части поэт описывает тяжёлую боль от утраты великого человека. Автор пишет о ужасной потере русской литературы, о своих сожалениях и о душевной травме.

А во второй и третьей, Лермонтов хладнокровно обращается к обществу, задавая точные и конкретные вопросы, на которые должен ответить. Буря вольных слов в свою очередь стали причиной ответных стихов многих поэтов. В стихотворение автор рассказывает и о Дантесе, о убийце, презирая его душевную инвалидность и безнравственость. Лермонтов описал всю жестокую сущность преступника и сравнил его с пустым человеком. Но, это лишь верхушка айсберга, потому что, самое худшее из всех обвинений было то, что Дантес даже не осознал, какого великого человека он убил. И здесь очень ярко выражено его интеллектуальное бессилие характерное для преступника, который даже не мог узнать своего врага поближе. Не зря же говорится «Держи друга ближе, а врага еще ближе». Потому что сильный человек не тот, кто побеждает своего врага, а тот, кто точно знает кто его враг. А Дантес не знал и не понимал кто стоит перед ним. Если бы он хоть чуть-чуть понимал, что А.С.Пушкин – великий гений, то не совершил бы такую ошибку.

Лирический герой ведёт монолог, посвящённый гибели Пушкина, резкий и жёсткий взгляд на произошедшее событие, показывает всю масштабность трагедии. Стихотворение, состоящее из нескольких структурных частей различных по рифмовке, размеру и ритму, написано в несколько этапов. В первой строфе лирический герой оплакивает смерть товарища по ремеслу, она эмоциональна и трогательна. Он не может поверить в произошедшее событие,

лирический герой подавлен и потерян. Поэт использует разнообразные художественные приёмы для достижения цели – передачи своей мысли о значимости Пушкина в русской литературе.

В стихотворении Михаил Юрьевич описывает сердце преступника как хладнокровное и пустое, делая его совершенно противоположным пламенному сердцу Пушкина. И в этих отрывках автор озвучивает не беспомощность огненного сердца поэта перед смертью, а бессилие и неспособность пустого сердца, которое даже не смогло остановить своего хозяина. Именно этот отрывок вызывал у меня чувство переживания, побудил в моей душе справедливость. Именно в этой части читатель очень глубоко прочувствует всю суть трагической ситуации.

После этой части Лермонтов перешёл на общество и людей, которые допустили такую трагедию. Эти люди для автора были не менее виновными чем убийца, он считал что такие бездушные и завистливые люди всегда травили жизнь великого поэта. Он сравнивал этих жестоких людей с палачами, и пригрозил им, что справедливость восторжествует.

Стихотворение «Смерть поэта» Лермонтова не теряет свою ценность, потому что это стих вечного пламени справедливости. Оно доказывает, что поэзия имеет такую страшную силу, которая может тронуть душу миллионов людей и нарисовать крайне необходимую духовную бескрайность. И вся суть не только в художественном изображении стиха, но ещё и в глубоком и неординарном смысле. Трудно передать те чувства, которые испытываешь, читая стихотворение поэта. Неуловимый ход мыслей и сила сокровенных и многообразных художественно-изобразительных средств, делают его портреты и пейзажи неповторимыми.

Следует отметить, что при анализе стихотворения были выявлены следующие средства выразительности: эпитеты подчёркивают ораторский монолог Лермонтова: «свободный смелый дар», «дивный гений», «кровавый миг», «глухая ревность», «пламенные страсти», «ничтожные клеветники», «грозный суд», «пустое сердце» и другие [3: 98-106].

Метафоры умело маскируют и сдерживают гнев автора, облачая его в нужные острые образы: «звон злата», «увял торжественный венок», «ловля счастья и чинов», «взят могилой», «на устах его печать».

Проблемы в его произведениях трагичные, герои вечные, природа живая, а любовь великая. Это доказывает, что Лермонтов человек с сильной волей и не отступает от границ своих принципов. Но эти принципы созданы из высокоморальных сторон его духовного богатства. О лирике Лермонтова можно спорить вечно, но и можно с уверенностью сделать вывод, что он великий поэт, а его произведения бессмертные.

Литература:

1. Чистова И. С. «Смерть поэта» // Лермонтовская энциклопедия / АН СССР. Ин-т рус. лит. (Пушкин. Дом); Науч.-ред. совет изд-ва «Сов. Энцикл.» — М.: Сов. Энцикл., 1981. — С. 511—513.

2. Гинзбург Л.С.К анализу стихотворения Лермонтова «Смерть поэта». Кого подразумевает Лермонтов под словами: «певец, неведомый, но милый»? (Опыт построения новой гипотезы) // «Slavia», 1930, roč. 9, seš. l, č. 85—102
3.Тынянов Ю. Литературный источник «Смерти поэта» // «ВЛ», 1964, № 10, с. 98—106

ӘОЖ: 82-131

«ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ» ҮШІНШІ НҰСҚАСЫНЫҢ ТАБЫЛУЫ

Нұриман Б.Т. – PhD, ОҚМПУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
Маулан М.Е. – ОҚМПУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты

Summary

The "Book of Korkyt Ata", which reflects the worldview, literature, culture, and history of peoples of Turkic origin, was based on the research of world scientists on the versions of Dresden and the Vatican previously published in science. A third variant called "Turkestan", "Gunbed" or "Turkmen Sahra" was found in 2019 in the Iranian region of "Turkmen Sahra". The manuscript was found by a man named Veli Mohammed Khoja. The new version has been actively analyzed by Turkish scientists since its discovery. Facsimiles, transcription, translation and a frequency dictionary of the manuscript have already been published in several Turkic languages. The study of the third version of the "Book of Korkyt Ata" is an important issue for Kazakh science. However, there is no work about the literary monument in the Kazakh language, except for the study of Erjan Alkaya. This article contains information about the discovery and publication of the third version of the Book of Korkyt Ata" in science. The object of the study was the works of Metin Ekiji, Yusuf Azmun, Nasir Shahgoli, Valiollah Yaghoobi, Ekrem Arikoglu and other scientists.

Кіріспе

«Қорқыт ата кітабы» – түркі халықтарына ортақ әдеби мұра ғана емес, 2018 жылы ЮНЕСКО тарапынан адамзат баласының ортақ рухани қазынасы деп танылған жәдігердің бірі. Бүгінде оның жаңа қолжазбалары табылып, нұсқаларының саны артуда. Мысалы, бұған дейін ғылымда 1815 жылы табылған Дрезден нұсқасы, 1952 жылы табылған Ватикан нұсқасы белгілі еді. 2019 жылы Иранның «Түрікмен сахра» аймағынан үшінші, 2022 жылдың ақпан айында Түркиядан төртінші нұсқасының табылғаны туралы ақпарат тарады. Бүгінге дейін алғашқы екі нұсқа туралы әлемдік түркітанушылармен қатар, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев және т.б. қазақ ғалымдары жан-жақты зерттеу жүргізді.

«Қорқыт ата кітабының» төртінші нұсқасы туралы ақпаратты Түркияның Күтаһия қаласындағы Дұмлыпынар университетінің профессоры, ғылым докторы Ерсен Ерсой есімді ғалым жариялады [1]. Алайда, оған қатысты әзірге басқа мәлімет тарамады. Ал, үшінші нұсқа 2019 жылдан, яғни табылған уақыттан бері Түркия ғалымдары тарапынан қызу талданып келеді. Қазірдің өзінде қолжазбаның факсимилесі, транскрипциясы, түрік тіліндегі аудармасы және жиілік сөздігі бірнеше мәрте жарық көрді. Одан кейін дәл осы үлгіде әзербайжан мен өзбек тілінде де жарияланды.

«Қорқыт ата кітабының» үшінші нұсқасы туралы қазақ тілінде жарық көрген еңбектің бірі түрік ғалымы Ерджан Алкаяға тиесілі [2: 92]. Қазақ тілінде одан басқа толыққанды еңбек кездеспейді. Сондықтан, «Қорқыт ата кітабының» үшінші нұсқасын зерттеу бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін күн тәртібінде тұрған маңызды мәселенің бірі деуге болады. Сондықтан, бұл мақалада «Қорқыт ата кітабының» табылуына қатысты мәселе жан-жақты талданады.

Негізгі бөлім

Үшінші қолжазба туралы және оның табылуына қатысты мәлімет 2019 жылдан бері әлеуметтік желілерден бастап, мерзімді басылымдар мен ғылыми еңбектерде кеңінен талқыланды. Қолжазбаны Иранның Гүлістан облысы Түрікменсахра аймағы Гүнбеди Кабус кентінде тұратын электр инженері Вели Мұхаммед Ходжа есімді кісі тапқан [3: 25]. Ол инженер болса да, ескі кітаптарды жинаумен айналысатын коллекционердің бірі. Оның қалай тапқаны туралы толық мағлұмат ғалым О.Ф.Серткая мен Х.Ұзынташтың зерттеуінде және Н.Шахголи, В.Иагһооби, Ш.Агатабай, С.Бехзад есімді зерттеушілер тобы дайындаған ғылыми еңбекте жан-жақты баяндалады. Деректерге қарағанда, Вели Мұхаммед Ходжа 12 желтоқсан 2018 жылы Тегеранның «Инклап» атты кітап базарындағы «Хүнер» деген кітап дүкеніне барады. Оның егесі Сүһейіл Раби әуелде дүкенге сирек қолжазба немесе кітаптың түспегенін айтады. Алайда, сол жерде тұрғанда дүкенге қолында жұқалтаң ғана кітабы бар бір кісі кіріп, оны сатқысы келетінін айтады. Сатушы да оны Вели Мұхаммед Ходжаға ұсынады. Ол саудаласа келе, сатып алады. Н.Шахголи бастаған зерттеушілер еңбегінде оқиға Вели Мұхаммед Ходжаның сөзімен төмендегідей баяндалады:

«Қолжазбаны сатқан адам аты-жөнін жария етуден бас тартты. Бірақ, ол өзінің Качар әулетінен шыққанын, қолындағы мұраның Качар мемлекетінің негізін қалаушы Аға Мұхаммет ханның кітапханасынан қалған жәдігер екенін айтты. Бұл кітап әулетінде ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде сақталып жеткен екен. Ол азамат туыстарының қолында отбасы мұрасы ретінде сақталған басқа да ескі кітаптардың бар екенін жеткізді. Бұл кісінің айтуына қарағанда, оның бір туысында Аға Мұхаммет ханның түрік тілінде жазылған естеліктерінің қолжазбасы бар» [4: 150].

Зерттеулерге қарағанда, Аға Мұхаммед хан Качар 1781-1797 жылдар аралығында Качар хандығын басқарған. Бұл кітап та сол дәуірден жеткен болса керек. Кітапты сатып алса да, бұл уақытта Вели Мұхаммед Ходжа оның қандай қолжазба екенін білмейді. Ең бастысы, түркі тілінде хатқа түскен еңбек екенін аңғарады. Әрі қарай қолындағы мұраның нендей кітап екенін білу үшін Тегерандағы бір зерттеушіге көрсетеді. Алайда, ол тексере келе, жазбаның аса бір маңызды кітап емес екенін айтады.

Вели Мұхаммед Ходжа одан соң Гүнбед кентіне қайтады. Онда Сара Бехзад есімді кісіге қолжазбаны сканерлетіп, пдф нұсқасын алады. Оның нендей жазба екенін анықтау үшін 2018 жылдың желтоқсан айында Америкада тұратын Иусуф Азмун есімді зерттеушінің электронды поштасына жолдайды.

Әуелде И.Азмун файлды аша алмай, жазбаны оқи алмайды. Вели Мұхаммед Ходжа бұл жолы файлды Түркияның Анкара қаласында докторантурада оқитын Шahруз Акатабайға жіберіп, оны ашып И.Азмунға жолдауын өтінеді. Ғалым О.Ф.Серткая мен Х.Ұзынташ еңбегінде, ол файлды оқыған Ш.Акатабай кітаптың «Қорқыт ата кітабының» жаңа нұсқасы екенін аңғарып, «бұл қолжазбамен өзім айналысамын» деп айтқанын жеткізеді [3: 26]. Дегенмен, И.Азмунның электронды поштасына да жолдайды. Вели Мұхаммед Ходжа қолжазбаны Ш.Акатабайға көрсеткеннен кейін ғана «Қорқыт ата кітабының» жаңа нұсқасы екенін біледі. Дегенмен, ол кезде көпшілікке жарияланбады.

Араға бірнеше уақыт салып, яғни, 2019 жылдың наурыз айында Вели Мұхаммед Ходжа Қазақстанның Ақтау қаласына бір конференцияға келеді. Сол жерде түрік ғалымы Метин Екижимен танысып, қолжазбаның бірнеше парағын көрсетеді. Онымен айналысуын өтініп, 61 беттен тұратын қолжазбаның пдф нұсқасын электронды поштасына жолдайды. Алғашында бірнеше парағына көз жүгіртіп шыққан ғалым Метин Екижи кейін оқимын деген мақсатпен басқа шаруаларымен айналысып, шетелге сапарға шығып кетеді. Сәуір айының ортасында оралған соңғы жағдайды ол былайша баяндайды:

«Бір күні жазбаны қайта ашып, алғашқы үш бетіне назар салғанымда қызылмен жазылған мәтіннен басқасының бәрі бір үлгіде жазылғанын көрдім. Алғашқы бетінен басталатын мінәжат жанрындағы өленді оқығанда бұл нұсқаны Қорқыт ата жазбаларымен байланыстыра алмадым. Кейінгі беттерінде жазылған мәтінде тақырыптардың болмауы, өленнің қай жерден басталып, қай жерден аяқталатынын табуға қиын еді. Соған қарамастан мәтінді басынан соңына дейін оқуға бел будым және соңғы беттеріндегі «Қорқыт ата кітабына» ұқсас мәтінді көрмейінше мұны Қорқыт атамен байланыстыра алмадым. … Мәтінді толық оқып бітіргенде іздегенімді таптым. Тақырып қойып, түсіндірілмесе де, бұл мәтін Қорқыт атадан жеткен жыр. «Салур Қазанның жеті басты айдаһарды өлтіруі» болуы мүмкін? Бәлкім, Қорқыт атаның 13-дастан болуы да мүмкін?» [5: 10].

Одан кейін ғалым Метин Екижи қолжазбаны оқуға қызу кіріседі және оған шәкірті, ғылым докторы Гүрол Пехливан да үлес қосады. Бұл жұмыстың нәтижесі кейін 25-27 сәуір 2019 жылы Түркияның Байбұрт қаласында өтетін «Әлемдік мәдени мұра – Қорқыт ата» атты Халықаралық симпозиумға дайындайды. Симпозиумнан бірнеше күн бұрын Вели Мұхаммед Ходжаға хабарласып, қолжазба туралы баяндама жасайтынын және оны көпшілікке жариялайтынын айтады. Сол үшін қайдан, қалай тапқаны туралы толық мағлұмат беруін өтінеді. Ғалым Метин Екижи одан: «Есімінің жарияланғанын қаламайтынын, әзірше мұның ыңғайлы сәт емес екенін жазды» дейді [5: 11]. Дегенмен, ғалым симпозуимда қолжазбаның электронды нұсқасын ұсына отырып, жырдың мазмұнын талдайды. Жазбадағы нақыл сөздердің «Қорқыт ата кітабының» бұған дейінгі нұсқаларымен үндес екенін, ал, жырдың қазірге дейін белгілі 12 жырдан бөлек, яғни, 13-дастан екен дәлелдейді. Осы сәттен бастап, ғылыми орта да, жалпы көпшілік те, «Қорқыт ата кітабының» үшінші

нұсқасының табылғанынан хабардар болды. Осы баяндамаға ғалым Е.Арыкоглу былай деп баға береді:

«Екижи осы баяндамасында: Әуелі, ғылым әлеміне бұған дейін екі нұсқасы белгілі «Қорқыт ата кітабының» үшінші қолжазбасының табылғанын хабарлады. Екіншіден, бұл қолжазбада кездесетін «Қорқыт ата кітабының» 13-дастанын «Салур Қазанның жеті басты айдаһарды өлтіруі» деп атады, яғни жырдың атын өзі қойды. Үшіншіден, қолжазбаның табылған жері Түркістан аумағы болғандықтан бұл қолжазбаны «Түркістан нұсқасы» деп атаудың дұрыс екенін ұсынды [6: 24].

Қорытынды

Мақалада «Қорқыт ата кітабының» бүгінге дейін белгілі болған Дрезден және Ватикан нұсқаларынан бөлек үшінші нұсқаның табылуы қарастырылды. Америка мен Түркия ғалымдарының зерттеу еңбегін зерделей келе қолжазбаның қай жерден, кімнің, қалай тапқаны және оның көпшілікке жариялануына қатысты мәселе талданды.

Әдебиеттер

1. https://gercekedebiyat.com/haber/dede-korkut-hikayelerinin-yeni-nushasi-bulundu (қаралған уақыты: 01.03.2022)

2. Алкая Эрджан. Қазақ тілінде жаңашаланған «Қорқыт Ата кітабы» // Turkic Studies Journal. – 2020, 3(2). 91-95 бб.

3. Sertkaya, O. F., Uzuntaş H. (2020). Dede Korkut'un Günbed Yazması Üzerine Araştırmalar ve incelemeler. İstanbul: Bilge Kültür Sanat, 2020. – 176 s.

4. Shahgoli, N. K.; Yaghoobi, V.; Aghatabai, S. ve Behzad S. Dede Korkut Kitabı'nın Günbet Yazması: İnceleme, Metin, Dizin ve Tıpkıbasım // Modern Türklük Araştırmaları Dergisi, 16(2), 2019. ss. 147-379.

5. Ekici, M. Dede Korkut Kitabı Türkistan/Türkmen Sahra Nüshası-Soylamalar ve 13. Boy-Salur Kazan'ın Yedi Başlı Ejderhayı Öldürmesi. İstanbul: Ötüken Yayınevi, 2019. – 222 s.

6. Arıkoğlu Ekrem. Dede Korkut Kitabı'nın Üçüncü Yazmasının Bulunuşu // Milli Folklor. 123 (2019). ss. 23-30.

ӘОЖ

З.СӘНІКТІҢ «БАСБАЙ» РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ӘДІС

Рахымбек С. – 1701-10 тобының магистранты

Ғылыми жетекші: Мамыт А.А. – ф.ғ.к., доцент.

Оңтүстік Қазақстан мелекеттік педагогикалық университеті, Шымент.

Резюме

В статье рассматривается историческая реальность и художественный прием романа «Баспай» писателя Зейноллы Саныk.

Қазақ қоғамында қалың оқырманын өз туындыларымен баурап алатын таланттар аз емес. Сондай дарын иесі қытайда ғұмыр кешкен қазақ жазушысы – Зейнолла Сәнік.

Қаламгердің тарихи шығармаларының бірі – «Басбай» романы. Әдеби туынды Шыңжаң қазақтарының арасынан шыққан аса көрнекті қайраткер, даңқы бүкіл Қытайға белгілі бай – Басбай Шолақұлы жөнінде. Автор Басбай Шолақұлының өмірін, ол өмір сүрген дәуірді терең зерттегендіктен бас кейіпкер өмір сүрген дәуірдің тарихи оқиғалары да өте нанымды бейнеленген.

«Бай» сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне сәйкес, иелігінде көп мал-мүлкі бар, үстем тап өкілі немесе дәулеті тасыған жетілген адам мағынасын береді. Дегенмен де, қазақ түсінгіндегі «Бай» деген сөз байлықты ғана тура мағыналаған ұғым емес. Кезінде қазақ даласына келіп, жағдайды көзімен көрген орыс генералы Броневский: «Қазақтың байлары орыстың «богатый» сөзінің баламасы емес, қазақтың байы – ақыл-ойы, рухани жағынан барынша жетіліп, нағыз кемеліне келген адам. Соны ғана қазақ халқы бай дейді. Ал жай ғана материалдық құндылықтарды жинаған адамды қазақ ешқашан бай деп мойындамаған», – деп жазған. Зейнолланың Басбайы да дәл осылай баға беруге тұрарлық тұлға десек артық айтқандық емес [2].

Басбай Шолақұлы Бапин - Қытай қазақтары арасынан шыққан атақты бай, көрнекті қоғам қайраткері. ШҰАР Тарбағатай аймағының алғашқы уәлиі (губернаторы). Ол өз қаржысы арқылы мектеп-медресе ашып, көпір салдырып, халыққа көп игілікті істер жасаған. Ұлы Отан соғысы кезінде (1943 ж.) КСРО-ға көмекке ер-тұрманымен 500 ат көмек жіберсе, Кореяға көмектесіп, Америкаға қарсы тұруға (1951 ж.) бір ұшақ атаған [3, 158].

Романда сол кездегі қазақтың тағдыр-талайы, тыныс-тіршілігі, салт-санасы, жөн-жоралғылары, тарихи оқиғалар суреттеледі. Кейіпкерлерінің жеке бастарын ғана емес, ата-бабасы мен қоршаған ортасына дейін толық қамтып көрсететіні тәнті етеді. Романда Мәмбет елінің Барлықты құтты қоныс еткенін, оларға бұрынырақта Әділбек батыр, Отыншы билер билік жүргізіп, төрелік айтқанын, олардан кейін Қабанбай батырдың шөбересі Сүлеймен мен Бапы болыстар бас ие болғанын, міне, ендігі кезекте сол Сүлейменнің Қанағаты мен Бапының немерелері – Әлімғазы мен Басбайдың дәуірі басталғанын көркем тілмен кестелеп жазады. Басбай болыс, би, аймақ уәлиі болып, аттан түспей жүрсе де, ешуақытта адамдық қадір-қасиетін жоғалтпаған, өз биігінен ешқашан аласармаған, қарапайымдылығымен елге жаққан ардақты тұлға. Өз қарамағындағы халыққа жайлы болып, қолынан келген көмегін аямай, қаржылай қарасып тұрған. Шәуешекке Асар электр станциясын салдырып, қала халқын жарықпен қамтамасыз еткен. Жұрттың Еміл өзенінен әрлі-берлі қиналмай өтіп-жүруі үшін өз қаражатымен ұзындығы – сексен жеті метр, кеңдігі – алты метр үлкен көпір салдырған. Көпір күрең сырмен сырланып, қос жақтауына оюлы шарбақтар қойылып, екі басына доғаша иілген маңдайшалық орнатылып, оған «Басбай шоң көпірі» деп жазып қойыпты. Сол өңірді мекендеген қазақтар Емілдің балығы мен қамыс-шиін Шәуешекке аталмыш көпір арқылы апарып, сауданың көрігін қыздырып, жан бағыпты. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өзі шетелде тұрып жатса да, қан кешіп жатқан қандастарына арнап бес жүз атты ер-тұрманымен жібергені де ерлікпен пара-пар игілікті іс емес пе?! Ал соның алдында ғана Жапониямен соғысып жатқан

Қытай үкіметіне арнап екі жүз атты көмекке жібергенін де әлі күнге дейін сол жақтағы ел мақтанышпен тамсана отырып айтады. Сонымен қатар, Басбай болыстың жомарттығын айдай әлемге паш етіп, абыройын асырған елеулі оқиға, елуінші жылдардың басында Кеңес одағы және Қытай елінің араласуымен Корея түбегінде тұтанған соғысқа көмек ретінде әскери ұшақ сыйлауы еді. «Оған төрт мың қой, жүз жылқы, жүз сиыр, жүз түйе, жүз сары алтын атаған екен» деген ақпарат бар. Аталмыш шығармада осы тарихи оқиғалардың бәрі асқан шеберлікпен, көркем тілмен әдемі кестеленген.

Басбай байдың көркем бейнесі оның осындай игі істері мен елге жасаған жақсылықтары арқылы тайға таңба басқандай анық бейнеленеді. Ол осынша байлыққа мұрагерлікпен ие болмаған, маңдай тері, табан етпен жеткен. Оны да осы шығармадан оқып-білуге болады. Шынын айтқанда бұл роман Басбай байдың қандай адам болғанын, оның қайырымды жан екенін, адамдық асыл қасиеттерін, кісілік келбетін, болмыс-бітімін жан-жақты ашып көрсеткен. Ел ішіндегі қисық-қыңырды түзету, пәле-жалаға ұшырап, бастарына іс түскендерге көмектесу, әлдіден зәбір көріп, жапа шеккен әлсізді қолдап-қуаттау Басбай байдың басты адамдық һәм азаматтық борышы болғанға ұқсайды. Оны романда көрініс табатын мына оқиғадан байқауымызға болады:

Басекең қанауға, біреудің еңбекақысын иелеп, о жылдан бұ жылға теріше сүйретіп кететін сауда зорлыққа жаны қас адам еді. Оқас деген татар 30-жылдардың орта шенінен тартып Басекеңнің меншікті саудагері болып жүріпті. Ол Басекеңнің қолынан бір жеп, жолынан бір жеп, онан Басекең төңірегіндегі елді қоса жеп жүріп ақыры ірі бай болып алады. Кейін аймақтық қазына мекемесінің бастығы болды. Сол Оқас Шағынтоғайдағы Сатыбалды деген адамның болымсыз жалақысын жеп уағында бермей үш жылға созыпты. Бір күні Басекеңдер аймақтың бөлім жауаптыларымен жиын ашып отырғанда Сатыбалды сонау Шағынтоғайдан тентіреп тағы келеді. Оның үшінші рет келіп отырғанын білген соң Басекең бұлқан-талқан болады:

«- Өй, қу Оқас, өй шақшабас! Анау Сатыбалды дегеннің ақысын бермей әлі сүйретіп жүріпсің ғой. Өй, онда сенің әкеңнің құны бар ма еді деймін. Орыс елін құртқаның аз болғандай енді Қытай елін құртайын деп пе едің? Біреудің ақысын сүйреткенде бетің қызармай ма деймін...

Басекең Оқасты жерден алып жерге салады. Мойнында міні бар, оның үстіне бұрыннан Басекеңе қарсы келіп көрмеген Оқас үн-түнсіз далаға шығып:

- Япырым-ай, жаман уақытта келіп қалғаның-ай, жігітім. Басекеңнен өмірі мұндай ауыр сөз естіп көрмеп едім, жұрт алдында қатты ұялдым. Өзімнен де болды, - деп басын шайқап, оның ақысын базардағы өз дүкенінен алып бермек болып солай аяңдады» [4, 233].

Романда тек Басбай байдың басынан кешкендері, ғибратқа толы ғұмыры, пенделік мақсат-мұраты, азаматтық арман-аңсары ғана емес, ел мен жер жайы, өлкенің кешегісі мен бүгінгі тыныс-тіршілігі, сол дәуірдің шындығы мен замана келбеті тұтас көрініс тапқан. Бөкенші, Омар, Жатқанбай билер, Мамырбек, Жалбағай, Таңғыт, Түйеші үкірдайлар, Қанағат, Қыдырмолла, Зейнолла, Әлімғазы болыстар, Төкен, Мұқаш, Бәйтіш, Сымайыл зәңгілер,

Амбы мекемесінің өкілдері – Сәмбілей, Демежан мырзалар, Әсет, Кәдрихан ақындар, Қайрақбай күйші, Әмірсан, Мырауыт байлар, Қали, Мәжен, Иса, Итемір, Әлікей, Оқабай қажылар, Ешен қазірет секілді көптеген тарихи тұлғалардың көркем бейнелері сәтті, нанымды сомдалған. Жазушы кейіпкерлері біркелкі кескін-кейіпте емес, әртүрлі қырынан көрінеді. Әр кейіпкердің өзіне тән болмыс-бітімі, мінез-құлқы, қимыл-қозғалысы, сөйлеген сөздері, тіпті киген киімдеріне дейін бір-біріне еш ұқсамайды, санқилы, әртүрлі образдар галереясын жасаған.

Қаламгердің «Басбай» романы сөз өнері саласындағы эстетикалық талғамын, көркем шығармашылықтағы қалам қарымының қуатын танытатын сүбелі дүние екенін аңғардық. Әрбір оқырман екі нәрсеге, біріншіден, шетте жүрген қандастарымыздың ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай қорғап, оған үлкен құрметпен қарайтындығына, екіншіден, бізде жоғалып бара жатқан соншама мол рухани құндылықтарымыздың шетелдегі қазақ диаспорасының ортасында сақталып қалғанына көз жеткізеді.

Ата жұртын аңсап, әр шығармасында туған жерге деген махаббатын бедерлеп, қазақ өнеріне ерекше құрметін білдірген жазушының әр еңбегі зерттелуге әбден лайық және өз зерттеушілерін күтіп тұрған тың дүниелер екені сөзсіз. Көкірегі алтын сандық жазушының қаламынан туған кестелі сөз иірімдері ұрпақ үшін өрнегі өзгеше дүние болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндерме сөздігі. 2-том. Алматы:«Ғылым» баспасы, 1976.
2. https://qazaqadebieti.kz/4516/adam-apyl-ne-seniki
3. Шәкенұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. Алматы, 2007.
4. Сәнік З. «Басбай» тарихи романы. –Алматы: «Санат» баспасы, 2007.

ӘОЖ

STOP SAYING « I`M FINE»

Serik Zhanerke-1505-21group

Senior teacher: Taiteliyeva Maira, senior teacher

South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Түйін

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі фразеологиялық тіркестердің баламалары туралы айтылады

Hey, How are you? You hear this phrase all the time and I`m sure you have a reflex to answer, I`m fine thank you. This was like your first English class at school, right? But the thing is, what we`ve learned at school is not always applicable in real life. In America for example, if you`re asked how are you? In the majority of cases, people don`t care, which means that your answer should depend on whether people care or not. And I`m fine, thank you, is, well, kind of old fashioned.

First, let`s look at some quick phrases that you can use. You would use those phrases with acquaintances or strangers. What does in mean? When you come to a grocery store and the cashier asks you, how are you? This is a stranger and you don`t want to tell them that everything is bad and you have to pay this college bill or

whatever. Or if somebody sitting next to you in a bus or you`re riding in an elevator, like, I ride in an elevator everyday, I meet my neighbors and they always, how are you? It doesn`t mean they`re really interested in how am I, they just want to start a conversation. Those people are also strangers. Actually, in the United States, when people ask you, how are you? Sometimes it`s equal to hello and it`s not really a question. So in these situations, it`s better to give a short answer, cause you don`t want to be too daunting with explaining what`s going on in your life. The first short answer is, not bad, which depending on your intonation, can be either positive or neutral. So if you not bad, that means everything is okay, everything is going well. You know, say, eh, not bad, which is neutral. Or, not bad, this is positive.

The next phrase you can say, «*all right*». Again here, it means you`re fine. And everything depends on your intonation. All right like okay, neutral. Everything`s all right. Positive, you know, you`re enjoying your life.

The next you can say, «*good*». And sometimes you think that saying I`m good is grammatically incorrect, because when we`re talking about actions, we normally use adverbs instead of adjectives. So for example, saying we danced good is wrong, we danced well is better. But because in this sentence, you`re actually saying, I am good, or you can just say good, it makes it grammatically correct. So don`t worry about it. I`m good is a completely dramatically correct phrase and it means that you`re happy, everything is going well in your life. This is the last answer that I`m giving you when you reply to strangers. So let`s repeat them. Not bad, all right, good.

Very short, kind of informal and you don`t waste other people`s time, because you remember that how are you, is just a way of saying hello and being polite. But, if you`re talking to your friends, if you talking to your family members, if you talking to somebody who`s really close, it`s actually impolite to just tell them like, eh, «I`m okay», whatever, «I`m good». You want to be more explicit. You want to go into details because these people actually care about you and they want to know what`s going on in your life.

You can say, «*I`m exhausted*». You`re really tired, there are a lot of things going on at work and you really want to complain, then do it. That`s perfect situation to complain because you`re talking to your friends. If you tell your friend that you`re okay, sometimes if he`s really worried about you, he might ask you, just okay? And this will be an appropriate follow-up question because they might notice that something is not well, that something`s going on, so they want more honesty from you.

If a friend calls you and you know he would always call when he has free time and wants to talk, you can tell him, «*I`m busy*». You see what we`re talking about here, is giving people more details about how you`re actually feeling. Another very common phrase, I`ve been better. Normally it`s followed up by, actually complaining about something or explaining what`s going on in your life and why right now is not the best time, why you`re not enjoying your life right now.

And if you say, «*I`ve been better*», I will probably ask, what`s going on? Why? If everything`s great, if you don`t want to go into too many details, you can just say, I`m great, everything is great.

And the last, but not the least, if something is coming up in your life, you`re having a baby, you`re heading out to a concert, you are getting a new job, you can say, «*I`m excited*».

And don`t forget that when people ask you, especially your friends, when they ask you how you are, and when you tell them what`s going on in your life, it`s very important that you also ask them back, what`s going on in their lives. Cause this is the way you start a conversation. This is the way you`re being polite and maintaining relationship with people who matter to you.

If you`re just learning English it might be confusing to you whether you should re spond or say nothing at all let`s break this down two groups:

First responses to the question how are you when is a stranger or someone in passing meaning it`s more like a greeting.

And second responses to how are you when a friend or someone who actually is wanting to know how you are doing or what is going on in your life here we go first let`s say you were at the bank and the bank teller asks how are you today he`s really greeting you and not asking you to start spilling the details about your life so in this case you can say something short and to the point like «*I`m good thanks*» or pretty good how about you. You see it`s nice to return the question. How about you but again remember you`re not actually asking the person to go into detail about how they are you are just being polite and greeting them back.

In conclusion, it is necessary to give a correct and clear answer during the greeting. Then our answer will sense.

Literature:

1.Longman Dictionary of Phrasal verbs, Courtney R., 2000
2.Andreea-Rosalia Olteanu A holistic approach to phrasal verbs, 2012.
3.Fluentu.com/blog/English/basic-english-phrases/
4.Hiltuten, Risto, Verbal Phrases and Phrasal Verbs in Early Modem English. Amsterdam and Philadelphia:John Benjamins, 1999.
5.Akimoto Minojy. Collocations and Idioms in late Modem English. Amsterdam and Philadelphia: John Benjamins, 1999.

ӘОЖ

ENGLISH LANGUAGE VOCABULARY

Bekzhanova. A. - group 1505-21
Academic adviser: Taitelieva M.A.-senior teacher
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Түйін

Бұл материалда ағылшын тілі сөздігінің ерекшеліктері туралы айтылады.

The vocabulary of Modern English is approximately a quarter Germanic (Old English, Scandinavian, Dutch, German) and two-thirds Italic or Romance (especially Latin, French, Spanish, Italian), with copious and increasing importations from Greek

in science and technology and with considerable borrowings from more than 300 other languages. Names of many basic concepts and things come from Old English or Anglo-
Saxon: heaven and earth, love and hate, life and death, beginning and end, day and ni ght, month and year, heat and cold, way and path, meadow and stream. Cardinal numerals come from Old English, as do all the ordinal numerals except second (Old English other, which still retains its older meaning in "every other day"). Second comes from Latin secundus "following," through French second, related to Latin sequi "to follow," as in English sequence. From Old English come all the personal pronouns (except they, their, and them, which are from Scandinavian), the auxiliary verbs (except the marginal used, which is from French), most simple prepositions, and all conjunctions.

Numerous nouns would be identical whether they came from Old English or Scandinavian: father, mother, brother (but not sister); man, wife; ground, land, tree, grass; summer, winter; cliff, dale. Many verbs would also be identical, especially monosyllabic verbs—bring, come, get, hear, meet, see, set, sit, spin, stand, think.

The same is true of the adjectives full and wise; the colour names gray (grey), green, and white; the possessives mine and thine (but not ours and yours); the terms north and west (but not south and east); and the prepositions over and under. Just a few English and Scandinavian doublets coexist in current speech: no and nay, yea and ay, from and fro, rear (i.e., "to bring up") and raise, shirt and skirt (both related to the adjective short), less and loose. From Scandinavian, law was borrowed early, whence bylaw, meaning village law, and outlaw, meaning "man outside the law." Husband (hus-bondi) meant "householder," whether single or married, whereas fellow (fe-lagi) meant one who "lays fee" or shares property with another, and so "partner, shareholder." From Scandinavian come the common nouns axle (tree), band, birth, bloom, crook, dirt, egg, gait, gap, girth, knife, loan, race, rift, root, score, seat, skill, sky, snare, thrift, and window; the adjectives awkward, flat, happy, ill, loose, rotten, rugged, sly, tight, ugly, weak, and wrong; and many verbs, including call, cast, clasp, clip, crave, die, droop, drown, flit, gape, gasp, glitter, life, rake, rid, scare, scowl, skulk, snub, sprint, thrive, thrust, and want.

Knowledge of the pre-Wycliffe English renditions stems from the many actual manuscripts that have survived.

The debt of the English language to French is large. The terms president, representative, legislature, congress, constitution, and parliament are all French. So, too, are duke, marquis, viscount, and baron; but king, queen, lord, lady, earl, and knight are English. City, village, court, palace, manor, mansion, residence, and domicile are French; but town, borough, hall, house, bower, room, and home are English. Comparison between the many pairs of English and French synonyms shows that the former are more human and concrete, the latter more intellectual and abstract; e.g., the
terms freedom and liberty, friendship and amity, hatred and enmity, love and affectio

n, likelihood and probability, truth and veracity, lying and mendacity. The superiority of French cooking is duly recognized by the adoption of such culinary terms as boil, broil, fry, grill, roast, souse, and toast. Breakfast is English, but dinner and supper are French. Hunt is English, but chase, quarry, scent, and track are French. Craftsmen bear names of English origin: baker, builder, fisher (man), hedger, miller, shepherd, shoemaker, wainwright, and weaver, or webber. Names of skilled artisans, however, are French: carpenter, draper, haberdasher, joiner, mason, painter, plumber, and tailor. Many terms relating to dress and fashion, cuisine and viniculture, politics and diplomacy, drama and literature, art and ballet come from French.

In the spheres of science and technology many terms come from Classical Greek through French or directly from Greek. Pioneers in research and development now regard Greek as a kind of inexhaustible quarry from which they can draw linguistic material at will. By prefixing the Greek adverb tēle "far away, distant" to the existing compound photography, "light writing," they create the precise (though today rarely used) term telephotography to denote the photographing of distant objects by means of a special lens, known as a telephoto lens. By inserting the prefix micro- "small" into this same compound, they make the new term photomicrography, denoting the electronic photographing of bacteria and viruses. Such neo-Hellenic derivatives would probably have been unintelligible to Plato and Aristotle. Many Greek compounds and derivatives have Latin equivalents with slight or considerable differentiations in meaning.

Equivalent compounds and derivatives nouns from the Greek nouns from the Latin. The italicized suffixes *-al, -escent, and -ous, attached to some of the Greek adjectives, are of Latin origin.dys-troph-ymal-nutr-it-ionhypo-sta-sissub-stan-cehypo-the-sissup-pos-it-ionmeta-morph-o-sistrans-form-at-ionmeta-phortrans-fermeta-the-sistrans-pos-it-ionperi-pher-ycircum-fer-en-ceperi-phra-siscircum-loc-ut-ionsym-path-ycom-pass-ionsyn-drom-econ-curr-en-cesyn-op-siscon-spect-ussyn-the-siscom-pos-it-ionsy-zyg-ycon-junc-t-ion adjectives from the Greek adjectives from the Latindia-phan-oustrans-par-enthyper-aesth-et-icsuper-sens-it-ivehyper-phys-ic-alsuper-nat-ur-alhypo-derm-icsub-cut-an-eoushypo-ge-alsub-terr-an-eanmelan-chol-icatra-bil-iousmono-morph-icuni-formoxy-phyll-ousacut-i-fol-i-ateperi-pat-et-iccircum-amb-ul-at-oryphos-phor-escentlumin-i-fer-ouspoly-glott-almulti-lingu-alsphen-oidcunei-formsyn-chron-iccon-temp-or-ary*

Literature:

1. Baugh, Albert and Cable, Thomas. 2002. The History of the English Language. Upper Saddle River, New Jersey: Prentice Hall. pp. 92-105.
2. Dark, Ken, 2000. Britain and the End of the Roman Empire. Brimscombe, Gloucestershire, Tempus, pp. 43-47.
3. Algeo, John. 2010. The Origins and Development of the English Language. Boston, MA: Wadsworth. pp. 140-141.

УДК 821.161.1

ЖАНР И МОТИВЫ ВОЛШЕБНОЙ СКАЗКИ «ЗОЛУШКА»

Нодирова З. – студентка гр. 11898
Научный руководитель: Абдыханов У. К. – к.ф.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,Шымкент

Summary

The article deals with the genres and motifs of the fairy tale "Cinderella". The author revealed the role of the traditional in the vocabulary and typology of characters, the peculiarity of the time and place of the tale - their uncertainty.

По мнению исследователей происхождение сказки из мифов не вызывает сомнений, что касается волшебной сказки – связывают с мифологическими мотивами, сопряжёнными с ритуалами посвятительного типа. Как отмечает В. Я. Пропп, «волшебная сказка обязана посвятительным ритуалам рядом важнейших символов, мотивов, сюжетов и отчасти своей общей структурой» [1, с. 73]. Помимо ритуальных источников на жанровую форму волшебной сказки и на своеобразие сказочной фантастики оказали влияние первобытные фетишистские, тотемические, магические представления. Е. М. Мелетинский вычленяет следующие ступеньки трансформации мифа в сказку:

– десакрализация;

– ослабление строгой веры в истинность мифических событий;

– развитие сознательной выдумки;

– потеря этнографической конкретности;

– замена мифологических героев обыкновенными людьми, мифологического времени сказочно-неопределенным;

– ослабление или потеря этиологизма;

– перенесение внимания с коллективных судеб на индивидуальные, с космических событий на социальные.

Мифы и ритуалы в архаических обществах не всегда взаимосвязаны и взаимозависимы, но для мифов, тесно связанных с ритуалами, разрыв таких связей становится ступенькой на пути превращения мифа в сказку. Миф, уже не связанный с ритуалом, становится достоянием широкого круга «непосвященных слушателей», что приводит к акцентированию в рассказываемом вымышленных и развлекательных моментов. Соответственно вера в рассказываемые события ослабляется, открывая путь для выдумки.

В архаическом фольклоре сказочная фантастика также «этнографична», как и в мифах, но в классической европейской волшебной сказке фантастика оторвана от племенных верований, создаётся достаточно условная поэтическая мифология сказки. По мере движения от мифа к сказке сужается «масштаб» повествования – интерес переносится на личную судьбу героя. Цель героев не космически важные элементы природы и культуры, а пища, женщины, чудесные предметы – всё, что может способствовать благополучию героя. В сказке ничто не возникает, не появляется, не сотворяется впервые — все только перераспределяется героем, как правило, в свою пользу. Сказочные герои уже не мифологические полубоги-демиурги, высокое происхождение героя имеет

чаще всего социальные формы. Процесс демифологизации делает героем нарочито социально-обездоленного персонажа, что как раз и характерно для анализируемой нами сказки «Золушка».

Как отмечает Е. М. Мелетинский, сказочный герой не имеет тех магических сил, которыми по определению наделен мифологический герой, эти силы приобретаются героем в результате инициации. Ритуальным эквивалентом классической формы сказки является не инициация, а свадьба – ритуал более молодой и индивидуализированный. Таким образом, инициация – ритуальный эквивалент мифа и архаических форм сказки, а свадьба – развитой волшебной сказки. Конечная сказочная цель – свадьба –сопоставима и со свадебным обрядом в целом. В результате сказочной свадьбы герой непременно повышает свой социальный статус.

Источником глобальных коллизий в мифе служит нарушение семейно-брачных отношений, последствия неадекватных поступков героев отражаются на племенном благополучии в космическом масштабе. В волшебной сказке семья сказочная как раз и является символом «большой семьи» – племени, народности, человечества.

Сюжет о семейном угнетении падчерицы и/или младшего брата встречается в сказках всех народов мира. Появление и устойчивое бытование таких сюжетов совпадает с началом разложения родовой общины, появлением семейного неравенства Возникновение образа мачехи Е. М. Мелетинский связывает с нарушением племенной эндогамии, т. е. с добыванием невест слишком «издалека».

Фрейдисты рассматривают мифологические и сказочные сюжеты как опосредованное выражение исключительных психологических ситуаций и реализацию сексуальных влечений, возможных в историческую эпоху образования семьи. Отто Франк связывает трансформацию мифологических сюжетов в сказочные с упорядочиванием семейно-родовых отношений. На верхушке семейной иерархии в патриархальном обществе находится отец, и сказка недвусмысленно разворачивает сюжет в интересах патриарха-отца. Сексуальное соперничество матери и дочери из-за отца вуалируется тем, что мать заменяется мачехой. Е. М. Мелетинский отмечает, что «семейно-социальные мотивы в сказке в целом могут быть расценены как новообразование, дополнившее более древнюю, собственно мифологическую основу» [2, с. 135].

Мифологические мотивы составляют ядро классической европейской сказки, среднюю часть композиции, а социально-бытовые мотивы выступают в функции обрамления, адаптируют сюжет к восприятию определенной аудиторией. В «Золушке» исходная конфликтная ситуация «мачеха-падчерица» получает развитие в ядерной части сказки, а в финале ситуация разрешается счастливым браком, изменяющим социальный статус падчерицы.

Как уже отмечалось выше, по мнению В. Веселовского, сказочные мотивы зарождаются самостоятельно, в качестве схематического отражения древнего быта, а сюжеты распространяются путем заимствования.

В процессе эволюции сказка приобретает достаточно жёсткую структуру, занимает свою нишу среди фольклорных, а позже и литературных жанров. Как известно, фольклорный жанр это ряд или совокупность памятников, объединённых общностью своей поэтической системы. Специфика сказочного жанра выражается в том, что в действительность рассказываемого ни исполнитель ни слушатель не верят.

Время сказки неопределённое, так же, как и место. Как отмечает С. Б. Адоньева, сказочное повествование представляет собой последовательность ситуаций, каждая из которых воспринимается как происходящая в данный момент [3, с. 91]. Если же ситуация удалена, то герой предпринимает перемещение – во времени или в пространстве, не свойственно сказке только мысленное перемещение героя. Время сказки начинается с «вмешательства иррациональных сил в человеческую жизнь» [4, с. 27], это могут быть как объективные, так и субъективные события – нарушения запрета или немотивированные действия какого-либо персонажа, смерть... Способ изображения событий в пространстве и во времени, представленный в сказке, обусловлен культурно-психологическим представлением о пространстве и времени, характерным для традиционного мировидения. Фольклорная модель мира заключается в ценностном подходе к пространству и времени.

Еще в конце 20-х годов XX века русский литературовед В. Я. Пропп на основании исследования структуры волшебных сказок создал функциональную модель сказки любого типа. В структуре сказки, в её лексике и типологии действующих лиц очень много традиционного, почти неизменного, повторяющегося в разных произведениях. Лексика сказок достаточно небогата, а конструкции языка во многих случаях являются застывшими штампами.

Литература:

1. Пропп В. Я. Морфология сказки. – Л., Academia, 1928.
2. Мелетинский Е. М. Классические формы мифа. – М., РАН, 1995.
3. Новиков Н. В. Образы восточнославянской волшебной сказки. – Л.: 1974.
4. Пропп В. Я. Поэтика фольклора. – М., Лабиринт, 1998.

ӘОЖ 811.512.122'34

«ТІЛ – МӘДЕНИЕТ САҚТАУШЫСЫ»

Исахова.Л.Т., аға оқытушы, Ерадилова Г,Жұмаділла М.
1201-11 тобының студенттері
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Казақстан

Резюме

В этой статье рассматривается значение родного языка и его влияние на культуру.

«Тіл – еліміздің жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» - деп Халел Досмұхамедұлы атамыз айтқандай. Тіл – бүткіл халықтың байлығы, адамзаттың алтын жаны.Бүкіл ұлтымыздың,жеріміздің болашағы ана тілінде. Тілдің бірлігі – ел үстемі. Тілді сақтап қалатында көркейтетінде мына өзіміз. Біз өз тілімізді сақтап қалуымыз үшін барлық іс-әрекетті жасауымыз қажет.Шет елге кеткен қандастарымызда сол елде қалып кетпей,керісінше тілімізді

дінімізді сол елге қызықтыра білу қажет.Тілді қай жерде, қай елді мекенде болсын тіл ұғымын алмастыра алмаймыз. Біздің ана тіліміз,ана сүтімен туылғанымыздан бері қалыптасады.Менің ана тілім –бұл қайта тумас,қайталанбайтын қазақ тілі,мен өз тілімді мақтанышпен айта аламын .Менің қайталанбас тіл бұл қазақ тілі дегенім, кезінде біздің ата-бабамыздың бұл жер үшін,ел үшін қалай қанды соғысқа барғаны барлығымыздың есімізде деп ойлаймын, және есімізден шықпайды ды. Қазіргі жастарға келетін болсақ,білмеймін қарның ашады әрине көпке топырақ шашпаймын,дегенменде тіліміздің бағасына жетпейтіндер қаншама. Өз басым ойлап қоямын не себепті қазіргі жастар мұнша майдаланып кеткен деп, мүмкін бұлда дұрыс шығар себебі жаңа дамыған Қазақстан болуымыз қажет шығар.Бірақ дегенмен де таза тіліміздің ұмытпауымыз қажет.Статистикаға сүйенсек кәзіргі кезде шет елге оқу барысымен кетіп,сонда қалып кетіп жатқан қандастарымыз қаншама,неге сол қазақ қандастарымыз келіп өзіміздің дәрежемізді арттырмасқа. Қазақ тілі – бұл түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әрі ең бай тіл және солай болып қала бермек .Өзіміздің «Тіл туралы» заңымыз 1997 жылы 11 шілдеде қабылданды. Осы Заңның 4-ші бабында: Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі деп хабарланды.

«Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан-дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқынын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап, отыратын қазына»,- деп Жүсіпбек Аймауытов ағамыз айтқандай, елің, жерін сүйген әрбір азаматтың ана тіліне деген сүйіспеншілігі болуы шарт.

Тіл – таусылмайтын ,сарқылмайтын біздің байлығымыз. Қанша басқа елдің тілін білсең,өзгеден сонша есе биіксің. Бірақ, ең алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге, құрметтеу арқылы басқа тілді де, оның мәдениетінде қадірлейміз.Өткен істі сіз,біз болып болашақ ұрпаққа біз өзіміз тілмен жеткіземіз. Тіл арқылы салт-дәстүрімізді, дінімізді, ділімізді, қолөнерімізді де сақтап, келесі ұрпаққа бере аламыз.

Қазіргі кезде Қазақстан үшін үштілділік– елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдақ болып табылады. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Әрбір тұлға,адам өз тілін білуге міндетті.

Біз жастар елімізді үштілділік жағынан дамытуымыз қажет,және соған үлес қосу керек.

Тіліміздің бірлігін әрқашан жоғары деңгейде ұстайық!

Әрбір тіл – сол тілде сөйлеушілердің жан дүниесі сақталған ғибадатхана.

Оливер Уэндел Холмс

Зерттелген мағлұматтар бойынша адам баласының өмір бойы қалыптасқан өзіндік мәдениетімен ұштасып, ұлт болмысының тікелей көрінісі болып табылатын қымбат дүниесі – оның тілі. Жаңа айтып кеткенімдей шет елдегі қандастарымыз қазіргі дамымай қалған, алға қарай тілге, жерге деген қызығушылығы жоқ жастарымызды алға тартып сүйреуі керек.Қазақстан сонда

ғана дамиды. Қазіргі кезде ешнәрсеге шектеу жоқ,барлық жерге барап, көріп келіп өз елімізді дамыту қажет, керісінше сол елде қалып кетпей. Не себепті өз болашағымызды, болашақ ұрпағымызды дамытпасқа. Мағжан Жұмабаев атамыз айтып кеткен «Мен жастарға сенемін» деген сөзі барлығымыздың тілге деген, ана тілге деген рухымызды ояту қажет Ата-бабамыз аңсаған, солар бейбітшілікте тұра алмаған тілді біз сақтай алмаймыз, жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші барлығымыз кіріссек барлығы дамиды.

Елбасымыз айтып кеткендей қазақтың болашағы қазақ тілінде делінген.Бұл сөздің астары, Қазақ тілінің болашағын жандандыру. Ал болашақ біздің қолымызда. Ал жағымсыз жақ біздің менталитетте аға,көке ұғымы, таныс тамыр ұғымы көп таралып кеткен әрине жақсы жағы да жаман жағы да бар. Жаман жағына тоқталсақ бұл білімсіздердің таныс тамыр арқылы жұмысқа тұруы,білімді жандардың алдын орап, тіліміздің ғылыми деңгейін түсіруі. Білім жоқ жерде ешқашанда біз дамымаймыз сол себебті жастар білімді болуы керек. Жағымсыз пікірді жою керек. Қоғамда қарым қатынас жасау құралы тіл болғандықтан тілімізді дамыту керек,көп зерттеулер жүргізу керек.

Тіл – ең асыл қазына.Ғылыми жағынан бөлек әлем. Тіл – ең көркем сөйлеуге арналған қатынас құралы. Дүние жүзінде ең көп таралған тіл – ағылшын тілі.Өйткені бұл тілдің қолдануы өте кең. Ал ең көркем сұлу тіл деп француз тілін атайды. Бірақ осы қатарға өзіміздің қазақ тілін де қосуға болады. Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөл ойнауы мүмкін. Мәселен кезіндегі орхно жазулары, руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше сіздің де тіл өлмесе, ертеңгі ұрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз.

Мақаламыздың соңын мына сөзбен аяқтағымыз келеді. Тіл тек қана тіл... Бұл-махаббат ,бұл-жақсы көру. Оның мақсаты дін қызметшісініңкіндей:сізді орныңыздан тұрғызады, өзіңізді ұмыттырып, өзіңізге құлақ түргізеді. Дүниедегі ең сорақы нәрсе өз тіліңді жоғалту.

Әдебиеттер

1.Ғабитов Т.Х.,Муталипов Ж.М.,Құлсариева А.Т..Мәдениеттану.-Алматы:2005ж.
2Мәдени мұра: Қазақтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғырту жолдары 2005ж
3.Маданов Х.М.Қазақ тілінің мәдени тарихы.2010ж
4.Алтаев Ж.Философия және мәдениеттану.-2000ж
5.Қасабек А.Қ. Өркениет және ұлттық философия Алматы 2008ж

УДК 808.2-5(075.8)

ИЗУЧЕНИЕ КАТЕГОРИИ РОДА ИМЕНИ СУЩЕСТВИТЕЛЬНОГО В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Юсупова Ш. – студентка группы 1301-89
Научный руководитель – Ниетбай К.А. – к.ф.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Мақалада бастауыш мектепте зат есімнің род категориясын зерттеу мәселелері қарастырылған. Осы категорияның санатын оқытудың принциптері мен әдістері, дидактикалық материалды таңдау, грамматикалық тұжырымдамасын қалыптастырудың әдістемелік шарттары сипатталған.

Категории рода в начальных классах - одна из ключевых, поскольку с этой категорией связаны категориальное значение имени существительного, которое выражается в формах рода, числа, падежа, понятие одушевленности/ неодушевленности, склонение, некоторые вопросы орфографии, синтаксический признак имен существительных. С грамматической категорией рода ученики начальных классов знакомятся во 2-ом классе, но подготовка к восприятию ее закладываются в 1-ом классе, когда ученики учатся определять в устной речи связь между членами предложения: он сказал, а она сказала.

Изучение категории рода следует начинать с семантического принципа распределения слов по родам. Учитель записывает на доске (в столбик) пары слов, противопоставленные по признаку принадлежности слова к представителям мужского и женского пола: дедушка - бабушка, мальчик - девочка, тигр - тигрица, дальше ученики с увлечением продолжат этот ряд: волк – волчица, баран – овца, кот-кошка и т.п. Учитель с учениками выясняет, слова какого столбика можно заменить словом «он» и какого столбика – словом «она» и тем самым подводит детей к понятию мужской и женский род. Затем предлагается ученикам найти пару к слову муха, естественно, ученики ответят, что невозможно подобрать пару к этому слову, и тут учитель переходит к морфологическому принципу распределения существительных по родам. На основе примеров обучающиеся выявляют окончания существительных мужского, женского, среднего рода. На начальном этапе работы с категорией рода имен существительных методисты рекомендуют в качестве языкового материала использовать слова в именительном падеже. Затем можно предлагать учащимся тексты, в которых существительные употреблены в косвенных падежах.

Методист Т.Г. Рамзаева отмечает, что у учеников начальных классов возникают трудности в определении рода по окончаниям, так как в русском языке много слов с безударными окончаниями, а также у существительных разного рода могут быть одинаковые окончания (дядя, земля, дитя) [2, с. 33]. Она указывает и на необходимость при изучении данной категории предлагать учащимся для наблюдения имена существительные, распознавание рода которых вызывает у них затруднения, например существительные мужского и женского рода на мягкий согласный (*карамель, вермишель, тюль, медаль)*.

В случае затруднения определения рода в практике начальной школы рекомендуют определять род с помощью замены существительных

местоимениями *он, она, оно* и путем подстановки притяжательных местоимений *мой, моя, моё,* так у детей развивается языковое чутье.

В процессе ознакомления с категорией рода, в ходе употребления существительных мужского, женского, среднего рода в речи, школьники осваивают структурно-семантические особенности сочетаний существительных с согласуемыми с ними прилагательными и глаголами. Желательно подбирать примеры с сопоставительными конструкциями: *Асан учил стихотворение. Галия учила стихотворение. Осенний ветер шумел за окном. Осенняя пора мне нравится.*

Для выражения родовых значений выделяются также словообразовательные средства, так, следующие слова отличаются суффиксами, которые подсказывают их родовую принадлежность: *ученик – ученица, артист – артистка, медведь – медведица.* Упражнение по закреплению можно провести в парной работе, предварительно надо сообщить, что словообразовательные средства имеют место в названиях людей и животных.

По рассматриваемой теме программой предусмотрено усвоение правила правописания существительных женского рода на шипящий, для чего следует показать на примере правописание слов женского рода на шипящий с Ь на конце (дочь, рожь) и без Ь слов мужского рода (меч, нож). Их правописание можно закрепить словарным диктантом.

В 3 классе тема определение рода существительных рассматривается с позиции значения и окончания. Классификация существительных по родам представляет трудность для учеников-казахов, так как в казахском языке нет категории рода. Львов считает в таких случаях семантическую основу для работы над родом имен существительных малоэффективной и советует работать над грамматическими признаками, синтаксическими сочетаниями (на основе языковой интуиции) или над морфологическими признаками [1, с. 184]. При закреплении классификации существительных по родам следует больше внимания уделить употреблению словосочетаний типа прилагательное + существительное, составление связанных текстов. Упражнения должны быть нацелены на правильное употребление окончаний прилагательных, согласующихся с существительными мужского, женского и среднего рода, так как их грамматическая форма зависит от формы существительного. Например, для начала дать задание дописать окончания прилагательных: высок… мальчик – высок… девочка, высок… здание.

В 3 классе следует также закрепить правописание существительных мужского и женского рода с основой на шипящий.

В 4 классе предполагается освещение темы об употреблении в речи неизменяемых существительных, опирающейся на понятие рода имени существительного. Ученикам следует дать краткие сведения о родовой классификации неизменяемых слов: к мужскому роду относятся существительные обозначающие наименования лиц мужского пола (крупье, мосье), животных (шимпанзе, фламинго), к женскому – обозначающие лиц

женского пола (мадам, леди), к среднему роду – обозначающие неодушевленные существительные (кафе, такси). Весьма эффективно проводить на таких занятиях исследовательскую работу. Основная задача таких уроков – развитие коммуникативных навыков.

К теме рода ученики возвратятся при изучении темы склонение, поскольку распределение существительных по склонениям зависит от родовой их принадлежности. Позже категорию рода будут повторять при знакомстве с грамматическими категориями имен прилагательных, некоторых разрядов местоимений, так как форма рода у названных частей речи является словоизменительной категорией и зависит от формы существительного. С категорией рода существительных связано и словоизменение порядковых числительных, глаголов прошедшего времени.

Методисты считают, что на примере рода имен существительных формируется понятие языковой (лексико-грамматической) категории, так как признак рода имеет место во всех знаменательных частях речи, кроме наречия [1, с. 185]. Чтобы процесс формирования грамматических понятий осуществлялся более эффективно, учитель должен соблюдать следующие **методические условия:**

1. Организация активной умственной деятельности учащихся. По мнению Т.Г. Рамзаевой, результативность усвоения знаний в значительной степени обусловлена методами обучения [2, с. 17]. По принципу обновленного содержания образования, учитель не должен давать готового решения вопроса. Необходимо включать детей в активную учебную деятельность, требующую анализа языкового материала, сравнения, первичного обобщения.
2. Развитие у учащихся лингвистического отношения к языковым единицам. Оно выражается в осознании учащимися взаимодействия семантической и грамматической сторон языка. Лингвистическое отношение к слову и предложению формируется в процессе усвоения младшими школьниками теоретических знаний и развития их абстрактного мышления. 3. *Включение нового понятия в систему ранее изученных понятий.* Установление связей между понятиями составляет фундамент осознанного владения языком. Связи между понятиями обеспечивают мобильность применения теоретических знаний при решении практических задач.
4. Использование наглядного материала в процессе изучения нового понятия. Языковой материал в наглядности в ряде случаев подбирается самими учащимися в целях активизации и повышения результативности учебно-познавательной деятельности.

Литература:

1. Львов М.Р. Методика преподавания русского языка в начальных классах: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / М. Р. Львов, В. Г. Горецкий, О. В. Сосновская. – 7-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2012. – 464 с.
2. Рамзаева Т.Г., Львов М.Р. Методика обучения русскому языку в начальных классах. – М.: Просвещение, 1987. – 431 с.

ӘӨЖ

100 ЖАСАҒАН ЖҮРЕК

Омар Базаркүл Қалтайқызы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Республикаға танымал әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор *Әбіш Байтанаев* пен филология ғылымдарының кандидаты, доцент *Мырзай Алтынбекова* сынды асыл ұстаздарымыздың орны біздің ОҚМПУ үшін ерекше. Қос ғалымның бүткіл саналы ғұмыры оңтүстіктегі тұңғыш жоғары оқу орны Шымкент педагогика институтымен байланысты деуге болады. Шымкент педагогика институты 2011 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты болып қайта құрылып, өзінің 75 жылдық, 80 жылдық мерейтойларын абыроймен өткізді. Бүгінгі таңда университет мәртебесін алған оқу ордамыз 85 жылдық мерейтойын атап өтуге дайындалу үстінде.

Жаңа серпін, жаңа леппен жұмыс істеп жатқан оқу ордамызда күн сайын түрлі-түрлі білімдік, тәрбиелік іс-шаралар көптеп өтуде. Соның бірі - оңтүстіктегі филолог ғалымдардың көшбасшысы, оңтүстіктегі алғашқы филология ғылымдарының докторы, профессор Әбіш Байтанаевтың өмірі мен ғылыми-педагогикалық және шығармашылық мұрасын болашақ ұстаздар мен әдебиетті сүйетін көпшілік қауымға жеткізу мақсатында «*Байтанаев оқулары»* атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұйымдастырылуы. Конференция биыл 10-рет өткізіліп жатыр.

Біз бүгін профессор Әбіш Байтанаевтың жары, Шымкент педагогика институтының негізін қалаушылардың бірі, соғыс және еңбек ардагері, әдебиетші-ғалым, педагог Мырзай Алтынбекова апамызды мерейтой қарсаңында еске алып отырмыз. 100 жасқа сыры кетсе де сыны кетпей, ес-ақылы толық, сөзінен жаңылмай, ширақ жетіп, өмірден озған, абзал ана, асыл жар, ардақты ұстаз, әдебиетші-ғалым Мырзай апамыз туралы қанша айтсақ та көп болмас, сірә.

1981 жылы «ССРО Жоғары мектебінің үздік қызметкері» деген құрметті атақпен, 1967 жылы ССРО-ның «Еңбектегі табыстары үшін», 1948 жылы «Батыр ана»,1985 жылы «Еңбек ардагері» медалдерімен марапатталған Мырзай апамыз бір ғасыр ғұмырында өмірдің қилы-қилы кезеңдерінен сүрінбей өтіп, берекелі шаңырақтың ұйытқысы болған асылдың сынығы десе дегендей. Өзінің ащы да тұщы өмір өткелектері туралы жазбаларын оқып отырып, тағдырдың маңдайынан сипай қоймағанын, осы жасқа қайсарлығымен, шыдамдылығымен, зеректігімен, қанағатшылдығымен жеткенін байқау қиын емес.

Шежіреге толы университет тарихында дәстүрге айналып, жыл сайын өткізіліп тұратын іс-шараның бірі - филологтар онкүндігі. 2013 жылы осы онкүндік аясында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен Мырзай апамыздың 100 жасқа толу құрметіне орай «Ұстаздардың ұстазы» атты жинақ жарық көріп, әдеби-сазды кеш өткізілді. Бұл сүйегі асыл апайымыздың шәкірттерімен соңғы кездесуі болды.

182 беттен тұратын «Ұстаздардың ұстазы» атты еңбекті оқи отырып, педагог-ғалым Мырзай апамыздың шығармашылығын, негізінен, *ғылыми-әдеби* және *тәрбиелік* деп екі салаға топтауға болады. Әрине, тәрбиелік мазмұндағы мақалалары, негізінен, қазақтың атадан балаға мирас болып келе жатқан үлкенге ізет, кішіге құрмет, әкені сыйлау, ананы сыйлау, дүниеге ұрпақ әкеліп, өнегелі ұл-қыз тәрбиелеу төңірегінде өрбиді. Қыз-бала тәрбиесі, әсіресе отбасының ұйытқысы ана болу жауапкершілігі жайлы ойын жалаң баяндамай, оны сонау Мұхаммед пайғамбарымыз заманынан жалғасып келе жатқан «Пейіш ананың аяғының астында» деген қасиетті ұғыммен байланыстырады, ұлы ақын Абай ғақлияларымен сабақтастырады.

Аталған еңбекті оқу барысында соңғы бір ғасырда өмір сүріп, халқымыздың әдебиеті мен мәдениетіне қызмет еткен ардақты да асыл азаматтардың Мырзай апамызбен жақсы қарым-қатынаста болғандығын бағамдаймыз. Өзі туралы, ұстаздары мен тұстастары, шәкірттері туралы жазған естеліктері де тұнып тұрған тәрбие. Мәселен, «Зарығып көрген заман бұл» деген өзінің өмірі туралы жазылған естелікті бейжай оқи алмайсыз, тіпті кейбір жерінде көзіңізге еріксіз жас үйіріледі.

Өзінің адам ретінде қалыптасуына ықпал еткен ұстазы, өршіл ақын Сәкен Сейфуллин, тілші-ғалым, тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбанов, қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы, өзінің курстасы, әдебиетші-ғалым, профессор, Кеңес одағының батыры Мәлік Ғабдуллин, өмірден қыршын кеткен тума талант Саттар Ерубаев, тілші- ғалым Әділ Ермековтердің жарқын бейнелері мен әдебиет, мәдениет майданындағы еңбектері Мырзай апамыздың естеліктерінде шынайы көрініс тапқан.

1932-35 жылдары қазақтың тұңғыш ашылған жоғары оқу орны – КазПИ-де оқу бақытына ие болған алғашқы қазақ қыздарының бірі Мырзай апамыз өзіне Санжар Аспандияров, Құдайберген Жұбанов, Шарапи Әлжанов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллиндей көрнекті ғалымдар мен қазақтың біртуар азаматтары сабақ бергенін мақтанышпен еске түсіреді. Шындығында, Мырзай апамыздың естеліктері мен мақалаларында аттары аңыз болған көптеген кісілермен ұшырасасыз, көптеген ауыл азаматтарының халық шаруашылығын өркендету жолындағы еңбектерінің куәсі боласыз, сөйтіп осы оқиғалардың бел ортасында жүрген Мырзай апамызға тәнті боласыз. «Менің шәкірттерім өршіл, ержүрек еді» деген «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 08.05.2008 жылғы санында жарық көрген мақаласында 1939 жылы Шымкент қаласындағы №26 Жамбыл орта мектебіне жұмысқа келгенде Мырзай апамыз Кемел Тоқаев, Амантай Байтанаев, Сақтапбергенов, Патсаев, Құрманбаев, Николай Жданов деген балалар үйінен келген оқушыларға сабақ беріп, сынып жетекшісі болғанын, көптеген шәкірттерінің мектеп оқушысы кезінен-ақ ерекше қабілеттерін көрсетіп, жазған өлеңдері мен әңгімелерін оқып, ақыл сұрайтынын, олармен достарша сырласатынын қимастықпен еске алады.

Композитор Шәмші Қалдаяқов, ақын Төлеген Айбергенов, актер Қасымхан Шаниндермен Әбіш ағамыздың мүдделес, пікірлес, сыйлас болып араласқандарын өте әсерлі, әдемі баяндайды. Естеліктерінің шынайылығы

сонда: естелік кейіпкерлерінің бәрі дерлік Мырзай апамызбен етене араласып, дос-жар болған кісілер. Өмірден ерте үзілген ұлы, әдебиетші-ғалым Болат туралы толғана келіп, Саттар айтқандай, оның сүйген жардай ғашық өмірмен ерте қоштасқанын өкінішпен еске алады. Ұлының дүниетанымы мол, ақыл-парасат иесі болғанын, артына ұрпақ қалдырып, әдебиеттану ғылымында өзіндік орнын қалыптастырып кеткеніне шүкіршілік етеді.Ал ғылыми-әдеби мақалаларында көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылығын талдап, жастарды тәрбиелеуге пайдалы жақтарын көрсетіп, өзіндік қорытынды жасайды.

М.Алтынбекова өзінің ғылыми-педагогикалық қызметін 1946 жылдан Шымкент мұғалімдер, кейіннен педагогика институтында жалғастыра жүріп, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы жанындағы Саттар Ерубаев атындағы әдеби бірлестікке басшылық жасап, үйірменің «Сыр» атты қабырға газетінің шығуына атсалысты. 1962 жылы «30 жылдар әдебиеті және Саттар Ерубаев» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алды, «Саттар Ерубаев» атты монографиясын жарыққа шығарды. Кандидаттық диссертациясына небәрі 23 жыл ғұмыр кешкен, ері Әбіш Байтанаевтың әрі жолдасы, әрі пікірлес досы, жастардың сүйікті жазушысы бола білген Саттар Ерубаевтың өмірі мен шығармашылық қызметін арқау етті. Бұл Мырзай апамыздың шоқтығы биік ғылыми зерттеуі еді.

Мырзай апа шығармашылығының басты кейіпкері, диссертациялық жұмысының негізгі өзегі етіп алған Саттар кім еді? Саттар, негізінен, Отырардың тумасы, Отырар ауылы маңындағы Шошқакөл деген жерде кіндік қаны тамған. Кейінірек Түркістанға қоныс аударып, сонда оқығандықтан, Түркістанда туылған деп жазылып жүр. Мырзай апамыздың жұбайы, оңтүстіктен шыққан алғашқы филология ғылымдарының докторы, профессор Әбіш Байтанаев ағамыз да Түркістанда оқып, бір ауылдың түлектері, жастары шамалас, әрі ағайыны болып келетін Саттармен аралас-құралас, пікірлес болған. 1956 жылы Әбіш ағамыз Жамбылдың лирикасынан кандидаттық диссертациясын қорғағаннан соң, іздеушісі болмай, ұмыт қалып бара жатқан Саттардың өмірі мен шығармашылығын жаңғырту мақсатында зерттеу жүргізуді Мырзай апамызға ұсынады.

Мырзай апамыз да Саттарды сонау КазПИ-де философия мен әдебиет теориясынан орыс тілінде сабақ беріп жүрген кезінен білетін. Әбіш ағамызбен тұрмыс құрғаннан соң, жақынырақ араласа бастайды. Бірақ бұл араласу ұзаққа созылмайды, 1937 жылы қас-қағым ғұмыр кешіп, небәрі 23-ке қараған шағында Саттар өмірден озады. Әдебиет, мәдениет әлемінде Шоқан Уәлиханов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар сияқты Саттар Ерубаев та қамшының сабындай ғана ғұмырында жарқ етіп көрініп, іле-шала ағып түскен, ардақ тұтар азаматтарымыздың бірі. Өмірден жалындап өткен, ерекше талант иесі Саттар, шын мәнінде, қайталанбас, ерекше тұлға еді. Қазақтың ауыз әдебиетімен, ақын-жыраулар шығармаларымен ерте танысқан Саттар жас болса да өте зерек болды. Ешкімге арқа сүйемей, талаптанып, 15 жасында Ленинград

университетіне оқуға түсуі, орыстың, батыстың классикалық әдебиетінен молынан сусындап, университетті 19 жасында үздік бітіруі, аспирантураға қалдырылуы ғажайып бір дүние, Алланың Саттарға берген ерекше сыйы сияқты. Елге, Алматыға келген соң жастар газетінде, жоғары оқу орындарында т.б. қызмет істей жүріп, әдебиеттің әр түрлі жанрларында еңбектерін қалдырды. «Менің құрдастарым» романын жазды.

«Менің құрдастарым» романы қазақ әдебиетінде өндіріс тақырыбына жазылған, қазақ жұмысшы табының қалыптаса бастаған кезеңін, жалындаған жастар өмірін көрсететін алғашқы шығармалардың бірі деуге болады. Студент кезімізде осы романды қолдан қолға тигізбей, қызығып, таласып оқығанымыз әлі есімде. Романның басты кейіпкері Рахмет арқылы жазушы қазақ жастарының бойынан өз мамандығын жетік меңгерген, ой-өрісі, талғамы күшті, әдебиет пен өнерді, музыканы сүйетін, көп оқып, көп ізденетін азамат болып қалыптасқанын көруді армандағанын бағамдауға болады. Саттар өзінің бойындағы барлық жақсы қасиеттерді Рахмет бейнесі арқылы көрсетуге тырысқан.

Мырзай апамыз өзінің замандасы, Саттардың алдындағы парызын толық өтеді. Жалындап өткен балаң жазушы, жастардың сүйікті ұстазы Саттар Ерубаевтың өмір мен шығармашылық қызметі жас ұрпақты тәрбиелеудің темірқазығы іспетті. Бұл орайда Мырзай апамыздың еңбегі өлшеусіз. Қазақ әдебиетінде «Саттартану» ғылымының негізі қаланды. Ары қарай жалғастыру болашақ жастарға аманат.

Апамыз 100-ге жақындаса да қолынан қаламы түспей, зерделі ойларымен оқырманға әр кезде ой тастап, өзінің өмірде бар екенін білдіріп отырғаны. Бұл, әрине, кез-келген қарияның қолынан келе бермейтін дүние. Соның бір айғағы - Шымкент мұғалімдер институтының алғашқы директорларының бірі болған, тілші-ғалым Әділ Ермековті естен шығармайық деп, газет бетінде жар салып, ғалымның 100 жылдығына орай 2009 жылы «Ұстаз-ғалым» атты жинақ шығаруға атсалысып, ғылыми-практикалық конференцияның өтуіне себепші болғаны.

Мырзай апамыздан көзінің тірісінде көп үйрендік, артында қалған мұралары арқылы да үйрене береміз. Қаншама кісіге сәулесін түсірген сізді Алла мейіріміне алсын деп тілейміз.

УДК:373:51

БҮТІН САНДАР ЖИЫНЫНДА АНЫҚТАЛМАҒАН ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ

Раскул Ибрагимов
педагогика ғылымдарының докторы, доцент
E-mail: raskul1953@mail.ru
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент
Ирискулова Феруза Махамаджановна
109-18 тобы студенті
E-mail: iriskulova.0112@mail.ru
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье обсуждаются новые способы решения уравнений, которые не определены в множестве целых чисел.

Айнымалылар саны теңдеу санынан артық болатын теңдеуді ***анықталмаған теңдеу*** деп атайды. Оларды Диофант Александрскийдің [1] құрметіне Диофанттық теңдеулер деп атайды. Диофанттық біртекті анықталмаған теңдеу деп $P(x,y,....)=0$ түріндегі теңдеуді атаймыз, мұндағы $P(x,y,...)$- айнымалылары бүтін коэффициенттермен берілген көпмүшелік.

Бірінші дәрежелі Диофанттық теңдеу (немесе ***біртекті сызықтық анықталмаған теңдеу***) деп $a_1x_1+a_2x_2+....+a_nx_n=0$ (1) түріндегі теңдеуді айтамыз, мұндағы $a_1,a_2,...,a_n-$ ең болмағанда біреуі $a_i\neq 0$ болатын бүтін сандар. Осыдан мына теңдік орындалатындай $a_1\nu_1+a_2\nu_2+...+a_n\nu_n=0$ (2), кез келген $\nu_1,\nu_2,....,\nu_n$ бүтін сандар тізбегін анықталмаған теңдеудің бүтін шешімдері деп атайды.

Диофанттық теңдеудің бүтін сандарда шешімі болса, онда оның бүтін сандар жиынында шексіз көп шешімі болады.

Математикада квадраттық анықтауыштардың мәнін табу мәселелері зерттелген. И.М.Виноградов [2], З.И.Боревич [3] , М.Оразбаев [4] , А.Г.Курош [5], Д.К.Фаддеев [6] т.б. ғалымдардың еңбектерінде тек қана квадраттық анықтауыштардың қасиеттері келтірілген және олардың мәнін табу мәселелері қарастырылған. Осы әдебиеттерде анықтауыштардың анықтамалары мен олардың мәнін табу формулалары көрсетілген.

«Квадраттық емес анықтауыштар» ұғымы бірінші рет ғалым Х.Минк [7] тарапынан зерттелген. Ол анықтауыштар мен матрицалардың қасиеттерін зерттей келе «перманент» ұғымына анықтама берген. Оның ойынша, әртүрлі матрицаларға сәйкес анықтауыштар (Х.Минктің атауы бойынша перманент) құрастыруға болады. Бірақ, Х.Минктің перманент мәнін есептеу әдісі өте ауыр, әрі оның өзінің айтуы бойынша сызықтық алгебрадағы теңдеулерді шешуге қолдануға болмайды [7, 12б]

Бүтін сандар адамдарды ерте дәуірлерден бері қызықтырып келеді. Ежелгі грек-рим шежірелерінде, сол дәуірдің өзінде-ақ бүтін сандар арифметикасын күнделікті өмірдің қажеттілігінен де тереңірек, кеңірек зерттеп үйренгені туралы мәлімет айтылады. Бүтін сандардың қасиеттерін зерттеумен ертедегі гректің данышпан ғалымдары Евклид, Пифагор, Диофант тағы басқалар айналысқан.

Евклид (біздің эрамыздан бұрынғы IV ғасыр) жай сандардың ақырсыз көп екенін және басқа қасиеттерін дәлелдеген болса, Эратосфен (б.э.б. 384-322) берілген саннан үлкен емес жай сандар кестесін түзудің тәсілін ұсынған.

Пифагор (б.э.б. 580-500) натурал сандардың қатынасы арқылы музыканы зерттеген. Натурал сандарды зерттеп үйренгені соншалықты, натурал сандарға түрлі атаулар беріп, адам тағдырын сандардың қасиеті арқылы болжаған. Келешекте дүниені сан басқарады, сан дүниенің негізі деген мистикалық пайымдаулар жасауға дейін барған. Диофант айқындалмаған теңдеулерді бүтін сандарда шешуді қарастырған.

Бүтін сандардың тамаша қасиеттерін көп зерттеген ғалымдардың бірі - француздың атақты математигі П.Ферма (1601 - 1665). Ол өзінің атымен аталған бірнеше теорема қалдырған. Олардың кейбіреуі осы күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ. Ферманың ұлы теоремасы деп аталатын «$x^n + y^n = z^n$ теңдеуінің $n \geq 3$ болғанда натурал сандарда шешімі жоқ» деген теорема осы күнге дейін толық шешімін таппай келеді.

Математика тарихында айқындалмаған теңдеулерді бүтін сандарда шешумен бірінші болып , III ғасырда өмір сүрген грек математигі Диофант айналысқан. Сондықтан айқындалмаған теңдеулерді кейде **Диофанттық теңдеулер** деп те атайды. Айқындалмаған теңдеулердің , негізінен, бүтін шешімдерін табу қарастырылады. Мұнда белгілі бір жалпы тәсіл жоқ. Берілген теңдеуге байланысты бүтін сандардың бөлінгіштік, қалдықпен бөлуге қатысты қасиеттері және басқа да фактілер пайдаланылады.

Мысалдар келтірейік.

Мысал: $147x - 25y = 14$ теңдеуінің бүтін шешімдерін табайық.

Шешуі:Евклид алгоритмі. Бірліктерді үлестіру

$147 = 25 \cdot 5 + 22 \quad 1 = 22 - 3 \cdot 7 = 22 - (25 - 22) \cdot 7 =$

$25 = 22 \cdot 1 + 3 = (147 - 25 \cdot 5) \cdot 8 - 25 \cdot 7 =$

$22 = 3 \cdot 7 + 1 = 147 \cdot 8 - 25 \cdot 47$

$3 = 1 \cdot 3 + 0$ Алынған теңдікті $1 = 147 \cdot 8 - 25 \cdot 47$ 14 – ке көбейтеміз

$(147,25) = 1$

Сонда $1 = 147 \cdot \underbrace{(8 \cdot 14)}_{112} - 25 \cdot \underbrace{(47 \cdot 14)}_{658}$

$r = 1 \neq 0$

яғни $(112;658)$ сандарының жұптары – берілген теңдеудің шешімі болады. Барлық бүтін сандардағы шешімдері

$\begin{cases} x = 112 + 25 \cdot t, \\ y = 658 + 147 \cdot t. \end{cases} t \in Z$, түрінде болады.

Қазіргі кезде практикада қолданылған әдістерде күрделі есептеулер, әріптік өрнектер т.с.с көп кездескеннен оқушыларға түсініксіз болып келеді. Сондықтан біз жаңаша әдісті қолданған жөн екендігін көрсетеміз.

Біз мұнда математика курсынан белгілі болған детерминанттар(квадраттық анықтауыштар)дың мәнін табу мен оған қарама-қарсы ұғым квадраттық емес анықтауыштардың мәнін табу ұғымына , яғни мыналарға: $|A\ \ B|$, $|A\ \ B\ \ C|$, $|A\ \ B\ \ C\ \ Д|$, $|A\ \ B\ \ C\ \ Д\ \ E|$ *т.с.с. тоқталамыз.* Мұндай тік төртбұрышты анықтауыштардың мәнін табуда төмендегі анықтамалардан пайдаланамыз:

1-анықтама Кез келген квадраттық емес анықтауыштардың мәні $|a_1\ \ a_2\ \ a_3\ \ ...\ \ a_n|$ деп, таңбалары ауыспалы $C_n^0 a_1 - C_n^1 a_2 + ..._{...} + C_n^n a_n$ қосындының мәніне тең санға айтылады.

$а_1\ x_1 + а_2\ x_2 + а_3\ x_3 + ... + а_п x_n = 0$ *түріндегі теңдеулерді шешуде* квадраттық емес анықтауыштардан *пайдалану өте тиімді тәсіл болар екен. Осы түрдегі теңдеулердің бірнеше түрін шешу жолдарын қарастырайық:*

1. **ах+bу=0 (1) теңдеуінің түбірі х=** -в, у= а . Демек, х пен у мәндері ах+bу=0 теңдеуінің түбірі болады, бірақ $\boldsymbol{a \neq b}$ болуы тиіс екен. Онда (1) теңдеудің жалпы түбірі алгебра курсынан белгілі болған мынадай формулалармен табылады: $x = -вк$, $y = ак$ болады, мұнда $к = 0, \pm 1, \pm 2$ ... ***Жоғарыдағы әдіспен ах ^{n}+ ву^p = 0 (1.1) түрдегі теңдеулердің де түбірін табуға болады екен.Оның түбірі: х=$\sqrt[п]{вк}$,у=$\sqrt[р]{-ак}$ болады.***

2 Ах+Ву+Сz=0 (2) теңдеуінің түбірлерін табуда мынадай вадраттық емес анықтауыштардың мәнін табудан пайдаланамыз. *х=|В С|=В-С, у=|С А|=С-А ,* ***z=|А В|=А-В*** *Мұнда 1-анықтама бойынша есептеу жұмыстары жүргізіледі.* ***Ах+Ву+Сz=0 (2)*** теңдеуінің жалпы түбірі *х= (В-С).К, у= (С-А).К ,* ***z=****(А-В).К теңдіктерден табылады.*

Мысал 1 6х+3у+2z=0 теңдеуінің түбірін табыңдар.

Шешу: $х = |3\ \ 2| = 1$,$у = -|6\ \ 2| = -4$, $z = |6\ \ 3\ |$ =3Жалпы шешімі: х= к, у=-4к, z =3к,

Жоғарыдағы әдіспен ах ^{n}+ ву^p + сz^m = 0 (2.1) түрдегі теңдеулердің де түбірін табуға болады екен. Оның түбірі: ***х=***$\sqrt[п]{(в-с)к}$ ***,у=***$\sqrt[р]{(с-а)к}$ ***, : z =***$\sqrt[m]{(а-в)к}$ ***болады.***

3. ***Ах+Ву+Сz+Дτ=0 (3)*** теңдеуінің түбірлерін табуда мынадай квадраттық емес анықтауыштардың мәнін табудан пайдаланамыз. *х=|В С Д|=В-2С+Д, у= −|А С 2Д|=2С-А-2Д ,* ***z=****|2А В Д|=*

$=2\boldsymbol{A}-2\boldsymbol{B}+\boldsymbol{Д}$, $\boldsymbol{\tau} = -|A \quad B \quad C| = 2\text{В} - \text{А} - \text{С}$. *Тағы да* $\boldsymbol{Ax^n+By^m+Cz^p+Д\tau^u=0}$ ***(3.1)*** теңдеуінің жалпы түбірі $x = \sqrt[\text{п}]{(\text{В} - 2\text{С} + \text{Д}).\text{К}}$, $\boldsymbol{y}=\sqrt[m]{(2\text{С} - \text{А} - 2\text{Д}).\text{К}}$, $\boldsymbol{z} = \sqrt[p]{(2\text{А} - 2\text{В} + \text{Д}).\text{К}}$, $\boldsymbol{\tau} = \sqrt[u]{(2\text{В} - \text{А} - \text{С}).\text{К}}$, *теңдіктерден табылады.*

4.$\boldsymbol{Ax+By+Cz+Д\tau} + \text{Е}\boldsymbol{\omega=0}$ ***(4)*** теңдеуінің түбірлерін табуда мынадай квадраттық емес анықтауыштардың мәнін табудан пайдаланамыз:. $x=|B \quad C \quad Д \quad E| = B\text{-}\ 3C+3Д\text{-}\ E$, $y = -|A \quad C \quad Д \quad 3E| = 3C\text{-}A\text{-}3Д+E$, $\boldsymbol{z}= |3\text{А} \quad \text{В} \quad \text{Д} \quad 3\text{Е}| = 3\text{А} - 3\text{В} + 3\text{Д} - 3\text{Е}$, $\boldsymbol{\tau} = -|3\text{А} \quad \text{В} \quad \text{С} \quad \text{Е}| = -3\text{А} + 3\text{В} - 3\text{С} + \text{Е}$, $\boldsymbol{\omega} = |A \quad B \quad C \quad Д| = A\text{-}3B+3C\text{-}Д$. $\boldsymbol{Ax+By+Cz+Д\tau} + \text{Е}\boldsymbol{\omega=0}$ ***(4)*** теңдеуінің жалпы түбірі : $x = (B\text{-}\ 3C+3Д\text{-}\ E).К$, $y = (3C\text{-}A\text{-}3Д+E).К$, $\boldsymbol{z}= (3\text{А} - 3\text{В} + 3\text{Д} - 3\text{Е}).\text{К}$, $\boldsymbol{\tau} = (-3\text{А} + 3\text{В} - 3\text{С} + \text{Е}).\text{К}$, $\boldsymbol{\omega} = (A - 3B+3C\text{-}Д).К$ *теңдіктерден табылады.* $\boldsymbol{Ax^n+By^m+Cz^p+Д\tau^u} + \text{Е}\boldsymbol{\omega^v=0}$ ***(4.1)*** теңдеуінің жалпы түбірі $x = \sqrt[\text{п}]{(\text{В} - 3\text{С} + 3\text{Д} - \text{Е}).\text{К}}$, $\boldsymbol{y}=\sqrt[m]{(3\text{С} - \text{А} - 3\text{Д} + \text{Е}).\text{К}}$,

$\boldsymbol{z} = \sqrt[p]{(3\text{А} - 3\text{В} + 3\text{Д} - 3\text{Е}).\text{К}}$, $\boldsymbol{\tau} = \sqrt[u]{(-3\text{А} + 3\text{В} - 3\text{С} + \text{Е}).\text{К}}$, $\boldsymbol{\omega} = \sqrt[v]{(\text{А} - 3\text{В} + 3\text{С} - \text{Д}).\text{К}}$ *теңдіктерден табылады.*

Әдебиеттер:

1. Диофант Александрийский. Арифметика и книга о многоугольных числах. Москва: «Наука», 1974. стр. 17-24.
2. Боревич З.И. Определители и матрицы. – М.: «Наука», 1970.
3. Оразбаев М. Анықтауыштар теориясы. Алматы: «Мектеп», 1970.
4. Виноградов И. М., Основы теории чисел, 8 изд., М., 1972.
5. Курош А.Г. Курс высшей алгебры. -Москва: Наука, 1975.
6. Фаддеев Д.К. Лекции по алгебре:Учебное пособие для вузов.-М.: Наука.1984.-416с.
7. В.Серпинский. О решении уравнений в целых числах. Москва:Наука , 1974.
8. Минк Х. Перманенты.–М.: Мир,1982.-211с.

ӘОЖ 004.588

БІЛІМ БЕРУДЕ МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУ

Уәлихан Дулат Талбекұлы – 2-курс магистранты
Нахипова Венера Исмаилова – 1-курс докторанты
Сулейменова Лаура Аскарбековна – т.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В настоящее время, в связи с развитием техники, машинное обучение с каждым днем приобретает все большее значение в мире. Предусмотрено, что эти данные формируются в сфере образования и других областях, а также как они используют машинное обучение для анализа различных данных.

Көптеген салаларда машиналы оқыту әдістерін қолдану қазірдің өзінде қалыптасқан және жалпы қабылданған болып саналғанына қарамастан, білім беру саласында бұл технология әлі кең қолданылмайды. [1]

Білім-бұл жаңа деректер үнемі пайда болатын салалардың бірі. Деректер мектептер, колледждер, университеттер және онлайн білім беру жүйелері сияқты дәстүрлі автономды білім беру мекемелерінде жиналады.

Көптеген дәстүрлі оқу орындарында әлі де онлайн-мазмұнның көп мөлшерін қамтитын және студенттерге осы мазмұнмен өзара әрекеттесуді бақылауға мүмкіндік беретін мамандандырылған электрондық білім беру жүйелері жоқ. Сондықтан мұндай мекемелер ең алдымен студенттердің жеке деректерін, сондай-ақ әртүрлі әкімшілік деректерді жинайды.

Жеке мәліметтерге толық аты-жөні, туған күні, төлқұжат мәліметтері, телефон нөмірлері, үй мекен-жайы және әлеуметтік төлемдер кіреді. Жеке мәліметтер студенттің ата-анасы немесе заңды өкілдері туралы әртүрлі ақпаратты қамтуы мүмкін, егер ол студент болса.

Мұндай деректерді алу электронды күнделік, электронды күнделік және электронды сату жүйесін енгізетін оқу орындарының санын көбейту арқылы оңайырақ болар еді.

Оқу орнына жіберудің электрондық жүйесінде жасалған мәліметтер, мысалы, оқушының қаншалықты жиі кешікетінін, сабақты өткізіп жіберетінін, ерте кететінін немесе темекі шегетінін көрсете алады. [1]

Соңғы жылдарда онлайн-білім танымал бола бастады, бірақ онлайн-оқыту сұранысқа ие бола бастағанына қарамастан, ол мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары сияқты дәстүрлі білім беру нысандарын толығымен алмастыра алмайды. Көптеген студенттерге оқытушылардың жеке кеңестері мен нұсқаулары, оларды қызықтыратын мәселе бойынша қызу талқылау мүмкіндігі қажет.

Мұндай жағдайларда оқытудың ең жақсы моделі - "аралас білім". Аралас оқыту (ағылш. аралас оқыту) дегеніміз-студенттерге арналған білім алу орталығында онлайн оқыту мен оффлайн араласуын біліреді. Онлайн оқыту оқу процесінің біршама бөлігі бола алады, мысалы, белгілі бір тақырыптағы бейне дәрістер, вебинарлар, онлайн тесттер және басқа да оқу іс-шаралары білім алушымен оқытушының әдеттегі қарым-қатынасын толықтыра алады, басқа уақытта студенттер күні бойы басқа қосымша жұмыстарын істей алады, бірақ оқытушының дәрістерін тыңдаудан бөлек әртүрлі электронды білім беру жүйелерімен жұмыс істеуге көбірек уақыт жұмсайды. Сіз білім алушылардың әр қадамын басқара аласыз осы машиналы оқыту арқылы, студент қандай дереккөздерді қолданатындығы, қандай сұрақтарды өткізіп жіберетіні, қандай ақпаратты жақсы сақтайтындығы.

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында білім беруді басқару жүйесі (Kh-learning management system, LMS) дамып келеді. Мұндай жүйелер студенттермен және оқытушылармен бірге қамтамасыз ету үшін онлайн оқу материалдарымен алмасуға мүмкіндік береді. Жүйеде студенттер өздерінің үлгерімін тексеру және бақылау үшін көбірек тапсырмалар мен жобаларды орындай алады.

LMS танымалдылығының артуымен студенттердің электрондық жүйемен және онлайн мазмұнмен өзара әрекеттесуі туралы мәліметтерді жинау

ӘОЖ378.147

МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Ортай Бинура - 126-38а оқу тобының студенті

Ғылыми жетекші: Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы - ф.м.ғ.к.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті , Шымкент

Резюме

Мақалада білім берудегі жаңа технологиялар мен орта мектептерде дифференциялды оқыту технологиясы баяндалады.

Бүгінгі таңда республикадағы және аймақтағы экономикалық нарықтық қатынастардың қалыптасу жағдайында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғам өмірінің барлық саласында, оның ішінде мектепте оқыту мазмұны мен оқытудың қазіргі технологияларын жетілдіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында (1999) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі – жеке адамды қалыптастыруға бағытталған рөлі және педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасау қажеттігі қарастырылған. Дәстүрлі оқыту технологиясының білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермей отырғандығы оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелерінен көрініс табуда. Осыған орай, оқу-тәрбие үдерісін жетілдірудің қазіргі технологияларын жетілдіріп, сабақ беруде қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға болатындығына басым бағыт берілуде.[1]

Жаңа технологиялар ішінде дифференциалды оқыту технологиясы маңызды орын алады. Осы технологияны келесі ғалымдар да зерттеген, олар: Н.П. Гузик, Ж. Қараев, Г.Ғ. Еркібаевалар. Деңгейлеп оқыту идеясының авторы Н.П. Гузик сыныптағы білім алушыларды да, соған сәйкес оқу бағдарламаларын да *А, В, С* – үш деңгейге бөлуді ұсынды.

«А» бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде белгіленеді. Оларды орындай отырып білім алушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгереді. Материалды алғаш меңгеру жұмыстарының бұл деңгейінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол материалдың сан рет қайталануын, мағыналық топтарды бөлу, негізгі ойды табу дағдысын, есте сақтау тәсілдерін білуді, т.с.с. талап етеді.

«В» бағдарламасын орындамас бұрын «А» бағдарламасындағы тапсырмаларды әрбір білім алушы орындауға міндетті. «В» бағдарламасын қолдануға арналған есептерді орындау үшін қажет, ол білім алушылардың оқу, ой-әрекетінің арнайы тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бағдарламаға бірінші деңгейдегі материалды кеңейтетін, негізгі білімді дәлелдейтін, суреттейтін, нақтылайтын ұғымның қолданылуы мен жұмыс істеуін көрсететін қосымша мәліметтер енгізіледі. Бұл деңгей мәліметтер көлемін кеңейтіп, негізгі материалды терең түсінуге көмектеседі.

«С» бағдарламасының орындалуы білім алушыларды алған білімді шығармашылықпен қолданылатын деңгейге көтереді. Бұл бағдарлама оқу жұмысы мен ой-әрекетінің тәсілдерін және деректі оқу материалын еркін игеруді көздейді. Өз білімімен мәселелер шешуде білім алушыға оның логикалық ойлауын дамытатын мәліметтер беріп, оны шығармашылықпен қолдану болашаққа жол ашады. Білім алушыға өзін қосымша жұмыста көрсетуге мүмкіндік береді.[2]

Жалпы физика пәні қиын пән екені белгілі. Әдетте, лицейге түсетін оқушылардың жалпы білім беру дағдылары мен білімдері төмен, физикалық заңдылықтар мен құбылыстар туралы білім қоры нөлге тең. Бұл жалпы білім беретін мектепте қалыптасқан пәннің өзіне деген теріс көзқарасқа («түсінбедім», «мұғаліммен келіспедім», «ұнамадым», «қиын пән», «мамандыққа қажет емес», және т.б) үстемдік етеді.

Жалпы мектептің мұғалімінің көкейінде тұрған сұрақтар:

• Оқушылардың пәнге деген көзқарасын қалай өзгертуге болады?

• Балаларды оқуға қалай үйрету керек?

• Оқушылардың ғылыми білімге деген қызығушылығы ситуациялық емес, мүмкін болса, олардың кәсіби өмірінің бір бөлігіне айналуы үшін не істеу керек?

• Оқытуды қызықсыз, бір сарынды болып қалмас үшін қалай ұйымдастыруға болады?

• Пән бойынша сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, танымдық қызығушылығын, оқу әрекетінің жеке стилін қалай дамытуға болады?

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған мәселелерді жүйелі шешу үшін «табысты жағдайды» қамтамасыз ету қажет. Оқушылардың іс –әрекеттерінің табысты болуына жол ашатын оқытудың түрі – дифференциалды оқыту түрі болып табылады, мұндай жолмен оқушылыр өзінің қандай деңгейде екеніне көз жеткізіп, ары қарай деңгейін арттыруға тырысады. [3]

Әдебиеттер

1. Ф. Б. Бөрібекова Н. Ж. Жанатбекова/Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар.2014
2. Копжасарова М. Развитие идей дифференцированного обучения в теории и практике общеобразовательной школы / М. Копжасарова // Поиск. — 2001. — № 1. — С. 123–129.
3. http://16school.ucoz.net/publ/iz_opyta_raboty/differencirovannyj_podkhod_v_obuchenii_fizike/8-1-0-123

ӘОЖ 057.874

DATA MINING ДЕРЕКТЕРДІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТАЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Ускенбаева С.Ж. , Есқара М.М. – 1510-10 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Одаманова Г.П. – магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье рассматриваются основы технологии интеллектуального анализа данных и цели интеллектуального анализа данных. Обсуждается практическое применение интеллектуального анализа данных в интернет-технологиях.

Адам әрқашан оқиға, құбылыс, объект туралы сенімді ақпаратқа, мәселені шешудің алгоритміне ғана қызығушылық танытқан. Адам әрқашан қалаған мақсатына қалай жетуге болатындығын дәл елестетіп отырды.

Компьютерлер мен ақпараттық жүйелердің пайда болуы адамның өмірін жеңілдетуі керек еді, бірақ бәрі тек күрделене түсті. Ақпарат компьютерлік жүйенің ішектеріне өтіп, көзден ғайып болды. Қажетті деректерді таңдау үшін дұрыс алгоритм құрастыру немесе мәліметтер базасына сұранысты тұжырымдау қажет.

Data Mining — «машинамен (алгоритмдермен, жасанды интеллект саймандарымен) шикі деректерде, бұрын белгілі болмаған, тривиальді емес, практикалық түрде пайдалы, адаммен интерпретациялау үшін жетімді жасырын білімді зерттеу әрі аңғару. Бұл терминді 1989 жылы Григорий Пятецкий-Шапиро енгізген.

Григорий Пятецкий-Шапиро: «Бұл анық емес, объективті және практикада пайдалы заңдылықтардың үлкен көлемін іздеуге арналған технология» [1].

Data Mining-де алынған ақпарат ретінде модельдер қызмет атқарады. Модельдердің түрлері олардың жасалуына қарай негізделетін болады. Ең көп таралған: ережелер, ағаштар шешімдер, кластерлер және математикалық функциялар болып табылады.

Data Mining мақсаттары көптеген ережелерді шешуге септігін тигізеді. Оның негізгілері: классификация, регрессия, ережелерді іздеу, кластеризация болып табылады.

Классификацияның мақсаты оның сипатымен негізделетін болады.Классификацияның мақсаты оның сипатымен негізделетін болады. Айта кету керек, бұл жерде көптеген кластарды анықтауға болады.

Регрессияның мақсаты классификациядағыдай көптеген кластарға ие болып, оған белгілі бір объект жатқызылуы мүмкін.Регрессияның мақсаты классификацияның мақсатына ұқсап, белгілі бір сипаттар бойынша объектінің параметрін анықтауға септігін тигізеді. Параметрдің мақсаты көптеген сандар болып табылады.

Ассоциациялы ережелерді іздеген уақытты объектілер арасында тәуелділерді табуға болады. Табылған тәуелділер ережелер түрінде табылып, объектілер мен қызметтер арасында негізделуі де мүмкін.

Кластеризацияның мақсаты тәуелсіз топтарды іздеуде болып табылады. Бұл мақсатты шешу ақпараттары түсінуге септігін тигізеді. Осыдан бұрын, объектілердің бірігуі олардың санын қысқартуға көмектигізеді.

Жалпы, классификациядағы кластардың саны екіден артық болуы мүмкін. Мысалға, ондай кластардың саны 10 (саны бойынша сан ондық санау жүйесінде) болуы мүмкін. Осының негізінде әрбір пикселдің түсі зерттелетін объектінің саны болып табылады.

Data Mining классификациясының мақсатын, белігілі бір объектіні анықтау ретінде қарастыратын болады. Ол тәуілсіз ауыспалылармен негізделетін болады. Қарастырылған мысалдарда тәуелсіз ауыспалылар болып табылады:

- Жалақы, жасы, балалар саны және т.б.;
- Белгілі бір сөздердің айтылу жиілігі;
- Матрицаның пикселінің түсінің мақсаты.

Тәуелді ауыспалылар осы мысалдарда болып табылады, тиісінше:

- Клиенттің жұмысқа қабілеттігі (ықтимал мәндер осы айнымалы —«иә» және «жоқ»);
- Хат типі (ықтимал мәндер осы айнымалы — «spam» немесе «mail»);
- Бейне саны (ықтимал мәндер осы айнымалы —0, 1, ..., 9).

Барлық қарастырылып отырған мысалдардағы көптік мағынаға көңіл бөлу керек: [«ия», «жоқ»], [«spam», «mail»], [0, 1,..., 9]. Егер де ауыспалылардың мағынасы тәуелсіз сандар болса, онда регрессияның мақсаты болып табылады. Оның мысалы ретінде кредит мөлшерін анықтау болып табылады.

Классификация мен регрессияның мақсаты екі этапта жүргізілетін болады. Бірінші кезеңде оқыту таңдау бөлінеді. Оған тәуелсіз объектілер кіртені болады. Осындай таңдамалылар болуы мүмкін:

- Клиенттер жөніндегі ақпарат;
- Хат қолды түрде спам немесе хат түрінде қабылданады;
- Бұрын анықталған сандардың матрицасы.

Алынатын жоспар негізінде ауыспалының мағынасы анықталатын болады. Оның көбінесе регрессияның немесе классификацияның функциясы деп атайды. Оған келесідей амалдар негізделетін болады:

• Таңдамалының құрамына кіретін объектілер үлкен болуы тиіс. Көп объектілерінің нақты салынған оның негізінде жіктеу функциясы немесе регрессия;

• Таңдауға әртүрлі кластағы объектілер кіруі тиіс;

• Әрбір класс үшін жеткілікті объектілер болуы шарт.

Екінші этапта жасалған модельді объектілерге (объектілерге анықталмаған мәніне тәуелді айнымалы) қолданатын болады [2].

Электронды бизнес жүйесінде Data Mining технологиясы жиі клиенттерді ұстау үшін немесе интернет-дүкендер үшін қолданылады. Тауарлар мен қызметтер көп жағдайда заңдылықтар негізінде жүзеге асатын болады. Статистика көрсетіп жатқандай, Amazon дүкенінің әрбір клиенті «Customers who bought this book also bought: ...» не сатып алғанын қарайтын болады. Клиенттердің персонализациясы , немесе автоматты түрде тану жоғары маркетингтік саясатты жүргізуге септігін тигізеді. Қаншалықты электрондық коммерцияда ақша және төлеу жүйелері, электрондық болғандықтан, пластик карточкаларымен жұмыс істеу операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды тапсырма болып табылады. Себебі, электронды коммерцияда төленетін ақша электронды болып табылады. Data Mining алаяқтарды анықтауға септігін тигізетін болады. Электронды коммерция облысында сондай-ақ әдеттегі маркетинг үшін жасалған Data Mining әдістемелері әділ болып есептелінеді. Ол түсінік негізінен Web Mining түсінігімен байланысты.

Web Mining ерекшелігі web-түйіндерде бар ақпараттың көлемі бойынша таратылған және маңызды, бірдей еместігін талдауға арналған Data Mining дәстүрлі технологияларын қолдануда.

Web Mining спецификасы Data Mining технологияларын қолдануда болып табылады. Онда келесідей бағыттарды анықтап көрсетуге болады:Web Content Mining және Web Usage Mining. Біріншісі жағдайда автоматты іздеу және Ғаламтор желілерінен «ақпараттық шумен» жүктелген ақпараттан сапалы ақпаратты алу, көбінесе қандай уақытта және қандай тұтынушылардың қандай топтарымен қандай беттер екендігін анықтау туралы айтылады. Берілген бағытты Text Mining деп атайды. Web Usage Mining қандай уақытша тізбекте қандай беттері және қолданушылардың топтарымен сұрау салғандармен табады [3].

Data Mining-бұл адами қызметінің әр түрлі саласында шешімдер қабылдау үшін қажет шикізат деректердегі білімдердің бұрын белгісіз, маңызсыз, іс жүзінде пайдалы және қолжетімді интерпретациясын ашу процесі. Data Mining менеджерлер мен талдаушылар үшін күнделікті қызметте үлкен құндылыққа иеленеді. Іскер адамдар Data Mining әдістерінің көмегімен нақты бәсекелестік артықшылықтарға ие болады.

Әдебиеттер.

1. А.А. Барсегян, М.С. Куприянов, В.В. Степаненко, И.И. Холод Методы и модели анализа данных: OLAP и Data Mining (+ CD-ROM)
2. Герцог В.А., Самойленко А.П. Деректерді өндіру: оқыту курсы. - SPb.: Питер, 2001.
3. Б. де Виль. Microsoft Data Mining. Сандық баспасөз, 2001 ж.

ӘОЖ (374.167)

HTML, CSS, JAVASCRIPT ТІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ MP3 ПЛЕЕР ЖАСАУ ӘДІСІ

Ғалымжанұлы Б.- 1509-19а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Кулжатаева К.М.- магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

This article highlights the progress of creating an MP3 player using HTML, CSS, JavaScript languages. The site tells about the Visual Studio Code program, which is written quickly and easily.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі XXI ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры. Бүгінгі таңда компьютерлік дизайн, Web-дизайн, жүйелік программалушы, администратор және тағы басқа мамандардың қажет екендігін түрлі жарнамалық газеттерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан да көруге болады. Аталған мамандықтарды қалай дайындап, оларға қандай программалық құралдарды үйрету арқылы жетілдіруге болатыны әдістемелік жұмыстың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

HTML (HyperTextMarkupLanguage) – бұл құжаттарды кодтау үшін қолданылатын гипермәтіндік белгілеу тілі. HTML беттер ғаламторда браузерден серверге, жай мәтін немесе жасырын символдар (шифрлар) арқылы HTTP және HTTPS хаттамаларымен жіберіледі. HTML тілін британ ғалымы Тим Бернерс-Ли 1986-1991 жылдары Женева (Швейцария) Еуропалық ядролық зерттеу орталығында жасап шығарған болатын. HTML алғашында ғылыми және техникалық құжаттарды халық арасында алмастыруға арналған тіл ретінде жасалған.

HTML көмегімен әдемі жасалған құжатты оңай және тез жасауға болады. Құрамының өзгеруінен басқа HTML-ға гипермәтіндерді оқу қасиеті қосылған. Бейнематериалдық қасиеттер кейіннен қосылған. Бағдарламалар құжаттарды құрылымдау және пішімдеу, оларды байланыстыру құралдарына қайта шығару (бейнелеу) құралы ретінде құрылды. HTML тіліндегі белгісі бар (бұндай құжаттар әдетте .html немесе .htm форматында болады) мәтіндік құжаттар форматталған түрде көрсететін арнайы бағдарламаларымен өңделеді. Бұндай бағдарламаларды веб-шолғыштар немесе браузерлер дейді, әдетте олар пайдаланушының талаптарын ыңғайлы интерфейспен және оларды көрумен қамтамасыз етеді. Қазіргі кездегі ең атақты веб-браузерлер: Google Chrome, Яндекс, Mozilla Firefox, Opera, Internet Explorer және Safari.

Егер HTML-ді үйдің кірпіштерден тұратын қаңқасына теңесек, онда CSS ті сол кірпіштерді үйлесімді түрде қалап, оларды біріктіріп тұрған цемент қоспасына теңеуге болады.Екеуінің бірі болмаса сайт та болмайды. Сонымен, CSS деген не және CSS деген HTML мен қалай байланысады. CSS дегеніміз

ағылшынша Cascading Style Sheets, яғни қазақша стилдік каскад таблицалары деп аталады.

HTML ді кірпішпен қаланып, төрт қабырғасы тұрғызылып және төбесі жабылған үйге ұқсатуға болады.Ал сол үйдің ішін сырлап, еденін төсеп, мебельдерін қойып дегендей т.б. әрекеттер жасайтын осы CSS.

Менің жасаған сайтымда басты рөлді CSS орындайды. HTML де мен қабырғасын құрап, басты мәліметтерді жаздым, арі қарай CSS пен сәндеп әрледім. Бұл ғылыми жұмысымда HTML, CSS, JAVASCRIPT тілдерін қолдану арқылы mp3 плеер жасау барысы қамтылған. Веб-сайтымды “simpleplayer.cf” мекен-жайы бойынша тіркедім.

Кез-келген құрылғыдан өлең тыңдау мүмкін болуы үшін – сайттын адаптивті нұсқасын дайындадым, яғни сайт қолданушының құрылғысының экранының өлшемін ескере отырып ашылады (1-сурет).

Сайтты жасар алдында мен өзіме сұрақ қойдым, адамдарға пайда алып келетін қандай сайт құрсам болады деп ойладым және бұл сайтты жасамас бұрын мен өзіме тез әрі оңай жазылатын бағдарламаны таптым. Ол – Visual Studio Code-ты таңдадым.

1-Сурет. Жұмыстың алғашқы беті

Қолданушыға ыңғайлы болуы үшін – JAVASCRIPT-ті қолданып, сайт ішінде және жанрлар арасындағы навигациялық мәзір жасадым. Сайт қонағынан кері байланыс алу үшін – арнайы бөлім дайындадым. Келешекте жаңа өлеңдерді қосу процессін автоматтандыру үшін SQL тілін қолданып өлеңдердің базасын әзірлеуді жоспарлаймын (2-сурет).



2-Сурет. Жұмыстың алғашқы беті

Интернет - әлемдік компьютерлік желі. Ол ақпарат алмасуының қабілеттік құралы стандартты келісімдермен және адресацияның біртұтас желісімен біріктерілген әртүрлі компьютерлік желілерден тұрады. TCP/IP ұясының хаттамасын интернет пайдаланады. Жақсылығы сонда, бұлар байланыстың онша сенімді емес желісі бойынша да ақпаратты сенімді әрі тез жеткізуге арзан мүмкіндік жасай алады, сондай - ақ кез келген аппаратурамен жұмыс үшін қажетті бағдарламалар қамтамасыз етуді бере алады. Адресация жүйесі әр компьютердің және әрбір интернет пайдаланушыны өзгеше координатамен қамтамасыз етеді.

Жақсы жасалған Web-сайт арқасында пайдаланушы аз уақыт ішінде өзіне қажетті ақпаратты тез тауып ала алады. Осы жиынтықтардың бәрі пайдаланушының сеніміне кіріп, ол сіздің сайтыңызды есіне міндетті түрде сақтап және қайтып сіздің сайтыңызға кіргісі келеді.

Қорытындылай келгенде, жұмысымды орындау барысында қалаған нәтижеме жету үшін HTML, JAVASCRIPT, CSS тілдерін қолдандым. HTML мен JAVASCRIPT, CSS тілдерінің каскадты стилдер кестесі, сценарийлерді қолдандым. Бұлардың ыңғайлылығы, құрылымды мәліметтер қорымен байланысы және көптеген бар және алда болатын қарапайым элементтері қызықтырмай қоймайды.

Әдебиеттер:

1. Бөрібаева Б., Мадьярова Г.А. Web-технологиялар-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011
2. Дэвид Моррис Flash 8. Создание Web-сайтов. - М.: NT Press, 2006.
3. Александр Левин: Интернет – это очень просто – СПб.: Питер, 2008.-128 с.
4. Федорчук А. Как создаются Web-сайты: краткий курс – СПб.: Питер, 2000.-224 с.
5. Гаевский А.Ю.Создание Web - страниц и Web - сайтов. Москва 2005.
6. Марина Дмитриева. «Java Script» – Санк – Петербург. «БХВ - Петербург» 2002г.

ӘОЖ

ОРТА МЕКТЕПТЕ «ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ӨРІС» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ

Жабақ Ғалымжан Нұрланұлы - 126-28 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы - ф.м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

Мақалада «Электромагниттік өріс» тақырыбын оқытудың ерекшеліктері, артықшылықтары мен оның элементтерін орта мектеп физика курсында оқыту мәселелері баяндалады.

Жаңа технологиялар ғасыры білім саласына жаңа міндеттер жүктеп отыр. Атап айтқанда оқыту жүйесін жетілдіру, оқытудың тиімділігін арттыру мен оны орта мектеп физика курсында қолдана алу мүмкіндіктері.

Физика — нақты ғылым және құбылыстардың заңдылықтары сандармен зерттеледі, сондықтан басты назар физикалық заңдарды тұжырымдау мен оларды түсіндірудің математикалық аппаратты қолдануға аударылады. Оқушылардың алған білімі қоршаған ортаға шығармашылық көзқарасын қалыптастыруға және оны дамытуға ықпал ететін болады және қоршаған орта туралы шындықты дұрыс талдауына көмектеседі.[1]

Электромагниттік құбылыстар табиғатта кездесетін құбылыстардың ішінде ерекше орын алады. Электродинамика – электромагниттік құбылыстарды зерттейтін ғылым, ондағы барлық заңдылықтар Максвелл теориясына негізделген. Максвелл теңдеулері тәжірибе арқылы алынған заңдардың математикалық модельдері. Сондықтан, классикалық механикадағы Ньютон заңдары сыяқты Максвелл теориясының электродинамикада алатын орны ерекше зор.

«Электродинамика» деген сөзді тікелей аударсақ, ол электр зарядтарының қозғалуын және өзара әсерлесуін зерттейтін ілім деуге болады. Мұндай анықтама электродинамиканың негізгі мазмұнын аша алмайды, оның басты мақсаты және негізгі мазмұны – электромагниттік өріс туралы, электромагниттік өрістің зарядтар және токтармен байланысы туралы ілім.

Өріс туралы ұғым классикалық механикада да қолданылады, бірақ ол математикалық жеңілдік үшін формальды түрде енгізілген.

Электродинамикадағы өріс табиғатта кездесетін материяның ерекше бір түрі. Электромагнит өрісінің энергиясы да, импульсы да бар, оларды алып жүретін өрістің өзі. Электромагниттік өріс алғаш зарядтардың қозғалуымен пайда болғанымен, олар өзін тудырған өріс көздерінен ажырап, кеңістікте электромагниттік толқын ретінде таралады. Мұндай тұжырымға келу үшін көптеген ғалымдардың (Кулон, Эрстед, Ампер, Био-Савара, Фарадей) еңбегі сіңді. Ағылшын ғалымы Дж. Максвеллдің электродинамика ғылымына қосқан үлесі өте зор десек артық болмас. Ол өз атымен аталған теңдеулер жүйесінің негізін қалаған ғалым.[2]

Қазір электромагниттік өрістің материялық қасиеттері мен көріністерінің қалтқысыз дәлелденгеніне ешқандай күман жоқ. Г. Герц 1887 ж. тәжірибе жүзінде электромагниттік толқынның бар екенін байқады, П.Н. Лебедев 1901 ж. жарық қысымын өлшеу, 1960 ж. Р. Паунда мен Г. Ребки «жарықты өлшеу»

тәжірибесін жасады. Ал, электротехникалық, радиотехникалық және электрондық құралдар мен тетіктер электродинамика заңдылықтарына негізделгенін айтпаса да түсінікті.

«Электромагниттік өріс» тақырыбын орта мектепте оқытудың мәселелеріне тоқталып кетсек:

Электромагниттік өрістің жалпы сипаттамасы қоғамда қолданылуы:

Әр түрлі өнеркәсіп пен энергетиканың дамуына байланысты заманауи жағдайлардағы ғылыми-техникалық прогрессте электромагниттік сәулелену өзінің экологиялық және өнеркәсіптік маңыздылығы бойынша басқа қоршаған ортадағы факторлардың арасында алдыңғы қатарлардың бірінде тұр. Жалпы электромагниттік фон табиғи сәулелену көздерінен құралады: Жердің, атмосфераның электрлік және магниттік өрістерінен, күннің және галактиканың радиосәулеленуінен және жасанды (антропогенді) сәулелену көздерден: телевизия және радиостанция, электр беру желілері, электр тұрмыс техникалары және баскалар. Табиғи электромагниттік фонның деңгейі кей жағдайда антропогендік көздердің шығаратын электромагниттік сәулелердің деңгейінен бірнеше есе төмен болады. Ғарыштық, жер төңірегіндегі және биосфералық кеңістіктегі электромагниттік сәуленің жердегі өмір процесін жалғастыру үшін санаулы ғана мәні болады және оны биологиялық мөлшер (биологическая значимость) деп те атайды.

Электромагниттік өріс деп отырғанымыз - бұл зарядталған бөлшектердің өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асатын, материяның ерекше формасы. Өзара байланысқан айнымалы электр өрісі және магнит өрісін көрсетеді. Электр Е және магнит Н өрістерінің өзара байланысы, ол біреуінің қандайда бір өзгерісі келесі өрісті тудырады: жылдам қозғалыстағы зарядтардан туған айнымалы электр өрісі, өз кезегінде іргелес кеңістікте жатқан айнымалы электр өрісін қоздыратын, көршілес кеңістіктегі айнымалы магнит өрісін туғызады тағы сол сияқты. Осылайша, электромагнит өрісі кеңістіктегі бір нүктеден екінші нүктеге электромагниттік толқын түрінде жайылады. Электромагнит өрісі вакуумде электр өрісі Е және магнит индукцмясы В кернеулігімен сипатталады. Электромагнит өрісі ортада екі қосымша мәнмен сипатталады: магнит өрісі Н кернеулігімен және электр индукциясымен D. Электромагнит өрісі компоненттерінің зарядтармен және токтармен байланысын Максвелл теңдеуінен көруге болады.

Радиожиілік және аса жоғарғы жиілікті электромагниттік сәулелерді шығару көздері болып адам қажеттілігіне жасалған, әр түрлі сферадағы құрылғылар мен бұйымдар болып табылады. Осы негізгі құрылғылардың көбінде электромагниттік сәулеленудің физикалық қасиеттері қолданылады: кеңістікте жайылу және сыну, материалдарды қыздыру, заттармен өзара әрекеттесу және т.с.с., сонымен қатар электромагниттік сәулелерді кеңістікке таратуға арналмаған, басқа да өзгеше жұмыстарды жасауға арналған, бірақ зиянды электромагниттік сәулелерді шығаратын құрылғылар да кездеседі. Радиожиілікті және аса жоғарғы жиілікті электромагниттік сәулелердің қасиеті болып байланыс саласындағы 2 шекараны кеңістікте жайылу және сыну

арқылы байланыстыру болып табылады (радио және телестанция, ретрансляторлар, радио және ұялы телефондар) және радиолокациялар (әр түрлі міндет атқаратын радтолокациенды жиынтықтар, навигациялық құрылғылар). Радиожиілік және аса жоғарғы жиілікті электромагниттік сәулелелендірудің мүмкіншілігін әр түрлі техникада материалдарды өңдеуде қолдану үшін әр түрлі материалдарды қыздыру, жартылай өткізгіштерді қыздыру үшін, синтетикалық материалдарды дәнекерлеуге, азық-түлік дайындауда (қысқа толқынды пеш), медицинада (физиотерапевттік қондырғылар) кеңінен қолданады.

Қысқа толқынды пеш (немесе аса жоғары жиілікті пеш) микротолқынды немесе аса жоғары жиілікті сәулелену деп те аталатын электромагниттік сәулеленуді тамақты қыздыру үшін қолданады. Қысқа толқынды пештің жұмыс жасау жиілігі 2,45 ГГц-ті құрайды. Дәл осы жиіліктен көп адамдар қолқады. Бірақ заманауи қысқа толқынды пештерде электромагниттік сәулелерді жұмыс аумағынан сыртқа шығармайтындай етіп жасаған. Сонда да бұл электромагниттік сәулелерді пештен сыртқа шықпайды деп сеніммен айта алмаймыз. Әр түрлі жағдайларда электромагниттік сәулелердің бөлігі сыртқа шығады, әсіресе есігінің астыңғы оң жақ бөлігінен қарқынды шығатыны зерттелген.[3]

Электромагниттік сәулелерді кеңістікте тудыра алатын техникалық құрылғылар электромагниттік сәулелерді тікелей шығару көздері болып саналады. Бұлар радиоаппараттарда антендік жүйелер, генераторлы лампалар, фидерлік тракттермен дұрыс жалғанбаған жерлер, генераторлық шкафтардың экрандалған аумақтары, электронды-визуальды құрылғылардағы ақпарат көрсету экрандары; материалдарды термоөңдеу қондырғыларында- жұмыс индукторлары және конденсаторлар, келістіруші (согласующие) трансформаторлар, конденсатордың батареялары, фидерлік желілерде экрандалған орындар.

Радиолокационды станциялар ережеге сай айна тәрізді антеннамен құрылған және «оптикалық оське» бағытталған, сәуле түріндегі тарбағытталған сәулелену диаграммасы болады. Радиолокационды жүйе 500 МГц-тен 15 ГГц-ке дейінгі жиілікте жұмыс жасайды, бірақ бөлек жүйелер 100 ГГц жиілікке дейін жұмыс жасай алады. Олардан шыққан электромагнитті сигнал басқа электромагнитті сигнал шығару көздерінен ерекше. Антенаның кеңістікте периодты түрде орын ауыстыруына байланысты кеңістіктегі үзілісті сәулелендіруге әкеліп соғады. Сәулеленудің уақытша үзілістілігі радиолакатордың сәулеленуге циклдық жұмысына негізделген.[4]

Ең қызығы, біздің қоршаған ортамызда көптеген магниттер бар екенінде. Пәтерлерде ондаған магниттерді кездестіруге болады: электробритваларда, динамиктерде, магнитофондарда, сағатпен, банктерде шеге және т. б. біз Өзіміз де магниттер: биотоки, ағымдағы бізде, туындауына ықпал етеді айналамыздағы қаларлық өрнек магнит күш сызықтарының. Жер, біз өмір сүріп, алып көк магнит. Күн, сары плазмалық шар, - магнит одан да орасан зор. Галактика және аймағында да болатыны анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1) Махамбетов У.М. «Физика» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері / У.М.Махамбетов. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2020. - №9.1 (399.1). – С. 22-23. – URL: http://moluch.ru/archive/299/67926/ (дата обращения: 12.03.2022).
2) Жалпы физика курсы оқулығы/ Т. Бижігітов
3) Электроника, радиотехника және байланыс. -Алматы: Рауан, 2000.
4) Құлбекұлы М. Электр және магнетизмнің физикалық негіздері.

ӘОЖ

АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛДЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Базарбаева Гаухар Нұрболатқызы- 126-18 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Абдрахманов Курбанхожа - ф.м.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Мектеп оқушыларына интеграл тақырыбын түсіндіру әдістемесінің негізгі мақсаты – білім бере отырып, олардың танымдық деңгейін және ой – өрісін кеңейту, оқуға және математикаға деген қызығушылығын арттыру, ынтасын ояту, тәрбиелікке, патриоттыққа және шығармашылыққа баулу.

Жалпы, интегралды оқыту әдістерінің өзіне тән тарихы бар. Интеграл және интегралдау ұғымдары туралы алғашқы жүйелі түсініктер И. Ньютон жәнеГ. Лейбниц еңбектерінде келтірілген. Интегралдық есептеуді дамытуға қомақты үлес қосқан ғалымдар қатарына орыс математиктері М.В. Остроградский, В.Я. Буняковский, П.Л.Чебышев, А.Я.Хинчин, көрнекті неміс математигі Б.Риман, француз математиктері Г.Дарбу, А.Лебег және т.б көптеген ғалымдар болған. Сабақ өту кездерінде алған білімдерін оқушылар практикалық жұмыстарда пайдалануға машықтанады және білімдерін тереңдете түседі, интегралдың геометриялық және физикалық мағынасын терең түсінудің себебін және салдарын анықтайды, оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің дамуы анық көріне бастайды және олар жүйелі абстрактылы ойлауға көшеді, орындаған жұмыстарын дәлелдеуге және саналы түсінуге тырысады.

Интегралдау тақырыбын оқытудың әдістемесі мектепте оқытылатын пәндік білімдерді және оларды тәжірибе жүзінде қолдану арқылы жүзеге асырылады. Математика пәнін басқа пәндермен байланыстыра оқығанда оқушылар тек есепті шығарып қана қоймай, олар сол есепті түбегейлі дәлелдеуге және практика жүзінде пайдалануға үйренеді, оқулық қызметінде сенімділік орнығады, келешек өзіндік тұлға ретінде қалыптасады.

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытының 11-сыныбына арналған оқулықта 1-тарау «Алғашқы функция және интеграл» тақырыбымен басталады, тарау төрт параграфтан тұрады. Бірінші параграфта алғашқы функцияның, анықталмаған интегралдың анықтамалары, интегралдың қасиеттері беріледі. Екінші параграфта қисықсызықты трапеция ұғымы, ал үшіншісінде интегралдық қосынды, анықталған интеграл ұғымдары және

Ньютон-Лейбниц формуласы қарастырылады. Соңғы, төртінші параграфта ғана интегралды қолдануға жетеміз. Онда да, геометриялық және физикалық есептерде қолдану! Қоғамдық – гуманитарлық бағытта да солай. Сол баяғы абстрактілі математика. Материалдың бұл ретпен берілуі әрине ғылыми жағынан дұрыс, заңды шығар. Әйтсе де, туынды – анықталмаған интеграл – анықталған интеграл қандай ретпен беру керек деп ғалымдар әлі күнге бас қатыруда. Тарихи жағынан алғанда интегралдар туындыдан бұрын, ал анықталмаған интеграл анықталған интегралдан бұрын туған емес пе? Егер мектепте оқытушы тек осы жолмен ғана жүріп, «құрғақ» формулалар мен есептерді көптеп беретін болса, онсыз да әрең жүрген оқушылар математиканы тіпті ұнатпай қалады. Сол балалардың 90 пайызына интеграл ертеңгі өмірінде тіпті қажет те емес. Дегенмен, өмірде, қоғамның қай салаларында оның қолданылатынын, қаншалықты маңызды дүние екенін білулері қажет деп есептейміз. Тарау соңында берілген «Интеграл ұғымы кез келген жазық фигуралардың ауданын, сондай-ақ кез-келген дене бетінің ауданын және көлемін есептеу қажеттілігінен пайда болды» деген бір абзац барлық оқушының санасын серпілте алмасы анық. Туындының, интегралдың, жалпы кез-келген ұғымның қолданбалы бағытына мән бермеу оқушының тақырыпты қызықпай, селқос, үстіртін игеруіне кепілдік береді (барлық оқушы емес әрине).

Қазіргі кітаптарда функция үшін барлық алғашқы функциялардың ұғымы да анықталмаған интеграл деп жазылған. Бұл ұғымды екіге бөліп ккрсеткен Ленбниц болды. Ол алғашқы функциялардың айырмашылықтарын өзіміздің қалауымыз бойынша алынатын тұрақты сан екенін айқындаған. Анықталған интегралдың белгіленуін К.Фурье енгізген болатын. Ал, интегралдау шектерін Эйлер көрсеткен. F(b) - F(a) айырмасын y=f(x) функциясының [a;b] кесіндісіндегі анықталған интегралы деп атайды.

$\int_a^b f(x)dx$ мұндағы, a және b сандары интегралдау шектері: a – төменгі шегі, ал b – жоғарғы шегі.

Бұл мақалада білім беретін орта мектепте «Анықталған ингеграл» тақырыбын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері тақырыбы негізінде жазылған. Орта мектептерде анықталған интегралдар тақырыбын оқыту әдістемесін дамыту кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері , психологиялық – педагогикалық әдістемелік негіздемелеріне сүйене отырып мынандай қорытынды жасауға болады:

- Оқулықтар мен бағдарламаларға талдау жасау мектеп оқушыларына интегралдау тақырыбын оқыту әдістемесін дамытудың мүмкіндіктерінің көптігін көрсетеді;
- Мектеп оқулықтарындағы есептер мен жаттығуларды қайта өңдеп жаңа мазмұн беру арқылы оқушылардың ойлау қабілетін және танымдық деңгейін дамытуға, қолданбалы есептерді шешуге және оқыту үрдісін, оқу – танымдық іс-әрекетерін, дидактикалық міндеттерін тиімді пайдалануға болатынын дәлелдейді;

- Анықталған интегралдау тақырыбын оқытуға бағытталған және тиімділігі отырған әдістемелердің ұтымдылығы менің мектепте өткен кәсіптік іс-тәжірибе кезінде байқалды;
- Орта мектепте математикалық білім берудің өзіндік ерекшелігін және математика пәнінің табиғаты, өзіндік орны мен мақсатына сәйкес, осы пән бойынша орта сыныптың сабақтарында “түсіндіру,” “түсіндірме,” “әңгіме,” “әңгімелесу,” “проблемалы баяндау,” “ішінара іздену немесе эвристикалық әңгімелеу” сияқты әдіс түрлерін тиімді қолдануға болаындығы тұжырымдалды.

Менің Шымкент қаласындағы Ақселеу Сейдимбек атындағы №80 IT мектеп-лицейінде 31.01.2022-25.03.2022 ж.ж. аралығында кәсіптік практика кезінде 11 сынып оқушыларымен “Анықталған интеграл” тақырыбында сыныптан тыс жұмыс негізінде ашық сабақ өткізген болатынмын. Бұл ашық сабақтан оқушыларда анықталған интегралдар жайында тереңірек түсінік қалыптасты және болашақта осы тақырыпқа байланысты есептерді шығаруда қиналмайтынына сенімдімін.

Әдебиеттер

1. Темиргалиев Н.Т., Математикалық талдау , 2Б, Алматы, «Мектеп», 1997 г.
2. А.Әбілқасымова Алгебра және анализ бастамалары 11 Алматы «Мектеп» 2007ж.
3. Ә.Н.Шыныбеков. Алгебра және анализ бастамалары. 11-сыныпқа арналған оқулық.Алматы «Атамұра» 2007ж

ӘОЖ 057.874

БЕРІЛГЕНДЕРДІ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ САҚТАУ САЛАСЫНДА ТӨҢКЕРІС ЖАСАҒАН ТЕХНОЛОГИЯ

Кемелбек М.Б., Құрманбек Б.Е., Оңғар А.Р.– 1510-10 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Одаманова Г.П. – магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются основы современных аналитических технологий Big Data и их новые возможности.

Ақпарат кімнің қолында болса, әлем соның уысында. Бұл нақыл сөздің ақиқатына бүгінгі күннің өзі дәлел. Ертеде ақпаратты сақтау, тасымалдау тәсілі қарапайым болды. Осыдан 10 жыл бұрын компьютерге арналған дисктердің көлемі 4,7 Гб-ты құрған. Ал қазіргі таңда күнделікті қолданатын Facebook секілді әлеуметтік желінің өзі жарты миллиард терабайт ақпаратты өңдейді.

Дүние жүзінде ақпараттық деректердің саны жыл сайын 20 пайызға көбейіп отырады. Бүгінде сол сақталған ақпараттар бір жарым зеттабайтқа (ақпараттың өлшем бірлігі) тең. Егер сақталған ақпараттарды кітапқа түсіретін болса және ол кітапты қатарынан қойса АҚШ аумағын бес рет айналып шығуға болады. Осыған байланысты оларды сақтау, сұрыптау басты мәселеге айналған.

«Үлкен деректер» дегеніміз - бұл барлық дерлік кәсіби конференцияларда мәліметтерді талдауға, болжамдық талдауға, деректерді өндіруге, CRM-ге арналған конференцияларда кездесетін термин. Термин сапалы түрде үлкен көлемде жұмыс істейтін, ұйымдық үдеріске мәліметтер ағымының жылдамдығы үнемі артып отыратын салаларда қолданылады: экономика, банк ісі, өндіріс, маркетинг, телекоммуникация, веб-аналитика, медицина және т.б.

Ақпараттың тез жинақталуымен қатар деректерді талдау технологиялары да қарқынды дамып келеді. Егер бірнеше жыл бұрын, мысалы, клиенттерді ұқсас артықшылықтары бар топтарға бөлу мүмкін болса, енді нақты уақыт режимінде әр тұтынушыға модельдер құруға болады, мысалы, оның белгілі бір өнімді іздеу үшін Интернеттегі қозғалысын. Тұтынушының мүдделерін талдауға болады және құрастырылған модельге сәйкес жарнама немесе нақты ұсыныстар көрсетіледі. Сондай-ақ, модельді нақты уақыт режимінде реттеуге және қалпына келтіруге болады, бұл бірнеше жыл бұрын ойға келмеген.

2008 жылы «Үлкен деректер» (Big Data) термині пайда болды. Big data – технологиялық инновациялар нәтижесінде пайда болған үлкен ақпараттар ауқымын өңдей алатын бағдарламалық құралдар. Оған ұзақ жылдар бойы сақталған ұялы байланыс абоненттерінің мәліметтері, іздеу жүйелеріндегі сауалдар тізбегі, әлеуметтік желілердегі белсенділік, тіпті қоғамдық орындардағы бейнебақылау камераларында жазылған материалдар және т.б. ақпараттар кіреді[1].

Big Data тек сандар мен әріптерден құралмайды. Оның ауқымы кең. Соның ішіне: әлеуметтік желілер, блогтар, медиа, форумдар, веб-сайттар, заттар интернеті т.б дерек көздерін қамтиды. Бүгінде оларды денсаулық сақтау, телекоммуникация, сауда, логистика салаларында, қаржы компанияларында, сонымен қатар мемлекеттік басқаруда пайдаланады. Бұл технологияны АҚШ, Сингапур, Германия, Ұлыбритания, Ресей елдері қолданады.

Қазір адамдардың өмірін өзгертетін бес негізгі технология анықталып отыр. Олар: заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн, 3D басып шығару және Big Data.

Еліміздегі мемлекеттік органдар BigData және OpenData (ашық деректер) концептілерін енгізуге күш салуда. Мәселен, eGov-тың мақсатты аудиториясын зерттеу барысында «Big Data» зертханасы жұмыс жасайды. Онда eGov

порталының пайдаланушыларының профилін талдау бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, еліміздегі денсулық сақтау саласының ақпараттық жүйесіне 2005 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 14 терабайт мәліметтер жинақталған. Бұл 5,8 млрд бет мәтінмен пара-пар. Алдағы уақытта Big data технологиясы мен жасанды интеллектіні пайдалана отырып өңдейтін болады.

Қазіргі таңда ТМД-дағы ең үлкен Data орталығы Павлодар қаласында орналасқан. Деректер орталығы электронды ақпаратты өңдеп сақтайтын 11 мыңнан аса құрылғыны қабылдауға қауқарлы. Бұл «Қазақтелеком» АҚ мен Hewlett-Packard компаниясының бірлескен жобасы болып табылады.

Ал 2020 жылға қарай «Қазцинк» «Big Data» жобасын жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бұл көптеген операцияларды оңтайландырады, түрлі қатерлердің алдын алуға мүмкіндік береді. Компанияларға Big Data технологиясын пайдалану маңызды ақпаратты бірнеше секундта алуға жағдай жасайды. Нәтижесінде, экономикалық шешімдердің тиімділігін арттыруға, клиенттердің сұранымдарына жылдамырақ жауап қайтаруға ықпал етеді[3].

Айта кету керек, айтулы жүйені әлемдік компаниялар кеңінен қолданады. Әлемдік компаниялардың санатына американдық Google және ресейлік Яндекс, Mail.Ru Group компаниясы, сонымен қатар әйгілі Рамблер интернет-порталы кіреді.

Boston Consulting Group талдау консалтингтік компаниясының директоры Александр Тюрпицтың айтуынша, бүгінгі күні дамушы елдердегі интернет-экономиканың өсімі жыл сайын 15-25 пайызды құрайды екен.

«Экономиканың басқа секторлары мұндай өсімді көрсете алмайды. Барлық жаһандық деректердің 90 пайызы тек соңғы екі жылда жасалған. Сонымен қатар, әлемдегі деректердің 99 пайызы цифрландырылған. Бүкіл әлемдегі 35 миллиард құрылғы деректерді түрлендіреді және оны күн сайын бөліседі. Бұл әлем тұрғындарыннан бес есе көп және осы құрылғылардың тек бір пайызын ғана қосуға болады », – деді BCG сарапшы[2].

Қорытындылай келе, Big Data көмегімен экономикалық өсімді, халықты сапалы ақпарат көзімен қамтамасыз етуде, жылдамдықты және деректердің дұрыстығын, жинақталған ақпараттардың құндылығын сараптай аламыз. Сондықтан, көшіру, қалпына келтіру және деректерді мұрағаттау нарығы болашақта үлкен сұранысқа ие болады. Бұрын елестету қиын болған жаңа мүмкіндіктер жасалуда. Көптеген заманауи аналитикалық технологиялардың негізі болып табылатын «Big Data» алдағы уақытта рөлі айрықша маңызды болады.

Әдебиеттер.

1. The National Academies of Science, Engineering and Medicine 2010.
2. Simon Piff. Notes from the Data Science Summit: Making Sense of Big Data (англ.) (недоступная ссылка). Document at a Glance. IDC (1 июля 2012).

ӘОЖ

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ОРТА МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Серикбаев Қайрат - 126-28 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы - ф.м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Мақалада модульдік оқыту технологиясын орта мектепте физиканы оқыту барысында қолдану мәселелері баяндалады.

Оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құру негізіндегі технологияларының негізгі екі түрі бар. Олар: Модульдік оқыту технологиясы, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы болып табылады.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сыни тұрғыдан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жалпы орта мектебінің оқушылары да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз белгілі

Модульдік оқыту технологиясы

Педагогикалық технология негізінде оқу циклін қайта жаңғырту идеясы алынған.

Оның мазмұнына мыналар кіреді:

- оқытудың жалпы мақсатын қою;
- жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
- оқушылардың білім деңгейін алдын ала (диагностикалық) бағалау;
- оқыту әрекеттерінің жиынтығы (бұл кезеңде жедел кері байланыс негізінде түзету жүргізілуі тиіс);
- нәтижені бағалау енеді.

Осының арқасында оқу үдерісі «модульдік» сипат алып, құрылымыортақ, бірақ мазмұныәр түрлі жеке блоктардан құралады.

Модульдік оқыту технологиясы арқылы «Динамика негіздері» бөліміндегі Механикадағы күштер тақырыбын оқытсақ.

Сабақ тақырыбы механикадағы күштер

Кіріспе бөлімі Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгендеп болған соң, ойын шартымен таныстыру.

Сөйлесу бөлімі «А» әріпі бар бағытаушы парағын және жетонын алған оқушылар «А үстеліннің» басын отырады «Б» әрпін алғандар, «В»әрпін алғандар және «Г» әрпін алғандар үстел басына отырады. Әрбір топқа тапсырмасы беріледі.

Ойынның тапсырмасы.
А тобы: Ауырлық күші.
Б тобы: Серпімділік күші.
В тобы: Үйкеліс күші.
Г тобы: Тіректің реакция күші.



А тобы: *Ауырлық күші деп денелердің Жердің центріне тартылу күшін айтады.*

F = mg, мұндағы m – дененің массасы, g – еркін түсу үдеуі, оның модулі шамамен 9,8 м/с^2-қа тең.

Доптың аудан
Жерге түсуі

Б тобы: *Серпімділік күші деп дененің пішіні мен көлемі өзгерген кезде пайда болатын күшті айтады.* Бұл күш денелерді қысу, созу, майыстыру немесе бұрау кезінде пайда болады. Серпімділік күші әрқашан дененің пішіні мен өлшемдерінің өзгеруін тудырған күшке қарама – қарсы бағытталады. Серпімді деформациялар кезінде денеде туындайтын серпімділік күші оның созылуына тура пропорционал: $F_{\text{серп}} = -k\Delta l$, бұл формула Гук заңын өрнектейді, мұндағы $F_{\text{серп}}$ – серпімділік күшінің модулі, k – қатаңдық немесе қатаңдық коэффициенті, $\Delta l = l - l_0$ –дене ұзындығының өзгеруі.

В тобы: *Үйкеліс күші деп денелер тікелей жанасқанда пайда болатын күшті айтады және ол күш әрдайым жанасу бетінің бойымен қозғалыс бағытына қарама – қарсы жаққа қарай бағытталады.*

Үйкеліс күші

Қарастырылатын дененің үйкеліс күші ($F_{үйк}$) екінші дененің бетін басып қысатын Р күшке, демек тіректің N реакция күшіне, үйкелісетін беттердің материалы мен өңделу сапасына байланысты болады.

Г тобы: *Тіректің реакция күші деп тіректің денеге әрекет ететін серпімділік күшін айтады.*

$F_{үйк}$ үйкеліс күшінің модулі тіректің N реакция күшінің модуліне тура пропорционал:

$$F_{үйк} = \mu N$$

мұндағы μ - үйкеліс коэффициенті деп аталатын пропорционалдық коэффициент. Үйкеліс коэффициенті жанасатын беттер жұбының сапасы мен материалына байланысты болады.

Қорытынды бөлім:Сабақты қорытындылау үшін тақтаға ортақ бағалау парағы ілінеді. Барлық оқушыдан бағалау парақтарын жинап алынады. Қай топ көп ұпай жинайды сол топ жеңіске жетеді.

Қорытынды

«XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуда, ол өз мазмұны жөнінен стратегиялық рисурстармен бәсекелесе алады және солай болуға тиіс. Елдің даму деңгейі осы арқылы бағаланатын болады», - деп Президентіміздің білімге ерекше мән беруі, оның даму үдерісін үнемі қадағалап отыруға оған нақты дәлел.

Қазіргі заман педагогтардың негізгі мақсаты – оқушылардың алатын сапалы ету, оның толыққанды тұлға болып қалыптасуына негіз қалау. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып мектеп өміріне енгізіліп жатыр.

Модульдік оқыту біртұтас оқыту ретінде оқыту процесіндегі оқушылар мен мұғалімнің субъект – субъект қатынасын іске асыру үшін жағдай жасауға бағытталған. Сондықтан модульдік оқытудың табысты болуы, негізінен оқушылардың модульдік негізде оқуға көз қарасы мен дайындығына тікелей байланысты.

Әдебиеттер

1. Мирсеитова С. С. Словарь RWCT. – Алматы: Верена, 2005.
2. Стилл Д. Ж., Мередит К., Темпл Ч., Вальтер С. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарлама жобасы үшін дайындалған әдістемелік құрал. – Алматы, 1998.
3. Таубаева Ш. Т., Барсай Б. Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. Алматы, 2005.

УДК 535.376

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЖЕР ИОНДАРЫМЕН БЕЛСЕНДІРІЛГЕН КАЛЬЦИЙ СУЛЬФАТЫ КРИСТАЛЫНДАҒЫ ТЕРМОЫНТАЛАНДЫРЫЛҒАН ҮДЕРІС

Абетаева М.Н.–126-28 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Пазылбек С.А. –PhD., доцент м.а

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Исследована структура сульфата кальция и ТСЛ методом термостимулированной люминесценции, являющимся одним из наиболее чувствительных методов исследования процессов электронного дефекта.

Қазіргі уақытта сирек кездесетін жер (RE^{3+}) иондарымен (Dy^{3+}, Eu^{3+})

легирленген $CaSO_4$ ортосульфаттары гамма γ және рентгендік (х) сәулелердің дозиметриясы үшін тиімді және кеңінен қолданылатын материалдар болып саналады. $CaSO_4$:Mn фосфорлары ұзақ уақыт бойы вакуумдық ультракүлгін (ВУК) радиациясының дозиметрлері ретінде қолданылып келеді және жылдам нейтрондардың селективті дозиметрлерін жасау кезінде салыстыру нысаны ретінде қолданылатын болады [1]. Жарықтандыру құрылғыларына және жалпақ плазмалық теледидар дисплейлеріне қолданылатын сілтілі жер сульфаттарына негізделген әртүрлі фосфорларға зерттеулер [2] жасалуда.

Термоынталандырлағн люминесценция (ТЫЛ) бұл алдын-ала қоздырылған кристалдарды қыздыру кезіндегі жарқыл және рекомбинациялық люминесценция құбылыстарының кең класына жататын құбылыс болыа табылады. Бұл құбылыс рекомбинациялық орталықтар мен өте терең тұзақтарды құрайтын, кристалдар қозған кезде қармалатын электрондар мен кемтіктерді құрайтын қоспалық элементтердің аздығына және әртүрлі құрылымдық ақауларға байланысты болыа табылады. Осыған байланысты термолюминесценттік спектроскопия қатты дененің нақты микроқұрылымы туралы маңызды ақпарат алуға мүмкіндік беретін электронды кемтіктік тұзақтарын зерттеудің тиімді әдісі болып саналады. Эксперименттер көрсеткендей, термолюминесценция заттың құрамы мен құрылымына өте сезімтал, өйткені ерекше тәжірибелік қиындықтарсыз, яғни бұл 1 $см^2$ беттен 10^6 квант/с шамасындағы жарық ағындарын анықтауға және сенімді тіркеуге мүмкіндік беретін әдіс болып саналады [3].

Зерттеулердің ішінде көп тараған үдерістер х рентген сәулелерімен сәулелендірілген $CaSO_4:Dy^{3+}$, $CaSO_4:Eu^{3+}$ және $CaSO_4:Sm^{3+}$ фосфорларда кездеседі [4]. Температурасы 77 К кезінде ренгтгенмен сәулеленген таза $CaSO_4$ кристалындағы радиациялық ақаулары электрондық парамагниттік резонанс ЭПР әдісімен зерттелген болатын [1]. Катиондық бос орындардың (v_c) жанында орналасқан және сәйкесінше 395 К мен 465 К дейін тұрақты SO_4^{2-} радикалдардың екі түрі табылған болатын. Сілтілі жер металл сульфаттарындағы ақаулардың пайда болуы, атап айтқанда $CaSO_4$ люминофорын қоздырған кезде SO_4^{2-} оксианион кешендерінің ыдырауымен байланысты болады.



1-

сурет. Температурасы 80 К кезінде $CaSO_4:Tb^{3+}$(1моль%),Na^+ люминофорының фотондармен (1) немесе 5 К кезінде 5 кэВ электрондармен (2) сәулелендірілген қисықтары. Бұрыштамада 10,5 эВ фотондармен сәулелендіру ұзақтығы мен ТСЛ 235 шыңының қарқындылығының тәуелділігі

1-суретте $CaSO_4:Tb^{3+}$(1моль%),Na^+ екі бірдей фосфоры үшін қисықтары бейнеленген. Бірінші фосфор үлгіні 15 мин-де 80 К фотонмен $h\nu$= 10,5 эВ (~1014 Фотон/см^2) сәулелендірілді, яғни бөлінген электрондар (e) мен кемтіктер (h) арқылы көрсетуге болады. Екінші фосфорды болса темпеартурасы 5 К-де электрондармен (5 кэВ, 30 мин) сәулелендіргенде жұқа қабатта (~1-2 мкм) әр түрлі электронды қозудың тығыздығы 10,5 эВ фотондармен салыстырғанда аса үлкен болып саналады. Бірінші фосфор үшін Tb^{3+}-жарқыл үшін тіркелген ТЫЛ қарқындылығы 390К-нен 450 К-ге дейін қызған кезде нөлге дейін төмендейтін болады.Басқа тараптан, электрондық сәулеленуге ұшыраған үлгідегі 2,27 эВ жарқыл үшін өлшенген едәуір қарқынды ТЫЛ 120-420 К аймағындағы температураға тәуелсіз және уақыт өте баяу төмендейтін қоспалық жарқылдың негізгі көрінісі бақыланатын болады.

Кең аймақтағы температураға тәуелді болмайтын жарқыл KCl мен KBr кристалдарында зерттелген [3] болатын және кеңістікте орын алған локализацияланған электрон e мен кемтік h арасындағы туннельдік рекомбинацияларға сәйкес болып табылады. Үлгіні қыздырған кезде жылулық люминеценция ЖЛ электронды немесе кемтікті қармау орталықтарының

термиялық иондалуынан кейін ғана жойылатын болады. KCl-де мұндай орталықтарға ~210 К-ге дейін қызғаннан кейін ғана секіруге қабілетті автолокацияланған кемтік немесе v_c катиондық ваканцияның жанында локализацияланған және ~250 К-ге дейін қозғалмайтын кемтік енетін болып саналады]. MgO - да v_c катиондық ваканцияға жақын орналасқан кемтікті термиялық ионизациялау 420 К - де жүзеге асырылатын болады, $Caso_4$-де электромагниттік парамагниттік ркзонанс ЭПР әдісімен зерттелген SO_4^- радикалдардың бір түрі автолокацияланған кемтікке сәйкес келетін болып табылады [4].

$CaSO_4$ жұмысының деректеріне сәйкес SO_4^- фотондары 8,44 эВ болатын оксианиондардың тікелей фотоқоздырылуы кезінде сәуле шығару спектрінде негізінен Tb^{3+} иондарының $4f^8$ конфигурациясының энергия деңгейлері арасындағы $^5D_4 \rightarrow {}^7F_J$ электрондық өтулер сериясы жиынтығы тіркелген болатын. $CaSO_4:Tb^{3+}$(1моль%),Na^+ стационарлық катодолюминесценция спектрінде де 2,27 эВ ең қарқынды сәуле шығаруы болатын ($^5D_4 \rightarrow {}^7F_5$) серия басым болып табылады [5].

Сонымен қатар температурасы 80 К кезінде $CaSO_4:Tb^{3+}$(4моль%),Na^+ фосфоры энергиясы 10 немесе 11,5 эВ болатын фотондармен сәулелендіріліп термоынталандаралған люминесценция ТЫЛ қисықтары өлшенген болатын. Tb^{3+} иондарының төмен концентрациясы бар үлгідегідей ТЫЛ 110, 150, 185 және 235 К температурларда нашар көрінетін шыңдар байқалады, олар осы шыңдардың табиғатын анықтау үшін ТЫЛ шыңдарын құру спектрлерінде көрсетілетін болады. Эксперименттік мәліметтер көрсеткендей 185 К және 235 К шыңдары фосфорларды 9,5 эВ с фотондармен сәулелендіргеннен кейін ғана пайда болатын болады. Осы мәліметтердің көмегімен $CaSO_4$ фосфорының тыйым салынған аймағының ені 9,5 эВ құрайды деп есептелінеді.

Әдебиеттер

1. de Jesus E.F.O., Rossi A.M., Lopes R.T. Electron spin resonance evaluation of pure CaSO4 and as a phosphor doped with P and Dy // Radiat. Prot. Dosim. - 2002. - Vol. 553. - P. 101-112.

2. Kirm M., Krupa J.C., Makhov V.N., True M., Vielhauer S., Zimmerer G. High-resolution vacuum ultraviolet spectroscopy of 5d-4f transitions in Gd and Lu fluorides // Phys. Rev. B. - 2004. - Vol. 70. - P. 241101(R).

3. Dorenbos P. The 4fn↔4fn-1 transitions of the trivalent lanthanides in halogenides and chalcogenides // J.Lumin. - 2000. - Vol. 91- P. 91-105.

4. Lushchik A., Kirm M., Lushchik Ch. et al. Multiplication of electronic excitations and prospects for increasing scintillation efficiency in wide-gap crystals // Nucl. Instrum. Methods. - 2005. - Vol. 45 - P. 537-545.

5. Fukuda Y. Thermoluminescence in calcium fluoride doped with terbium and gadolinium ions // Radiat. Meas. - 2008. - Vol. 43. - P. 455-463.

ӘӨЖ 535.376

ЦЕРИЙ ИОНЫМЕН БЕЛСЕНДІРІЛГЕН ОКСИЛОРТОСИЛИКАТТА РАДИАЦИЯЛЫҚ АҚАУЛАРДЫН ПАЙДА БОЛУЫ

Дәнебек С.Б.–126-28 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Пазылбек С.А. –PhD., доцент м.а
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

Attenuation of cathodoluminescence is associated with thermal stimulation of tunneling of electrons in accumulated correlated lattice defects to the centers of defect capture.

Медициналық ПЭТ (позитронды эмиссиялық томография) жүйелерінде сәулеленуді тіркеудің жоғары тиімділігіне байланысты LSO, LYSO, GYSO, GSO кристалдары салыстырмалы түрде қымбат болуына қарамастан басым болып табылады [1].

Сәулелендірілген Gd_2SiO_5 кристалында өзіндік электрондық қозудың релаксациясымен байланысты үш сәуле шығару жолақтарының пайда болатындығын көруге болады. Әдеби деректер бойынша 3,95 эВ ультракүлгін жолақ Gd^{3+} ионының сәуле шығаруымен байланысты екендігін айтуға болады. Төменгі температура кезінде максимумдары 2,0 эВ және 2,5÷2,7 эВ болатын екі сәуле шығару жолағы бар екенңн көрдік. 2,5÷2,7 эВ кезіндегі аса қарқынды сәуле шығару жолағы [1] авторлардың пікірінше үштік автолокализацияланған анион экситонының сәуле шығаруына сәйкес келеді деп болжайды. Бөлме температурасында болса бұл жолақ көрінбейді және 293 К температура кезінде де катодолюминесценция КЛ спектрінде пайда болмайды [2].

Максимумы 2,0 эВ сәуле шығару [2] авторлардың еңбектерінде температурасы 8 К кезіндегі фото қоздырудың сәуле шығару спектрінде ішінара бар болып табылады. Бұл сәуле шығару жолағын басқа оттегі бар кристалдардағыдай, өз торындағы электронды кемтік орталықтарындағы рекомбинациялық немесе туннельдік сәуле шығаруға сәйкес келуі керек деп болжай аламыз.

Сәуле шығарудың екі жолағы да сәулелендірілген Gd_2SiO_5 кристалының фосфоресценциясында пайда болатын болып саналады. Фосфоресценция корреляцияланған электрон мен кемті қармау ұстау орталықтары пайда болатын жүйелерде болатын әдебиеттерден белгілі.

413 К температураға дейін қыздырылған және электрондармен сәулелендірілген Gd_2SiO_5 кристалында 1,5-2,5 эВ спектр аймағында фосфоресценция болатындығын көруге болады. Бұл эксперименттік факт осы температураға дейін сәулелендірілген Gd_2SiO_5 кристалында радиациялық ақаулардың болуын растайтын болып табылады. Жоғарыда келтірілген фактілерге сүйене отырып, 2,0-2,2 эВ спектрлік аймақта пайда болатын сәуле шығару корреляцияланған электронды кемтік орталықтары арасындағы электрондық өтулерге сәйкес келуі керек деп болжамға келуге болады [3].

1-суретте 5 К-нен 410 К-ге дейінгі температурада 3,95 эВ, 2,7 эВ және 2,2 эВ кезіндегі катодолюминеценцияның КЛ температуралық тәуелділігі

бейнеленген. Суреттен байқағанымыздай сәуле шығарудың екі жолағы қарқындылығының сәуле шығару температурасынан тәуелділігі келесідей түрде өзгеретін болады: 5,1 К-нен ~ 40 К-ге дейін жолақтардың қарқындылығы екі есе кемиді; 40 К-нен 140 К-ге дейін ақырындап 3 есе көбейеді; 140 К-нен 270 К-ге дейін жолақтардың қарқындылығы аздап өзгереді; 270 К-нен 325 К-ге дейін-қарқындылығы екі есе кемиді; 325 К-нен 410 К-ге дейін біртіндеп 2 есе көбейеді.

Катодолюминеценцияның КЛ азаюуы мен сөнуі нақты физикалық үдерістермен байланысты болып табылады. Мысалы, катодолюминеценцияның КЛ азаюы рекомбинацияланатын немесе туннельдік корреляцияланған ақаулардың бір компонентінің делокализациясымен байланысты болып саналады [4].



1-сурет. Gd_2SiO_5 – Ce кристаллының катодолюминесценциясының температуралық шығысы

Катодолюминеценцияның КЛ сөнуі жинақталған корреляцияланған тор ақауларындағы электронның кемтікті қармау орталықтарына туннельденуінің термиялық ынталандырылуымен байланысты болып табылады.

Сондықтан, біріншіден катодолюминеценцияның КЛ азаюуы ақаулардың корреляцияланған жұптарында әлсіз байланысқан электрондық қармау орталықтарының делокализациясымен байланысты болуы мүмкін болады. Мысалы, K_2SO_4 кристалын $h\nu > E_g$ фотон энергиясымен сәулелендіру кезінде бос электронды кемтік жұбы пайда болатын болады. Кемтік SO_4^- түрінде

локализацияланған, ал электрон $SO_4^{2-} + e^- \rightarrow SO_4^{3-}$ реакциясы бойынша келесі анион кешенін құрай алатын болады. SO_4^{3-} радикалы тек 30 К дейінгі төмен температурада тұрақты болады, яғни корреляцияланған SO_4^{3-}.. SO_4^- жұптары 30 К-ден жоғары температурада "өмір сүре" алмайтын болып табылды. Осыған ұқсас үдерістер Gd_2SiO_5 кристалында да жүзеге асырылуы мүмкін болып саналады. Қозған радикал $(SiO5)^{-6}$ электрондық және кемтіктік қармау орталықтарын құруға мүмкіндігі болалтын болады [5].

Әдебиеттер

1. Kobayashi M., Takamatsu K., Ide S. and et. al. A beam test on a fast EM-calorimetr of gadolinium silicate GSO:Ce // Nucl. Instr. and Meth. – 1991. – A306. – P. 139-144.
2. Tanaka M., Hara K. Stability of Ce doped Gd_2SO_5(GSO) Scintillator under irradiation // Inorganic Scintillators and Their Application. Proc. of the Intern. Conferen. «SCINT 97» ed. By Y. Zhiwen at al. – Shanghai, China, 1997. –P. 299-302.
3. Brandle C.D., Valentino A.J. and Berkstreser G.V. Czochralski growth of rare-earth orthosilicates (Ln_2SiO_5) // J. Crystal Growth. – 1986. – 79. –P. 308-315.
4. Melcher C.L., Manente R.A., Peterson C.A. and Schweitzer J.S. Czochralsky growth of rare earth oxyorthosilicate single crystals // J. Crystal Growth. -1993. –128. –P. 1001-1005. Melcher C.L., private communications, Sept. 1994.
5. Suzuki H., Tombrello T.A., Melcher C.L. and Schweitzer J.S. Energy transfer mechanism in $Gd_2(SiO_4)O(Ce)$ scintillators // IEEE Trans. On Nucl. Sci. -1994. –Vol.41. - №4. –P. 681-688.

ӘӨЖ 535.376

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЖЕР ИОНДЫ GLSO КРИСТАЛЛЫНДА РАДИАЦИЯЛЫҚ АҚАУДЫҢ ПАЙДА БОЛУ МЕХАНИЗМІ

Тәжіқұл А. Т.–126-28 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Пазылбек С.А. –PhD., доцент м.а
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В кристалле GdLuSiO5: Ce образовалась тонкая полоса излучения с максимумом ~2,55 эВ. Он возникает при возбуждении полосовых энергий фотонами 3,9-4,2 и 4,4-4,7 эВ

Церий қоспасымен белсендірілген оксиликаттар тобындағы кристалдар қазіргі уақытта жылдам сцинтиллятор ретінде қолданылады.

$GdLuSiO_5$:Ce (50:50) кристалының сәуле шығару және қоздыру спектрін зерттегенде Ce(0,5 моль%) (Lu+Gd) = 100% атомдық қатынасындағы негізгі катионы жерде сирек кездесетін Lu^{3+} ионымен алмастырылатын болады. Lu^{3+} катионы алмастырғыш қоспасының концентрациясы жоғарлаған кезде Gd_2SiO_5 матрицасында басқа Lu_2SiO_5 қосалқы торы құрылатын болады. Авторлар [20] еңбегінде екі ішкі жолақтан тұратын 2,64 эВ және 3,0 эВ кең жолақты Lu_2SiO_5 матрицасындағы Ce^{3+} қоспасының орталық ішілік сәуле шығаруына сәйкес келетінін тұжырымдаған. Қысқа толқынды 4,2-4,25 эВ жолақ ~ 4,65 эВ, ~ 6,8 эВ және 7,3 эВ, энергиясымен қоздырылады, ұзын толқынды жолақ – 3,95 эВ, 4,65 эВ, 6,0 эВ және 6,3-6,4 эВ энергиясы 2,64 эВ кезінде қоздырылатын болады.

Сәуле шығару жолағының бейнесі Gd_2SiO_5-Ce сәуле шығару жолағының пішінінен айтарлықтай айырмашылығы көрінбейді. 1- суретте $GdLuSiO_5$:Ce кристалдың энергиясы 4,2 эВ, 4,9 эВ, 6 эВ, 6,5 эВ, 7,3 эВ және 11 эВболатын ультракүлгін сәулелермен қоздырған кездегі сәуле шығару спектрі бейнеленген. Максимумы 2,8 эВ және 3,0 эВ болатын кең жолақтың жартылай енінің 0,8 эВ болатынын көруге болады. Сонымен қатар максимумы 2,55 эВ болатын қарқынды жіңішке сәуле шығару жолағы ерекшеленіп бөлініп шығады. Gd2SiO5 матрицасындағы Ce^{3+} ионының сәуле шығаруына сәйкес келетін максимумы 2,8 эВ болатын жолақ, ал Lu_2SiO_5 матрицасындағы Ce^{3+} сәйкес келетін максимум 3,0 эВ жолақтар кең сәуле шығару жолақтарына сәйкес келеді.

Сонымен қатар $GdLuSiO_5$:Ce кристалын температурасы 6 К кезінде катод сәулелерімен сәулелендірген кезде термоынталандырылған люминесценция ТЫЛ интегралдық қисығы өлшенген болатын. Lu^{3+} қоспасы 250 К және 350 К температура кезінде жоғары температуралы термоынталандырылған люминесценция ТЫЛ шыңдарының пайда болуына әкеп соғады. Өйткені Lu^{3+} қоспасы маңында автолокализацияланған кемтік пен электрондық қармау орталықтары тиімді орнығады.

Сондықтан сәулелендірілген кристаллда ақаулық байланыстың болуын төмендегідей болжап көрсетуге болады:

- SiO_5^{6-} анион кешенінің иондану нәтижесінде SiO_5^{5-} автолокализацияланған кемтік пен аймақтық бос электрондар пайда болатын болады. Электрон $SiO_5^{6-} + e^- \rightarrow SiO_5^{7-}$ реакциясы арқылы келесі аниондық кешенге қармалып ұсталуы мүмкін жіне нәтижесінде электрондық қармау орталықтары құрылады. Осыған ұқсас үдерістер сәулеленген K_2SO_4 кристалдарында $SO_4^{2-} + e^- \rightarrow SO_4^{3-}$ [104] реакциясы арқылы жүретінін білеміз. SiO_5^{7-} электронды қармау орталығы тек қана төменгі температура кезінде ғана тұрақты болуы керек болып саналады.

- электрон Ce^{3+} иондарының қатысуымен пайда болған ұсақ тұзаққа ұсталып қалу мүмкін, яғни олар 20-48 К температура кезінде туннельдік фосфоресценция деңгейін жоғарылатады. Gd_2SiO_5 кристалының в узлах Gd^{3+}



1- сурет. Температурсы 300 К кезінде $GdLuSiO_5$:Ce кристаллын энергиялары 1 - 7,3 эВ; 2 – 6 эВ; 3 - 6,5 эВ; 4 - 11 эВ; 5 - 4,9 эВ; 6 – 4,2 эВ болатын фотондармен қоздырғандағы жарық шығару спектрі

3. Қозған анион кешені реакция бойынша F - және F^- - орталықтарының пайда болуы үшін ыдырауы мүмкін, [105] Y_2SiO_5 реакциясы бойынша: $(SiO_5^{6-}) \rightarrow SiO_4^{4-} v_a^{2+} e^- e^-$ (F-орталық) + O^o немесе

$(SiO_5^{6-}) \rightarrow SiO_4^{5-} v_a^{2+} e^-$ ($F^{\pm}$ орталық) + O^o

2 суретте температурасы 12 К кезінде 6 кэВ электрон шоғымен 60 мин сәулеленген $LuGdSiO_5$:Ce кристалының термоынталандырылған люминесценцияларының спектрлік құрамы бейнеленген. Температурасы 12 К кезінде электрон шоғымен алдын-ала сәулелендірілген $LuGdSiO_5$:Ce кристалы үшін саәле шығару спектрлері оның температуралық қызуы кезінде өлшенді және де олар көрсетілген температура диапазонында термоынталандырылған люминесценцияларының ТЫЛ спектрлік құрамы туралы ақпарат береді (сәуле шығару спектрін өлшеу кезінде температура тек қана осы шектерде өзгеретін болады). Көріп отырғаныңыздай, кең сәуле



2- сурет. Температурасы 12 К кезінде 6 кэВ электрон шоғымен 60 мин сәулеленгеннен кейін $LuGdSiO_5$:Ce кристалының ТЫЛ спектрлік құрамы

шығару жолағының орналасуы мен пішіні айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды. $LuGdSiO_5$:Ce кристалында сәуле шығару уақытына байланысты әртүрлі жылу тұрақтылығы бар электронды кемтіктік қармау орталықтары жинақаталатын болады. Қыздыру кезінде электрондар немесе кемтіктердің қармау орталықтарынан біртіндеп бөлініп, корреляцияланған қармау орталықтарында әлі де болса кемтіктер немесе электрондармен рекомбинацияланатын болады. Рекомбинация үдерісінің энергиясы аралас ұяшықтағы Ce^{3+} қоспаларына беріледі де, нәтижесінде олардың термоынталандырылған люминесценцияларының ТЫЛ жарқылын тіркейтін боламыз.

Әдебиеттер

1. S. Shimizu, H. Murakami, T. Koizumi, T. Usui, N. Shimura, K. Kurashige, Y. Kurata, N. Senguttuvan, K. Sumiya and H. Ishibashi. // Study of the Broad Emission Wavelenght of $Lu_{0.4}Gd_{1.6}SiO_5$:Ce for APD Detection. IEEE Transactions on nuclear science, vol.53, 6. 2006
2. Ioannis Valais, Stratos David, Christos Michail, Anastasios Konstantinidis, Ioanis Kandarakis, George S. Panayiotakis. Investigation of luminescent properties of LSO:Ce, LYSO:Ce and GSO:Ce crystal Scintillators under low-energy γ-ray excitation used in nuclear imaging. // Nuclear Instrument and Methods in Physics Research A 581 (2007) -P. 99-102
3. V.Yu.Ivanov, K.I.Shirinskii, E.S. Shlygin, and V.A. Pustovarov. VUV Spectroscopy of intrinsic electronic excitations in Gd_2SiO_5 and Gd_2SiO_5-Ce crystals // Известия высших учебных заведений. №4, 2006, 53.
4. Bo Liu, Mu Gu, Zeming Qi, Chaoshu Shi, Min Yin, Guohao Ren. / Laser-excited spectra of Lu_2SiO_5:Ce scintillator // Journal of Luminescense 127 (2007), -P. 645-649.
5. Peter Kozma, Peter Kozma Jr. Radiation sensitivity of GSO and LSO scintillation detectors // Nuclear Instrument and Methods in Physics research A 539 (2005) -P. 132-136.

ӘОЖ (377.154)

WEB-САЙТ ҚҰРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Алимшиков Б.Б.- 1509-19а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Кулжатаева К.М.- магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье освещен ход создания кафе сайта по теме «Любимые блюда» с использованием языков HTML, CSS, JavaScript. Код страницы был создан в среде Visual Studio.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі XXI ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Информатика пәнінің орта білім беру жүйесіндегі ролі ақпараттық білімнің, ақпараттық орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді етудегі және жаңа ақпараттық қоғамда кәсіпкерлік қызметтің басты құрамды бөлігі болып табылатын ақпараттық бейнесін қалыптастырудағы алатын орнымен қамтамасыз етіледі.

Мектеп бітірушілер компьютерлік сауаттылықты меңгеріп шығады, бірақ келешекте олар программист, инженер, жүйе администраторы болуы міндетті емес. Дегенмен кез-келген шығармашылық мамандық сізден қазіргі заманға сәйкес компьютерлік технологияларды меңгеруді талап етеді. Шығармашылық жұмыстын қорытындысы әр қашан жаңа білім, жаңа ақпарат, ал осы ақпаратты таратудың ең жеңіл әдісі – Интернетте жариялау.

Интеренетте материалды жариялау тиімді болу үшін ол Web-дизайн ережелеріне сәйкес болу керек. Демек, Web-дизайн негіздерін білу кез келген мамандықта қажет болады, өйткені Web-бет дизайны – бұл ақпараттық дизайн.

Web-сайт бұл дүниенің кішкентай моделі. Бұрынғы кезде Web-сайтты бір адам — Web-мастер жасаған болса, қазіргі кезде Web-сайттарды бірнеше адам жасайды. Олар Web-дизайнер, программист, бизнес-кеңесші, маркетинг бойынша басқарушы, менеджер.

Не себептен мектеп курсына Интеренет технологиясын оқыту керек болды? Web-мастер мамандығы қазіргі кезде өзінің құпиялығын жоғалтып жатыр, ал сайт жасау технологиясы зертхана сыртына шығып көпшілікке белгілі болып жатыр.

Бұның негізгі белгісі Интернет-жобаларға өсіп жатқан инвестициялар, Web-сайттардың күрделі білімдік, ғылыми, комерциялық мүмкіндіктері.

Web-қоғамдастығына жаңадан жарияланған сайт туралы белгілі болу үшін сайттың адресін және ол жердегі материал туралы аннотацияны хабарлау керек. Осы мақсатқа жету үшін келесі мүмкіндіктерді пайдалануға болады: Web-сайт адресін әр түрлі баспаларға жазу керек, Web-сайтты әр түрлі серверлерде тіркеу, Web-сайтқа сілтемелерді басқа Web-сайттарға кіргізу.

Менің жасаған сайтымда басты рөлді CSS орындайды. HTML де мен қабырғасын құрап, басты мәліметтерді жаздым, әрі қарай CSS пен сәндеп

әрледім. Бұл ғылыми жұмысымда HTML, CSS, JAVASCRIPT тілдерін қолдану арқылы



1-Сурет. Жұмыстың алғашқы беті

Қолданушыға ыңғайлы болуы үшін – JAVASCRIPT-ті қолданып, сайт ішінде және жанрлар арасындағы навигациялық мәзір жасадым. Сайт қонағынан кері байланыс алу үшін – арнайы бөлім дайындадым. (2-сурет).



2-Сурет. Жұмыстың алғашқы беті

Қорыта келгенде, сайтты құру технологияларын қолдана отырып тұтынушыны қызықтыра білу керек. Web сайт құруда бірнеше HTML құжатын қалыптастыру үшін, бірқатар қарапайым ережелерді басшылыққа алудың өзі жеткілікті: Web–парақтағы мәліметтерді орналасуы қарапайым әрі логикалық түрде қарап шығуға, оқуға ыңғайлы болуы тиіс. Бір суреттен кейін бірден екінші сурет орналаспағаны дұрыс, олардың ара қашықтарын біркелкі етіп,

араларында мәтіндік ақпараттар берген дұрыс. Ақпарат бөліктерге бөлініп берілсе, оларды оқу, түсіну жеңіл болады. Егер Web–парақ үлкен болса онда құжат бөліктеріне жылдам ауысуға мүмкіндік беретін сілтемелер жасау қажет. Web–парақтары кең ауқымды тұтынушыларға арналған, сондықтан HTML құжаттарын әзірлеген кезде осы ерекшеліктері ойдан шығармау керек. Web–парақты серверге орналастыру және оны тестілеуден өткізу, жұмыстың соңғы қадамдамы деп есептеледі.

Серверге өз Web–парақтараңызды орналастыру алдында оларды тест арқылы тексеріп алған жөн. Жасалған құжат алғашқы тексеруді, яғни «жергілікті тексеруді» өзініздің қатті дискіңіздің аумағында өтуі тиіс. Тексеру кезінде әр түрлі броузерлерді пайдаланған абзал. Олардың бір-біріне айырмашылығы әжептеуір болуы ықтимал.

Әдебиеттер:

1. Кадырова А.С. Основы создания Web-страниц. –Усть-Каменогорск.: Издательство ВКГУ, 2001 г.
2. Гаевский А.Ю., Романовский В.А. Создание Web-страниц и Web-сайтов. –Москва.: Технолоджи-3000, 2008г. -464с.
3. Информатика. /Под ред. С.В. Симоновича. — М., 2003
4. Дуванов А.А. Web-констурирование HTML. СПб.: //БХЛ-Петербург//, 2001.-304 с;
5. Омарова. Сайтты жасау ережелері. //Информатика негіздері №10, 2009 ж.//;
6. Маменова Б. Сайт жасаудың негізгі қағидалары. //Информатика негіздері №6.

ӘОЖ 002.6:37.016

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ КЕШЕНДІ ЖОБАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Нышанбек Г.Н. - ЕП-18-7т тобының студенті
Ғылыми жетекші: Жакыпбекова Г.Т. – п.ғ.к., доцент
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются методы создания мультимедийного фильма «Ворона и лиса» в среде Adobe Flash с целью агитации примеров из сборника А. Байтурсынова «Кырык мысал».

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру міндеттерін шешу көзделіп отыр. Осы міндеттерге сәйкес, еліміздің білім беру саласында мультимедиа технологияларын қолданудың өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында оқушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын жасауға ұмтылыс көбеюде, оның ішінде мультимедиа технологиялары жоғары қарқынмен дамуда. Себебі, мультимедиа технологиялары оқу мазмұнын көрнекі түрде беру арқылы оқытуды тиімді етуге мүмкіндік береді.

Мультимедиялық технологиялар кез-келген формадағы (мәтін, графика, анимация және т.б.) аудиовизуалды ақпаратты біріктіретін, пайдаланушының

жүйемен интерактивті диалогын және ақпаратты өңдеу бойынша өзіндік қызметтің әртүрлі формаларын жүзеге асыратын ақпараттық оқыту технологиясы ретінде қарастырылады.

Мультимедиа - жаңа бағыт. Ол ақпараттың көптеген түрімен жұмыс жасайды. Мысалы, түрлі-түсті графика, жүгіртпе жол және динамикалық эффектілер, дыбыстарды қосу, оның ішінде әуеннің дыбыстарын өңдеу, мультипликациялар немесе анимациялық фильмдер, видеоклиптер және видеофильмдер, т.б. жатады. Мультимедиялық технологиялардың мұндай мүмкіндіктерін оқу-әдістемелік кешендер әзірлеуде қолдану өте тиімді. Сондай-ақ, оқу материалдарын және тәрбиелік мақсаттағы әдеби мұраларды мультимедиялық технологиялар көмегімен көрсету, жас ұрпаққа пайдалы болатыны анық.

Осы мақсатта Елбасының 2017 жылғы 12 сәуір «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ұлттың ұлы ұстазы ағартушы-ұстаз, тілші-ғалым, аудармашы ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Ахмет Байтұрсынов өз халқын сүйген патриот адам болғаны баршамызға мәлім. Ол орыс классиктерінің мысал өлеңдерін де қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға үлкен үлес қосқан.

Болашақ жас ұрпақты рухани дамытуда А.Байтұрсыновтың еңбектерінің маңызы өте зор. Атап айтқанда, А.Байтұрсыновтың «Қырық мысал» жинағының жас ұрпаққа берер тәрбиелік мәні ерекше. Жалпы алғанда, мысал – қызықты қысқа шығарма. Ол өлеңмен де, қара сөзбен де жазылады. Тек адамдар ғана емес, хайуанаттар, жәндіктер де, түрлі-түсті нәрселер де мысал қаһарманы болып әрекет жасайды. Мысал шығармада автор жануарларды, құстар мен өсімдіктерді суреттегенде оларға адамға тән қасиеттерді дарытады, сол арқылы адамдар бойындағы кемшілікті, мінді күлкіге айналдырып, жақсылықты, адамгершілікті, әділдікті дәріптейді. Мұндай астарлы, тұспал мәнді суреттеу тәсілі *аллегория* деп аталады. Сөйтіп, мысал дегеніміз – өнеге айту сипатындағы шағын аллегориялық шығарма.

Біз мақаланың мазмұнында А.Байтұрсыновтың «Қырық мысал» жинағына енген мысалдарын насихаттау мақсатында мультимедиялық кешенді жобалау әдістерін көрсетуді мақсат еттік.

Мультимедиа іс-әрекеттің барлық салаларына енеді және ол түстер палитрасынан, қаріптерден, кадрлардың композициялық шешімінен анимацияны, дыбыстық эффектілерді қолдануды жалғастыра отырып, мәтіндік және графикалық компоненттердің тіркесінен бастап көркемдік тартымдылық сияқты басты қасиеттерге ие. Бұл жобаны жасау үшін қазіргі кездегі мультимедиялық құралдарды жасаудың заманауи бағдарламалау ортасы Adobe Flash программасының мүмкіндіктерін қолдандық.

Adobe Flash Professional CS6 бағдарламалық жасақтамасы анимация мен мультимедиялық мазмұнды дамытудың қуатты құралы болып табылады. Мақсатқа жету үшін Adobe Flash ортасында flash анимациялар жасауды, дыбыстық файлдарды өңдеуді, растрлық және векторлық графиканы құруды пайдалану қажет.

Adobe Flash ортасында А.Байтұрсыновтың «Қырық мысал» жинағындағы «Қарға мен түлкі» мысалын мультимедиялық фильмін жасаудың әдістерін көрсетейік.

Аталған программаны іске қосып, келесі әрекеттерді қадамдар бойынша жасаймыз:

1. Windows операциялық жүйесінде Пуск ▸ Программы ▸Adobe Flash Professional CS6 командасы арқылы іске қосылады.



2. Терезеден ActionSrtipts 3.0 батырмасын шертсек, төмендегі суреттегідей орта ашылады.



3. Осы ортаға төмендегідей суретті салып, бірнеше қабаттар құрамыз. Атап айтқанда, 7 қабат құрылды. Бұл қабаттарда – фон, түлкінің және қарғаның суреттері, дыбыс және олардың анимациялары құрылған.



«Тәрбие тал бесіктен басталады» деген халық даналығын ескерсек, оның еңбектерін өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін мультимедиялық технологиялар негізінде мультипликациялық фильмдер түрінде берудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: –384 б
2. Жакыпбекова Г.Т. Мультимедиялық технологияларының негіздері:оқулық,-Шымкент:М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,2021, -204 б.
3. «Adobe Flash» оқу-әдістемелік құралы.-Астана:NewSol.kz, -ЖШС, 2013, -162б.

ӘОЖ 372.862

ИНФОРМАТИКАДА ВИЗУАЛДЫ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДАН АЙҚЫНДАУ ТӘЖІРИБЕЛІК ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

Абдиламитов Б.Б. - 127-18а тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Әлиева А.О. - п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

Как сделать так, чтобы школьники запоминали преподаваемый материал? На помощь учителям приходят визуальные методы в обучении В статье приведены поисковый экспериментальные работы по применению визуального метода в обучении информатики.

Әрбір мұғалім шәкірттерінің оқу материалын мүмкіндігінше жақсы меңгеруін қалайды. Сол үшін оқытудың көрнекі әдістерін қолдануға жүгінеді.

Көрнекі құралдарды ажыратуды Б. Т. Лихачев белгілері бойынша қараастырайық:

1. Кез – келген көрнекі құрал - нақты процестің моделі немесе өзгертілген процесс, құбылыс және т. б.

2. Көрнекі құрал - бұл танымдық іс-әрекетті жақсы ұйымдастыру үшін жасалған болса, оқу моделі.

3. Көрнекі құрал әрқашан мақсат емес, білім мен оқытудың құралы болып табылады.

4. Көрнекі құрал сенсорлық бейнені қалыптастырады, оның қорытындылары негізінде қорытынды жасалады.

Оқытудың көрнекі әдістері оқушыға оқылған материалды жақсы меңгеруге көмектесуге бағытталады. Көрнекі әдістердің ішінен визуализация әдістерінің тиімділігі жоғары.

Мақалада информатика сабақтарында визуалды әдістерді қолдануды тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары қарастырылды.

Тәжірибелік-іздестіру жұмыстары барысында әңгіме, сауалнама, бақылау, эксперимент сияқты зерттеу әдістері қолданылды.

Тұран ЖОМ атындағы жалпы орта білім беретін мектеп 5 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 52 оқушы қатысты.

1 сұрақ. Сіздің ойыңызша, информатика бойынша визуалды әдістерді қолдану не үшін қажет?

Жауап нұсқасы: Зерттелгенді бекіту үшін; Менің қызығушылықтарым мен қабілеттерімді дамыту үшін; Білім олқылықтарын толтыру үшін.

5–ә сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандардың саны сәйкес түрде:40; 4; 3 болды. 5–ә сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандардың пайызы сәйкес түрде : 85; 9;8.

5–а сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандар саны: 80; 8; 9. 5–а сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандардың пайызы сәйкес түрде : 89;8;9.

Жауаптар нәтижесі келесі гистограммада көрсетілді.

2 сұрақ. Информатика пәні бойынша виртуалды жұмысқа қандай жұмыстар береді?

Жауап нұсқалары: Конспект жазу; Есептерді шығару; Сұрақтарға жауап табу; Шығармашылық тапсырмаларды орындау; Үй экспериментін жүргізу.

5–ә сынып оқушылары оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандардың саны сәйкес түрде:17;35;13;5;4 болды. 5–ә сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандардың пайызы сәйкес түрде:36;74;28;10;9.

5 – а сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандар саны: 9;70;9;0;5. 5–а сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандардың пайызы сәйкес түрде:10;84;9;0;6.

Жауаптар нәтижесі келесі гистограммада көрсетілді.

3 сұрақ. Информатика пәні бойынша үй тапсырмасына қай тапсырма түрі сізге қызықты?

Жауап нұсқалары: Конспект жазу; Есептерді шығару; Шығармашылық тапсырмаларды орындау; Сұрақтарға жауап беру.

5–ә сынып оқушылары оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандардың саны сәйкес түрде:18;10;14;6 болды. 5–ә сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандардың пайызы сәйкес түрде :38;22;30;10.

5 – а сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандар саны: 10;5;50;19. 5 – а сынып оқушылары арасында жауап нұсқасын таңдағандардың пайызы сәйкес түрде 12,5,60,23.

Жауаптар нәтижесі келесі гистограммада көрсетілді.



Оқушылардың жауаптарын талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады:

1. Информатикадан негізгі үй тапсырмасы - проблемаларды шешу (респонденттердің 79% - ы осылай жауап берді).

2. Оқушылар информатика пәні бойынша үй тапсырмасы ретінде реферат жазу мен есептерді шешуден гөрі әр түрлі тапсырмалар алғысы келеді (жалпы санның 40%).

3. Респонденттердің көпшілігі үй экспериментті деген не екенін білмейді және оны ешқашан жасамаған (мектеп оқушылары 89% - ы ешқашан үйде эксперимент жүргізбеген).

4. Респонденттердің көпшілігі үй тапсырмасын орындаудың бір нұсқасы ретінде үй экспериментін жасағысы келеді (54%)

Қорытындылай келе, кез-келген информатика мұғалімі мультимедиялық құралдарды қолдана алады немесе өзінің электронды презентацияларын жасай алады, сонымен қатар өз сабақтарына визуальды әдістерді қолдану қажеттігі тәжірибелік-эксперименттің айқындау кезеңінде анықталды.

Әдебиеттер:

1. Кудрявцев В.Т. Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы. -- М.: Знание, 2001. -- 165 с.

2. Леванина Н.Н. В новый век -- с новыми технологиями (информатизация учебного процесса). // Начальная школа -- 2007. -- № 7. -- С. 18.

ӘОЖ 372.862

«ИНФОРМАТИКА» ПӘНІНЕН ДАЯРЛАНҒАН МОБИЛЬДІ ТРЕНАЖЕРДІҢ ҚОЛДАНУШЫҒА НҰСҚАУЛЫҒЫ

Худайберганов Ф.У. - 127-28а тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Әлиева А.О. - п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Почти все школьники готовы использовать мобильные приложения в учебном процессе, особенно в учеьные предметы. Осозновая необходимость рассмотрения новых возможностей для использования потенциала мобильных технологий. Мы поставили перед собой решение такой задачи для обучения предмета «Информатика» 7-го класса. Была разработана мобильное приложение в платформе Stepik.org. В статье приведены инструкции пользователя по применению разработанного приложения.

Қазіргі кезде оқу үдерісіне қазіргі заманғы технологиялар мен оқытудың техникалық құралдарын енгізу талабы жоғарылауда. Білім беру жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу және компьютерлік технологиямен қамтамасыз етуді жақсарту, білім алушылардың мобильді тренажерді меңгеруі бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Жалпы орта мектептің 7 сынып оқушылары үшін «Информатика» пәнінен *Stepik.org* платформасында мобильді тренажер әзірленіп, ол оқу үрдісіне енгізілді. Мақалада сол жұмыстың нәтижесінде даярланған мобильді тренажермен жұмыс жазылып отыр.

Информатика пәнінен 7 сыныптың «Арман ПВ» баспасында шығарылған Г.И.Салғараева, А.С.Маханова, Л.А.Рсалина авторлардың оқулығы негізінде «Python тілінде алгоритмдерді программалау» бөлімі бойынша мобильді тренажер бойынша курс әзірленді.

Курс бөлімі Описание, Содержание, чек-лист бөлімдерінен тұрады.

Описание бөлімінде құрылған курс бойынша анықтама беріледі (1-сурет).



1-сурет. Курс бойынша анықтама бөлімі

Анықтама бөлімінде жалпы курстың мақсаты, курс модульдері, сағат жүктемесі, кімдерге арналғандығы туралы ақпарат берілді.

Содержание атауымен мазмұн бөлімі курстағы тақырыптар және тапсырмалар тізімі мен ұсынылатын ақпараттарды қамтыды (2-сурет).



2-сурет. Мазмұн бөлімі

Бөлімде төмендегі тақырыптар қамтылды:

1. Тармақталған алгоритмдерді программалау
2. Кірістірілген шарттарды программалау
3. Күрделі шарттарды программалау
4. Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тармақталған алгоритмдерді программалау тақырыбында шартты алгоритм бойынша түсіндірме ақпарат Текст батырмасы арқылы кірістірілді (3,4-суреттер).

3-сурет. Мәтін жазуға арналған батырма



4-сурет. Енгізілген мәтін

Енгізілген мәтіннің түсін, қаріпін, орналасу орнын ауыстыруға және суреттер мен формулалар, кестелер мен сілтемелер қоюға болады.

Видео батырмасын шертіп тақырыпқа қатысты бейнені орналастыруға мүмкіндік береді (5-сурет).



5-сурет. Бейнені орналастыру

Автоматтандырылған тексерісі бар интерактивті тапсырмалар сапалы онлайн курстың маңызды бөлігі болып табылады. Stepik-те автоматты немесе қолмен тексерумен 20-дан астам түрлі тапсырмалар жасауға болады.

Оқу үрдісінде қолданылатын мобильді тренажерді әзірлеуде заманауи мультимедиялық технологияларды пайдаланудың құрылымдық моделі жасалып барып, оның өлшемдері, көрсеткіштері анықталды. Ақпараттық-коммуникациялық және мультимедиялық технологияларды пайдаланудың мазмұны зерттеліп, ашылды. Теория мен практика ұштаса отырып дайындалған зерттеу жұмысының нәтижесі базалық сынып оқушылары үшін «Информатика» пәнін оқытуда жаңа педогогикалық технологияларды қолдануда аса қажет деп есептейміз және мектеп үрдісінде қолдануға ұсынамыз.

Әдебиеттер:

1. «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy_a391208
2. Халықова К.З. «Информатиканы оқыту әдістемесі», Алматы, 2000.-260б.
3. Инновациялар мен оқу - білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы //Егемен Қазақстан 27.05.2006.
4. Выготский Л.С. Педагогическая психология\ Психология: классические труды. М. 1996 г.
5. Абтикалыков Н.Б. «Педагогикалық пәндерді оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану». – Қызылорда, 2012
6. Инновациялар мен оқу - білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы //Егемен Қазақстан. 27.05.2006.

ӘОЖ 378.146

ФИЗИКАДА ТІРЕК КОНСПЕКТІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Кәден Ақмейір – 126-38а оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы- ф.м.ғ.к.,аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Мақалада В.Ф.Шаталов технологиясының ерекшеліктері, артықшылықтары мен оның элементтерін орта мектеп физика курсын оқытуда қолдану мәселелері баяндалады.

Кейінгі жылдары ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың қарқынды дамуы мен ақпараттар көлемінің сәт сайын еселей өсіп отыруы оқыту үрдісін айрықша сапалық түрде жетілдіруді талап етеді. Бұл, өз кезегінде, әдіскер-ғалымдар алдына жас ұрпаққа үздіксіз білім берудің жаңа түрлері мен әдіс-тәсілдерін жасап, олардың өздігінен білім алуын қамтамасыз ету мәселелерін қойып отыр. Білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру оның педогогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін қайта қарап, жаңартуды қажет етеді. Осы бағытта елімізде білім беру жүйесін реформалау барысында білімге деген көзқарасты түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері пайда болып, білім мазмұны толығымен жаңарды.

Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді [1, 6 б].

«Қазіргі заманғы жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай, мүдделі жаңа білім беру өте қажет», – деп Елбасы атап көрсеткендей, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне енгізу,оны әр пән мұғалімінің тиімді пайдалана білуі бүгінгі таңда білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы.Осындай технологиялардың бірі – В.Ф. Шаталовтың тірек сигналдар технологиялары.«Тірек сигналдары арқылы оқыту» технологиясының негізгі мақсаты: оқушыларда мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша білім, білік, дағды қалыптастыру; жеке мәліметтеріне қарамастан, барлық баланы оқыту; жеделдете оқыту.

Біздің бұл мақаламызда В.Ф.Шаталовтың технологиясының элементтерін орта мектепте физика пәнін оқытуда жүйелі қолданудың ерекшеліктері баяндалады.В. Ф. Шаталов тұжырымы: «Оқыту үдерісінде оқушылардың творчествосы тек терең және тиянақты білім негізінде ғана ашылады. Білім, тек білім ғана бірінші орында, ал творчество екінші».

Жаңа сабақты түсіндіру ең кемінде екі рет жүргізіледі. Біріншісі дәстүрлі әңгіме, дәріс, көрнекі құралдар пайдаланылған эвристикалық әңгімелесу түрінде өтеді. Оның мақсаты – барлығын талдау – түсіну (ұғымдарды, құру логикасын және т.б.), яғни қабылдауды және ойлауды қамтамасыз ету. Екінші түсіндіру қысқалау және жылдамырақ тірек плакат (сигнал) бойынша

жүргізледі. Плакатсыз да кодоскоп немесе диапроектор арқылы проекциялап жүргізуге болады. В. Ф. Шаталов (1929 жылы туған) – украин педагогы. В.Ф.Шаталов тәжірибесінің бірінші ерекшелігі – оқу үдерісіндегі оқушылардың іс-әрекетін, танымдық жұмыстарын кезеңдерге бөліп, мұғалімнің қатаң түрде басқаруы. В. Ф. Шаталов мынадай кезеңдерге бөліп көрсетті.

I кезеңде тақырыпты жан-жақты түсіндіріп,

II кезеңде тірек плакаттарын қолданып, қысқаша түсіндіріп,

III кезеңде оқушыларға тірек сигналдары (тірек плакаттарының кішірейтілген түрі) беріліп, оларды балалар өз альбомдарына желімдеп,

IV кезеңде оқушылар тірек сигналдарымен үйде жұмыс істейді,

V кезеңде сабақ үстінде тірек сигналдарын естеріне түсіріп,дәптертеріне жазып,

VI кезеңде оқушылар мұғалімге тақырып бойынша ауызша жауаптар береді.[1,182-186 б].

Физикадағы тірек конспектілері - бұл берілген тақырыптың көрнекі құрылысы егжей-тегжейлі белгілі бір жолмен көрсетілген ережелер,формулалар, анықтамалар,графика,өлшем бірліктерін белгілеу және әртүрлі шарттар болып табылады.Тірек коспектілерінің маңызды ерекшелігі - оның сыртқы түрі болуы керек. Заманауи компьютерлік технологиялар мен әртүрлі редакторлар бұл тапсырманы сәтті шешуге мүмкіндік береді.Физикадағы тірек конспектілерін құрастырудың негізгі принциптері:

-құрылымдық(4-5 логикалық блоктық байланыс);

-реттілік;

-жинақылық(300-400 баспа таңбасы);

-ассоциативтілік;

-қол жетімділік;

-эстетикалық.

Жалпы білімдік пәндер бойынша В.Ф.Шаталовтың ұсынған әдісі негізінде тірек-конспект, диаграмма, график,логикалық тірек-сызба арқылы теориялық материалдарды блокпен оқытып, дамыта оқыту технологиясы бойынша әр түрлі кезеңдерінде үздіксіз білім алуға жағдай жасап оқыта отырып дамытуға, екіншіден, өз бетінше білім жинақтауға ,шығармашылық пен жұмыс істеп өмірге бейімделуіне ықпал жасайды. Тірек жазбаларын құрастыру үш бөлімнен құралады:

- *материалдарды жинақтау*. Бұл кәсіби шеберлікті көрсетуге өте үлкен қызмет етеді. Бұл жерде тақырып үйретететін материалдар оқулықтармен, өмірмен, техникамен, өндіріспен байланысты болады.

- *негізгі түсініктерді жеткізе білу*. Бұл бөлімде дайын материалдардың «бал тамшыдай» керегі алнады, одан әрі «тамшыдан» керекті сөздер, суреттер, сызбалар өткен материалды еске түсіретіндей етіп алынады.

- *тірек жазбасын құрастыру*. Мұғалім әр түрлі суреттер , рәсімдер, графика түрінде дайындалған материалды жеткізеді.Тірек жазбалары қабылдау жағынан да, есте қалу жағынан да қарапайым болуы тиіс.Физика пәні мұғалімнің негізгі мақсаты бірі-оқушылардың ғылыми көзқарастарын қалыптастыру, сабақ берген сыныптарда оқытуда жаңа технологияны пайдаланып, оқушылардың жаңа тұрғыдан ойлауға қалыптастыру бағытында жұмыс жасап, «Термодинамика» тарауына тірек конспектісін қарастырайық:

Әдебиеттер:

1.Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. Алматы, 2014.

2.Ж.В.Григорьева,Применение опорных конспектов на уроках физики.Научный журнал «Молодой ученый»,2013

ӘОЖ (371.152)

VYOND БАҒДАРЛАМАСЫНДА АНИМАЦИЯ ДАЯРЛАУ

Темірбекова Ф.Е., Айтуар А., Әбдіқадір Ж.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Эта статья призвана объяснить необходимость соблюдения правил безопасности в информатике с помощью анимации. Также мы рассмотрим самые распространенные ошибки, совершаемые сидя за компьютером.

Бүгінде информатика саласында техника қауіпсіздік ережесін сақтау өте маңызды. Қазіргі білім беруде, компьютерді барлық білім саласындағылар қолданатыны белгілі, сондықтан компьютерге отырғанда сақталатын қауіпсіздік ережелерін информатикадан басқа да мамандықтар анимация арқылы түсініп білуі қажет, адамның өмірі ғалам үшін өте маңызды сондықтын қауіпсіздік басты қағидаларымыздын бірі болуға тиіс.

Қазіргі жоғары және орта оқу орындарына қойылатын талаптар баршаға мәлім, бұл білімнің жаңа мазмұны, оқу процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кіріктіру; оқу әрекетінің белсенді түрлері, соның ішінде, зерттеу әрекеттері жекелеу тұрғысы; педагогтің мектептегі жаңа ролі; компьютерді қолдану; анимацияны қолданудағы жаңа тұрғылар.

Анимация сонымен қатар мультипликация - кино өнерінің бір түрі және оның шығармасы (мультфильм), сонымен қатар соған сәйкес технологиялар және олардың дамуы.

Шетелдің тілінің сөздігінде «анимация» - тірілу , жандану деген мағыналарды білдіреді.

Компьютерлік анимация - алдын-ала дайындалған графикалық файлдардың тізбектелген көрсетілімі (слайд-шоу), сонымен қатар объектілер формаларын немесе тізбектелген суреттердің көрсетілімін өзгерту арқылы жүретін қозғалыстың компьютерлік имитациясы.

Анимацияның негізгі мақсаты – көптеген білім саласындағы, компьютерге отыруға қатысты ең бірінші мәселе техника қауіпсіздік ережелерін түсіндіруі болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында анимация арқылы білім алушылардың қауіпсіздігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Компьютерлік сыныпқа алғаш кірген әрбір білім алушы оқытушы тарапынан ең алдымен денсаулыққа зиян тигізбитін қауіпсіздік ережелерімен таныстырып алғаны жөн.

Анимация көп жағдайда суретті тірілту түрінде кездеседі. Ал қарапайым анимация жұмыс жасауға болатын Vyond бағдарламасы арқылы мұғалімдерге, оқушыларға және т.б қызметкерлерге оңай түрде компьютерге отыру міндеттерімен ,ережелерін таныстыруға болады.

Бұл мақалада Vyond бағдарламасы арқылы анимацияны жасау барысы қамтылған. Vyond (GoAnimate) — бұл графикалық және қолмен жасалған бейнелер жасау қызметі. Сіз дайын шаблондардың, визуалды эффектілердің үлкен жиынтығын қолдана отырып және кейіпкерлеріңізге қимылдарды таңдай отырып, қарапайым

презентацияны мультфильмге айналдыра аласыз.

Vyond бағдарламасы жеке аккаунт құрып тіркелумен басталады. Анимация үшін тегін қолданысқа бағдарлама ұсынатын біршама шаблондар берілген. Экранның сол жақ бөлігінде анимацияңызға қажетті кейіпкерді, оның киім

улгісін, қызметін, жұмыс орнын анықтайтын шаблондарды таңдап, өз анимацияңызға қоса аласыз.

Өзіңізге қажетті кейіпкерлер мен фигураларды, сондай-ақ артқы фонды таңдап біткеннен кейін, оларға қимыл қосу әдісін пайдаланамыз. Қимыл-әрекеттер де жұмысты жеңілдету мақсатында дайын шаблондармен берілген. Яғни отыру, тұру, жүгіру, секіру деген сияқты қимылдарды шертіп таңдау арқылы іске қоса аласыз.

Келесі деңгейде таңдалған кейіпкер мен оның қимылына қозғалыс енгізу. Қозғалысты сол жақтағы бағыттаушы нұсқаулықтар арқылы жасауға болады. Яғни, кейіпкерді түзу жүргізу үшін оның траекториясын бағыттаушы арқылы көрсетеміз.



3-сурет. Қозғалыс нұсқаулықтары.



Анимацияны дербес компьютер алдында отырудың техникалық қауіпсіздік ережелерін түсіндіру мақсатында жасалған жұмысымызда мұғалім мен оқушыны бейнелеп, білім алушының дұрыс және бұрыс жасаған әрекеттері ереже бойынша сипаттап көрсетілген.

4-5-сурет. Аяқталған анимация

Информатика пәнін жүргізуді ұйымдастыру барысында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланған дұрыс. Бір жағынан бекітілген заңға сәйкес компьютермен жұмыс жүргізілсе, ал екінші жағынан ең жоғарғы педагогикалық нәтижеге ие болу. Информатиканы оқыту барысында білімгерлерді ұжымдық, фронтальды, топтық, қос және жеке түрлерге бөліп алуға болады. Оқу барысында оқытылған материалдың меңгерілгендігі жөнінде кірістік, ағымдық, өзін-өзі тексеру және нәтижелік бақылаулардан байқауға да болады.

Анимацияның басты міндеті – қауісіздік ережелерімен таныстыру мақсатында білім алушының ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп, көрнекілік ретінде ақпаратты қызықты қылып жеткізу.

Әдебиеттер:

1. Капранова, М. Macromedia Flash MX. Компьютерная графика и анимация / М. Капранова. - М.: Солон-Пресс, 2014. - 677 с.
2. Рассел, Джесси Компьютерная анимация / Джесси Рассел. - М.: VSD, 2013. - 635 с.
3. www.vyond.com
4. Шлыкова, О. В. Компьютерная Анимация: Учебная Программа Курса / О.В. Шлыкова. - Москва: Высшая школа, 2004. - 870 с.

ӘОЖ

ОРТА МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСТАРЫН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ибинова Яхшигул Пулатбекхужакызы – 7М1501-11 тобының магистранты
E-mail: ibinovaz@bk.ru
Ғылыми жетекші: Ибрагимов Раскул - п.ғ.д., доцент
E-mail: raskul1953@mail.ru
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме.

В данной статье рассказывается о методе проектирования, одной из наиболее часто используемых в настоящее время педагогических технологий в сфере образования. Применение метода проектирования включает в себя хорошо продуманные, обоснованные методы и средства обучения. Данный метод является личностно-ориентированным, то есть в процессе обучения каждого ученика учитываются его личностные особенности, а также параллельно происходит обучение классному коллективу в сотрудничестве. В настоящее время учитель нацелен не только на формирование у учащихся системных знаний, но и на обучение применению усвоенных знаний и умений на практике, создание условий для всестороннего развития личности. Организация проектной работы учащихся является психолого-педагогическим, учебно-методическим и организационно грамотным научным подходом. Если в преподавании курса математики средней школы теоретически обоснована эффективность применения метода проектирования, разработана научно-методическая система его использования, то в процессе обучения у учащихся формируются проектные умения, постановка задач, постановка целей, планирование, исследовательские, коммуникативные умения.

Еңбек нарығына бәсекелестік заманында әрбір тұлғаның білім сапасын арттыру, алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу қабілетін дамыту заманауи мектеп алдыда тұрған өзекті мәселе болып отырғаны сөзсіз. Ғылым мен техниканың дамыған уақытында адамның білімі мен біліктілігі еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің ең басты көрсеткішіне айналып отыр. Қай заманда болса да өркениеттің дамуы интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске асатыны белгілі. Мектеп оқушыларының интеллектуалдық шығармашылық қабілеттерінің дамуы және шыңдалуы үшін пәндік олимпиадалар, интеллектуалдық ойындар, пікірталастар (дебат), семинарлар, конференциялар және жобалық жұмыстар жүргізу тұлғаны дамытудың заманауи құралдары болып табылады. Ғылыми жаратылыстану пәндері сабақтарында жобалық тапсырмаларды қолдану бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудың құралдарының бірі болып саналады.

Жоба – пәнаралық және шығармашылықпен кіріктірілген бағдарлы жұмыс түрі. Қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде қолданылып жүрген жобалау әдісі пәндік білімнің мақсат, міндеттеріне сәйкес табиғаттың, қоршаған ортаның, өмірдің заңдылықтарын зерделеуде мәселені өзінше жоба ретінде жоспарлап шешімін табу жолдарын іздестіреді. Бұл әдістің оқу үдерісі барысындағы ерекшелігі оқушының өз жобасын құрып, шығармашылықпен айналысуында.

Жобалау әдісі ең алғаш XX ғасырдың басында АҚШ-ының ауылшаруашылық мектептерінде жүзеге асырыла бастаған. Бұл әдістің негізі американдық ғалымдар Д. Дьюи, У. Килпатрик, Э. Торндайк идеяларынан алынған. Кейіннен әлемнің түрлі елдерінде кеңінен танымал болып, қолданысқа ие болды

Жобалау әдісінің негізінде оқушылардың оқу-танымдық әрекетінің нәтижеге бағытталу идеясы жатыр, практикалық немесе теориялық маңызы бар проблемелерды шешу барысында нәтиже пайда болады.

Жобалық тапсырмаларды орындау алты бөлімнен тұрады:

1) зерттеуді жоспарлау;
2) дереккөздермен жұмыс;
3) экспериментті өткізу;
4) мәліметтерді өңдеп талдау;
5) нәтижелерді ұсыну;
6) жобаны басқару.

Оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыру үшін жоғарыда айтылғандай, оны алдын ала жоспарлай білу қажет.

Жоба-ның жұмыс кезең-дері	**Жұмыстың мазмұны**	**Мұғалімнің тәрбиелік мақсатты шешудегі негізгі іс – әрекеттері**	**Оқушылардың іс - әрекеті**
1	**2**	**3**	**4**
I. Да-йындық кезеңі	Жоба тақырыбын анықтау	Бір бағыт төңірегінде оқушыларды тақырып таңдауға ынталандырады.	Әр оқушы өмірлік өз тәжірибесіне, сүйене отырып, өз ойын

		Топтағы әрбір оқушының пікірін ескере отырып жұмысты жоспарлауға үйретеді	ортаға сала-ды, бірігіп жоба-ның мақсатын анықтайды.
II.Жос-парлау	Топқа бөлу. Ақпарат жинау және талдаудың жолдарын көрсету	Оқушыларды өз бетімен ақпарат жинауға бағыт-тайды. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық тал-қылау шешімін тыңдайды, қажет болса өз ойымен бөліседі. Оқушылардың жоба бойынша жұмыс-тарын тексереді	Әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысын анықтау. Топ арасында әркімнің атқаратын қызметін анық-тайды, өз тақырып-тарын анықтау жұмыс істеу кезең-дерін жоспарлап, бірінші нәтижеге жету уақытын белгілейді.
III. Зерт-теу жұ-мысы	Ақпарат жинау, аралық нәтижені талдау, зерттеудің негізгі құралдары: сұхбат, анкета, бақылау, алынған түрлі ақпаратты талдау	Оқушы күнделігін бақылып, әрбір топ жетекшісімен және топ мүшелерімен жеке-жеке сөйлесу, талдау, нәтижені салыстыру арқылы жұмысқа бағыт беру.	Жеке және жұптық жұмыс, анкета сұрақтарын құрас-тыру. Қажет болса сценарий жазу, қоғамдық ұйым-дармен қарым-қатынас қалып-тастыру.
IY. Нә-тижені талқы-лау.	Ақпаратты талдау, шешім шығару, тұсау кесердің қандай түрде өтетінін жоспарлау	Бақылайды, кеңес береді. Топ ішіндегі жеке оқушылардың еңбегін бағалай отырып, бірігіп қорғау үшін ынтымаққа бір-біріне деген сыйлас-тыққа шақырады. Тұсау кесерге келетін қонақтар тізімін жазады, қажетті аудио-техниканы жабдықтайды.	Топ арасындағы әркімнің ролін анықтап, алынған ақпараттың арасы-нан ең негізгіні белгілеп жазады. Проблемалық сұ-рақтарды анықтап, оны бірге шешуге дайындалады.
Y. Жұ-мыстың тұсау кесері	Көрнекі материал-дар әзірлеу (график, сызба, сурет, фото) Өз өнімдерін баяндама, сценарий, газет, әңгіме, мәтін, құрау, альбом, сүрет, макет түрінде әзірлеу. Бағалау, түзету	Тыңдайды, проблемалық сұрақтарды қоя отырып, оқушыны сөйлетуге мүм-кіндік жасайды.	Алынған нәтиже туралы есеп береді. Бір-бірін мұқият тыңдайды, сөйлеу мәдинетін ескере отырып бір-бірінің ойларын жалғасты-рып отырады.
YI. Баға-лау және жоспар-лау	Тақырыптың ашылу толық-тығы. Безендірілу сапасы. Өз беттілік дәрежесі.	Шығармашылық жұмыс-ты бағалайды, еңбек иелерін алдағы үлкен мақсаттарға жетелейді	Ұжымда талқылай отырып бір-біріне, өздеріне баға бе-реді, алдағы жұ-мысты құрайды

Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында математика сабақтарында жобалау технологиясын қолдану бағытында жұмыс жасап келемін.

Оқушының өзіне тапсырылған іске деген жауапкершілікті сезінуі оның шығармашылық іздемпаздылығын дамытуға ықпал етеді.

Сабақта әрбір жұмыстың жеңіл – ауырлығына қарай ұпай белгіленіп, сынып оқушыларының түгел жұмыс жасауы талап етіледі. Сабақтағы жұмыстың әр түрлілігі және мониторинг жүйесінің жинақталуы оқушылардың көз алдында жүргізілді. Мониторингілік бағалау жүйесі оқушының біліміндегі олқы тұстарды анықтап, онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Оқушыға өз білімінің жеткіліксіз тұстарын біле отырып, өзін-өзі дамыту бағытында жұмыстануға ықпал етеді.

Оқушылар әдетінше оқыту барысында алдымен білім алады, ал сонан соң оны өзіндік жұмыстарда қолдану арқылы өз жұмысын жобалауға үйренеді. Ол үшін шығармашылық жұмысты ұйымдастыруда оқушы ерекшелігіне сәйкес тапсырмаларды орындату қажет.

Тарауды қорытындылау барысында оқушылардың баспа материалдарынан сканер арқылы алған және Интернеттегі арнайы сайттардан алынған мәліметтерді пайдаланып презентация, схема құрастыруға міндеттеймін жеке тапсырмаларды орындатамын.

Бейне үзінділерін сөзбен көркемдеу үшін керекті мәтіндерді әзірлеуге қажетті кітапхана және баспа материалдарының тізбесін беремін. Өз үйінде компьютерлері бар оқушыларға Интернет мүмкіндіктерін пайдалануды ұсынамын.

Оқушылар берілген тапсырмаларды ізденіп әкелген сценарий текстін және дыбыс қосуды орындатамын және тарауды қортындылау сабағында өз жұмыстарын жеке қорғауды ұйымдастырамын. Қорғалған әр жұмыс мазмұны, орындалу сапасы және тақырыпты ашу шеберлігіне байланысты жеке бағаланады.

Оқушылар мұндай шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында төмендегідей өзекті мәселелер шешімін табады:

- Оқушы өз бетімен оқуға, ізденуге дағдыланады.
- Өзіне деген сенім артады.
- Өз ісіне сын көзбен қарауға, өз жұмысын басқалармен салыстыруға үйренеді.
- Өз ісін жобалауға және қорғауға үйренеді.

Математика пән сабақтарында оқушылардың алған теориялық білімдерін өмірлік мақсаттарға қолдана білуге дағдыландыру қажет. Осы мақсатты көздей отырып оқушыларға берілетін тапсырмалар оқушылардың жеке қабілеттері мен қызығушылығын ескере отырып таңдалғаны жөн.Жобалау технологиясын негізінен тарауды қорытындылау сабақтарында шығармашылық жұмыстарға оқушылардың барлығын қамту мақсатында қолдануға болады. Мен өз тәжірибемде оқушыларға өз беттерімен орындайтын шығармашылық өнімдерінің төмендегі тақырыптарын алғашқы сабақтардан бастап ұсынамын.

- Ұлы математиктер жөнінде мағлұматтар жинақтау(баспа, интернет)
- Тарауды қорытындылауда презентация дайындау
- Қалаған тақырыптарға арналған көрнекіліктер дайындау

Сабаққа түйін:

- Оқушылар қарым-қатынас мәдениетін, түрлі әлеуметтік ролдерді орындауға, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасауға үйренді
- Өз көзқарасын дәлелдеуге, әрі нақты пікірін білдіруге, жауапкершілікке тәрбиеленді
- Бағалау және өзін-өзі бағалау әдістері көмегімен жеке тұлғалық қасиеттері дамуының дәрежесі анықталды.
- Оқу үрдісі барысында меңгерген білім жүйесін тәжірибе арқылы іске асыра білді.

Бұл технологияны пайдалану арқылы оқушыларымның қарым-қатынас мәдениеті артып, түрлі әлеуметтік рольдерді орындау арқылы өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасауға үйренгенін байқадым.

Ең басты білім дайын күйінде ұсынылмай, оқушы мектепте алған біліміне өз тәжірибесінде талқыға салып, оны қандай өнім күйінде ұсынуға болатынын ойластыратындығында. Сол өнімді дайындау барысында өз көзқарасын дәлелдеугегі әрі нақты пікірін білдіруге, топ ішінде жауапкершілігін сезінуге тәрбиеленеді.

Топтың өнімін дайындау және қорғау барысында әрбір топ мүшесінің міндеттерді бөлісуі, топ арасындағы өзара бәсекелестік болатындығын анық аңғардым. Ал білім алу жолында бәсекелестіктің болуы заман талабына сай нәтижелі білім берудігі басты мақсаттардың бірі екендігі даусыз.

Сонымен бірге оқушылар топ өнімдерін информатика пәнінде негізгі екі бағытта көбірек қозғайды. Олар:

- Тәжірибеге бағытталған жоба
- Шығармашылық жоба

Бұл жобалардың әрқайсысының бағыттары бар. Тәжірибеге бағытталған жоба қатысушылардың әлеуметтік қызығушылығына бейімделеді. Мақсаты: әлеуметтік қажетті алу.

Шығармашылық жоба жұмыстардың мақсаты жаңа идеяларды шығармашылық түрде құрамдастыруға бағытталды. Нәтижені өндеуге қатысушыларға дәстүрлі емес көзқарасын білдіруге мүмкіндік берілді. Өнім ретінде шағын бейнефильм, мектепке арналған альманах жасап ұсынуды ұйымдастыруға болады.

Жобалау технологиясы тұрғысында оқыту бір күннің, бір айдың жұмыс нәтижесі арқылы көрніс бермейді. Математика пәнінде оқушыға берілетін теориялық білім дағды қалыптастырумен бірлесе ұштасқан жағдайда көп нәтижеге қол жеткізуге болады.

Сондықтан бұл технологияның тиімділігі оқушының білік, білім, икем дағдысы өнім дайындау барысында іске асыратындығында. Оқушының бойындағы зерттеушілік қабілеттің шығармашылықпен

ұштастырылғандығында. Ал ұстаз еңбегі оқушы шығармашылығымен жалғасып жатса, оқушыға артық нәтижелі білім болмақ.

Мен өз тәжірибемде бұл әдіс арқылы оқыта отырып төмендегі жетістіктерге қол жеткіздім:

- Жобалау – проблемалық-дамытушылық оқытудың біртұтас жүйесін құрудың негізгі түрі.
- Жобалау – сыныптың жаңа, қазіргі, инновациялық келбетін анықтайды.
- Жобалау – жобаға қатысушы оқушылардың ойлау қабілетін өзгертеді, оларды XXI ғасыр жетістіктерін пайдалануға үйретеді.
- Жобалау – тұлғалық бағытталған педагогика идеяларын іске асырады.
- Жобалау - әр оқушының болашақ бәсекеге қабілеттілігін жетілдіреді.

Бұл жұмыстарға қатысушы әр оқушы төмендегі жетістіктерге қол жеткізді:

- Өзінің және өзгенің өмірінің құндылығына көз жеткізеді.
- Адамгершілік мәдениеттің қырларын меңгереді.
- Әлеуметтік рөлдерді (азамат, қызметкер, Отьанын қорғаушы, т.б) орындауға дайын болады.
- Мақсатқа жету технологиясын әзірлеуге, нәтижені болжауға, өз іс-әрекетін түзетуге үйренеді
- Өздігінен үздіксіз білімін көтеру, өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінеді.
- Өзінің кәсіби қабілеттерін жарнамалауға дайын болады.

Қорыта келгенде, оқытудың технологиялық тәсілдерін оқу үрдісіне қолдану, тексерудің барлық түрін, формасын қажетті жағдайда орындау, жүйелі түрде дұрыс қолдану оқыту сапасын жоғарлатып, оқушылар үлгеріміндегі кемшіліктерді дер кезінде ашуға мүмкіндік береді. Осындай жаңа технология әдістерін оқу үрдісіне пайдалану, оқу сапасының жылма-жыл өсуіне септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. ″Білім әлемінде″ журналы 2005 жыл №5
2. Дьюи ДЖ. «Школа и общество»(1925)- цит. По «Педагогическая лоция. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец. прилож. К журналу «Лицейское и гимназическое оброзование», вып. 4, 2033 – с14.
3. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С.Полат – М.:2000
4. Пахомова Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист, №1, 2004-с.42
5. ″Информатика негіздері″ журналы 2009 жыл №6
6. ″Қазақстан мектебі″ журналы 2007 жыл № 5-6 № 12
7. Ясребцева Е.Н.″Как рождается проект″ М. 1995г.
8. Монахов В.М. Проектирование и внедрение новых технологий обучения // Сов. Педагогика. – 1990. - №7.
9. Лебедов О.Е. Эффективное управление школей в современных условиях. – СПб,: Изд. КАРО, 2006. – С.96-254.
10. Қалиева С.Н. Қазіргі әлеуметтік жағдайларындағы жалпы білім беретін қазақ мектептерін басқаруды жетілдіру. - Қарағанды, 2008. – 6.78
11. Педагогика / под ред. Хмель Н.Д: курс лекция. Авторский колектив

UDC:338

ESSENCE, SYSTEM AND ELEMENTS OF INFORMATION AND ANALYTICAL SUPPORT IN THE CORPORATE SECTOR OF THE ECONOMY

Tolepbay S.Sh.- student of the group 1702-90
Scientific adviser: Berdybekova A.L. - Ph.D.in economics
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

Түйін

Бұл мақалада ақпараттық-талдау жұмысының әдіснамасы, ұйымдастырылуы және технологиялары мәселелерінің кең ауқымы қарастырылады.

System (Greek - systema - made up of parts) - a set of elements that are in interconnection and communication.

The system theory was first developed in 1968 by the Austrian biologist Ludwig von Bertalanffy (1901-1972).

And the information system is an ordered organized set of documents and information technologies, as well as the use of computer technology and communications, the implementation of information processes.

Information systems is a system that provides implementation, output, storage, processing to create functional information processes.

The information system is intended for collection, storage and processing.[1]

Enterprise management, in modern terms, business management, in turn, has undergone various changes. But the version of the bottom has not changed.

The manager makes a decision based on the information that he knows at that moment, and subordinates execute the decision from the moment it is received. In 2019, the Ministry carried out the integration of Information and

analytical system of the transport database and monitoring of traffic safety dynamics (IAS TBD) with Information and analytical

SmartDataUkimet system (IAS SDU).

The main thing is corporate information systems (KIS) - this is not just a system, it is a powerful and effective weapon in the hands of specialists who can set goals and strive to achieve them.

According to this definition, information technology includes algorithmic tasks, as well as providing information and technical devices and software. Corporate information systems are not only the corresponding hardware and software device, but also the subject area.[2]

The research also shows that, over the next three years and beyond, 71 percent of global enterprises predict their investments in analytics will accelerate.

At this time, the World Complex standard is distributed as a quality enterprise system. Launched the ISO (International Standards Organization) system, and the full name ISO/TC 176. The generic name for this comprehensive ISO 9000 standard.

To implement and maintain a quality enterprise system, the family standard divides ISO 9000 into 3, assuming the use of a Prague product:

Comprehensive enterprise management system

2. Electronic document management system

3. creation of a functional model of the institution through products

A quality ISO 9000 system and the implementation of corporate information systems in an enterprise are closely interrelated.

Looking at the global level, in 2017, the combined value of platform-based companies with a market capitalization of more than $100 million was estimated to exceed $7 trillion, up 67% from 2015. [3]

Another author, Zabbarova O.A., referring to the Mid-term Concept for the Development of Accounting and Reporting in the Russian Federation, approved by Order No. 180 of the Ministry of Finance of Russia dated July 1, 2004, writes that purely informational function.

The architecture of the corporate information system is built on the following levels:

1. information-logical level.

This level has shown itself in the order of data flow and information output environment, areas of use and modification. It can be displayed as a model. The data is based on the basic structure, system agreement and organization rules. The purpose of creation is to provide an applied software system.

2. application level.

It proved to be in the form of information and logical models, functionalized with the help of application programs and software systems.

These are a document management system, a control system, a planning system, automated process control systems, CAD systems, accounting systems, office packages, financial control systems, personnel, etc.

3. system level.

Operating systems and network equipment.

4. hardware level.

Computing technology, equipment.

5.Transport level

Active and passive network device, network protocol and technology.[4]

This analytical report has been prepared in accordance with paragraph 9 of the action plan (“road map”) for the implementation of the Main Directions and Stages of the Implementation of the Coordinated (Agreed) Transport Policy of the Member States of the Eurasian Economic Union for 2018-2020, approved by the Decision of the Eurasian Intergovernmental Council of October 25 2017 No 3.

The research also shows that, over the next three years and beyond, 71 percent of global enterprises predict their investments in analytics will accelerate.[5]

In conclusion, corporate information systems develop the method of enterprise management. Due to the growing level of competition between entrepreneurs, company leaders at different times are looking for ways to stay on the market and maintain its profitability. The development of computer systems, network technologies, the process of increasing the production and capacity of document transportation systems make it possible to constantly improve corporate information systems - their products and functionality.

More enterprises are provided with computer networks. Enterprises will be mobilized to improve the quality of products to provide for the prisoners. It improves the quality

of corporate information systems - it has more features. Distributors and product vendors will be transferred through the integration. At the same time, corporate information systems after their delivery after certification are their documents. As a result, corporate information systems turned out to be beneficial for both the customer and the enterprise.In national conditions, the enterprise receives through corporate information systems.

Literature

1.https://corporatefinanceinstitute.com/resources/knowledge/economics/economic-system/
2.https://www.oecd.org/sti/ind/2090569.pdf
3.https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S014829631630488X
4.https://www.investopedia.com/terms/c/corporate-culture.asp
5https://www.heavy.ai/technical-glossary/business-forecasting

ӘОЖ ()

GAMILAB-ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН ҚҰРАСТЫРУШЫ ПЛАТФОРМАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ

Темірбекова Ф.Е., Серікбай К.Е., Әлі Н.Б.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены теоретические основания применения игровых технологий в образовании. Интеграция и использование игровой платформы Gamilab во время занятий.

Қазіргі заманғы білім беру жүйелері мұғалім мен студент арасында кері байланыстың икемді моделін құруды, сонымен қатар студенттердің топтық белсенділігі мен өзара әрекеттесуін арттыруды мақсат етеді.

Профессорлық-оқытушылық құрамның алдында тұрған міндеттер білім беру контентін беруді ғана емес, сонымен қатар белгілі бір салада жаңа білім алуға қызығушылықты тарту, ынталандыру процесін қамтиды[1].

Геймификация дегеніміз оқу процесін динамикалық түзету мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім алушыдан өлшенетін кері байланыс, сондай-ақ геймификация құралдарының әсерінен мектептің ақпараттық-білім беру ортасының оның барлық компоненттері деңгейінде сапалы өзгеруі туралы қорытынды жасау.

Геймификацияның ойын қағидаттарына негізделген басқа білім беру технологияларынан айырмашылығы-оқушылардың оқу процесіне қатысуын арттыру мақсатында компьютерлік ойындарға тән тәсілдерді қолдану.

Білім беру процесінде пайдалану үшін компьютерлік ойындар жасауға болатын дизайнерлік қызметтер бар. Соның ішінде ең қол жетімді және қарапайым бір түрі Gamilab платформасы. Бұл сервис тегін болып табылады. Дайын ойындарды пайдалануға болады, бірақ олардың көпшілігі ағылшын тілінде. Ойын платформасы ретінде GamiLab-да тағы да көптеген кішкентай құпиялар мен тосынсыйлар бар [2].

Бұл платформада сіз оқытылатын пән бойынша викторина құрастырасыз, сұрақтар мен жауаптарды енгізізесіз, сонымен ойын дайын. Бірақ алдымен

платформаға тіркелу керек, оған Google арқылы кіре аласыз. Тіркелгеннен кейін үш ойынның бірін таңдаңыз - King of the Hill, Walker немесе Bike Race[3].

Балаларға тіркелудің қажеті жоқ. Сіз оларға ойын кодын немесе тікелей сілтемені бересіз, оқушылар тек атын жазса болғаны. Ал мұғалім кімнің қалай жауап беретінін, ұпай жинайтынын, кім алда, кім артта екенін көре алады. Платформамен сыныпта жұмыс жасасаңыз, оқушыларға нәтижелер жазылған кестені көрсетуге болады.



ТАУ ПАТШАСЫ (KING OF THE HILL)

Бұл ойынның ең қарапайым прототипі, мұнда студенттер сұрақтарға жауап береді, мұнда жауаптардың дұрыстығы ғана емес, сонымен қатар тапсырмаларды орындау және шыңға жету жылдамдығы бекітіледі. Бұл бұрыннан бар сұрақтар қорынан сұрақтар қосуға немесе өз тапсырмаларыңызды жасауға болатын ойынды жылдам құру үшін өте қолайлы. Ойынның белгілі бір орналасуы мен түйіндерінің саны бар. Тек сұрақтарыңызды қоссаңыз болғаны. Осыдан кейін сіз өз оқушыларыңызбен ойынды оңай бөлісе аласыз және олардың бір-бірімен жарыса отырып, таудың басына қалай жеткенін көре аласыз.



ЗЕРТТЕУШІ(WALKER)

Бұл прототип ауыр мазмұны бар білім беру ойындарын жасау үшін өте қолайлы. Жаңа деңгейлердің құлпын ашу үшін реттелетін жолдармен қосылған түйіндерді қосуға болатын бос ойын тақтасынан бастаңыз. Әрбір түйінде негізгі мәтін, бейнелер, викториналар, флип карталар және т.б. сияқты әртүрлі интерактивті элементтер болуы мүмкін. Ойыныңызды жасау үшін 40-тан астам түрлі мазмұн түрін таңдауға болады. Бұған қоса, кірістірілген сұрақтар банкі сізге пайдалануға арналған 30 000-нан астам сұрақтар мен жаттығуларды қамтиды.



ВЕЛОЖАРЫС (BIKE RACE)

Ойын мен оқудың барлық элементтерін бір жерде біріктіретін режим. «Тау патшасы» режимі сияқты, сіз түйіндердің белгіленген санын аласыз және сізге тек сұрақтарыңызды қосу керек. Ойынды студенттермен бөлісіңіз, сонда олар велосипед жарысына барады. Велосипед жарысы режимі ойыншыдан тек велосипедшіні басқаруды және

жерді шарлауды ғана емес, сонымен қатар қосымша ұпай алу және ең жақсы нәтиже көрсету үшін сұрақтарға дұрыс жауап беруді талап етеді.
Енді ойынның жүргізілу барысына тоқталып кетейік. Бұл жерден біздің таңдап алған ойынымыз «Тау патшасы» ойыны.

1. Үш ойынның ішінен таңдалынып алынғаннан соң Тау патшасы ойынын шерткен кезде бізге осындай терезе ашылады. Бұл жерде жалаушалар арқылы шыңға шығатын қадамдар берілген. Әр жалаушаның ішіне сіз өз керегіңізше сұрақтар енгізе аласыз.



2. Бұл жерде берілген жалаушаға кірген кездегі сіз құрастыратын сұрақтар орналасады. Сұрағыңызды енгізіп болғаннан кейін бір нұсқаңызды дұрыс көрсету үшін «correct» батырмасын таңдайсыз.

3. Бұл жерде ойын ойналып болғаннан кейінгі нәтижелер яғни қанша оқушы қатысқандығы, қанша ұпай жинағанын, қанша сұраққа дұрыс және дұрыс емес жауап бергендігі көрсетіледі. Жоғары жағында ойынды ойнау үшін берілетін ссылка және код беріледі.

Қорытындылай келе, Gamilab платформасын сабақ барысында өткен сабақты қайталау үшін, жаңа сабақты түсіндіруге ыңғайлы әрі жеңіл платформа екендігін айтқым келеді.

Мен қашықта білім беруде және сабақ үстінде әр мұғалім әртүрлі дидактикалық ойындарды, соның ішінде осы платформада жасалған ойындарды қолдана отырып, оқу қызметін әртараптандыру және оның тиімділігін арттыруға көмектесу үшін болашақта осы GamiLab-ті пайдалана алатынына сенімдімін

Әдебиеттер:

1. Білім берудегі Геймификация [Электрондық ресурс] // Режим доступа:http://psyjournals.ru/jmfp/2016/n3/83892.html.
2. Геймификация: тұжырымдамалар, әдіснамалар, құралдар және қосымшалар. IGI Global. 2015. – 2211 Б.
3. http://didaktor.ru/gamilab-konstruktor-didakticheskix-igr/

ОӘЖ371.322.2

ОРТА МЕКТЕПТЕ «ИДЕАЛ ГАЗ» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Биділда Олжас - 126-28 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы - ф.м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

Физика пәні бойынша 7-10 сыныптарда «газ заңдары» тақырыбын оқыту мәселесі қарастырылған.

Бүгінгі таңда орта мектепте физика пәнін 9 сыныптан кейін екі бағытқа бөліп оқытады; қоғамдық-гуманитарлықбағытта және жаратылыстану-математика бағытында.[1]

«Молекулалық физика» тарауын оқыту жайлы кішкене тоқталып өтсек.

Бұл тақырыпта негізі 7-сыныпта физика курсында қаланған зат құрылысының молекула-кинетикалық теориясы оқытылады. 7-8 сыныптарда физика курсын оқуда оқушылар, заттардың ішкі құрылымы тұрғысынан физикалық құбылыстардың бір қатарын және зат қасиеттерін (сұйықтар мен газдардың қасиеттерін, қысым, жылу құбылыстары т.б.) түсіндіруді үйренеді. Бірақ сәйкес тақырып мазмұнын құрайтын ұғымдарды түсінік деңгейінде меңгерді, ал барлық құбылыстар сапалы түрде түсіндіріледі.

Осыған байланысты, 10-сынып физика курсын оқуда оқушылардың бар білімдерін өзектендіру, кеңейту және дамытуы, оларды ұғым деңгейіне жеткізу керек. Бұл тарауда оқытудағы мақсат – оқушылардың 7-8 сыныбының физика курсынан және 8сыныптың химия курсынан алған заттың құрылысы мен қасиеттері және жылулық құбылыстар туралы білімдерін кеңейту (олардың қозғалысы мен ерекшеліктері); газдардың молекула – кинетикалық теориясын тереңдетіп оқыту; газдар теориясын осы теория негізінде түсіндіру, конденсациялық жүйе қасиетін (қатты, сұйық және газ тәрізді күйдегі заттар) оқыту; осы қасиеттерді заттың бір агрегаттық күйден екінші күйге ауысуы жайлы білім негізінде түсіндіруі кіреді. Қазіргі физика бағдарламасына сәйкес бөлімді оқыту МКТ негіздерін оқытудан басталады, содан кейін температура, молекулалардың жылулық қозғалысының энергиясы, идеал газ күйінің теңдеуі, сұйықтар мен газдардың бір-біріне айналуы, қатты денелер, одан кейін барып термодинамика негіздері қарастырылады. Бөлімді оқыту процесінде қалыптастырылатын ұғымдардың көпшілігімен оқушылар 7-8 сыныптың физика курсынан, 8-сыныптың химия курсынан таныс екендігін ескеру қажет. Ол ұғымдарға: «молекула», «температура», «жылу мөлшері», «заттың меншікті

жылу сыйымдылығы», «заттың ішкі энергиясы», «жылу алмасу» тағы басқалар жатады.

Сондықтан мұғалім бұрынғы өткендерін қайталамай, ол білімдерін тереңдетуі және дамытумен қатар білім сапасын көтереді.

Берілген тақырыпта оқушылар үшін жаңа ұғым жылу құбылыстарын зерттеу және молекулалардың қозғалыс жылдамдығын, массасын, өлшемдерін өлшеу әдістері болып табылады. Оқушыларды бұл ұғымдармен таныстыру олардың дүниені танып білуге деген, зерттеудің физикалық тәсілдерін қуаттылығына деген сенімдерін қалыптастыруда маңызды роль атқарады, сондай-ақ, осы ұғымдарды қалыптастыру арқылы мұндай біліммен қаруланған адамның қарусыз көзін жеткізуге болады.

Ал енді «Газ заңдары» тақырыбын оқыту.

Мұнда негізінен температура және басқа макроскопиялық параметрлер ұғымдарынан туындайтын қиындықтар жайында сөз болмақ. Молекула – кинетикалық теорияның негізгі теңдеуі бізді сол параметрлер арасындағы байланысты тағайындауға келіп саяды. Газдың берілген массасының күйі 3 макроскопиялық параметрмен сипатталады: қысым, температура көлем.

Күй теңдеуі. Біз идеал газ жайында МКТ тұрғысынан жүйелі қарастырамыз. Газ қысымының оның молекулаларының шоғырына және температурасына тәуелді болатыны анықталды. Осы тәуелділік негізінде жеткілікті сиретілген газдың берілген массасының күйін сипаттайтын барлық 3 макроскопиялық параметрді байланыстыратын теңдеуді алуға болады. Бұл теңдеу идеал газ күйінің теңдеуі деп аталады.[2]

Көлемі V_1 , қысымы P_1 және температурасы T_1 , газдың белгілі бір массасын қарастырайық. Газдың осы массасының екінші бір күйдегі көлемі V_2 , қысымы P_2 және температурасы T_2 болсын. Бойль-Мариоттың және Гей-Люссактың заңдарына сүйене отырып осы шамалардың арасындағы байланысты анықтаймыз.

Бұл үшін газды $V_1P_1T_1$ күйлерінде алып, оны тұрақты P_1 қысымда T_2 температураға дейін қыздырамыз. Сонда оның көлемі V болады және бұл көлем былай өрнектеледі:

$$V = \frac{V_1 T_2}{T_1} \qquad (2.1)$$

Осы қыздырудың нәтижесінде газ V көлеммен, P_1 қысыммен және T_2 температурамен сипатталатын жаңа күйге түседі; сондықтан оны ақырғы V_2 , P_2 , T_2 күйіне көлемді изотермиялық жолмен өзгерту арқылы келтіруге болады, бұл өзгеріс Бойль-Мариотт заңына сәйке былай жазылады:

$$P_1V_1 = P_2V_2$$

$R = kN_a = 8{,}31 \cdot 10^3$ Дж теңдеуін Петербургтегі Жол қатынасы институты ұзақ уақыт профессоры болған француз инженері Клайперон

қорытып шығарған. Бұл теңдеудегі B тұрақтысының сан мәні газдың қандай мөлшерде алынғандығына және үш шамалардың қандай бірліктерімен өлшенгендігіне байланысты.

Авогадро тағайындаған заң бойынша қысымдары мен температуралары бірдей әр түрлі газдардың грамм-молекулаларының көлемдері бірдей болады. Температура $T =$ ℃ және қысым $P = 1$ атм болғанда, кез келген газдың бір грамм-молекуласының көлемі 22,41 л болады.

Барлық газдарға ортақ бұл тұрақты шама R әрпімен белгіленеді де, газ тұрақтысы деп аталады. $R = kN_a = 8{,}31 \cdot 10^3$ Дж формуладағы көлемнің орнына V_0 грамм-молекулалық көлемді қойсақ мынадай өрнек шығады:

$$P_0 V_0 = RT \tag{2.2}$$

V_0 грамм-молекулалық көлемнің өлшемділігі л/моль болады. (2.1) формула газ күйінің теңдеуі болып табылады. Бұл формулада идеал газдарды ғана қанағаттандырады. $R = kN_a = 8{,}31 \cdot 10^3$ Дж теңдеудің қорытындысы болып табылатын (2.1) теңдеуді Д.И.Менделеев тағайындаған болатын; Менделеев ол туралы алғашқы рет 1874 жылы орыстың физика-химия қоғамының мәжілісінде баяндап, 1875 жылы жариялаған еді. Осыған байланысты (2.1) формуланы Менделеев-Клапейрон формуласы деп атайтын боламыз.

R тұрақтысының сан мәнін: *T= ℃* және *T=273 K, P=1атм* болғанда 1 грамм – молекуланың көлемі V=0,224 л болады деп ұйғарамыз. $R = 8{,}31 \cdot 10^3$ Дж

1грамм-молекулаға ғана дұрыс болатын (2.1) формуланы, кез келген мөлшердегі массаға қолданарлық етіп, былай өзгертіп жазуға болады. Бұл үшін газдың молекулалық салмағын μ әрпімен белгілейміз; сонда, егер 1грамм-молекула газ белгілі бір қысымда және температурада V_0 грамм-молекула көлем алып тұратын болса, онда осы газдың m грамы сол қысымда және сол температурада

$$V = \frac{m}{\mu} \cdot V_0$$

көлем алып тұрады. Бұдан берілген қысым мен температурада m грамм газ үшін $\frac{PV}{T}$ өрнегінде R газ тұрақтысынан $\frac{m}{\mu}$ есе артық болатындығы шығады, бірақ бұл тұрақты болып қалғандықтан m грамм газ үшін мынаны жазамыз:

$$\frac{PV}{T} = \frac{m}{\mu} \quad \text{бұдан} \quad P = \frac{m}{\mu RT} \tag{2.3}$$

(2.3) формула Менделеев-Клапейронның газдың кез келген массасына қолданылатын қорытылған формуласы болып табылады; мұнда универсаль тұрақтысы газдардың барлығына бірдей болады және оның сан мәні (2.2) өрнектерінен шыққандағыдай болады. (2.2) берілген газды сипаттайтын 4

шаманы байланыстырады. Осы формуладан тікелей газдың тығыздығын анықтауға болады.

$$\rho = \frac{m}{V} = \frac{\mu P}{RT} \qquad (2.4)$$

Сонымен, газдың тығыздығы оның молекулалық салмағына және оның қысымына тура пропорционал, ал абсолют температурасына кері пропорционал.[3]

Газдарда өтіп жататын көптеген процестердің ішінен, газдың берілген массасы үшін қандай да бір термопараметр тұрақты болып қалатын кезіндегі процестерді қарастырып өттік. Олар изобара, изотерма, изохора процестері.

Практикада изотермалық процесті іске асыру үшін зерттелген газ массасы өте үлкен, ал температурасы өзгеріссіз қалатын қоршаған ортамен жақсы жылулық байланысты болуы тиіс. Мұндай орта термостат деп аталады. Бойль-Мариотт заңын Мельде түтігінің көмегімен анықтауға болады (бір жағы жабық шыны түтік, онда сыртқы ауадан сынап бағанымен бөлінген ауа бар). Түтіктің қалпын өзгерте отырып, біз ауа бағанының көлемі мен қысымын өзгертеміз, ал оны сызғыш пен манометрдің көмегімен өлшеуге болады. Қысымның көлемге көбейтіндісі әрбір кезде де тұрақты болып қалады. Бойль-Мариотт заңы қысымдар мен температуралардың кең диапазонында орындалады. Тек өте үлкен қысымда (жүздеген атмосфераларға жететін) кезінде ғана біршама ауытқулар болады.

Бойль-Мариотт заңы бойынша газдың берілген массасының қысымы изотермалық процесс кезінде көлемге кері тәуелді болады, яғни гипербола аламыз. Осы тәуелділікті график түрінде PV координаталарында өрнектейді. Алынған қисық идеал газдың изотермасы деп аталады. Түрліше температуралар үшін газдың қысымының көлемге тәуелділігі сипатында өзгеріс болмайды, тек температура артқан кезде қисықтар координаталар осьтерінен қашықтай береді. Бұл жерде біз изотермалар аясына келеміз.

Изотермалық процестерді градус түрінде басқа координатта да өрнектеуге болады. Бұл графиктер газдың қысымы мен көлемінің оның температурасына тәуелсіздігін көрсетеді.

Осы үш заңдармен қатар тағы да маңызды екі заңды атап өту керек. Оларды италян физигі А.Авогадро және ағылшын физигі Д. Дальтон ашты. А.Авогадро 1811 жылы мынадай гипотеза көтерді: бірдей қысым және температурада газдың бірдей көлемдеріндегі молекулалар саны бірдей болады. Физиканың даму барысында бұл гипотеза дәлелденді. Газдардың қысымы температурасы және көлемі бірдей болса, онда олардағы молекулалар санының да бірдей болатындығы шығады. Авогадро заңынан кез келген газдың бір молінің көлемінің бірдей қысым және температура кезінде бірдей болу керектігі шығады, себебі олардағы молекулалар саны бірдей.

1801 жылы ашылған Дальтон заңы газ қоспасының қысымын және қоспаның жеке компоненттерінің жалпы қысымға беретін нақты «үлесін» анықтайды. Өмірде біз таза газды емес, газ қоспасын кездестіреміз. Мысалға, ауа азоттан, оттектен, көмірқышқыл газынан және басқа да көптеген газдардың

қоспасынан тұрады. Дальтон осындай газ қоспасының қысымын анықтауды мақсат етті. Бұл үшін ол парциалды (дербес) қысым деген жаңа түсінік енгізеді. Парциалды қысым деп газ қоспасының қысымы осы қоспаға кіретін барлық газдардың парциалды қысымдарының қосындысына тең болатындығын тағайындайды.

Қорытынды

Бұл тақырыпта негізі 7-сыныпта физика курсында қаланған зат құрылысының молекула-кинетикалық теориясы оқытылады. 7-8 сыныптарда физика курсын оқуда оқушылар, заттардың ішкі құрылымы тұрғысынан физикалық құбылыстардың бір қатарын және зат қасиеттерін (сұйықтар мен газдардың қасиеттерін, қысым, жылу құбылыстары т.б.) түсіндіруді үйренеді. Осыған байланысты, 10-сынып физика курсын оқуда оқушылардың бар білімдерін өзектендіру, кеңейту және дамытуы, оларды ұғым деңгейіне жеткізу керек. Бұл тарауда оқытудағы мақсат – оқушылардың 7-8 сыныбының физика курсынан және 8сыныптың химия курсынан алған заттың құрылысы мен қасиеттері және жылулық құбылыстар туралы білімдерін кеңейту (олардың қозғалысы мен ерекшеліктері); газдардың молекула – кинетикалық теориясын тереңдетіп оқыту; газдар теориясын осы теория негізінде түсіндіру, конденсациялық жүйе қасиетін (қатты, сұйық және газ тәрізді күйдегі заттар) оқыту; осы қасиеттерді заттың бір агрегаттық күйден екінші күйге ауысуы жайлы білім негізінде түсіндіреді.

Әдебиеттер

1. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424
2.Физика: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Н.А.Закирова, Р.Р.Аширов – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 336 б.
3. https://okulyk.kz/wp-content/books/531/531.pdf

ӘОЖ 377.1

LIVEWORKSHEETS ПЛАТФОРМАСЫНДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС ДӘПТЕРІН ДАЙЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мухаммадалиева Ш.Б. – 111-18а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Сулейменова Л.А. – т.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Во время онлайн обучения использование интерактивных заданий стали очень актуальны. В данной статье рассматривается вопросы разработки интерактивной рабочей тетради через платформу Liveworksheets. Задания разработаны для закрепления и оценивания знаний по программированию на Python, которая рассматривается в 6-м классе общеобразовательной школы.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2022 жылдың 16-наурызында «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында «Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады» деп айтқан болатын [1]. Сондықтан да болашақ мұғалім жастар жаңа Қазақстанды қалыптастыруда озық біліммен үлкен үлесімізді қоса аламыз. Жан-жақты дамыған, білімді жастарды тәрбиелеуде мұғалімнің рөлі өте зор. Өйткені мектеп – білім мен

ғылымның бастауы. Ал XXI-ғасырда онлайн оқыту – әрбір мұғалімде болуы тиіс дағды. Онлайн оқытуда Интернет желісі алуан түрлі білім беру мен интербелсенді тапсырмалар құру платформаларын ұсынады. Мұндай платформалар сабақта білім алушылардың қызығушылықтарын арттырары сөзсіз.

Жалпы орта мектептерінде Python программалау тілі 6-9 сынып арасында оқытылады [2]. Сынып жоғарылаған сайын, өтілетін тақырыптар да күрделене түскен. 6-сыныпта «Python тілінде программалау» бөлімі 3-тоқсанда өтіледі. 1-кестеден көрініп тұрғандай төрт оқу мақсаты алты тақырыпты қамтиды.

1-кесте. 6-сыныпта «Python тілінде программалау» бөлімінің мазмұны

Тақырыбы	**Мазмұны**
IDE-мен танысу	6.1.2.2 IDE интерфейсінің мүмкіндіктерін қолдану
Тіл әліппесі. Синтаксис	6.3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу
Мәліметтер типтері	6.3.3.1 Деректер түрлерін жіктеу
Арифметикалық амалдардың жазылу ережелері	6.3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу
Санды енгізу және шығару	6.3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу
Сызықтық алгоритмдері программалу	6.3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу

Өтілген тақырыптарды бекіту, меңгеру деңгейін бағалау үшін Liveworksheets (http://liveworksheets.com/) интербелсенді тапсырмалар құрастыру сервисін қолдану өте ыңғайлы. Оны қолданып, Python программалау тілінен құрастырылған тапсырмалар бойынша [3] электронды жұмыс даптер құру ретіне тоқталайық:

Ең бірінші кезекте платформада тіркелеміз. Жұмыс жасауды жұмыс парақтарын құрастырудан бастаймыз (1-сурет), кейіннен оларды жұмыс дәптеріне қосамыз. Алдымен жұмыс парағын мәтіндік редакторда дайындап, файлды pdf форматта сақтаймыз.



1-сурет. Мәтіндік редакторда құрылған жұмыс парағы

Liveworksheets платформасында «Интерактивті жұмыс парағын құру - Бастау» командасын таңдаймыз (2-сурет).



2-сурет. Интербелсенді жұмыс парағын құру командасы

Ашылған бетте алдын ала сақталған pdf файлды жүктейміз. Файлдың көлемі 5МБ-тан аспауы керек. Осы кезде жұмыс парағы жүктеледі. Жүктелген файлды интербелсенді тапсырмаларға айналдырамыз.

Бірінші тапсырма - сәйкестендіруге тапсырмасы. Бұл тапсырмада CLIL элементтері бар. Яғни білім алушы кілттік сөздерді ағылшын тілінде меңгереді. Сәйкестендіру сөздеріне блоктар салып, оларды «*join*» кілттік сөзімен толықтырамыз. Сәйкес сөздер бірдей ретпен болуы тиіс (3-сурет).

3-сурет. Join тапсырмасынан үзінді

Екінші тапсырма – таңдау тапсырмасы. Ол «*choose*» кілттік сөзі арқылы құрылады. Блоктың ішінде тізімде көрінуі тиіс мәтін «/» белгісі арқылы бөлініп жазылады, ал дұрыс жауаптың алдына «*» белгісін қоямыз (4-сурет). Мысалы, **choose:***Мәтіндік редактор/ Құрастыруды автоматтандыру құралдары/ Компилятор. Интерпретатор/ Түзету, Жөндеу.

4-сурет. Choose тапсырмасынан үзінді

Үшінші тапсырма – мәтінді егізу тапсырмасы. Бұл интерактивті тапсырманы құрастыру үшін блок салып, ішінде дұрыс жауапты енгізіп қоямыз (5-сурет). Ал таңдау тапсырмасын құру үшін салынған блоктың ішінде дұрыс жауапқа *select:yes*, дұрыс емес жауапқа *select:no* деп енгізу жеткілікті.



5-сурет. Мәтін енгізу тапсырмасынан үзінді

Электронды жұмыс дәптерін құрастыруда Liveworksheets платформасын қолдану өте ыңғайлы. Құрастырылған электронды жұмыс дәптерін жалпы орта мектептің мұғалімдеріне қолдануға ұсынуға болады.

Әдебиеттер

1. Электрондық ресурс: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
3. Программирование на языке Python для школьников: Учебное пособие по изучению языка программировани Python / Л. Самыкбаева, А. Беляев, А. Палитаев, И. Ташиев, С.Маматов – Фонд Сорос-Кыргызстан, 2019 – 84 с.

ӘОЖ 378.146

АТОМДЫҚ ЖӘНЕ ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Абулова Азиза Ғафурқызы – 126-38а оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Бердалиева Тилла Досыбековна - п.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент.

Summary

This article discusses the role of the use of methods of organizing the teaching of atomic and nuclear physics in physics lessons.

Қазіргі физикада атом ядросы мен элементар бөлшектерді зерттейтін сала – ядролық физика. Ядролық физика – атом өнеркәсібінің ғылыми негізі.

«2030 жылға қарай Қазақстанда электр энергиясының тапшылығы болады. Әлемдік тәжірибе одан шығудың ең оңтайлы жолын ұсынады – бұл бейбіт атом. Мәселе оңай емес, оған алыпсатарлық пен эмоциясыз ұтымды қарау керек», - деп айтқан ҚР президенті Қ.К.Тоқаев халыққа жолдауында (01.09.2021). Президенттің айтуынша, Қазақстанда қауіпсіз және экологиялық таза ядролық энергетиканы дамыту мүмкіндігін зерттеу керек. Бұл мәселені біздің елімізде білікті атом инженерлерінің жаңа буынын қалыптастыру қажет болады. [1]

Атомдық және ядролық физика бойынша оқытылатын оқу материалының көлемі жыл сайын көбейіп, артып келеді. Бұл жағдай оқу материалын қандай дидактикалық принциптер: оңайдан қиын материалға кәшіп отыру, теориялық талдау негізінде, әмірмен байланыстыру, эксперименттік дәлелдеу және т.с.с. негізінде баяндауды таңдап алу ісін қиындатуда. Қазіргі мектеп оқулықтарында бұл тараудың материалдарын тарихи принцип тұрғысынан түсіндіру дұрыс деп қабылданып отыр,-деп көрсеткен белгілі әдіскер М.А.Құдайқұлов [2. 26 б].

Атом ядросының физикасын оқытқанда келесі тақырыптарға ерекше назар аудару қажет: атом ядросының ашылу тарихы, оның құрылысы, өлшемі, массасы, заряды, атом ядросының қабықша және тамшы үлгісі, ядролық күштер, ядроның байланыс энергиясы, ядролық реакциялар.

Атомдық және ядролық физика тарауын оқытудың бір қиыншылығы аз уақыт аралығында біршама күрделі құбылыстар мен процестерді баяндау екендігі сөзсіз. Бұл қиыншылықтан шығудың бір жолы атомдық және ядролық физика құбылыстарының басты мәселелерін түсіндіру барысында анимациялық-компьютерлік технологияның мүмкіндігіне жүгіну. Себебі, атомдық және ядролық құбылыстар мен процестердің мән мағынасын эксперименттің кәмегінсіз білім алушыларға түсіндіру мүмкін емес. Сонымен бірге атомдық және ядролық физиканы оқытуда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың маңызы зор.[3. 47 б].

Ядродағы физикалық құбылыстарды білім алушыларға түсіндірудің бір қиыншылығы – олар көзге көрінбейтін, қолмен сезінуге болмайтын құбылыстар. Оларды эксперименттік тұрғыда сабақта түсіндіруге де қажетті демонстрациялық немесе лабораториялық приборлар жоқтың қасы

әрі жасау да оңай емес. Сондықтан ядролық физика туралы бірқатар кинофильмдерді, электронды зертханаларды, бейне материалдарды сабақта тиімді пайдалану өте қажет. Атом және атом ядросы жайлы негізгі мәселелер жүйесін түсіндіруде ең алдымен, атом құрылысының күрделі екендігіне білім алушылардың көзін жеткізу керек. Ол үшін радиоактивтілік құбылысын қарастыруға болады. [4. 81 б].

Сабақты тиімді ұйымдастырудың ұтымды жолдарының бірі – *аудиовизуалды техникалық* оқыту құралдарды қолдану. Аудиовизуалды техникалық оқыту құралдарын пайдалану білім алушылардың белсенді ісәрекетін ұйымдастырып, кәлемді әрі тиянақты білім алуына, логикалық ойәрісін дамытуға, қабілет-дарынын ашуға жағдай жасайды. Білім алушының жеке басының кейбір мінез ерекшеліктерінің дамуына да аудиовизуалды техникалық оқыту құралдарының үлкен маңызы бар. Ол білім алушының алдына өз ұйғарымын айтып, болжам құруға, өз интуициясын дамытып ашуға итермелейді. Сонымен бірге, аудиовизуалды техникалық оқыту құралдары жаңа материалды оқушының кәрнекі қабылдауына кәмектеседі. Тәмендегі кесте «Атом және ядролық физика» курсы бойынша жасалған аудиовизуалды оқу құрал жұмыстарының тізімі келтірілген

«Атомдық және ядролық физика» курсының тақырыптары	Визуалды техникалық оқыту құралдардың қолданылуы
1	2
Атомның ядролық моделі.	Атомның моделі, Томсон моделі және Резерфорд тәжірибесі атты анимациялар келтірілді.
Бордың кванттық теориясы.	Атомның Бор ұсынған моделінің Анимациясы және практикалық тапсырмалар берілді.
Корпускалалық-толқындық дуализм	Практикалық тапсырмалар, бейне сабақ
Кванттық сандар.	Дәрістік материалдар
Қатты дененің кванттық физикасы.	Дәрістік материалдар
Атом ядросының физикасы	Ядроның байланыс энергиясына қатысты есептер берілген
Табиғи және жасанды радиоактивтілік.	Радиоактивті ыдырау тты тақырыпқа Анимация және семинарлық тапсырмалар келтірілген.
Ядролық реакциялардың физикасы.	Ядролық түрленулер тақырыбына анимациялар жасалды. Оның ішінде: α- ыдырау, β-ыдырау, γ-ыдырау. Ядролық реакцияларға есептер келтірілді.
Атом ядроларының	Гелий синтезі, атом ядроларының

бөлінуі және синтезі.	бөлінуі және синтезіне анимациялар келтірілді.
Атомдардың рентгендік спектрі.	Дәрістік материалдар

[5. 65-68 б].

Жаңа материалды түсіндіру сабағында анимациялық-компьютерлік технологияны қолдану оқытушы мен білім алушыларға талассыз артықшылық береді. Өйткені аудиовизуалды техникалық оқыту құралы оқытылатын физикалық процестердің көрнекі түрде есте сақталуына, сондай-ақ тікелей бақылау кезінде кәзге көрінбейтін немесе көрсету жалпы мүмкін емес құбылыстың нәзік жерлерін елестетуге мүмкіндік бере алады.

Әдебиеттер:

1. . Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаевтің Қазақстан халқына Жолдауы. -Астана, 01.09.2021 ж.
2. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. Мұғалімдер мен студенттерге арналған құрал. - Алматы: Рауан, 1998.-310 б.
3. Намазбаев Қ.Т. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. 1-бөлім. «Физика» мамандығы бойынша студенттерге арналған оқу құралдары. –Алматы: «Отан» баспасы, 2016. -312 б.
4. Маусымбаев С.С. Жоғары оқу орнында болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін кәсіби даярлау теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док. ... автореф: 13.00.08. − Алматы: ҚазҰПУ, 2005. − 371 б.
5. Оспанбеков Е.А. «Атомдық және ядролық физика» курсын орта мектепте оқытуға мұғалімдерді даярлаудың әдістемелік негіздері» диссертация. Алматы 2017ж. 128бет

ӘОЖ 057.874

DATA SCIENCE-тің ЗАМАНАУИ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ОРНЫ

Бексултан М.Н. Жүзбай А.М.– 1510-10 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Одаманова Г.П. – магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются роль и значение науки о данных в сфере ITи бизнеса.

Деректер ғалымдары күрделі мәселелерді шешу үшін қажетті дағдылармен жабдықталған және шешуді қажет ететін мәселелердің кең ауқымын зерттеуге деген құштарлықпен толықтырылған деректердің аналитикалық сарапшылары болып табылады. Олар екі әлемнің – IT және бизнестің ең жақсысын біріктіретін жоғары білікті тұлғалар. Демек, деректер ғалымдары бір бөлігі компьютер ғалымдары, бір бөлігі математиктер және бір бөлігі тренд-талдаушылар болып табылады. Сұранысқа байланысты деректер ғалымының жалақысы ең жоғары жалақының бірі болып табылады.

Деректер туралы ғылым – бұл бағдарламалау арқылы жүзеге асырылатын статистика. Сондықтан адам осы салада табысты болу үшін статистикалық

түсініктерді, машиналық оқытуды және Python немесе R сияқты бағдарламалау тілін білуі керек деректерді жалпы және нақты талаптар бойынша сұрыптауда өзінің шеберлігін айқындап отыр, себебі, деректерді жинау, деректерді тазалау және өңдеу қазіргі уақытта өте кең таралған, өйткені компанияларға нарық пен тұтынушылар туралы ақпаратты жинау үшін деректердің маңыздылығы артып келеді.

Деректер ғалымдарының міндеттеріне деректердің үлкен көлемін жинау және оларды әрекет етуші түсініктерге түрлендіру, ең маңызды әлеуетке ие деректер-аналитикалық шешімдерді анықтау және деректердің дәлдігі мен тиімділігін оңтайландыру үшін деректерді тазалау және тексеру, деректерді визуализациялау арқылы компанияның мүдделі тараптарына барлық нәтижелі бақылаулар мен қорытындыларды хабарлауды айта аламыз

Деректер инженерінің негізгі жұмысы деректерді зерттеушілер пайдалана алатындай форматтарға түрлендіру үшін сенімді инфрақұрылымды жобалау және құрастыру болып табылады. Қолданылатын пішімдерге жасырын жартылай құрылымды және құрылымдалмаған деректерге масштабталатын құбыр желілерін құрудан басқа, деректер инженерлері үлкен деректер жиынындағы маңызды үрдістерді анықтауы керек. Негізінде, деректер инженерлері шикі деректерді аналитикалық немесе операциялық пайдалану үшін пайдалырақ ету үшін жұмыс істейді. Деректер инженерлері туралы көптеген аңыздар бар және олардың көпшілігі шындықтан алыс[1].

Ұйымда деректер инженерінің лауазымы деректер ғалымы сияқты маңызды. Деректер инженерлерінің назардан тыс қалуының жалғыз себебі – олардың талдаудың соңғы өнімімен тікелей байланысы жоқ.

Деректер инженерлерінің міндеттері

- Бірнеше көздерден жиналған деректерді біріктіріп, талдау
- Деректерді зерттеушілер манипуляциялау және болжамды/тапсырмалық модельдеу үшін бастапқы деректерді дайындау.
- SQL, AWS және басқа да үлкен деректер технологияларын пайдалана отырып, әртүрлі көздерден деректерді оңтайлы алу, түрлендіру және жүктеу үшін қажетті инфрақұрылымды дамыту.
- Күрделі аналитикалық бағдарламаларды, машиналық оқыту алгоритмдерін және деректер құбырларын құру үшін статистикалық әдістерді қолдану.
- Функционалды және функционалды емес бизнес талаптарын қанағаттандыру үшін ауқымды және күрделі деректер жиынын жинау болып табылады.
- Деректер сенімділігін, тиімділігін және сапасын арттырудың инновациялық жолдарын анықтау және дамыту.
- Деректер архитектурасын әзірлеу, құрастыру, сынау және қолдау.

Деректер талдаушылары – сандарды, статистиканы, сандарды барлығына түсінікті болуы үшін қарапайым ағылшын тіліне аударатын мамандар.

Деректер талдаушылары үшін әрқашан кеңеюде болады және бұл математика, статистика, информатика немесе бизнес саласында берік орны бар

адамдар үшін тамаша таңдау болып отыр. Бұл позиция деректер жинағынан сәйкес түсініктерді алу үшін деректерді іздеуді, SQL, Python және т.б. шет тілдерде еркін сөйлеуді, сондай-ақ сол идеяларды визуализациялар мен есептер арқылы бағыттауды қамтиды.

Деректер талдаушысына біршама жауапкершілік артылған:

•Корреляцияларды анықтау және әртүрлі деректер нүктелерінен құнды үлгілерді табу үшін бизнес деректерін талдау және өндіру.Тұтынушыға бағытталған алгоритм үлгілерімен жұмыс істеу және оларды тұтынушының жеке талаптарына сәйкестендіру үшін.

•Маркетингтік стратегиялар және олардың өнімділігі, тұтынушы талғамы және қалау үлгілері, т.б. сияқты бизнес сұрақтарына жауаптарды ашу үшін теңшелетін үлгілерді жасау және қолдану.Белгілі бір бизнес мәселелерін шешу үшін бірнеше жүйелерден деректерді салыстыру және қадағалау.

•Деректер қоймасынан деректерді алу және күрделі бизнес мәселелеріне жауаптарды анықтау үшін SQL сұрауларын жазу.Тұтынушы деректерін зерттеу және аналитика жүргізу үшін статистикалық талдау әдістерін қолдану[2].

Деректер ғалымы болудың негізгі себептері:

1. Сұраныс жоғары сала. Data Science 2021 жылға арналған ең сұранысқа ие жұмыс орындарының бірі болып табылады. 2026 жылға қарай деректер ғылымы мен аналитикада 11 миллионнан астам жұмыс орны болады деп болжануда.

2. Жоғары ақы төленетін және әртүрлі рөлдер. Деректер ғалымдарына сұраныс өсіп қана қоймайды, сонымен қатар жұмыс орындарының түрлері де мол.

3. Дамушы жұмыс орнындағы орталар. Деректер ғылымы болашақтың жұмыс орнын қалыптастырады. Жасанды интеллект пен робототехниканың пайда болуымен күнделікті және қолмен орындалатын тапсырмалар көбірек автоматтандырылады. Деректер туралы ғылым технологиялары қайталанатын тапсырмаларды орындауға машиналарды үйретуге мүмкіндік берді, өйткені адамдар сыни тұрғыдан ойлау және проблемаларды шешу рөлдерін алады.

4. Өнім стандарттарын жетілдіру. Машиналық оқытуды пайдалану компанияларға өз ұсыныстарын реттеуге және тұтынушылар тәжірибесін жақсартуға мүмкіндік берді.

5. Әлемге көмектесу. Болжалды аналитика және машиналық оқыту денсаулық сақтау саласында төңкеріс жасады . Деректер ғылымы ісіктерді, мүшелердің аномалияларын және т.б. ерте анықтауға мүмкіндік беру арқылы өмірді сақтайды[3].

Деректер ғалымдарының жалақысына көптеген факторлар әсер етуі мүмкін. Негізгі жалақыға әсер ететін факторларды қарастырайық:

•Орналасқан жері

•Тәжірибе

•Дағдылар

•Компания

Мақаланы қорыта келгенде, мынадай тұжырымға келуге болады IT-фирмалары теріс тенденцияны көрсеткенімен, компанияларда деректер инженериясы мамандарына сұраныс артты, нәтижесінде олардың жалақы құрылымында айтарлықтай серпіліс болды. Ал аналитика дағдылары бойынша жалақыға қатысты аналитиканың озық рөлдері мен болжамды модельдеу мамандары басқа рөлдерге қарағанда назар аударды. Сол себептен де қазіргі таңда деректер ғалымы мамандығын дамыту, мамандардың көбеюі үлкен маңызға ие болады.

Әдебиеттер.

1. Casella G, Berger RL. Statistical inference. Second edition. Delhi: :Cengage Learning 2017.
2. Abu-Mostafa YS, Magdon-Ismail M, Lin H-T. Learning from data: a short course. [United States]: : AMLBook.com 2012.
3. Grimmett G, Stirzaker D. Probability and random processes. Third edition. Oxford: : Oxford University Press 2001.

ӘОЖ 378.146

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ НЕГІЗІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Алым Камала Қадыржанқызы – 126-38а оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы - ф.м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті , Шымкент

Резюме

Бұл мақалада физика сабақтарында интербелсенді әдістерді қолданудың рөлі қарастырылады. Интербелсенді оқыту – бұл ең алдымен интерактивті оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекеті жүзеге асырылады.

«Маған айтып берсең-ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатса-үйренемін!» көне қытай ғұламасы Конфуций (Кун-цзы)

Бүгінгі таңда елімізде инновациялық және ғылыми әлеуетті дамыту жұмыстары қарқынды дамып жатқан кезеңде өскелең ұрпақтың білімділік, рухани-адамгершілік, инновациялық, ғылыми және интеллектуалдық әлеуетін арттыру, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, технологиялар мен инновацияларды енгізу-біздің басты міндетіміз.

Мен өз тәжрибеме сүйеніп, ойыма түйгенім белсенді оқыту әдістері ойлау және практикалық іс-әрекетке жетелейтін әдіс түрі,яғни тек оқуда емес өмірде,күнделікті тұрмыста да керек болатын оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып,қызығушылығын ояту.

Интербелсенді оқыту мынадай жұмыс түрлері арқылы жүзеге асады:

- Жұптық, топтық жұмыс;
- Жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;
- Рольдік ойындар;
- Пікірталастар;
- Ақпарат көздерімен жұмыс;
- Тренингтер;

- Кез келген оқу әрекеттерін кері байланыспен аяқтау; т.б.

Мектепте педагогикалық педагогикалық практика кезінде өзімнің сабақтарымда көбінесе топтық,жұптық жұмыстарды ұйымдастырдым.Өткен сабақты қайталау,жаңа сабақты түсіндіру,сабақты бекіту кезеңдерінде әр бір топқа дайындық деңгейі төмен ,жоғары және орташа оқушылар топтасады.

Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) ортақ мағынасына және қорытынды нәтежесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, ойламен алмасады, тиімді нәтижеге қандай бірлескен үйрену әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды.

Педагогикалық технологияларды жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылатын интерактивті әдістер әртүрлі пәндерде, әртүрлі топтарда қайталанып, мұғалімдердің жұмысын жеңілдетеді. «Кластер», «Когнитивтік карта», «Венн диаграммасы», «Блиц сауалнамасы», «Тұжырымдама талдауы», «Адамдық», «Зиг-Заг» сияқты интерактивті әдістер. Физика сабағында көп қолданылатыны «броундық қозғалыс», «Температура өлшеу әдісі», «Джигсо» «Конверт сұрақ әдісі», «Миға шабуыл», «Буриме әдісі», «Эстафета», «Ассоциация құру», «Пазл» т.б

Практика барысында 7 «а» сыныбына ашық сабақ өттім. Сабақтың тақырыбы: «Кері итеруші күш. Архимед күші деп аталады». Ынтымақтастық атмосферасын шаттық шеңбері арқылы құрып, сағат тілімен бір-біріне жылы лебіздерін білдіру арқылы «Манометр», «Барометр», «Сорғы» топтарына пазлды құрастыру арқылы бөлуді ұйымдастырдым. Үй тапсырмасын**:**«Кім жылдам» әдісін қолдандым. Оқушылар берілген тапсырмаларға (кезекпен жауап береді.) Бүгінгі сабақтың тақырыбын ашу үшін ортаға проблемалық сұрақ тастадым.Оқушылар дәптерлеріне қысқаша түртіп отырды.

1. Ауада әрең көтере алатын тасты біз судың ішінде оп-оңай көтереміз.

2. Егер тығыңды суға батырып тұрып, қолымыздан шығарып жіберсек, ол қалқып су бетіне шығады. Архимедтің ашқан жаңалығының мән-мағынасын түсіну үшін интерактивті тақтаның көмегімен видео көрсетілді.Жаңа сабақты ашу үшін топпен бірге тәжрибе жасады. Жұмысты орындау үшін «Лабораторные работы по физике» бағдарламасын қолданамыз..Ресурстар(Интербелсенді тақта, әр топқа жеке ноутбук немесе планшет.

Тәжірибелік жұмыс

Құрал-жабдықтар: массалары әртүрлі, көлемдері бірдей денелер ,суы бар ыдыс, динамометр.

Жұмысты орындау:

1.Динамометрдің көмегімен денелердің ауадағы салмағын өлшеңдер.

P_1= ; P_2=

2. Динамометрдің көмегімен денелердің судағы салмағын өлшеңдер.

$P_{с1}$= ; $P_{с2}$=

3. Екі денеге судың ығыстырушы күшін есептеңдер.

$F_{ы1} = P - P_1$= ; $F_{ы2} = P - P_2$=

5. Ығыстырушы күштерді салыстырыңдар.

6. Қорытынды жасаңдар.

кестені толтыру үлгісі оқушыларға

Дене	Vд,, м3	P0, Н	P1, Н	Fы,Н	P, Н
1					
2					
3					

Осы тәжрибені әр топ қайталап жасап оқушыларға арналған кестені толтырады.

Мұғалім осы үш тәжірибені қорытындылап, сұрақтар қою арқылы Архимед күшінің формуласын және заңын жазады.Сабақты бекітіп ,үй тапсырмасын беріп,оқушылардың сабақтағы рефлекциясын «Плюс, минус, қызықты» әдісі арқылы анықтайды.

Қорыта айтқанда, жалпы білім беретін мектептерде ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану, компьютерлік бағдарламаларды оқу үдерісіне кеңінен енгізу жас ұрпақтың теориялық білімін арттырып қана қоймай, олардың практикалық және кәсіби үдерістерге тезірек енуіне ықпал етеді. Бұл-еліміздегі заманауи білім берудің бір жетістігі.

Әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының « Білім туралы» Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2000.
2. Еркебаева Г.Ғ.Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттеру, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. – Б.6-9.
3. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2012 жылдарға арналан мемлекеттік бағдарламасы
4. «Физика және астрономия» журналы
5. СЭО оқулық кітапханасы материалдары

ӘОЖ 317.134

МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ГРАФТАР ТЕОРИЯСЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП КОМБИНАТОРИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

Кеңес Г.- 126-38а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Джаманкараева М.А.-ф.-м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены некоторые методы решения комбинаторных задач в школьном курсе математики с использованием теории графов.

Іс жүзінде адамға заттардың өзара орналасуының барлық мүмкін жағдайларын есептеуге немесе қандай да іс-әрекеттің барлық мүмкін нәтижелерін және оны орындауға қажетті барлық мүмкін тәсілдер санын есептеуге тура келеді. Мысалы, әр түрлі 5 кітапты екі оқушыға неше түрлі тәсілмен үлестіріп беруге болады?

Футболдан әлем біріншілігінде жартылай финалға шыққан 4 команда арасында алтын, күміс және қола медальдарын неше түрлі тәсілмен иемделінеді және т.с.с. Бұл есептерде заттардың өзара орналасуының немесе іс-әрекеттің барлық мүмкін комбинациялары қарастырылады. Сондықтан мұндай есептерді комбинаторикалық есептер деп атайды. Ал комбинаторикалық есептерді шешуді үйретететін математика саласын комбинаторика деп атайды. Комбинаторика есептерін шешуде қолданылатын өзіндік заңдылықтар мен формулалар бар [1].

Қосынды ережесі. A жиынының элементтері санын $n(A)$ арқылы белгілейді. Мынадай заңдылық орындалады:

Теорема 1. Кез келген элементтері бар A және B жиындары үшін

$$n(A\cup B)=n(A)+n(B)-n(A\cap B) \qquad (1)$$

теңдігі орындалады.

Дәлелдеуі: $n(A)+n(B)$ - қосындысы A және B жиындарының элементтерін жеке-жеке есептеп қосқанға тең. Сондықтан бұл қосынды құрамына $A\cap B$ қиылысуына енетін элементтер саны екі рет еніп отыр: бір рет $n(A)$ құрамында, ал екінші рет $n(B)$ құрамында (1-сурет). Олай болса.

$$n(A)+n(B)=n(A\cup B)+n(A\cap B)$$

теңдігі орындалады. Осыдан (1) формула шығады.

(1) формуланы математикалық индукция принципі бойынша бірнеше қосылғыштарға жазып шығуға болады. Басқаша айтқанда, кез келген $A_1, A_2, \dots, A_m$ санаулы элементтері бар жиындар үшін

$$\begin{aligned} &n(A_1\cup A_2\cup\dots\cup A_m)=n(A_1)+n(A_2)+\dots+n(A_m)-n(A_1\cap A_2)-\\ &n(A_1\cap A_3)-\dots-n(A_{m-1}\cap A_m)+n(A_1\cap A_2\cap A_3)+n(A_1\cap A_2\cap A_4) \qquad (2)\\ &+\dots+n(A_{m-2}\cap A_{m-1}\cap A_m)-\dots+(-1)^{m-1}n(A_1\cap A_2\cap\dots\cap A_m)\end{aligned}$$

формуласы орындалады.

Бұл формулада жиындардың тақ рет қиылысулары кездесетін қосылғыштар «+» таңбасымен, ал жұп рет кездесетін қосылғыштар «-» таңбасымен алынған.

Егер $m=3$ болса, онда (2) формула былай жазылады:



Сурет1.Элементтер үшін диаграмма.



Сурет2.Оқушылар үшін диаграмма

$$n(A\cup B\cup C)=n(A)+n(B)+n(C)-n(A\cap B)-n(A\cap C)-n(B\cap C)+n(A\cap B\cap C). \quad (3)$$

Мысал 1. Сыныптағы 32 оқушының 14-і мектепте өткен футбол турниріне, 10-ы – баскетбол турниріне және 8-і волейбол ойынынан жарысқа қатысқан. Мұнда 6 оқушы әрі футбол, әрі баскетбол жарысына, 5 оқушы әрі футбол, әрі волейбол жарысына, 4 оқушы әрі баскетбол, әрі волейбол турниріне, ал 3 оқушы барлық үш ойыннан жарысқа қатысқан. Сынып оқушыларының нешеуі осы турнирлердің бірде-біреуіне қатыспаған?

Шешуі. Көрнекілік үшін Эйлер-Венн диаграммаларын қолданайық (2-сурет). А-футболға; В-баскетболға қатысқан оқушылар жиыны; С- қатысқан оқушылар жиыны; U-сыныптағы барлық оқушылар жиыны болсын. Есеп шарты бойынша:

$$n(U)=32,\quad n(A)=14,\quad n(B)=10,\quad n(C)=8,\quad n(A\cap B)=6,$$
$$n(A\cap C)=5,\quad n(B\cap C)=4,\quad n(A\cap B\cap C)=3$$

(3) формула бойынша $n(A\cup B\cup C)=14+10+8-6-5-4+3=20$ сыныптағы оқушылардың жарыстың қандай да бір түріне қатысқандарының санын алдық. Онда сыныпта $n(U)-n(A\cup B\cup C)=32-20=12$ оқушы жарыстың бірде-бір түріне қатыспаған.

Жауабы. 12 оқушы.

Салдар. Егер $A\cap B=\varnothing$ болса, онда $n(A\cup B)=n(A)+n(B)$ теңдігі орындалады.

Дәлелдеу. $A\cap B=\varnothing$ болғандықтан, $n(A\cap B)=0$. Онда (1) формуладан көрсетілген теңдік шығады.

Көбейтінді ережесі. Алдымен мынадай мысал қарастырайық.

Мысал 2. Бірлестіктің директорлары кеңесінің мүшелері арасынан үшеуі кеңес төрағалығына, ал екеуі оның орынбасары қызметіне сайлануға үміткер. Олардың ішінен неше түрлі тәсілдермен төраға мен оның орынбасарын сайлауға болады?

Шешуі. Төрағалыққа үміткерлерді T_1,T_2,T_3 арқылы, ал орынбасарлыққа үміткерлерді O_1,O_2 арқылы белгілейік. Мұнда кез келген төрағалыққа үміткер адам кез келген орынбасарлыққа үміткер адаммен топтасып төраға-орынбасар жұбын құра алады. Оны 1-кестеден көре аламыз:

Кесте 1. Үміткерлерді құру тәсілдері.

T / O	T_1	T_2	T_3
O_1	$(T_1;O_1)$	$(T_2;O_1)$	$(T_3;O_1)$
O_2	$(T_1;O_2)$	$(T_2;O_2)$	$(T_3;O_2)$

Осыдан төраға мен оның орынбасарын $3\cdot 2=6$ түрлі тәсілмен сайлауға

болады [2]. 3-суретте бұл шешім графтың жолмен кескінделген. Осы суретте кескінделген схеманы талдау ағашы деп атайды. Оның басынан бастап кез келген бұтағымен жүріп өтсек, онда белгілі бір төраға-орынбасар жұбын аламыз.



Сурет 3.Үміткерлер графигі.

Осы мысалдан шығатын қорытынды жалпы жағдайға былай тұжырымдалады:

Теорема 2. Кез келген санаулы элементтері бар A және B жиындары үшін барлық $(a;b),(a\in A),(a\in B)$ қос элементтер саны m осы жиындар элементтері сандарының көбейтіндісіне тең:

$$m = n(A)\cdot n(B) \qquad (4)$$

Дәлелдеуі. Айталық, $A=\{a_1,a_2,...a_p\}$, $B=\{b_1,b_2,...b_k\}$ жиындары берілсін $(n(A)=p,\ n(B)=k)$. Онда (4) формуланың орындалатынын көрсету үшін 2-мысалдағыдай 2-кесте құрастырса, жеткілікті:

Кесте 2.Элементтерді таңдап алу тәсілдері.

a / b	a_1	a_2	...	a_p
b_1	$(a_1;b_1)$	$(a_2;b_1)$	…	$(a_p;b_1)$
b_2	$(a_1;b_2)$	$(a_2;b_2)$	…	$(a_p;b_2)$
…	…	…	…	…
b_k	$(a_1;b_k)$	$(a_2;b_k)$	…	$(a_p;b_k)$

Осы кестеден $m=p\cdot k=n(A)\cdot n(B)$ теңдігі орындалатынын көреміз.

Осы сияқты математикалық индукция принципін қолданып, санаулы элементтері бар $A_1,A_2,...,A_k$ жиындары үшін барлық $(a_1;a_2;...;a_k)$, $(a_i\in A_i, i=1,2,...,k)$, элементтер тізбесі саны $m=n(A_1)\cdot n(A_2)\cdot ...\cdot n(A_k)$ формуласымен анықталатынын көрсету қиын емес.

Әдебиеттер

1.Жетпісов Қ. Математикалық логика және дискретті математика.-Алматы: «Дәуір», 2011.
2.Салғараева Г.И. Графтар теориясы. – Алматы, ЖШС «Дәуір», 2013.

ӘОЖ 317.134

МЕКТЕПТЕ АЛГЕБРА ПӘНІНЕН ДӘЛЕЛДЕУГЕ БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕРДІ КЕЙБІР ШЫҒАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Лесбекова Ж.- 126-38а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Джаманкараева М.А.-ф.-м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены пути решения задач на доказательство по алгебре в школьном курсе и способы ее решения. Кроме того, большое значение придается логической части математических задач.

Дәлелдеудің дедуктивтік әдісі тек геометрия теоремаларын дәлелдеуде ғана емес, оның алгебралық материалдар арқылы жүзеге асырылу мүмкіндігі де мол. Алгебра курсында дәлелденетін көптеген сөйлемдер теорема деп атала бермейді. Олардың тұжырымдамаларында теореманың шарты мен қорытындысы айқын көрініп тұрмайды. Дегенмен, мұндай теоремаларды дәлелдеуде пайымдау мен ойқорытулар, жалпы дәлелдеуге қойылатын талаптарды қанағаттандыруы керек.

Алгебра курсындағы кейбір теоремалар формулалар немесе ережелер түрінде беріледі. Алгебра курсында кейбір сөйлемдер қатаң түрде дәлелденетін болса, кейбіреулерінің дұрыстығына мысалдар арқылы көз жеткізеді, ал кейбіреулері дәлелдеусіз алынып, оларға түсінктеме ғана беріледі. Мұндай жағдай, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру мен оқу материалының мазмұнына байланысты болады. Сонда да болса, алгебра курсында дәлелдеуге ерекше назар аударуды қажет етеді.

Алгебра курсындағы дәлелдеулердің құрылымы қарапайым, олар геометриядағыға қарағанда өте қысқа әрі ықшамды да, ыңғайлы және сондықтан да алгебралық материалдар арқылы дедуктивтік ойқорытуды меңгеру, геометриядағы күрделі дедукцияларды жүргізудің алдын ала дайындық жұмысы болып табылады.

Алгебра курсында оқушыларды қарапайым дедуктивтік ойқорытуға үйрету - дәлелдеулер жүргізудің ең басты элементі.

Мысалы, «2,5 және -2,5 сандары $x^2=6,25$ теңдеуінің шешімі болатындығын дәлелдеу керек болсын».

Бұл есепті шығару үшін оқушылар берілген сандарды теңдеудегі белгісіздің орнына қойып, теңдік дұрыс болса, дәлелдеуді орындадық деп есептейді. Ал, шын мәнінде оқушылар дәлелдеудің мағынасын дұрыс түсіну үшін не себепті, қандай негізге сүйеніп дәлелденіп отырғанының ара жігін ашу керек болады.

Бұл қарастырылып отырған мысалдағы дәлелдеудің негіздемесін мынадай сөйлем қалайды: «Егер а саны берілген теңдеуді дұрыс теңдікке айналдырса, онда а саны теңдеудің шешімі болады».

Сонда берілген есепті шығарудың жеткілікті негізі

$(2,5)^2 = 6,25$ және $(-2,5)^2 = 6,25$ теңдіктерінің орындалуы.

Сонымен оқушы былай пайымдайды: «Егер 2,5 және -2,5 сандарын берілген теңдеудегі белгісіздің орнына қойғанда теңдеу дұрыс теңдік болса, онда ол сандар теңдеудің түбірі болады.

$(2,5)^2=6,25$ және $(-2,5)^2=6,25$ дұрыс теңдік болғандықтан, 2,5 және -2,5 сандары $x^2=6,25$ теңдеуінің шешімдері [1].

Алгебраны оқыту барысындағы ең маңызды мәселелердің бірі – теңбе-тең түрлендірулер идеясын игеру болып табылады. Бұл идеяның мәні мынада: бұрын қорытылып шығарылған ережелерді және теориялық негіздемелерді басшылыққа ала отырып берілген өрнекті белгілі бір түрге келтіру нәтижесінде алдымызға қойған мақсат орындалды деген қорытындыға келу.

Қандай да бір теориялық материалдарды оқыту немесе тендеулер мен теңсіздіктерді шешу барысында теңбе-тең түрлендірулер жасай отырып, біз шын мәнінде дәлелдеулер жүргіземіз.

Мысалы, $3(x+1)+ x < 4(2+x)$ теңсіздігін дәлелдеу керек болсын:

$(a<в)\Rightarrow(a-в)<0)$ теоремасының негізінде теңсіздіктің оң жағындағы өрнекті сол жағынын шығарып түрлендірсек:

$$(3x+3+x-8-4x<0)\Rightarrow(-5<0).$$

Сонымен бұл табылған $-5<0$ дұрыс теңсіздігі берілеген теңсіздікті дәлелдеудің жеткілікті негізі болып табылады.

Кез келген тендеулер мен теңсіздектерді шешу теңбе-тең түрлендірусіз мүмкін болмайды. Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу кезінде мәндес түрлендірулер жүргізіп отырылады.

Теориялық, материалдарды оқытудағы дәлелдеудің мысалы ретінде натурал көрсеткішті дәреженің қасиетін алуға болады:

$$a^m \cdot a^n = \underbrace{(a \cdot a \cdot ... \cdot a)}_{m-рет} \cdot \underbrace{(a \cdot a \cdot ... \cdot a)}_{n-рет} = \underbrace{a \cdot a \cdot ... \cdot a}_{m+n-рет} = a^{m+n}$$

Бұл түрлендірулерді орындау барысында дәреженің анықтамасына, көбейтудің қасиеттеріне және соңында тағы бір рет дәреженің қасиетіне сүйендік.

Бұл дәлелдеудің мағынасын ұғынудың нәтижесінде оқушылар бірдей негіздегі дәрежелерді көбейтудің қасиетін саналы біледі, ойқорытулар жасауға да дағдыланады. Ойқорыту тәсілдерін меңгерген оқушы оны басқа дәлелдеулерді жүргізуге пайдалана алады.

Алгебра курсындағы дәлелдеулерде де геометриядағы сияқты қадамдар (силлогизмдер) тізбегі бойынша жүргізіледі Оқушылар алгебралық теоремаларды дәлелдеу мен теңбе-тең түрлендірулер жүргізуде әрбір қадамды негіздей отырып дәлелдеудің логикалық құрлысының барлық жағдайда да бірдей екендігін біледі. [2]

Мысалы, $(а+в)^2 = а^2 + 2ав + в^2$ формуласын дәлелдеуді мынадай түрде жүргізуге болады.

Кесте 1.

Теңбе-тең түрлендірулер	Негіздеме
$(а+в)^2$ =(а+в)(а+в)=	Дәреженің анықтамасы бойынша.
а(а + в) + в(а + в)	Үлестірімділік заңға сәйкес.
$а^2$+ав+ав +$в^2$	Қосуға қатысты үлестірімділік заң бойынша және дәреженің қасиетіне орай.
$а^2$+2ав +$в^2$	Ұқсас мүшелерді біріктіру

Теңбе-теңдіктерді мұндай ретпен дәлелдеу дәлелдеудің алғашқы кездерінде орындалады. Ал кейін дәлелдеудің әрбір қадамын негіздеу ауызша жүргізіледі. Мысалы, төмендегі түрлендіру үдірісінде әрбір қадамның ауызша айтылатын негіздемесі жақшаға алынып жазылған.

$0,2\ а^2вс^3 3ав^2ск=0,6а^3в^3с^4к$ теңбе-теңдігін дәлелдеу керек.

Д ә л е л д е у. $0,2а^2вс^3 3а^2ск$ = (көбейтудің орын ауыстырымдылық заңына сәйкес) = $0,23а^2авв^2с^3ск$ = (терімділік қасиет бойынша)

= $(0,2\cdot 3)(а^2а)\ (ев^2\ )\ (с^3с)$ к = (ондық бөлшектерді көбейту және натурал көрсеткішті дәрежелерді көбейту ережелері негізінде) = $0,6а^3в^3с^4к$.

Теңбе-тендіктің сол жағын түрлендіру нәтижесінде тендіктің оң жағындағы өрнекке тең өрнек алдық. Демек, теңбе-теңдік дұрыс.

Қорытындылай келе, біліктіліктерді қалыптастыру оқушылардың жас ерекшіліктеріне байланысты. Зерттеулер жеткіншек жастағыларда дайын дәлелдеулерді меңгеру, ал жастықтағыларда дәлелдеуді өз бетінше жүргізіге ынталылық басым болатындығы көрсетеді.

Оқушылардың дәлелдеу біліктілігін қалыптастырудың негізгі бағыттары төмендегідей болуы мүмкін.

1. Дәлелдеудің математика курсындағы жаңа білімдерді ашу және оқу материалын меңгерудегі орны мен мәнін оқушыларға көрсету.
2. Ойдың, пікірдің шындығын мақұлдау немесе теріске шығару процесі дәлелдеу екендігін оқушыларға түсіндіру.
3. Индуктивті және дедуктивті әдістерді пайдалануға үйретететін оқушылармен мақсатты жұмыстар жүргізу: кейбір дербес мысалдардан жалпыны табу біліктілігін қалыптастыру; индуктивті қорытындыға оқушылардың сыни көзқарасын тәрбиелеу; индуктивті ой қорытындысынан дедуктивтіні ажырата алу біліктілігін қалыптастыру.
4. Оқушылардың тиянақтан салдар шығарып алу біліктілігін жоспарлы түрде қалыптастыру, оқушылар өздерінің ой қорытындысын логикалық дұрыс безендіру.
5. Дәлеледеу үшін қажетті оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыру және оларды қажет жерінде пайдалана алуға үйрету.
6. Дәлелдеу барысында орындалатын танымдық әрекеттетерді жалпылауға оқушыларды үйрету.

Әдебиеттер

1.А.Садықов / Республикалық олимпиада есептері. «Математика және физика» журналы, №6. Алматы, 2009. – 23 – 24 бет

2.И.Бекбоев, А.Абдиев, Ж.Қайдасов, Г.Хайбарова/ Жалпы білім беретін мектептің 8 – сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2008. - 104 бет

ӘОЖ 317.134

ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУДІҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

Құрбанова Д.- 126-38а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Джаманкараева М.А.-ф.-м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article discusses some methods for solving trigonometric equations in a school algebra course.

Тригонометриялық теңдеулерді шешудің кейбір әдіс-тәсілдерін қарастырайық. Қарастырмас бұрын қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шешу формулаларын еске түсірейік.

Тригонометриялық теңдеулердің түбірлерін табу процесіндегі жалпы, кез-келген теңдеулерді шешкенде сақталатын ережелердің орындалуын қамтамасыз ету қажет. Мысалы, түрлендіру барысында теңдеудің мәндестігінің сақталуын қадағалап, ол теңдеуге енген әрбір функциялардың анықталу облыстарын ескерген жөн [1].

Тригонометриялық теңдеулерді шешу барысында қандай да бір тригонометриялық өрнектерді түрлендіруге және осы түрлендіру кезінде тригонометриялық функциялардың қасиеттері мен теңбе-теңдіктерді қолдануға тура келеді. Осындай түрлендірулердің нәтижесінде берілген теңдеуді мынадай қарапайым теңдеулердің біріне келтіруге тырысу керек. $\sin x = a,\ \cos x = a$, $tgx = a$, $ctgx = a$

Бұл мақалада айнымалысы тригонометриялық функциялар болатын теңдеулерді, яғни тригонометриялық теңдеулерді қарастырамыз.

Қарапайым тригонометриялық теңдеулер

Тригонометриялық теңдеулердің бірнеше түріне мысалдар келтірейік: $\sin x = a \quad (|a| \le 1),\ \cos x = a\ (|a| \le 1),\ tgx = a\ (-\infty < a < \infty),\ ctgx = a\ (-\infty < a < \infty)$ түрінде берілген теңдеулер қарапайым тригонометриялық теңдеулер деп аталады.

Тригонометриялық теңдеулерді шешу формулалары төмендегідей:

$$\sin x = a,\ |a| \le 1; \qquad x = (-1)^n \arcsin a + \pi n,\ n \in Z$$

$$\cos x = a,\ |a| \le 1; \qquad x = \pm \arccos a + 2\pi n,\ n \in Z;$$

$$tgx = a,\ (-\infty < a < \infty); \qquad x = arctga + \pi n,\ n \in Z;$$

$$ctgx = a,\ (-\infty < a < \infty); \qquad x = arcctga + \pi n,\ n \in Z;$$

Дербес жағдайларда, яғни $a = 0,\ a = 1, a = -1$ болғанда қарапайым тригонометриялық теңдеулердің шешімдері төмендегідей болады:

$\sin x = 1; \qquad x = \frac{\pi}{2} + 2\pi n, \ \ n \in Z;$

$\sin x = -1; \qquad x = -\frac{\pi}{2} + 2\pi n, \ \ n \in Z;$

$\cos x = 0; \qquad x = \frac{\pi}{2} + \pi n, \quad n \in Z;$

$\cos x = 1; \qquad x = 2\pi n, \quad n \in Z;$

$\cos x = -1; \qquad x = \pi + 2\pi n, \quad n \in Z;$

түріндегі теңдеулер де қарапайым теңдеулерге жатады. Бұларды да жоғарыдағы формулалармен шешуге болады [3].

1-мысал: $\cos x = 1/2$ теңдеуін шешейік.

$$x = \arccos\frac{1}{2} + 2\pi n, \ \ n \in Z$$

$\arccos\frac{1}{2} = \frac{\pi}{3}$ болғандықтан,мынадай жауап шығады:

$$x = \arccos(1/2) + 2\pi n, \ \ n \in Z$$

2-мысал. $\cos x = -0.2756$ теңдеуінің шешімін табайық.

$$x = \pm\arccos(-0{,}2756) + 2\pi n, \ \ n \in Z$$

$\arccos(-0{,}2756)$ мәнін калькуляторды пайдаланып табамыз; ол жуықтап алғанда 1,8500-ге тең. Сөйтіп,

$$x = \pm x_0 + 2\pi n, \ \ n \in Z \text{ мұндағы } \ x_0 \approx 1.8500$$

3-мысал. $\cos(2x - \frac{\pi}{4}) = -\frac{\sqrt{3}}{2}$ теңдеуінің шешімін анықтайық.

$$2x - \frac{\pi}{4} = \pm\arccos(-\frac{\sqrt{3}}{2}) + 2\pi n, \quad n \in Z$$

$$2x - \frac{\pi}{4} = \pm\frac{5\pi}{6} + 2\pi n, \quad n \in Z \text{ , бұдан } \quad x = \frac{\pi}{8} \pm \frac{5\pi}{12} + \pi n, \quad n \in Z$$

4-мысал. $\sin x = \frac{\sqrt{2}}{2}$ теңдеуінің шешімін табайық.

$$x = (-1)^k \arcsin\frac{\sqrt{2}}{2} + \pi n, \ k \in z$$

яғни $\quad x = (-1)^k \frac{\pi}{4} + \pi n, k \in z$

5-мысал. $sinx = 0{,}3714$ теңдеуін шешейік.

$$x = (-1)^k \arcsin 0.3714 + \pi n, \ \ k \in z$$

Калькулятордың көмегімен $\arcsin 0.3714 \approx 0.3805$ екенін анықтаймыз

Тригонометриялық теңдеулерді шешудің әдістері жәй теңдеулерді шешудің әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы анықталады.

Егер теңдеу $f(x)=0$ түрінде берілсе, онда ол теңдеудің сол жақ бөлігі көбейткіштерге жіктеледі де, әрбір көбейткіш нөлге теңестіріледі. Алынған теңдеулердің түбірлері негізгі теңдеудің түбірлері болады (анықталу облысына енетін болса). Барлық алынған түбірлер біріктіріледі.

1- мысал: $2\cos x\cdot\cos 2x=\cos x$ теңдеуін қарастырайық.

Шешуі: Көбейткіштерге жіктейік $\cos x\cdot(2\cos 2x-1)=0$.

Бұл теңдеу келесі екі теңдеулер жиынтығына теңбе-тең $\cos x=0$ және $2\cos 2x-1=0$. Бұл теңдеулердің сәйкес шешімдері $x=\frac{\pi}{2}+\pi m$, $n\in Z$ және $2x=\pm\frac{\pi}{3}+2\pi k$, $x=\pm\frac{\pi}{6}+\pi k$, $k\in Z$.

Жауабы: $x=\frac{\pi}{2}+\pi m$, $n\in Z$ және $x=\pm\frac{\pi}{6}+\pi k$, $k\in Z$.

2- мысал: $\sin 7x-\cos 4x=\sin x$ теңдеуін қарастырайық.

Шешуі: Берілген теңдеуді мына түрге жазайық:

$(\sin 7x-\sin x)-\cos 4x=0$. $(\sin\alpha-\sin\beta)=2\sin\frac{\alpha-\beta}{2}\cos\frac{\alpha+\beta}{2})$ формуласын қолдана отырып, теңдеуді былай түрлендіруге болады $2\sin 3x\cos 4x-\cos 4x=0$. Осыдан ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарсақ $\cos 4x(2\sin 3x-1)=0$. Соңғы теңдеу екі теңдеуге жіктеледі

а) $\cos 4x=0$ б) $2\sin 3x-1=0$

$x_1=\frac{\pi}{8}+\frac{\pi}{4}n$, $n\in Z$. $x_2=(-1)^m\frac{\pi}{18}+\frac{\pi}{3}m$, $m\in Z$.

Барлық екі түбірлері бастапқы теңдеудің түбірлері болады.

3- мысал: $\cos^3 x+\sin^3 x=\cos 2x$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі: Теңдеудің оң жағын сол жағына көшіріп, қос бұрыштың косинусының формуласын пайдаланып түрлендіреміз.

$\cos^3 x+\sin^3 x-(\cos^2 x-\sin^2 x)=0$. Кубтардың қосындысының, квадраттардвң айырмасының формулаларын қолданып көбейткіштерге жіктейміз [4].

$(\cos x+\sin x)(\cos^2 x-\sin x\cdot\cos x+\sin^2 x)-(\cos x-\sin x)(\cos x+\sin x)=0.$

$(\cos x+\sin x)(\cos^2 x-\sin x\cdot\cos x+\sin^2 x-\cos x+\sin x)=0.$

Енді көбейткішті көбейтіндіге түрлендіреміз

$1-\cos x\sin x-\cos x+\sin x=1-\cos x+\sin x\cdot(1-\cos x)=(1-\cos x)(1+\sin x).$

Бұдан теңдік мына түрге келеді

$(\cos x+\sin x)(1-\cos x)(1+\sin x)=0.$ Бұл теңдеу мына үш теңдеумен мәндес болады.

Әдебиеттер

1. А.Е.Абылқасымова. Математикадан есептер жинағы. Алматы: Қазақ университеті, 1991. 51б.
2. А.Н.Колмогоров және т.б. Алгебра және анализ бастамалары. Алматы, 1994. 31-36б.
3. Баймұханов Б.Б. Математика есептерін шығаруға үйрету. Алматы, 1983.

ӘӨЖ53(075.8)

МАТЕМАТИКАНЫ ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУДА 8-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН, БҮТІН САНДАРДЫҢ БӨЛІНГІШТІК ТЕОРИЯСЫН ҚОЛДАНЫП ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Нәзірқұл Б.Б-109-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші:Ниязымбетов А.Д.- Ф-м.ғ.к.,доцент
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,Шымкент.

Резюме

Развитие математических способностей учащихся 8-9 классов при углубленном изучении математики путем решения задач по теории делимости целых чисел

Кез келген N натурал санының m натурал санға бөлінуінің қажетті және жеткілікті шартын сипаттайтын ереже N-нің m-ге бөліну белгісі делінеді.Ол белгі g жүйеде жазылған кез келген натурал санның цифрлары арқылы, сол санның берілген m санға бөлінетіндігін немесе бөлінбейтіндігін ажыратуға мүмкіндік береді. Француз Блез Паскаль натурал сандардың бөлінгіштігінің жалпы белгісін тұжырымдаған.

Паскаль белгісі. g санау жүйесінде жазылған $N= a_n g^n + a_{n-1} g^{n-1} +\ldots+ +a_1 g + a_0$ натурал саны m натурал санына бөліну үшін $Q=a_n r_n + +a_{n-1} r_{n-1} +\ldots+ a_1 r_1 + a_0$ натурал саны m-ге бөлінуі қажетті және жеткілікті. Мұндағы r_i саны g^i санын m-ге бөлгендегі қалдық.

Енді кейбір сандардың бөлінгіштік белгілерін келтірелік.

2-ге бөлінгіштік белгі. Егер санның соңғы цифры нөл немесе 2,4,6,8 болса, онда бұл сан 2-ге қалдықсыз бөлінеді. Мысалы: 24, 654, 326, 320.
Соңғы цифрлары 0,2,4,6,8 болған сандар жұп сандар деген тұжырымға келеміз.

2) 4-ке бөлінгіштік белгі. Егер санның соңғы екі цифры да нөл болса немесе осы соңғы екі цифрдан құралған екі таңбалы сан 4-ке бөлінсе, онда бұл сан 4-ке қалдықсыз бөлінеді. Мысалы: 648:4; 123456:4; 8700:4. Себебі 48 , 56, 100 сандары 4 ке қалдықсыз бөлінеді.

3) 5-ке бөлінгіштік белгі. Егер сан 0 немесе 5 цифрымен аяқталса, онда бұл сан 5-ке қалдықсыз бөлінеді. Мысалы: 125; 5; 130; 565; 166605; сандары 5-ке қалдықсыз бөлінеді.Себебі соңғы цифрлары 0 немесе 5 цифрымен аяқталған.

4) 3 пен 9-ға бөлінгіштік белгі. Егер санның құрамындағы цифрлардың қосындысы 3-ке (9-ға) бөлінсе, онда бұл сан 3-ке (9-ға) қалдықсыз бөлінеді.

1-мысал. 147 санының 3-ке бөлінетін, бөлінбейтінін білу үшін, ол санның цифрларының қосындысын табамыз: 1+4+7=12, 12:3=4 , олай болса 147 саны 3-ке қалдықсыз бөлінеді яғни 147:3=49 болады.

2-мысал 384 санының 3-ке бөлінгіштігін анықтау

$$384 = 3\cdot 100 + 8\cdot 10 + 4 = 3(99+1) + 8\cdot(9+1) + 4 = 3\cdot 99 + 8\cdot 9 + (3+8+4).$$

Әрбір қосылғыш 3 ке бөлінеді екен. Олай болса берілген 384 саныда 3 ке қалдықсыз бөлінеді екен.

3-мысал 783 санының 9-ға бөлінгіштігін анықтау

$783 = 7 \cdot 100 + 8 \cdot 10 + 3 = 7 \cdot (99+1) + 8 \cdot (9+1) + 3 = 7 \cdot 99 + 8 \cdot 9 + (7+8+3)$ Әрбір қосылғыш 9 ға бөлінеді екен. Олай болса берілген 783 саныда 9 ға қалдықсыз бөлінеді екен. $783 : 9 = 87$

783 саны 9-ға бөліне ме? Санның цифрларының қосындысы 7+8+3=18. 18 саны 9-ға бөлінеді. Демек $783 \vdots 9$.

4-мысал. 97 санының оң және сол жағына қандай цифрды тіркегенде, ол 27-ге қалдықсыз бөлінеді?

Шешу: 27 саны 3-ке және 9-ға бөлінеді. Берілген 97 санының цифрларының қосындысы 16 болғандықтан, оның 3-ке және 9-ға бөлінуі үшін қосынды 18, 27, 36, ... болуы мүмкін. Сондықтан 1 цифрын алуға болады, яғни 1971 саны 27-ге қалдықсыз бөлінеді. Кейінгі қосынды 27 (36)болуы үшін алдыңғы қосынды 16-ға 11-ді (20-ны) қосу керек. Олар екі таңбалы сан болғандықтан, есептің шартына сәйкес келмейді.

Сонымен, $a = 1$, ізделінді сан - 1971.

Жауабы: 1 цифры.

5-мысал. Олимпиада ойындарында тек аңдар! Тасбақаларды есептейміз.

Рептилияның командасында тек тасбақа болды. Тасбақалар саны 50-ден көп , бірақ 100-ден аз.Олимпиада ойындарының ашылу салтанатында бұл команданы 2, 3 немесе 4 тен құралған жануарлар қатарына орналастыруға мүмкін болмады, өйткені бір жануар соңғы қатарда әрқашан жетпеді.

Сондықтан әр қатарда 5 жануардан тұратын тасбақа командасын құруға тура келді.Рептилия командасында қанша тасбақа болды?

Шешу:

Егер тасбақалар саны 1-ге ұлғайтылса, ол 2, 3, 4-ке бөлінеді. Осы сандардың ең кіші ортақ еселігі 12. Есеп шартына сәйкес тасбақалар саны 50-ден көп және 100-ден аз болуы үшін: олардың саны 60, 72, 84 және 96-дан аспайды.Тасбақалар саны көрсетілген сандардан 1-ге аз болуы және 5-ке бөлінуі тиіс.Сондықтан қатардағы 96 саны ғана жарамды, себебі: $96 - 1 = 95$ және ол 5-ке қалдықсыз бөлінеді.Сонымен, рептилия командасында 95 тасбақа бар екен.

Салдар. 6-ға бөлінгіштік белгі. 3-ке бөлінетін жұп сандар 6-ға қалдықсыз бөлінеді. Мысалы: 132:6; 1320:6

5) 11-ге бөлінгіштік белгі. Егер санның құрамындағы тақ орындағы цифрларының қосындысы мен оның жұп орындарындағы цифрларының қосындысының айырмасы нөлге тең немесе 11-ге бөлінетін болса, онда бұл сан 11-ге қалдықсыз бөлінеді.

6-мысал. 1) 7896 және 2) 208912 сандарының 11 ге бөлінетіндігін тексеріңдер.

1) $(7+9) - (8+6) = 16 - 14 = 2$. Нәтижедегі 2 саны 11 ге бөлінбейді, берілген 7896 сан2да 11 ге бөлінбейді.

2) $(2+8+1) - (0+9+2) = 0$, демек, берілген сан 11 ге бөлінеді: $208912 : 11 = 18992$.

6) **25 ке бөлінгіштік белгі:** Егер санның соңғы екі цифры да нөл болса немесе осы соңғы екі цифрлардан құралған екі таңбалы сан 25-ке бөлінсе, онда бұл сан 25-ке қалдықсыз бөлінеді. Мысалы, 500; 8500; сандары 25 ке қалдықсыз бөлінеді.

7) **7-ге бөлінгіштік белгілер (үш түрлі бөлінгіштік белгісін қарастырамыз) :**

a) берілген санның соңғы цифрын сызып тастағандағы пайда болған саннан, берілген санның соңғы цифрын екі еселегендегі көбейтіндіні азайтқандағы сан 7-ге бөлінсе, берілген санда 7 ге бөлінеді:

7-мысал. 259 саны 7-ге бөлінеді, себебі $25-(2\cdot 9)=7$ болады. Ал бұл айырма 7 ге бөлінеді.

b) 7 -ге бөлінгіштіктің тағы да бір белгісін $7\cdot 11\cdot 13=1001$ көбейтіндісінен пайдалану арқылы келтіріп шығаруға болады. Бөлінгіш сан төрт таңбалы сан немесе одан жоғары таңбалы сан болса ғана осы белгіні пайдалануға болады. Мұнда 1001 санының сиқырынан пайдаланылады. Кез келген үш таңбалы санды 1001 санына көбейтсек, сол үш таңбалы санды екі рет жазып (алты таңбалы сан түрінде) қоя салуға болады. Мысалы 859·1001=859·7·11·13= 859859; 658·1001=658·7·11·13 =658658.

1001 санының осындай сиқырынан пайдаланып 7-ге бөлінгіштік белгісін келтіріп шығаруға болады.Соған мысал келтіреміз.

8-мысал Мысалы, 859 516 санының 7-ге бөлінетінін 1001 санының сиқырынан пайдаланып тексерейік. Берілген 859516 санын мынадай түрлендірейік: 859·1001=859·7·11·13= 859859; екендігінен пайдалансақ 859516=859·1001-859+516=859859-343 түрінде жазуға болады. Соңғы теңдікте азайғыш 1001 ге (сәйкесінше, 7-ге де) бөлінеді, азайтқыш 343 тың 7-ге бөлінетінін тексеру жеткілікті. 343 = 49·7 , демек 859516 санының өзі де 7-ге бөлінеді.

c) Егер санның құрамындағы тақ орындағы цифрларының қосындысы мен оның жұп орындарындағы цифрларының қосындысының айырмасы нөлге тең немесе 7-ге бөлінетін болса, онда бұл сан 7-ге қалдықсыз бөлінеді.

9-мысал. 1) 85314507229 және 2) 363862625 сандарының 7 ге бөлінетінін тексерейік.

Шешу. 1) берілген санның соңынан үш-үштен шартты түрде бөліктерге бөлеміз. Бірінші және үшінді үштіктен, екінші және төртінші үштіктерден екі қосынды құрастырамыз: 85 + 507 = 592 және 314 + 229 = 543. Олардың айырмасын табамыз $592-543=49=7\cdot 7$ бұл айырма 7 ге бөлінеді екен. Олай болса берілген санда 7 ге бөлінеді екен.

2) жоғарыдағыдай үштіктерден пайдалансақ , айырма

625-862+363=126 ға тең болады, а) белгісіне сәйкес, $12 - (2 \cdot 6) = 0$ болса 7-ге бөлінеді, сондықтан 363862625 саны да 7-ге бөлінеді.

Әдебиеттер

1. Ә.Н. Шыныбеков Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. 2-басылым. Алматы 2010 Атамұра, 2014 – 270б.
2. Б.М. Оразбаев Сандар теориясы Алматы: 1970. 390б
3. Фарков А.В Математические олимпиады 5-11 классы. Методика подготовки и проведения – М. : 2018,-200 с
4. Оразбаев Б.М. Сандар теориясы.Педагогтық институттарға арналған оқулық. «МЕКТЕП » БАСПАСЫ. Алматы-1970.

ӘӨЖ53(075.8)

БІРТЕКТІ СЫЗЫҚТЫ ЖҮЙЕНІ ТҰРАҚТЫ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІМЕН КАНОНДЫҚ ТҮРГЕ ӘКЕЛУ

Бахтыбай Ә.Б -126-28 тобының студенті
Ғылыми жетекші:Ниязымбетов А.Д.- Ф-м.ғ.к.,доцент
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,Шымкент.

Резюме

Канонизация однородной линейной системы с постоянными коэффициентами

Дифференциалдық теңдеу деп тәуелсіз айнымалы x-пен қарастырылатын $y = y(x)$ функциясын және оның туындыларын жалғастыратын теңдеуді айтады. Егер теңдеудегі тәуелсіз айнымалы біреу болған жағдайда, онда теңдеуді *жай дифференциалдық теңдеу* деп атайды. Егер де тәуелсіз айнымалы саны екеу немесе одан көп болса, теңдеуді *дербес туындылы дифференциалдық теңдеу* деп атайды.

Дифференциалдық теңдеудің реті деп теңдеудегі туындының ең жоғарғы реті айтылады. Жалпы жағдайда n-ретті дифференциалдық теңдеу төмендегідей көрсетіледі:

$$F(x, y(x), \ldots, y^{(n)}(x)) = 0. \qquad (1)$$

Егер толық функциялар (a,b) аралығында $f_k(x) \equiv 0$ болса, демек (1) жүйе *біртекті* деп қарастырылады. Бізге біртекті жүйе берілсін:

$$\frac{dy_k}{dx} = \sum_{l=1}^{n} a_{lk}\, y_l \quad (k = 1, 2, \ \ldots \ , \ n),$$

Мұндағы a_{lk} – заттық сандар. Бұл жүйе матрицалық теңдеуге мәндес

$$\frac{dY}{dx} = YA,$$

(2)

сонымен бірге

$$\mathrm{Y} = \begin{Vmatrix} y_{11} & y_{12} & \cdots & y_{1n} \\ y_{21} & y_{22} & \cdots & y_{2n} \\ \cdot & \cdot & \cdot & \cdot \\ y_{n1} & y_{n2} & \cdots & y_{nn} \end{Vmatrix}, \quad \mathrm{A} = \begin{Vmatrix} a_{11} & a_{12} & \ldots & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & \ldots & a_{2n} \\ \cdot & \cdot & \cdot & \cdot \\ a_{n1} & a_{n2} & \ldots & a_{nn} \end{Vmatrix}.$$

(1) теңдеудің интегралды матрицасы

$$Y_1 = e^{Ax}$$

(3)

түрге ие болады.

Енді осы жүйеге біз төмендегідей алмастыру жасайық:

$$Y = ZS \qquad (D(S) \neq 0)$$

(4)

ол (2) теңдеуді мына түрге алып келеді

$$\frac{dZ}{dx} = ZB,$$

мұндағы $B = SAS^{-1}$. S матрицасын, B-ның канондық түрі болатындай таңдап аламыз

$$B = \left[I_{\rho 1}(\lambda_1), I_{\rho 2}(\lambda_2), \dots, I_{\rho s}(\lambda_s)\right],$$

сондықтан

$$A = S^{-1}\left[I_{\rho 1}(\lambda_1), I_{\rho 2}(\lambda_2), \dots, I_{\rho s}(\lambda_s)\right]S.$$

Онда (4) алмастыру (2) теңдеуді мына түрге алып келеді

$$\frac{dZ}{dx} = Z\left[I_{\rho 1}(\lambda_1), I_{\rho 2}(\lambda_2), \dots, I_{\rho s}(\lambda_s)\right].$$

(5)

Алынған (5) теңдеу (2) теңдеуге лайықты, канондық түрдің теңдеуі деп аталады. (2) теңдеудің интегралды матрицасы үшін алуға болады:

$$Z = e^{\left[I_{\rho 1}(\lambda_1), I_{\rho 2}(\lambda_2), \dots, I_{\rho s}(\lambda_s)\right]x,}$$

немесе

$$Z = \left[e^{I_{\rho 1}(\lambda_1)x}, e^{I_{\rho 2}(\lambda_2)x}, \dots, e^{I_{\rho s}(\lambda_s)x}\right].$$

Бұл Z мағынасын (1) формулаға қойып, теңдеудің интегралды матрицасын аламыз немесе жүйенің шешімінің фундаментальді жүйесінің түрі тәрізді

$$Y = \left[e^{I_{\rho 1}(\lambda_1)x}, e^{I_{\rho 2}(\lambda_2)x}, \dots, e^{I_{\rho s}(\lambda_s)x}\right]S,$$

яғни тағы да түрде.

Дифференциалдық теңдеулердің жүйесі, (4) матрицалық теңдеуге лайықты, *жүйенің канондық түрі* деп аталады.

(4) матрицалық теңдеуден оған сәйкес дифференциалдық теңдеулер жүйесіне көшейік. Ол үшін еске түсірейік, біз жүйеден матрицалық теңдеуге өткенде, матрицаны жүйенің коэфициенттерімен транспонерлегенбіз. Сондықтан (2) матрицалық теңдеуден сәйкес жүйеге өткенде біз, $\left[I_{\rho 1}(\lambda_1), I_{\rho 2}(\lambda_2), \dots, I_{\rho s}(\lambda_s)\right]$ матрицасын транспонерлеуіміз керек. Егер тағы осы матрицаның құрылымына назар аударсақ, сенуге қиын емес, біз n теңдеуінің біртекті сызықты жүйесін аламыз, және де ол s группаға бөлінеді, яғни А матрицасында әртүрлі қанша қарапайым бөлгіштер болса, сонша топ болады. Әр топта орналасқан теңдеулердің сандары, осы топқа сәйкес, қарапайым бөлгіштердің дәрежесіне тең. Әр топта теңдеулердің диагональді коэфициенттері, сәйкес сипаттамалық

сандарына тең, үстіңгі диагоналға қатарлас тұрған коэфициенттер бірге тең, ал қалған коэфициенттер нөлге тең.

Сонымен,жүйенің канондық түрі былай болады:

$$\left.\begin{aligned}
&\frac{dz_1}{dx} = \lambda_1 z_1 + z_2,\\
&\frac{dz_2}{dx} = \lambda_1 z_2 + z_3,\\
&\cdots\cdots\cdots\\
&\frac{dz_{\rho_1-1}}{dx} = \lambda_1 z_{\rho_1-1} + z_{\rho_1},\\
&\frac{dz_{\rho_1}}{dx} = \lambda_1 z_{\rho_1},\\
&\frac{dz_{\rho_1+1}}{dx} = \lambda_2 z_{\rho_1+1} + z_{\rho_1+2},\\
&\frac{dz_{\rho_1+2}}{dx} = \lambda_2 z_{\rho_1+2} + z_{\rho_1+3},\\
&\cdots\cdots\cdots\\
&\frac{dz_{\rho_1+\rho_2-1}}{dz} = \lambda_2 z_{\rho_1+\rho_2-1} + z_{\rho_1+\rho_2},\\
&\frac{dz_{\rho_1+\rho_2}}{dx} = \lambda_2 z_{\rho_1+\rho_2},\\
&\cdots\cdots\cdots\\
&\frac{dz_{n-\rho_s+1}}{dx} = \lambda_s z_{n-\rho_s+1} + z_{n-\rho_s+2},\\
&\frac{dz_{n-\rho_s+2}}{dx} = \lambda_s z_{n-\rho_s+2} + z_{n-\rho_s+3},\\
&\cdots\cdots\cdots\\
&\frac{dz_{n-1}}{dx} = \lambda_s z_{n-1} + z_n.\\
&\frac{dz_n}{dx} = \lambda_s z_n.
\end{aligned}\right\} \qquad (5)$$

Егер,дербес жағдайда, (4) жүйенің барлық сипаттамалық сандары әртүрлі немесе араларында еселік бар болса, бірақ барлық қарапайым бөлгіштер жай, соған сәйкес (3) канондық матрицалық теңдеу мына түрге келеді

$$\frac{dZ}{dx} = Z[\lambda_1 \lambda_2, \dots, \lambda_n],$$

сәйкесінше, (4) жүйе таза диагональді канондық түрге өзгертілуі мүмкін.

$$\left.\begin{aligned} \frac{dz_1}{dx} &= \lambda_1 z_1, \\ \frac{dz_2}{dx} &= \lambda_2 z_2, \\ &\cdots\cdots \\ \frac{dz_n}{dx} &= \lambda_n z_n, \end{aligned}\right\} \qquad (6)$$

$\lambda_1, \lambda_2, \ldots, \lambda_n$ сандарының арасында бірдейлері де болуы мүмкін.

Ақырында, біз (1) әртүрлі біртекті сызықты жүйені (5) немесе (6) канондық түрге әкелуге болатынын дәлелдедік, яғни таза диагональдық түрге немесе квазидиагональдық түрге, матрицаның барлық қарапайым бөлгіштері жай немесе олардың арасында еселік болуына байланысты.

Дифференциалдық теңдеулер теориясы-математикалық анализдің аса маңызды сонымен бірге жаратылыстану ғылымдары (физика, астрономия, механика т. б.) және техниканың қиындықтарын шешуде орасан зор орын алатын бөлімі болып табылады. *Дифференциалдық теңдеу белгілі бір айнымалының екінші бір айнымалыға тәуелділік заңын береді.* Осы теңдеулердегі белгісіздер бір шама және екі, үш және одан да көп шамалардың функциялары болып табылады. Механикада орын ауыстырушы дененің орын ауыстыру жүйесін білу, гидродинамикада, ағатын сұйық зат жылдамдығының оның барлық массасына ауысу заңын, басқаша айтқанда жылдамдықтың сұйық зат нүктелері мен уақытқа тәуелді екендігін табу, физикада электр мен магнетизм өрісінің кернеуін барлық жүйеде табу бізде басты қиындық болып есептелінеді, себебі техникалық қиындықтардың біраз бөлігінің шешілуі дәл осы қиындықтарға келіп тоқталады. Мысалы, сүңгуір қайықтың судың төменгі бөлігінде, кемелердің, теңіз беттерінде жүзіп жүруі, снарядтардың, самолеттердің әуеде ұшуы қатты денелердің сұйық заттың ішкі бөлігіндегі қозғалысына мысал ретінде ала аламыз. Бұл заттардың ішкі құрылыстары және жобаланулары математикалық әдісті, басқаша айтқанда дифференциалдық теңдеулер теориясын пайдалануды міндетті деп санайды.

Әдебиеттер

1 Мәукеев Б.И. Дифференциалдық теңдеулерді шешу. А.: Мектеп,1989. – 232б.

2 Мәукеев Б.И. Дифференциалдық теңдеулерді шешу әдістері / Б Мәукеев. – Алматы : Мектеп,1989. – 50 б.

3 Кадикенов Б.М. Дифференциалдық теңдеулердің есептері мен жаттығулары. Алматы. “Қазақ университеті”. 2002.

4 Тілеубердиев Б. Дифференциалдық теңдеулер. Шымкент. 2004

ӘОЖ

ГРАФИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ ШЫҒАРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Әбдуахас Жансая Сейітқасымқызы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: Бердалиев Д.Т
Шымкент., Қазақстан

Түйін

Физиканы графиктермен жұмыс істеуге үйрету кезінде көп көңіл бөлінеді, өйткені ақпаратты ұсынудың графикалық әдісі өте көрнекі және мазмұнды. Ақпаратты ұсынудың әртүрлі тәсілдерін меңгеру кез-келген заманауи мамандықтың маңызды сипаттамасы болып табылады.

Соңғы екі онжылдықта орта білім беру мекемелерінде оқыту мемлекеттік білім беру ұйымының ұсынымдары бойынша жүзеге асырылады. Онда білім беру нәтижесі ұғымы енгізілген.

Білім беру нәтижесі-бұл әмбебап оқу әрекеттерін (жеке, Мета-пәндік және пәндік нәтижелер) игеру негізінде тұлғаның дамуы.

Білім беру нәтижелері мынадай функцияларды орындайды:

- білім беру процесінің нормативтік базасы;
- оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік жиынтықтарды (ОӘК) әзірлеу үшін негізгі бағдар, демек, оқу пәнінің немесе білім беру саласының мазмұны;
- оқушыларды қорытынды аттестаттау негіздері;
- педагогтарды аттестаттау және білім беру мекемесін аккредиттеу негіздері.

Білім беру нәтижелерін қалыптастыруға қойылатын жалпы талаптар: бірегейлік, нақтылық, толықтық, диагностика, ашықтық. Сонымен қатар, білім беру нәтижелері педагогикалық құралдармен өлшенуі керек.

Жалпы білім берудің федералды мемлекеттік білім беру стандарттарындағы білім беру нәтижелері үш негізгі топтан (блоктардан) тұрады:

а) құндылық бағдарларын, дүниетанымдық көзқарастарды, қатынастарды, жеке қасиеттерді қамтитын жеке нәтижелер, көбінесе жеке тұлғаның бағытын анықтайды;

б) оқушының оқу іс-әрекетінің аспаптық негізін құрайтын әмбебап оқу іс-әрекеттерін (танымдық, реттеушілік, коммуникативтік) біріктіретін метапәндік нәтижелер;

в) нақты пәннің, пәннің оқу мазмұнын іс-әрекеттік нысанда меңгеру ерекшелігін көрсететін пәндік нәтижелер (пәндік дағдылардың басым болуы, оқушы іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінің үйлесуі).

Тек бірге жұмыс істей отырып, үнемі өзара әрекеттестік пен қызығушылықта,заманауи мұғалім мен заманауи оқушы оқу соңында қазіргі қоғамдағы өмір үшін қажетті нәтижелерге қол жеткізе алатыны белгілі болды.

Физиканы оқытуда әртүрлі әдістер қолданылады, соның арқасында оқушылар оқу материалын игереді. Есептерді шешу және физиканы оқытудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Есептердің көмегімен белгілі бір пәндер

мен процестер туралы білім хабарланады, проблемалық жағдайлардың шешімдері жасалады және шешіледі, практикалық және ақыл-ой дағдылары қалыптасады, ғылым мен техника тарихынан білім хабарланады.

Физика бес бөлімге бөлінеді: механика, молекулалық физика, электр және магнетизм, оптика, атом және ядролық физика.

Олардың әрқайсысы өз есептерінің түрлерімен сипатталады, олардың әдістері мен шешімдері тән. Физика есептері мектеп физика курсының тиісті бөлімдерінің заңдарын, теоремаларын, формулаларын қолдану үшін қажет. С.Е. Каменецкий мен В. П. Ореховтың түсіндірмесіне сәйкес, "физикалық есеп – бұл кішігірім мәселе, ол жалпы жағдайда логикалық тұжырымдар, математикалық әрекеттер және физика заңдарына негізделген эксперимент арқылы шешіледі" .

Мазмұны бойынша физикалық есептер физикалық материалға байланысты механика, молекулалық физика, Электродинамика және кванттық физика есептеріне бөлінеді. Бірақ физиканың әртүрлі бөлімдеріндегі мәліметтерді қолданатын міндеттер бар, олар біріктірілген немесе күрделі деп аталады.

Мазмұны жағынан ерекшеленеді, сонымен қатар тапсырмалар дерексіз және нақты. Абстрактілі тапсырма құбылыстардың ең мұқият физикалық мәнін ашады. Оқушылар үшін нақты тапсырмалар оңайырақ, өйткені нақты сандар тапсырманы әлі абстракциялауды үйренбеген баланың даму деңгейіне жақындатады. Мазмұнына қарай міндеттер тарихи мазмұнды қамтитын политехникалық, тарихи болуы мүмкін .

Сонымен, *графикалық есептерді шешу* оқушының ойлауының барлық операцияларын дамытады: Талдау, синтез, абстракция, жалпылау, нақтылау. Графикалық түрдегі ақпаратпен жұмыс істей білу, әртүрлі тікелей және кері графикалық мәселелерді шешу арқылы оқушылардың дерексіз және логикалық ойлауының даму деңгейіне баға беруге болады. Пәнді оқудың басында студенттер математикадан алынған графиктер туралы кейбір түсініктерге ие, бірақ білімді физика саласына әрең жеткізеді. Бұл жағдайдың себептерінің бірі оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Математикалық айнымалыларды физикалық шамаларға ауыстыру операциясының өзі де оңай емес.

Мектептен шығу үшін оқушылар ақпаратты графикалық түрде және "графиканы оқи" білуі керек. Тағы да, ақпаратты жинақтау ақпаратты ашудың кері процесіне қарағанда оңайырақ-графикалық тәуелділікті құрудан гөрі" графикті оқу " қиынырақ болады. Тегінде, вдуматься егер бұл әсер болса, болады әрине, бұл жағдай естественна. Ақпаратты жинағанда, біз оны қайта кодтаймыз немесе өзгертеміз, маңызды нәрсені бөліп аламыз, жоғалтамыз, бірақ толық ақпараттың бастапқы көзі бар.

Біз ақпаратты ашқанда, аяқтау операциясын орындаймыз. Оның үстіне, біз құрылысын аяқтау емес, тіпті болған жоқ есте түпнұсқалық көрсеткіштерінің бар болуы. Әдеби шығармалармен қалай болады, оқырман жазушының білдіргісі келетін нәрсені оқыған кезде. Сондықтан, "графиктерді оқуға", яғни графикалық

тәуелділікті талдай отырып, ақпараттың үлкен көлемін алуға үлкен көңіл бөлінеді.

Оқушылар мәліметтерді оқу бойынша қарапайым операциялардан басқа үйренеді:

- тәуелділіктің физикалық мағынасын, графиктің "ерекше" нүктелерін түсіндіру;
- тәуелділіктерді салыстыру операциясын жүргізу (олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары), шамалардың физикалық мағынасын түсіндіру;
- тәуелділіктің математикалық түсіндірмесін беру, график бойынша тұрақты коэффициенттерді есептеу;
- график бойынша ауданның физикалық мағынасын анықтау.

Әдебиеттер

1. Алгоритм решения задач по кинематике [Электронный ресурс], - http:// kiseral.edurm.ru - статья в интернете. (Дата обращения: 14.02.2019).
2. Алгоритм решения задач по физике [Электронный ресурс], - http://pandia.ru - статья в интернете. (Дата обращения: 14.02.2019).
3. Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека/ А.Г. Асмолов. – М., 2007.
4. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе / М.Р. Битянова. — М., 2002
5. Генденштейн Л.Э. Решение ключевых задач по физике для основной школы 7-9 классов/ Л.Э. Генденштейн, Л.А. Кирих, И.М. Гельфгат. - М.; 2013. - 208 с.

UDC 811.1:378(082)

MOTIVATING STUDENTS TO LEARN ENGLISH SPEAKING THROUGH COLLABORATIVE ACTIVITIES

Duisenova M.M[1], Kasymbai D.U. [2]
PhD, senior lecture[1]. Master student[2]
South Kazakhstan state pedagogical university, Kazakhstan, Shymkent.

Түйін.

Біздің жұмысымыз бірлескен оқытуды түсіне отырып, шағын топтарда оқыту үшін, оқушылар үшін барынша өзінің оқуы және басқаларды оқыту негізінде.

Бірлескен оқыту дегеніміз - белгілі бір білім беру мақсаттарымен айналысатын топтарда немесе жұмыс топтарында оқыту. Оқытудың бұл түрі жеке оққыту жұмысына қайшы келмейді, өйткені оны оқушының жалпы дамуына ықпал ететін қосымша оқыту стратегиясы ретінде қарастыруға болады. Бір мақсатқа негізделген адамдарды тобын біріктіреді және мақсатқа қол жеткізу үшін оқуды құрылымдау үшін қажет.

Our work will focus on collaborative learning, understanding it as the learning use of small groups so that students work together to maximize their own learning and that of others. Students they work together. This type of apprenticeship does not contradict individual work, as it can be seen as an additional learning strategy that enhances the overall development of the student. There are three types of training that have been classified according to the model of the work performed: individual.

Collaborative learning refers to learning in groups or working groups dealing with specific educational purposes. Students work together. This type of learning is not opposed to individual work, as it can be seen as an additional learning strategy that enhances the overall development of the student.

Collaborative learning methods share the idea that students work together to learn and are responsible for educating their peers just as much as their own. All this brings with it an update to the roles associated with teachers and students, this update also affects the developers of educational programs. Collaboration tools should emphasize aspects such as reasoning, self-learning, and collaborative learning. Throughout history, the strategy of collaborative work and learning has been something quite used and disseminated, although recently it has been starting to be talked about as a topic of great boom and research. However, being able to work really collaboratively is not an easy thing to do. Not only does it place a group of people around the activity and believe that learning will come, it is necessary to structure the activity to truly achieve that goal.

Collaborative learning methods share the idea that students work together to learn and are responsible for educating their peers as much as they are for their own. possess. All this entails updating the roles associated with teachers and students, the subject of this work. This update also affects educational developers. Collaboration tools should emphasize aspects such as reasoning, self-learning, and collaborative learning.

In the existing literature on co-education, what is considered "learning" is widely recognized:

For some, it involves more or less any joint activity in an educational context, such as learning course materials or exchanging course assignments. Here, the term "Co-students" would be most appropriate for use.

Other studies say that learning occurs when a problem is solved. This understanding has been studied recently by researchers in the field of multi-agent training.

Within some theories, co-learning is directed in terms of development, as a biological and/or cultural process that takes place over many years.

This range of definitions also includes training, which is achieved by gaining experience in the professional community.

In other words, the common denominator of all these learning situations is the word "collaboration" rather than the word "learning." However, the diversity of the use of the word "learning" reflects two notions of "collaborative learning": is it a pedagogical method or a psychological process? In this respect, many authors have defended each of these positions, now, according to Dillembourgh, collaborative learning is neither a mechanism nor a method [1].

Learning together isn't a simple mechanism: if someone talks about "collaborative learning," they should also talk about "learning alone." The cognitive systems of individuals learn not because they are individual, but because they perform some actions (reading, forecasting, etc.) that this entails with some learning mechanisms (induction, prediction, compilation, etc.). Similarly, peers learn not because there are two of them, but because they perform some activities that involve specific learning mechanisms.

The field of collaborative learning relates specifically to these activities and mechanisms. This can happen more often with co-training than with individual settings. However, there is no guarantee that these mechanisms will arise in any joint interaction. On the other hand, they arise not only during cooperation. At some level of description—at least at the neural level—the mechanisms potentially involved in collaborative learning are the same as those potentially involved in individual cognition.

Collaborative learning methods share the idea that students work together to learn and are responsible for their own learning and that of their peers [2]. This implies an update of the roles associated with teachers and students, a different model of understanding the teaching/learning process, this update also affects the developers of educational programs [3]. The implementation of a collaborative learning scheme requires a number of elements that must be taken into account for its normal development.

In this scheme, the teacher 's activity is most similar to traditional models of education. It corresponds to the implementation of pedagogical activities as thematic

blocks, as well as social skills and group work [4]. A set of actions that you must perform:

Explain the task, the structure of cooperation and the necessary social skills. Monitoring and intervention.

Evaluation and processing.

One of the tasks that a teacher should perform as an instructor is to teach students the skills of cooperation. Many students, especially the brightest, start with a reluctance to work in teams. In addition, interpersonal conflicts, usually associated with differences between group members in terms of skills, sense of responsibility, ethics, inevitably grow in group work and can seriously affect the effectiveness of the group. For this reason, it is convenient for a teacher as a coach to teach these skills, problem solving and teamwork.

The ideal way is to prepare students with some learning elements that generate an understanding of what a work team means and strengthen interpersonal relationships that help team performance [5].

Despite the growth, growth and impact of collaborative learning as an institutional strategy, much remains to be explored for the impatience of collaborative computer learning. Many of the existing technologies are traditionally developed according to an individualistic, rather than a group scheme.

Reference

1. Dillenbourg, P., Baker, M., Blake, A. & O'Malley, C., The evolution of research on collaborative learning. In Spada, H. and Reimann, P. (editores), Learning in Humans and Machines: Towards an interdisciplinary learning science. Pp-189-211. Oxford:Elsevier, 1995.
2. Dillenbourg P. What do you mean by Collaborative Learning? In P. Dillenbourg (Ed.) Collaborative-Learning: Cognitive and Computational Approaches, pp.1-19. Oxford:Elsevier, 1999
3. Duisenova, M.M. *Philosophical foundations of education at the Kazakh languages by aiding communicative methods.* Social Sciences, 2015, 10(8), стр. 2157–2166. DOI: 10.36478/sscience.2015.2157.2166
4. Duisenova, M.M, Dauletbekova, Z.T. *The question of study of the formation competence of the students in the pedagogical system.* Journal of Engineering and Applied Sciences, 2018, 13(1), стр. 238–241. DOI:10.3923/jeasci.2018.238.241
5. Bullen, C.V.; Bennett, J.L. Learning from User Experience with Groupware. Proceedings of the 1990 ACM conference on Computer. 1990.

УДК

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ КОНСТРУКТИВНОГО САМООЦЕНИВАНИЯ УЧАЩИХСЯ 10 КЛАССА ПО ПРЕДМЕТАМ: АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК, МАТЕМАТИКА И ФИЗИКА

Аликулова К.Н. Ахметов С.А. Әнапияев Н.Р. Ботабеков Н.О.

Түйін:

Мақалада 10-сынып оқушыларының ағылшын тілі, математика және физика пәндері бойынша сындарлы өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту бойынша зерттеудің

алғышарттары, барысы және нәтижелері сипатталған. Бұл тақырыптың зерттелу ерекшеліктері де беріліп, кейбір әдістемелік ұсыныстар берілген.

Обоснование исследования развития навыков конструктивного самооценивания учащихся 10 класса по предметам английский язык, математика и физика обусловлено рядом проблем, которые были выявлены среди учащихся 10 класса. В процессе преподавания в 10 классе было замечено, что учащиеся данного класса испытывают сложности при оценивании своих учебных достижений и уровня ЗУН, демонстрируя как завышенную, так и заниженную самооценку и затрудняясь при этом объяснить собственный выбор.

Целью исследования было выбрано изучение эффективности методов развития самооценивания на уроках английского языка, информатики и физики со студентами 10 класса. Также были сформулированы два основных вопроса исследования, которые были рассмотрены в ходе выполнения исследования: 1. Какие методы самооценивания были наиболее полезны для учащихся 10 класса? 2. Какие особенности использования методов самооценивания необходимо учитывать учителю при их применении на практике?

Как отмечает Дэвид Боуд, всякий раз, когда мы учимся, мы задаемся вопросами: Что я делаю? Этого достаточно? Это правильно? Как я могу это описать? Должен ли я идти дальше? Актом опрашивания себя является акт суждения о себе и принятия решений относительно следующего шага. Это и есть самооценивание. [1, с. 6]

Исследование было проведено среди учащихся 10 класса в течение серии последовательных уроков английского языка, информатики и физики в 2019-20 учебном году. Участники исследования представляли собой группу из семи студентов, с которыми нам было необходимо учесть некоторые особенности, прежде чем применять исследование на практике: неравный пол учащихся – двое студентов женского пола; шумное поведение при общении на родном языке, но крайне робкое при использовании английского, некоторое нежелания студентов сотрудничать друг с другом на уроке.

Для сбора, анализа и измерения данных, связанных с использованием методов самооценивания на уроке, использовались следующие методы исследования: наблюдение, интервью и опрос. В качестве инструментов исследования мы использовали вопросники, шкалы, чек-листы, формы наблюдения, интервью. Эти инструменты применялись для участников исследования (ученики 10Н класса) и фокус-группы (группа учителей английского языка, информатики и физики, которые тщательно наблюдали последовательность последовательных уроков).

Относительно уроков английского языка, в рамках проекта Lesson Study была проведена серия последовательных уроков в 10 классе. Для решения проблемы отсутствия навыков объективного самооценивания был применен метод «калиброванная оценка сверстников», согласно которому ученику предлагалось оценить работы пяти одноклассников согласно критериям оценивания и чек-листу, заранее проработанному и составленному совместно с

учащимися. Оценив и прокомментировав работы сверстников, ученик приступал к оцениваю своей собственной работы. При выполнении данного задания проводилось наблюдение за учениками трех уровней: А, В и С. Ученик А справился с данным заданием без сложностей, ученику В потребовалось немного больше времени на проверку работ одноклассников, ученик С получил дополнительные инструкции. Рефлексия, проведенная среди учащихся сразу после выполнения задания, демонстрирует положительные результаты исследования. Характерной чертой использования методов самооценивания в течение первого цикла является потребность учащихся в поддержке преподавателя, к примеру при проверке работы сверстника и сопоставлении ее с чек-листом (как продемонстрировал ученик С). Однако, уже во втором цикле, ученики проявили большую самостоятельность и уверенность при оценивании, как при использовании метода «калиброванная оценка сверстников», так и при использовании метода «Success stairs», применяемого для саморефлексии учащихся в конце урока (Ученики всех уровней весьма конструктивно смогли оценить насколько каждый из них справился с заданиями и достиг целей обучения в конце урока). В течение финального цикла уроков, ученики 10Н класса уже полностью самостоятельно создали рубрики для оценивания письма и не просто оценили друг друга с помощью чек-листов, а предоставили развернутую обратную связь с подробным объяснением своей оценки – данные навыки были также применены не только к работам сверстников, но и к оцениванию собственной.

Кроме того, исследование данной темы на уроках информатики также дало положительные результаты. Были опробованы различные методы самооценивания и взаимооценивания, уже описанные раннее. Особенно примечательно улучшились навыки оценивания учащихся собственных проектов, с помощью чек-листов ученики научились адекватно оценивать свой проект и дополнять все необходимые элементы, также ученики научились давать развернутую обратную связь как друг другу, при взаимооценивании, так и свою собственную работу. Наилучших результатов при использовании техники калиброванного самооценивания ученики продемонстрировали в течении последнего, третьего цикла серии последовательных уроков.

Касательно исследования серии уроков физики в рамках Lesson study кроме основной цели «изучение эффективности методов развития самооценивания на уроках английского языка, информатики и физики» включала в себя второстепенную цель, которая предполагала изучить влияния использования методов самооценивания на мотивацию ученика самостоятельно изучать данный предмет. Для достижения основной цели на уроках использовались метод «оцените работу своей группы» где учащемуся предлагалось оценить работу и достижения своей группы из трех человек по критериям, которые ранее составлялись и согласовывались вместе с учащимися. После проведения оценивания группы проводились обсуждения на уровне класса и были

предоставлены некоторые рекомендаций. Далее ученику предлагалось оценить свою работу с помощью заранее изготовленного листа самооценивания. При проведении исследовании проводились наблюдение за всеми учащимися класса. Результатом первой стадии исследования можно заключит тем, что 71,4% учащихся нуждались в поддержке учителя и им требовалось больше времени для оценки своих достижении. Но уже во втором цикле исследовании количество учащихся, требующих поддержки учителя, сократилось до 14,3%. Еще результатом второго цикла можно отметить тот факт, что учащиеся после выполнении каких-либо действии по изучению темы урока оценивали свои достижения на протяжении всего урока. В третьем цикле наблюдении ученики 10Н класса как результат проводимого исследовании полностью могли оценить свои достижение на протяжении всего урока и производили качественную саморефлексию в конце урока. Эффективность использования методов самооценивания можно проследить четвертых результатах оценивания, где результаты учащихся повышаются после каждой стадии уроков. Для достижения второстепенной цели исследований было решено наблюдать за выполнением домашнего задания учащимися и их потребности в дополнительном уроке. Учитель после первой стадии уроков предлагал учащимся домашнее задание, которое можно не выполнять если ученик не захочет его делать. Как ожидалось после первой стадии только 28,6% учащихся выполнили домашнее задание. Но уже после второй и третье стадии уроков 85,7% самостоятельно пришли к выводу что выполнение домашних задании помогаю им укрепить знания по предмету и были мотивированы на дальнейшее выполнение домашних заданий. Наблюдение со стороны потребности в дополнительных занятии тоже показала положительный результат о мотивации учащихся по изучению предмета. По предварительным оценкам предполагалось что более 42,9% учащихся будут мотивированны на дополнительное и более глубокое изучение предмета. Результат наблюдений показала, что 71,5% учащихся захотели дополнительно заняться изучением предмета.

Необходимо также сказать, что существует ряд особенностей в использовании методов самооценивания на занятиях. Мы столкнулись с некоторыми проблемами, такими как некоторая неорганизованность и стеснение учеников оценивать друг друга, комментируя работы сверстников. Для преодоления данной трудности, были проведены специальные разъяснительные беседы с учащимися и демонстрации учителя. Также четко прописанные рубрики и принятие участия учениками в их создании помогли ученикам обрести уверенность в собственных оценочных суждениях и стать более организованными.

Исследованные методы самооценивания являются эффективным способом развития конструктивного оценивания как себя, так и сверстников, при условии, что студенты задействованы в разрабатывание критериев оценивая и рубрик и преподаватель регулярно дает обратную связь.

References:
[1] David Boud Enhancing learning through self-assessment RoutledgeFalmer, 2003

ӘОЖ 373.3:613.7

КӨРНЕКІЛІКТЕРДІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Атымтай А – 102-18 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Ақынова Л.А.-б.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент

Резюме

В статье рассматривается значение использования различных наглядных пособий в обучении младших школьников предмету естествознания в совершенствовании знаний, способностей учащихся, а также роль в развитии мышления

Бастауыш сыныптағы әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзінің әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескере отырып, оқушының білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымсын, өмірлік мақсаты мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу оқу үрдісінің жемісі болып табылады.

Бүгінгі күні мектептегі оқу пәнаралық мазмұны мен мақсаты, оқыту мен тәрбиелеудің жұмыс түрлерін ұштастырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Бұл міндет сабақ барысында тиімді әдістерді кеңінен қолдануды талап етеді. Сондай әдістің бірі – оқушылардың байқап көру қабілетінің ерекшелігін ескеріп, дамытуын қамтамасыз ететін көрнекілік әдістері.

Көрнекілік – оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән ұғымдарды сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолымен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Көрнекілік үрдісі мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалығына сергек қарап, оны сабақ барысында шебер пайдалана білуді талап етеді. Көрнекілік әдістерін сабақ барысында дұрыс пайдалану оқушының оқу материалын жақсы меңгеруіне, осы сала бойынша өз танымын одан әрі кеңейте түсуіне және талқылауына қол жеткізеді.

Білім негізі бастауыш сыныптарда қалыптасатыны барша жұртқа аян. Сол үшін бастауыш сыныптағы жаратылыстану пәнін оқытуда дидактикалық материалдарды дайындау, қолдану мәселесіне аса күшті назар аударуымыз керек. Оқу процесін жетілдіріп, сабақ сапасын арттырудың әдіс-тәсілдері өте көп. Оның өзі мұғалімнің шығармашылық еңбегіне, әдіс-тәсілдерін қолданудағы шеберлігіне, терең теориялық біліміне, тәжірибесіне, әр сабаққа тиянақты даярлығына байланысты.

Жаратылыстану сабағында қолданылатын көрнекіліктердің өмірмен байланысытылығы өте маңызды принциптердің бірі. Жаратылыстану пәнінде

табиғат құбылыстарының шын себептерін дидактикалық материалдарды қолдану арқылы ашуға болады. Көрнекіліктер арқылы оқушылар түрлі фактілер жинайды, өмірді бақылайды. Оқушылар өмірдің дамуындағы сабақтастықты оқып үйренеді.

Жаратылыстану бойынша қолданылатын оқыту көрнекі құралдарының алуан түрлілігі оларды мұқият іріктеу мен жұмысқа дайындауды қажет етеді. Оқытудың көрнекі құралдары оқу процесінде ертеректен қолданылып келеді. Оларды пайдалану әдістемесі жөнінде үлкен тәжірибе жинақталған. Сонау XVII ғасырда Ян Амос Коменский көрнекілік принципі оқытудың маңызды принципі екенін дәлелдеген.

Оқытудың көрнекі құралдарын пайдалану мен өтетін сабақтарға Дистверг ерекше маңызын, мынадай қорытынды жасап көрсеткен: «Адам көрнекілікте басқа ешбір жолмен білімді ала алмайды». Көрнекі оқытуды атақты Швейцар педагогы Г.Песталоцци де кеңінен қолданған.

Дидактикалық материалдар – оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр сипатын, сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс.

Көп жылғы тәжірибе мен арнайы педагогикалық-психологиялық зерттеулер көрсеткендей, оқытудың тиімділігі қабылдауға адамның барлық мүшелерінің қатысу деңгейіне байланысты. Материал неғұрлым қызғылықты болса, солғұрлым тез қабылданады.

Қарастырған жағдайға байланысты көрнекі құралдар түрлі кезеңде іске асырылады, айталық затты не болмаса құбылысты түсіндіргенде иллюстрация ретінде, ал кейде керісінше демонстрациялық құрал ретінде оқушыларға мұғалімнің сұрағына жауап іздеуіне көмектеседі. Мысалы, дене және заттар ұғымдарын түсіндіру кезінде, мұғалім барлық дене заттардан тұрады, бір заттан әртүрлі бірнеше дене пайда болады немесе әр түрлі заттан бірдей дене пайда болады. Әңгімелеу түрлі денелердің бір заттан жасалғанын не болмаса бірдей дененің әр түрлі заттан жасалғанын демонстрациялау арқылы ұштастыра түсіндіріледі. Алайда материалды түсіндірудің басқа да жолы болады. Мысалы, мына дене қандай заттан жасалған? Әр түрлі заттан жасалған бірдей денені атаңдар? Дене неден құралған? Дене мен заттың айырмашылығы неде? Мұндай жағдайда обьектілер білім көзі болып табылады, яғни олар анықтап бақылау арқылы оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап іздеп табады. Ендеше бұл жағдайда материалды меңгеру алдыңғы жолға қарағанда белсенді жүреді.

Көрнекіліктерді пайдаланудың философиялық негізіне дүниеде барлық заттың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы тұжырмдалған дүние туралы білімдер де бірімен-бірі байланыста болады. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру, білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мақсат-саналы, білімді, тәрбиелі ұрпақ өсіру. Болашақ ұрпақ-келешек қоғам иесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдини-ғылыми өрісі озық адамзат етіп тәрбелеу

біздің де қоғамның алдындағы борышы. Сондықтан кіші мектеп жасындағы балаларды оқытуда көрнекіліктерді пайдаланудың тиімділігі жоғары екені белгілі.

Ең негізгісі көрнекі құралдар қазіргі заманғы талаптарға сай болу керек. Мұнда көрнекі құралдарға төмендегідей талаптар қойылады:

1.Көрнекі құралдардағы суреттер, жазулар сынып оқушыларына толық көрінетін болуы керек.

2. Әрбір көрнекі құрал өтілетін тақырыпқа арналған, оның мазмұнын ашатын болуы тиіс.

3.Көрнекі құрал тартымды безендірілген, бояулары айқын болғаны жөн.

4.Көрнекі құралға оқушы назарын ерекше аудартуға арналған мәтін, сурет ерекше бояумен берілуі керек.

5.Көрнекі құралда бір мәселенің қайталануынан сақ болу керек.

6.Көрнекі құралда жүйелілік, хронологиялық реттің сақталуын қатты қадағалау.

7.Көрнекі құралда берілген әрбір мысал тексерілген, дау тудырмайтын, түсінікті, өтіліп отырған материалды дәлелдеуге көмектесетін болуы керек.

8. Мүмкіндігінше көрнекі құрал өтілейін деп отырған материалды толық қамтитындай болғаны жөн.

9. Көрнекі құралды сыныпта пайдаланғанда уақыт көп кетпейтіндей етіп жасау (іліп қою, алу, қайта пайдалану).

Сондықтан да көрнекілікті әр сабақтарда ұтымды қолдана білу бұл пән мұғалімдерінің шеберлігіне байланысты.

Көрнекілік оқушыларға заттардың өзіне немесе олардың бейнесін тікелей көріп байқауға мүмкіндік береді. Оқытуда нақты білім алу – көрнекілікке, сезімге, бақылау әрекетіне негізделеді.

Бастауыш сыныпта жаратылыстануды оқыту үрдісінде интерактивті әдіспен оқыту оқушылардың танымдық-шығармашылық ізденістерін дамытады. Мультимедиялық тақта сабақты электронды түрге айналдырып, көрнекті түрде өткізуге мүмкіндік береді. Сабақтың өнімділігі артып, оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді.

Әдебиеттер:

1 Қасентаева Қ. Педагогикалық қарым – қатынастағы коммуникативтік іскерлік //Қазақстан мектебі. – 2013. –№2. – 43б.
2 Мұқашқызы С. Дүниетануды оқытудың бағдарламалық және әдістемелік мәселелер // Бастауыш мектеп. –2016.–№4.–19б.
3 Таласбаева П.Н. Техникалық құралдарды дұрыс пайдалану жолдары // Бастауыш мектеп.– 2015.–№2.–42б.
4 Төлеуханова Д.Р. Көрнекі құралдардың дидактикалық негіздері //Білім. -2006.-№2.-18-19б.
5 Ынтықбаева А. Педагогикалық іскерлік. – Алматы: Дәуір, 2005.–217б.
6 Әскербекқызы Ж.Н. Сабақта көрнекі құралдарды пайдалану жолдары //Бастауыш мектеп. – 2015.–№2.–56б

7 Эльконин Д.Б. Интелектуальные возможности младших школьников и содержание обучения// Сб. Возрастные возможности усвоения знаний. – М: Просвещение.– 2006.– С.122-129.

ӘОЖ 373.3:613.7

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Әділбекқызы А. -102-18 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Ақынова Л.А. б.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается изучение темы "Здоровый образ жизни" в рамках обновленной учебной программы на уроках познания мира и физического воспитания.

Салауаттылық ұғымының аясы өте кең био-әлеуметтік категория болып табылады. Ол ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен дінімен тығыз байланысты болса, дене және жан тазалығын сақтауы да осы салауаттылықтың негізгі көрінісі болып саналады. Әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеудің, жас буынның санасында ізгілікті қасиеттерді қалыптастырудың маңызы зор. Мектеп қабырғасындағы оқушының жүріс-тұрысынан бастап, бүкіл өмірлік ұстанымының қалыптасуына дейінгі кезеңде орынды ықпал ете білу қай қоғамда, қай кезеңде болмасын өз өзектілігін арттыра түспек. Еліміздің көк байрағын желбіретіп, түтінінің түзу ұшуына бірден-бір себепкер өскелең ұрпақ болғандықтан, балалар мен жасөспірімдердің бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты сақтау және нығайту мәселелері ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

Дүниетану пәнінің «Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» тараулары оқушыны тарихқа тағзым ете білуге үндейді. Алғашқы адам туралы түсінік қалыптасып, ежелгі ата-бабаларымыз бен ұлы даламыздың тарихына көз жүгіртеді. Алтын адам туралы ақпарат алып, көне түркі жазуының тарихына бойлайды. Бұдан басқа еліміздің мемлекеттік рәміздері жайлы біршама толық ақпарат алып, Бәйтерек туралы түсінігін кеңейтеді. Тәуелсіздік жайлы ұғым-түсініктері кеңей түседі. Ал «Тағам» және «Дене және денсаулық» тараулар тақырыптары оқушылардың өз денсаулықтарына ат үсті қарамауларына негіз болады.

Бұл арада оқушының тақырыпты терең меңгеруі оның функционалдық сауаттылығын арттыра түседі. Яғни дүниетану пәнінде айтылған іс-әрекеттерді күнделікті өмірде кәдеге жаратып, оны өмірдегі басты ұстанымдары ретінде дағдыға айналдыруы негізгі мақсат болып саналады.

Денсаулық кепілі салауатты өмір салты екендігі белгілі. Халықтың денсаулығы - мемлекеттің қымбат қазынасы. Ол – әр адамның баға жетпес байлығы. Елбасымыз атап көрсеткендей, денсаулығы мықты адам ғана қоғамға

лайықты қызмет етеді, оның дамуына ықпал етіп, ел экономикасын жақсартуға өзіндік үлес қосады.

Дүниетану пәнінде оқулықтағы ақпаратты меңгерте отырып, олардың тақырып бойынша қосымша білім алуы да қамтамасыз етіледі.

Бұлардың барлығы мына мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталады:

- денсаулықты сақтау;
- денсаулықты нығайту;
- аурулардың алдын-алу.

Ол үшін атқарылатын іс-әрекеттер:

- спортпен шұғылдану
·- дұрыс тамақтану;
- еңбек үрдісін дұрыс ұйымдастыру, дене және ой еңбегін алмастырып отыру;
- уақытымен демалу т.т.

Аталған тарау негізінде оқушылардың бойында қандай жеке бас қасиеттерін қалыптастыра аламыз:

- Адам ағзасының біртұтас екендігін түсіндіру арқылы, денсаулықтың ағзаның барлық мүшелерін күту нәтижесінде ғана жақсы болатындығын түсінеді.
- Тазалық шараларын, дене тазалығының алғышарттарын меңгереді;
- Тамақтану тәртібін жадыда ұстап, тамақтың құрамына мән беретін болады;
- Тамақтануға қатысты тазалық шараларын қайталап оқиды;
- Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа қандай қатысы бар екендігін жете түсініп, тамақтану ережелерін орындауға ұмтылады.

Дүниетану пәні оқушыларды өзінің атынан көрінгендей, дүниені, қоршаған ортаны, өзін және өзінің айналасындағыларды танып білуге ұмтылдырады. Пән мазмұнындағы тақырыптарды игерту нәтижесінде оқушының жеке бас қасиеттерін дамытады, оларды жаңа әлеммен таныстырып, құзыреттіліктерін арттырады. Оқушылардың тек теориялық тұрғыдан білім алып қоймай, оны өмірде күнделікті қажетіне жарата білуге дағдыландырған жөн. Функционалдық сауаттылықтарын арттырып, өмірге бейімдей түсеміз. Дүниетану сабақтарында қамтылған тақырыптар және сол тақырыптарға байланысты тапсырмалардың барлығы осы мақсатқа жұмылдырылған.

Сонымен қатар дене шынықтыру пәнінің мақсаты оқушыларды денешынықтырудың негіздерімен таныстыру болып табылады, нақты айтқанда, олардың спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене шынықтыру (физикалық) қабілеттерін меңгеруімен қатар, салауатты денені шынықтырудың дамуына ықпал етеді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқушылардың физикалық іс-әрекеттің түрлерінен білімдерін, түсініктерін және дағдыларын дамытуға ықпал етіп, сол уақытта олардың жеке гигена, психикалық денсаулық және салауатты өмір салтының қағидалары сияқты аспектілер тұрғысында жалпы дамуын жақсартуға ықпал етеді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін дене шынықтыру сабақтарында келесі

міндеттерді іске асырады.

1. Дене денсаулығының және рухани денсаулықтың негізін қалайды.
2. Оқушыларды өздерінің физикалық және психологиялық денсаулықтарын түсінуге және нығайтуға ынталандырады.
3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын дамытуға жағдай жасалған.
4. Оқушылардың қозғалыс дағдыларының дамуы, атап айтқанда, олардың төзімділігін, ширақтылығын, күшін, ептіліктерін және икемділігін дамытуға әсер етеді.

«Дене шынықтыру» сабақтары оқушылардың ағзасын дамытуға және оның дене белсенділігін қамтамасыз етуге бағытталған бірден-бір пән. Оқушылар түрлі жаттығуларды орындауға, дене қабілеттерін дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік беретін жан-жақты құрастырылған оқу бағдарламасы арқылы аталған міндетке қол жеткізуге болады. Нәтижесінде оқушының бойында дене тәрбиесі жаттығуларының адам ағзасына тигізетін оң әсері туралы білім жүйесі қалыптасады. Ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, барлық дене сапаларын жетілдіру-дене шынықтыру пәнінің басты мақсаты болып табылады. Дене шынықтыру пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінің құрамында бола отырып, дене шынықтыру оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осындай жол арқылы болашақта салауатты әлеумет қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру сабағындағы негізгі қағидаттардың бірі-белсенділік. Белсенділік – адам орындайтын іс-шаралардың өлшемі, оның жұмысқа тартылу деңгейі.

Қорыта келгенде бастауыш сынып оқушыларының бойында салауатты өмір салты дағдыларын дамытуда негізгі мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай салауаттылыққа тәрбиелеудің маңызы зор.

Бастауыш сыныптағы әр бір пән оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етуі керек.

Әдебиеттер:

1 Дүниетану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы – Астана, 2016.

2 Дүниетану. 1 сынып. Оқулық. К.Байтенова, А.Жакеева, Е.Попова, Ш.Саукатова, Ж.Сейдахметова, Л.Уфимцева. «Назарбаев зияткерлік мектептері»- «Мектеп», 2016.

3 Дүниетану. 1 сынып. Мұғалімге арналған нұсқаулық. К.Байтенова, А.Жакеева, Е.Попова, Ш.Саукатова, Ж.Сейдахметова, Л.Уфимцева. «Назарбаев зияткерлік мектептері»- «Мектеп», 2016.

4 Мұғалімге арналған нұсқаулық – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015, 7-9б

5 Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015, 12-15б

6 Әбенбаев С.Ш.Тәрбие теориясы және әдістемесі.-А.: Дарын, 2004.52-55 б

ӘОЖ 372.8:502

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

ЖАНЖІГІТ М.Л. 102-18 оқу тобы студенті
Ғылыми жетекшісі: АҚЫНОВА Л.А. б.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

В статье описывается значимость предмета «Естествознание» в развитии научных знаний у учеников начальной школы. «Естествознание» формирует у детей научное понимание мира, готовность к усвоению сложных терминов и служит основой понимания таких предметов, как «Физика», «Химия», «Биология», «География". Расширяет научные представления о предметах бытия, различных явлениях окружающей среды, неживой и живой природе, экологических проблемах. На современном этапе организация активной деятельности учащихся по самостоятельному усвоению знаний является одним из основных требований к учебному процессу. В этом отношении немаловажную роль играет использование игры. Реализация обучения при этом имеет целевую установку на определенный результат. В учебной деятельности учащиеся подчиняются установленным правилам игры, учебный материал усваивается посредством игровых элементов.

Бүгінгі таңда бастауыш сыныпта оқушыны жазу мен оқуға ғана емес, білімге құштарлығын арттырып, сыни ойлау дағдысын, функциялық сауаттылық негіздерін дамыту маңызды екені белгілі. Бастауыш мектептен оқушыларға жаратылыс әлемнің ғылыми түсінігін, күрделі терминдерді меңгеруге дайындығын қалыптастыру мақсатында енгізілген бастауыш сынып жаратылыстану пәні, орта буын, жоғары сыныптарда оқытыла бастайтын «Химия», «Биология», «Физика» пәндерінің бастамасы болып табылады.

Бастауыш сыныптан білім мазмұнын байланыстыра-кіріктіріп оқыту, білімнің ғылыми деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына тірі табиғат, табиғат физикасы және адам жайында білім беретін, жаратылыстаным негіздерінен түсініктерін дамытуда жаратылыстану пәнін оқытудың түрлі әдістемелік жоларын қолдану тиімді. Бастауыш сыныптағы жаратылыстану пәні арқылы оқушыларға еліміздің әр түрлі табиғаты, биология негіздерінен, химия және география негіздерінің бастамасы қаланады. Нақтырақ айтсақ, жаратылыстану пәнінен игерген ұғымдарын, түсініктерін басқа да пәндерге кіріктіре, байланыстыра оқыту арқылы жаратылыстың бір тұтастығы жайында жүйелі білім негізі қалыптаса бастайды. Балаларда табиғаты тануға қызығушылығының дамуына, қоршаған әлем жайлы ой-өрісін кеңейтуге, ғылыми ұғымдарды қабылдаудың дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалау біліктіліктерін дамытуа көмегін тигізеді.

Бастауыш сыныптан жаратылыстану пәнін оқыту арқылы, оқушылар бізді қоршаған әлемнің күрделі де, көп қырлы сырларын, сонымен қатар табиғаттағы әр түрлі құбылыстар және үдерістер өзара тығыз байланыста болатынын, тірі және өлі табиғаттағы табиғи құбылыстарды және үрдістерді танып біле бастайды[1].

«Мұғалімдер оқу бағдарламасын ысырып қойып, ойын арқылы оқытуды ерте балалық шақпен шектеп тастайды. Ғылыми ізденістің барлық деңгейінде зерттеу ойыны маңызды қызмет атқарады» деп атап көрсетеді Рассел Григг. Жаратылыстану пәнінің үздік мұғалімдері пәнді оқушылардың күнделікті өмірімен байланыстырып, қызықты материалдар арқылы ынталандырады. Балаларды жастайынан жауаптарын байптап түсіндіругежәне айтатан ойын дәлелдеуге үйрете алады. [2]

Оқу үдерісінде білімді игертуде оқушылардың белсенділігін арттыруда түрлі ойын элементтерін кеңінен қолдану қолайлы болып келеді. Сабаққа қойылған оқу мақсаттары ойын элементтерін пайдалану кезінде сәйкесінше мақсаттарды көздеуі негізгі талап. Сабақтағы ойындар арқылы нәтижелерге қол жеткізу жоспарланады. Оқыту әрекетінде оқушылар белгіленген ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойынның құралы болады. Мысалы «Ой қозғау» сұрақтар қою, «Алфабиттік сөздер желісі»- сөздің айяқталған әріпінен сөз бастап айту, «РАФТ», яғни рөл, аудитория, форма, тақырып, «Сәйкессізді анықта» «Ыстық орындық» ойындары оқушылар үшін қызық және сабақ мақсатына оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сабақтағы ойын оқушылардың ақыл-ойын дамытып, танымын, түсініктерін жетілдіреді. Сабақтағы оқу мақсаттарына қол жеткізу, алған білімді бекіту үшін, қажетті әдетпен дағдыны қалыптастыру кезінде еске түсіру, қайталау, жаттығу жасау кезінде сабақтағы ойын элементтерін кеңінен қолдану қажет.

Сабақ барысында ойын ұйымдастырудағы негізгі мақсат – оқушының тануға, ізденуге бейімділігі және сыныптастарымен, ересектермен қарым-қатнас кезінде қажетті дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ойын іс-әрекетін ұйымдастыруда сүйенетін жағдайлар:

1. Ойын түрлеріне оқытуды байланыстырып қызықты, жеңіл тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие әрекетіне көшу
2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің күрделенуі
3. Тапсырмаларды шешу арқылы оқушының ақыл-ой белсенділігін арттыру.

Жаратылыстану пәнін оқытуда ойын элементтерін қолдану маңыздылығы:

1. Оқытуда ойын элементтерін қолдану оқушылардың қоршаған әлем туралы түсінігін нақтылайды
2. Әр-бір қолданылған ойын іс-әрекеттері оқушыларды ойнай білуге баулып, сөздік қорын арттырады, ақыл-ойын дамытады.
3. Сабақтағы ойынның адамгершілікке тәрбиелеуде маңызы зор
4. Сабақтағы ойын ережелерін балаларда ұстамдылық, тәрбиелілік қасиеттерін дамытады.

Бастауыш сынып оқушылары жас ерекшелігіне қарай сабақтағы ойын әрекеттеріне қатысуға аса ынталы болады.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бірінші сынып оқушыларын жаратылыс ғылымы әлемімен ойындар және қызықты түрлі зерттеулер арқылы таныса бастайды. Мысалы қарапайым эксперимент жүргізу арқылы «Қозғалыс

траекториясы» терминімен таныстыруға болады: ойыншық көліктер, металл шарлар құм салынған ыдыс үстінде қозғалыс кезінде із қалдырады. Осы із қозғалыстың траекториясы болатыны оңай және түсінікті түрде беріледі. Осылайша, бастауыш сынып оқушылары ойын ойнай отырып, траектория жайлы түсінік алады. Сондай – ақ «Тыңайтқыштар» жөнінде түсініктерін дамыту кезінде «Гүлдерге қамқорлық жасау» сабақ тақырыбы бойынша өсімдіктерге қамқорлық жасаудың қарапайым жолдарын үйрету көзделген. Оқушылар өсімдіктің жақсы өсуі үшін, оның топырағына қоректік заттардың қажет екені туралы түсінеді. Жасалған қарапайм эксперименттер балалардың бойында алғашқы зерттеу машығын, өзіндік ойлауын, бақылауын дамытады.

«Адам» бөлімінде, бірініші сыныпта адамның өсуі мен дамуы үшін қажетті жағдайларды анықтау мақсатына қол жеткізу үшін рөльдік ойын ұйымдастырған тиімді, онда ойын үшін азық-түлік дүкенін ұйымдастырып. Оқушыларға «азық-түлікке» дүкенінен пайдалы тағамдарды алып келуін тапсырамыз. Олардың таңдауын сынып оқушыларымен бірге талқылап, алып келген азық-түліктің пайдалысын және зияндысын анықтайды.

Сабақтың әр кезеңінде ойын әрекеттерін ұйымдастыру тиімділігін арттыру үшін, ойынды ойнатудағы міндет пен мақсат анық болуы керек, оны қолданудың теориясын, тәжірибесін мұғалім жетік меңгеруі, ұйымдастыру шеберлігі, қажетті материалдарды алдын-ала дайындауы қажет.

Сабақтарда ойын элементтерін қолдану арқылы, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған түрлі тапсырмаларды қолданса, пәнге деген қызығушылығын арттыра түсетіні сөзсіз. Ой әрекеті барысында адам қоршаған ортаны танып білу үшін ерекше айқын қызмет орындайды. Бұл нақты қызметті талдау, біріктіру, салыстыру, нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асады. Ойын барысында кез келген затты талдап, ұқсастығымен айырмашылығын анықтап өздігінен ой түйіндеп шешім қабылдап, қадағалап қорытынды жасауына көп септігін тигізеді.

Ойын іс-әрекеттері арқылы алған білімдерін бір жүйеге кетіруде де ойынның маңызы зор. Мысалы: жаратылыстану пәнінен төмендегі логикалық тапсырмалар ұсынылды: 1 сынып «Заттар және олардың қасеттері» тақырыбында: берілген заттардың қасиеттері жөнінде балалар білгендерін ортаға салады. 1.Парта (ағаштан жасалған, отқа жанады, қатты күшпен әсер етсе сынады). 2. Кітап (қағаздан жасалған, қайшымен қырқуға болады, отқа жанады, суды өзіне сіңіреді). Терезе (түссіз, мөлдір, сынғыш, ауа, су өткізбейді) т.с.с

Дидактикалық ойын. «Жалқы және жалпы», Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Мұғалім балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-кітаптар көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. т.б.

Жаратылстану пәнінен «Тірі табиғат» бөлімі «жануарлар – тірі ағзалар» сабағында суреттер мен сөздерді сәйкестендіру ойынын жүргізуге болады.

Алдын ала дайындалған суреттер мен сөздерді араластырып, оқушыларға жұптастыру тапсырылады. Мысалы: Адамдар жануарлардан не алады?
Түйе суретіне «Шұбат»
Жылқы суретіне «Қымыз»
Сиыр суретіне «Айран»
Тауық суретіне «Жұмыртқа» сөздерін сәйкестендіру керек.
Оқушыны ойната отырып, ұйымдастырылған оқу әс-әрекетінде қолданылған ойын элементтерінің кез келгені арқылы сабақтың мазмұнына сәйкестендіре отырып, алға қойған оқу мақсаттарына қол жеткізуге болады. Жүйелі қолданылған ойындар арқылы ұйымдастырылған сабаққа оқушылар қызыға түседі, материалды тез игереді, сыныптағы оқушылар бір бірімен қарым – қатнас жасайды, теориялық мәліметті іс жүзінде қолдана білуге жаттығады.

Қорыта келе «Жаратылыстану» пәні арқылы айнала жаратылыс және табиғат туралы балаларда білім қалыптастасады. Мұнда оқушыларға «табиғат–адам» арасында диалектикалық бірлікті жүйе екендігін, осы жүйені құрайтын әр компоненттің ерекшеліктері мен қасиеттерін, орнын танып білу мүмкіндігі қарастырылады.

«Мектептеріміз балалардың өздері ойлағаннан да жоғары жетістікке жете алу үщін, өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе білуге үйрету арқылы әлеуметтік мобильділіктің қозғаушы күшіне айналуы қажет» деп Гоув [3]айтқандай, бүгінгі күні мектептегі оқу мазмұны мен мақсаты, оқыту мен тәрбиелеудің жұмыс түрлерін ұштастырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Бұл міндет сабақ барысында тиімді әдістерді кеңінен қолдануды талап етеді.

Әдебиеттер

1. «Жаратылыстану» оқу бағдарламасы (1-4 сынып).–Астана: 2016. – 12 б.
2. Рассел Григ Бастауыш мектеп мұғалімі. – Нұр-Сұлтан: 2020. –264 б.
3. С.Бартлетт, Д.Бертон Білім берудегі зерттеулер. – Нұр-Сұлтан: 2020. –221б.

ӘОЖ 372.8:504.75

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Мамыр А.С. - 102-18 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Ақынова Л.А. б.ғ.к., аға оқытушы
ОҚМПУ, Шымкент қ., Қазақстан

Резюме

В статье рассмотрены пути совершенствования творческих способностей младших школьников через различные логические задания на уроках естествознания.

Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, қоғамның жаңа талап-тілектері мен әлеуметтік сұранысын

қамтамасыз ету мақсатында творчестволық тұрғыда ойлаушы, тәуелсіз жеке адамды, дербес шешім қабылдауға бейім ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып отыр.

Бастауыш мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту - өскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет. Шығармашылық қабілеттің дамуы оқушылардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекеттің субъектісінің творчестволық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерінде диагностикалық және творчестволық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор.

Қазіргі кезде мектептердегі білімдер жүйесінен бір дағдарыс кезеңдерін көруге болады. Мұның мәні – оқыту әдіс-тәсілдерінің жеткіліксіздігі емес немесе мектеп өмірін басқаша ұйымдастыру емес. Бүгінгі күннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық танымммен тікелей қатынас жасай алатын жаңаша ойлай алатын шығармашылық адамға айналдыру.

Әрбір жеке адамның шығармашылық қабілетінің дамуының жоғары жетістігі, тек сол адамның ғана жеке басының даму көрсеткіші емес, бұл қоғам дамуында да, өркендеуіне де едәуір әсер етеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетінің дамуы оқу барысын дұрыс ұйымдастырумен байланысты. Мектеп мұғалімдері көп жағдайда оқушылардың пәнге байланысты жаңа материалды дұрыс меңгеріп, сабақ үлгерімінің жақсы көрсеткіштеріне қанағаттанып қояды да, олардың айрықша, стандартты емес шешім қабылдауына, творчестволық белсенділігіне жағдай жасай бермейді.

Бастауыш мектеп оқушыларының қызығулары заттық әлеммен байланысты. Оларға тән жағдай үлкендерге бағдарлану, яғни оларға еліктеу, үлкендерді үлгі тұту ерекшеліктері педагог үшін күшті дамыту құралы болып табылады. Соның негізінде балалардың шығармашылық және интеллектуалды даму деңгейлері жоғарылап қана қоймайды, әрі олардың мінез-құлқындағы жағымды өзгерістер де жүзеге асырылады.

Шығармашылық – жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Шығармашылық процесс – үнемі білімдер мен ептїліктерді өз бетімен жаңа жағдайға өткізу болып табылады, білім неғұрлым өз бетінше жүзеге асса, соғұрлым бұл ілімді қолдану творчестволық сипатта болады.

Шығармашылық іс-әрекеттің бірнеше белгілерін атап кетсек: таныс объектіден жаңа функция көре білу, зерттеуге жататын объектінің құрылымын көре білу, альтернативті шешімді көре білу және оны іздестіру, проблеманы шешудің бұрынғы танымалы тәсілдерін жаңа тәсілге қиылыстыру, басқа танымалы шешімнің айрықша тәсілін құра білу болып табылады.

Шығармашылық – адам іс-әрекетінің түрі. Мұндай әрекеттің ерекшелігі, даму деңгейі тек әлеуметтік факторларға ғана емес, табиғи, биологиялық факторларға да байланысты.

Бастауыш мектептен оқушыларға жаратылыс әлемнің ғылыми түсінігін, күрделі терминдерді меңгеруге дайындығын қалыптастыру мақсатында енгізілген бастауыш сынып жаратылыстану пәні, орта буын, жоғары сыныптарда оқытыла бастайтын «Химия», «Биология», «Физика» пәндерінің бастамасы болып табылады. Бастауыш сыныптан білім мазмұнын байланыстыра-кіріктіріп оқыту, білімнің ғылыми деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына тірі табиғат, табиғат физикасы және адам жайында білім беретін, жаратылыстаным негіздерінен түсініктерін дамытуда жаратылыстану пәнін оқытудың шығармашылық жоларын қолдану тиімді

Оқушылардың шығармашылық тұлғасын логикалық тапсырма негізінде қалыптастыруда мұғалімнің шеберлігі мен тәжірибесі шығармашылығы, ізденуі оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе. Оқушылардың шығармашылық тұлғасын қалыптастыруда жаратылыстану пәнінен оқушының тілін дамыту, ой-өрісін, дүниетанымын қалыптастыру, пәнге қызығушылығын ояту, т.б. шығармашылық жұмыстар нәтижесінде тұлғаның сана-сезімі, қиялы, ойлауы дамып кеңейеді. Логикалық тапсырмалар оқушылардың ой-өрісін жан-жақты дамытады, білім сапасын арттырады, оқу іс-әрекетінде белсенділік танытады, ойын, ес пен ойлауын, қиялын, тапқырлығын дамытады, алған білімін өмірде қолдануға зейінін, шығармашылығын шыңдай түседі.

Берілген тапсырмаларды орындауда оқушылар өз беттерімен ізденеді, оқушының ой өрісін кеңейтіп есте сақтауын дамытады, байқағыштығын қалыптастырады, эвристикалық қабілеті шыңдалады. Оқушының өзіндік пікір айтып оны қорғай білуіне мүмкіндік жасалады.

Жаратылыстану пәнінен шығармашылығын дамытатын тапсырмалар оқушының жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды. Сыныптағы оқушылардың шығармашылығын дамытуда ең алдымен сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу машықтары мен дамыту бағытындағы жұмыстарға негізделеді.

Осылайша сөйлем құрау арқылы балалардың сөздік қорын көбейтіп, тілін дамытуға болады.

Оқушылардың шығармашылығын дамытуға арналған тапсырмалардың түрлері:

Анаграмма

К

К

К

К

К

К

К

К
К
К
1. Кісінің аты
2. Ұя салмайтын құс
3. Жанғыш пайдалы қазба
4. Тағам түрі
5. ... білім бұлағы
6. Жер қазатын құрал
7.Қыста ұйықтайтын жануар
8. Спорт түрі
9. Жәрдем жасау
10. Машина, автобус, трамвайдың жалпы атауы

Жаратылстану пәнінен «Тірі табиғат» бөлімін өткен кезде «Суреттер мен сөздерді жұптастыру» ойынын өткізсе болады.
Мұғалім алдын ала дайындаған суреттер мен олардың аттарын араластырып тақтаға орналастыру керек. Оқушыларға әр суреттің тұсына осы суретке қатысты сөзді орналастыру айтылады. Ойынды оқушыларды топқа бөліп ойнатса болады.
Мысалы « Үй жануарлары» тақырыбын өткен кезде:
Түйе суреті- құлын
Жылқы суреті- бұзау
Сиыр суреті - қозы
Қой суреті - лақ
Ешкі суреті - бота
Балалардың ой-өрісін дамытуға, тілін жаттықтыруға, тіл байлығын арттыруға, шығармашылығын жетілдіруге арналған ойын-өлеңдер, мазақтамалар, буын ұйқастарды балалар санасы тез қабылдайды. Мысалы жаратылстану пәнінің «Адам» бөлімінде:
Ұят –ай!
Бетін жумай Жұматай,
Нан жеп отыр, ұят-ай!(Е. Ерботин)
Еріншек.
Ертең, ертең, ертең деп,
Жүрер дәйім селтеңдеп,
Ертеңіне кездессең
Төмен қарар мөлтеңдеп.(Қ. Ыдырысов)
Бұл өлеңдер, бір жағынан ұнамсыз қылықтарды, қасиеттерді түзетуге, жағымсыз мінездерді мінеп арылуға көмектессе, екінші жағынан осыған ұқсас-өлеңдер ойлауға, құрастыруға итермелейді.

Қорытындылай келе бастауыш мектеп жасындағы балаларда шығармашылық қабілеттің даму үшін оқыту-тәрбие жүйесін негіздейтін педагогтарға

шығармашылық сипаттағы оқу-практикалық сабақтар ұйымдастыруды басшылыққа алып отыру қажет.

Шығармашылық тапсырмалардың түрлері өте көп. Оларды жүйелі түрде қолданып, тақырыптан тақырыпқа түрлері мен мазмұнын тереңдету және орындау әдістемесін қиындату арқылы балалардың ойлау қабілетін дамытып нақты-бейнелі ойлаудан біртіндеп сөздік-логикалық түріне қарай жетелеуге мүмкіндік туады.

Әдебиеттер

8 Венгер А.Л. Схема индивидуального обследования детей школьного возраста. – М.: 2013. – 79с.

9 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. –2013.–16б

10 Гильбух Ю.З. Внимание: одаренные дети. – М.: 2011. –33с.

11 Гатаулин Г.Ф. Сабақ түрлері және оның құрылымы. //Бастауыш мектеп. – 2018. – № 5. – 18б.

12 Крутецкий А.В. Жас және педагогикалық психология: оқу құралы. – Алматы: 2019. –124б.

ӘОЖ

QUALITIES OF READING AS A TYPE OF SPEECH ACTIVITY

Torekhan N.A. – M1703-20

Scientific supervisor: Kiyassova Kaliya Kuralbayevna . –

Acting Associative Professor of the Foreign Language Department,
Candidate of Pedagogical Sciences
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

Түйін.

Бұл мақала оқудың бөлігі мен маңыздылығын қарастырады. Өздеріңіз білетіндей, диалектінің парасаттылық ақпараты, ең алдымен, тыңдаушының алған икемділіктері мен мүмкіндіктерін жаттығуларында пайдалану мүмкіндігіне сәйкес келеді. Оқу ерекше сөйлеу қабілеттерінде зерттелетін диалект ақпаратының сақталуымен қатар дискурс әрекетінің басқа түрлерін (сөйлеу, баптау, құрастыру) жақсартуға ықпал етеді және өзгереді. Диалектінің өміршең ақпараты студенттердің диалект бойынша алынған ақпаратты және дағдыларды өздерінің білікті жаттығуларында пайдалану мүмкіндігін қамтиды. Себебі оқудың мақсаты мәліметтерді алу, ал қозғаушы процесс деректерге деген талапты орындау болуы керек.

The education sector points to form the necessary conditions and openings for the future generation to be not only physically and profoundly solid, but too to become well-developed, taught, and have knowledge at the level of extraordinary accomplishments within the world of science and innovation. To attain all this, we wish to define and develop an imaginative, considering identity. In cutting edge conditions, the request for an inventive individual is incredible and will continually increment [1; p. 154].

Each year, in spite of the far reaching utilize of radio and TV, the stream of data through books and Web sources increments, and the issue of acing perusing as a source of data, a implies of teaching and preparing qualified pros for the national economy gets to be of awesome significance.

Reading is a type of speech activity that permits you not to mimic, but to duplicate one of the shapes of genuine communication in a remote dialect. Based on this work, the educating of reading ought to be build, in my conclusion, in such a way that understudies see it as a genuine action that has viable centrality. What is the reason for destitute capability in fundamental reading methods and reading comprehension? The most reason is that instructors pay exceptionally small consideration to the advancement of teaching methods for reading and understanding content in an outside dialect. In expansion, verbal discourse within the classroom is given much more time than reading. In present day course readings, reading material, a separated approach to educating verbal discourse and perusing is reflected. Reading within the classroom appears to lose its freedom and turns into a quality of verbal discourse, and reading material-only an extra motivating force for the advancement of talking abilities [2].

Practical knowledge of the dialect comprises, to begin with of all, within the student's capacity to utilize the procured aptitudes in an outside dialect in their exercises. In comparison with verbal discourse and composing, the use of reading in commonsense exercises features a number of preferences. Verbal communication in an outside language is limited due to the need of a particular dialect environment, and after that perusing gets to be a vital source of data, a means of communication, as well as encourage improvement and enhancement of the person. Capability in perusing could be a fundamental condition for getting a strength in proficient colleges and colleges.

Reading contributes to the advancement of other sorts of discourse movement and the conservation of information of the examined dialect, in specific talking aptitudes. Within the prepare of reading, the lexicon is improved and settled, articulating abilities are practiced, and the plausibility of probabilistic estimating is created. No ponder in one of his addresses L. V. Shcherba said that information of the dialect is kilometers of lines examined [3; pp. 49-62].

In genuine life, we read about ourselves in our local dialect, and this sort of perusing makes a difference us to extricate the essential data. Reading out loud performs another communicative work – it makes a difference to communicate the gotten data to the audience. In genuine communication, it is restricted, so it can barely be the objective of considering in colleges.

Reading, like any activity, is deliberate and propelled. The reason of reading is to get data, the rationale is to fulfill the require for data. The result of the peruser can be positive and can be negative. In the event that the perusing components are not adequately shaped, the result will be negative, the peruser will not be able to get it the content, extricate the essential information. Work on overcoming technical difficulties within the perusing handle, that's , progressing the perusing procedure, happens at all stages of learning, but it is imperative to construct this work so that understudies

steadily increment the speed of reading, the volume and complexity of writings, and the speed of understanding [4]. On the off chance that there's no energetic of abilities, at that point the challenges of the content gotten to be unfavorably and understudies will not be able to attain the fundamental comes about, that's , to get it the text, so the intrigued in perusing, and at the same time within the Kazakh dialect debilitates. This state of mind to perusing is watched among understudies when the volume of writings for perusing increments, and the dialect capabilities of understudies stay constrained. This leads to a hole between the exertion exhausted (decoding the content) and comes about gotten (reading comprehension) [5. p. 49].

To summarize, it should be noted that at present, teaching reading is an extremely important task, and finding effective strategies and methods for teaching reading is a very difficult task of reading. Indeed, one of the generally recognized ways of organizing identity in a civilized society is reading, since it has an extraordinary mental and enthusiastic effect on a person.

References:

1. Galskova N. D. Modern methods of teaching foreign languages: A manual for teachers. - 2nd ed., AND add. - M.: ARKTI, 2003. - 336s.
2. Kholmatova, Sh. M. APPLICATION OF SITUATIONAL TASKS IN THE PROCESS OF TEACHING A FOREIGN LANGUAGE. Scientific Research Archive, (17, 2020).
3. Shcherba L. V. Selected works on the Russian language. - Flint Publishing HouseMoscow: 2016.
4. N. I. Samsonova. - Text : direct / / Young scientist. — 2018. — № 5 (191). — Pp.187-190
5. Kholmatova Sh. M., Abduganieva Sh. M. - The use of video materials in teaching a foreign language. Collection of articles. -2020.

УДК 372.851

ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА РАБОТЫ УЧИТЕЛЯ И КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ ПО ПРЕДМЕТУ ЧЕРЕЗ ВНЕДРЕНИЕ В ПРАКТИКУ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Ковалева Е.В. - 2курс магистрант

Түйін

Мақалада зерттеу жұмыстары арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру тәжірибесі сипатталған

Обновленное содержание образования Республики Казахстан и задачи, стоящие перед его различными уровнями, вызывают необходимость поиска новых подходов в их дальнейшем развитии.

Высокоэффективная система образования это один из основных факторов, который обеспечивает рост экономики страны и благосостояние казахстанского общества. Современные реалии жизни ставят перед учителем следующие вопросы:

«Как учителю суметь пробудить интерес к обучению в ребенке?», «Как

развить творческие способности ученика?», «Как научить детей мыслить, анализировать получаемую информацию, сравнивать, уметь выражать собственное мнение, научить применять полученные знания в жизни?», а самое главное, способствовать формированию конкурентоспособной личности [1].

Мектеп жасына дейінгі зақымдалған балаларда танып білуге деген ұмтылыстың, талаптың болмауына байланысты танымдық қабілеті төмен дәрежеде болады. Сондықтан зияты зақымдалған балалар өздерін қоршаған орта туралы көзқарасы нақты емес болады. Зияты зақымдалған балалардың сөздік қорының ерекшеліктері көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Белгілі болғандай зияты заымдалған балаларда сөйлеудің өздігінен қалыптасу процесі сапалы түрде бұрмаланады [1]. Сонымен бірге мектеп жасына дейінгі балаларда когнитивті дамудың артта қалуы байқалады

бұл белсенділік сөздік қордың қалыптасуы белсенді және пассивті сөздердің меңгеруіне әсер ететіндігіне ғалымдар назар аударады [2].

Зияты зақымдалған балалардағы алғашқы дыбыстар 12-ден 24 айға дейінгі кезеңде пайда болады, алғашқы сөздер ерекше балаларда 2,5 жастан 5 жасқа дейін, ал қалыпты дамуы10-18 ай бар балаларда айтылатыны ғалымдар тұжырымдарында бар [3]. Әсерлі сөйлеу сөздердің саны мен қызметіне орай белсенді сөйлеуді дамытудан алда келеді. Зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілі дамуының ерекшелігі баяу өсетіндігімен және мағынасы бойынша ең нақты сөздерден және оның өмірінде жиі кездесетін сөздерден тұратынымен анықталады. Сонымен бірге көптеген сөздердің мағыналары зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балаларда дәл емес және бір-бірінен ажыратылуы нақты еместігі бар. Сондықтан да белсенді сөйлеу кезінде мұндай балалар бір сөздің орнына басқа сөзді қолданады, көбінесе оны дыбыстық ұқсастыққа негіздеп ауыстырады. Негізгі ерекшелігіне байланысты олар сөздерді меңгеру кезінде ерекше айтылатын сөздердің мағыналарды, жалпы ұғымдарды білдіретін сөздерді жалпылай алмайды. Мектепке дейінгі ұйымда зияты зақымдалған балаларға көкөністер, жемістер, құс, үй және жабайы аңдар және олармен әрекет ету сияқты жалпылау сөздерді үйретеді. Дегенмен мұндай сөздерді түсіну көбінесе номинативті түрде болады. Зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балаларда жекеленген заттарды қабылдаулары (түстерге байланысты) логикалық түсініктер (жалпы түсініктер) белгілі бағыттағы сөздер (көкөніс, киім, құстар) жақсы қабылданады. Зияты зақымдалған балалардың сөздік қорын толықтыру бойынша жұмыстардың мазмұны ерекше. Мұнда анықталған сөздер (сөздікке енгізілген сөздер тізбегін) тізімі айқындалады, мағынасы балаларға түсінікті болуы керек және қолдана білуге үйрету қажет. Сөздік жұмыстар үшін сөздер тізбегі әр түрлі мақсаттардан шыға отырып құрылған болатын. Кейбір жағдайда әдіскерлер сөздің грамматикалық – орфографиялық қиындықтарды негізге алса, ал кейбіреулері – балалардың сөздік қорын толықтырудың құнды маңыздылығын негізге алады. Зияты зақымдалған балалардың белсенді сөздік қорында етістіктер аз кездеседі және ол етістіктерді қолдану бойынша да қиындықтар кездеседі. Мысалы, секіру, жорғалау, ұшу етістіктерін қолдануда зияты зақымдалған балалар «шегіртке секіреді», «өрмекші жорғалайды», «құс ұшады» дегенді «шегіртке келе жатыр», «өрмекші келеді», «құс келеді» деп айта алады.

Зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сөздерді толықтыру үшін жиі қолданылатын жетекші сұрақ қажет. Зияты зақымдалған балалардың олардың бойындағы «ерекшелік» жалпы сөздік қорды дамытуда, жаңартуда қиындық тудыратыны белгілі. Зияты зақымдалған балаларды зерттеген А.Р.Лурия зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балаларда қалыптыға қарағанда парадигматикалық типтегі сөздік ассоциациялар аз болатынын атайды [4]. Сонымен, зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардағы психикалық лексика-семантикалық бұзылулар балалардың көпшілігінің сөздер мағынасын білмеуінде және дыбыс жағынан ұқсас келетін

бір сөздің мағынасын басқа сөздің мағынасымен ауыстыру сияқты қателіктер жібереді. Осыған байланысты зияты зақымдалған балалар сөздерді дұрыс қолдана алмайды, көбіне сөздердің ұқсас дыбысталуына қарай қолданады. Зияты зақымдалған балалар сөздердің мағынасына қарай жалпылауды да өте қиын қабылдайды, етістіктер, сын есімдер мен үстеулерді қолдануы мүлдем кездеспейтін жағдайлардың бары да осыған байланысты.

Әдебиеттер

1. Ибатова Г.Б. Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмысы: әдістемелік нұсқау. Алматы: 2015. – 62 б

2.Забрамная, С. Д. Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей [Текст] / С. Д. Забрамная. – М. : Просвещение, Владос, 1995. – 112 с

3.Соботович, Е. Ф. Речевое недоразвитие у детей и пути его коррекции: (дети с нарушением интеллекта и мотор. алалией) [Текст] / Е. Ф. Соботович. – М. : Классикс стиль, 2003. – 160 с.

4.Лурия, А. Р. Письмо и речь: Нейролингвистические исследования [Текст] : учеб. пособие для студ. психол. фак. высш. учеб. заведений / А. Р. Лурия. – М. : Академия, 2002. – 352 с

ӘОЖ 81' 373.611

БАСТАУЫШТА БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМЫТУ

Унгарбаева Б.А. -102-28 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Байымбетова Ж.А. - ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются проблемы развития речи в начальных классах посредством детской художественной литературы

Табиғат пен өмір әлемін поэзиялық өрнекпен біртұтас бейнеде суреттеп көрсететін, балалардың ойын орнықтырып, игілігіне айналдыруда, олардың сөз мәнісін түсінуге баулуда,тілін дамытуда балалар әдебиетінің тәлім-тәрбиелік мәні ерекше.

Тәрбие – тарихи үрдіс, оған адамзат қоғамында талай ғасырды бастан өткізіп, қасиетті мұраларға айналып, бүгінгі жас ұрпаққа жеткеніне, отанымызға оралған Күлтегін жазба ескерткіші, әл Фарабидің философиялық, педагогикалық, дидактикалық ой-пікірлері дәлел.

Балалар әдебиетінің негізі - ауыз әдебиетінде. Сондықтан балалар әдебиетіне зерттеу жасағанда халықтың ауыз әдебиетін аттап өтуге болмайды. Өйткені, халықтың ауыз әдебиеті - балалар әдебиетінің алтын қоры.

Фольклортанушы К.Ісләмжанұлы осы шарттар бойынша қазақ балалар фольклорын мынандай топтарға жіктеп, ішкі жанрлық түрлерге бөледі: Әлпештеу поэзиясы(*бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары)*

Балалар әдебиетін жасаған — халық. Адамға баласынан жақын, баласынан артық ешнәрсе болмаған. Халық ешнәрсені де өзінің баласынан жоғары бағалаған емес. Сондықтан халық ең алғаш өзінің жақсы ойын, жақсы қиялын өлең етіп, ән етіп тұнғыш рет баласына арнаған. Жас нәрестенің дүниеге келуін, қуаныш еткен. Баланы жұбату, ойнату, тәрбиелеу, оның алдына неше алуан тілек мақсаттар қою өлеңмен жырмен, көркем сөзбен айтылған. Өйткені, «Адам — дүниені ұйымдастырушы», екінші жаратылысты, мәдениетті жасаушы күш-қуаттың иесі, адам жаратылыстың органы, жаратылыс оны өзін тану, өзін көркейту үшін туғызған — міне балаларға осыны ұғындыру керек. Балалар алты-жеті жасынан ой-пікірдің кереметтей күшін түсіне бастауға, әлеуметтік көріністердің мағынасын ұғынып, өз қабілеттерін тануға тиіс. Сондықтан балаларды өмірмен таныстырғанда, бұрынғы өткен заман туралы, еңбек процестерінің және ой-пікірдің ұйымдастырғыш жұмысының бастапқы кезеңі туралы әңгімелерден бастау керек» —деген М. Горькийдің пікірін ескерген жөн болмақ.

Ұлы жазушымыз, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзінің «Ертегілер» деген ғылыми зерттеу еңбегінде халықтық шығармалар ішінде үлкендермен қатар балаларға тән, екеуіне бірдей қызмет ететін неше алуан қызықты материалдардың барлығын айтып, талдаулар берген. «Хайуанат жайындағы ертегілердің көбі балаларға арналған күлкі, жеңіл әңгіме болып та кетеді. Олар «Құйыршық», «Қотыр торғай», «Мақта қыз бен мысық», «Шудалы торғай», «Күшік пен мысық» сияқты көптеген ертегілер[1].

М.Горький ауыз әдебиетін еңбекші халықтың ұжымдық шығармасы деп қарайды.«Ұжым әр уақытта өзінің шығармасын ойлылық және көркемдік жағынан жетілдіріп отырады, мәнерлейді,шырайландыра түседі» -дейді. Бұған ол ауыз әдебиетіндегі бейнелерді көрсетеді. «Қаһармандардың көркемдік жағынан жетілген, ең терең, ең айқын кейіпкері – еңбекші халықтың ауыз әдебиетінде жасалады» - дейді[2].

Ана тілінің баға жетпес құдіреті мен қуаты туралы тұңғыш ұлттық педагогика пәнінің негізін қалаған М.Жұмабаев тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілінің болуы. Ұлт тілінің кеми бастауы, ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұратындығын көрсете келе, ана тілін ұмытқан халықтың толыққанды ел болып өркендеп, қанат жаюы мүмкін еместігін дәлелдеген[3].

Қазақ халқының әдебиеті ешбір халықтың әдебиетінен өзінің бай мазмұнымен, жанрлық әркелкілігімен, поэтикалық қуатымен салыстырғанда кем емес екені белгілі. Бірқатар ғалымдарымыз бен әдебиет зерттеушілеріміз қазақта А. Гайдар сияқты балалар әдебиетінің ұлы тұлғалы дербес өкілдері болмаған соң балалар әдебиеті жоқ деп те келді. Қазақ балалар әдебиетін тек Ыбырай Алтынсариннен бастау қажет деген пікірлердің болғаны да анық. Ол жалпы әдебиеттік мұрадан дараланып бөлінбеген, сонымен бірге жасасып келе жатқан жалпы мұра деп айтушылар да табылған. Мұның бәрі де балалар

әдебиетінің жалпы структурасына жете түсінбегендіктен жеңіл-желпі айтыла салған пікірлер еді. Керісінше қазақ балалар әдебиетінің де өсу, өркендеу, даму жолдарының болғандығы күмәнсіз.

Бүгінгі қазақ балалар әдебиетінің асыл мұралары: халық ауыз әдебиетінен басталады. Балалар әдебиеті XIX және XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев т.б. ақын-жазушыларымыздың балалар әдебиетіне қосқан мұраларымен байыды. Өз алдына дербес үлесі бар, толық мәнді әдебиет болды.

Балалар әдебиетін зерттегенде, оның төмендегідей басты-басты алты түрлі ерекшеліктеріне тоқтауға болады.

Біріншіден, балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеттілігі әңгімеленіп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін, әсіресе көрнектілігін, өз өмірінің айналасынан алынып отыруын қажет етеді.

Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірден әсер ететін күшті де, мағыналы сөздер айтылуы керек. Чернышевскийдің сөзімен айтқанда: «ах, не деген қорқынышты» немесе «қандай тамаша»» деп отыратындай болуы тиісті. Балаларды өмірдің жарқын болашағына қанаттандырып, шарықтатып отыру шарт.

Үшіншіден, балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу өзгешеліктері мен әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар алдымен оқиғаның туып отыруына, бұлардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінездерінің әржақты болуына қызығады. Одан соң оның, неден шыққан себептерін іздестіре бастайды.

Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер бейнелеуді ұнатады, оған сүйсіне қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері олардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі.Пейзаждық сурет эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі.

Бесіншіден, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұны мен идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын танытуға себепкер болуға тиісті. Оларды белгілі мамандыққа, еңбек сүйгіштікке әуестендіре білуі керек.

Алтыншыдан, «Сөз - әдебиеттің негізгі материалы болып табылады. Біздің барлық әсерімізді, сезімімізді, ойымызды көркем түрге келтіретін сол. «Әдебиет - сөз арқылы сұлу суреттелетін искусство»,-деген М. Горький.

Балалар әдебиеті деген не? Оның мақсаты қандай? Балалар әдебиеті - жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілік моральге тәрбиелейтін өмір оқулығы. Оның мақсаты — мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, 16 жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беруді көздейді. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге талпынтады. Оның келешегіне жол ашады, бағыт сілтейді. Өмірге жанасымды, икемді, төзімді күрескер етеді.

Әдебиеттер

1 Ертегілер. – Алматы: «Жазушы», 1988. – 284 бет.
2 Горький М. Әдебиет туралы. – Алматы, 1943. – 179 бет.
3 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.– 298 б
ӘОЖ 371.3

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ

Сандыбай Аида Әбдіқасымқызы – 123-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Әбішева Ләззат Пірназарқызы – п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье излагаются возможности формирования познавательной компетентности учащихся. Дается понимание понятий «познание», «компетентность» и др. Предусматривается внедрение методики развития познавательной компетентности учащихся в учебно-воспитательный процесс.

Қазақстандық білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде мемлекеттік білім беру стандарттарында талаптар білім мазмұнының міндетті минимумына емес, білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелеріне, негізгі білім беру құзыреттіліктері түрінде көрсетіледі.

Білім беру үдерісіндегі негізгі бағыттардың бірі жобалық тапсырмаларды шешу барысында кіші жастағы оқушының жобалық белсенділігінің бейімділігін қалыптастырудың мақсаттылығын анықтайды.

Заманауи стандарттарда мұғалімнің алдына қойылған мақсаттарға қалай жетуге болатындығын түсіну бізге бұл мәселені мектептің білім беру кеңістігіндегі жобалық міндеттер жүйесін шешу үдерісінде кіші жастағы оқушының танымдық құзіреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру арқылы қарастыруға көмектесті. Біздің гипотезамызға сәйкес, оқушының танымдық құзіреттілігін қалыптастыру үдерісі сәтті болады, егер:

1) танымдық құзыреттілікті проблемаларды еңсеру кезінде (атап айтқанда, жобалық міндеттерді шешу кезінде) көрінетін жеке тұлғаның кешенді интеграцияланған сапасы ретінде қарау;

2) жобалық міндеттер жүйесін шешу үдерісінде баланың жеке басының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық құзыретін қалыптастыру;

3) мектептің білім беру кеңістігінің құндылық-мәдени жағдайларын пайдалану.

А.В. Хуторской танымдық құзыреттілікті «білімді арттыруға, танымдық іс-әрекет әдістерін игеруге, білім беру іс-әрекетінде белгілі бір дағдыларды дамытуға, шығармашылық ойлауды және оқу іс-әрекетінде дербестікті дамытуға бағытталған негізгі құзыреттілік» ретінде анықтайды [1].

Танымдық құзіреттілікті анықтайтын интегративті сипаттаманың құрылымын қарастырамыз. Егер біз танымдық құзіреттілікті танымдық жағынан қарастыратын болсақ, онда оны мақсат қою, жоспарлау, білім беру және өмірлік жағдайлардағы мәселелерді шешу, уақытты бөлу кезіндегі іс-қимыл әдістерін білу ретінде сипаттауға болады. Қызмет-операциялық тұрғыдан алғанда, ол іс-әрекеттегі қиындықтар мен осы қызметтің мақсатын

тұжырымдау, іс-шаралар жоспарын құру, жоспарланған жоспарларды жүзеге асыру, нәтиженің мақсатқа қатынасы, қателерді анықтау және оларды түзету, қызметті жоспарлау кезінде басымдықтарды анықтау арқылы анықталады. Құндылық-мотивациялық жағынан құзіреттілік қиындықтарды жеңуге, қателіктерден қорықпауға, яғни белгісіздікке қарсы тұру, танымдық іс-әрекетте ұйымшылдық пен өзін-өзі басқаруды көрсетуге деген ұмтылыспен сипатталады.

Танымдық құзіреттіліктің даму деңгейлерін шартты түрде төмен, ортадан төмен, орташа, ортадан жоғары және жоғары деп қабылдауға болады.

Оқу үрдісіндегі белсенділік тәсіліне сүйене отырып, әр деңгейдегі жас оқушының танымдық құзіреттілігінің сапалы сипаттамасын қарастырыңыз.

Төмен деңгей.

Баланың мектепке деген теріс көзқарасы, мақсаттың, қызығушылықтың болмауы, сәттілікке деген үміт тән; жалпылау қабілетінің төмендігі, логиканың және ойлаудың икемділігінің төмен деңгейі диагноз қойылады; студент тапсырманың құрылымын қалай ажырата алмайды, тапсырма шартымен схеманы анықтай алмайды; төмен немесе жоғары өзін-өзі бағалау бар, назардың төмен деңгейі бар, бақылау жоқ немесе бақылау жоқ. бағалау болмаған кезде еріксіз назар аудару деңгейі; оқушы тапсырмаларды қабылдамайды немесе тапсырманың аз ғана бөлігін қабылдайды және оны толық сақтамайды.

Орташадан төмен.

Сыртқы немесе ойын мотивациясы тән, студенттің практикалық тапсырманы қабылдауы байқалады, жаңалыққа реакциясы байқалады; жалпылаудың орташа қабілеттері көрінеді; ойлаудың қисындылығы мен икемділігінің жеткілікті деңгейі сипатталады; бала тапсырма мәтінінің семантикалық бірліктерін анықтайды, бірақ осы схемаларда тек олардың бөліктерін табады; рефлексиялық белсенділік пен назардың орташа деңгейі диагноз қойылады; оқушының ықтимал бақылауы белгіленеді. болжамдық бағалаудың жеткіліксіздігі тән болса да, ерікті назар аудару деңгейі жеткілікті ретроспективті бағалаумен сипатталады; оқушы тапсырманың мақсатын ішінара қабылдайды және оны сабақтың соңына дейін толық көлемде сақтай алмайды.

Орташа деңгей.

Бағалау мотивациясы тән; танымдық тапсырманы практикалыққа қайта анықтау; балада қызығушылықтың немесе ситуациялық оқу қызығушылығының көрінісі бар; тапсырманың объективті күрделілігін, жалпылауға жақсы қабілеттіліктің көрінісі; ойлаудың қисындылығы мен икемділігінің жақсы деңгейі, зейіннің тұрақты деңгейі, ерікті назар деңгейінде нақты бақылау, ықтимал барабар болжамдық бағалау диагноз қойылады; оқушы тапсырманы толығымен қабылдайды, жұмыс барысында ол бірнеше қателіктер жібереді, субъективті тәжірибенің танымдық түрі тән.

Ортадан жоғары.

Әлеуметтік немесе танымдық уәждеме тән; оқушыға танымдық мақсатты қабылдау және практикалық есепті теориялық мақсатқа қайта анықтау тән; ол

өзінің күш-жігеріне сүйене отырып, тұрақты танымдыққызығушылыққа ие; жалпылау қабілетінің жоғары деңгейі тән; студент тапсырма мәтінінің семантикалық бірліктерін, олардың арасындағы қатынастарды анықтайды және осы схемалар арасында тапсырманың құрылымына сәйкес келеді; ықтимал рефлексивті бақылау көрсетілген, нақты болжамдық бағалау тән, бала тапсырманы толығымен қабылдайды, жұмыс барысында кейде бірнеше қателіктер жібереді; субъективті тәжірибенің коммуникативті түрі тән.

Жоғары деңгей.

Танымдық мотивация айқын көрінеді; баланың оқу мақсатын өз бетінше қоюына тән; жалпыланған танымдыққызығушылық тән; өзекті рефлексивті бақылау басым; тапсырманы орындау кезінде оқушы өз күш-жігеріне сүйенеді; тапсырма толығымен қабылданады, барлық компоненттерде тапсырма мәтінінің семантикалық бірліктерін, олардың арасындағы қатынастарды анықтайды және берілген құрылымдардан сәйкес схеманы табады; сондай-ақ, ол іс-әрекеттің өзін-өзі тануының жоғары деңгейіне және рефлексивті дағдылардың көрінісіне, нақты болжамдық бағалауға ие; оқушыға субъективті тәжірибенің шығармашылық түрі тән [2].

Оқушының танымдық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлерінің сапалық сипаттамасы танымдыққұзыреттілігінің қалыптасу шекаралары мен үдерісінің өзін көруге және оны даму динамикасында жеке-жеке қарастыруға мүмкіндік береді. Кіші жастағы оқушының танымдыққұзыреттілігін қалыптастыру үшін жеке карталарды құрастыру мұғалімге инновациялық технологияларды, атап айтқанда, жобалық технологияны пайдалана отырып, қажетті жағдайларды жасау кезінде оқу үдерісін құрудағы жұмысты реттеуге көмектеседі.

Оқушылардың танымдық құзыреттілігін қалыптастыру білім алушының жеке қасиеттерін дамытудың кезеңді және күрделі үдерісі ретінде практикада білімді қолдануды көрсететін білім беру өнімдерін жасауға бағытталған жобалық тапсырмалар жүйесін шешу үдерісінде жүзеге асады деп есептейміз. оның жалпы білім беру дағдылары мен практикалық дағдылары. Жобалық тапсырмалармен жұмыс оқу үдерісіндегі сынып-сабақ әрекетін үйлесімді түрде толықтырады және бұл үшін жеке сабақтардың уақыт шеңберімен шектелмей, неғұрлым қолайлы жағдайларда білім берудің жеке және мета-пәндік нәтижелерін алу бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жобалық міндеттерді шешу мектептегі білім мазмұны мен қоршаған әлемде болып жатқан нақты оқиғалар арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1 Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзыретті педагогтарды даярлау негіздері. Оқу құралы. –Алматы: 2009. -240 б.

2 Беркімбаева Ш.К., Құнантаева К.К., Қалиев С.Қ. және т.б. Педагогика тарихы. – Алматы: ҚазМемҚызПУ. 2009. - 370 б.

3 Загашев И. О., Заир-Бек С. И. Критическое мышление: технология развития. — СПб: Альянс-Дельта, 2003. — 284 с.

ӘОЖ 371.48

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ГУМАНИСТІК КӨЗҚАРАСЫН ДАМЫТУ ПРАКТИКАСЫ

Жандабаева Арайлым Қыдырәліқызы – 1801-10ж тобының студенті
Ғылыми жетекші: Қаражігітова К.Н. – п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме.

В статье рассматривается современная необходимость формирования гуманистического мировоззрения учащихся через слова назидания Абая Кунанбаева в учебно-воспитательном процессе школы и его научно-педагогическое, методическое обоснование.

Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қатысты ең күрделі мәселе ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени мұраларды жасөспірімнің бойына ізгі қасиеттерді сіңіріп, ұлттық сана сезімін қалыптастыру, рухани байлығын өсіру және ізгілікті көзқарастарын қалыптастыру болып отыр. Сондықтан бүгінгі таңда жас ұрпақты халықтық тәрбие негізінде тәрбиелеу үшін ұлы ақын-ағартушы Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары мен идеяларын мектеп пәндеріне кіріктіру мүмкіндіктерін зерттеу өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Осыған орай, Қазақстан тарихындағы көрнекті қазақтың ұлы ақыны, композитор, философ, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, оның алғашқы классигі Абай Құнанбаевтың педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметінің дамуын және оның ізбасар шәкірттерінің тәлім-тәрбиелік мұраларын жаңаша зерттеудің қажеттігі туындады. Біздің мақсатымыз Абай Құнанбаевтың шығармалары мен қара сөздеріне бүгінгі күн тұрғысынан ғылыми-теориялық сипаттама беру, олардың оқушылардың ізгілікті көзқарасын қалыптастыру мүмкіндігін айқындау болып табылады.

Заманында өз халқының энциклопедиясы болған Абай адамгершілік туралы көп жәйларды қозғады. Соның бірі – адамның мінез – құлқы, дәстүрі, салт – санасы, атап айтқанда, қазақ елінің психологиялық өмірінің жақсы, жаман көріністері еді.

Кесте 1 - Абай шығармаларындағы дидактикалық ойлар жүйесі.

Дидактикалық санаттар	Ақын шығармаларында	Дидактикалық пікірлері
1	2	3
1. Оқытудың мақсаты	Жасымда ғылым бар деп ескермедім. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін. Ғылым таппай мақтанба. Әсемпаз болма әрнеге. Интерннатта оқып жүр. Біреудің кісісі өлсе... Қара сөздерінен – 31, 25, 38;	Оқыту, білім берудің мақсаты – білім беру, тәрбиелеу, дамыту арқылы жан – жақты, үйлесімді дамыған заман талаптарына сай адам қалыптастыру.
2. Оқыту мазмұны	Түбінде баянды еңбек... Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат. Интернатта оқып жүр. Көкбайға. Сегіз аяқ. Әсетке. Жастықтың оты жалындап, т.б. Қара сөздері – 17,	Әлемді танитұғын, дүниені көздеп, білім іздеу, ғылымды меңгерту, Алланы танитұғын, жаратылысты, адамды танитұғын, өнерді меңгеру, т.б.

	25, 27, 33, 38, 45, т.б.	
3. Оқыту заңдылықтары	Білімдіден шыққан сөз. Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Жапырағы қуарған ескі, Сегіз аяқ, т.б. Қара сөздері – 13, 15, 17, 19, 32, т.б.	Оқыту мен тәрбиенің бірлігі. Оқытудың бағыттылығы. Оқушының талаптылығы мен ынтасы, оқытушының бейімділігі болуы, саналылығы, оқу материалының болуы, ұстаздың білімі мен біліктілігі т.б.
4. Оқыту қағидалары	Талай сөз бұдан бұрын..., Жасымда ғылым бар деп ескермедім. Базарға қарап тұрсам әркім барар. Ата – анаға көз қуаныш, т.б. Қара сөздері – 10, 11, 14, 32, 33, 38, 43, 44, т.б.	Ғылымилығы, бірізділігі, беріктігі, ұстаздың басшылығы, оқушының талаптылығы мен ынтасы, қызығуы, саналылығы, өмірмен ұштасуы, т.б.
5. Оқыту әдістері	Жол көрмек, жоба білмек. Қара сөздері – 12, 13, 15, 17, 31, 32, 37.	Үйрету, қайталау, үлгі көрсату, ынталандыру, бағалау, бақылау, т.б.
6. Оқыту және оқу іс- әрекеті	Көжекбайға. Сегіз аяқ. Интернатa оқып жүр. Ғылым таппай мақтанба. Қара сөздерінен – 32, 38, 43;	Оқушылардың белсенді оқу іс – әрекетін ұйымдастыру.
7. Оқу мотивтері	Не іздейсің көңілім. Жастықтың оты қайдасың. Күлімсіреп аспан тұр. Сегіз аяқ т.б. Қара сөздері – 7, 15, 38, 44, т.б.	Оқушының іс – әрекетіне түрткі береді, оқушының белсенділігін оятатын ішкі қозғаушы күштер, іс – әрекетіне бағыт беретін себептер.
8. Таным үрдісі	Әуелде бір суық мұз, Ата – анаға көз қуаныш. Білімдіден шыққан сөз. Қара сөздері – 15,17, 31, 38, 43;	Кең ауқымды дүниетанымын қалыптастыру.
9. Біл және білім, біліктілік	Білімдіден шыққан сөз. Ғылым таппай мақтанба. Интернатa оқып жүр. Мұны жазған кісінің... Сегіз аяқ, т.б. Қара сөздері – 14, 32, 38.	Ғылыми білім негізінде дүниетанымын қалыптастыру.
10. Ізден және іздену	Бір дәурен кемді күнге боз балалық. Ғылым таппай мақтанба. Біреуден біреу артылса. Сегіз аяқ, т.б. Қара сөздері – 7, 15, 43, 44.	Шығармашылық іздену іс – әрекетіне тәрбиелеу.
11. Үйрен және үйреу туралы ілім.	Әсемпаз болма әрнеге. Көжекбайға. Ата – анаға көз қуаныш. Әсетке... Қара сөздері – 13, 19, 32, 41, 43, 44;	Үздіксіз үйрену, оқу арқылы білімін үнемі дамытып отыру
12. Ұқ. ұғыну.	Қартайдық қайғы ойладық. Әсетке. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп ... Қара сөздері – 7, 8, 9, 10.	Оқығанын, алған білімін үбегейлі ұғынып – түсіну арқылы өмір қажетіне жарату. [1]

Осылардың ішінде Абай адамгершілік тәрбиеге ерекше мән бере, тереңнен толғай айтады. Абай шығармаларындағы адамгершілік тәрбие мәселесі философиялық ойлармен қабат өріледі де, ол адам болмысындағы ғасырлар бойы зерттеу нысанынан түспей келе жатқан психологиялық мәселелермен астасады.

Ақынның эстетикалық көзқарастарының, балалар мен жастарды халықтық тәлім-тәрбие негізінде жүзеге асырудағы мәні, адамның сыртқы әсемдігі мен ішкі жан дүниесінің үйлесімділігіне қатысты пікіріне сүйенуге арналған еңбегінде профессор С. Ұзақбаева эстетикалық тәрбиеде оны қолданудың жол – жобаларына тоқталған [2].

Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі сын пікірлерінің тәрбиелік мәніне арналған мақаласында А. Мәкенов, ақынның 10 – қара сөзіндегі ата –аналарға сын пікіріне тоқтала отырып, "Интернатта оқып жүр" , өлеңі мен 32 – қара сөзіндегі пікірлерді оқушылардың өз бетімен білім алуындағы мәнін белгілеген. Ол ақынның "Артық ғылым кітапта" – дегенін ғылыми – педагогикалық тұжырым деп санайды. Автор мұнда ақынның сын көзқарастарының кейбірлеріне ғана тоқталғаны мен оның адамның (шәкірттердің) өзін – өзі тәрбиелеудегі мәнін, тәсілдерін ашып көрсетпеген. Абайдың "Ойға түстім толғандым" өлеңіндегі өзін сынауы, сол арқылы басқаларға өнеге көрсету емес пе? Сондай – ақ мақалада оның гуманистік пікірлерін (7 қ. с) қоғам өмірімен тығыз байланысын, жастардың барлығы бірі, бірі барлығы үшін жауап беру керектігін ескертеді деп сыңар жақты түсіндірген. Автор ақын шығармаларын кейбір балалардың міне- құлқындағы ауытқуларын қайта тәрбиелеуде пайдалану туралы тың пікір айтады [3].

«Абай – өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Европа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы- заман тынысы, халық үні» – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, Абай шығармашылығы, ұлы ақынның гуманизмі, үңілген сайын ашыла беретін шет-шегі жоқ ғажайып әлем. Өз дәуірінің кескін-келбеті, өткен заманның бедерін зерде қойып зерттеушісі, келер заманның шырақ алып, жол бастаушысы – Абай қашанда адамзат ақыл-ойын алдыға жылжытушылардың, парасат падишаларының ішіндегі дарасы болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1 Қалиев С. Абайдың педагогикалық көзқарастары / Қазақ халқының тәлім – тәрбие тағылымынан. – Алматы, 2002.

2 Ғаббасов С. Халықтың педагогиканың негіздері. – Алматы, 2004.

3 Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы, 2005

ӘОЖ 371.4

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ИМАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ ҮЛГІСІ

Шақтыбек Ербол Мұхтарұлы – 123-18 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Ортаева А.С. – PhD, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме.

В статье подчеркивается, что систематизация учебно-методических материалов дисциплины «самопознание» к содержанию среднего образования и эффективная

организация учебно-воспитательного процесса в данном направлении является главной задачей.

Замана жетістіктері негізінде жас ұрпаққа сапалы білім беруді мақсат еткен көпшілік қауым, халық педагогикасының асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді әрқашан жадынан тыс қалдырған емес. Соңғы жылдары өткізіліп жатқан ғылыми-практикалық конференциялар мен зерттеуші ғалымдардың нәтижелерінде этнопедагогика мұралары назарға ілініп, оны ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың қажеттілігі ұсынылуда.

Осы уақытқа дейінгі тәрбие мәселесімен байланысты зерттелген еңбектерді төмендегідей сараптама бойынша жіктедік:

- тәрбие теориясына қатысты еңбектер (Қоянбаев Ж.Б., Болдырев Н.И., Бержанов Қ., Мусин Ж., Мұхамбаева А.Х., Подласый И.П., Сейталиев К);
- қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық тәрбие мәселелері (Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ., Әбілова З.Ә., Сарыбеков Н.Қ., Ұзақбаева С.А., Наурызбай Ж.Ж., Қожахметова К.Ж., Жұматаева Е.Ө., Дүйсембінова Р.Қ., Қабдыразақұлы Қ., Мұхамбетова С.К., Сәдуақасов Ә., Қоңыратбаева Т.Ә);
- ұлттық тәрбиенің моделі мен терминологиясы жөнінде (Бөлеев Қ., Беркімбаева Ш.К., Оразбекова К.А);
- оқушылар ұжымындағы тәрбие мәселелері (Коротов В.М, Сабитова Г.В, Ходоровская З.А);
- ұйымдық тәрбиенің теориялық аспектілері (Көпжасарова М.Д., Байназаров Р., Галузинский В.М., Падалко Т.В);
- оқушыларға сыныптан тыс тәрбие берудің әдістемелері (Құнантаева К.Қ., Омаров Е.О., Садықова М.К);
- оқушылардың қоғамдық бірлестіктеріндегі тәрбие жұмыстары (Иржанова Р.Д., Лебединский В.В., Абаева Н.Б., Мұқанова Б.Ы., Қасенов Е.Р);
- балалар ұйымдарының дамуы мен қалыптасуының тарихи-педагогикалық аспектілері (Алиева Л.В., Волохов А.В., Литвак Р.А., Искандирова Т.Н);
- халық педагогикасы материалдары негізінде оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беру (Төлеубекова Р.К., Қаплиева А.Қ., Садықова М.К., Сайдахметов Б.С., Байсарина С.С) [1].

Мектептегі оқушылар ұжымының негізгі қалыптастырушы күші – оқушы балалардың қоғамдық қарым-қатынасы. Балалар арасындағы қарым-қатынас, мектеп оқушылар қауымының қоғамдық пікірін қалыптастырады. Оқушылардың өмірге және мектептегі педагогикалық ықпалдарға деген көзқарастары олардың жас ерекшеліктеріне қарай әр түрлі сипатта дамиды.

Ғұлама бабамыз Әл Фараби жас ұрпаққа тәрбиесіз білім беруге болмайтынын ескертті. Я.А. Коменскийдің ойынша ұйымдық тәрбиенің негізгі ошағы отбасы дәстүрі мен тәрбиеленуші оқушылар қауымдастықтары – ата-баба тағылымдарынан бастау алғанда ғана, оларға білім берудің тиімділігі мен сапалылығы және қоғам үшін қажеттілігі арта түседі деп санаған [2].

К.Д. Ушинский тәрбие мәселесін ауқымды ғылым саласы ретінде қарастырады. Оның ойынша, жас ұрпақтың санасына адами қасиеттер мен

ізгілік тағылымдарын қалыптастыру біріншіден – ғылыми зерттеу жетістіктеріне негізделсе, екіншіден – халықтың тәлім-тәрбиелік құндылықтарына сүйенуі керек деп, тәрбиенің "халықтық принципін" ерекше атауына мән беруді қуаттады [3].



Сурет 1 – ұлттық тәлім-тәрбие бағдарламасы арқылы жүргізілетін мектептердегі тәрбие жұмысының үлгісі (мысал)

Осы орайда, оқушыларға ұлттық тәлім тәрбие бағдарламасын қалыптастырған жөн. Мұндай бағдарламаның атқарылатын жұмыс түрлері келесілер болуы мүмкін: кездесу кештері; тарихи жерлерге жорық, саяхаттарға шығу; еңбек, соғыс ардагерлеріне қамқорлық көрсету; қоғамдық, мемлекеттік ұйымдармен жұмыс істеу; түрлі тақырыптар бойынша пікірталас, дебат өткізу; конференциялар, оқушылар жиынын өткізу; өнер, спорт, танымдық іс-шаралар өткізу.

Бұндай бағдарламалар арқылы оқушылардың ақыл-ойын, еріктік-сезімдік ұлттық адами қасиеттерін өркениеттік және ұлттық адами қасиеттерін өркениеттік және халықтық тәрбие түрлерін жас ұрпақтың бойына сіңірілу көзделеді.

Жоғары сынып оқушыларын өзін өзі тану сабағында имандылыққа тәрбиелеу , адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған, сондай-ақ, адамилыққа жатпайтын құбылыстардың алдын-алу мақсатында профилактикалық жұмысты ұйымдастыру, патриотизмді қалыптастыру,

зорлық-зомбылық, терроризмді қабылдамау сезімін тәрбиелеу үшін біз педагогикалық модель құрастырдық.

Жоғары сынып оқушыларын өзін – өзі тану сабақтарында имандылыққа тәрбиелеу моделінің мақсаты – жоғары сынып оқушыларын өзін – өзі тану сабақтарында имандылыққа тәрбиелеу.

Міндеті – жоғары сынып оқушыларын өзін – өзі тану сабақтарында имандылыққа тәрбиелеудің шарттарын қалыптастыру .

Алдыға қойған мақсатымыз келесі ұстанымдар бойынша жүзеге асады:

- Ұжымда оқыту мен тәрбиелеу: оқыту мен тәрбиелеу адамдармен қарым-қатынас арқылы жүзеге асады, сондықтан оқушылардың ұжыммен жұмыс істегені ыңғайлы;

- Ынтымақтастық: кез келген жұмысты келісіммен атқарса, нәтижесі оңды болады;

- Көрнекілік: оқушылардың визуалды-бейнелі ойлауы жақсы дамығандықтан, имандылыққа тәрбиелеу шараларын көрнекі құралдармен көрсету арқылы өткізген дұрыс.

- Оқыту мен тәрбиелеудің қоғамдық-құндылықтық мақсатты бағыттылығы: имандылыққа тәрбиелеу үшін адам бойында қоғамға құнды қасиеттерді тәрбиелеу маңызды, сондықтан аталған ұстаным біз үшін қажет болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Хмел Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. -Алматы: Ғылым, 2002.- 168б.

2. Әлқожаева Н.С. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеяларының дамуы: пед. ғылымд. канд.... дис. автореф.: - Алматы, 2001.- 25б.

3. Жадрина М.Ж., Байжасарова Ғ.З., Қажығалиева Ж.Б., Әрінова Б.А., Ізғұттынова Р.О., Әкімбаева Ж.Ж., Сейтақов А.С. Мектептің жоғары сатысына арналған өзін-өзі тану бойынша бағдарлама. 2009.

ӘОЖ 371.8

ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕГІ «БУЛЛИНГ» ҰҒЫМЫН ТАЛДАУ

Еспулатова Тулғанай Абдухашимқизи – 123-18 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Ахмет Лаура Сматуллақызы – п.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье авторы отмечают, что в современных условиях деятельность по профилактике издевательств в школе является актуальной и необходимой. Школьный буллинг-это социальное явление, присущее в первую очередь школе, в основном организованным группам детей.

Мектептегі зорлық-зомбылық мәселесі XX ғасырдың басында пайда болды, 1905 жылы К.Дьюкс алғаш рет осы тақырыпта өз жұмысын жариялады. Буллинг мәселесін алғашқы жүйелі зерттеуді скандинавиялық зерттеушілер жүргізді: Д. Олвеус, П.П. Хайнеманн, А. Пикас, Е. Роланд. Олар буллинг тұжырымдамасын жасады – (bullying ағылшын тілінен аударғанда bully – бұзақылық), оны қысым көрсету, кемсіту және қорлау деп анықтады [1].

Д. Лейн өз зерттеулерінде Э. Роландтың жұмысына сүйенді және қорлаудың келесі анықтамасын береді: зорлық-зомбылық, ол қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін, физикалық немесе психикалық болуы мүмкін және қазіргі жағдайда өзін қорғай алмайтын жеке адамға немесе адамдар тобына қатысты көрінеді.

1990-шы жылдары АҚШ-тың мектеп қызметкерлерінің ұлттық қауымдастығы қорлауды бір немесе бірнеше оқушының басқа оқушыға жасаған ауызша және/немесе вербалды емес мінез-құлқының динамикалық және қайталанатын модельдері ретінде анықтады, зиян келтіруге деген ұмтылыс бар, сонымен қатар нақты немесе айқын айырмашылық бар.

Besag сияқты басқа шетелдік ғалымдар қорқыту ұғымы туралы өз идеяларын ұсынды. Besag (1989) қорқыту – бірнеше рет шабуыл ретінде анықталуы мүмкін мінез-құлық – физикалық, психологиялық, әлеуметтік немесе ауызша-күші формальды немесе ситуациялық жоғары адамдарда, өзін-өзі қанағаттандыру үшін азап шегу ниетімен өзін қорғауға мүмкіндігі жоқ адамдарда бірнеше рет көрінуі мүмкін деп ұсынды [2].

T. R. Heald (1994) тұжырымына сәйкес, қорқыту – бұл бір адам немесе топ жүзеге асыратын және нақты жағдайда өзін қорғай алмайтын адамға бағытталған, адамды ренжітуге, қорқытуға немесе ұзақ уақытқа созуға саналы түрде бағытталған ұзақ мерзімді зорлық-зомбылық, физикалық немесе психологиялық.

Қорлауды P.K. Smith және I. Whitney жағдайлары ретінде анықтай отырып, қорқыту, ұрып-соғу және тепкілеу, бөлмені құлыптау, қорқынышты хабарламалар жіберу, адаммен қарым-қатынастан бас тарту сияқты қудалаудың нақты мысалдары келтірілген.

Arora (1994) мектеп ортасында буллинг мәселесін зерттей отырып, буллинг – бұл мектептегі жастар арасындағы қарым-қатынаста орын алатын, реніш немесе стресс сезімін тудыратын бақыланатын әрекеттер деген қорытындыға келді [1].

R. J. Hazler (1996) көптеген авторлар сияқты, қорлауды жеке-жеке немесе топтарда жасауға болады және үстем субъект («құқық бұзушы») аз үстем субъектінің («құрбандар») шатасуын тудыратын мінез-құлықты бірнеше рет көрсететін өзара әрекеттесу ережелерін бұзуды тудырады.

Отандық ғалымдар А.А. Бочавер және К.Д. Хломов қорлауды зерттеудің үш негізгі тәсілін анықтайды:

1. Диспозициялық – бұл тәсілде қорқыту субъектілеріне, қудалау жағдайларына қатысушылардың жеке ерекшеліктеріне, адамның жәбірленуші немесе агрессор болуына әкелетін жеке тұлғалық алғышарттарға көбірек көңіл бөлінеді.

2. Темпоралды-тәсіл адамның өмір жолында тәуекелдердің теңгерімсіз іске асырылуын зерттейді, сондай-ақ өмір оқиғаларына байланысты жоғары сезімталдық кезеңдерінің болуын атап көрсетеді, олардың тәжірибесі адамның осалдығын арттырады және қорлау жағдайында агрессор немесе жәбірленуші рөлін игеру қаупін арттырады.

3. Контекстік-бұл тәсіл қоршаған ортаның, топтық микроклиматтың және процестердің маңыздылығын көрсетеді. қоғамдастықта жүйелік болып табылады, өйткені адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің басым тәсілі билік теңсіздігіне негізделген әдіс болып табылады: контекст адам ішіндегі үй-жайларды жаңартады және қорқытуды тәуекелдер санатынан шындық санатына ауыстырады [2].

Бұл тәсілдер қорқыту жағдайларын тоқтатуға бағытталған психологиялық жұмыстың мақсаттары тұрғысынан ерекшеленеді.

Кейінірек отандық зерттеушілер қорқыту мәселесін зерттеуге назар аударғанына қарамастан, қазіргі уақытта олар бұл мәселені белсенді түрде зерттеп жатыр, алғашқы жұмыстардың бірі «Қорқыту дегеніміз не және онымен қалай күресуге болады?» тақырыбы И.С. Кохқа тиесілі. Игорь Семеновичтің мақаласы қоғамның назарын мектеп ортасында зорлық-зомбылықтың болуына аударды және бұл әлеуметтік проблема тек мұғалімдер мен ата-аналар ғана емес, сонымен қатар ғылыми қоғамдастық та ерекше назар аударуды қажет ететінін түсіндірді.

Кон қорқытуды қорқыту, физикалық немесе психологиялық террор деп анықтады, ол бір адамды екінші адамға бағындыруға және басқасында қорқыныш тудыруы мүмкін.

Мектеп ортасындағы қорлау туралы мақаласында О.Д. Маланцева «мектептегі қудалау» (school bullying) жеке тұлға немесе топ тарапынан осы жағдайда өзін қорғай алмайтын адамға қатысты ұзақ мерзімді физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықты ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, психологиялық және психологиялық зорлық-зомбылықты да қамтитынына назар аударды. педагогикалық мәселелер.

Глазман, көптеген авторлардан айырмашылығы, қорқыту – бұл жеке адамға қатысты зорлық-зомбылық пен қорлау емес, топтағы өзара әрекеттесудің стереотипі, онда адам ұзақ уақыт бойы басқа адамның немесе үлкен күшке (күшке) ие адамдар тобының қасақана зиян келтіруі немесе ыңғайсыздығымен кездеседі.

Е.Н. Ушакова боулинг құрбанға зиян келтіру, оны қорқыту және/немесе күйзеліске ұшырату мақсатында психологиялық, физикалық немесе психологиялық агрессияны (шабуылды) білдіреді.

С. Кривцованың айтуы бойынша, бұл кейбір балалардың басқаларына қарсы агрессиясы, агрессор мен жәбірленушінің күштерінің теңсіздігі болған кезде, агрессия қайталануға бейім. Кривцова күштердің теңсіздігі мен қайталануы буллингтің екі маңызды белгісі деп санайды.

Д.Н. Соловьев өз зерттеулерінде буллингтің жанжалға ұқсас құрылымы бар, бірақ оны жанжалдың өзара әрекеттесуінің басқа түрлерінен ерекшелейтін ерекше белгілері бар екенін атап өтті. Мысалы, күш тепе-теңдігі сияқты, бір жағынан физикалық немесе психологиялық күші бар құқық бұзушы болса, екінші жағынан мұндай күшке ие емес және сырттан қолдау мен көмекке мұқтаж жәбірленуші.Сонымен қатар, маңызды айырмашылық жәбірленушіге физикалық және психологиялық азап шегуге бағытталған қасақана және жүйелі

қудалау болып табылады [3].

Жасөспірімнің қақтығыстарға қатысуы қалыпты жағдай болғанына қарамастан, қорқыту проблемасы қорлаудың ұзақ уақыт бойы орын алуында. Көшбасшылық үшін күресте әркім өзін басқа құрдасының фонында көрсеткісі келеді және қудалау басталады. «Жәбірленушінің» мәртебесін өзгертуі өте қиын, ол «құқық бұзушы» және оның достары тарапынан үнемі шабуылдарға ұшырайды. Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық көрсету әрекеттерінің алдын алу және тоқтату маңызды.

Әдебиеттер:

1 Макарова Ю.Л. Гендерные особенности поведения участников подростковой буллинг-структуры // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования. 2017. Т. 6. № 5А. С. 181-192.

2 Маланцева О. «Буллинг» в школе. Что мы можем сделать? /О. Мальцева/ / Социальная педагогика. — 2007. — № 4. — С. 90–92.

3 Мальцева, О. А. Профилактика жестокости и агрессивности в подростковой среде и способы ее преодоления / О. А. Мальцева // Тюменский государственный университет - 2009. - № 7. - С. 51-54.

ӘОЖ 371.4

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сарыева Оразгул Аседовна – 1801-10ж тобының студенті

Ғылыми жетекші: Әбішева Ләззат Пірназарқызы – п.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

This article discusses the features of socio-pedagogical work with primary school students

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруге бетбұрыс жасауда. Өйткені, ҚР Білім туралы Заңында « …ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп көрсетілген. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады. Осыған орай, ғылыми зерттеу барысында әлемдік озық тәжірибелер мен отандық білім жүйесіндегі ерекшеліктер зерделенуде. Халықаралық практикада білім стандарты күтілетін нәтижелер (білім нәтижелері) түрінде берілген білім мақсаттарының жүйесі деп қарастырылып, «Нәтижеге бағдарланған білім моделіне» көшуге басым бағыт беріледі. Онда білім компоненттілігі оқушының жеке пәндер бойынша бір-бірінен алшақтықта емес, кешенді түрде жеке тұлғаға бағдарланған (білім, білік, дағдыны) іс-әрекет білім компоненттілігін қабылдауды қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда білім компетентілігі көп жақты қызмет атқарып, білім «объекті» болудан «тірі» білімге айналатынын байқадық. Оқытудағы оқушының сапалық сипаттамасының құрамдас бөлігі ретіндегі базалық компетенцияларының кең ауқымды сипаты түрінде нақтылынған мақсат оқытудың күтілетін нәтижелерін береді. Осыған орай жеке тұлғаның сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, нәтижеге бағдарланған білім жүйесін қалыптастыру қолға алынуда.

Атап айтқанда, жаңа мазмұнға сай білім беруді демократияландыру негіздері мен жалпы ұлттық базалық компетенциялары анықталып, білім аймақтары нақтыланып, түйінді және пәндік компетенциялар айқындалуда.

Бастауыш сынып оқушылары дегеніміз 6-10 жас аралығындағы балалар. Осы жаста олардың жеке психологиялық, әлеуметтік адами қасиеттері қалыптасады және оларға тән өзгешеліктер де пайда болады. Мәселен, біріншіден, олардың материалдық, қарым-қатынастық, эмоционалдық қажеттіктерін отбасы қамтамасыз етеді. Олар ата-ананың қамқорлығында. Екіншіден, олардың әлеуметтік-танымдық қызығушылық құштарлықтарын мектеп қалыптастырады, дамытады. Үшіншіден, ата-ана, мектепке арқа сүйей отырып, сыртқы жағымсыз нәрселерден бастауыш сынып оқушыларын қорғай алады. Себебі ата-ана, мектеп-бастауыш сынып оқушыларының қамқоршылары.

Бастауыш сынып жасындағы баланың әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі. Кешегі мектеп жасына дейінгі бала-бүгін бастауыш мектеп оқушысы. Мектеп жасына дейінгі бала мектепке келгеннен кейін бұрынғы еркіндіктен айырылады. Оларды мектеп тәртібіне шақырады. Сондықтан бостандықта болып қалған бала тәртіпке көне алмайды. Осыдан барып ересектермен өзара түсінішпеушілік пайда болады.

Бастауыш сынып жасындағы баланың өзінің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан қайта құруы. Бастауыш сынып жасындағы бала бұрын ойынмен айналысса, енді оқумен айналысуына тура келеді. Оқу-ойынға қарағанда өте күрделі процесс. Оқуда танымдық, адами қасиеттер күрделене түседі. Сондықтан да іс-әрекетті психологиялық тұрғыдан қайта құруда мына төмендегідей кезеңдерден өтеді:

Біріншіден, мектеп өміріне кірігу.

Екіншіден, мектеп, сынып ұжымдары арқылы қатынастарды реттеу, ересектермен (ұстаздармен) қарым-қатынасты орнату.

Үшіншіден, мектептің ішкі тәртібіне бағыну, қабылдау.

Осы үш кезеңнен сүрінбей өту, ішкі тәртіпті дұрыс қабылдау бастауыш мектеп оқушыларының ұжымға мүше болып кіріп кетуіне мүмкіндік береді. Қысқасы, бастауыш мектеп оқушылары мектеп өміріне үйренуі тиіс.

Дегенмен, мектеп өміріне үйренудің өзіндік қиыншылықтары да бар.

1. Бірінші қиындық. Баланың уақытысында ұйқыдан ояна алмай, мектепке керекті оқу құралдарын мезгілінде жинай алмауы, сабақта тәртіп сақтап тыныш отыру, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындау, үй тапсырмасын, қоғамдық тапсырманы орындау, т.б. бастауыш сынып оқушыларына қиынға соғады. Бастауыш сынып оқушылары алғашқы күндері осыған көндіге алмайды. Ол оған психологиялық, педагогикалық тұрғыдан дайын емес. Күн тәртібінде көне алмай шатақ шығарып, мектепке барғысы да келмейді.

2. Екінші қиындық. Сыныптағы оқушылармен, ұстазымен қарым-қатынасты үйлестіру. Бастауыш сынып оқушысы үшін алғашқы мұғалім періште, пайғамбардай болып көрінеді. Әсіреесе, бірінші, екінші сынып оқушылары үшін ұстаз бәрін білетін адам. Ол бәрінен ақылды, данышпан, тек

соған ғана сену керек. Дегенмен кейбір оқуда үлгере алмайтын оқушыға мұғалім ұрысқақ, зәлім, тажал болып көрінуі мүмкін. Сондықтан бастауыш сынып оқытушысы балаларға ұрысқаннан гөрі мейірімді, қамқоршы адам болып көрінгені жөн.

Сонымен бастауыш сынып мұғалімі кей жағдайда оқушыларына екі тұрғыдан көрінеді. Мүмкіндік болғанша мұғалім жағымды жағынан көрінгені абзал. Бала мұғаліммнен қорықпауы керек.

Бастауыш сынып оқушыларының тағы бір мәселесі- ол балалардың сыныптағы өзара қатынасы. Бұл жерде де мұғалімнің рөлі ерекше. Себебі бастауыш сыныптағы балалар қатынасын үйлестіретін мұғалім. Бала барлық нәрсеге мұғалімнің көзімен қарайды. Мұндай дав балалар ұжымы жағдайы жақсылар, жағдайы нашарлар болып екіге бөлінуі мүмкін. Бұл антогонистік қайшылықтарды мұғалім шешуі тиіс. Ондай болмаған жағдайда жақсы ұжым құрып, дұрыс тәрбие бере аламаймыз, педагогикалық кемшіліктер жіберіп, балалрды жастайынан жаман жолға итермелейміз.

Бірінші кемшілік- адами құндылықтың, адамгершіліктің не екенін педагогикалық тұрғыда түсіндіре алмау. Балада адамгершіліктің бастауы қалыптаспаған, соған жастайынан үйренбеген.

Екінші кемшілік- ақыл ойдың педагогикалық тұрғыдан дұрыс дамымауы. Осыдан барып оқуға деген жалқаулық, оқығысы, үйренгісі, білгісі келмеуі туындайды.

Үшінші кемшілік - адами-әсемдік, сұлулық дегенді білмей, түсінбей өсуі. Әсемдік, көркемдік, сұлулықты түсінбеген баланың жүрегінің жылуы болмайды.

Төртінші кемшілік - медициналық-педагогикалық. Баланың денсаулығының, ақыл-ойының кемістігі, патологиялық кемшілігі. Ондай бала тазалық, тәртіп дегенді түсінбей өтуі мүмкін.

Бесінші кемшілік-баланың еңбекке деген адами құлшынысының жоқ болуы. Мұндай жағдайда «жатып ішер ас болса» деген адам өседі. Жасынан еңбектенбеген адамнан ешқандай жақсы адам шықпайды.

Осы бес кемшілікті жою - балаларды әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда қорғау, жаман жолдан сақтандыру болып табылады.

3. Үшінші қиындық. Балалардың отбасымен қатынасы. Мектепке барғаннан кейін бала бұрынғы балалық дәрежесімнен айырылып, жауапты адамдар қатарына қосылады. Мұндайда ол түрлі жағдайға ұшырауы мүмкін.

Біріншіден, балаға мектепке керекті құрал-жабдықтар алынған. Ол ойыншықтардан күрделі. Оның үстіне балаға бақылау күшейеді. Себебі сабаққа дайындық керек. Осының барлығы балаға ұнамайды. Бала тәртіп сақтаудан қашады, тәртіпті орындамайды. Бала мен ата-ана арасында кикілжің пайда болады.

Екіншіден, керісінше, балаға жаңа рөл беріліп, сабаққа жауапкершілікпен қарайды. Көп нәрсені өзі тындырады. Бірақ бұған ата-ана жөнді мән бермейді де, ол әрекетті баланың ойыны ретінде қарайды.Бала осыны түсініп, біртіндеп сабаққа деген ықыласы төмендей береді.

Үшіншіден, бала ата-ананың өзінің оқуға деген ықыласына көп көңіл бөлгенін біліп, үстіне төніп тұрғанын сезіп, ол да өз шартын алға тартады. Кей жағдайда әрбір жақсы бағаға ақша талап етеді.

4. Төртінші қиындық. Бастауыш сынып оқушыларының үй жұмысын, үйге берген тапсыпмасын орындауда қиналуы.

Зерттеуші ғалым-педагогтардың айтуынша бастауыш мектеп оқушыларын үй жұмысын орындауда бірнеше топқа, кезеңдерге бөлуге болады.

Бірінші топ оқушылары үй тапсырмасын көтеріңкі көңілмен, қиналмай орындайды. Мұндай оқушылар тобын романтиктер дейміз. Олардың оқуға деген қызығушылығы бар. Өздерін ересектер санатында ұстайды. Бірақ уақыт өткен сайын сол балалардың кейбіреуі оқудан жалығады, қызығушылығы басылады, үлгерімі төмендей береді. Бірақ сабақты орындау міндет екенін ғана біліп, үй жұмысын орындау тек салтқа айналады.

Екінші топ оқуды, үй жұмысын орындауды салт деп білу. Осылайша балалардың сабаққа деген ынтасына қарай, оларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші – ынтамен оқитындар.

Екінші- жалпы үрдіспен оқу керек, ата-ананы, мұғалімді ренжітпейін деген оймен оқу, яғни өзі үшін емес, біреу үшін.

Үшінші – сабақтан үлгере алмай, артта қалып қойғандар тобы.

Осы үш топтың әрқайсысымен өзіндік жұмыс жүргізу- бастауыш сынып ұстаздары мен ата-аналардың міндеті. Бірінші топтағы оқушыларды қолдап отырса, екінші топтағыны көтермелеп, ал үшінші топтағыны бірде міндеттеп, бірде мақтап, барлық жағдайда қолдау көрсетіп, көмектесіп оқыту керектігін ұстаздар мен ата-аналардың естеріне саламыз.

Бастауыш сыныптың өзінде балаға ұнайтын, ұнамайтын, жақсы көретін, жақсы көрмейтін пәндері бар. Осы орайда айтарымыз мектеп баласына барлық пәндер бірдей ұнай бермейді. Қандай бір үздік оқушы болмасын, оның өте жақсы көретін пәні немесе пәндері болады. Соны ары қарай дамытқан жөн.

Оқуда зорлық болмау керек. Оқуда қажеттілік, білім алуға міндеттілік болуы керек. Бастауыш сынып жасындағы баланың әлеуметтік мәртебесі өзгеріп, ол өзінің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан қайта құрады. Осы орайда ол көптеген қиыншылықтарға тап болады. Сол қиындықтарды шешуге оқытушы, ата-ана болып бірлесіп еңбектеніп, балаға көмектескені абзал. Осы орайда, бастауыш сыныпта жүргізілетін педагогикалық қызметтің негізгі бағыттары мынадай:

Егер оқу әрекеті тікелей мотивтермен шақырылса, ал жасөспірім оқу міндеттерін өз бетінше анықтай алса, мәселелерді шешудің ұтымды әдістері мен тәсілдерін таңдап, өз жұмысын бақылап, бағалай алса, қалыптасқан болып саналады. Бұл жағдайда жасөспірімнің өзін-өзі растау қажеттілігі жүзеге асырылады. Оқу іс-әрекеті қалыптаспаған жағдайда «мектептен кету» мүмкін. Жасөспірімдерді оқытудың тиімділігі жас ерекшеліктерін, ең алдымен танымдық қажеттіліктерді қанағаттандырумен тікелей байланысты мотивтердің мақсатты қалыптасуын арттырады. Оны қанағаттандырған кезде тұрақты мүдделер қалыптасады. Бұл топта орта мектеп оқушыларын әлеуметтендіру үшін жағдай туындайды: ол қоғам мен оқушыны байланыстырады, жалпыадамзаттық құндылықтарды эмоционалды түрде қалыптастырады. Демек, біз сыныптастар арасындағы, белгілі бір орта мектеп оқушысы мен сынып арасындағы қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін жалпы топтық іс-әрекет туралы жалпы субъект ретінде айта аламыз, оның шарты мен қалыптасу құралы байланыс болып табылады [3]. Тиісінше, жеке және ұжымдық қажеттіліктердің, мүдделердің, құндылықтардың, мотивтер мен мақсаттардың өзара әрекеттесу жүйесі қалыптасады, олар белгілі бір мінез-құлық ережелері мен нормаларын дамытумен реттеледі. Егер ұжымдық іс-әрекет бағытының өзегі – бұл маңыздылығы әркім мойындайтын мақсаттар және іс-әрекеттің басым себептері болса, онда ұжымдық мақсаттар мен мотивтердің қайнар көзі – қоғамның құндылықтар тобын қабылдау процесінде қалыптасатын құндылық бағдарлары.

Жасөспірімнің жеке басының қалыптасуына қоғамның әсері бойынша жұмыс оқушының әлеуетті мүмкіндіктерін, оның жалпы білім беру мекемесіндегі және одан тыс жерлердегі әлеуметтік белсенділігін дамытуды қамтиды.

Әдебиеттер:

1. Торохтий В.С. Социальная педагогика: социально-педагогическая деятельность и потенциал социума.//Материалы IX научно-практической межвузовской конференции молодых ученых учреждений высшего и среднего образования городского подчинения. - Москва, 2007.

2. Торохтий В.С. Социально-педагогический подход к деятельности в социокультурном пространстве. /Пространство и общение: взаимосвязи и взаимозависимости. - Екатеринбург, 2010.

3. Тульгук Е.П. Социальная сеть подростка в структуре внутрисемейных отношений // Современные проблемы психологии семьи: феномены, методы, концепции. Вып.2. - СПб.: Изд-во АНО «ИПП», 2008. - 113 с.

ӘОЖ 372.8:002

МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Айткұл Ұ.Қ. – 1503-10а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Құрманбаева Ж.И. – Магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

In this article, we will look at seven types of assessments that improve the learning and learning process, and highlight the importance of assessment in the field of Education.

Оқыту бұл – процесс, ал бағалау – бұл процестің нәтижесі. Қазіргі таңда білім беруді жаңарту процесі өз қағидаларын енгізіп жатыр. Бағалау - бұл білім беру сапасын бақылау; оқытушылық қызметтегі дамуды, прогресті анықтауға мүмкіндік беретін құрал және мұғалімнің деңгейін анықтайтын оқушылардың қызметін түзету әдісі, оқушының дайындығы. Мектепте оқушы болған кез келген адам оқу процесін жақсарту үшін бағалаудың жеті түрін бастан кешірген десек қателеспейміз. Мұғалімдердің әр тоқсанның басында беретін алдын ала сынақтары, тапсырмалары және емтихандары біздің мектеп жылдарымызда өткен бағалаулардың бірнеше мысалдары болып табылады. Қазіргі кезде оқытудағы ең тиімді үдерістердің бірі – бағалау. Бұл бізге жаңа әдіс болмауы мүмкін, бірақ әлі де тиімді әдіс екені баршамызға мәлім.

Білім беруде бағалаудың әрқайсысы ерекше әдістер жиынтығымен келеді және әртүрлі мақсаттарға қызмет етеді.

1. Диагностикалық бағалау оқушылардың академиялық дайындығын және олардың оқу қажеттіліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Яғни, олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтау. Мұғалімдер оқушылардың білімін белгілі бір пән бойынша анықтайды және нені үйрену керектігін, оны қалай үйрету керектігін түсінеді. Диагностикалық бағалау мысалдары:
   - ✓ Алдын ала сынақтар
   - ✓ Өзін-өзі бағалау
   - ✓ Сұхбат
2. Формативті бағалау оқушылардың үлгерімін бақылау болып табылады. Нәтижелерді оқушылардың оқуын, сондай-ақ мұғалімнің оқытуын жақсартатын тиімді кері байланыс беру үшін пайдалануға болады. Және де, проблемалық аймақтарды анықтау және оларды дереу шешу үшін формативті бағалауды қолдануға болады. Формативті бағалау мысалдары:
   - ✓ Емтихандарды рецензиялауға арналған үй тапсырмалары
   - ✓ Студенттердің пікірлері

3. Суммативті бағалау әр тоқсан соңында қорытынды бағаларды орындайтын бағалау түрі. Олар оқушылардың не білгенін және оны қаншалықты жақсы меңгергенін түсінуге мүмкіндік береді. Суммативті бағалау мысалдары :

- ✓ Жоғары деңгейдегі емтихандар
- ✓ Курстық жұмыс

4. Нұсқауларды орындағаннан кейін де, өнімділікті үнемі жақсарту үшін бағалау жүргізу қажет. Растау бағасы сіздің нұсқауларыңыздың жылдан жылға сәтті болуына кепілдік береді. Растайтын бағалау мысалдары:

- ✓ Жоғары деңгейдегі емтихандар
- ✓ Курстық жұмыс

5. Нормаларға негізделген бағалаулар арқылы сіз оқушылардың білу деңгейін жергілікті, мемлекеттік немесе ұлттық стандарттармен салыстыру арқылы анықтай аласыз. Нормаларға негізделген бағалау мысалдары:

- ✓ Оқушылардың орташа балын ел бойынша орташа көрсеткішпен салыстыру
- ✓ Оқушылардың орташа балын мемлекет бойынша орташа баллмен салыстыру

6. Критерийлерге негізделген бағалау кезінде оқушының үлгерімі нақты мақсатқа немесе оқу стандарттарының белгіленген жиынтығына сәйкес өлшенеді. Олар белгілі бір тақырып бойынша оқушының білім деңгейін немесе дағдыларын бағалауға арналған. Критерийлерге негізделген бағалау мысалдары:

- ✓ Біліктілікті арттыру емтихандары
- ✓ Білім беру саласындағы прогресті ұлттық бағалау

7. Салыстырмалы бағалау. Осы процесті қолдана отырып, сіз оқушының үлгерімін оның алдыңғы нәтижелерімен салыстыра отырып бағалайсыз. Салыстырмалы бағалау күш-жігерге негізделген атрибуцияны қолдайды. Олардың негізгі мақсаты - студенттерді оқуға ынталандыру. Салыстырмалы бағалау мысалдары:

- ✓ Студенттердің қазіргі үлгерімін олардың ең жақсы жұмысымен салыстыру
- ✓ Оқушылардың ағымдағы үлгерімін олардың алдыңғы үлгерімімен салыстыру

Оқыту өмір бойы жалғасатын процесс сияқты, бағалау да үздіксіз процесс. Ол оқыту әдістерінің тиімділігін анықтауға көмектеседі. Бағалаудың әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, сіз тіпті оқушылардың үлгерімін бақылай аласыз. Мұның бәрінен бұрын бағалаудың жеті түрін таңдау керек. Олардың артықшылықтарын таразылаудың орнына мақсаттарыңыз бен міндеттеріңізге сәйкес келетін бағалауларды таңдау керек. Содан кейін, мұғалім оларды бүкіл оқу процесіне енгізуіңіз керек. Мысалы, студенттерде грамматикалық мәселе болса, сол сабақты қайталап өтіп, бәрі түсінікті екеніне көз жеткізуге болады. Сіз олардың өсуін ұпайларынан жоғары бағалайтыныңызды көріп, сіздің студенттеріңіз алаңдаушылықтан баяу құтылуы мүмкін. Осылайша, сіздің бағалауларыңыз маңыздырақ әсер мен оң өзгерістер қалдыруы мүмкін. Қорытындылай келе, бағалау білім берудің күрделі, бірақ негізгі бөлігі болып табылады. Өсуге және

оқуға көмектесу үшін уақыт пен күш-жігеріңізді осы процесті түсінуге жұмсауыңыз керек.

Әдебиеттер:

1. Молодой ученый. — 2018. — № 45 (231). — С. 240-242. — URL: https://moluch.ru/archive/231/53434/ (дата обращения: 07.04.2022).
2. https://www.opinionstage.com/blog/types-assessments/.

ӘОЖ 372.8:002

ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАСЫ

Мамраим Г.С. – 1503-10а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Құрманбаева Ж.И. – Магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

In this article we will talk about the fact that the lesson is still the main form of organization of school education, the effectiveness of the lesson depends on the level of training of the teacher, the ability of students to organize educational activities.

Оқытуды ұйымдастыру формасы – оқыту процесінің міндеттерін іске асырудағы мұғалім мен оқушылардың іс–әрекеттерінің сыртқы көрінісі. Ұйымдастыру формасында оқытудың мақсаты, мазмұны мен әдістері бірыңғай жүзеге асады.Қоғамның даму тарихында жас ұрпақты оқытудың ұйымдастыру тәсілдері де өзгеріп тұрады. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың тарихында, оның негізінен үш түрлі формасы қалыптасқан: жеке –дара, топтық және сынып–сабақтық жүйе.

Жекелеп оқыту жүйесі көне орта ғасырларда пайдаланылды. Мұғалім жеке оқушының орындаған жаттығу жұмыстарын тексеріп, мәтінді оқытып тыңдайтын, қалай оқу керектігін көрсететін, үй тапсырмаларын орындау амалдарын түсіндіретін, музыкалық құралдармен пайдалануды үйретететін. Дене шынықтыру тәрбиесінен жарыс және бәсеке жұмыстарын ұйымдастыратын, жеке не бірнеше оқушымен әңгіме жүргізу әдістерін де қолданатын.Бұрын қазақ еліндегі молдалардың балаларды оқытуы да осы орта ғасырлық оқу жүйесіне өте ұқсас еді. Әр жастағы балалар молданың алдында жүгініп отырып, әр кітаптан оқыған. Жаңа дәуірде Англияда оқытудың “белл – ланкастер” жүйесі тарады.”Сатылы” немесе “өзара оқыту” түрінің ерекшелігі: бір оқу жылында жас шамалары, білім дәрежелері әртүрлі, құрамы тұрақты емес оқушыларды жылдың қай мезгілінде болмасын оқуға қабылдап отырған. 200–300 немесе 600–ден астам оқушыны мұғалім сатылып оқытуды ұйымдастырған, түске дейін ересектерді оқытса, түстен кейін олар өз кезегінде жасы кіші оқушыларға өздерінің мұғалімнен алған білімдерін үйретіп отырған.

Оқытудың кең таралған сынып–сабақ жүйесінің негізін қалаған Ян Амос Коменский болды. Ол өзінен бұрын өткен және ағымдағы педогогикалық тәжірибелерді зерттеп , оқу ісін жүйелі ұйымдастыруды ұсынды.

- Оқушыларды сыныпқа жас шамаларымен таным қабілеттері бойынша топтастыру.
- Сыныптағы оқушылар құрамының әркезде тұрақты болуы.

- Жеке пәндерді тұрақты оқу кестелері арқылы алмакезек оқыту.
- Оқытуды оқу жоспарына, оқу бағдарлмалары және оқулықтарға негіздеу.
- Оқытуды жылдың тұрақты бір мезгілінде бастап , аяқтау.
- Оқытуды ұйымдастыру тек мұғалімнің басшылығымен жүргізілуі.

Жалпы айтқанда, мұғалім бір мезгілде жас шамалары бірдей, құрамы әркезде тұрақты оқушылар тобымен жұмыс істейді.

Оқыту жұмысын тек сабақ арқылы ұйымдастыру мүмкін емес.Сыныптық–сабақ жүйесінің негізгі кемшілігі–оқушылардың дара ерекшеліктерін дамытуға жеткілікті мүмкіндіктердің болмауы – оқытуды ұйымдастырудың басқа жолдарын іздестіруге себеп болды. Сондықтан оқушылардың сыныптық–сабақтағы танымдық әрекетін дамыту, толықтыру және оқушылардың өзіндік шығармашылық белсенділіктерін, қабілетттерін арттыру мақсатында оқыту жұмысын ұйымдастырудың қосымша түрлері қолданылады. Олардың қатарына семинар, экскурсия, факультативтік, қосымша, конференция сабақтары, өндірістік оқу, үйдегі оқу жұмысы, тәжірибелік зертханалық (практикум) және пәндік үйірме жұмысары, олимпиада, сынақ және емтихан, өзіндік жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Сабақтың талабын орындау мен оны түсінуге байланысты, мұның өзі әлеуметтік сұранымға қатысты анықталып, оқушылардың жеке басының қажетсінуіне орай құрылады, оқыту мақсаты, міндеттері, заңдары мен принциптері басшылыққа алынып, жоғарыдағы іс-әрекеттің мазмұнын айқындайды. Жалпы талаптардың ішінде, бүгінгі сабаққа сәйкес келетін, болып қарауға олатын жіктеме төмендегідей: (И.П.Подласый)

- ғылым жетістіктерінің жаңа түрін озық іс тәжірибені, оқу-тәрбие үрдісінің негізгі заңдарына құрылған сабақты;
- сабақты өту үрдісінде, барлық дидактикалық принциптер мен ережелер;
- оқушылардың санасын қалыптастыруға әсер етерлік, пәнаралық байланысты;
- бұрынғы білімнің байланыстыруға, оны меңгеруде икем-қабілетін және оқушылардың білім сапасын арттыру барысындағы тіректік ұғымдарға сілтеме жасау;
- тұлғаны жан-жақты дамытудың белсенді және түрінің қажеттілігі;
- педагог оқу-құралдарын ұтымды қолдануы;
- алған білімнің, өндірістік қызметпен, оқушының жеке іс-тәжірибесімен байланысты жүзеге асыруы;
- білімнің, икемнің, қабілетін тәжірибеде қалыптастыру, оны ойлау – амалы мен іс-әрекетке тиімді қолдануы;
- сабақты диагностикалау, жоспарлау, жобалау және болжау алуы.

Әрбір сабақ тұтас педагогтың процестің функциясын жүзеге асыруға бағытталған: оқыту, дамыту, тәрбиелеу. Соның нәтижесінде сабақ көпжоспарлы, құрылымы әр түрлі болып келуі мүмкін. Сабақ құрылымының ерекше көп тараған түрі болып келуі мүмкін. Сабақ құрылымының ерекше көп тараған түрі барлық дидактикалық міндеттерді шешуге: білімді енгізу, жаңа материалды зерделеу, өткен материалды бекіту, бақылау, оқушылардың білімін бағалау, үйге тапсырма берумен байланысты.

Көріп отырғанымыздай, сабақтың құрылымы кездейсоқ болмайды, ол оқыту үрдісінің заңдылықтарын жүзеге асырады, жаңа сабақты меңгерту логикасын ішкі психологиялық құбылыс ретінде, оқушының өзіндік ойлау іс-әрекетінің заңын,жеке таным қабілеті сапасында алып, мұғалім қызметінің түрін және оқушыны педагогтік үрдістің субъектісі ретінде алады. Сабақ элементтері, ішінара бөліктердің өзара біртұтастығында аталған заңдар жүзеге асады, өзектілігі анықталып, оқушылардың жаңа ұғымдық түсініктер қалыптасады, сөйтіп, іс-әрекет тәсілдерін меңгеріп оны тәжірибеде қолдануға төселеді.

Педагогикалық жүйеде бұлар оқытудың кезеңдері сияқты, негізгісі, өзгертуге болмайтын, әр сабақта дидактикалық бірліктегі міндеттерді жинақтап, сабақтың дидактикалық құрылымының компоненті сапасында келеді. Міне, осы компоненттер сабаққа қажетті шарттар мен бағдарламалық материалдарды меңгеруге жеткілікті біліктілік пен икем, қабілеттерді және оқушылардың ойлау әрекетінің белсенділігін өздігінен қалыптастыру, олардың өмірге бейімделуге және интеллектуалдық қабілетін дамыту — оқушыларды өмірге бейімделуге және еңбек етуге жаттықтыруға тиісті қадам.

Сабақтың сапасы мен нәтижелі өтуі, көбінесе, мұғалімнің өзінің және басқалардың жетістіктері мен қателерін дұрыс талдай алуына байланысты. Өз жұмысына талдауды сабақ өткізе салысымен және келесі сабақтың алдында, яғни сабақтың конспектісінің негізі дайын болған кезде жүргізуі тиімді. Бұндай жағдайда мұғалім өткен сабақтың нәтижелеріне сүйене отырып, келесі сабаққа дайындығы кезінде осының барлығы ескерілуін ойластырады. Өзін-өзі бағалау өткен сабақтың талдауына негізделеді, яғни мұғалім жасаған жоспарын тағы қайтара талдап, сәтсіздіктерінің себебін табуға тырысып, дидактикалық тұрғыдан ұтымды тұстарын қайталауға тырысады.

Осылайша, қазіргі уақытта да сабақ оқушылардың мектепте білім алуын ұйымдастыру түрінің ең негізгісі болып қала береді. Сабақтың нәтижелілігі мұғалімнің дайындық деңгейіне, оқушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыра алуына және ол оқу әрекетінің нәтижесін болжай алуына байланысты.

Әдебиеттер:

1. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. М., 1996.
2. Яковлев Н.М., Сохор А.М. Методика и техника урока в школе. М., 1985

ӘОЖ: 378.147:355.55

ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДӘРІГЕР-МЕНТОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Муталипова Г.З. – ДМҚ-02-21 тобының докторанты
Бегімқызы М. – В-ЖМҚА-02—21 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Нуржанбаева Ж.О. – доктор PhD, доцент
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент

Резюме.

В статье рассматривается педагогическая компетентность ментора в профессиональной подготовке будущих специалистов по дуальной системе обучения,

реализуемой в отечественной системе профессионального образования в рамках социального партнерства. Дается экспертный анализ научных выводов, данных понятию дуального обучения. Также в статье обоснована важность педагогического мастерства и компетенций ментора в подготовке профессиональных и личностных качеств будущих специалистов по дуальному обучению, основанному на социальном партнерстве в области здравоохранения. В современном обществе цифровых технологий рост и спад профессионального труда отличаются сопутствующими тенденциями, постоянно меняется количественная и качественная структура профессионалов на рынке труда. Кроме того, со стороны общества повысится спрос работодателя на профессиональные и личностные качества будущих медицинских специалистов. Важным условием является овладение педагогическими компетенциями ментора в формировании у будущих специалистов профессиональных компетенций и личностных качеств, подверженных модернизации и структурным изменениям в системе здравоохранения и интенсификации технико-технологического процесса. С этой точки зрения ментор в системе дуального обучения – это опытный специалист в учреждениях здравоохранения, лицо, участвующее в процессе профессиональной подготовки будущих специалистов. Ментор осуществляет формирование профессиональных умений, навыков у будущих специалистов через педагогические компетенции.

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында жоғары оқу орындарының алдындағы маңызды міндет мамандардың сапалы даярлануы екендігін, сонымен бірге, қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде бітіруші түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз екендігіне мән берген болатын [1].

Экономикалық түсінікте еңбек нарығы - бұл бәсекелік нарық. Қазіргі таңда медицина саласындағы жұмыс берушілер мен «стейкхолдерлердің» - компанияның дамуына мүдделі, табысынан дәмелі, өніміне қызығушы тараптардың болашақ мамандарды кәсіптік даярлауға белсенді қатысуымен еліміздің экономикасын ілгерілетуге және өз кәсіпорындар мен жалпы денсаулық сақтау саласына тікелей ықпал ете бастады.

Дәрігер-ментор - бұл дуальді оқыту жүйесінің қатысушысы ретінде тәлімгер, кәсіби тәжірибесі бар маман. Оның көшбасшылық және практикалық тәжірибесі бар маман ретінде білім алушылардың іс-әрекеттерін түзету, мотивация, жалпы әлсіздіктері мен кемшіліктерін анықтау және білім берудің стратегиясын жасау функцияларын атқарады. Дәрігер-менторды клиниканың басшысы тәжірибелі мамандар арасынан таңдап бекітеді.

Дуальді оқыту үдерісінде дәрігер-ментор білім алушылардың кәсіби машық-дағдыларын меңгеруіне тікелей жауап беретін тұлға. Осы тұрғыдан алғанда дуальді оқыту үдерісінің тиімділігі дәлелденген шетелдік тәжірибеге назар аударатын болсақ, қазіргі кезде әлемде оқытудың дуальды жүйесі - кәсіптік-техникалық мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі екендігіне көз жеткізуімізге болады. Дуальді оқыту жүйесі Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция сияқты дамыған елдерде табысты жұмыс істеуде және оның тиімділігі дәлелденген. 2015 жылдан бастап жұмысын бастаған Кәсіптік білім беру саласында халықаралық ынтымақтастық орталығы (German Office for International Cooperation in Vocational Education and Training, қысқаша атауы: GOVET) осы уақыт аралығында әлемдегі жүздеген елдерге дуальді

оқыту бойынша кеңестер бере бастады. Бұл орталықтан көптеген елдердің білім беру министрліктері және бизнес өкілдері тарапынан кеңес алу мақсатында сұраныстар түседі.

Отандық кәсіптік және техникалық білім беру жүйесіне алғаш рет 2012 жылы дуальді оқыту элементтері біқатар жоғары және орта кәсіптік білім беру орындарында енгізіле бастаған болатын. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың маңызына тоқтала келе, бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажеттілігін атап көрсеткен болатын. Дуальді оқыту жүйесінің техникалық салада алар орнынын айқындап, колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеген болатын [2].

Дуальдық оқыту жүйесі - педагогика мен экономикадағы озық ойлардың интеграциясы ретінде елдің бәсекеге қабілеттілігін көрсететін көрсеткіштердің бірі ретінде сапалы кәсіби, еңбек құндылықтары қалыптасқан мамандар даярлауға қызмет етеді.

Сондықтан, дәрігер-ментордың педагогикалық қызметінің мазмұны мен педагогикалық негіздерін зерттеуді қажет етеді.

Дуальді оқыту бағдарламасын жүзеге асыруда менторлық қызметтің негізгі міндеттері:

- болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеру шеңберінде студенттердің кәсіби іс-әрекеттерінің барлық түрін кешенді меңгеруі;
- ментордың жеке кәсіби тәжірибесі, жұмыс істеудің тиімді әдістері мен тәсілдеріне оқыту;
- түлектердің кәсіптік білім және кәсіптік дағдыларының деңгейін арттыру;
- ұзақ мерзімде кәсіпорынмен еңбек қатынастарын құруға студенттердің мотивациясын арттыру және оларды кәсіпорынның корпоративті мәдениетімен таныстыру [3].

Тәуекелшіл, белсенді, өз тағдырына өздері жауапты, ізденгіш, бәсекеге қабілетті кәсіптік құзіреттіліктері қалыптасқан болашақ медицина мамандарды даярлауда әлеуметтік әріптестер ретінде білім беру мекемелері мен кәсіпорындардың интеграциясы – дуальді оқытудың маңыздығын арттыра түседі.

Дуальді оқыту - бизнестің, болашақ маман мен мемлекеттің мүдделерінің бірлестігін құра отырып, болашақ маманның бойында еңбек құндылықтарын қалыптастырудың заманауи ықпал ету ортасын құрады.

Әдебиеттер:

1. ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. 1 қыркүйек.2021ж. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555

2. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам». Астана. 10 шілде, 2012ж. http://www.edu.gov.kz/

3. Жолдасбекова С.А., Нуржанбаева Ж.О., Мамедов Р.А. /Дуальді оқыту жүйесінде ментор қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері// Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана №1 (қаңтар-ақпан), 2019ж.,16-22б.

ӘОЖ 894.342:92

САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ТҮРЛЕРІ, ТИІМДІЛІГІ

Балабекова К.

№42 Хамза атындағы ЖОМ, Шымкент, Қазақстан

Summary

This article discusses the types, features and effectiveness of differentiated learning.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы — баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу.

Саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б зерттеулерінде қарастырылған [1].

Бүгінде білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді.

Саралап оқыту дегеніміз - мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен (гомогенді топ) жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі. Ол оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі. Оқушылардың оқу талаптарына сәйкес оқыту үдерісін реттеуді, оардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізуді жүзеге асырады. Оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізе отырып, дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсетеді. Оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, оған сәйкес жоспарлайды және олардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс береді.

Саралап оқытудың негізгі түрлерінің бірі даралап оқыту болып табылады, сондықтан авторлардың көпшілігі «саралап оқыту» туралы түсінікті «даралап оқыту» (оқушының белгілі бір ерекшеліктерін, қасиеттерін ескеру) ұғымымен тығыз байланыста қарастырады, бірақ әртүрлі анықтама береді (тәсілі, түрі, кешені, топтастырылуы, құралдарына қарай және т.б.).

Оқытудағы саралау мәселесі XX ғасырдың 20-шы жылдары қолға алына бастаған. Бұл кезеңде кеңестік және шетелдік педагогикада оқуды жеке даралау және саралау саласында белсенді жұмыстар жүргізілген.

Дайындық деңгейі бойынша саралау - оқушылардың нақты білімдерді, түсініктерді және дағдыларды меңгеруінің ағымдағы деңгейі деген ұғымды білдіреді. Ол дегеніміз - тиісті күрделілік деңгейін қамтамасыз ету үшін тапсырманың күрделілік дәрежесін реттеу, мұғалім немесе тең нұсқаулықты қосу немесе алып тастау, манипуляцияларды қолдану, тапсырма үшін үлгілердің болмауы, оқушының тәжірибесіне немесе оның дағдыларына негізделе отырып тапсырманы артығымен немесе кемімен таныс етіп жасау, шағын топтардың қажеттіліктеріне әртүрлі тікелей оқыту.

Ал қызығушылық бойынша саралау - бұл оқушының назарын, қызығушылығын және үрдіске араласуын тарту. Бұл бойынша ортақ қызығушылықтар саласында тәлімгер болу үшін, алдын ала білімі бар ересектерді немесе құрдастарды пайдаланады. Оқушыларға тақырыпты немесе өрнектерді оқып-үйрену үшін әртүрлі мүмкіндіктер беріледі. Материалдар мен технологиялардың кең спектріне кең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, оқушыларға тапсырмалар мен өнімдерді, оның ішінде оқушы әзірлеген нұсқаларды таңдауға ұсынады. Оқушылардың қызығушылықтары саласындағы негізгі тұжырымдамалар мен қағидаттардыі зерттеуді немесе қолдануды ынталандырады.

Оқыту стилі бойынша саралау дегеніміз контентті қабылдау, зерделеу немесе білдіру үшін ерекшелік дегенді береді. Оқу ортасы бойынша саралау басты деңгейде келесілерден құралады: бөлмеде тыныш және алаңдатпай жұмыс істеуге болатын орындар, мәдениеттер мен үй жағдайларының алуан түрлілігін көрсететін материалдарды ұсыну, жеке қажеттіліктерге сәйкес келетін өзіндік жұмыстың нақты басшылық қағидаттарын белгілеу, мұғалімдер басқа оқушылармен жұмыс істейтін және оларға дереу көмектесе алмайтын кезде оқушыларға көмек алуға мүмкіндік беретін рәсімдерді әзірлеу, сондай-ақ оқушыларға кейбір оқушыларға қозғалу керек, басқаларға тыныш отыру керек екенін түсінуге көмектесу.

Кэрол Анн Томлинсонның зерттеуі бойынша мұғалімдер саралап оқытуды төмендегідей төрт жолмен жүргізе алады [2].

Мазмұн бойынша саралау: Бұл оқушылардың нені оқуы (зерделеуі, үйренуі) керектігі немесе оқушының ақпаратқа қалай қол жеткізе алатынын білу. Мұғалім оқу мазмұнын Блум таксономиясы (төменгі ойлау деңгейінен жоғары ойлау деңгейіне дейін зияткерлік деңгейлер жіктемесі) бойынша әртүрлі деңгейді қамтитын оқушылар тобына әртүрлі оқу әдістерін ұйымдастыруы керек.

Үдеріс бойынша саралау: Бұл мазмұнды түсіну немесе меңгеру үшін оқушы қатысатын іс-әрекеттер. Оқушылар мазмұнды жақсы түсіну үшін орындайтын жаттығулар мен практикалық жұмыстар және іс-әрекеттер.

Нәтиже бойынша саралау. Нәтиже дегеніміз сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім білімді игерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.

Оқу ортасы бойынша: мұғалімдер сыныпта қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ететіндей оқу үдерісін ұйымдастыруы қажет.

«Саралау қай кезде жүзеге асырылады?» деген сұраққа келсек, саралау сабақты жоспарлаудан басталады. Яғни, сабақтың тақырыбына сәйкес оқу мақсатын оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспардан дұрыс, нақты таңдау, оқу мақсатының нақты, шынайы, қолжетімді, өлшенген, уақыты шектеулі болуы, яғни, СМАРТ-қа негізделуі керек. Оқу мақсатынан сабақ мақсатын нақтылау: оқушылардың барлығы, көпшілігі, кейбіреуі орындай алатын мақсаттарды анықтау. Ойлау дағдыларының деңгейлерін анықтау: Блум таксономиясына негізделген білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау. Оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін нақты құрастыру. Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмаларды саралап алу. Тапсырмаларды саралауда оқушылардың жас ерекшелігі, қажеттілігі, қабілеті, деңгейлері ескерілуі тиіс. Тапсырмаларға сәйкес дескрипторды дұрыс, дәл, нақты құрастыру. Сабақ соңындағы оқушының рефлексиясын ұйымдастыру. Пәнаралық байланыс, сабақ үдерісінде қолданылатын ақпараттық – коммуникациялық құралдар, ресурстар, қалыптастырушы бағалау жүргізу тәсілдері – барлығы жоспар жасау барысында мұқият сараланып, жан-жақты талдаудан өткізілуі керек. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасауда сабақ үдерісі кезіндегі мұғалім мен оқушының әрбір әрекетіне жете мән беру маңызды.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілді емес мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
2. Үлестірме материал. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

ОӘЖ371.322.2

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ОРТА МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Қамбар Айгерім Талғатқызы - 126-28 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы - ф.м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Мақалада проблемалық оқыту технологиясын орта мектепте физиканы оқыту барысында қолдану мәселелері баяндалады.

Оқушылардың пәнді оқып үйренуде оқушылардың іс – әрекеттерін белсендіру мәселелері бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі кезде оқушылардың іс – әрекетін белсендірудің әр түрлі амал-тәсілдері қолданысқа енді. Солардың ішіндегі ең маңыздыларына тоқталайық.

В.Ф.Шаталовтың тірек сигналдар технологиясы. «Қазіргі заманғы жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай, мүдделі жаңа білім беру өте қажет», – деп Елбасы атап көрсеткендей, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне енгізу, оны әр пән мұғалімінің тиімді пайдалана білуі бүгінгі таңда білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы болып табылады. Осындай технологиялардың бірі – Шаталовтың тірек сигналдар технологиялары.

Ойын арқылы оқыту технологиясы. Белгілі психолог Е.А.Аркиннің пайымдауынша, ойын және ойыншық балалар өмірін сипаттайтын бірден-бір жалпы ұғым болып табылады. Ойын бала үшін жаңа ортаға тезірек үйренуіне мүмкіндік жасайды. Жаңа ортаға, оқу үдерісіне өту үйреншікті өмір сүру әдістерін өзгертуді қажет етеді. Ал Ю.К.Бабанский ойынды оқушылардың барлық әрекеттерін ынталандырудың түрлері мен әдістерін жүргізеді.

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкесалынса, оныңтанымдық, тәрбиелік маңызыда арта түсіріледі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын кеңейтеді [1].

Проблемалық оқыту технологиясы. Проблемалық оқу технологиясы – мұғалім басшылығында өтетін оқушылардың оқу міндеттерін шешуге бағытталған өзіндік ізденіс іс-әрекеттерін ұйымдастыруға бейімделген. Оқу ізденістері барысында оқушыларда жаңа білім,ептілік және дағдылар қалыптасып, қабілеттері, танымдық белсенділігі, қызығушылығы, ой-өрісі, шығармашылық ойы және басқа да тұлғалық маңызды сапалары дамиды (Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин, М.И.Махмудов және т.б.). Проблемалық оқыту технологиясының сипаттмасы: оқытушы білімді дайын күйінде ұсынбай, оқушылар алдына мәселе (проблема) қояды, оған қызықтырады және оның шешу әдіс- тәсілдерін табуға көмектеседі.

Біздің мақалада орта мектептің 8- сыныбы физика курснда Жарық құбылыстары тарауын оқытуда проблемалық оқыту элементтерін қолданудың ерекшеліктері мен ғылыми – әдістемелік негіздерін қарастыру мақсаты мен міндеттері айтылады [2].

Орта мектептің 8- сыныбы физика курснда Жарық құбылыстары тарауындағы Сфералық айналар. Сфералық айна көмегімен кескін алу тақырыбын проблемалық оқыту технологиясы арқылы оқытсақ.

Бірінші проблемалық сұрақ: Автомобильдердің сыртқы айнасында (әдетте оң жағындағы) және фараларындаында орналасқан дөңес айнаны көреміз. Неліктен дөңес сфералық айналар жалған, кішірейтілген, кескін береді?

Дөңес айнаның оптикалық осінде дене қалай орналасса да, оның кескіні жалған, тура, кішірейтілген, айна бетінің арғы жағында CF фокустық қашықтығынан аспайтын қашықтықта орналасқан. Затты шексіздікке қарай алыстатса, кескін F фокустық нүктесіне жақындайды.



Дөңес айнадағы заттың кескіні

Екінші проблемалық сұрақ: Бұл суретте стоматологтар қолданатын құрал. Құрылғының бас жағындағы ойыс айна орналасқан. Неліктен стоматологтар дөңес айна емес ойыс айнаны қолданалы?

Айнада дененің кескінін алу үшін алдын ала оның шеткі нүктелерінің кескінін табу керек болатын. Дененің шеткі нүктесінен шағылған көптеген сәулелердің арасынан жолы белгілі екеуін бейнелейді. Сәулелердің айна бетінен шағыл- ғаннан кейінгі қиылысу нүктесі дененің шеткі нүктесінің кескіні болып табы- лады. БОО-ға перпендикуляр дененің кескінін алу үшін бір шеткі нүктенің кескінін алып, БОО-ға перпендикуляр түсіру жеткілікті.

Кескіннің түрі айна төбесі мен дене арасында- ғы қашықтыққа тәуелденген. Осы тәуелділікті төмендегі жағдайды қарастырып, зерттеп көрейік:



Ойыс айнаның фокусы мен төбесінің арасында орналасқан заттың кескіні.

Бізге белгілі 1 мен 2 – сәулелердің жолын көрсетеміз. Шағылған 1' және 2' сәулелерді қиылысқанға дейін созамыз. Алынған нүк- теден айнаның БОО-сына перпендикуляр түсіреміз. Дененің кескіні жалған, өйткені ол шағылған сәулелердің жалғасының қиылысуы нәтижесінде алынған. Зат айнаның F

фокусы мен С төбесінің арасында орналасқан жағдайда, айна *жалған, тура, үлкейтілген, айна бетінің арғы жағында орналасқан* кескін беріледі.

Қорытынды: Зат айнаның F фокусы мен С төбесінің арасында орналасқан жағдайда, айна жалған, тура, үлкейтілген, айна бетінің арғы жағында орналасқан кескін беріледі. Сол себепті стоматологтар ойыс айнаны пайдаланады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Проблемалық оқыту – бұл дидактикалық және педагогикалық практиканың заманауи даму деңгейін көрсетеді. Ол білім алушылардың жалпы дамуының тиімді құралы болып табылады. Оның «проблемалық» деп аталуы да сол, себебі білім алушылар барлық оқу материалын меңгеру арқылы ғана өз бетінше проблемаларды «шешеді». Бұл жерде мұғалімнің түсіндірмесі де, білім алушылардың репродуктивті қызметі де, тапсырмаларды қою және жаттығуларды орындау да бар. Бірақ оқу процесін ұйымдастыру проблемалық принципке негізделеді, ал оқу мәселелерін жүйелі түрде шешу – оқытудың осы түрінің сипатты белгісі болып табылады. Бұл ретте барлық әдістер жүйесі оқушының жалпы дамуына, оның жеке қабілеттерін дамытуға бағытталғандықтан, проблемалық оқыту шынайы дамытушы оқыту болып табылады.

Әдебиеттер

1. Махмутов м.и. проблемалық оқытудың теориясы мен практикасы. - Казань., 1977.
2. Бұлзаубақова К.ж. тілдік оқыту // Қазақстан мектебі. - № 6. - 2006. - 27-31 б

UDC 81-13

PECULIARITIES OF EARLY FOREIGN LANGUAGE LEARNING

Tursynbay M. D. – student of 1703-30 group

Research supervisor: Ibragimova T. A. – Senior Lecturer

South Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent

Түйін

В данной статье рассматриваются психологические и физиологические особенности ребенка, с учетом которых говорится о создании благополучных условиях для усвоения иностранного языка. В работе перечисляются преимущества развития билингвизма в дошкольном возрасте.

In the 21st century, knowing a foreign language is a key for a successful and stable life. Entrepreneurs often hire people who are fluent in several languages. In addition, many new doors open in life, such as traveling around the world without an interpreter, meeting different individuals from other parts of the world, studying a new culture, etc. In this case, it is possible to equate knowing a foreign language to a "lucky ticket", with the correct use of which a person can reach real heights in his life. But from how old do you need to embark on this path of insight?

Since the last centuries, scientists from various parts of our planet have been actively studying the features of the development of the human brain and its capabilities throughout life. As a result of the study, it was proved that the activity of

the human brain reaches its peak from birth to 12 years. Therefore during this period our brain absorbs any information like a sponge, and after that it gradually loses its flexibility to perceive data. This is what Masaru Ibuka, founder of SONY, director of the Early Development Association and the Talent Training Organization, writes about in his book "After Three it's Too Late": "For a child who does not have clear, well-established ideas about what is "difficult" or "easy" - English or Japanese, Bach's music or children's songs, monotonous music or harmony of sounds - everything should start at the same time, everything is equally new to him. Young children have the ability to learn anything. What they learn without any effort in 2, 3 or 4 years, in the future is given to them with difficulty or not at all. What adults learn with difficulty, children learn effortlessly. What adults learn at a snail's pace is given to children almost instantly. Adults are sometimes lazy to learn, while children are always ready to learn. One of the most difficult activities for a person is learning foreign languages, learning to read and play the violin or piano. Such skills are difficult for adults to master, and for children it is almost an unconscious effort.".[3] And this is only one of the reasons for learning a foreign language at a young age.

The second reason lies in the fact that children (up to 9 years old) perceive a foreign language as a means of communication like their native language. That is, foreign and native languages are learned in the process of communication, as it happens when they are mastered simultaneously, and not with special training, the child's bilingualism is formed as natural. A child can use both languages to interact with the outside world and express his thoughts and emotions in each of them without any problems.[1] And when teaching a certain language in special educational institutions, children (after the age of 9) tend to think of language as a subject that is studied and used only as part of a lesson. Of course, if an individual wants to master the language as a native speaker in the future, he will succeed, but it will take a lot of effort and time.

As we said earlier, young children can become bilinguals precisely because they study a second language in parallel with their native language and do not perceive it as something alien. At an early age, they are able to learn a lot of new words, while the process of understanding a new language goes for them according to the same laws as their native one. It is best, according to all researchers, to start learning a foreign language at 5-8 years old, when the system of the native language has already been mastered well enough, and he already refers to the new language consciously. Preschool children have exclusively mechanical memory, the ability to reproduce what they have heard without much difficulty. These children have highly developed perception and hearing acuity, they quickly grasp the subtleties of listening, they have an interest in understanding their speech apparatus. Another approach is for the child to first master his native language well, and then begin to immerse himself in another language environment. Adherents of this approach believe that it is best to study a foreign language at 5-8 years old, when the child's native language system is already well mastered, and he treats the new language consciously. It is at this age that there are still few cliches of speech behavior, there are no great difficulties in establishing contact in a foreign language.

Thirdly, it's no secret that for children up to school age, the most important action is the game. L.S. Vygotsky and D.B.Elkonin note that the game is not only the main activity of the child, but also the main incentive for their development. Because during the game, children must constantly think about their actions and words in order to win. Subsequently, the mental activity of the brain improves and they do not consciously use the language they are learning. In each game there are rules that the child must follow, subordinate his freedom to game tasks. When assigning roles, they need to be given free rein to choose, and when arguing for the same role, English chits will help. Role-playing fun contributes to the adaptation of children to the team, to the life of adults. Consequently, the English language education of preschoolers has its own characteristics, which are based on the psychophysiological development of preschool children, therefore, it should differ significantly from primary school education. During the entire study, it is necessary to maintain the unity of forms and types of work, while there should be visibility, imagery and play orientation of the activities of preschool children.

Glen Doman, American physician, head of the Institute for Human Potential Achievement in Philadelphia, author of the books "Harmonious development of the child", "How to give your child encyclopedic knowledge", etc. He cites the following facts from his long-term practice: "If any adult wants to quickly acquire an inferiority complex, then all that needs to be done is to compete in learning a foreign language with a one-and-a-half-year-old baby.....If a child is born in a family where two languages are spoken, then he will speak two. If there are three languages in use in the family, he will speak three, four - four. And so on - there is no limit to perfection here. And this is the biggest linguistic miracle I know." According to G. Doman, it is necessary to start teaching a child a foreign language literally from a few months. Tens of thousands of children have already been trained at his institute according to his program. Its essence is that the most productive period for learning is the period when the brain grows, and the opportunities for learning during this period are truly unique.

Teaching children a foreign language is considered as one of the important stages of their preparation for school. Early bilingualism has a positive effect on the development of memory, attention stability, reaction speed, logic, arbitrariness of behavior, creative independence. Studies confirm that fully developing bilingual children study well and master abstract sciences, literature and other foreign languages. In addition, they get acquainted with the new culture and the peculiarities of the manners of other nations by mastering their way of thinking.[2]

In connection with the above studies of scientists, educational psychologists, practitioners and theorists, doctors, it can be stated with confidence that the study of a foreign language can and should be included in the grid of classes in preschool institutions. When starting classes with preschoolers, it is necessary to take into account essential methodological recommendations. Of course, it is necessary to take into account the individual characteristics of each child, to comply with the psychological and pedagogical requirements for age categories. First of all, classes should be held in a playful way and with the maximum use of visual material.

In this article we tried to highlight the features of early learning of a foreign language. Consequently, teaching English to preschoolers has its own characteristics, which are based on the psycho-physiological development of preschoolers, so they should differ significantly from school education. Thus, early learning of a foreign language makes a significant contribution to the formation of a harmoniously developed child's personality and preparation for better adapting it to the multilingual and multicultural situation in the modern world.

References:

1. Masaru Ibuka. It's late after three. Translated from English by N. A. Perova. Moscow. Artemy Lebedev Studio Publishing House. 2011
2. Murieva M.V. Early foreign language learning - the initial stage of the formation of a secondary linguistic personality // Vector of Science of Togliatti State University. Series: Pedagogy, psychology. 2013.
3. Smirnova E.V. Formation of the communicative space of the language environment in the conditions of foreign-language information and communication interaction // Baltic Humanitarian Journal. 2013.

ӘОЖ 303.01

HOW TO MEMORISE A BIG AMOUNT OF SCIENCE WORDS AT ONCE

Sailaubek B.E and Orynbek B.M - 1508-21

Academic adviser: Dauletova A.A – lecturer (M.A)

South Kazakhstan State Pedagogical University,Shymkent, Kazakhstan

Түйін

Психологиялық оқулықтарда "ес дегеніміз - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуынбейнелейтін процесс». Естің физиологиялық негізі – И.П.Павловтың «Жүйке жүйесінің пластикалық қасиеті туралы» еңбегінің негізінде түсіндіріледі.Ес басқа да танымдық процестермен тығыз байланысты. Ол, әсіресе, ойлау процесі үшін өте маңызды. Егересіміздеештеңесақталмаса, ондаойлау да болмаседі.

Memorizing the same data by repeating it several times is called mechanical memory in the language of science. The result will not be long in coming. Even if you put a lot of effort into this moment, it will quickly be forgotten over time.

And by understanding the information, putting it into Logic, and paying close attention to each component, the information absorbed by consciousness is stored in memory for a long time. After memorizing the necessary information, you need to repeat it again after 40 minutes to remember it. Repeat 2-3 times on the first day, 1-2 times on the second day, 1 time after 3-7 days, more than 100 times

10 TYPES OF STORAGE

1. Read Good Books

When reading a book, you force your brain to remember information about the character, his behavior, feelings, and events. In the brain, specific images are formed, which helps to improve your perception. Thus, reading can improve your memory, improve your intelligence, and enrich your vocabulary.

2. Computer games

This is a great news for those who love computer games. They train their brains during the game. But half an hour is enough to train the brain, and an hour is enough for an excess. In the process of playing intelligent or logical games, the player chooses a strategy and plans the upcoming action. If your work is based on Old Age, a half-hour game will keep your brain in a state of activity.

3. Sleep

To keep your brain in good shape, you need eight hours of sleep. Throughout the day, your brain solves various problems - whether easy or difficult. Therefore, he needs a good rest to solve the problems of tomorrow**.**

4. Learn Something New

Think carefully about what you want to learn, what you need to learn, and do it. Invest your energy in a new hobby - perhaps it will be horse riding or painting. Do what you've never done, and let your brains take an active part in it.

5. Try to get rid of boredom

Take special actions and make sudden decisions. For example, replace your morning coffee with juice, learn to write with your left hand; change the usual direction - and you will get rid of the old.

6. Try working with numbers

Do you know the multiplication table? What about how to count it mentally? We can't imagine our lives without a calculator. And you can mentally calculate your shopping in the supermarket, or try to calculate other calculations. This will not only train your brain, but also improve your memory.

7. Learn ByHeart

How many poems do you know by heart? And children know about ten. Together with your children, you can memorize about a dozen poems or favorite poems of modern poets. You will not only train your memory, but also touch something good. One day you will sing poems by heart to your colleagues and families and surprise them.

8. Talk aboutyour past

Tell someone about yesterday. From the end to the beginning. For example, what you did in the evening, and then in the afternoon, how your day started yesterday. Looking back, your brain remembers this information.

9. Learning foreign languages

Learning foreign languages is a good way to train your brain. Get used to memorizing at least ten new words a day. When you master this method, you need to move on to memorizing non-verbal phrases.

10. Increase your vocabulary

Discover a new word for yourself every day. These can be words in general or related to your specialty. Use dictionaries to find definitions of words that you don't understand. Learn these new words by applying them to your life.

If you don't train your memory, you will lose it. In order not to weaken your memory, use these 10 tips. They don't take long, but after a while you'll notice that your brain works more efficiently.

References:

1.BBC Learning English;
2.https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/44964/;blogtime.kz.
3.https://youtu.be/Q3S_PNkHZuI,
4.https://preply.com/en/blog/learn-english-fast-and-easy/

ӘОЖ 377.5.02

БІРІНШІ СЫНЫПТА ЖАЗУ САБАҒЫН ЖҮРГІЗУ ЖҰМЫСТАРЫ

Алмабек А.Ш. – 102-28 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Байымбетов Ж.А. –ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме

В статье взято представление о повышении возможностей формирования навыков художественного письма у первоклассников в современных условиях обучения. Письменная работа-одна из важнейших сфер общего, учебного процесса в первом классе, которая требует выполнения непрерывных и ритмичных упражнений, систематической работы в процессе приобщения к художественному письму. Кроме того, в статье освещена необходимость и актуальность проблемы формирования навыков художественного письма у первоклассников с переходом на обновленное содержание образования в школах и переходом на дистанционную систему обучения в условиях пандемии.

Зерттеудің материалдары мен әдістері

Қазіргі таңдағы бастауыш мектептегі бірінші сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру мәселесіне кешенді ғылыми талдау жасау және жүзеге асыру жолдарын қарастыру барысында төмендегідей мақсат - міндеттер негізге алынады:

1.Бірінші сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-теориялық, лингвистикалық және психологиялық негіздеріне талдау жасау.

2. Қазақстанда бастауыш білім беруде қашықтықтан оқыту мәселесін тиімді ұйымдастыру бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелерін талдау.

3. Бірінші сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыруда басшылыққа алынатын принциптер мен талаптарды ескеру.

4. Бастауыш мектептегі бірінші сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың тиімділігіне ықпал ететін факторларды анықтау.

5. Бірінші сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыруда қолданылатын құралдар мен формаларды анықтау.

Жазу сабағын жүргізуде қолданылатын әдістер

Бірінші сынып оқушыларын жазуға үйретуде үш нәрсені басшылыққа алу керек:

біріншісі - әріптерді мәнерлі жазуға және жеке әріптерді өзара құрастыра білу;

екіншісі – әріп элементін дұрыс жазуға дағдыландыру;

үшіншісі – жазу жұмысына өте ұқыпты, мұқият болуды қалыптастыру.

Жас жеткіншектің көркем жазу дағдысы біртіндеп қалыптасады. Осы орайда оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана білу керек. Түрлендірілген жұмыстар оқушыларды қызықтырып қана қоймай, логикалық ойлауын арттырады. Сауат ашудың дайындық кезеңінде оқушының икемділігі мен көз мөлшерлеу қабілетін жетілдіру, графикалық дағдыларды қалыптастыру үшін суретті және сызықты жаттығуларды орындатады.

Сонымен бірге бұл кезде штрихтау жаттығуларын орындатудың мәні зор. Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті – ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. Әр түрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды штрихтау баланың қолын жаттықтырмайды, оның сөйлеуі мен ойлауын жетілдіреді. Штрихтау арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн. Сурет альбомы беттеріне жазу сызықтары сызылады да, жаттығулар жазу дәптеріндегі үлгідей орындалады.

Оқушылар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, оң, сол, жоғары, төмен, түзу, қисық, дөңгелек ұғымдарын меңгереді. Ал, сауатты жазу кезеңінде әріптерді жазып үйренеді. Демек, әрбір әріпті жазып шығу дегеніміз – көп қырлы таңдау процесін атқару деген сөз. Ал, мұның өзі мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала үшін аса күрделі іс-әрекет. Әр әріп элементтерін жазып үйрену ең алдымен, оның неше элементтен тұратынын, екіншіден, ол әріпті қай жерде қалай бағыттап жазуды меңгеруіне септігін тигізеді. Жазуға үйретудің алғашқы күнінен бастап, оқушыларды үзбей жазуға дағдыландыру қажет.

Оқушы сөйлем, сөз, буын, дыбыс ұғымдарын дұрыс меңгеругенде ғана сауатты жазу орын алады. Сауатты жазу дегеніміз – әріптерді тастамай, шатастырмай жазу. Оқушыға буындап оқыту, сөздерді буынға дұрыс бөлгізу керек. Буынды дұрыс меңгерген оқушы сауатты жазады.

Жазуға үйрету жүйесінде әр түрлі әдістер XIX-XX ғасырдың бас кезінде-ақ мектептерге енгізіліп, қазіргі кезде кеңінен қолданылады. Бұл әдістерге: ***көшіре жазу әдісі, сызықтық әдіс, ритмикалық әдіс, генетикалық әдіс, Карстер әдісі*** жатады.

Көшіріп жазу әдісі бойынша мұғалім дәптерге қарындашпен жазады немесе әріп таңбаларын нүктемен белгілейді. Ал, оқушылар оның үстінен басып жазады. XIX ғасырда бұл әдіс мектептерге енгізілді. Алайда, бұл әдісті пайдалану барысында кемшіліктерді ескере отырып, оны қолдануға шек қойыла бастады.

Сызықтық әдіс арқылы оқушы әріптің көлемін, пішінін, арақашықтығын, көлбеулігін дұрыс жазуды үйренеді. Әріптің біркелкілігін сақтау үшін арнайы торкөздер пайдаланған екен. Кейіннен бұл торкөздерді көздің жанарына және оқушылардың өздігінен жұмыс істей алмауына байланысты алып тастады.

Генетикалық әдіс көркем жазуда әріп элементтерін жазып үйренуді талап етеді. Балалар әріп таңбаларын алфавит ретімен жазып үйренбейді, алдымен

оңай әріптерді жазып үйренеді, соңынан біртіндеп жазылуы күрделі әріптерді таңбалауға үйретеді.

Тактикалық немесе ритмикалық әдіс. Ритм – бүкіл жазу элементтерінің лайықты үйлесімін табуға көмектесетін амал. *Тактылау (санау)* – қозғалысты бір қалыпты жетілдіріп, оқушылардың жазу қарқынын жеделдетуге әсер етеді, жазу процесінде жасалатын қол қимылдарының дұрыс та айқын болуын дамытады, сыныптың бір мезгілде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Алайда, бұл әдістің бірнеше кемшіктері бар екендігі дәлелденді.

Карстер әдісі қолдың қозғалысын дамыту үшін жасалынатын жаттығулар жүйесі. XIX ғасырдың басында ағылшын Карстер енгізген бұл әдіс ең алдымен 19 элементті, одан кейін жазылуы қиын штрихтары бар әріптерді, сөздерді жазуға үйретеді. Бұл әдісті ересектерге каллиграфиясын түзеу үшін пайдаланған тиімді.

Оқушының көркем және сауатты жазуы үшін бірнеше жаттығулардың түрлерін ұсынамын. Бұл жаттығулар балалардың көркем жазу дағдысын қалыптастырады.

«Орнын белгіле» жаттығуы. Дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді.

«Әріпті тап» жаттығуы. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады да, оқушылар қалаған элементін тауып жазып көрсетеді.

«Ғажайып алаң» ойыны. Тақтаға сөз жасырылады. Мұғалім жасырылған сөздің әрбір әрпін элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады.

Жазу сабағын жүргізуде жоғарыдағы жұмыс түрлерін жүргізу арқылы, оқушылардың дыбыстарды бұзып айту тәрізді кемшіліктері түзетіліп, оқығанын, естігенін екінші адамға айтып беруге машықтанатын болады, баланың ойы дамып – жетіледі.

Әдебиеттер:

1. Кульбаева Б.С. Каллиграфия: Оқу құралы. – Ақтөбе, 2018. - 175 б.
2. Әуелбаева Ш. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың әдістемесі. Алматы, 1987ж.
3. Тұрдалиева Г.Ж. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу әдістемелік құралы, Астана: Фолиант, -2012ж., 292б.
4.Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі http://adilet.zan.kz (22.04.2016)
5. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ресми сайты https://elbasy.kz (08.04.2020)
6. Шиф Ж.И. «Развитие научных понятий у школьников». - М. - Л., 1935;
7.Блинков С.М. и Глезер И.И. Мозг человека в цифрах и таблицах. Л., «Медицина», 1964.
8. Гурьянов Е.В. Развитие навыка письма у школьника. М., Учпедгиз, 1940.
9.Левина Р.Е. Недостатки чтения и письма у детей. М., Учпедгиз, 1940
10. Лурия А.Р. Мозг человека и психические процессы. М, Изд-во АПН РСФСР, 1963.

UDC 81-13

PROBLEMS AND TECHNOLOGIES OF TEACHING FOREIGN LANGUAGE AT EARLY AGES

Shaizanda B.B.–student of 1703-30 group
Research supervisor: Ibragimova T.A.-Senior Lecturer
South Kazakhstan state pedagogical university,Shymkent

Түйін:

Ағылшын тілін мектеп жасындағы балаларға үйретудің әдіс – тәсілдері мен қиындықтары қарастырылады. Сонымен қатар, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай шет тілдерін ерте жастан үйретудің механизмдері көрсетіледі.

Learning foreign language is not a hobby, but as a result of globalization it turned out to be an obligation. “Language is a vehicle required for effective human to human interactions and yields a better understanding of one’s own language and culture.” [1] Hence, in our modern world schools has started to teach English language at an early age. This is an inevitable fact that this process has its own ups and downs, as upbringing a new personality from scratch with its own cultures and attitudes is a daunting task indeed. The foreign language learning process itself has undergone a significant paradigm shift in the past decade, as it started with mastering a language through mimetic activities during the lessons or learning processes. Nowadays, instead, modern – innovative methods are accompanied by cutting edge curriculum as well as the supplementary up – to – date technical appliances respectively- which reduce the dullness level of the lesson. Not only that, but audio and video materials guarantee the significance of the process. If we compare the foreign language learning sources of “now” and “then” - it’s obvious that updated books include more “daily expressions” rather than those “academic words” that are less beneficial in everyday language. However, the learning purposes should be considered as well.

In Kazakhstan English language is taught from the 1st grade of school, which is the same as in the most countries of the World. In spite of that, most of the teachers and students face with different problems during the FLL process.

According to the linguists, if the child starts mastering a new language apart from his mother tongue, he will definitely experience the being short of expressions in both languages, as it is difficult for him to focus on one particular language. However, this process usually does not lasts for a long time, as children are quick to adapt – when they reach the age of 8 or 9, it is easier for them to speak all those languages and understand them as well.

Yet, here is one major task that teachers should handle: as children learn to write and read for the first time in the 1st grade, they will not be able to manage to master reading and writing in several different languages. Consequently, more and mostly teachers advise to concentrate on listening and speaking skills rather than the abilities of reading and writing at early stages of teaching foreign language.

How to teach a foreign language, which theory will be based on and which method will be used is one of the most important questions emphasized by educators. There is no single proper method in foreign language teaching because each child has individual differences in terms of developmental characteristics, needs, motivation,

and learning style - hence, many teaching methods are synthesized and used together in foreign language teaching.

There are several existing methods that are distinguished from one another by specific features of being student or teacher – centered the role of mother tongue in the learning process as well as the approach taken as basis.

Direct method is also called "Natural process" and defined as mastering a foreign language in a way that the child's mother tongue is learned. 19th century's reformer Marcel had a great influence in the formation of this method. According to his speech, teachers should focus on four skills which are reading, speaking, listening and writing, but those should be taught in a meaningful way e.g. speaking is supposed to be mastered through reading texts. The interesting point is that he considers writing to be less important and ranks this ability in the last place. However, as far as his studies, reading skills are better to be acquired before any other skill – which shows its supremacy in the FLL process. Marcel suggests repeating the same expressions as much as possible – every time focusing on different point, as voice tone, emotions, gestures and actions. [2]

After America decided to participate in the World War II, between 1930 – 1950 years, foreign language gained significance and demand for English speaking people increased many times. Therefore, the universities of the United States started creating a new foreign language learning techniques. Linguist Charles Fries was in charge of new method called ASTP, which stands for Army Specialized Training Program, and with his support army method was soon applied in schools. They succeeded in a short period of time and the Army was able to speak and understand English easily. But this method contained no grammar and translations at all, but a huge amount of verbal activities such as pronunciation, speaking practice and dialogue exercises. Later on linguists started to use this brand - new way of teaching a foreign language in their practices. The Auditory-Linguistic Method or Audio – Lingual method presents in the form of a systematic method for incorporating not only the sound parts of a language but also the functioning patterns of rhythm and intonation, grammatical system, word sets, as well as all social and cultural meanings. It uses the oral approach in language teaching primarily in the first stage of language learning and does not deny reading and writing skills at any stage of language learning. It kept the main principles of Direct method but at the same time refuses Grammar teaching.

The Audio – Lingual process relies on forming a correct habit or in other words – behavior. Adults show the children a particular expression by demonstrating it clearly with his voice, actions and gestures, and the child repeats respectively. Yet, relatively, before imitating children should listen to the statement several times.

Brooks, one of the language teaching theorists, supported the auditory-linguistic method, argued that language is a behavior, that learning a language includes how to behave instead of learning how to use grammar, and that this behavior is best learned by establishing appropriate habits. [3]

In the classroom implementation phase of this method importance is given to listening and speaking. Teacher presents the particular set of phrases, usually those

that are widely used in daily life conversations, repeats them and just them gives the students experience it by making dialogues. The dialogue is repeated more than once and after each sentence the class repeats the same sentence, followed by role – playing according to the given topic. In the further lessons their roles are changed in the mean of learning them all.

The only criticism of this method is that as far as the statement of Chomsky, there will be only a limited amount of phrases or words to memorize as it is impossible to demonstrate an unlimited range of vocabularies through habit formation.

Although there are a particular amount of so – called problems of teaching a foreign language at early ages, its benefits outweigh drawbacks. Also foreign language learning process is not as easy task and there are no determined methods of mastering it, several pedagogical methods should be used considering the personal development, abilities as well as the interests of the children.

In conclusion, it is noticeable that teaching methods changed through decades depending on conditions and the requirements of the time relatively. The most considerable fact is that studying a new language as foreign language requires not only innovative resources like books, technologies and etc, but also appropriate approach considering different factors, including personal development of a child, the interests and aims of the learner as well as the characteristics of a child.

The universal proper method has not been invented yet, subsequently it is a tutors' duty to define the most convenient technique so that students stay motivated, always make an attempt to keep learning.

References:

1. Peter Serdyukov, National University, La Jolla, California, USA
2. Pinter A. "Children learning second languages".London – 2011
3. Thornbury S. "How to teach grammar". - 2000

UDC 811.111

HOW THE WORLD'S TOP COUNTRIES APPROACH THE FOREIGN LANGUAGE TEACHING PROCESS

Shaizanda B.B.–student of 1703-30 group

Research supervisor: Balkybekova S. Zh. – the teacher of master's degree

South Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent

Түйін:

Әлемдік деңгейдегі ағылшын тілін үйрету тәсілдері зерттеліп, олардың ерекшеліктері мен артылықшылықтары салыстырылып көрсетілген.Сонымен қатар, тиімді тәсілдер сарапталынып, қорытынды жасалды.

In this globalized world 55 % of all the information that ever existed on the Internet is written in English, which shows its supremacy. 17 countries of European Union teach English as a foreign language from kindergarten, whereas the same amount of countries of OECD (Organization for Economic Co-operation and Development) started teaching English from primary school. In

Kazakhstan English language is taught from the 1st grade of school, which is the same as in the most countries of the World. In spite of that, most of the teachers and students face with different problems during the FLL process. [1]

300 years ago, there was only one version of the English language. It was first formed in Britain. After that, English became the common language of the peoples of America, Australia, New Zealand, India, Asia and Africa. But in these countries, the English language has developed, matured, replenished, and enriched at different levels.

English is a world language or international language. But, for the first time, the Dutch and Spaniards began to colonise. Well, why didn't their language become a world language? After all, the Dutch" our language is beautiful, melodic, you do not know grammar, you break the language", the colonial countries did not speak their own language. The English used to say," as you speak, we can understand information." The grammar of the English language consists of two cases. Therefore, it is easier to speak, but more complex to write.

Throughout the history of mankind, various methods and methods of Education have been developed. The ways of teaching a foreign language were originally derived from programs developed for teaching "dead languages" such as Latin and Greek within the framework of the educational process, which were adapted for reading and translation.

The learning process, especially language learning, is very complex and difficult. It consists of systematisation and perception of information, cognition and understanding, observation and definition, processing and comparison, memory and search, and much more.

As the learning process is updated and updated every year, both the requirements and responsibilities for modern language learners increase. Recently, new methods have been developed to open up students ' opportunities, increase their activity, and arouse interest. These methods are a new method of teaching, which increases the personal cognitive activity of a language learner.

New teaching methods mean teaching the language using new advanced technologies. And this means that advanced technologies can be improved by processing, repairing, analysing long-standing methods, looking for new ways, working in the same direction. The goal of new learning is not to teach the learning process, but to give the language learner the will, to make a choice, to guide him, to reveal his abilities and abilities through control. One of these methods is active training. This methodology includes role-playing games, modelling, Language Teaching through diagrams, Business games, etc. When using this methodology, new technical means are used: audio-video tools, various visual aids, a computer, a laid-pro, and hodoscopes that increase the student's interest in learning the language. It perceives the set of Information well, increases activity, independently summarises what it hears, sees, observes, and assimilates.

Modern teaching methods are used by the teacher in practice, transforming and activating them, guided by the existing skills and methods as much as possible.

Globalization has turned a whole world into a small village; however, English language is dominating in there. Hence, mastering it as a foreign language provides us with a huge opportunity to be in touch with the world.

The idea of using three languages in our education system first was mentioned by our ex – President in 2006, and by the next year the project was introduced for the first time. After a while, in 2015 it was decided to officially teach Kazakh, Russian and English at school in the 12th conference of Assembly. The project was planned for the period of 5 years, between 2015 and 2020 years respectively.

However, it was impossible to teach high school students in 3 different languages as it was never experienced before, so they decided to add English language in the curriculum of 1st grade children. As a result, these days school children are ready to understand the materials in 3 languages and use those languages in their daily life. But how do the developed countries deal with this process and what kind of method do they use for learning foreign language in a short period of time?

Finland is the top country in the world in terms of education and 70 % of inhabitants in Finland speak English as their second language, which is the high proportion in itself. In 2015, Finland was placed in the fourth place for English speaking proficiency, and even the weaker sectors were still higher that international average.

Finnish students start studying English in their 3rd year at school, which means when they are 9 y.o. Initially teachers more and mostly use Audio – Lingual method, which focuses on listening and speaking more rather than reading and writing. [2] This method helps student to enhance their understanding of foreign language as well as communicating. Unlike most countries in Europe, Finland does not focus on grammar and phonetics which leads to mastering language by the time they graduate school. However, France, Italy, Spain and other countries in Europe teach more and mostly grammar, including phonetics and barely speaking. As a result, at the age of 18 they can graduate 12th grade without even speaking a single word.

Alike Finland, Asian country South Korea assumes that foreign language should be studied not from 1st, but from 3rd grade at school. In 2018, South Korea banned teaching English at 1st and 2nd grades of elementary school to minimise negative effects of early English education practices.

The director of early childhood education and care policy devision at the Ministry of Education Kwon Ji Young mentioned that “According to many English education experts and neuroscientists, the right age for learning English is the third grade”

There are a number of English teaching organisations from kindergarten, however, they are not officially registered as pre - school education but operated as private academies. This is because scientists say that teaching a new language from pre - school is not adequate as till 3rd grade their cognitive skills should be improved.

However, parents consider that the earlier you learn, the better it is for your future. Vast majority of parents plan teaching English at an early age even before their children is born. [3]

When considering the issues of teaching foreign languages, first of all, we are talking about the place of the native language. There are two different views on this

issue among scientists. One of them considers it necessary to teach a foreign language based only on the native language, comparing it with the native language, the other – to learn a foreign language lesson directly without the help of the native language. Scientist L. V. Lyakhovitsky: "when learning a foreign language, it is absolutely necessary to take into account the peculiarities of the native language, to understand the difficulties faced by the learner in a new language. Only by relying on the native language, you can eliminate such difficulties that you face. By doing exercises in a foreign language, you can not use your native language in the classroom, but the native language will remain in the minds of students. And if you do not pay attention to the peculiarities of your native language in the lesson, then in some cases it can be harmful for students to learn a foreign language. That is, if the lesson is only in a foreign language, the number of language materials that are incomprehensible to students increases, which reduces the student's interest in learning a foreign language," he says.

References:

1. Nazar Kasym "Why do we need bilingualism? " – 2016.
2. Peter Serdyukov "Innovation in education: what works, what doesn't, and what to do about it? "
3. Faraz Ghani ." South Korea bans English education for first and second grades". Aljazeera – 2018.

ӘОЖ 372.8:57/59

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНДА БИОТЕХНОЛОГИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қонтай А.Б. – 113-38А тобының студенті
Ғылыми жетекші: Утегенова Г.А. – PhD, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article provides information about the concept of biotechnology, the methods used to explain biotechnology topics to students.

Оқушылар мектепте биотехнологияны жаратылыстану пәндерін, атап айтқандай биология пәнінде оқығанда, олар бір жағынан өте ескі технологиялардың ғылыми тұрғыдан түсінеді, мысалы, егер нан немесе шарап жасау әдістері айтатын болсақ осы өнімдерді алу үшін қандай тірі ағзалар қатысады және сол тірі ағзалардың ағзасында қандай үрдістердің жүзеге асуы нәтижесінде дайын өнім түзіледі, оның технологиясын меңгереді; ал генетикалық тақырыптарды түсіндіргенде, мысалы, гендік инженерия туралы айтылатын болса, бұл өте қарқынды дамып жатқан бағыт, жаңа аспектілерді қамтиды. Биотехнологияның бұл «заманауи» бөлігі біздің қазіргі әлеміміздің әртүрлі мәселелерін шешудің жоғары әлеуетін көрсетеді, бірақ сонымен бірге этикалық сұрақтар мен мәселелермен бірге жүреді. Биотехнология тақырыбының жоғары өзектілігі мектептегі жаратылыстану пәндеріне ерекше қызығушылықты тудырады. Бұл, бір жағынан, оқушыларға биотехнологияның

ғылыми-техникалық аспектілері туралы ақпарат беру, ал екінші жағынан, биотехнологияның мүмкіндіктері мен тәуекелдерімен саналы түрде күресетін болашақ шешім қабылдаушы ретінде біліктілік беру.

Сонымен қатар, биотехнологиялық тақырыптарды бағдарламаға енгізудің мақсаты оқушылардың осы технологиялық салаға қатысты негізделген шешім қабылдау қабілетін арттыру, биотехнологиялық білім беру арқылы оқушыларды биотехнологияның әдістері, жетістіктері мен әсерлері туралы негізгі түсінікке жетелеу. Білімге сүйене отырып оқушыларға берілген тақырып бойынша өзіндік, саналы шешім қабылдауға және соған сәйкес әрекет етуге көмектесу керек [1].

Соңғы жылдары жаратылыстану бағатындағы ғылымдар бойынша білім беру деңгейі жоғарылап, ғылымда да жаңалықтар ашылуда. Мұғалімдер биотехнологияның негізгі бағыттарымен оқытумен ғана шектелмей биотехнологияның жетістіктерін жан-жақты түсіндіруі қажет. Дегенмен, биотехнологияның негізгі қолданбалары: фармацевтика өнеркәсібі, медицина, ауыл шаруашылығы, тамақ технологиясы және қоршаған ортаны қорғау технологиясы, сондай-ақ технологиялар, мысалы, гендік инженерия, жасуша культурасы әдістері, микробтық дақылдар алу және өсіру екендігі ескерілуі керек.

Биотехнология терминімен тығыз байланысты әртүрлі технологиялардың ішінде гендік инженерия ең көп талқыланатындардың бірі болып табылады.

Биотехнология жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі. Биотехнология тірі жүйелерді пайдалану ретінде анықталады және өнімдерді әзірлеуге немесе өндіруге арналған ағзалар немесе «кез келген биологиялық жүйелерді қолдану арқылы технологиялық қолдану, жасау үшін тірі ағзалар немесе олардың туындылары белгілі бір пайдалану үшін өнімдерді немесе процестерді өзгерту» болып табылады [2].

Заманауи гендік инженерия және жасушалық инженерия сияқты биотехнологиялар нәтижесінде жаңа өнімдер алынып жатыр. Биотехнология қазірдің өзінде халық денсаулығын жақсартуға, ауыл шаруашылығына әсер етіп, өнімділік, азық-түлік, тамақтану және су қауіпсіздігі, балама отын көздерін анықтау және парниктік газдар шығарындыларын азайту мәселелерін шешу үшін түрлі әдіс-тәсілдерді, технологияларды пайдаланады.

Білім беру мақсатында биотехнологияның жетістіктерін түсіндіруді оқытудың әртүрлі стратегияларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Мұғалім оқушыларды сабақта контекст, тапсырма, күтілетін нәтижелер, ресурстар және қолжетімді ақпарат беру арқылы бағыттайды.

Әдебиеттер

1. Trey Dunham, John Wells, and Karissa White. Biotechnology Education:
A Multiple Instructional Strategies Approach. Journal of Technology Education Vol. 14 No. 1, Fall 2002. – P. 65-81.

2. DeMiranda, M.A., and Folkestad, J.E. Linking cognitive science theory and technology education practice: A powerful connection not fully realized. Journal of Industrial Teacher Education, 2000. 37(4) [On-line].

ӘОЖ 372.8:57/59

ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Сайлау М.Е. – 113-38А тобының студенті
Ғылыми жетекші: Есентуреева Г.Д. – а.ш.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются возможности виртуального образования. Виртуальная лаборатория - программно-аппаратный комплекс, позволяющий проводить опыты без контакта с конкретными приборами или проводить эксперименты при отсутствии такого лабораторного оборудования.

Ғылым, білім, техника және технологияның үнемі дамуы жаңа ақпараттық жүйелердің де дамуын қажет етеді. Соның нәтижесінде еңбек нарығында жаңа вакансиялар пайда болып, адамдардың тиімді білім алуға (жоғары, қосымша, кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру) сұранысы артып келе жатыр, ал білім беру қызметтерінің өз кезегінде өзекті болып жатыр. Дегенмен білім беру әрқашан заманға сай өзгерістерді қамтып жүзеге асырылып жатқан жоқ, дәстүрлі форманың білім беру модельдері өзгеріссіз қалып, қажетті және өзекті білім, дағдылар қамтамасыз етілмей қалатын жайттар да анықталуда. Сондықтан білім берудің жаңа формалары мен әдістерінің білім беру жүйесіне енгізілуі қажет етіледі. Білім беру жүйесіндегі инновациялар, білім беру жүйесінің жүйелі модернизациясы – соңғы жылдары көп көңіл бөлінетін өзекті мәселелер болып табылады [1].

Қоғамның барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жаңа компьютерлік технологиялардың мақсатты пайдаланылуына қарағанда олардың білім беру жүйесіне тигізетін әсері кеңінен зерттелуде, себебі компьютерлік технологиялар барлық салаларға енгізіліп, болашақта олардың дамытылуы көзделіп жатыр. Жаңа технологиялардың негізгі ерекшеліктері мәліметтер базасын, гипертекст, мультимедиа, электронды оқулықтар, электронды байланыстар, эксперттік жүйелер, виртуалды зертханаларды қамтитын компьютерлік ақпараттық ортаның болуы. Осы технологияларды пайдалану арқылы білім алу және оны игеру, тасымалдау уақыты максималды «тығыздалады». Бұл өз кезегінде білім беру үрдісінің ақпараттық ағынмен тепе-тең өтіп, оның жылдам жаңаруына сәйкес келеді. Компьютерлік ақпараттық технологиялардың оқу үрдісіне енгізілуі – объективті және сөзсіз жүзеге асатын үрдіс, білім беруді виртуализациялау компьютерлік ақпараттық технологияның бір жолы ретінде енгізуді қажет ететін мәселе, қазіргі күні өзекті болып табылады. Виртуалды білім беру үрдісін ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін қарастыру қажеттілігі және дәстүрлі педагогикалық оқу формалары мен әдістерін виртуалды оқытудың қазіргі концепция жағдайларында пайдалану мүмкіндіктері маңызды болып табылады. Соңғы жылдары білім беру жүйесінің ақпараттандырылуы мәселесі көптеген писхологиялық-педагогикалық зерттеулердің зерттеу нысаны болып жатыр. Виртуалды білім беру үрдісін ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін қарастыру қажеттілігі

және дәстүрлі педагогикалық оқу формалары мен әдістерін виртуалды оқытудың қазіргі концепция жағдайларында пайдалану мүмкіндіктері маңызды болып табылады. Соңғы жылдары білім беру жүйесінің ақпарттандырылуы мәселесі көптеген писхологиялық-педагогикалық зерттеулердің зерттеу нысаны болып жатыр [2].

Виртуалды зертханалар іс-әрекетті компьютерлік оқыту ортасында модельдеуге мүмкіндік беретін, педагог-практиктердің назарын өзіне аудартатын орта болып табылады. Дегенмен виртуалды ақпараттық-білім берушілік зертханалардың қазіргі заманауи жалпы орта мектептерінің жағдайында оқу үрдісін құрайтын әдістемелерді құраушы ретінде қалыптасу мәселесі әлі толық зерттелмеген. Сондықтан қоғамның білім беру сұранысына, ақпараттық, коммуникациялық технологиялардың, заманауи ақпараттық ағын және білім беру үрдісі арасында қарама-қайшылық туындайды. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектептерде ақпараттық қоғам жағдайында виртуалды зертханаларды жоғары деңгейде жүзеге асыру үшін ғылыми-педагогикалық база айтарлықтай дамымаған [3].

Виртуалды ақпараттық-танымдық зертханалар жағдайында жаңа салаларды зерттеу кезінде мотивация жоғарылап, оқушыларда практикалық дағдылар мен білім дамиды, олардың танымдық іс-әрекеті белсенді бола бастайды. Виртуалды зертханалар жүйесін пайдалану дәстүрлі білім берудің бай педагогикалық потенциалын қолдана отырып, оны жаңа деңгейге – виртуалды компьютерлік технологиялар деңгейіне ауыстырады.

Әдебиеттер

1. Черемисина Е.Н., Антипов О.Е., Белов М.А.. Виртуальные технологии. Дистанционное и виртуальное обучение. 2012. № 1. – С. 50-64.
2. Rittinghouse J., Ransome J. Cloud Computing: Implementation, Management and Security. CRC Press, 2010.
3. Касаткина Н. Э., Градусова Т. К., Жукова Т. А., Кагакина Е. А., Колупаева О. М., Солодова Г. Г., Тимонина И. В. Современные образовательные технологии в учебном процессе вуза [Текст]: методическое пособие. – Кемерово: ГОУ «КРИРПО», 2011. – 237 с.

ӘОЖ 372.8:57/59

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Увалханова Г.Ж. – 113-38А тобының студенті
Ғылыми жетекші: Есентуреева Г.Д. – а.ш.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article indicates the advantages of using information and communication technologies in the educational process, which are currently rapidly developing and becoming an integral part of the educational process.

XXI ғасыр - компьютерлік технологиялар ғасыры. Сондықтан ең алдымен адам баласы өзіне келесі сұрақтарды қою арқылы компьютерлік

технологиялардың қажеттілігін түсіне алады: Қазіргі заманда адам өзін әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жайлы сезінуі үшін не қажет? Адам өзін толыққанды өмір мен жұмысқа дайындау үшін XXI ғасырдағы білім қандай болу керек және қандай рөл атқаруы керек? Әрине тек дәстүрлі білім беру әдістерін пайдаланып осы мәселелерді шешу мүмкін емес. Ал заманауи әдістерді меңгеру үшін келесі жағдайлар құрылып жатыр және құрылуы қажет:

- әрбір білім алушының танымдық процеске тартылуы;
- әртүрлі мәселелерді шешу үшін бірлесіп жұмыс істеу;
- басқа өңірлердің, білім беру ұйымдарының білім алушыларымен тығыз қарым-қатынас орнату;
- әртүрлі мәселелер бойынша өзінің тәуелсіз дәлелді пікірін қалыптастыру мақсатында бүкіл әлемнің ақпараттық орталықтарында қажетті ақпаратқа еркін қол жеткізу.

Қазіргі уақытта заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқу процесін ұйымдастыру қажеттілігі туындады, онда электронды құралдар ақпарат көзі ретінде кеңінен қолданылады. Себебі тек жаңа ақпараттық технологиялар жаңа педагогикалық технологияларға негізделген мүмкіндіктерді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді [1].

Ақпарат қоғам дамуының ресурсына айналған кезде қазіргі білім беру жүйесі үздіксіз процесс екені белгілі. Мұғалімдер үшін бұл білім беру мақсаттарын белгілеудегі басымдықтардың өзгеруін білдіреді: оқыту мен тәрбие нәтижелерінің бірі – студенттердің заманауи компьютерлік технологияларды игеруге дайындығы және одан әрі өзін-өзі тәрбиелеу үшін олардың көмегімен алынған ақпаратты жаңарту мүмкіндігі болуы керек. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін мұғалімнің тәжірибесінде оқытудың әртүрлі стратегияларын қолдану және оқу – тәрбие процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қажет.

Сабақтарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоршаған әлемнің ақпараттық ағындарында бағыт табу, ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық тәсілдерін меңгеру, заманауи техникалық құралдардың көмегімен ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Сабақтарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану түсіндірмелі және иллюстрациялық оқыту әдісінен іс-әрекетке көшуге мүмкіндік береді, онда білім алушы оқу іс-әрекетінің белсенді нысанына айналады. Бұл студенттердің білімді саналы түрде игеруіне ықпал етеді.

Біз білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыратын заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың екі негізгі бағытын көреміз. Біріншісі - білім беру мәселелерін шешуде компьютерді сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін білімді, дағдыларды игеруді қамтиды. Қоғам талаптары мен қазіргі білім мен дағдылардың аралығындағы алшақтықты қысқартып компьютерді күнделікті өмірде пайдалана білу. Екіншісі – заманауи ақпараттық технологияларды білім беру барысында оқу траекториясын еркін таңдауға мүмкіндік беретін, оқытудың тиімділігін айтарлықтай көтеретін оқытудың тиімді құралы ретінде қарастырады. Студент өзіне қолжетімді ақпарат құралдарын пайдалануға

қабілетті, белсенді емес тыңдаушының орнына оқу процесінің барысында өзін-өзі басқаратын тұлға ретінде қалптасады, ал компьютер және көптеген оқу бағдарламалары оқытудың басқа әмбебап құралдары ретінде қолданылады [2, 3].

Қазіргі білім беру жүйесіне қойылатын мақсаттар мен міндеттер үнемі өзгеріске ұшырауда, күш-жігер білімді игеру құзыреттіліктерді қалыптастыруға көшірілді, басты назар жеке-тұлғалық білім беруге ауысуда. Дегенмен бәрібір де сабақ оқу процесінің негізгі құрамдас бөлігі болды және болып қала береді. Оқу іс-әрекеті көбінесе сабаққа бағытталған. Дайындық сапасы білім беру мазмұнымен, сабақтың технологиясымен, оның ұйымдастырушылық және практикалық бағытымен, атмосферасымен анықталады, сондықтан білім беру процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану қажет.

Әдебиеттер

1. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. 6-ое издание. – М.: Издателский центр «Академия», 2010. – 192 с.
2. Общая методика обучения биологии: Учебное пособие для студентов педагогических вузов /под ред. Пономаревой И.Н.-М.: Академия, 2003. -272 с.
3. Титов Е.В. Методика применения информационных технологий в обучении биологии/ Е. В. Титов, Л. В. Морозова.-М.: Академия,2010. -176 с.

ӘОЖ

ОРТА МЕКТЕПТЕ МАГНИТТІК ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Баратов Оятулла – 126-18 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы – ф.м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін.

Мақалада орта мектеп физика курсында магниттік құбылыстарды оқыту мәселелері, сонымен қатар қазіргі жаңартылған білім беру технологияларын қолдана отырып оқытудың ерекшеліктері мен артықшылықтары баяндалады.

XXI ғасырда әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде білім беру жүйесін білім берудің мақсаты, мазмұны және технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында [1]: «Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады» – деп айтылған. Бұл, өз кезегінде, ұстаздар алдында жас ұрпаққа білім берудің жаңа түрлері мен әдістерін жасап, олардың өздігінен білім алуын қамтамасыз ету мәселелерін қойып отыр. Білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру бағытында елімізде көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Жаңартылған білім беру технологияларын қолдану арқылы біз физикалық құбылыстарды жеткілікті деңгейде жас ұрпаққа үйрете аламыз. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруы, сонымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және жаңаша әдістер қолданудың тиімділігін арттыру болып табылады. Жаңартылған білім беру жүйесі жас ұрпақтың әлемдік аренада бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, дамытушылыққа бағыттайды. Жаңартылған білім беру маңыздылығы – білім алушының қолайлы орта құра отырып, ақпараттық коммуникациялық технологияларды білім беру саласында қарқынды пайдалану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, қарым-қатынасқа түсу, шығармашылықта қолдану және оны жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер қолдану болып табылады [2].

Елімізде жаңартылған білім беру мазмұны жалпыға бірдей білім беретін мектептерге кезең-кезең бойынша енгізіліп, 2020 жылға қарай 12 жылдық құрылыммен жаңартылған білім мазмұнына көшу барлық сыныптарды өз мәресіне жетті.

Жалпыға бірдей білім беретін мектеп курсында физика пәні дәстүрлі түрде арнайы оқулық бойынша оқытылатыны мәлім. Оқулықтарда оқытылуға тиісті оқу бағдарламалары қамтылған. Нақтырақ, физика пәні бойынша физикалық құбылыстар белгілі бір анықтамалармен сипатталған. Жаратылыстану пәндеріне оның ішінде физика пәнінің мектепте оқытылу жайына көңіл аудару – тәуелсіз еліміздің болашақ мамандары үшін аса маңызды. Елімізде 300-дей мамандық түрлері бар десек, соның 80 пайызынан астамы түрлі сала инженерлері, ауылшаруашылық мамандары болып табылады. Ендеше, мектеп қабырғасынан бұл пәндерді терең меңгермеген адамнан келешекте нашар маман шығатыны 63еш күмән туғызбайды. Осыдан оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын және оны оқыту сапасын қалай арттыруға болады деген сұрақ туындайды.

Жалпы физика курсының магнетизм тарауын мектеп жағдайында оқытуда көптеген дидактикалық, әдістемелік қиыншылықтар кездеседі. Себебі, электр және магнетизм тарауын оқытудың өзіндік ерекшелігін, ондағы физикалық құбылыстардың нақты әрі көрнекі тақырыптарды түсіндіру мен тәжірибелерді жасап көрсету мектеп жағдайында мүмкін емес. Тек қана мектеп емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарының студенттері үшін де қолданылатын қондырғыларда орын алатын аса күрделі физикалық процестерді елестетіп, олардың жұмыс істеу принциптерін түсіндіру көптеген қиындықтар туғызады.

Міне, осындай қиындықтардан шығудың нақты жолдарының бірі – магнетизм тарауын оқытуда жаңартылған білім беру технологияларын қолдану болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан, 12.26.2003.
2. Т.М.Жоламанова «Жаңа педагогикалық технологиялар» оқу құралы. Қарағанды «Ақнұр» баспасы, 2018.

ӘОЖ378.147

ПЕДАКОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ІЗГІЛЕНДЕНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Құлымбет Г.Н. – 126-38а оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Рахашев Б.Қ. – ф.м.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті , Шымкент

Резюме

Мақалада білім беру сапасын арттыру мақсатында педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендендіру технологиясы туралы баяндалады.

Қазіргі заманда жаңа компьютерлік технологияларды кіріктірумен бірге «технология» деген ұғым көп кездеседі. XX ғасырдың 60 жылдарындағы АҚШ пен Англияда пайда болып, содан бұл термин өмір қажеттілігіне байланысты дүниежүзіне таралып кетті. Педагогикада бұл ұғым оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы жоғарғы нәтижеге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология – кешенді үдеріс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалардың шешімін басқаруды қамтиды.

Қазіргі уақытта педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексикаға мықтап енген. Технология - бұл кез-келген бизнесте, шеберлікте, өнерде қолданылатын әдістердің жиынтығы. "Педагогикалық технология" ұғымының көптеген анықтамалары бар. Біз мыналарды таңдаймыз: бұл мұғалімнің іс-әрекетінің құрылысы, онда оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір дәйектілік пен тұтастықта ұсынылған, ал орындау қажетті нәтижеге жетуді көздейді және болжамды сипатқа ие. Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар.

Педагогикалық технология – бұл мұғалімнің іс-әрекетінің құрылысы, онда оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір дәйектілік пен тұтастықта ұсынылған, ал орындау қажетті нәтижеге жетуді көздейді және болжалды сипатқа ие.

Бұл технологиялардың артықшылығы оқушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен үлесін күшейтіп қана қоймай, сонымен қатар жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға, оқу процесін даралау мен саралауға, оқу нәтижелерін тиімді өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауға ықпал ететін технологияларды бағыттаудан тұрады.Оқытудың басымдығы оқушылардың белгілі бір білім, білік және дағдыларды игеруі емес, оқушылардың өз бетінше білім алуы, білім алуы және оларды өңдей білуі, қажеттісін таңдауы, мықтап есте сақтауы, басқалармен байланыстыруы керек.

"ЫІнтымақтастық педагогикасы" технологиясының жіктеу сипаттамалары қолдану деңгейі бойынша – жалпы педагогикалық. Философиялық негізде – гуманистік. Дамудың негізгі факторы бойынша: күрделі – психогенді биосоциои. Жеке құрылымдарға бағдар бойынша – жан-жақты гармоникалық. Мазмұны бойынша – білім беру, зайырлы, гуманистік, жалпы білім беру, ену.

Басқару түрі бойынша – шағын топтар жүйесі. Ұйымдастыру формалары бойынша – академия- лық – клубтық, жеке – топтық, сараланған. Балаға көзқарас бойынша – адамгерші- лік-жеке, субъект-субъективті. Басым әдіс бойынша – проблемалық іздеу, шығармашылық, диалогтық, ойын. Оқушылар санаты бойынша – бұқаралық.

Ынтымақтастық педагогикасында төрт бағыт ерекшеленеді:

- Балаға адамгершілік-жеке көзқарас;
- Дидактикалық белсендіру және дамыту кешені;
- Тәрбие тұжырымдамасы;
- Қоршаған ортаны педагогикаландыру.

Қазіргі таңдағы педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Бірақ педагогикалық қоғамдастықта тұжырымдамалардағы түбегейлі айырмашылыққа қарамастан, "жеке тұлғаға бағытталған" тұжырымдама әлі де қалыптасқан тұжырымдама болып саналады және оны таным мен пәндік іс-әрекеттің субъектісі ретінде оның жеке ерекшеліктерін анықтауға негізделген баланың жеке басының дамуы мен өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін өзара әрекеттесу ретінде қарастырады. Бұдан шығатыны, жеке білім беру технологиялары баланың жеке басын білім беру жүйесінің орталығына қояды, оны дамытудың ыңғайлы, жанжалсыз және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етеді, оның табиғи әлеуетін жүзеге асырады. Мұндай технологиялар антропоцентрлік деп те аталады. Адамгершілік және жеке технологияларды қарастыра отырып, ол мәжбүрлеуді қабылдамай, балаға жан-жақты құрмет пен сүйіспеншілік идеяларын, оның шығармашылық күштеріне оптимистік сенімді "мойындайтынын" атап өткен жөн. Ынтымақтастық технологиясы мұғалім мен баланың субъективті қатынастарындағы демократияны, теңдікті, серіктестікті жүзеге асырады.

Қазіргі білім беру процесінде ынтымақтастық педагогикасы ерекше маңызды орын алады, ол ойлаудың инерциясын жеңуге және білім беру мен тәрбие жүйесін құрудың сапалы жаңа деңгейіне жетуге көмектеседі – бұл қазіргі педагогиканың басты міндеті

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады деп қорытынды жасауға болады. Қазіргі білім адамның жеке басын дамытуға, оның мүмкіндіктерін, таланттарын ашуға, өзін-өзі тануды, өзін-өзі тануды қалыптастыруға бағытталуы керек.

Оқытудың негізгі нәтижесі тиісті білім мен дағдыларды игеру негізінде танымдық қабілеттерді қалыптастыру болуы керек.

Мұндай оқыту процесінде өзіндік құнды білім беру қызметіне белсенді қатысу жүреді, оның мазмұны мен формалары оқушыға білім алу барысында өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

Әдебиеттер:

4. Ф. Б. Бөрібекова Н. Ж. Жанатбекова/Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар.2014;
5. Б.Е. Акитай «Физиканы оқыту теориясы және әдістемелік негіздері» оқу құралы Алматы «Қазақ университеті» 2006;

6. Жүсіпқалиева Ғ.Қ. Джумашева А.А. Құбаева Б.С. «Мектепте физика курсын оқытудың теориясы мен әдістемесі» Орал, 2012.

ӘОЖ 057.874

ОБП C# ПӘНІНЕН МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ОРТА ӘЗІРЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ.

Разах Б.Х. – 127-18а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Мырзахметова Б.Ш. – т.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются методы разработки мультимедийной среды по предмету ООП С #.

Электрондық оқулық - бұл оқу процесінің дидактикалық циклінің үздіксіздігі мен толықтығын қамтамасыз ететін кешенді мақсаттағы оқыту бағдарламалық жүйесі: оқу іс - әрекетін және білім деңгейін бақылауды, сондай-ақ ақпараттық - іздестіру қызметін, компьютерлік визуализациямен математикалық және имитациялық модельдеуді және интерактивті кері байланыс жағдайында қызмет көрсету функцияларын қамтамасыз ететін теориялық материалды ұсыну.

Оқыту жүйесі теориялық материалды ұсынуды, алғашқы алынған білімді қолдануды ұйымдастыруды (жаттығу тапсырмаларын орындауды), меңгеру деңгейін бақылауды, өздігінен білім алу үшін бағдарлар беру. Бірыңғай компьютерлік бағдарлама арқылы оқу процесінің дидактикалық циклінің барлық буындарын жүзеге асыру оқу процесін ұйымдастыруды едәуір жеңілдетеді, оқушының оқуға кететін уақытын қысқартады және электронды оқулықпен жұмыс істеудің бір сессиясында дидактикалық циклдің тұтастығын автоматты түрде қамтамасыз етеді. Оқу процесі түбегейлі жаңа, жоғары деңгейде жүреді, өйткені электронды оқулық оқушы үшін ең қолайлы қарқынмен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, оқушы мен оқытушы арасында бірнеше рет қайталану және диалог мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бұл жағдайда компьютер. Мультимедияның әдістемелік күші - бұл дыбыстық және визуалды бейнелердің келісілген ағынын қабылдаған кезде оқушыны қызықтыру және тәрбиелеу оңайырақ, оған тек ақпараттық ғана емес, сонымен бірге эмоционалды әсер де әсер етеді.

ОБП C# пәні бойынша даярланған мультимедиялық орта оқу әдістемелік материалдарды негізге ала отырып жасалған. Мұнда дәріс, зертхана, жаттығу тапсырмалары қамтылған. Орта білім алушыға төмендегідей элементтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- пән мазмұнына сәйкес әзірленген дәріс материалдары;
- пән мазмұнын ескере отырып әзірленген зертханалық сабақтар.



1-сурет. Бағдарламаның тарау бөлімі

Әр бөлімде бірнеше тараулар қамтылған. Олар оқу бағдарламасына сәйкес тақырыптары бойынша жасалынған. Төмендегі суретте сабақтардың құрылымы көрсетілген.



2-сурет. Дәріс сабақтардың мазмұны

Зертханалық материалдарды негізге ала отырып, мультимедиалық ортада бірнеше жаттығуларға мысалдар жасалынды. 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Зертханалық жұмыстардың мазмұны

Өзі терген және студенттік серверде немесе басқа жалпыға қол жетімді электронды торапта орналастырылған мұғалімнің дәрістерінің қысқаша мазмұны электрондық оқулықтың қарапайым мысалы болып табылады. Мұндай оқулықта электронды басылымның нақты мүмкіндіктері мүлдем қолданылмайды, сондықтан ол қарапайым баспа әдісімен көбейтілген рефераттан еш айырмашылығы жоқ.

Выводы. Одним из инструментов формирования эмоциональной лексики у дошкольников с ОНР выступает технология логопедической мультипликации. Содержательный компонент мультфильмов позволяет создавать условия для создания контента, обеспечивающего моделирование и трансформацию явлений эмоциональной жизни в новые объекты познавательной и речевой деятельности детей; повышения общей осведомленности и эрудиции дошкольников; развития мышления и воображения, формирования мировоззрения; углубления знаний о предметах и явлениях, расширения и уточнения знаний о качествах, явлениях, свойствах и отношениях; формирования представлений о языковых средствах выражения эмоций и чувств; формирования словаря обобщающих понятий на основе анализа и синтеза различий признаков предметов.

Литературы

1. Каштанова С.Н., Курочкина И.Н. Использование логопедической мультипликации в формировании эмоциональной лексики у старших дошкольников с общим недоразвитием речи// Проблемы современного педагогического образования.- 2021. -№72-3.- С.155-158

2. Овсянникова А.Н., Мамаева А.В. Возможности развития связной монологической речи с использованием метода мультипликации//Наука России.- 2021. URL: https://www.semanticscholar.org/paper

3. Дмитриева Е.Е., Двуреченская О.Н. Психологические особенности социализации детей дошкольного и младшего школьного возраста с ограниченными возможностями здоровья: монография / Е.Е. Дмитриева, О.Н. Двуреченская. – М.: Финита; Нижний Новгород: Мининский университет, 2017. − 136 с.

4. Кондратенко И.Ю. Формирование эмоциональной лексики у дошкольников с общим недоразвитием речи//Ж. Логопедия. Учредители: Общество с ограниченной ответственностью "Холдинг Практика", г. Москва- 2015.- №2.- С.64-79

5. Измалкова М.М. Мультипликация как средство развития словаря старших дошкольников // Наука глазами молодых. Сборник научных трудов. Издательство: Липецкий государственный педагогический университет имени П.П. Семенова-Тян-Шанского.- г. Липецк, 2021.- С.48-52.

6. Шаховская С.Н. Эффективные технологии преодоления общего недоразвития речи у дошкольников как один из путей обеспечения равного доступа к образованию детям с ограниченными возможностями здоровья / /С.Н. Шаховская // Образовательная панорама. − 2018. − № 2 (10). − С. 30-35

УДК 378

СОСТАВЛЯЮЩИЕ ИНКЛЮЗИВНОЙ КУЛЬТУРЫ ВУЗА

Пономарева Е.С. - магистрант гр. 1901-81

Научный руководитель: Даркулова К. – к.ф.н., и.о. ассоц.проф.

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Мақалада инклюзивті жоғары білім берудің ерекшеліктері қарастырылады. ЖОО-да инклюзивті мәдениетті қалыптастыру жолдары ұсынылады.

В последнее время большое внимание уделяется инклюзивному образованию, под которым часто понимается лишь совместное образование так называемых «обычных» обучающихся и обучающихся с ограниченными возможностями здоровья. Однако в современных условиях развития социума термин «инклюзивное образование» трактуется шире, подразумевая под ним «процесс, обеспечивающий равный доступ к образованию для всех обучающихся с учетом особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей» [1], то есть следует говорить об образовательном сообществе, состоящем из людей различных этносов, религий, культур, социальных слоев, имеющих различные интеллектуальные способности, различное состояние здоровья, отличающиеся интересы, возможности и пр., а любую образовательную организацию считать гетерогенной по своему составу. Такая трактовка инклюзии означает признание неоднородности (гетерогенности) группы как ресурса для развития членов этой группы и всей организации, поскольку «неоднородные группы дают возможность ознакомиться с различными точками зрения, увидеть отличающиеся формы поведения в одних и тех же ситуациях, получить обратную связь от участников, не похожих друг на друга» [2, с. 74]. В таком понимании сущности инклюзивного образования возникает необходимость создания в образовательной организации инклюзивной культуры как компонента общей корпоративной культуры.

Актуальность темы нашего исследования в том, что чем выше уровень инклюзивной культуры, тем эффективнее будет процесс реализации идей инклюзии. Уровень сформированности инклюзивной культуры вуза формирует позитивный имидж университета на рынке образовательных услуг и в общественном сознании.

Проектирование образовательной среды в инклюзивном формате опирается на некий ценностный фундамент, в качестве которого выступает инклюзивная культура.

В дискурсе по проблемам инклюзии в высшей школе центр внимания постепенно перемещается на вопросы формирования инклюзивной культуры. Подчеркивая, что «одним из особо значимых направлений является исследование инклюзивной культуры образовательной организации», Н.В. Старовойт определяет ее как неосознаваемые правила поведения, социальные нормы, ценности и их иерархию, невербальную коммуникацию» [3, с. 31].

Поддерживаем определение *инклюзивной культуры вуза , данное в статье Е.Л.Тихомировой и Е.В. Шадровой* как «особую систему отношений всех субъектов образовательного процесса (администрации, работников, обучающихся, их родителей, социальных партнеров), функционирующую на основе принимаемых всеми ценностей и принципов инклюзии, позволяющих эффективно взаимодействовать в условиях разнообразия для выполнения миссии вуза» [4].

Реализация задач в сфере профессионального образования в контексте формирования профессионально-педагогической культуры студентов-

бакалавров по педагогическим специальностям в основе на их инклюзивную готовность, видится нами в создании инклюзивной культуры в вузе, означающей:

1. Подготовку необходимых кадров

– готовность к реализации инклюзивного образования педагога высшей школы;

– подготовка педагогов вуза для работы со студентами-инвалидами и студентами с ОВЗ;

– профессиональная компетентность педагогов в условиях инклюзивного образования.

2. Подготовку учебно-методического сопровождения

– приспособление для инвалидов различных нозологических групп методического материала учебного процесса: адаптация программ обучения, адаптация методов и средств обучения, адаптация пособий и дидактический материалов;

– специальные образовательные технологии, применяемые при обучении студентов-инвалидов и студентов с ОВЗ;

– предоставление возможности обучения или получения образования в индивидуальном порядке с применением дистанционных технологий.

3. Психолого-педагогическое сопровождение

– проведение коррекционных занятий в процессе обучения студентов с инвалидностью.

– воспитательная работа со студентами-инвалидами и студентами с ОВЗ;

– воспитание толерантности студентов к инвалидам и лицам с ОВЗ

– особенности организации тьюторского сопровождения студентов-инвалидов и студентов с ОВЗ или использование услуги ассистента (помощника), который оказывает обучающимся необходимую техническую помощь во время образовательного процесса;

– особые технологии социализации обучающихся с ограниченными возможностями здоровья.

Проблема готовности инклюзивной среды осложняется двумя трудностями:

1. Согласно исследованиям пятая часть опрошенных студентов академических групп относятся к инклюзии негативно [5].

2. Период вузовской подготовки, ограниченный четырехлетними временными рамками, а также ограниченный регламент в содержании обучающего процесса, не способствует более глубокому постижению основ в области инклюзивного образования, ограничиваясь лишь общими представлениями.

Рассмотрение этих вопросов определили задачи нашего исследования.

Литературы

1. Об образовании Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III. https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319

2. Лукова М.С. Стереотипы профессиональной педагогической деятельности// Человеческий капитал. – 2016. – № 3 (87). – С.74-75.

3. Старовойт Н.В. Инклюзивная культура образовательной организации: подходы к пониманию и формированию // Концепт : научно-методический электронный журнал . – 2016. – Т. 8. – С. 31–35.

4. Тихомирова Е.Л., Шадрова Е.В. Методика оценки сформированности инклюзивной культуры вуза // Историческая и социально-образовательная мысль. – 2016. –Том 8. – №5/3

5. Бурилкина С.А., Каминский А.С. Студенческая молодежь и инклюзивное образование // Гуманитарно-педагогические исследования. Т. 2. –2018. — № 2. –С. 24–29

ӘОЖ 372.8:002

ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ТРЕНДІ STEM-МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕМЕСІ

Ермахан М.Е. – 1901-21 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Орал Ә.Б. Магистр- оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается главный тренд мирового образования STEM - новая методика обучения школьников

Қазіргі заман талабына сай адам іс-әрекетінің барлық салаларында еркін қолданысқа енген ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді. Білім берудің басым бағыттарының бірі оқушылардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру болып табылады. Компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру ғылым, техника, медицина, білім беру және мәдениет саласынына негізгі әсерін тигізуі мүмкін.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. *Мұндай тәсілдің мақсаты* – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату.

STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. *Бұндай тәсілдің мақсаты* – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату (Tsupros, 2009).

Қазақстанда да STEM-білім берудің белсене дамуы басталды. Бұны Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды.

Осылайша, біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. STEM-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әр түрлі білім беру салаларынан алынған білім керек.

STEM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы болды, ол бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, STEM төрт компонентінің интеграторы болып табылады. Мысалы, 2015 жылы «STEM» үшжылдық жобасы іске қосылды (Австрия, Болгария, Греция, Мальта және Ұлыбритания), ол оқушылардың ғылыми-техникалық салаға деген қызығушылықтарын қолдау үшін білім беру роботехникасын шығармашылық және сыни қолдануға бағытталды.

«STEM» мақсаты – балаларға білім беру робототехникасының әртүрлі бағыттарын және STEAM меңгеруге, сонымен қатар күрделі тәжірибелік тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін ашық және тұжырымдамалық жиектемені әзірлеу. Жобаның шеңберінде білім беру робототехникасынан бес мемлекетте 4000 астам бала үшін семинарды өткізу қарастырылған.

Қазақстанда да STEM-білім берудің белсене дамуы басталды. Бұны Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды.

STEM-білім беру – инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі.

STEM-білім беру артықшылықтары: сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуы.

STEM-білім берудің кілттік мақсаты – оқушылардың білу және істей алу қабілеттерін өнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер және тәжірибелік форматтарда көрсету.

Күтілетін нәтиже – оқушылардың фукционалдық сауаттылықтары, олардың өмірлік және кәсіби перспективалары, өз күштеріне деген сенімділік. STEM-білім берудің үздік педагогтері мақсат тек қана құзыретті жұмыс күшін тәрбиелеу ғана емес, оқушылардың «қатты» және «жұмсақ» дағдыларын қалыптастыру қажеттігін де көреді.

АҚШ-та білім беру жүйесіндегі өзгерістер біршама уақыт қажет болғанымен, әрі қарай өзгерістер қажет болғанымен, кейбір оқытушылар мен ата-аналар STEM -нің сынға ұшыраған сын-қателері бар. STEM сыншылары ғылым, техника, машина жасау және математика пәндері бойынша студенттерді оқыту және тәжірибе, өнер, музыка, әдебиет және жазу секілді маңызды тақырыптар бойынша тәжірибеге терең назар аударады деп санайды. Бұл STEM емес тақырыптар мидың дамуына, сыни оқу дағдыларына және қарым-қатынас дағдыларына ықпал етеді. STEM-тің білім беру саласындағы тағы бір сын-ескертпесі - бұл тақырыптар бойынша жұмысшылардың жетіспеушілігін толтырады деген ұғым.

Сонымен қатар, мектептегі робот техникасы негіздері элективті курсында математика пәні бойынша «арифметикалық амалдар» мен информатика пәніндегі «цикл» терминін қолданып, Lego машинасының жүру жылдамдығын, жүрген қашықтығын есептеуге болады. Бұл процесс оқушыға жалпы автокөліктердің жылдамдығы, жүру қашықтығының есептеу принципін меңгертеді. Осылайша, STEM-білім беру оқушыларды алған білімдерін қоршаған орта процестерімен байланыстыруға және жобалық ойлауына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \\ «Білімді ел – Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017 г
2. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \\ «Білімді ел – Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016ж.
3. Интернет ресурс: https://kk.wikipedia.org/

УДК 371.315:811.111

ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУДА CLIL-ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Дамысқан Ризагүл - Магистрант МИЯ-22н
Ғылыми Жетекші : Сауырбаев Р Ж
Торайғыров атындағы мемлекеттік Университет

Резюме

Қазіргі уақыт түлектеріне қойылатын заманауи талаптар тұрғысынан шетел тілінің когнитивті-академиялық құзыреттілігі маңыздылардың бірі болып табылады. Тілді кәсіби деңгейде білетін мамандарға арналған бұйрық пен шетел тілінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің жеткіліксіз дамуы арасындағы қайшылық оқу орнында шетел тілін оқытудың ерекшеліктерімен байланысты проблемаларға алып келді. Бұл мақаланың

мақсаты пәндік интеграцияланған оқыту әдісін (бұдан әрі - CLIL) қарастыру, әдістің элементтерін анықтау және пән мен тілді оқыту процесінде когнитивті-академиялық тілдік құзыреттіліктің қалыптасу процесін сипаттау болып табылады. Зерттеу барысында көрсетілген тақырып бойынша ғылыми әдебиеттер талданды, тіл мұғалімдері мен оқушылар қызметіне бақылау жасалды.

Еуропа елдерінде білім берудің әртүрлі деңгейлерінде кең тараған мазмұн мен тілді кіріктірілген оқыту (Content and Language Integrated Learning - CLIL) әдістемесі Қазақстан мұғалімдерінің назарын аудара бастады. CLIL - мазмұнды шетел тілі арқылы оқыту және шетел тілін мазмұн арқылы оқыту әдісі. Басқаша айтқанда, CLIL тіл оқыту мазмұны құралы (teaching content through foreign language) ретінде, ал мазмұн өз кезегінде тіл үйренудің ресурсы (teaching foreign language through content) ретінде қолданылады.

CLIL термині кең ұғым болып табылады және қазіргі кезде лингвистикалық емес пәндер, олардың бөлімдері немесе тақырыптары шет тілінде оқытылатын кез-келген білім беру жағдайларын сипаттайды, сонымен бірге екі жақты бағдар бар: іске асыруды және тілді оқытуды жүзеге асырады. Шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерде пән мен тілдік кіріктірілген оқыту мәселелеріне арналған көптеген басылымдар бар. Алайда олардың басым бөлігі оқу сабақтарын жоспарлау мен ұйымдастырудың, оқу материалдарын таңдау мен бейімдеудің, оқушылардың білімін бақылаудың әдіснамалық аспектілерін ашады, ал CLIL әдістемелік компонентіне жеткіліксіз көңіл бөлінеді.

Мақала авторы мұғалімнің әдістеме негізінде теориялық және практикалық тәсілдерге сүйенуі CLIL сыныбында оқытудың нәтижесіне қол жеткізудің алғышарты болып табылады, сондықтан оларды зерттеу, одан әрі дамыту және CLIL мұғалімдерін оқыту бағдарламаларына қосу қажет деген пікірде. «Пән және тілдік кіріктірілген оқыту» терминінен-ақ оның негізгі әдіснамалық позициясы туындайды және мақалада когнитивті-академиялық тілдік құзыреттілікті қалыптастыру туралы айтылады.

CLIL әдіснамасының басты мақсаты, Т.В. Лаптеваның пікірінше, оқушының ойлау қабілеттерін және оларды шет тілінде вербалдау құралдарын синтездеуге бағытталған когнитивті-академиялық тілдік құзыреттілігін қалыптастыру.

Білімнің интеграциясы адамзатқа белгілі фактілерді, ақпараттарды және түсініктерді әлемнің барлық алуан түрлілігімен ең толық бейнесін алу үшін біріктіруге ұмтылады. Сонымен бірге интеграция бөлшектердің үйлесімін ғана емес, олардың өзара әрекеттесуін, синергетикалық эффект қалыптастыратын өзара енуін болжайды. Педагогикада интегративті тәсіл оның барлық элементтерін біртұтас мағыналық кеңістікке біріктіруге және осы процестің жаңа синергетикалық сапасы ретінде оңтайлы нәтиже алуға мүмкіндік беретін білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын анықтайды.

Білім берудегі интеграция, атап айтқанда пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы қалыптасады. Пәнаралық байланыстар әртүрлі академиялық пәндер туралы білімдер мен оларды әлем туралы ғылыми идеяларды қалыптастыру үшін синтездеу қажеттілігі арасындағы қайшылықты шешеді.

Бұл әсіресе қазіргі жастар арасындағы «клиптік ойлауды» жеңу қажеттілігімен байланысты. Пәнаралық байланыстар арқылы интеграция практикалық тұрғыдан да өзекті болып табылады: оқытудың қарқындылануына ықпал ететін, оқушылар үшін алынған ақпараттың құндылығын арттыратын, білім, білік және дағдылардың ауысуына ықпал ететін қайталанушылық пен артықтықты жою арқылы уақыт пен күш-жігерді үнемдейді. CLIL пән мен тілдік білім беруде интеграция әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді, оны кәсіби білімді оқытумен тиімді байланыстырады.

Әйгілі американдық ғалым Дэвид Марштың гипотезасына сүйенетін болсақ, онда оқытудың негізгі процесі ана тілінде жүргізілуі қажет, ал екінші тіл адамның ойлауы мен тілдік дағдылары жоғары деңгейге жеткенде ғана кіріктірілген оқыту моделінің болғаны жөн деп санайды. Осылайша, когнитивті құрылымдардың негізі бірінші тілден екінші тілге ауысуы принципі бойынша жұмыс істейді [3]. Мұндағы пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту оқушылардың когнитивті дамуын жалғастыра алатын және сонымен бірге академиялық тілдік құзыреттілікті дамытатын құрал болып табылады.

Оқушылардың CLIL шеңберіндегі когнитивті-академиялық дамуы ақыл-ой операцияларын қалыптастыруға негізделген, олар CLIL low order thinking skills (LOTs) - қарапайым ойлау қабілеттеріне (есте сақтау, жіктеу, объектіні анықтау) және high order thinking skills (HOTs) - жоғары ретті ойлау қабілеттеріне (болжау, пайымдау, шығармашылық ойлау, синтез, бағалау, гипотеза құру) бөлінеді. Когнитивті-академиялық дағдыларды қалыптастырудағы «навигацияның» негізі - оқу мақсаттарының белгілі таксономиясы.

CLIL әдістемелік шеңберінің келесі элементі - ресейлік ғалым Т.И. Якаева жасаған когнитивті-академиялық «екі табалдырық теориясы». Зерттеушінің идеялары бойынша когнитивті қабілет пен жеке билингвизм арасындағы байланыс тілдік құзыреттіліктің белгілі бір деңгейін білдіретін екі табалдырықты еңсеру арқылы көрінеді. Бірінші шегі - бұл екі тілділіктің жағымсыз салдарын болдырмайтын лингвистикалық құзыреттілік деңгейі. Екінші шегі - бұл қос тілділіктің жағымды салдарының көрінісі үшін қажет деңгей [4. – 113 б.].

Жаңа компоненттің пайда болуы құзыреттілік тәсіл шеңберінде білім беруді дамытудың заманауи парадигмасын көрсетеді. Бұл компоненттер CLIL оқытудың жақсы нәтижелерін қамтамасыз ететіндігін және тұлғаның жаңа ұрпағын дамытатындығын және жүргізіліп жатқан зерттеулердің нәтижелерін көрсетеді. CLIL-ді дұрыс қолдана отырып, шет тілі арқылы білім қазіргі заманғы маман үшін маңызды бағыттар бойынша қалыптасады. Пәндік-лингвистикалық кіріктірілген оқыту метамәліметті қалыптастыруға ықпал етеді (шығармашылық пен жаңашылдыққа дайындық, мәселелерді шешу және сыни тұрғыдан ойлау, ынтымақтастық және кәсіби қарым-қатынас). Қазіргі заманғы білікті маманға үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеуге, объективті бағалауға міндеттілік қажет. Ол жеке көзқарастарды алып тастауды, идеяларды ұсыну, жеке және ұжымдық жұмыс режимінде мәселелерді шешудің жаңа

мүмкіндіктерін табуды қажет етеді. Ол оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдана отырып, шет тілінде оқытылатын кәсіби маңызды тақырыптар оқушылардың ынтасын арттырып, білім беру бағдарламаларын меңгерудің қажетті нәтижелерінің тізіміне енгізілген түрлі құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, CLIL әдіснамасында кәсіби дайындық пен пән мен тілдік қатынас саласындағы когнитивті-академиялық құзыреттіліктерді қалыптастырудың кең мақсаттары бар. Оқу үдерісіне әдістемені практикалық енгізу барысында ұсынылған CLIL теориялық базасына үнемі сүйену мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің қажетті тұжырымдамалық негіздерін береді және практикалық қолдану тиімділігінің өсуіне ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Лаптева Т.В. Некоторые аспекты использования методики CLIL при обучении языкам [Электрондық ресурс] / Т. Лаптева. - URL: http://cyberleninka.ru/article/n/nekotoye-aspekty-ispolzovaniya-metodiki-clil-pri-obuchenii-yazykam
2. Чусляева Е. А. Content and language integrated learning – Интегрирование преподавания иностранного языка и других учебных дисциплин // Вопросы психологии. – 2001. – 46 б.
3. Marsh, D. 2002. Content and Language Integrated Learning: The European Dimension Actions, Trends and Foresight Potential [Электрондық ресурс] / D. Marsh. - URL: http://europa.eu.in/com/education/languages/index/html
4. Якаева Т.И. История возникновения и развития CLIL за рубежом // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2016. № 7. – 113 б.

ӘӨЖ 371

АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ БАСТЫ ДІҢГЕГІ – ЕҢБЕК

Ғылыми жетекші: п.ғ.м., аға оқытушы Нурманова Ж.К.,
Керімбай Д. 1703-20 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Шымкент Қазақстан

Резюме

В данной статье анализируется характер, деятельность пастуха, отличающегося определенной для казахского общества деятельностью.

«Мен бәрімен тең дәрежеде сөйлесемін».
Альберт Эйнштейн

Қазақ ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық. Өмір бойы қалыптасқан бай тәжірибесі бар олар мал өрісін, тіршілік табиғатын, қадыр-қасиетін әбден білген. Тіпті малдың айрықша қасиетін, ерекшелігін танитын Толыбай сияқты сыншылар да шыққан. Сөйтіп халқымыз өздерінің тіршілік құралы етіп оңтайлы пайдалануды шебер игерген. Діттеп келгенде мал өсіруге аса қолайлы Қазақстан жерін малсыз елестету мүмкін емес. Мал біздің еліміз үшін бұдан былай да аса маңызды шаруашылық болып қала бермек. Олай болса, кейінгі жастарымыз қасиетті төрт түлікке қатысты ұлтымыздың ұғымдары мен бай тәжірибесін ұмытпауға міндетті. Рас олардың бәрі бірдей

малды бағар, бақпас, бірақ ата-бабаларымыз қадір тұтқан мұраларымыздың ерекшеліктерін жадында сақтағаны жөн. Мал шаруашылығының қыр-сырын жете меңгерген еңбекшіл де, епті халқымыз мал өнімдерін де тұрмыстық салаға қолдана білді. Міне қасиетті төрт түлікке орай білім, тәрбие, тіл, өнеге, үлгілері өз алдына бір төбе.

Осы орайда біздің мақалаға арқау болып отырған қой киесі - Шопан ата болса, қойдың қыр-сырын меңгерген, малды мәпелеп күтетін қойшы (шопан) туралы болмақ. Малды орынсыз жәбірлеп қинаса «мал төркініне жаман болады» деген қасиетті ұғым да бар. Сондықтан біздің мақаладағы айтпағымыз барлық мамандықтың ішінде қойшы мамандығын меңгерген және мойынсұнған, шыдамдылыққа дес беріп, қызығынан шыжығы басым қиын тұстары әңгіме етілмек. Адамның адамшылдығы кісілік танытпай қайсы бір мамандықты болса да, қадірлеп, лауазымына қарамай құрмет көрсете білу болса керек. Мұндай қасиет ана сүтінен даритынын біз атам қазақ кезінде айрықша атап кеткені баршамызға мәлім. Алайда өкінішке орай қазіргі таңда адамзат баласының адамгершілік қасиетінің кенжелеуі, атақ-даңққа құмар болғанымен қоймай, адамдарды лауазымына, қызметіне қарай құрмет көрсететіні ащы болса да шындық. Бұны адами қасиеттен ада болған қоғам дерті десек, асыра сілтегендік емес.

Осы ретте айтпағымыз шопан мамандығының аса қиын тұстарын ескере келе, бұл маман иесіне деген қошаметті арттыру болса, мақаланың туындаудағы басты мақсатта да осы шопанның қоғам алдындағы мәртебесін көтеру болмақ.

Ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ төрт түлік малдың сыр-сипаты мен жай күйіне қанық еді. Қазақ малшылары қоралы қойды түсінен айырады, бір көрген атын неше жылдан кейін жазбай таниды. Қазақ мал дәрігерінің білімі «Қазақ халқы ұзақ тарихи даму барысында дәрігерлік және саулық сақтау жөнінде мол тәжрибе, білімдер жинады. Олар мал шаруашылығымен айналысып, қиыр қонып, шет жайлап, қалалармен қатынас тораптарынан шалғай жерлерде өмір өткізгендіктен, алуан түрлі ауруларды өздерінің өмірден жинаған білім тәжірибелеріне сүйеніп емдеді және аурудан сақтанудың тәжірибелерін қорытып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырды. Деннің сау болуы үшін тазалық керек. Соның үшін қазақ:«Денсаулық-зор байлық», «Денсаулық-шарты тазалық», «Мал саулығы-адам саулығы деген» ұранды сөздермен өмір сүргені ақиқат.

Әр халық өзінің белгілі бір мамандығымен, қызметімен ерекшеленеді. Ал біздегі ерекше мамандық-қойшы десек құлаққа жағымды да, қастерлі естілері хақ. Жайлауда күн көретін, таң атқаннан күн батқанға дейін сол бір малдың соңынан жүретін мамандық иесін көз алдымызға елестете отырып, қазақтың кең даласының қиындығы мен қуанышын қатар көріп оған төзіп, өз абыройын биік ұстап, жауапкершілікті қатаң сақтайтын ол-қойшы. Қазақ қай кезеңде болсын малмен күн көрген халық. Жесең - азық, ішсең-сусын, кисең-киім. Бірақ осы дүниелерді болдыру үшін өз жолында төзу қабілетіне ие қойшы маңызды рөл ойнайды және халықтың мінез-құлық нормаларын жасап, оны ғасырлар бойы сақтаған бірден-бір тұлға.

Шопан-жауынгер, өйткені ол жайылымдарды басып кіру мен тонаудан сақтайды. Ол әлемді бетпе-бет зерттейтін саяхатшы және географ. Емші, әрі ветеринар. Аңшы, өйткені көкжал бөрі, әрдайым отар жанында. Ол-философ және ақын. Қойшы ұзақ уақыт бойы жұлдыздар мен шөп айналасында. Ал бүгінгі күндері табиғатпен бірге өмір сүру бір түрлі болып көрінеді. Аттар, иттер, қойлар... Қасқырдың қардағы іздері, біреудің горизонттағы көлеңкесі... Табиғаттың қатал мінезінде демалыссыз жұмыс істеу... Сондықтан да, оның мінезінде шыдамдылық, бойында төзімділік болуды қажет етеді. Міне, бұл қасиеттердің бәрі де ғасырлар бойы бұл іспен айналысу барысында қазақтың бойында шыңдалған қойшының бойындағы асыл да, қырағы қасиеттер.

Табиғаттың өзі бір ұстаз. Қазақ қоғамы ерте кезден мал төлін құрмет тұтқан. Олардың қасиетін бағалап әр төлдің өзіне пір сайлаған. Жылқы пірі – Қамбар ата, Сиыр пірі – Зеңгі баба, Түйе пірі - Ойсыл қара, Қой пірі -Шопан ата. Салт-дәстүрімізде «Малды теппе» - оныңда киесі бар деген ұғымдар сол бастан қалса керек. Қиын шақ келген кезде Шопан ата желеп жебейді деген сөздерді де құлаққағыс етеміз. Сол жолда шопандар өздерінің ішкі қорқыныш сезімімен, көкжалдармен, сонымен қатар, ең бастысы табиғатпен қарсыласуда шопандар өздерінің бойына көптеген қасиеттерді жинақтаған. Халықта қойшылардың қиын өмірі мен еңбегі туралы алуан түрлі әңгімелер бар. Бір ауылда бір жас шопан мектеп оқушысы болыпты. Өзімен қатарластары күнделікті сабаққа барып, ауыл ішінен үйіне қайтатын көрінеді. Ал олардың артында шопан жігіт қойларын алып жайлаудан келе жатқанды. Күндердің бір күні баланы мектепке шақыртып сабақ оқуын сұрайды, шопан бала алдына қойылған тапсырманың барлығын көз ілестірмес уақытта орындап шығады. Оған таңырқаған мұғалима тапсырманы қиындатады. Бала еш мұңаймастан тапсырманы жылдам орындап мұғалімнің үстеліне қойып қайтуын сұрайды. Сынып оқушылары опыр-топыр шопан балаға түрлі сұрақтар қоя бастады. Ішіндегі ең ізденімпаз бір қыз «Ол сабаққа келмесе мұның барлығын қайдан біледі, мұнда бір шикілік бар» - деп жанталасады. Сынып күйкі тірліксіз қалып кетеді, шопан бала аса бір шыдамдылықпен «Мен күн сайын жайлауға барарда мектеп жанындағы кітапханаға соғамын, күні бойы сол кітапты зерттеп түп тамырына жеткенше қайталап оқимын, кітапты күн батарда аяқтап сендердің арттарыңнан жүре келе кітапханаға тастап кетемін» - деп сыныптан шығып кетеді. Абай атамыз айтқандай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.» Бұл тұста қойшы баланың табанды өзіндік рухани адамгершілігін тайға таңба басқандай көрсетіп қойған. Адамгершілік-адамның рухани байлығы, келешек ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият. Адамдық тәрбиенің нәтижесі адами тәлім боп табылады. Адамшылық тақырыбы - бақилық. Ол ешқашан ескірмек емес.

Осы тарапта мақалаға тұздық ретінде тоқсан сөздің тобықтай түйіні бар дегендей, Түркістан облысы Төле би ауданының Көксәйек ауылының тұрғыны қартаң, ардагер шопан Қыдырәлі Сатыбалдыұлымен сұхбат жүргізу айдарында шопанның бастан өткен қиындықтары, атқарған игілікті жұмыстары туралы... күнделікті бірнеше отар қойдың таңмен таласып азығын беріп, оларды бір

көшенің бойымен жайлауға апарып, аптап ыстықта күн астында бағуы, қара суықта қыстың күндері қораны жылы ұстап, уақытылы тазалап, аязға қарсы тұрып шыдамдылық көрсеткен ұшқыр табандылықтары сөз етіліп, қарт шопан көзіне жас алса, сондай-ақ мезгілімен төлдеген қошақандарды да аяздан аман сақтап қалуда үлкен қырағылықты, қажет болған жағдайда ауру малды емдеп жазуда бір өнер екендігі туралы, көз алдынан өткен экрандай айтып өтті.

Сұхбат барысында шопан Қыдырәлі Сатыбалдыұлы халық аманатын көздің қарашығындай сақтап, оны ұрлардың қолына оңай түспеу үшін түн ұйқысын төрт бөліп қарайтынын сөз етті. Шопан ата: «Қазіргі таңда оңай азықты жылдам көре қалатын ұрлардың тау-тасқа оңай өрмелеп бірнеше қойды көлігіне айдап салып із түссіз жоқ болатынын айтып өтті. Төрт мезгілде де қойдың азығын қамдап, шөпті өз ретімен өсіріп, оны жинап қораны от жауламасын деген мақсатпен бүкіл аумақты да қоршап бір алай дүлейдің алдын алып отырады. Өз еңбегімен тер төгіп, ұлы шыдамдылықпен, байқампаздықпен еңбек ететін шопанның да еңбек ақысын бермей қоятын адамдарда жоқ емес. Еңбек! «Еңбек-ер атандырады» - дейді халық даналығы. Рас... Бірақ «Тамызығын тапса, тас та жанады» дегендей еңбектің де тамызығын табу керек. Әйтпесе ер атану бұл қиял ғана. Еңбек! Зейнет! Бейнет! Мен, мәселен, «Еңбек түбі-зейнет» демей, «Бейнет түбі-зейнет» дер едім-деп ағынан жарылып, еңбек бейнетін шын тартқан адам ғана оның зейнетін көрмек»-деп ата өз әкесі ылғи айтып жүретін бір оқиғаны сөз еттіде, сұхбатты аяқтауымызды сұрады. Көзіне бір шама жас алып, даусы дірілдеп, бұл оқиғаның өміріне қаншалықты әсер еткенін, оны өмір бойы, ұмытпайтынын сөз етті. «Мал өсірсең қой өсір, өрісі оның көл-көсір»-деп атам қазақ айтқандай әкесінен қалған екі қойдан, бір отар қой өрістегенін, балаларының қазір сол малды көздерінің қарасындай баптап бағып отырғанын, ас бір ыждағаттылықпен баяндап берді. Және ұлдарының әке алам десең малыңды қазір айдап апарайын, тұрсын десең қарасы көбейіп тұра берер. Бірақ осы бір берген малыңыз өмірі бойы ұл-қыздарыма берген тәрбие болды.» - деп қартаң шопан ата сөзін аяқтап, батасын беріп, телефон тұтқасын қоя салды.

Қорыта келе, Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы айтқандай «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады» Яғни, адамгершілік - бұл өте жан-жақты ұғым және оған анықтама беру өте қиын. Адамгершілік адамның ең жақсы моральдық қасиеттерінің көрінісін білдіреді: әділеттілік, адамдарға құрмет, әдептілік, адалдық, жауапкершілік, махаббат пен қамқорлық. Қиын уақытта адамдарға көмектесуге, қорғауға, қолдауға дайын болу адамдардағы жақсылықты көре білу және негізгі артықшылықтарды атап өту, мұның бәрі адамзаттың көрінісіне байланысты. Адамгершілік қасиеті, ол адамдарға құрмет пен жанашырлықсыз, ізгілік пен төзімділіксіз аяқталмайды.

Жалпы сайып келгенде қойшы мамандығының жоғарыдағы ерекше тұстарын қорытындылап, «адамгершілік тәрбиесінің басты діңгегі-еңбек»

- деп аса қырағылықпен төрт түлік жануардың тілімен сөйлесе білген, қойшы (шопан) мамандығына деген құрметімізді жас буыннан бастап, аға буын біздер аямауымыз керек-ақ. Адамгершіліксіз адамның рухани сұлулығы да көрінбесі хақ.

Әдебиеттер:

1.Жеті қазына» Сейіт Кенжеахметұлы Алматы-2022 жыл.
2.«Қазақтың көне тарихы» Алматы-1993 жыл

ӘӨЖ 371

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ӘЛЕМІ

Ғылыми жетекші: п.ғ.м., аға оқытушы Нурманова Ж.К.,
Ергеш Н. 1703-10 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Шымкент Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются инновационные технологии используемые педагогами во время работы. Также внедрены информации о педагогических способах проведения урока с использованием новых методов преподавания.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп, баршамызға тиесілі білім беру жүйесінің даму шарттарын айқындауды міндеттегені белгілі жайт. Осыған орай, бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие маман даярлауда, үкімет басшылығы педагогтар қауымына нақты тапсырмалар мен оның шешу жолдарын қарастырып, нәтижелі еңбектену міндетін жүктеп отырғаны құптарлық дүние.

Оқу процесіне заманауи педагогикалық технологияларды кеңінен енгізу жайында ғалым К. Бұзаубақова «Жаңа педагогикалық технологиялар» атты еңбегінде: «Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ал, жаңа технологияларды меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, білімгер тұлғасын дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі», - деп атап көрсетті. [1]

«Технология» - деген термин гректің түп тамыры techne - өнер, шеберлік кәсіп және logos - ғылым білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырымен бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе ілімді беретін сөзді құрайды. Қазіргі кезеңде «Педагогикалық технология» ұғымы әртүрлі түсіндірілуде. Атап айтқанда көп тараған анықтама В.П.Беспалько ұсынған: педагогикалық оқумен тәрбие процестерінің (теориялық негізделген) еске түсіру барысында қолданған

құралдармен әдістер жиынтығы, олар білім мен тәрбие мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар қол жеткен жетістіктерді сатылы өлшеу мен қорытынды бағалаудың объективті мүмкіншілігін жеткілікті дәрежеде сақтайтын мақсаттары мен тапсырылған оларға сәйкес ғылыми жобалардың болуын қалайды және ұстаздың жоспарланған мақсаттары мен оқушылардың іс-әрекеттерінің жетістіктеріне жету процесі. [7,298,299,301 бб]

Инновация - жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді. С.И.Ожегов сөздігінде: «Инновация – бірінші рет шыққан, жаңадан жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, жаңадан енгізілген жаңалық», - делінген.Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтерінің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдірді. XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50-жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. КСРО-да бұл термин XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап қолданыла бастады. 90-жылдардың бас кезеңінде орыс ғалымдары Т.П.Депрова, В.И.Золвязинский, С.И.Лазаревалардың еңбектерінде «инновация» ұғымы пайда болды. Олар «инновация» ұғымын білім беру жүйесінде жаңалықтарды жасап шығару, игеру, қолдану және тарату іс-әрекеті деп сипаттайды.[2]

Қазақстанда «инновация» ұғымын пайдалану соңғы он бес жылдың жемісіне жатады. «Инновация» ұғымына алғаш рет қазақ тілінде анықтама берген ғалым-профессор Н. Нұрахметов. Ол: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлік қызметі», - дейді.

Сонымен жоғарыда айтылған мәліметтерді саралай келе, инновация дегеніміз – білім беру, тәрбиелеу процесіне жаңалық енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды оқыту процесінде қолдану. Жалпы инновация модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлінеді:

- Модификациялық инновация - бұл қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу.

- Комбинаторлық инновация - бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру.

- Радикалдық инновация білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Сабақта жаңа педагогикалық технологияларды қолданудағы мақсат -- оқушыны ғылыми ойлауға, болмысты тануға, өзін-өзі дамытуға, өз бетінше білім алуға, ізденуге дағдыландыру, шәкіртті оқу процесінде мұғаліммен бірдей субъект ретінде танып, дара тұлға ретінде қабылдап, қарым-қатынасын жетілдіріп, оқушылардың танымдық құндылықтарын, тәжірибелік іс-әрекеттерін дамыту, оқушының ақыл-ой әлеуетін қалыптастыруға белсене қатысу, жеке тұлғаның рухани жаңаруына жағдай жасау, дарынды балалардың

қабілетін дамытуға қолайлы жағдай туғызу, шығармашылық жұмысқа бағыттау. Инновациялық іс-әрекет - дәстүрлі іс-әрекеттен түбегейлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид қызметінің негізгі түбірлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарама-қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады. Жаңа мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту процесін технологияландыруды өзекті мәселелердің бірі болып отыр.[3]

Оқыту процесін технологияландыру туралы пікірді көптеген жыл бұрын Я.А.Коменский айтқан болатын. Я.А.Коменскийдің пікірінше, оқыту «технологиялық» болуы қажет. Оның мағынасы нені үйретсе де, нені оқытса да оқу процесі табыссыз болмауы керек. Технологияға мақсат қою, осы мақсатқа жетудің құралдарын іздестіру, бұл құралдарды қолданудың ережелерін табу маңызды болады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы - білім жүйесі. Орта мектеп - білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады. Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше.

Қазіргі заман шындығы жаңа ақпараттық технологияның жетістіктері негізінде жасалып жатқан мықты компьютерлік құралдар мен компьютерлік бағдарламаларды ұсынып, жаңа сапалы ақпараттық білім беру – қазақ тілді орта жасаудың тамаша мүмкіндіктерін туғызуда. Сөйтіп білім беру саласының инновациялануына, алға қарай дамуына мүмкіндіктер жасап қана қоймай, онымен бірге ілесіп, оқыту әдістемесін жаңартуды, жақсартуды талап етуде. «Заманына қарай - адамы» дейтін қазақ халқының танымы бұл үдерістерді толық сөзбен өрнектейді.

Білім беру жүйесіндегі инновация дегеніміз, ең алдымен, өз заманындағы алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені қолданыста пайдалану. Жеке тұлғаны, елінің патриот азаматын қалыптастыру жолында ең жаңа және дұрыс білімді беріп, білікке, шеберлік пен іскерлікке, дағды мен икемге үйретіп, машықтандыру.[5]

Күн сайын өзгеріп, дамып жатқан технология уақытында жастарды соған сәйкес біліп беріп, тәрбиелеп шығару және сол технология арқылы сапалы оқыту - өзгермелі заманның алдымызға қойып отырған талабы да, сыны да. Әрі жеке тұлғаны тек жаңарған білім жүйесімен ғана емес, дәстүрлі жүйеде қалыптасқан білім деңгейімен де сусындату қажет. Сондықтан оқытудың инновациялық әдістері үйренушінің танымдық қызығуын арттырып, алған білімін жүйелеп алуды, кең ауқымда ойлап, жеті рет өлшеп, бір рет кесуді, үйрене отырып, үйренгенін күнделікті тәжірибеде қолдана алуды талап етеді.

Қазіргі уақытта жеке тұлғаға қойылып отырған басты талап үш тілді - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгеріп, бәсекеге қабілетті болу. Бұл

талап тек үйренушінің алдына жаңа мақсаттар қойып қана қоймайды, сонымен бірге үйретушінің де өз қызметін жаңғыртуына, инновациялық әдістемелерді пайдалана отырып, жаңаша оқыту тәсілдерін пайдалану қажеттілігін алға тартады. Сондай-ақ оқытудың жаңа инновациялық концепциясы гуманистік бағытқа құрылатындықтан, үйренушіге жеке тұлға ретінде қарай отырып, оған жекелей көзқараспен қарау, оқыту барысында өзіндік жұмыстар жүргізу-оқытушының өз ісіне шығармашылықпен қарауын талап етеді. Педагогикалық әдебиеттер оқыту технологиясы, дәстүрлі технология, білім беру технологиялары, программалық оқыту, проблемалық оқыту технологиясы, авторлық, ақпараттық - компьютерлік технологиялар және т.б. педагогикалық технологияларға анықтама берген.

Оқыту технологиясы мынадай шараларды қамтиды:

-Білімнің, ғылыми жетістіктердің, техниканың белгілі бір аймағында қойылған мақсатқа жету бағытында ұйымдастырылған, жоспарлы күйде тұрақты жүзеге асырылатын білімді, біліктілікті және дағдыларды меңгеру үдерісі;

- Оқыту, өздігінен білім алу және өзін-өзі бақылау үдерістерін керек етіп, соларды жүзеге асыратын шарттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер, құралдар жиынтығы;

-Оқыту технологиясында мына категориядағы белгілер болады: педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік жүйелер және ол дидактикалық және әдістемелік жүйелердің негізгі құрама бөлігі болып табылады. Оқу құралында қазіргі заманғы жаңа педагогикалық құралдардың түрлері, мақсаттар, міндеттері жан-жақты ашылып, оқу-тәрбие процесінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың жолдары көрсетілді.

Қорыта айтқанда, жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың дидактикалық теориясы, практикалық жүйесі қазіргі жас буын өкілдеріне жан-жақты даму үшін қажетті дүние. Психологиялық-педагогикалық мақсаттары жаңа педагогикалық технологияларды тарау-тарауға бөліп берерде технологиялардың ерекшелігі, атқаратын қызметтерінің маңыздылығы орасан зор.

Әдебиеттер:

1. Жоламанова Т.М./Жаңа педагогикалық технологиялар: оқу құралы. Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы», 2018. -208б.
2. А.Б. Салқынбай, Н.Ж. Егізбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. -142 б.
3. Педагогика. Креативті педагогика: оқу құралы / К.М.Беркимбаев, Ж.Б. Бураева, Г.П. Мейірбекова. – Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, 2020 ж. – 207 б.
4. Мубараков А.М., Байгожанова Д.С. Білім беру саласындағы педагогикалық зерттеулер жүргізудің әдіснамалық негіздері: оқу құралы. Қарағанды: «АҚНҰР»баспасы», 2018. – 138 б.
5. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
6. https://zkoipk.kz/ru/b1/356-conf.html
7. Педагогика дәріс курсы. Алматы 2003 ж.

ӘОЖ: 371.263

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Берикбосын Б. - 128-18а тобының студенті
Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Сарсенбиева Н.Ф.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

Педагогическая технология направлена на выявление рациональных принципов и методов достижения оптимальных результатов при минимальных затратах, рациональном расходовании труда учителя и ученика. Он объясняет, что все действия, относящиеся к деятельности учителя, имеют определенную целостность и последовательность, а ее осуществление строится таким образом, что оно приобретает прогностический характер, предполагая достижение желаемого результата.

Ключевые слова: образование, информационные технологии, педагогическая технология, критическое мышление

2019 жыл білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасының қабылдануымен ерекшеленді, онда Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың тапсырмасы көрініс тапты. Жаңа стратегиялық құжат халықтың өмір сүру сапасын қамтамасыз етуге, қазақстандық білім берудің жаһандық бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге бағытталған [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда тек экономикалық және саяси процесте ғана емес, білім жүйесінде де жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші — адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс. «Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б. Мақсаты-мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету [2].

Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің

шеберлігіне орай таңдап алады. Бұл жаңа технологиялар-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы».

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы [3].

Сыни тұрғыдан ойлау - ағылш.critical thinking -негізделген қорытынды жасай отырып заттар мен оқиғаларды талдауда қолданылатын және негізделген баға мен түсініктеме беруге, алынған нәтижелерді оқиғалар мен проблемаларды дұрыс қолдануға мүмкіндік беретін пайымдау жүйесі.

Д. Халперин сыни ойлаудың зияткерлік қабілеттері туралы ой жүгірте отырып, келесілерге назар аударады:

- талдау / қорытындылар;
- ұсыну, тұжырымдау, гипотезаларды әзірлеу;
- аналогтарды, метафораларды құру және құру, іздеу;
- бұрын алған білімді жандандыру;
- себеп-салдар қатынастарын жандандыру;
- маңыздылығын талдау;
- салыстыру-салыстыру-контраст;
- нақты жағдайларда қолдану;
- контраргументация;
- бағалау және оның сенімділігі / валидтілігі;
- идеяларды жалпылау;
- басқа көзқарастарды зерттеу.

П. Бонни сыни ойлауға қатысты дағдыларды ажыратады:

- ақпарат бөліктері арасындағы ұқсастықтар мен қатынастардың басқа түрлерін табу;

- мәселені құрылымдау және шешу үшін ақпараттың маңыздылығын анықтау;

- мәселені шешудің немесе шешудің балама жолдарын табу және бағалау;

- ақпарат мәтініндегі проблеманы анықтау.

Бұл студенттер мәселені өз бетінше анықтап, оны шешу үшін бұрыннан бар білімдерін қолдануы керек дегенді білдіреді.

Келесі сұрақтарға жауап беретін сыни ойлауды қалыптастырудың белгілі бір алгоритмі бар.

1. Бұл танымдық іс-әрекеттің мақсаты қандай? Мақсаттар шешім нұсқаларының бірін таңдауды, нұсқалар болмаған кезде шешім әзірлеуді; ақпаратты қорытуды; аргументтердің сенімділігін бағалауды; оқиғалардың ықтимал дамуын бағалауды; ақпарат көзінің дұрыстығын тексеруді: белгісіздікті сандық бағалауды қамтуы мүмкін.

2. Не белгілі? Бұл бағытталған немесе сыни ойлаудың бастапқы нүктесі. Бұл кезең жетіспейтін ақпаратты табуды да қамтиды.

3. Не істеу керек? Қандай ойлау дағдылары мақсатқа жетуге мүмкіндік береді? Маршруттың бастапқы нүктесінен соңғы нүктесіне қалай жетуге болатындығын білу-сыни ойлаудың қозғаушы күші. Мұнда бұрын қалыптасқан зияткерлік дағдыларды қолдану болжанады.

Олай болса, сапалы әрі тиімді педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

Әдебиеттер

1. Сарсенбиева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш., Адылбекова Э.Т. Цифровизация образования Республики Казахстан. Журнал «Мир педагогики и психологии» 2021. № 1 С. 53–69.
2. «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары», Н.Қошқарбаев, 2010 жыл.
3. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері » С. Мирсеитова, 2011 жыл

ОӘЖ 372.891

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Айдар Меруерт Омарқызы – 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Тажекова А.Д. – г.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Summary

This article discusses the issues of teaching geography according to the updated program.

Қазіргі кездегі жаңартылған білім беру негізінде оқу әрекетін ұйымдастыруда жеке тұлғаның өзін-өзі таныту тетіктерін, ғылыми ойлау әдістерін, зерттеу мәдениетінің негіздерін игеруді, кәсіби мақсаттарын қалыптастыруды қамтамасыз ету қажеттілігі бірінші орында. Бүгінгі таңда педагогтің міндеті оқушыларды білім мөлшерімен жабдықтау емес, білімді өз

бетімен алу үшін жағдай жасау болып табылады. Осыған орай, география пәнінің оқытылу сапасын жақсарту, оқыту әдістемесін ғылыми зерттеу нысанына ала отырып, соны ізденістер жасау, оны тікелей іс-тәжірибе арқылы дәлелдеуге қол жеткізу кезек күттірмейтін маңызды мәселеге айналуда.

Географиядан білім беру оқушылардың мәтінді ой көзімен түсіне оқып, жан-жақты талдау жасаумен ерекшеленеді. Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиеленуі бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. География пәнін оқытуда оқушының адамзаттық құндылықтарды игеруі жаратылыстану, табиғат байлықтарын, туған өлкенің байлықтарын түйсінуі арқылы бойына сіңірілмек. Ол үшін сабақта әр оқушының өзінің интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерінің шыңына жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін, құзыреттілігін қалыптастыратын оқу тапсырмаларын әзірлеу қажеттігі туындайды [1].

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушыларға құндылықтар арқылы тәрбие беруді қалыптастырудағы аймақтық-өлкетану мәліметтерін пайдаланудың рөлін арттыру, аймақтық базалық білім берумен байланыстыру, педагогикалық шарттарын айқындау, аймақтық-өлкетануға тән ерекшеліктерді анықтау – география пәнінің негізі ретінде саналады. Аймақтық-өлкетану арқылы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу – жалпы білім беретін орта мектептердің оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызды компоненттердің бірі. Мектеп оқушыларының отансүйгіштік қасиеттерін жетілдіруде өлкетану мәліметтерін мектептің оқу бағдарламасына кешенді түрде енгізу, сабақ барысында кіріктіру мүмкіндіктері қарастырылу қажет.

Оқу үдерісінде өлкетану жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру оның деректерін пайдалану әсіресе, тәуелсіздік алған тұстан бері қозғалып келе жатқан мәселе. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан жәдігерлер қазіргі жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етеді. Халқымыз ертеден табиғат болмысын, оны бүкіл өзінің өмір тіршілігінің дамуы мен қалыптасуының көзіне айналдыра білген. Халқымыздың көшпелі өмір тәжірибесінде табиғатты пайдаланумен қатар, оны аялаудың, қорғаудың тамаша үлгілерін сабақ барысынада бүгінгі заманауй өмір сүру ұстанымымен кіріктіре көрсету маңызды.

География пәнін оқытуды үлкен маңызды күрделі мәселелерді шешуге, әртүрлі территориялардың ресурсын зерттеп оқып, сол жердің табиғи ресурсын тиімді пайдалануға, құрылыс, зауыт, қала, жол салуға ең қолайлы жерлерді анықтауға байланысты сауаттылықтарын дамытуға бағыттау ұстазға кәсіби шеберлікті талап етеді. Географиялық білім берудегі тәжірибелік бағытты күшейту міндетін шешу – оқытудағы теория мен практиканың бірлігін қамтамасыз ететін, жалпы оқу және зерттеу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыратын, оқушылардың оқу-зерттеу жұмыстарын мақсатты, жүйелі ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Оқыту процесінің нәтижелі болуы

қойылған мақсаттың нақтылығынан, оны оқушылардың жете түсінуіне байланысты [2].

Жаңартылған білім мазмұны мақсатына сай үлкен модульдарды оқыту соңында дәстүрлі тест, бақылау жұмыстарынан басқа оқушыларды кіші жоба жұмыстарын әзірлеп қорғату тәжірибеде қолданылуда. Әрине, жоба жұмысы оқушылардың зерттеу әрекетіне байланысты жүргізіледі. Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде оқытушы оқушылардың алдына мәселе қойып, оны шешу әдістерін белгілейді. Шешу жолдарын оқушылар өз бетінше іздестіреді. Екінші кезеңде оқытушы тек мәселе қояды, ал оны шешу жолдарын оқушы өз бетінше қарастырады. Үшінші кезеңде мәселе қою, оны шешу жолдарын қарастыру және мәселені шешуді оқушы өздігінше атқарады. Өзіндік зерттеу жұмыстары негізінде оқушылардың қосымша оқу құралдарымен, ғылыми әдебиеттермен, анықтамалықтармен, көрсеткіштермен жұмыс істеу еп-дағдылары қалыптасады.

Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың ой-өрісін дамыта оқыту технологиясын жетілдіріп отыру қажет. Солардың бірі, зерттеушілік әрекеттер арқылы білім беруді дамыту. Яғни, мәселе ұсынып, тәжірибелер нәтижесін көрсете отырып шешу жолына әкелу . Бұл жерде мұғалім бағыттаушы рөл атқаруы тиіс. Оқушы қиналған жағдайда мұғалім жетекші сұрақтар қою арқылы көмектесіп отырады. Жаратылыстану-география пәніндегі зерттеу жұмысы оны тәрбие беру үрдісімен байланыстыру тіні экскурсия (топсеруен) арқылы да дамытылады.

Топтық ізденіс оқушыларға қолданбалық бағытта сапалы білім алуға көмектеседі. Топсеруен кезінде алдын-ала берілген тақырыптарға байланысты тапсырмаларға сәйкес жасалған суреттерді, пікірлерді, сызбаларды, кестелерді әзірлеу, қосымша ақпараттар жинау, өңдеу оқушылардың функционалдық сауаттылықтарының дамуына көмектеседі. Тұлғаның зерттеу іс-әрекетін дамытуда мүмкіндігінше жергілікті, аймақтық проблемаларды көтеру оған оқушылардың араласуын, туған өлкесіне деген патриоттық сана-сезімін ояту барысында жер-су атауларының шығу тегі туралы пікірталас, ой-талқы, тренингтер өткізу маңызды орын алады. Жергілікті жердің фаунасы мен флорасының проблемасын шешуде сирек аң мен құстарды анықтау, ағаш отырғызу, бүлінген жерлерді қорғау мәселелері тақырыбында бейнежазба, экобайқаулар, эссе, таныстырылымдар оқушылардың өздігінен білім алуларына жағдай жасайды [3].

Әдебиеттер:

1 Обновление содержания среднего образования на основе опыта Назарбаев Интеллектуальных школ. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2017.– С. 64.

2 «Педагогика және психология» атты ғылыми-әдістемелік журнал. №1, Алматы, 2009 ж.

3 http://orleu.kz/?p=161044

ОӘЖ 372.891

ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әкімжан Ақмаржан Ергешбайқызы – 4 курс 116-18а тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Тажекова А.Д. – г.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме

В данной статье рассматриваются педагогические основы экологического образования и воспитания школьников.

Экологиялық білім беру және білім беру проблемасы болды және қоғамның дамуы барысында болады. Дұрыс экологиялық білім болашақта адамзаттың көптеген экологиялық проблемаларының алдын алуға мүмкіндік береді. Оқушыларда экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру белгілі бір мазмұнды, жұмыс әдістері мен формаларын қосуды, сонымен қатар балалардың табиғи объектілермен үнемі қарым-қатынас жасауы үшін жағдай жасауды талап етеді.

Соңғы уақытта экологиялық білім мен тәрбиеге көбірек көңіл бөлінуде, өйткені онсыз өркениет дамуының маңызды мәселелерін шешу мүмкін емес. Жаңа технологияларды шексіз енгізуге болады, жаңа жабдықтар сатып алуға және жаңа нысандар салуға болады, бірақ егер әрбір адам қоршаған ортаның жай-күйі үшін өз жауапкершілігін сезінбесе, мұның бәрі тиісті нәтиже бермейді. Біз бір күнде өмір сүре алмайтынымызды, ертең планетамыздың қандай болатындығы туралы ойлануымыз керек екенін түсіндіруді бастау үшін мектепте болуы керек.

Жасөспірімдерді тәрбиелеуде жетекші рөлді оқу және сабақтан тыс жұмыстарды қамтитын экологиялық мәдениетті қалыптастыру процесін ұйымдастыратын мектеп атқарады. Жалпы білім беретін мектептің міндеттерінің бірі-оқушыларды қоршаған географиялық ортада барабар болуға дайындау.

Ғылыми-техникалық революция дәуіріндегі табиғи ортаның тез өзгеруі қоғамның табиғатқа белсенді әсер етуімен байланысты. Нәтижесінде адамның өмірі жақсарады, оның нақты қажеттіліктері жақсы қамтамасыз етіледі. Алайда, қоршаған ортадағы жағымсыз өзгерістердің саны да кеңеюде. Себептері мұнда неоднозначны. Олардың бірі – халықтың экологиялық сауатсыздығы. Кім, мектеп емес, балаларды табиғи ресурстарды пайдалануға жауапкершілікпен қарауға, қоршаған ортаның жай-күйіне қамқорлық жасауға тәрбиелеуі керек [1].

Қазіргі экологиялық дағдарыс кезеңінде адам мен табиғи ортаның өзара байланыс заңдарын оқып үйренуге деген ынтаның жоқтығы және өзінің іс-әрекеттерінде осы заңдарды басшылыққа алудағы салғырттық, сондай-ақ, табиғат қорғауға байланысты құқықтық талаптардың орындалмауы халық арасындағы экологиялық тәрбие деңгейінің төмендігі, экологиялық сана қалыптасуының таяздығын көрсетіп, қоршаған табиғи ортаны қорғауға қатысты іс-шаралар жүйесінде «адам - қоғам - табиғат» арақатынасы мен өзара әрекетін дұрыс ұйымдастыруға қажетті дағдылар мен біліктіліктің, табиғи қорларды орнымен пайдаланудың ғылыми негіздерін қалыптастыру бағдарлық

тәрбиелік-педагогикалық процес ретінде қоғам мүшелеріне экологиялық білім мен тәрбие беру қажеттеілігін айқындайды.

Табиғат дамуының заңдылықтарын білмеу, қоғамдағы экологиялық сауаттылық пен тәрбиеліліктің жетіспеуі - экологиялық дағдарысты туындатушы басты себеп болғандықтан, халыққа, соның ішінде есей келе халық шаруашылығының түрлі салаларында қызмет етіп, өмірдегі алатын орнына сәйкес табиғат тағдырына қатысты сан алуан жауапты шешімдер қабылдайтын өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беру көзі болып табылатын мектеп пәндерінен ұйымдастырылатын оқу-тәрбие үрдісінде пәнаралық байланыс негізінде жүйелі түрде экологиялық тәрбие беру халықаралық ұйымдардың қадағалауында болып, күн тәртібінің алғашқы кезегінде тұрған мәселелер.

Экологиялық тәрбие берудің жалпы стратегиялары мен барлық мемлекеттердің осы саладағы әрекеттерін біріктіру Біріккен Ұлттар Ұйымының халық ағарту, ғылым мен мәдениет жөніндегі (ЮНЕСКО) мемлекетаралық ұйымының тікелей атсалысуының арқасында жүзеге асуда.

Париж қаласында 1968 жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен биосфераның ресурстарын қорғау және тиімді пайдалануға арналып өткізілген үкіметаралық конференциясында экологиялық білім берудің ғаламдық сипаты тұңғыш рет аталып өтті.

Швейцарияда 1971 жылдың желтоқсан айында өткен бірінші Еуропалық конференция табиғат қорғаудағы халықағарту мәселелеріне арналып , осы саладағы атқарылуы тиіс іс-шаралардың жобалары белгіленді.

Тбилисиде 1977 жылы ЮНЕСКО мен ЮНЕП-тің (БҰҰ-ның қоршаған ортаға байланысты бағдарламасы) бірге отырып өткізген үкіметаралық конференциясы қоршаған ортаны қорғаудың білім беру саласына арналып, экологиялық білім мен тәрбие берудің халықаралық деңгейде дамуындағы маңызды кезең басталды.

Экологиялық сананы қалыптастыру процесі студенттердің барлық жас топтарын қамтуы керек, бірақ олар білімді қабылдаудың бірдей мүмкіндіктерінен алыс. Сондықтан әдістемелік және дидактикалық әдістердің кең спектрі қажет. Сонымен қатар, экологиялық ағарту, егер ол ұтымды және эмоционалды саланы қамтыса, адамның іс-әрекетіне айтарлықтай әсер етеді, егер ғылыми дәлелдер оны толтырып, оны өздері қабылдаса, тек содан кейін ғана мүмкін болады.әрқашан таза жеке тұлға болатын сенім.

Осы негізде балаларда әлемнің қазіргі заманғы экологиялық бағдарланған бейнесі, олардың табиғи және әлеуметтік ортасына құрмет сезімі қалыптасады. Сонымен қатар, оқу пәнінің құралдары оқушылардың сөйлеу және танымдық процестерінің дамуына (сенсорлық даму, ойлау, зейін, есте сақтау, қиял), сондай-ақ эмоционалды сала мен шығармашылық қабілеттерге айтарлықтай әсер етеді. Мектептегі оқу кезеңдері, оқушылардың жас ерекшеліктері, әлеуметтік және табиғи ортаның нақты жағдайлары - мұның бәрі оқушылардың табиғатқа деген қарым-қатынасының сипатын, олардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайту және азайту жөніндегі іс-әрекеттерін анықтайды [2].

Мектептің географиялық білімін экологияландыру туралы тұтас идея оның мазмұнына жетекші идеяларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олардың көпшілігі (табиғаттың дамуы мен тұтастығы, еңбек процесінде табиғаттың өзгеруі, қоршаған орта және адам денсаулығы, тұлғаның адамгершілік-эстетикалық дамуындағы Табиғат) экологиялық білім беруде іргелі болып табылады. Олардың Географияны оқытуда ашылуы мектеп оқушыларында жер табиғатының тұтастығы, оның процестерінің бірлігі, адамның табиғи байланысы және онымен байланысы, сондай-ақ адамның кез-келген экономикалық қызметі мен оның табиғаттағы мінез-құлқы оның заңдарымен келісілуі керек екендігі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Табиғи саладағы және адамның іс-әрекетінен туындаған барлық өзгерістер халықтың өмір сүру жағдайлары мен денсаулығына әсер ететіндіктен, бұл қатынасты қарастыру жеке компоненттер мен табиғаттың адам өмірі мен экономикалық қызметі үшін маңыздылығы, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қажеттілігі туралы білім жүйесі арқылы жүзеге асырылады.және қалпына келтіру.

Осылайша, география курсында оқушылардың түсінуіне қол жетімді, табиғатта және қоғамдық өмірде бар қатынастар ашылады.

Әдебиеттер:

1. Тихонова А.Е. Дидактические и методические основы экологического образования и воспитания школьников. – Хабаровск., 2014.-81с.

2. Нұғыманов И, Орынбеков С. Экологиялық білім берудің педогогикалық негізі. //Қазақстан мектебі, 2016.-127б.

ОӘЖ 372.891

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Болысбек Мақпал Ермухаметқызы – 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Тажекова А.Д. – г.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Summary

This article discusses the methods and forms of organizing practical work in geography lessons.

Практикум-сабақтар - практикалық іс-әрекеттер арқылы жаңа жағдайларда білімді қолдануға, білік пен дағдыларды жетілдіруге, бекітуге, жетілдіруге мүмкіндік беретін жұмыстың табысты түрі. Практикалық жұмыс осы үшін қажетті іскерліктер мен дағдыларды (оқулықтарды, карталарды, статистикалық материалдарды, көрнекі құралдарды, географиялық аспаптарды және т.б. өз бетінше пайдалану) қалыптастыра отырып, кешенді теориялық білімді қолдануға, тереңдетуге және дамытуға бағытталған іс-әрекет ретінде айқындалуы мүмкін. Практикалық жұмыс оқушыларды шығармашылық сипаттағы дербес жұмыстарды орындау үшін, жаңа білімді өз бетінше іздеуге және жаңа іскерлікті меңгеруге дайындайды. Практикалық жұмыс, сондай-ақ өз бетінше де бар білімі мен іскерлігін бекітетін жаттығу болуы мүмкін. Осындай практикалық жұмыстарды жүргізу барысында, әрине, географиялық білім көздерімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын нашар меңгерген

оқушылармен жеке айналысуға тырысу қажет. Практикалық дағдылар мен машықтарды бақылау барысында жұмысты жоғары дербестік деңгейінде жүргізіледі [1]. Практикалық жұмыстарды қолданудың мұндай әдісі қосымша оқу уақытын қажет ететін оқушыларды анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың неғұрлым қиын игеретін біліктерін ажыратуға мүмкіндік береді.

География сабақтарында оқушылардың белсенділік проблемасы, олардың пәнге деген қызығушылығы бұрыннан өте өзекті болды, өйткені оқушылардың білім сапасы күрт нашарлады. Педагогтердің тәжірибесі соңғы уақытта оқытудың кейбір әдістері ескірген және оларды қолдану нәтижесі қазіргі заманғы, тұрақты дамып келе жатқан қоғамның талаптарына сәйкес келмейді. Өйткені бұрын мұғалімнің әр түрлі сипаттаулары, түсініктемелері немесе әңгімелері көрсетілген сабақ түрлері мен әдістері басым болды [2]. Білім алушыларда өзің ойлауға немесе қандай да бір басқа көздерден ақпарат алуға уақыт қалған жоқ. Дәстүрлі оқыту кезінде білім алушылар өздерінің ми әлеуетінің 10-15% ғана жұмыс істейді. Мысалы, мектеп географиясында материктерді, өзендерді, мұхиттарды және т.б. объектілерді зерттеудің тірек жоспарлары әзірленді және қолданылады. Бұл әдістердің кемшіліктері айқын – олар игерілген материалды міндеттерді шешуге көшіруді қиындатады. Мысалы, өзендерді зерттеудің тірек жоспарын мұхиттарды зерттеу үшін қолдану мүмкін емес.

Географияның ерекшелігі әр түрлі ғылым саласына жататын көптеген факторлардың кешенді өзара іс-қимылы болып табылады, бұл материалға ерекше тартымдылық береді, оқу процесін ұйымдастыруды күрделі және алуан түрлі етеді. Инновациялық нысандар мен әдістерді пайдалану сабақты өнертабысқа, өнертабысқа – жобаға, жобаға – нәтижелері жаңалық ретінде әрекет ететін нақты қызмет технологиясына айналдырады. Оқу процесін білім практикалық қызметтің іргетасына, яғни пәрменді болатындай етіп құру қажет.

Мектеп географиясының практикалық бағыты - бұл тек педагогикалық және әдістемелік категория ғана емес, бұл оқыту принципі, өз кезегінде, күнделікті өмірде географиялық білім мен іскерлікті қолдану мен іскерлікті меңгеруді қамтитын кең түсінік. Ал бұл оқу іс-әрекетінің барлық түрлерінің жалпы кешенінде практикалық жұмыстарға үлкен көңіл бөлу шартымен мүмкін. Нақты практикалық қызметте бұл екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

- практикалық жұмыстар үшін тапсырмаларды нақты тұжырымдау, шешілетін міндеттердің негізгі желісін бөлу. Мұнда мұғалім тарапынан оқушылардың оқу-жаттығуын ұйымдастыру нысаны ретінде практикалық жұмысқа, география бойынша стандартты бағдарлайтын практикалық жұмыстардың мазмұны мен дайындығына қойылатын талаптарды сақтау бойынша мақсатты және жүйелі жұмыстарға назар аудару қажет;

- оқылатын материалдың ерекшелігіне сүйене отырып, оқу және сабақтан тыс қызметте ерекше әдістемелер мен тәсілдерді енгізу. Мысалы, бақылауларды, далалық практикаларды, маршруттық түсірулерді ұйымдастыру

және өткізу, географиялық алаңдағы жұмыс, оқу жобаларын әзірлеу және іске асыру.

Географиялық материалда практикалық жұмыстарды орындау география бойынша стандартты компоненті – талдау, салыстыру, салыстыру, бағалау, тұжырым-ой-пікірлерді жасау ретінде жалпы оқу іскерлігінің дамуына ықпал етеді. Өз пікірін білдіру және оны негіздеу, жұмыс нәтижелерін әр түрлі формада ұсыну.

Екінші міндет - өзіндік іскерлікті қалыптастыруды қамтамасыз ету (теориялық білімді практикада қолдану).

Үшіншіден, стандартта көзделген практикалық жұмыстар жүйесі оқушылардың географиялық ғылым әдістерін (дәстүрлі – картографиялық, сипаттама, салыстырмалы-географиялық; жаңа және соңғы – статистикалық, аэроғарыштық, моделдеу, болжау, геоақпараттық, геоэкологиялық мониторинг; далалық зерттеу әдістері) неғұрлым толық танысу және меңгеру үшін үлкен мүмкіндіктерге ие [3].

Сонымен қатар, практикалық жұмыстардың практикалық іс-әрекет пен күнделікті өмірде алған білімі мен іскерлігін қолдана білуін қалыптастырудағы аса маңызды негіздеме болып табылады. Мысалы:

- жергілікті жерге бағдарлау және түсіру жұмыстары үшін;
- белдеулік уақытты анықтау;
- объектілерді, процестерді, құбылыстарды, олардың табиғи және антропогендік әсер ету нәтижесіндегі өзгерістеріне бақылау жүргізу;
- ауа-райын, құбылыстарды, су мен жердің жағдайын бақылау.

Егер оқушыларды жобалық іс-әрекеттің топтық формаларына қоссаңыз, бұл қызықты жұмыс және жақсы нәтиже береді.

Практикалық жұмыстар кешенін өткізгеннен кейін оқушылар қойылған міндеттердің дәстүрлі емес шығармашылық шешімдерін көруге мүмкіндік алуы үшін жұмыстарды орындаудың үздік үлгілерінің көрмесін ұйымдастыру ұсынылады [3].

Практикалық жұмыстарды орындау оқушылардың жағымды эмоцияларын тудырады, сондықтан барлық тапсырмалар қызықты, тартымды және оқушы үшін ауыр міндет болмайтындай етіп жасалады.

Географиялық білім мен іскерлікті қалыптастыру процесі – өте ұзақ және тынымсыз, тұрақты жаттығуды, пысықтауды, жетілдіруді және тақырыпты тақырыптан ғана емес, бөлімге тараудан бастап сыныптан сыныпқа дейін кеңейтуді талап ететін екенін есте сақтау маңызды.

Осылайша, мектеп географиясының тәжірибелік бағыты - бұл көпфункционалды және көп өлшемді әдістемелік категория. Ол географиялық білім мен іскерлікті, іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруда ғана емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық және зияткерлік саласын дамытуда да көрінеді. Практикалық жұмыстар тәрбие мен білім берудің, мектеп географиясының практикалық маңыздылығын күшейтудің маңызды құралы болып табылады [4].

Әдебиеттер:

1 Әбілмажінова С. «География материктер мен мұхиттар оқыту әдістемесі». Алматы «Атамұра»2003

2 Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы: Кітап, 2009. – 96 б.

3 Тусупбекова, Г.М. Методика преподавания физической географии на основе картографических материалов и приемов: учеб. пособие / Г.М. Тусупбекова; Г.М. Тусупбекова, Г.А. Утеева, Б.Р. Накеев.- Алматы: Дарын: Шугыла, 2006.- 134 с.

4 Есназарова, У.А. Естествознание: Метод. пособие для учителей общеобразовательных школ / У.А. Есназарова, Н.К. Бекалай.- Алматы: Атамұра, 2003.- 135 с.

ОӘЖ 372.891

ТАБИҒИ ӨЛКЕТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖҮРГІЗУДЕ ТОПСЕРУЕНДЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Калмурзаева Салтанат Ғаниқызы – 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Тажекова А.Д. – г.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме

В данной статье рассматриваются методы организации походов при проведении природно-краеведческих исследований.

Мектепте өтілетін топсеруен - оқу тәрбие жұмысының бір түрі. Топсеруен бағдарлама бойынша жүргізіледі. Мұғалім алдын-ала топсеруеннің тақырыбын, өтілетін орнын, мерзімін анықтап, өзінің жылдық жоспарына енгізеді. Топсеруен оқу тәрбие жұмысының бір түрі болғандықтан, оқушылар іс-әрекеттерді табиғатта жайлы жағдайда, далада, мұражайларда, өзен аңғарында т.б. өткізеді [1].

Топсеруеннің маңызы:

1. Топсеруен оқушылардың білімін тереңдетіп, ой-өрісін кеңейтеді.
2. Оқушылырды іздемпаздыққа талпындырады.
3. Оқушылардың іздемпаздығын арттырады.
4. Өлкесін тануға, табиғатты зерттеуге талпындырады.
5. Оқушылар заттарға дұрыс қарауға, адамның еңбегін бағалауға дағдыланады [2].

Топсеруен кезінде оқушылар табиғат туралы, оның дамуы және шаруашылықта пайдалануы туралы білім алып қана қоймай, сонымен қатар, болашақтағы еңбек жолын және жаңартылған бағдарлама бойынша оқытудың міндеттерін шешу үшін зор маңызы болатын өздігінен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

Топсеруенге шығудың бірнеше түрлері бар [3]:

1. Табиғатқа топсеруенге шығу.
2. Мұражайға, ботаникалық баққа, зоологиялық паркке, географиялық кешенге.
3. Табиғи – аймақтық кешендерге.

Тақырып бойынша жұмыс істей отырып, мына ережелерді есте сақтау керек.

1. Нақты физикалық-географиялық кешендерді таныстырып, тәрбиелеу.
2. Табиғи-әкімшілік кешенді оқып үйренуді бірте-бірте - кезеңдер бойынша жүзеге асыру.

3. Топсеруенде бақылау жасау, географиялық қабықта болып жатқан оқушыларға әлі белгісіз, құбылыстар мен процестерді түсіндіру кезінде салыстыру қажет.

4. Табиғатты зерттеудің практикалық маңызы бар, ол балаларды табиғатқа мұқият қарап, оның байлықтарын қорғауға тәрбиелейді.

Топсеруен кезінде оқушылар табиғат туралы, оның дамуы және шаруашылықта пайдалануы туралы білім алып қана қоймайды, сонымен бірге болашақтағы еңбек жолы және политехникалық оқудың міндеттерін шешу үшін зор маңызы болатын өздігінен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

Топсеруеннің әдістемелік жоспарын мынандай үш кезеңге бөліп жасайды:

1. Әзірлік
2. Оқушылардың қатысуымен әдістемелік жоспар бойынша топсеруен өткізу.
3. Топсеруенге қатысушылардың қорытынды есебін дайындау.

Әр түрлі тақырыптарға және жергілікті жерлерге топсеруен өткізуге арналған әдістемелік талдауларды жасаған кезде табиғи кешендерді зерттегенде географиялық ғылымның логикасымен анықталатын белгілі бір дәйектілікті сақтау қажет.

ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕГІ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ [4].

1. Онда жергілікті жердің геологиялық құрылымына, тау жыныстарының орналасуы мен құрамының сипатына, олардың құрылу жағдайына, жер бедерінің формаларына ықпалына тоқталған жөн.
2. Минералогиялық коллекцияны жинауды және қалай ресми қағаздандыруды көрсету.
3. Жергілікті жерді геологиялық зерттеуден кейін, оқушылар қорытынды жасауы тиіс.
4. Оқушылардың есебіне қандай материалдар керектігін қарастыру.
5. Топсеруен алдында қажетті жабдықтың тізімін әзірлеу.

ЖЕР БЕДЕРІНІҢ ФОРМАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ [4].

1. Зерттелетін жердің жалпы суреттемесін, нақты мысалдар арқылы жер бедерінің қалыптасуына, осы заманғы факторлардың ықпалын атап өту.
2. Жер бедерінің жиі кездесетін формаларын атап өту және оларды баяндап жазу (биіктігі, төбелері, олардың ұзындығы, бағыты т.б.)

ӨЗЕН АҢҒАРЫН ЗЕРТТЕП ҮЙРЕНУ [4].

1. Өзен туралы қысқаша мәлімет әзірлеу (ағып шығуы, сағасы, ағыс сипаты), өзен аңғарының пайда болуы туралы айтып беру.
2. Эклиметр мен рулетканың, барометр, анероид, нивелирдің көмегімен өзен аңғарының кесе көлденең профилін салуды үйрету.
3. Өзен аңғарын зерттеп үйрену нәтижесінде қорытынды жазуға үйрену.

ӨЗЕН АҢҒАРЫН ЗЕРТТЕП ҮЙРЕНУ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ.

1. Өзендегі өлшеу жұмыстарын жасату (ені тереңдігі, ағыстың беткі жылдамдығы).

ӨСІМДІК ДҮНИЕСІН ЗЕРТТЕП ҮЙРЕНУ.

1. Зерттеліп отырған жердің өсімдік дүниесінің сипатын, оның топыраққа, климатқа әсерін зерттеу.

2. Гербарийдің жасалу жолын үйрету.

3. Өсімдіктерді оқыту нәтижесінде оқушылар қандай қорытынды шығарады.

ТОПЫРАҚТЫ ЗЕРТТЕП ҮЙРЕНУ.

1. Топырақтың түзілуіндегі климаттың, жер бедерінің, өсімдіктердің ықпалы.

2. Топырақ қиындысын жасап, зерттеу.

3. Жүргізілген жұмыс нәтижесіне қорытынды жазу.

ТОПСЕРУЕНДЕ ЖОЛ-ЖӨНЕКЕЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ [4].

1. Топсеруеннің басы мен аяғындағы күннің биіктігі.

2. Күн тәулігінің уақытына қарай ауа температурасының өзгеруі.

3. Ылғалдылығына, түсіне, механикалық құрамына қарай топырақ температурасының ылғалдылығын анықтау.

4. Өзендегі, ескі арнадағы жылғадағы, су қоймаларындағы температура өзгерісін өзара ауаның температурасымен салыстыру.

5. Салыстыру кезінде және түрлі табиғат обьектілерінің үстіндегі батпақ, орман т.б. бұлттылық өзгерісін бақылау.

ТОПОГРАФИЯ ЖӨНІНДЕГІ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.

1. Топографиялық жұмыстарды қайталау.

2. Көзбен өлшеп түсіруді үйрету.

3. Есеп беруге материалдар дайындау.

Топсеруенді жүргізу әдістемесі мынандай болады:

Алдымен топсеруенге қатысушылар жота – қырдың үстінен зерттеп үйреніп, белгіленген жерді қарайды, мұғалімнің кіріспе әңгімесінің көмегімен, әрі өзінің байқауларында осы жер және табиғат компоненттерінің өзара шатастығы туралы жалпы ұғым алады. Шағын маршрутта - 1км-ден аспайтын экскурсияға барлық қатысушылар оны бастапқы нүктесінен соңғы нүктесіне дейін жүріп өтеді, жол бойы мұғалім түсінік береді, әр бригаданың жұмыс орнын көрсетеді, әр маршрут бойынша орналасқан нақтылы табиғат обьектілеріне көңіл аударуды ұсынады [5].

Маршрутпен бара жатқан жолда топсеруенге қатынасушылардың барлығы тау жыныстарының үлгілерін, өсімдіктерді жинайды, ауа, су, топырақ температурасын өлшейді. Суреттеме, фотосуреттер жасайды. Топсеруеннің соңында қорытынды конференция – көрмелер өткізіп, басқа оқушылар қатысуын қарастырады.

Әдебиеттер:

1. Өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру (ust.kz)

2. Строев К. Ф. О краеведческом принципе в преподавании географии. “География в школе”, 2013, № 3.http://school-kraevedenie.narod.ru/stroev/stroev1.htm

3. Щербаков А. М. Краеведческая работа в школе. М., Горизонт, 2019.

4. https://melimde.com/bafdarlamasi-negizgi-sratar-olketanu-kursin-oitudi-maizi.html?page=3

5. Казиева А. Н. Роль краеведения в школах Казахстана. Журнал: Вестник КазНПУ. - Алматы, 2015.

ӘОЖ 378.147:811.512

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН МОЛАЙТУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Мухамбетжанова А.Т. – 1301-81 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Уристенбекова Г.К. – п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

In this article, the authors explore the linguistic foundations of vocabulary development of younger students.

Адамның жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін факторлардың бірі – тіл. Тіл арқылы әрбір адам өз ойын, пікірін, сезімін жеткізеді. Сондай-ақ, тіл – адамдарды қауымдастыратын, біріктіретін құрал. Адамдар арасындағы қарым-қатынас қызметін атқаратындықтан, тіл арқылы адамдар бір-бірімен тілдік қатынасқа түсіп, пікірлесіп, түсінісе алады. А.Байтұрсынов; «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» - деп, оның тек адамдарға тән құбылыс екендігін көрсетеді [1, б.173].

Тіл «адамдық белгісі» болғандықтан, ол арқылы қарым-қатынасқа түсу тек адамдардың меншігі. Сонымен қатар, тіл – халық мәдениетінің негізі. Қандай халық болмасын, өз мәдениетін ана тілінде қалап, дамытады. Ана тілінде жазылған түрлі өнер туындылары, әдебиет мұралары сол халық мәдениетінің жетістігі.

Сондықтан мектепте тілді оқыту жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Тіл арқылы балаға барлық ғылымның негіздері үйретіледі. Тіл арқылы балаға барлық ғылымның негіздері үйретіледі. Ә.Садуақасовтың: «Адамды бір-бірімен қоғамдастыратын басты құралдың бірі – тіл. Оқушылардың білімді болуының басы айтушының сөзін тыңдай білуден, дұрыс сөйлей алудан басталады. Әрбір пәннен тиянақты білім алу да тілге байланысты»,- деген пікірі өзінің құнын бүгінгі күнге дейін жойған жоқ [2, б.12].

Адам айтайын деген ойын сөйлеу арқылы яғни әр түрлі сөз, сөз тіркестері, сөйлемдер басқаларға жеткізеді. Студенттерді қазақша сөйлеуге үйрету қазақтың дыбыстық жүйесі мен оның өзіндік ерекшеліктерін меңгертуден басталады. Олар дыбыстау мүшелері, олардың дыбыстарды айтуға қатысы, дыбыстарды топтастыру, буын, екпін, интонация, үндестік заңы, дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу заңдылықтары, дыбыстардың айтылу, жазылу ерекшеліктері, дыбыс алмасулары т.б. көптеген заңдылықтарды туралы мағлұматтар алады.

Сөзді қатысым әрекетінде, сөйлеу процесінде Ф.Ш.Оразбаева «Сөйлеу процесіндегі сөздің ерекшелігі – сол объективтік шындыққа, өмірге байланысты ұғымдарды сананың қабылдауы нәтижесінде ойды білдіретіндігін» қарастырып, оның мынадай қасиеттерін:

1. Сөз адам санасында бейнеленген ұғымның жарыққа шығуын қамтамасыз етеді;
2. Сөз басқа қатысымдық тұлғалардың жасалуына ұйытқы болады;
3. Сөз өмір шындығын нақтылы мағына арқылы түсіндіре келіп, адам ойының екінші біреуге жеткізілуіне әсерін тигізеді;
4. Сөз адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыруға негіз болады», - деп анықтаған [3, б.29].

Сонымен қатар сөз тек қатысымдық тұлға ғана емес, сол сонымен бірге тілдік тұлға. Тілдік тұлға ретінде сөздің мынадай бірнеше қасиеттері бар:

1. Сөз заттың атауын білдіреді
2. Сөз тіркестерінің не сөйлемнің жасалуында пайдаланар құрылыс материалдары болып табылады.
3. Әрбір сөзде өзіне меншікті мағынасы болады.
4. Сөз күрделі тілдік құбылыс ретінде мағына мен дыбыстардың жиынтығынан тұрады.
5. Сөз тіркесі не сөйлем құрылымында сөзді пайдаланады.

Оқушылар сөздің лексикалық заңдылықтарын меңгеру нәтижесінде тілдік қатысым әрекетінде сөзді еркін, орынды пайдаланады. Бұл орындалмаған жағдайда шәкірттер сөздерді орынды, мағынасына қарай сай қолдану дағдыларын меңгере алмайды. Демек, оқушылардың сөздік қорын молайту жұмыстарында сөздің лексикалық заңдылықтарын ұғындыру арқылы оларды тілдік қатысым әркетінде дұрыс қолданылуына әсер ету қажет.

Сөз – ғалымдардың пікірлерінше, мағына мен дыбыстардың бірлігінен тұратын тұлға. І.Кеңесбаев: «Сөз – дыбыстар мен мағынаның тұтастығы, ақиқат заттың, құбылыстың жиынтық атауы» - деп, сөзді ұғым тұрғысынан таныса [4, б.4], Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев сөзді сөздің номинативтік мағынасы тұрғысынан: «Сөз дыбысталу мен мағына бірлігінен тұрады. Әрбір сөз белгілі-бір құбылыстың аты», -деп таниды [5, б.81]. Ә.Хасенов сөздің болуы тарихи-әлеуметтік тұрғыдан шартты байланыс негізінде туындаған деп есептейді: «Сөз дегеніміз мағына мен дыбысталудың тарихы, әлеуметтік шартты байланысы» [6, б.68].

Ғылымда мағынаның өмір сүруі екі түрге бөлінеді:

Бірінші – тілдік немесе таңбалық, символикалық, вербальдық мағыналар. Бұлар тілдің сезімдік тұрағында (базасында, қорында) арнайы таңбалар түрінде өмір сүреді. Мұндай жағдайда мағыналар таңбаларға «байланып» тұрады.

Екінші – заттық мағыналар. Бұлар адамның санасында, есінде, қиялында өмір сүреді. Бұлардың болуына шарт ретінде шындық өмірдегі мағынаның көрінісі (зат) тұруы қажет.

Бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қорын молайту жұмыстарын тіл білімінің грамматика саласымен тығыз байланыста жүргізу керек.

Оқушылардың сөздік қорын белсенді қолдану үшін сөздерді тіркестіре алулары керек. Сөздерді тіркестіру заңдылықтарын білген бала сөздерді орынды қолдану дағдыларына да ие болады. Балаларға сөз тіркесін танытуда оқушылардың сөздік қорын молайтуға арналған сабақтарының сөз тіркесіндегі

әрбір компоненттің мағынасын түсіндіру арқылы оқушыларды сөздерді дұрыс тіркестіруге үйрету қажет. Мұнда мыналарды ескеру керек:

1) Сөз тіркесінде басыңқы сөздің мағынасын анықтау;
2) Сөз тіркесінде бағыныңқы сөздің мағынасын айқындау;
3) Сөз тіркесінің екі компонентінің мағынасын ұғындыру;
4) Сөз тіркесіндегі сөздердің тура не ауыспалы мағынада қолданылып тұрғанын анықтау.

Мұнда біз әдістемеші ғалым Х.Арғыновтың еңбегін негізге алдық. «Сөйлем» тақырыбында оқушыларға сөйлем туралы түсінік, сөйлемнің түрлері және жасалу жолдары үйретіледі. Себебі, сөйлем тілдегі басты бірліктердің бірі. Сөйлемде ой толық беріліп, тілдік қатысым жүзеге асады. Сөйлем тақырыбын оқыту барысында оқушылардың сөздік қорын байыту үшін мынадай жұмыстар атқарылады. Оқушыларға сөздерді пайдалана отырып, сөйлемді дұрыс қарау, дағдылары қалыптасады. Бұл шәкірттердің сөздерді орынды, белсенді қолдануының алғышарты [7, б.31].

Сөйлем – ойды тиянақты білдіруде ең негізгі тұлға. Сөйлемнің қатысымдық тұлға екендігі Ф.Ш.Оразбаеваның төмендегі пікірінен көрінеді. «Сөйлем – тілдік қатынастың орындалуын тікелей себепкер болатын ең қажетті тұлға. Сөйлем баяншының айтайын, жеткізейін деген ойын, хабарын қабылдаушыға түсінікті етіп қана қоймай, сонымен бірге оның /қабылдаушының/ қайыра жауап беруінің көзі, көрсеткіші де болып табылады» [3, б.26].

Шәкірттер сөздік қорындағы сөздерді орынды қолдану үшін сөйлемді құру заңдылықтарынан хабардар болуы керек, бұл үшін алдымен сөздің мағынасын дұрыс түсінуі қажет.

Сондықтан бастауыш мектепте оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында жүргізілетін жұмыстарда әрбір сөздің мағынасын ашып көрсеткен абзал. Бұл балалардың ойлау қабілетін қалыптастыруға, жетілдіруге негіз бола алады.

Бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қорын молайту барысында сөз мағынасын түсіндіруге баса көңіл аудару керек. Себебі, әрбір сөздің мағыналық жағы – ұғым ғана емес, балалардың қарым-қатынас қызметінде пайдаланар басты материалы. Сөз өзінің мағынасы арқылы бала санасында зат, құбылыс т.б. туралы түсінікті қалыптастырады. Баланың сөз мағынасын қаншалықты дұрыс түсініп, оны сөйлеу кезінде ретті қолдануы, оның сөздік қорының мол болуына әсер етеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қорын байыту жұмыстарын жүргізген кезде ең алдымен оған қанша сөз беру, қандай сөз беру керектігін ескеру қажет. Бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қорын байыту жұмыстарына лексикалық минимум беру арқылы оқушылардың жаңа сөздерді игеру, жоспарлы жүргізуге болады. Бұл үшін бастауыш мектеп оқушыларының сөз байлығын жетілдіруге ықпалы бар лексикалық тұлғаларды сабақ барысында жете түсіндіріп отыру қажет. Оқулық мәтінінде сирек қолданылған сөздерді

жеке-дара ұғындырмай, оны өтілген тақырыппен, сөз тіркесімен және сөйлеммен байланыстыру қажет.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбек). – Алматы: Ана тілі, 1992. /б.448/.
2. Садуақасов Ә. Қазақ тілінен методикалық құрал. – Алматы: Қазмембаспасы, 1941. /б.81/.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. Алматы.: РБК, 2005. / б.208/.
4. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Алматы. 1975. /б.302/.
5. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы.2003. /б.245/.
6. Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы. Санат. 2008. /б.415/.
7. Арғынов Х. Қазақ тілі методикасы. А. Мектеп. 1974. /б.295/.

ӘОК 013.42

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ – БАЛАНЫ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН НЕГІЗГІ КҮШ

Медиева Балауса Кемелбаевна 1801-10ж оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі PhD, аға оқытушы Ортаева А.С.
ОҚМПУ, Шымкент
akmaral1970@mail.ru

Резюме

статье рассматривается роль семейного воспитания в воспитании ребенка как личности.

Үмітін үкілеп, арманымен қанаттанып, болашаққа нық қадам басқан еліміздің ертеңі – мектеп қабырғасындағы жас жеткіншектер. «Ел үміті мен сенімі – жастар» екенін түсінген Алаш ардақтысы М.Жұмабаев: «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты» деген екен. Иә, әрине, мектеп – бала тәрбиесінің негізін қалаушы, дамытушы, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырушы орда. Ал ондағы қызмет жасаушы ұстаздар – «Тәрбие деген Тәңірдің» құдіретін танытушылар мен адамдық қасиеттерді бала бойына сіңіртушілер. Іс нәтижелі болуы үшін ұстазға ата-ана көмекші болуы тиіс. Бұған В.А.Сухомлинскийдің: «Тек қана атааналармен бірге, жалпы күш жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін» деген даналық пікірі дәлел бола алады. Себебі, ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Қазақстан Республикасы Ата заңының 27-бап, 2-тармағында: «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» делінуінің де маңызы осында. Білім мен тәрбие – егіз ұғым десек те, тәрбие арқылы білім беруді басты назарда ұстанатын ұстаздар ұжымы ата-аналармен, шәкірттермен біте қайнасып жұмыс жасап келеміз. Сабақтан тыс уақыттарын тиімді өткізу мақсатында оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, түрлі шаралар ұйымдастырылып отырылады. Мектеп пен жанұяның тәрбие берудегі біріккен іс-әрекеттерінде әртүрлі әдістер қолданылады. Оны екі топқа бөлуге болады: бірінші әдістерге оқушыларға ата-

аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы әсер ету жатса, екіншісіне – тікелей әсер ету жатады. Бірінші топқа ата-аналар жиналысын жатқызуға болады. Бала – біздің өміріміздің мәні. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті – отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-анасының қамқорлығын көріп, яғни ол өзін қоршаған шынайы махаббатты сезініп өсуі керек екен. Сонда өмірге деген шынайы көзқарастары қалыптаса бастайды. Отбасының берік негізі осындай рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас әрі тату болуы, береке-бірлігі ең алдымен әке-шешенің бірбіріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты. Біз баланы сүйеміз, оларды барынша жақсылықтарға бөлейміз. Қазақ айтады: «Балаңа бақыт сыйлағаның – өзіңнің бақытты болғаның...» деп. Балаға бақыт дегеннің қайдан келетіндігін айтып, өмірде ненің және кімнің маңызды екендігін түсіндірген жөн. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсетудің мәнін ашып көрсете білуіміз керек. Ұрпақ – болашақ, ол адамзаттың болашағы, ал отбасы – кішкене мемлекет Халқымыз «Тәрбие – отбасынан басталады» дейді. Өйткені «отбасылық тәрбие» баланың тұлға ретінде қалыптасуында шешуші мәнге ие болады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген халық даналығы да осы пікірімізге орайлас. Бала құрсаққа біткеннен бастап, өз ата-анасының, жанұясының тәлімін алу арқылы қалыптасады. Өткен дәуірлерде ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз отбасы құндылықтарына, жанұяның бала тәрбиесіндегі маңыздылығына ерекше мән берген. Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі әрі бірегейі деп түсінген. Жастың кемелденіп есеюінде, толыққанды азамат болып ер жетуінде отбасылық тәрбиенің маңыздылығын жоғары бағалап қана қоймай, оны бұлжытпай орындалуын қатаң қадағалап отырған. Туған үйде берілген тәлім-тәрбие, жылулық оның бойында өмірінің соңына дейін сақталады деп білген. Ш.А.Амонашвили айтқандай, «Педагогикадағы жаңа ұғым – бұл рухани ізгілік. Ол бүкіл білім беру жүйесіне енуі тиіс. Руханилық, ізгілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, бейбітшілік, игілік, ұғымдарының негізінде педагогикалық сананы өзгерту ғана білім берудегі кедергілерді – қоғамдағы рухсыздық пен өнегесіздікті жеңуге мүмкіндік береді» деген сөздерімен толық келісеміз. Қазіргі өркениетті қоғамда жас ұрпақты дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, болуында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан, өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білетін етіп тәрбиелеу заман талабы. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып қасиеттерімен сусындаған ұлттық ерекшеліктерімен өрнектелген мәдениетке сай өнегелі, рухани бай адамды қалыптастыру – оның туған кезінен басталуы керек. Баланы жастайынан мейірімділікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде отбасы мен ұстаздардың ролі өте маңызды. А.С.Макаренко баланың бойында ата-аналар алдындағы борыштылық, міндеттілік сезімін тәрбиелеу қажеттілігін атап көрсеткен болатын. «Біздің балаларымыз бұл біздің қарттығымыз. Дұрыс тәрбие – бұл біздің бақытты қарттығымыз, жаман тәрбие – бұл біздің көз

жасымыз, бұл біздің адамдар алдындағы, бүкіл еліміздің алдындағы күнәміз» - деп жазды ол. Егеменді еліміздің болашақ азаматтары – жас балаларды дамыту үшін қажетті сезімдер, ең алдымен, оқытушыларда және балалардың ата-аналарының өзінде және олардың күнделікті жұмыс әрекеттерінде айқын және шын орын алуы керек. Отанды, білімді, өзінің халқын шексіз сүю сезімдері мектеп оқытушысының жұмысында, үйде ата-аналардың ісінде үнемі орын алатын болса, оның балаға да үлгі болатыны табиғи нәрсеОқушылардың қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Балаға жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегінде адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Дара туған ақиық ақын Мұқағали Мақатаев: «...Мектебің мынау, класың, Осында он жыл тұрасың. Тарыдай болып кіресің, Таудай болып шығасың» деп балаларға арнап қандай керемет әрі тартымды өлең жазғандығы баршамыздың есімізде. Адамның адам болып қалыптасып, білім нәрімен сусындап, рухани жетілген, жан-жақты азамат болып қалыптасуында мектеп бізге әрдайым қасиетті мекен болып қала бермек. Сонда ғана оқушының оқубілімге деген ынтызарлығы, құштарлығы оянып, ізденуге бет алады. Іздену арқылы адам боламыз. Білім мен ғылым арқылы жаңа әлемнің есігін аша түсеміз. Бұл ақиқатты бекер айтып отырғанымыз жоқ. Мен оқиғаларға әрдайым зер салып, көз қырын қойып отыратындығымыз аян. Елде болып жатқан, қоршап тұрған дүниелердің бәрі бізге қатысы бар. Дүниені пайымдап, оның анығына жетуден артық бұл өмірден асқан қуаныш бар ма?! Рухани әлемнің ортасында жүргендіктен, жас ұрпақтың бойында сол кіршіксіз таза дүниенің сәулесін түсіріп, жан-дүниесін байытуды өзіміздің азаматтық парызымыз деп білеміз. Біз, ұстаздар қауымы, өз кәсібіміздің қасиетті де құдіретті екендігімен мақтан тұтамыз. Өйткені біз адамзаттың ұлы ұстазы әл-Фарабидің ұрпағымыз, кешегі Шоқан, Ыбырай, Абай салып кеткен сара да дара жолдың мұрагеріміз, ертеңгі ел тұтқасын ұстайтын ұлтжанды азаматтардың тәлімгер-ұстазымыз. Рухани дүниенің ұстаздар қауымының өкілі болғандықтан біз қызмет еткен жерде әрдайым қолайлы кеңістік орнап, рухани ортаның қалыптасуына ұйытқы болып келеміз. Білім мекемелері мен киелі ошақтардың қасиетін арттырып, сол арқылы жас ұрпақтың жан-дүниесін біліммен нұрландырып, ізгі қасиеттерінің қалыптасуына мұрындық та боламыз. Бұл біздің басты ұстанымымыз әрі парызымыз. Ұстаз тек мектептің жүрегі ғана емес, ол рухани орта қалыптастырушы жан. Осы мақсатта еңбек етіп, ұрпақ тәрбиелейді. Және солай бола да бермек. Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі – мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасының дұрыс жолға қойылуы. Өйткені адамзат бесігін тербеткен баланың басты ұстазы ата-ана. «отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады» - деп Елбасы айтқандай, бала әкеден – ақыл, анадан – мейір алып өседі. Қай ата-ана болмасын баласының тәрбиелі, білімді,

